

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

9-том

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР, ПЬЕСАЛАР

1934–1935

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7
Ә 82

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакциялық кеңес:
Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:
Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Кананиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали К., Мағауин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.

Әуезов М.
Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. —
Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.
9-том: Мақалалар, зерттеулер, пьесалар. 1934—1935. —
456 б.

ISBN 978-601-294-151-7

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық жинағының 9-томына 1934—1935 жылдар аралығында жазылған мақалалары мен зерттеулері, пьесалары еніп отыр. Бұлардың қатарында сол жылдардағы қазақ әдебиетін, драматургия жайын сөз еткен “Драматургияның бүгінгі жайы мен міндеттері”, “Виднейшие памятники казахского эпоса”, “Нет больше Барса-кельмес”, “Над чем я работаю”, “На литературной стройке” мақалалары, “Октябрь үшін”, “Түнгі сарын”, “Айман-Шолпан” (I, II, III нұсқалары және либреттосы) пьесалары және түсініктемелері қамтылған.

Ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-151-7 (9-том)
ISBN 978-601-294-142-5

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты, 2014

Мақалалар, зерттеулер



ДРАМАТУРГИЯНЫҢ БҮГІНГІ ЖАЙЫ МЕН АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ

Менің баяндамама кіретін мәселелердің бір қатарын Орымбек айтып кетті. Сондықтан кейбір жайларды қысқартып, баяндаманы бұрын белгіленген көлемінен кішірейте, тұжыра сөйлеймін.

Ең еуелі, бүгінгі төңкерісшіл драматургияға қойылатын шарттан бастайын. Жаңа үлгідегі социалдық реализм драматургиясының жаңаша, саяси таптық мағынасы оның 1) тақырыбынан, 2) драмалық түйінінен, 3) тұлғасынан (образынан), 4) сюжетінен (әңгіме өнерінен) көрінетін болады.

Тақырып – байшыл жазушының түсінігіндегі тақырып емес. Мұнда жазушының арнаулы тақырыпқа қараған өз көзқарасы, таптық-айқын көзқарас болып, байшыл жазушыныкінен көрі ашып айтылған болсын. Таптық тұрғысы айқын боп тұрсын.

Драмалық түйін – байшыл реализм драмасында “тұлғаның өзімен өзі алысуынан” тұратын. Социалдық реализм драмасында түйін: субъектив – ұжданшылдық емес, – объективті – қоғамшылдықтан туған түйін. Түйінде оқиғаның саяси-қоғамдық сыры ашылатын болсын. Мысал: “Астық”, “Майдан” – біржағы, “Еңлік-Кебек”, “Арқалық” – екінші жағы. Түйіннің қақтығысы арқылы шешілуі – қуанышты үміттілікпен жүзі жарқындық түрінде шешіледі. “Астық”, “Түркісіб”, “Ғажайып қорытынды” пьесаларының аяқтары сияқты. Мұнда социализм үстем боп, өктеп шығып алдында күн сияқты кең дүниесі көрініп жатқандай боп шешілетін болады.

Тұлға (образ) – байшылдық реализмде жекешелік, драмашылдық жөнінен суреттеледі (“Қаракөздегі” Сырым). Ол қоғамдық өмірге қарсы қойылған тұлға болады. Үстем болатын арқау – дарашылдықта. Социалдық реализм драмасында тұлға қоғамдық күй мен жекеліктің бірлігі (единствосы) болады да, үстем арқау қоғамдық арқауы болады. Рас, адамның жекеше

пішіні анықталмаса суреттілік болмайды. Сондықтан жаңағы айтылған өмір шындығын жеке адамның кейіптік мағынасы, толық тұлғасы арқылы көрсету керек. Сол адам тап тартысына қатынасушы адам болу керек. Жекешелік жағын басым етем деп, жалпы адамдық сипаттарды қазбалай беріп, өмірден, тартыстан шығып әкетілген адам болмасын.

Осы айтылғандай сюжет те бұрынғысынан өзгереді. Жеке адамның басын баян ететін сюжеттен кетіп, қоғамдық сюжет боп өзгереді. Сюжет болмыстың кейіптілік мазмұнын таптық көркемдік үлгісімен керсеткен сурет болсын. Сюжеті ескі классиктердің сол ескі өз сюжеттерін сомдап, талдап, нық зерттегеніндей қып – жете зерттеп сығымдап алу қажет.

Жанр мәселесінде бізде де драма, комедия деген сияқты түрлерінің бірінен-бірі басым болсын, бәрі де тең жасай бермекке керек.

Осы айтылғанның барлығы социалдық реализм бағытымен жазылып келе жатқан және келешекте жазылатын пролетариат драматургиясының негіз іргелері. Біз қазақтағы пролетариат драматургиясын алдымыздағы орыс жазушыларының үлгісімен салыстыра сынаймыз. Интернационалдық мәдениет үлгісін солар толық меңгерді деп біліп, соның аңғарын күзетеміз. Оқимыз, үйренеміз. Өзімізден ұлттық түр қоса өсеміз. Сол арқылы алдыңғы қатардың шеруіне қосыламыз. Осы бағытты драматургияда үлкен қып бастаған – Бейімбет. Драмалық ірі серпінінің басы – “Майдан”.

Одан бері “Шабуыл” (Ғабит екеуі бірігіп жазған), ең соңғы шығармасы “Талтаңбай”, “Шұға”. Төңкерісшіл драманың басы – Сәкен. “Қызыл сұңқарлары”, “Бақыт жолындағысы”. “Майданмен” қатар жазылған Ілиястың “Кегі”. Жұматтың “Шахтысы”, “Забойы”, “Тартыс”, “Октябрь үшін”, “Айман-Шолпан” Мұхтардікі. Ғұзайырдың “Заман заңы”, Жұмағалидің “Атаман Анохины”, Ғалымның “Астық үшін күресі”, Асқардың “Семафор ашығы”, Дүйсенбектің “Сұмдық”, “Қастығы”, Қанабектің “Колхозы”.

Атығай пьесалары, Ілиястың биыл біткен ең жаңа шығармалары – “Түркісіб”, “Соқыр шек”, “Колхоз тойы” бұлар арқылы кірген үлкен сарындар драма техникасында аз емес. Және әсіресе аударманың күшеюі. Оның ішінде пролетариат драматургиясының көрнекті ірі тұрғылары ау-

дарылуы – ерекше жаңалығымыз. Драманы өскелеңдетуге себепші, айдашы болған – жұртшылық тілегі, екінші жағынан сонымен жалғас мемлекет драм театры. Әсіресе аударма пьесаларды көп қамту, театр ісі. Екі жылдағы репертуар соны дәлелдейді. Сол театр еңбегі арқылы пролетариат драматургиясының үлкен өрнектерін біздің жұртшылық біліп отыр. Бірақ әлі үлкен роман, поэманың аудармасын көрген жоқ. Бірақ ілгері басудың шарты артыңды жақсы білуде. Егжей-тегжейінді жақсы тексеріп, кемшілік-мініңді ашық, айқын ұғынуда.

Біздегі төңкерісшіл драматургия, саяси төңкерісшіл қызметімізбен қатар, бір ерекше үлкен олқылықты толтыра алмай келеді. Ол жоғарыда айтылған социалдық реализм шарт қылатын үлкен тұлға. “Майданнан” бастасақ, жақсылығы колхоз құрылысының үстіндегі тап жауын жақсы, айқын көрсетуде. Ленин: “Толстой шығармасын оқығанда жұмысшы табы өз жауын жақсы таниды”, – дейді. “Майдан” бұл міндетті атқарғанмен, жақсы кейіпкерге келгенде бәсеңдейді. Жұрттың көз алдында көретіні көбінесе Мамық, Көдебай, Досан, Әліш, Пүліштердің пьеса ішінде өсіп өзгеруі жақсы-ақ.

Бірақ, өте баяу өседі. Төңкерістік үлкен арқау пьесаның ұлы арқауы, оларда зерде бола алмай қалады. Бұлардың, жекешелік, кейіптік қалпынан да тап болған. Бір бітімдестік қалпы басымырақ. Горький таптық белгілермен қатар “профессиялық”, жеке адамдық белгілері де айқын басым дейді. Әсіресе, осы жағы сөзінен көрінсін. Қаһармандық іс, еңбек қаһарман сөзін керек қылады. Оқиғадан таптық мазмұн шығару біздің пьесаларда үстірт келеді. Адамды ол пәлен таптікі деумен қатар шаблонға сала суреттейді деп келіп Горький Шершлді мысалға алады. Оның таптық мінезі еңбекші елді жек көру. Сонымен қатар онда “придаток” дегенде, қоспалар бар. Бұлар құнсыз, күлкі түрінде. Адамның бөрінің тілі өзгеше басқа-басқа болып, барынша мағыналы болуы қажет. Бейімбет Мамық, Көдебай, Бекболат-ты барынша мол көрсеткенде сол өз тілдерімен жаңа таптық белгілерімен қатар Горький айтқан қоспаларымен де көрсетеді. Ал дұрыс адамдарға келгенде осы ерекшеліктер, тұлғалық ерекшеліктер тереңдемей қалады. Олар функцияның күйінде тұрып біріне-бірі ұқсаңқырап кетеді. Есте көп сақталмайды. Топталған коллективтік пішінмен ғана танылады. Ол қонымсыз.

Жаңа драматургияда үстемдік алып келе жатқан жеке кейіптік, қоғамдық кейіптің күшті болуы шарт. Киршон, Погодин, Афиногенов үлгісі – социалдық реализм үлгісі. Пьесалары жақсы кейіп дінгегіне құрылған “Майдан” кемшілігін сөз жағынан Бейімбет “Талтаңбайда” түзеңкіреген. Адамның бәрінде жеке тілдер бар. Сол сөздері адамдарының ішін, қалпын да ашады. Бірақ мұнда да теріс кейіпкердің ашылуы айқынырақ та, дұрыс кейіпкер сол ерекшелікке ие бола алмай қалған. Тағы да тұтасқан коллектив пішін боп қалады. Керегі жеке үлкен кейіп. Жаңа адамның кейпі. Соның қуаныш пен жадырайтын жарқын жүзі. Бастайтын, желпінтіп, ертіп әкететін тартысы болуы керек. “Талтаңбай” мен “Майдан” аяғы дұрыс кейіпкердің жеңуімен біткенмен де алдыңғы жүрістері оқушы, көрушіні қоздыра әзірлемейді. Бұларға тілеулестік, осылардың өз еңбегі арқылы туып отырған жоқ, жау жағының қастығы айқын көрінгендіктен туып отыр. Драмалық құрылыс жағында Бейімбет пьесалары біздегі үлгі беріп отырған пьесалар. “Майдан” айналасында талай “Майдандар” туады. Бұл ірі белгі. Жоғарыда айтылған социалдық реализм шарттары көзіңше орындалады. Тақырып, драмалық түйін, сюжет жақтары Бейімбетті социалдық реализм үлгісіндегі драматург қып шығарады. Жалғыз мәселе тұлға жөнінде. Драмаларының “экспозициясы”, драмалық тартыстары, қақтығыстары, түйін шешуі және сөз тартыстарын жүргізуі барлық жерде драматургия заңымен жүреді. Өрескелдік, артықтық жоқ. Адамдары іспен көрсетіледі. Сөзі де іс. Бірақ, адамның іші тереңдеу қажет. Тартысының себебі, түйін байланысы үстірттеу, жеңілдеу болмай терең тамырларды байлау керек. Сонда пьеса проблемалы пьеса болар еді. Ойға айдайтын, тереңге шомдыратын пьеса болар еді. Топтағыш қасиеттері асар еді де, дұрыс адамдары бір-біріне ұқсап қалмай, әрқайсысы өз бетінде бір-бір үлкен сәуледей, шамдай жанар еді. Айналасын солайша жарқыратар еді. Мұнда бәрі орташа күйдегі, құбатөбел жай-күйдің көрмесі боп, кішілеу соға береді.

Пьесаның негізін, үлкен ағымын дұрыс кейіптеуге құрған “Қызыл сұңқарлар” көруші, оқушының көз алдында ұдайы Еркебұлан тобы орын алып отырады. “Досымда”, “Астықта”, “Ғажайып қорытындыда” көз алдында үнемі болатын адамдар, дұрыс адамдар. Жаңа үлгіге ауысуда қатты еске алатын мәселенің бірі осы болу керек. “Түркістің” соңғы құрылысы қазақ драма-

тургиясына соны боп тұрған үлкен жайды қолға алады. Пьеса әлі түгел, толық істеліп болған жоқ. Жазушы әлі де толықтай түспек. Бірақ осы бүгінгі қалпының өзін алғанда да “Түрксібтің” тыңды айырып отырғаны даусыз.

Социалдық реализм бағытымен жазылған пьесаларға “Майдан” мен “Түрксібті” қосамыз. Соңғы құрылысында “Түрксіб” нағыз өндіріс тақырыбының пьесасы болады. Өндіріс бойына кеп, соның өсуімен бірге өзі өсетін Қамысбай – үлкен “обобщающий” кейіп. Қазақ кедейінің ғасырларда басып өтіп, түлей өсіп ұлы тұрқыға шығып келе жатқаны – пьесаның жыры. Жол үстіне кедергі боп, айқасып түсіп, қара бурамсып шөгіп жатқан ескілік қайшылықтары рушылдық, ұлтшылдық, ұлы орысшылдық, зиянкестік барлығы да пьеса ішінде тарихи зор мағынада беріледі. Көрушінің көз алдында көбінесе Қамысбай, Сәрсен, Қаумен, Базбектер – дұрыс тұлғалар жүреді. Әсіресе Қуанышбай толық, жақсы тұлға. Бірақ, әлі жетер өрісіне жетіңкіремей, баяу тартып жатқан сыңар, жарты, жартылап көрсетілген адамдар да бар. Соның бірі – пьесаның үлкен кейпі Сәрсен. Бұл жанды, қонымды адам болудың орнына “ылғи деректіп” адамы боп қала беретін сияқты. Қоғамдық-таптық қалпынан басқа жеке адамдық пішіні көрсетілмеген. Сондықтан үстірт тұлға боп тұр. Функцияға жақын пьесаның екінші үлкен кемшілігі драмалық түйін, қақтығыстар – дастан үлгісінде шұбалаң күйде қалыптанады. Оқиғалар да жай, сылбыр өршиді. Тартыстың дәл өзімен тығыздалған сюжет боп жедел басып, жепіріп, қусырып әкетіп отырады. Драма заңы соны керек етеді. Дастанша жай әңгімелесу, баяу суретпен өрбу – пьеса сюжетіне жол емес. Мұны Белинский айтқан сияқты Киротинде. Горький де пьеса шарты деп біледі.

Аяғының тоқтауы жақсы, үлкен үміт, сенім үстінде жүзі жарқын қуанышы үстінде бітеді. Алдындағы перспективасы зор таптың жеңу жыры, ұлы табыс жыры боп аяқтайды. Оптимизм – социалдық реализм шарт қылған талап. Театр қоя білу керек.

ӨЗ ЖАЙЫМДА

Өз жайыма келгенде айтарым – драма менің ертеден қолға алған түрім. Өткен уақыттағы драмалық шығармаларым туралы, оның саяси теріс бағыттары, таптық жат мазмұны

туралы пікір айтылды. Былтырғы пленумда мен өзім де біраз мәселені айтқанмын. Оның үстіне театр ретінде айта кететін тағы бір жай бар. Ысмағұл театр мен әртістер жайын айтып, соларда ұлтшылдық, қазақшылдық бет белгілегенде, сол театрда пьеса жазушы болған менің ісім сол беттен бөлек болды деуге келмейді. Қайта театр жайынан жазған сол кездегі бір мақаламда мен: “қазақтың бұрынғы ақыны әртіс, бұрынғы айтысы, жар-жары – әрі пьеса, әрі опера. Театр негізі осындай ұлттық негізге құрылсын”, – дегенмін. Шынында “Қаракөз” бір жағынан осындай жүйені қалыптаған пьеса болып еді. Бұл пролетариат әдебиетінің бағытынан тысқары, оған жат жол. Тұр мәселесін негіздеп ұсыну. Интернационалдық мәдениет пен совет театрының бағытынан қазақ театрын қашыртып, аулақтату. Өзінің жекешелік, өзгешелігін негіз қылып, жалғыз соны ғана ұстану. Мұның бәрінің түбі саяси себепке тіреледі. Ұлттық тұр ғана мәселесі болмайды, ұлтшылдық негізі болып шығады.

Мен сол жолдан кеттім. Кеткеннен бергі өзімді-өзім түсінуім қандай? Бүгінгі еңбегім мен ертеңгі келешек еңбегіме қоятын шартым не? Ендігі жазушылық, әлеуметшілік міндетімді қалай түсінем? Жұртшылық сынынан не күтем, оны бір мақалада былай айтып отырмын: “Тақырыпта, әңгіме дүкенін құруда, тіл кестесінде жалпы суреттілік сапада айнала шапқан мен “Еңлік-Кебек”, “Қилы заман” маңында қала берсем – мінім, салт-санада, суреттілікте, төңкерістік сапада үдеп дами алсам – ол қасиетім болмаққа керек. Менің кеңес жағына шығудан бұрынғы шиырым жазушылығымның өзіне де қауіп еді. Ол қоғамдық дағдарыс қана емес, өнер майданында өсу, ұлғаюдың да дағдарысы болар еді... Ендігі жаңа негізге ауысуым мені тұйықтан шығарып, жаңа арнаға, қайнар өмірге, қызықты өріске әкеп салды. Енді андасанда ескі тақырыпта алсам да кеңес археологы болып алуыма керек. Іштей, тыстай шалалығым болып сүрініп-қабынуым бола жүруге мүмкін. Бұл қашар шақты қамдағаным емес. Шын беттеген соң сүрінбеуді өзіме нық шарт қып қоямын. Бірақ, ойланған түсінікті “Бір-ақ секіріп келем” десем жалған айтқан болуым мүмкін. Сондықтан пролетарка сынды көмекшім, өз денем деп ұғынғым, сезінгім келеді. Сол сынға ең алдымен: міне, түзе, жетекте, жәрдем ет дегім келеді” дегенмін.

Осы жолдағы өз ісімнің тәжірибесі: “Октябрь үшін”, “Тартыс”, “Айман-Шолпан” әңгіме, очерктерім және күнделік еңбегім.

Осымен қатар соңғы кезде біздің сынның көп көңіл бөлген нәрсесінің бірі – “Хан Кене” пьесасы болды. Бүгінгі баяндамада мен бұған жауап бере кетемін.

Ең әуелі Сәкен, Ғабит, Илияс, Темірбек жолдастардың бәрінің мақаласында бірдей аталатын негізгі саяси мәселелердің басын қоса айтайын. Осы жерлерін теріп, жинап айтумен қатар мен бұл сөздерді дұрыс айтылған сын деймін. Осыларды өзімнің зор саяси қатам деп санайтынмын. Алдыңғы қатар жұртшылықпен бірге бұл жолдастардың “пьесадағы үлкен айып” деп көрсеткен, мен мойындаған міндері мыналар:

1. Хан менен оның жақындары датталып кеткен. Қиялмен зорайтып қаһарман қып шығарған. Пьесаның негізгі мақсаты – хандықтың құлауын көрсету болған да сол жайды бүгінгі төңкеріс тұрғысынан көрсетпей, пролетариат бағытына қарсы, қайшы, жат боп келетін тұрғыдан көрсеткен.

2. Кенесары атымен байланысқан тарихта, казак бұқарасының патшалық өкілетімен алысқан қозғалысын Кене өз пайдасына, хандық құрып керегіне жаратпақ еді.

Ол көрсетілмеген, бүркеулі күйінде қалған: Бұқараның патша өкіметімен алысуы, жаңа ханның елді сатуы көрсетілмейді.

3. Шын төңкерісшіл болған бұқараны көрсету, оның патшамен де, ханмен де алысқанын көрсету, пьесаның ішінде теріс түрде қалыптанған. Осы арқылы бұқараның осы жайлармен алысуы теріс мағынаға бұрылып, қисық көрсетіліп отыр.

4. Күш, көрік, қаһармандық бәрі де хан жағына ғана берілген. Сол хандардың сырын ашып, қарсы қайрат көрсетіп әрі күшті, әрі көңілге қонымды боп тұратын бұқара ішінен шыққан ереуіл басы адамдардың үлкен кейпі берілмеген. Кедей, жетім-жесір және дулат адамдары көңілге қонымсыз, үстірт алынған адамдар боп шықты. Көрушіні олар тарта алмайды. Қайта пьеса арқылы көруші сол езіліп, каналып жүрген көптің досы болмай, олардың жауларының тілеулесі боп кетеді. Көрушінің көңілін сондайлық теріске бұрады. Сырттан қарағанда дұрыс жақ боп көрінетін адамдар пьеса ішінде болымсыз, қонымсыз арзан жамау сияқты боп тұр. Нәтижеде бұқара өкілдерін бұлай қып көрсету керексіз, залалды іске айналып отыр.

Мен енді съезд үстінде жалпы әдебиет мәселелерімен қатар көтерілген осы сияқты сынға қалай қараймын. Бұл жөнде ұсақ өзімшілдікті былай қойып, ашық, таза көңілмен айтарым: сын

менің салт-сана жүзінде түзеліп, дұрыстап өзгеруіме жәрдем ететін сын деп білемін. Екінші, “Хан Кене” пьесасын түзетуіме де көмекші сын деп танымын. Сондықтан мен бұл пьесаны түзеймін. Өзімнің бір қатамды түзеу есебінде істеймін. Түзеудің дәл өзіне келгенде, жоғарыда айтылған негізгі мәселелер еске алыну керек. Бірақ, кәзіргі уақытта мен пьесаның қайта жазылуы, өзгеруі қай түрде болатынын әлі таратып жоспарлағам жоқ. Ендігі пьесаның негізі қай тақырып болмақ. Патша үкіметімен алысы ма, жоқ хандықтың құлауы ма – бұл арасы әлі шешкен мәселе емес. Ол жайда сынның ұсыныстары да екі жарылады (Ғабит пен Темірбек пікірлері). Өзіргі айтарым сол барлық жолдастар айтқан негізгі, саяси мәселелерді еске алып отырып, осы тақырыпты төңкерістік тақырып дәрежесіне жеткізуім керек.

Тарихты төңкерісшіл пролетариат тұрғысынан қарайтын, кеңес жазушысының әдісімен көрсетуіме керек. Бұл тақырыпқа ендігі көзқарасым осындай болғандықтан, оның бұдан былайғы оқиғасы, сюжеті – өз алдына соншалық үлкен, негізгі мәселе болмайды. Алатын тақырып пен еңбекке төңкерісшіл жазушы боп бейіл беру жеткілікті. Одан арғысы көрсете білудің шеберлігіне байланады. Горький капитализмнің дағдарысын, Булычевтың баурында жатқан дерті арқылы көрсетеді. Кішкене тақырыппен аз ғана оқиғаның өзінде төңкерістік бағасы зор, үлкен жиынтық көркем сурет дәрежесіне жеткізіп, әсіре көрсетуге болады. Сол себепті ендігі сын маған: ана оқиғаны кіргізбе, мынаны кіргіз, пәленін алып тастап, түгенін сал деген, немесе тақырыбы анау болмасын, мынау болсын деген сияқтыларды айту керек емес. Ол сынның өзіне де жол емес, көп жерде қиын, тайғақ жол болады. Және жазушыға да тұсау болады.

Жоғарыдағы негізгі жағдайлар айтылған соң енді қалай түзеу еркі менің өзімде болу керек.

Осының бәрімен қатар айтатын бір қосымшам: пьесаның сахнаға қойылуы туралы. “Хан Кене” пьесасы 1928 жылы жазылған еді. Биыл театрда қоярдан бұрын біраз жаңғыртылған еді. Кейін, қойылып шыққанның артынан көрініп отыр: ол қоспалар көңілге қонбайтын жамау ғана болды. Ол кезде осы қоспаны жеткілікті болар деп санауым қата боп шықты. Мен “Хан Кене” пьесасын театрда ойнауға, бұл күйінде жібермеуіме керек еді. Репертуарға да кіргізбеуіме керек еді. “Хан Кене” жайындағы ең соңғы мәселе, Темірбек сынында келтірілген бір ұшқары

жайға тоқтап өтпекпін. Ол “Мұса халық өкілі боп көрсетіліпті – жазушының халықты жамандап көрсетуге алған кейпі Мұса” дегендей қылады. Мысалға Кене мен Мұсаның сөзін келтіреді. Жоғарыдағы жалпы сынмен қатар Темірбек сынында айтылған негізгі мәселелерді дұрыс деп білумен қатар айтарым: мына жерде сын сыңаржақ кеткен. Тегінде, пьеса ішіндегі кейіпкер сөзінен тұп-тура жазушының өз санасына қарай бір-ақ секіре беретін болса, онда сыншыға тайғақ жер көп ұшырайтын болады. Хан сөзі жазушы сөзі болса, онда Кәрібоздың, кемпірдің, тағы басқалардың сол ханды “елдің жауы, дұшпанысың” деп айтқан сөздерін кімдікі деу керек. Пьесада халықтың нашар көрсетілуі бар. Бірақ өйткенмен де Мұса халық өкілі емес. Бұлай деп талқылау, сынның салмағын кемітетін сияқты.

Жұмат пьесалары – “Арқалықтан”, “Шахты”, одан “Забой”, Горькийдің драмаға қойған бір үлкен шарты: “Драма әсерлі, сюжетті, оқиғасы тығыз болсын” десе соны орындауға талап етеді. Бұл қасиеттері – сахнада қызықты пьеса шығару Жұматтың қолынан келіп жүрген іс еді. Соңғы кезде жазбай кетті. Кемшілігі Киришон атаған кемшілік: “Біз қалдың драматургиясын тұлғалар драматургиясына қарсы қойсақ қаталасамыз”, – деген. Энгельс айтқан шарт: “Кейіптік тұлғаларды кейіптік жағдайында көрсет”, – дейді. Негіз осы. Бұл жаңағы екі жайдың бірлікке кеп қабысуын шарт етеді. Жұмат драматургиясы – оқиға драмасы. Бірақ, кейіп пен терең мінез драмасы емес. Сахнаға қызықты, жарық бергіш оқиғалар көбірек керек боп тұрады. Бұл сыңаржақтық. Осы жай 28-жылдардан бастап бірнеше жыл бойында Атығай, Қанабек сияқты театр айналасындағы жас жазушыларға көп әсер етті. Атығай “Жорықты” жазады. Сахналық жағы қызық. Бірақ мазмұн сарыны бұрынғы ұрылар әңгімесі сияқты немесе Америка (Түріктен) жарқ-жұрқы сияқты боп сұйылып кетеді. Тіпті таптық-саяси мағынасы да сол “қызықтылықтың” қанжығасына байланып кетеді. Қанабек екеуінің Зәурені жазуы (кинодан алып), панасыздарды жазуы (тағы кинодан алып) барлығы да сол оқиға пьесасын қуудан туған. Бұл сыңаржақтық. Театрлық сахналық жағдайды әсерлеу. Кассымен қабысу жолы. Сапа мәселесіне бұл қайшы, қата жол. Қанабек драмашылдықтың дұрыс жолына “Тартыстан” бастап ауысады. Содан кейін “Колхоз үшін” шығады. Қазірде “16-жыл-

ды” жазып жатыр. Комсомолдарға, балаларға арнап “Қарабай ауылын” жазды. Үлкен ірі пьесалардан аудармалар жазады.

Біздің актер, режиссер жолдастарымыздың драматургияға қатынасуы үлкен жақсылық. Біздің көп пьесамыздағы ойындық (оқиғалық) жағы аз болатын кемшілікті бұлар сахнаны жақсы білгендіктен айқынырақ көреді. Ашық түсінеді. Сол олқыны толтыра жазады. Бірақ жоғарғыдай біржақты боп кетпесін. Олар көздейтін мақсатты социалды реализм драматургиясы да көздейді. Бірінші негіздері осы болсын.

Жұмағали “Атаман Анохин” пьесасын жазды. Тақырыбы қызық, жақсы, зор мағыналы. Тартысы да айқын. Бірақ оқиғаларының байланысы тығыз емес. Әлі шаларақ.

Ғалымның “Астық үшін күресі”, Асқардың “Семафор ашығы”, Тайыр-Сағырдың “Қанды талға”, Ғұзайырдың “Заман заңы”, Дүйсенбектің “Сұмдығы” тағы басқалар бар. Бұларға Киришон еңбегі үлгі болсын. Әйтпесе кейіп шықпай жатыр. Тартыстары үстірт. Адамдары көбінше схема, функция. Бірақ бәрі де өсетін күш. Жәрдем, әсіресе театр жәрдемі күшті болу керек. Жазушы өз ойынан шығарған схеманы драма қылмай, өмірді көбінше оқып, терең зерттесін, сол арқылы осы өмірдің кейіптік мазмұны қалай өзгерді, сонысын шыншылдықпен топтап көрсетсін.

Драма театр біріміз де барымыз. Төңкеріс театры осы болмаққа керек. “Колхозшы мен қазақ жұмысшысын төңкерістік бағытта тәрбиелейтін үлкен дүкен ең алдымен драма театры”, – деген Мирзоян жолдас сөзі ең дұрыс, ең терең баға. Сондықтан бұл театр драматургиямен нық байланысты. Ол арқылы жалпы әдебиетпен тамырласып жатыр. Бүгінге шейін еткен еңбегі де сондай тарихи, қоғамдық орны, рөлінен туған. Бірақ театрда кемшілік көп. Ол әлі бірде-бір пьесаны ойдағыдай қып, төрт мүшесін түгел қып қойып көрген жоқ.

Не режиссерлық жағы, не сюжеттік көрінісі, не актерлер ойыны олқы боп, аяғын үнемі сылти басумен келеді. Төңкерістік пьеса, тарихи пьеса барлығында да солай. Негізінде, театр репертуары төңкерістік репертуар болу шарт. Жақсы репертуар беруде біз драмашылар шабанбыз, келістіре, ұқсата қояда театр шалағай. Бірақ бұл театр жолын қиын екенін де ұмытпау керек.

ВИДНЕЙШИЕ ПАМЯТНИКИ КАЗАХСКОГО ЭПОСА

Количественно казахский эпос представлен многими образцами. Сюда входят богатырские былины: “Кобланды”, “Таргын”, “Едиге”, “Чора”, “Камбар”, “Алпамыс” и др., бытовые лирические поэмы: “Козы-Корпеш”, “Кыз-Джибек”¹ и много исторических песен, связанных с борьбой казахов с другими соседними племенами, а также с царизмом. Из бытового эпоса самые выдающиеся памятники – Кобланды и Таргын. По сюжету Кобланды трактует о событиях довольно давних времен, и если и не производит конкретные факты истории, то все же несомненно, что в своем возникновении былина связана с фактом покорения Казани русскими. Непосредственная или отдаленная связь с известными событиями истории характерна почти для всех казахских былин. Такова, например, былина об Едиге, известном из истории Золотой орды как человеке, способствовавшем ее распаду и для этого принявшем сторону Тамерлана в его борьбе с Тохтамышем. И былина построена на этой фабуле. Другой герой былины “Чора” – никто иной как Чора Нарыков, фигурирующий под этим именем в “Истории государства Российского” Карамзина² – одно из заметных лиц периода опять-таки покорения Казани Иоанном Грозным. Такой же исторической личностью является и Таргын, участник образования Волжского и Крымского ханств после распада Золотой орды. Историзм, заложенный в основу казахских былин, подтверждается параллелями и сходными вариантами этих песен и у других тюркских племен: “Чора” у крымских ногайцев, “Едиге” – у большинства азиатских родственных племен. Между тем что за личности Манас и Семетей³ – до сих пор исторически не найдены прототипы в прошлом. И они по сей день остаются одной авторской проекцией на воображаемого полумифического монарха, какового, между прочим, никогда не существовало в истории киргизов.

Как все казахские былины, “Кобланды” не отличается обилием размера. По сюжету распадается на три части: женитьба, поход в Казань и месть калмыкам за их набеги. Старые тексты “Кобланды” неизвестны, не дошли. Последний вариант прошел через исполнение известного талантливейшего былинного сказителя-казаха Малой орды Марабая⁴ и имеет очень много высоких художественных качеств образно-стилистического порядка. Повествование ведется в манере былинного сказа, поэтому не имеет устойчивой рифмы и строгого строфического членения. Песня рассчитана на напевно-декламационное исполнение под аккомпанемент домбры – речитатив. И самое характерное в этой поэме – это звуковые повторы в виде ассонансов и аллитерации, что устраняет обязательность устойчивой рифмы как созвучной концовки стихов. Последовательно проведенные звуковые повторы обеспечивают напевность и ритмичность былинного стиха. Поэтому это явление сильно распространено как во всех казахских былинах, так и в былинах киргизских и широко используется в последующей, даже современной казахской и киргизской поэзии. Марабай, исполнитель последних вариантов “Кобланды” и “Таргына”, является у казахов непревзойденным мастером былинной песни такого вида. Словесные образы этих былин – еще не осложненные образы, натуралистические, свидетельствуют об отсутствии посредников (знаний, технических орудий – культуры) между человеком и природой.

Идеология былины – классовая идеология. Былинный богатырь Кобланды – вождь племени Кара-Кипчак. А масса, идущая за ним, подается буквально, только как фон. Это статисты. Они только делят добычу, достающуюся в результате героических подвигов одинокого батыра. И упоминаются (между прочим, в “Манасе” – обязательно) только при описании поля битвы после окончания боя, после того, как прошли побоищем два богатыря – соперника. Статисты усеяли своими костями поле брани. Свидетельство сверхчеловеческих качеств вождей – богатырей. Зачастую эта масса показывается еще алчной, изменнической – так именно в песне о Кобланды. Из всего этого показа явствует определенная классовая направленность эпического произведения, стремящегося внушить массам беспрекословное уважение и трепетную покорность своим вождям – богатырям и биям (родовой верхушке). Такое противостояние массы и вождей

проходит красной нитью через всю феодально-родовую поэзию казахского и киргизского прошлого и находит позднее свое яркое выражение в творчестве Абая, сравнивающего вождей с единицей, а массу с нулями. Нули получают значение математических реальных величин только при наличии единицы. В сравнении с массой гораздо большее значение имеют для богатыря его конь и доспехи. Былина любовно отводит очень много места этим последним. От них больше проку для богатыря, нежели от живых людей – массы.

Так подчеркнуто третирует и игнорирует массу казахская былина, и все это есть безусловное отражение исторической правды, когда обезличенная масса веками знала одно бесправие и классовое угнетение со стороны своей родовой верхушки в лице биев, батыров и родовитых баев. Ценность былины, как всего эпоса, заключается в этом обнаженном показе классового господства угнетателей всех времен с их враждебной идеологией, внушавшейся так долго этим массам.

Другая былина, прошедшая также через исполнение Марабая, – “Таргын”, в основном не отличается по идейному содержанию от “Кобланды”. Художественно-образные качества ее также высокие и выделяют эту былину, как “Кобланды”, из числа других песен казахского былинно-героического эпоса. Если сопоставить казахские былины в целом с киргизским “Манасом”, то увидим, что последний сюжетно несравненно богаче, шире и многообразнее, чем первые. Все казахские былины могут составить только отдельные эпизоды в том или ином цикле песней “Манаса”. Отсюда и образы-персонажи казахской былины обрисованы бледнее, очерчены поверхностно. А действующие лица киргизской былины вырисовываются гораздо ярче, типичнее на художественно-широком, развернутом полотне долгой, сложной песни.

Преимущество казахского былинного эпоса в его историчности и в сжатой ясности идейно-художественного содержания.

Другим видом казахского эпоса, не имеющим параллели в киргизской устной поэзии, являются бытовые лирические поэмы типа “Козы-Корпеш-Баян”, “Кыз-Джибек”.

“Козы-Корпеш” имеет много записанных вариантов. Трактует любовную тему об одной паре (Корпеш и Баян), судьба которых (быть женихом и невестой) предreshена по старинному

казахскому обычаю их родителями еще до их появления на свет. Борьбе невесты и жениха осуществить эту предначертанную, как в книге судеб, волю родителей посвящен весь сюжет поэмы. В поэме очень интересен образ пастуха Кодара как олицетворение кочевого и пастушеского образа жизни казаха, прототипа русской былины Микулы Селяниновича – олицетворения земледельческого крестьянства, носящего за спиной “земную тягу”. Но во всех своих вариантах поэма опять-таки строго подчинена классовой идеологии феодально-родовой верхушки. Поэтому идеализированы и обычай такого сватовства, и образы молодой пары и всех их сторонников. А пастух Кодар, тоже законный претендент на руку Баян, при показе его как хорошего пастуха одновременно осмеян и классово-враждебно обрисован умственным уродом в его притязаниях взять себе в жены Баян.

Лиризм, высокие моральные качества и все изящное на стороне Корпеша-Баян, а все несуразное, смешное и тупоумное в удел Кодару и его сторонникам. Тенденция явно классовая. Но характерное и значительное – в поэме есть все же борьба пастуха “без роду и племени”, поправшего установления обычного права и дерзнувшего отстоять свою честь личными усилиями непокорной и независимой воли своей. Отдельные варианты “Козы-Корпеш” (особенно в исполнении акына Жанака)⁵ являются по художественным достоинствам шедеврами казахской эпической поэзии.

Подобную же тему иллюстрирует и другая, несомненно высокохудожественная поэма “Кыз-Джибек”. Здесь воспевание обычного права родового общества выразилось в утверждении так называемого института левирата (аменгерства – обычай унаследования жены или невесты умершего оставшимся в живых братом или другим близким родственником). Тема, с нашей точки зрения, безусловно, консервативная, в поэме идеологически и психологически оправдана как самое “законное” явление. И Кыз-Джибек, любившая в начале поэмы своего жениха Толегена, после его смерти механически переносит свою любовь на его род и, в частности, на его брата Сансызбая. Выходит, преодолевая препятствия, замуж за него тоже по любви. Кыз-Джибек – идеал покорной невесты у сторонников старины. Ее пример как лучший образец внушался девушкам и невестам всех времен. И поэма

со всей своей полновесностью популяризировала, подтверждала этот быт и позорный институт в положении восточной женщины.

Размер газетной статьи не позволяет сказать о других видах фольклора. Поэтому в настоящем образе вынужден ограничиться только эпосом. Исследовательские задачи, какие поставил перед собой Казахский институт национальной культуры⁶, безусловно, не ограничиваются одним эпосом. И я, как научный сотрудник этого института, в числе ближайших задач намечаю продолжение этой работы в отношении других видов фольклора и в особенности советского фольклора.

В заключение необходимо добавить, что националистическая, алаш-ордынская поэзия и фольклористика у казахов, так же как выше упоминалось в отношении киргизов, всемерно старалась использовать это наследие в пользу своей политической программы. Идеализировала этот эпос, сознательно замалчивая его классово-идеологические чуждые тенденции, возвеличивала, популяризовала его образцы, преподнося их как противовес тому, что нес Октябрь в эту отсталую страну, в противовес тому, что создавала революционно-пролетарская поэзия советского Казахстана.

НЕТ БОЛЬШЕ “БАРСА-КЕЛЬМЕС”¹

Еще совсем недавно наивная фантазия казаха, сливая иногда мир реальный с миром сказочных трансформаций, создала себе легенду о жутком острове “Барса-Кельмес” (“Попадешь – не вернешся”), еще недавно она волновала воображение слушателя, изолированно и далеко стоящего от мировой культуры. Этот остров для меня лично перестал существовать как сказочный элемент только с 1932 года, когда проездом в Ташкент я случайно узнал, что это не что иное, как маленький островок самого обыкновенного нашего Аральского моря.

Объяснить это можно просто. Жутью и фантастикой наполнила тогда сознание трудового казаха мачеха-природа. Она вся была загадкой, страшной сказкой.

С каким же восторгом и восхищением глядит теперь трудящийся казах на отважных героев своего социалистического отечества Молокова, Каманина, Водопьянова² и других, спасших таких же отважных челюскинцев с их опасной ледяной плавучей стоянки! Мир завидует их славе. А казах-пролетарий, строитель социализма в своей стране, наполнен гордостью за этот подвиг советских героев.

Тем более радостно осознавать, как в наше время мальчик-пионер с берегов Аральского моря, глядя на это море, скажет просто и уверенно: “Теперь “Барса-Кельмесов” нет! Достижения и победы нашей могучей страны сняли эти названия, этих свидетелей беспомощности человека прошлого, сняли даже с карты сурового и стихийного севера. Нет больше Барса-Кельмес!

НАД ЧЕМ Я РАБОТАЮ

Основные мои жанры – драма и повесть. По драме за истекший год работал над двумя темами. Первая тема – о борьбе передового студенчества с национализмом, алаш-ордой в стенах казахского вуза. Название пьесы – “Борьба”¹. События относятся к 1928-1929 годам.

Признаю, что драма – наиболее трудный вид литературы. Ее трудность мы, казахские драматурги, испытываем в своей творческой практике еще резче. На сегодняшнем этапе развития нашей драмы не совсем преодолены задачи овладения техникой драмы, задачи выполнения основных законов драматургии и тем более задачи усвоения методов советской пролетарской драматургии², поставленные в творчестве передовых русских писателей. Сделать “Борьбу” театрально действенной, динамичной и тем самым довести ее реальную идею до зрителя в художественно-оправданном, внутренне мотивированном целостном оформлении считаю своей ближайшей и огромной задачей.

Вторая пьеса этого года – “Айман-Шолпан”. Это новая переработка сюжета одноименной устной поэмы прошлого столетия.

Историческая обстановка, комизм обстоятельств, данный намеками в поэме, в данной пьесе трактуется заново сквозь призму представленной революционной современности. Так что пьеса не есть инсценировка поэмы, а новое критическое освещение ее тематики. Считаю ее совершенно отличной от своих прежних исторических пьес, таких как “Кара-Коз” и др., где показ прошлого сводился к идеализации этого прошлого.

Темой третьей своей пьесы в плане наступающего года намечаю по договоренности с Казгостеатром колхозную тему. Материалы и впечатления, полученные во время поездки в колхозы в недавнюю творческую командировку, дают возможность

заняться этой большой и благодарной темой о новом колхозном строительстве в нашей республике.

Проза. В течение последних месяцев написал несколько рассказов и очерков. Один очерк “Плечом к плечу”³. Посвящен первому слету ударников – животноводов Казахстана и помещен в первом томе “Красной книги”. Кроме того, сейчас начал работать над большой повестью “В борьбе за колхоз”⁴.

Помимо самостоятельной творческой работы занимался переводами с казахского на русский и с русского на казахский. С русского мною недавно переведена и включена в репертуар театра оборонная пьеса “Князь Мстислав Удалой”,⁵ а с казахского на русский переведены “Турксиб” Джансугурова и свои пьесы “Борьба”, “Хан Кене” и “Энлик-Кебек”.

НА ЛИТЕРАТУРНОЙ СТРОЙКЕ

Холодной, малодоступной и далекой красотой блистал тот отрезок русской классической литературы, который был доступен нам, воспитанникам полутуземной городской школы дореволюционных лет. Мир идей и человеческих отношений выглядел со страниц этих книг для поверхностного, неопытного восприятия отроческих лет в характерных, мнимо спокойных, статических типах “беспорывной” русской деревни, деревни пресловутых “богоносцев крестьян”. Но действительность, даже частично доступная для нас, крестьянская действительность тех лет расходилась, никак не совпадала с изучаемым и внушаемым нам в школе образом русской деревни. И мы питались наивным, беспомощным ответом: “Это и есть русская литература и русская действительность, их тайн и взаимно обуславливающих причин мы не знаем, они недоступны нам”. И каким масштабом веков надо измерять то расстояние, на котором оказалась сегодняшняя казахская молодежь, от того уровня сознания, где были мы еще так недавно. Стоит только учесть, как воспринимается Михайлов из “Хлеба”¹ аульным активом, учащимся, рабочей молодежью; или как воспринимаются вузовцами Левинсоны, Кожухи, Давыдовы² и др. из образцов русской пролетарской литературы. Они стали захватывающе близкими, конкретными, своими до крайней степени эмоционального волнения, до ведущих на борьбу высоких идейных порывов.

И другая параллель. Нам объяснялось: жизнь – одно, а книга о жизни – другое. Страницы из книги и аналогичные отрезки из жизни только подобны, но, по сути, несопоставимы, зачастую даже антитезы.

Приукрашать ли действительность, отрицать действительность или уходить от нее в прошлое и переворачивать историче-

ский арсенал героики, экзотики и пр. или же тускло печальным взором смотреть в сумерки своей души.

Вижу ведущую и манящую на творческую активность разницу наших дней от прошлого. Вижу ее в устранении грани и разницы между книгой – творчеством писателя и жизнью – творчеством коллектива, захваченного творческим пафосом строительства социализма. Правда, если есть разница между действительностью и книгой, то она в том именно, что теперь не книга приукрашивает жизнь, а жизнь своими достижениями и победами вносит доселе нигде небывалые замечательные страницы в книгу. Литература отстает от жизни. Наиболее это заметно в нашей казахской литературе.

Конкретно: работаю над разработкой тем двух колхозных пьес (об интернациональных колхозах), а также собираю материал для повести о колхозе³.

Ближайшее будущее мыслится как полный переход исключительно на современные темы. До этого, сейчас мне кажется необходимым параллельно завершить известный тематический круг ранее задуманных исторических произведений⁴.

К числу их относится роман об алаш-ордынском периоде, о борьбе двух идеологий – байской и пролетарской – в истории революции Казахстана и второе произведение – пьеса о восстании 1916 года.

Как эти, так и другие литературные темы для меня теперь существуют и имеют актуальный смысл только как принципиально революционные темы. По оформлению и по идейной направленности они должны служить идеологическому разоружению сторонников старого, всего антисоветского. В целом они должны дать противовес прежней идеализации и сознательному приукрашиванию казахской старины.

Вот краткое содержание моих очередных творческих, “литературно-производственных”, так сказать, задач. Большое удовлетворение и уверенность вселила в меня работа последнего пленума Всесоюзного оргкомитета ССП⁵. На общем фоне работы пленума рельефнее выступает наряду с другими гигантами пятилеток многосложное литературное строительство народов Союза, строительство, которому такое большое внимание уделяют партия и правительство.

В заключение маленькое отступление от литературной темы, отступление, выдвигаемое нашим бытом.

Как большинство казахских писателей, я тоже занят не одной только творческой работой. Вернее, иные виды деятельности отнимают больше времени и сил, чем непосредственно литературная оригинальная работа.

Множество и разнохарактерность их, при всей важности каждой из них в отдельности, идет часто не в пользу, а в ущерб литературной деятельности.

Отсюда – малопродуктивность. А при таких условиях – мало оснований быть довольным самим собою. К сожалению, пока – это наш быт и обуславливающий повседневность факт.

Пьесапар





ОКТЯБРЬ ҮШІН

Төрт перделі, тоғыз суретті пьеса



ОҚИҒАҒА АРАЛАСАТЫНДАР

Фурманов – Түрікфронт уполномоченный.
 Беляев – үшінші дивизия штабының начальнигі.
 Мартынов – командирлердің біреуі.
 Патриесов – облыстық атқару комитет бастығы.
 Барайнок – дивизияның политкомы.
 Быковский — трибунал бастығы.
 Ная – Фурмановтың әйелі.
 Люба – Быковскийдің әйелі.
 Шағабутдин – облыстық әскери комиссар, татар.
 Масанчин – әскери командирдің бірі, дүнген.
 Ерескин – бұрынғы Жетісу партизандарынан.
 Өтепов Тәшен – ескі жұмыскер, партия мүшесі.
 Қуатов – жас коммунист жігіт.
 Шағидуллин – әскери жігіт, татар.
 Хакима Қасымова } татар қыздары, партияның
 Қадіша Амантаева } жас мүшелері.
 Есенов – қырғыз, оқыған жігіт, партия мүшесі.
 Бәрібаев – партияға жаңадан кірген жас жігіт, Есенов екеуі де әскери
 бөлімдердің политкомдері.
 Сәрсембаев – облыстық атқару комитеті бастығының орынбасары.
 Сүлейменов – қырғыз.
 Жарболов } бай балалары, партия мүшесі.
 Есеналин }
 Жанұзақов Төреғұл – қырғыз манаптарынан.
 Турчик уполномоченный
 Масқұт кожа
 Ысмайыл Күсенов } шалақазақ, тараншы, қазақ көпестері
 Розахон
 Байжұман
 Никифор Евсеевич (Мекапар) } Орыс көпестері.
 Филипп Кузьмич Остапов } Талғар казак орыстарынан.
 Мәмедов – төртінші кавполктегі теке-түрікпен эскадронының бастығы
 (түрікпен жігіт).
 Қарабаев.
 Чебисов.
 Иванов Григорий (Гришка).
 Черных.
 Крестьяндар, кулактар, қызыл әскерлер. Түрікпен, қазақ,
 орыс, тараншы, дүнген, татар, қырғыз партизандары.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Сахна екі бөлме. Бірі – ревком бастығының, екіншісі – хатшысының кабинеті. Екі бөлмеден де сыртқа шығатын есіктері бар. Оның үстіне аралық есік. Бөлмелер келісті. Сол жақта үлкендеу бөлмеде мәжіліс: бұл – бастық бөлмесі. Шымылдық ашылғанда шаң-шұң, дабыр-дүбір сөз естіліп жатады. Содан кейін, перде ашылғанда тартылып жатқан темекі түтіні. Столдар үстінде портфельдер, қағаздар, дударланған шаштар. Түйілген қабақтар байқалады. Жұртта нервность бар. Бастық столына тиіп отырған көлденең столдың айналасында көбінесе әскери адамдар. Араларында: Фурманов, Беляев, Барайнок. Арттағы қатарда өзге адамдар. Бұл мәжіліске бастық: Сәрсембаев. Қатшы: Есеналин; Отырғандар: Беляев, Патриесов, Өтепов, Бәрібаев, Шағабутдин, Есенов, Қуатов, Хакима, Қадиша, Мартынов, Черных, Жарболов, Жанұзақов, Сүлейменов. Аталған адамдардың кейбірі шығып кетіп, кейбірі Фурмановтарға сөйлесіп отырысады.

Шымылдық ашылғанда Жанұзақов сөйлеп тұрады. Ол бастық қасында. Сөзін аяқтап келе жатқан кезі.

I көрініс

Ж а н ұ з а қ о в (*сенімді, қатты сөйлеп*). Міне... босқындарға жәрдем беретін Турцик комиссиясы осындай істер істеп жатыр. Аз іс емес, әлі істелмегені де көп, тілесендер, танысыңдар, Пржевал, Токпақ, Пішпек, Лепсі уездерінде біздің өкілдер не істеп жатыр екен? Көріңдер, біліңдер! Бірақ мәселе осыны біліп, көріп қана қоюда емес, Жетісудың облыстық үкіметі осы іске барынша жәрдемдесуге міндетті еді. Ал, анығында біз не көріп отырмыз. Ашық айту керек, сендерден (*тырнағын көрсетіп*) мынадай жәрдем көріп отырғанымыз жоқ. Көргенде көргеніміз қайта бар шамаларыңмен бөгет салып, кедергі жасағандарыңды көріп отырмыз. Өтірік пе осы?!

Б а р а й н о к. Дәлеліңіз бар ма? Оларыңызды неге айтпайсыз?

Ж а н ұ з а қ о в. Дәлел, дәлел бар!

Б е л я е в. Бар болса, сол дәлеліңізді айтыңыз?!

Ф у р м а н о в. Кәне, айтсын дәлелін! Неге бөгет жасалыпты, кім жасапты?..

Сәрсембаев (Жанұзақов бұған қараған соң қыбыжықтап).
Жолдастар! Тәртіппен, я.. (Жанұзақовқа қарайды.)

Жанұзақов. Дәлелі керек болса, босқан елді алып келдің, кеңес өкіметі көгертеді, бұрынғы қожа болған казак-орыс крестьянмен теңестіреді дедің. Жә, сол келген елге Турчик комиссиясы берген жәрдемінен басқа не бердіңдер?!

Барайнов. Турчик комиссиясының берген жәрдемі тегі кеңес өкіметінің жәрдемі ме! Жоқ, Жанұзақовтың ғана істеп отырған жақсылығы ма?!.

Жанұзақов. Кеңес өкіметінікі болса да, кіндіктікі. Облыс сендердікі емес. Сендерге сол босқан елдің жерін қазірден бастап крестьян кулагынан қайтып әперейік, жерге орналастырайық, осы жазғытұрымнан олар да егіске, отырықшылыққа кірсін. Кулак казак, қырғыздан тартып алған жерін қайырсын дедік. Сендер осыған не дедіңдер? Қарсысыңдар! Алысып келесіңдер осымен...

Шағабутдин. Бұған негізінде қарсы шыққан кісі жоқ. Жалғыз-ақ казак, қырғыз егінші емес, өзі аш-арық тозып, жүдеп келген ел. Бергенмен де қазір жазға салым егінге кірісіп кете алмайды. Кулактан алған жерді пайдаланып, егін екпесек, облыс халін жүдетеміз. Бұл зор шаруашылық, саяси мәселе. Мұнда сол босқан елдің қамын ойлау да бар.

Беляев. Мұны ат үстінен шешуге болмайды. Бұл күнде жер бергенмен, сол елге соқа-сайманды түгел тауып бере алмайсың.

Жанұзақов. Бұл сылтау. Бұл сол Жетісу кулагының амандығын қимағандық. Жер бермесең неге әкелдің, босқынды! Барлық жерін переселен алып қойған, ол қайда орналаспақ? Екінші, көп жерлерде, поселкелерде босқындарды қайта қырып жатыр. Соған не істедіңдер?..

Өтепов. Сен, Жанұзақов, босқан елге шын жаның ашыса, сөзді демагогияға айналдырма, білдің бе?..

Сәрсембаев. Олай сөйлемендер, жолдастар?! Иә...

Өтепов. Әр нәрсені өз атымен атау керек! Мынау сол демагогия... Қазақтың переселен алса егіндігін алды, таудағы жайлауын алған жоқ. Қазір күн жаз, күзге шейін шыдауға болады.

Жанұзақов. Малы жоқ, аш-арық несімен барады жайлауға?

Есеналин. Иә соны айту керек. Барса малы бар, амандау қалған ауқатты бай барады. Босып жүрген кедей қайда барады.

Өтепов. Рас, ойлағанда, осыны ойлау керек... Бірақ бұдан да шығыс бар: енді бар қаражатты сол елге сауын әперуге жұмсау керек. Сен жер әпергенде соқа-сайман, ат-көлік те шығындамақшысың ғой?.. Бірақ Жетісуда қазіргі жалпы қиыншылық үстінде ондай арба-соқаны таба алмайсың. Оның есебіне сауын малын сатып әперу де оңай. Астықтай жәрдем беріп, ішерлігін жиып беру оңай, үстін бүтіндейтін пұл, мата беру оңай...

Беляев. Дұрыс айтады. Мәселені мемлекеттік жөнімен шешу дұрыс, шешу осылай болу керек.

Черных. Маған сөз беріңізші! (*Түрекеледі, Сәрсембаев басын изейді.*) Мен бағанадан бергі сөздерді естіп, қайран қалып отырмын, мына қырғыздың сөзі не?.. Мына центрден келген бірен-саран жолдастар, біздің... Бұлардың сөзі не?.. Біз кеңес жерінде отырмыз ба, жоқ әлде біз Қазақ хандығының ішінде отырмыз ба? Семиречиннің крестьяны... Семиречинде төңкеріс жасамай, мына қырғыздар келіп осы шетті шауып алған ба, әлде?!

Патриесов. Бұл не деген сандырақ!.. Не айтпақ мынау?..

Жанұзақов. Ол осындағы іс пен саясаттың шынын айтқалы келеді, айтсын...

Черных (*ашуланып кетін*). Рас, шынды айтсам... айтсам, мынау, жаңа, ең әуелі Жетісу крестьянының жерін қырғызға әперем деген сөз былшыл!.. Екінші, Қытайға қашып кеткен, ақ боп кеткен қазақты алып келіп, оны енді әлпештеймін деу былшыл! Білемісіндер, он алтыншы жылы осыны істеген, осы қырғыздар, жоқ, бұл номер өтпейді, біліп қойыңдар, өтпейді! Жетісу крестьяны оны істетіп қойып, бос қарап отырмайды.

Беляев (*қатты*). Тоқтатсын мынау сөзді!.. Бұлайша ақтар, контрреволюционерлер ғана сөйлейді.

Черных. Бос қарап отыра алмайды, отырмайды. Біліп қойыңдар!..

Мартинов (*жарыса*). Далой! Далой!.. Керегі жоқ сөзінің?!. (*Шу, көпшілік қызып қалды.*)

Өтепов. Міне, мұның да аты кеңес қызметкері... Жоқ, жолдас, сенің де кім екеніңді анықтап тану керек. Біз танымаймыз... табармыз... және...

Фурманов. Черныхтың сөзі бұрынғы Семиречный сайлаған нағыз кара реакция адамының, патша чиновниктерінің сөзі.

Черных (*теңсінін*). Сендер кімнің чиновнигі?! Сендер кыргыз үкіметіне жағынам деген чиновник!..

Фурманов. Жап аузыңды! Сен кеңестің досы емес, дұшпаны! Игілік сол. Бұл мәселені кеңес өкіметі сенің ақылыңмен шешпейді... Кімсің сен!? Кім болғаның сенің осыдан белгілі болып тұр!

Беляев. Мұның жайындағы сөзді қысқарту керек!

Черных. Жоқ, жаңылысасың! Қысқарта алмаймын.

Фурманов. Мұның мәселесін тезінен зерттеу комиссиясына беру керек.

Көпшілік. Дұрыс, дұрыс...

Фурманов. Мұндай адам біздің ортамызда және жалпы кеңес ішінде болмайды, бола алмайды.

Черных. Көрермін кім боларын. (*Атып тұрып, есікті тарс жауып шығып кетеді. Аз тым-тырыс. Фурманов, Беляев, Өтепов, Шагабутдиндер сыбырласып, жайласады, содан кейін.*)

Фурманов. Иә... жолдастар! Жаңағы Черных сөзі зерттелетін сөз... Ол өзгеге жайған уытты жұғыны болса, сол барлық тамырымен қырқылатын пікір. Ол солай істеледі. Енді негізгі әңгімеге келсек, жаңағы Өтепов айтқандар уақытша шара. Уақытша деймін, өйткені мұнымен қанағаттанбай, күздігүні барды салып, не қылсақ та кулактан қазақ, кыргыздың жерін қайта алып береміз. Оны кеңес өкіметі істейді, істемей қоймайды.

Барайнок. Кәне, осы істердегі енді отаршылдық қайсы? Жанұзақовқа істеген бөгет қайсы?..

Патриесов. Кәне... басқа тағы не бөгет жасадық?!

Жанұзақов. Басқа бөгеттерің тағы бар: жаңағы шараларды істеп жүрген уезд-уездегі біздің өкілдерімізге іс істетпейді осы облыстың кейбір адамдары. Сол адамдардың жер-жердегі агенттері...

Қуатов. Ол кімдер? Кімге қандай істер бөгет қылыпты?

Жанұзақов. Істеп жүрген адамдарымыздың артынан ылғи тыңшы салып, кездессе – кедергі жасап, сенімсіздік білдіріп, істерін бұзып, бұйрықтарын орындатпай отыратын адамдар бар. Сол адамдар осы облыс кіндігінде!

Есенов. Ол кімдер?! Ата! Айт атын?..

Барайнок. Болмаса бос жаланы қой! (*Жұрттың қызуы артады.*)

Жанұзақов. Ол адамдар өздері беттерін ашпайды, көрінбейді. Өзгенің тасасында отырып іс қылады.

Беляев (*қатты*). Жолдас Жанұзақов, енді жетті төмендетуің, ата қазір ол кісіні! Біз атын атауыңды шарт қып қоямыз! Кім? Мен бе?..

Жанұзақов. Жоқ, жолдас Беляев, сіз емес. Мен сіз туралы айтып отырғаным жоқ...

Патриесов. Болмаса, мен бе? Ревком бастығымын, мен шығармын?.. Атын айтуды требовать етеміз.

Өтепов. Иә... бұл бос демагогия болмаса, атауға міндеттісің?!

Жанұзақов (*атып тұрып, ашулы*). Атаймын! Сол жаңағының бәрін істеп отырған Реввоенсоветтің уполномоченный мынау отырған (*қолын созып*) Фурманов! (*Жұрт тегіс ашулы, қатты қарсылық білдіреді. Соңғы сөздің тап ортасында мылтық атылғандай әсер болады. Стол басындағы отырғандар қағаз, қарындаштарын лақтырып тастап, орындарынан атып-атып тұрып кетеді.*)

Фурманов (*салқын пішінмен орнынан тұрып*). Жанұзақов, сен осы сөздеріңді кіндік алдында дәлелдеймісің? Айтқан сөзіңе ие шығарсың?!

Жанұзақов (*сасыңқы*). Ие... ие... әрине...

Фурманов. Мен мәселені қазір телеграммен кіндік алдына қоямын. Хатшы жолдас (*Есеналинге*.) Протоколге тіркедіңіз бе жаңағы сөзді?

Есеналин. Иә... бар сөз тіркеліп отырмаса да, есітті ғой жұрттың бәрі... әрине... (*Жиылыс тарауға айналады. Ашулы жұрт бәрі портфелін алысады.*)

Патриесов. Жиылыс бітті ме? (*Сәрсембаевқа қарайды.*)

Сәрсембаев. Біте қоймаған сияқты, меніңше... Білмеймін...

Барайнок. Жә, жетті, болды енді!..

Мартынов. Жабу керек, осы да жетеді.

Екеуі шығып кетеді.

Жанұзақов. Жетсе жетеді... бізге де...

Портфелін алып ауыз үйге шығады. Осының аз алдында бұл бөлмеге Ысмайыл, Розахон, Байжұман келіп отырған. Мынаның алдынан бұл үшеуі түгел орындарынан тұрып, қарсы шығады. Жанұзақов жаулаңыңқы, аяғын сарт-сұрт басады. Артынан Есеналин, Жарболов, Сүлейменов шығады.

II көрініс

Ж а н ұ з а қ о в *(Ысмайылдарға)*. Ие, немене?

Ы с м а й ы л. Бағанағы бір нәрсенің иесі біраз тың сөздер шығарып тұр, ала алмадық...

Ж а н ұ з а қ о в. Қай нәрсе? *(Ысмайыл бөгеліп қалады.)*

Б а й ж ұ м а н. Әлгі... мүйіз деген бар емес пе еді... *(Бәрі де бұған жаман қарап қалады.)*

Ж а н ұ з а қ о в. Ой, сөзің бар болсын! *(Теріс қарайды.)* Жә... үйде сөйлесерміз... Қоя тұрыңдар!

Р о з а х о н. Біз кете берейік пе?

Ж а н ұ з а қ о в. Жоқ, әзір тоса тұрыңдар! *(Есеналинге.)* Әлгіні протоколге жазба! Сәрсембаев, сен де менің сөзімді мақұл демейсің бе?

С ә р с е м б а е в. Кім біледі, қатты айтысып қалдыңдар ғой.

Ж а н ұ з а қ о в. Е, айтыспай қайтушы ем, еш нәрсе айтпай, алдынан шықпай, өздеріңе бай қып алғансыңдар сендер! *(Сәрсембаевқа)*. Сен олардың кіндікке жазатын шағымын қостама! Мен де жазамын *(Өзгелеріне қарап.)* Жиылыста болған сендер, барлығың менің сөзімді сүйендер!

Хакима, Қадиша кіреді.

III көрініс

Ж а н ұ з а қ о в. Мінеки, мына қарындастарым да бар. Бұлар да менің сөзімнің дұрыстығын біліп отыр. Сендер де мені қостамайсыңдар? Кіндікке біз жазбақыз...

Қ а д и ш а. Жоқ, біз сізді қостай алмаймыз.

Ж а н ұ з а қ о в. Неге? Қорқасыңдар ма?!

Х а к и м а. Қадиша дұрыс айтады. Сіз кіндік адамы бола тұра өзінің партиясы мен сол кіндік үкіметінен интересіңіз басқа кісіше сөйлейсіз... біз сізді әзір түсінбейміз... білмейміз...

Қ а д и ш а. Рас, сол есепті қостамаймыз. *(Өзгелерге қарап.)* Қостағандар болса, өздері біледі.

Ж а н ұ з а қ о в *(қуланып, күліп)*. Ойпыр-ай, сіздер қандай қыз ішінде қып-қызыл қыздар едіңдер!? Мен мұндай балаларды жақсы көретінмін. И какие вы красные, прекрасные девушки? *(Сылқ-сылқ күледі, өзгелер де күледі.)*

Х а к и м а. Сіз кіндік адамы екеніңізді ұмытпаған боларсыз?

Жанұзақов (құбылып, аяғын сарт еткізіп тағзым қылып). Құп! Әміріңізше! Алдияр! Тоташ! (Есік жақты басымен нұсқағандай болып.) Жолдарыңыз болсын!

Қадиша Жүр, кетейік, Хакима!

Хакима. Жоқ, тіпті, кетпейміз, біз де боламыз мәжілісте. (Ерегісіп барып, орындыққа отырады, Қадиша да күліп барып қасына отырады.)

Жанұзақов. Дұрыс. Жақсы олай болса. (Өзгелерге бұрылып.) Мен сендерге жақын күндерде (Есеналинге қарағандай) осындағы мұсбюроның жиылысын шақыру керек деген ұсынысын жасаймын. Сонда осы бүгінгі жайды да, басқа осыған ұсаған әңгімелерді де толық сөйлесеміз. Дұрыс емес пе?

Жарболов. Әбден дұрыс. Өзара толық ұғынысып алу керек. Бүгін әлі еш нәрсе айтылған жоқ.

Сүлейменов. Рас. Мұсбюроның жиылысын шақырайық.

Жанұзақов. Бұлар кіндіктен біз партия, үкімет өкілдеріміз, облыс саясатын біз жақсы біліп, жақсы басқарамыз деп өзгенің бәрінің аузын буып отырмақ қой! Қыңқ етіп дыбыс шығаруға да жарамайды. Отырған әне бір қырғыз, қазақ жігіттері... бұ не?... Сендердің сөз біріктіріп алып, батыл өткір болуларың керек...

Жарболов. Айттым ғой, сөз көп... Сонда сөйлесерміз...

Есеналин. Олай болса жиылысты шақырайық. Қашан, қайда жиыламыз?

Сәрсембаев. Өзгелерге де сөйлесу керек емес пе?

Есеналин. Сөйлесу қажет емес. Мәселе аштарға жәрдем әңгімесі... Кіммен ақылдасу керек?

Сүлейменов. Иә... осы тұрған ел де жетеді шақыруға, жалғыз-ақ бәрін хабарландырайық.

Жанұзақов. Дұрыс. Олай болса, байланды ендеше... Келесі жексембі күні сағат алтыда, менің пәтеріме жиналындар. Үй кең, жайлы, оңаша, мақұл ма? (Жағалай қарайды, Жарболов, Есеналин мақұл-мақұл дейді.)

Есеналин (Ысмайылға). Ысмайыл, есіттің бе? Қымызың, семіз тоқтың... тағы-тағыларың... өзің білесің ғой... дұрыс па?

Ысмайыл. Құп... құп... айтқаныңызша! (Сұрқиялықпен жорғалай күліп.) Әміріңізге жан пидә!..

Байжұман. Иә... дәм ғанибет, дидар ғанибет. Келіңіздер, келіңіздер...

Жанұзақов. Жә, болды, жүріңдер енді!

Бұл бөлмедегінің бәрі шығып кетіседі.

IV көрініс

Бастық кабинетіндегілер бұл уақытта бұрынғыдан азайып қалған. Беляев, Патриесов, Фурманов, Шағабутдин, Өтепов, Қуатов, Есенов, Бәрібаев қағаз жазып өзара сөйлеседі. Анда-санда бұларға Шағабутдин, көбінесе Өтепов, Қуатовтармен әңгімеде. Бәрібаев, Есенов өзара сөйлесіп отырады. Аздан соң.

Ф у р м а н о в *(қағаз жазып болып)*. Сәрсембаев бар ма екен? Мынаған ол да қол қоюы керек.

Ш а ғ а б у т д и н *(хатшының есігіне таман барып)*. Сәрсембаев, Сәрсембаев! *(Есікті ашып қарап.)* Ізі де әлдеқашан суып қапты. Жоқ.

Барайноқ, Мартынов қайта кіреді.

Ф у р м а н о в . Дұрыс, кейін тауып алармыз оны. Жолдастар, қазір осы жерде ревком ғана емес, осы отырған бәріміз облыстық партия комитетінің мүшесіміз.

Ш а ғ а б у т д и н . Дұрыс. Енді мәжіліс ревком фракциясы мен обком партияның біріккен мәжілісі деп саналсын.

Дауыстар. Дұрыс, дұрыс. Беляев бастық болсын.

Беляев бастық орнына отырады.

Ф у р м а н о в *(Есенов, Бәрібаев)*. Иә... Бәрібаев, Есенов жолдастар, Жанұзақов партия мүшесі емес, кім екені де мәлім. Бірақ сіз екеуіңіз, сол Жанұзақов сөз қылып жүрген қазақ, қырғыздың қызметкері сіздер біздің қазіргі қолданып отырған бағытымыз туралы, сіздердің жаңа, қазір, осында отырған облыстық партия басшылығын жүргізіп отырған жолдастар, сіздердің де ашық пікірлеріңіз қажет *(Бәрібаевқа.)* Жаңа үндемедіңіздер, егер сіздер де Жанұзақовша ойлап үндемеген болсаңыздар, онда хал қиындайды. Біз сіздерді басқаша бағалаймыз. Сіздермен ұғынысуымыз керек.

Ш а ғ а б у т д и н . Ақиқат, дұрыс айтасыз!

Б ә р і б а е в . Айтып болыңыз.

Ф у р м а н о в . Жанұзақов айтқанды қазір істеуге болмайды дейміз. Оны істетпейтін облыстың бүгінгі саяси халы... Келген елді жерге орналастыру бұйрықпен, сөзбен істелмейді.

Ө т е п о в . Әрине, олай деп Жанұзақовтың өзі де ойламайды. Оған құр даурық керек.

Ф у р м а н о в . Оны істегенде алдымен әскер күшіне таянып отырып істеу керек. Ал, бұл күнде Жетісудағы әскер кім? Ол –

граждан соғысында Жетісуда бір тарихи іс істеген партизандар екені рас. Бірақ ол әлі партия басшылығын және қызыл әскердің тәртіп, тәрбиесін көріп шыққан іскер емес. Сондықтан арасында кулақтың әсері таусылмаған, аз ретті қызыл іскер мұнда жоқ.

Б е л я е в . Оның үстіне, қазір де Жетісудың кулактарының арасында және солар арқылы жаңағы әскер арасына тараған бірнеше жаман сөздер бар. Білесіндер. Мұндағы ұлттар арасы жақсы емес... Бүгінгі әрбір қадамды есептеп баспасак, сол елдер арасының қырғынын жасаймыз.

Ш а ғ а б у т д и н . Сонда таяқты кім жейді? Қарусыз аш-жалаңаш қазақ, қырғыз жейді. Әрине, мұның бәрі соншалық ашық, айқын мәселе, так что кімде-кім осы ұлттардың тағдырына қайғыратын болса, Жанұзақов пікірін не только демагогия, қайта провокация деп түсіну лазым.

П а т р и е с о в . Бізге, анығында, Жанұзақов сөзі еш нәрсе емес, сіздерге де, біздерге де мемлекеттік негіз бен партия басшылығының түзулігі қымбат. Мұндағы ұлттар арасы ауыр мәселе. Сіздер соны дұрыс шешуге көмекші болсаңыздар. Бұл – міндет.

Е с е н о в . Ең әуелі сіздер бізді Жанұзақов сөзінің әсерінде шығар деп ойласаңыздар, қателесесіздер. Оның сөзі партия бағытына қандай жат көрінсе, бізге де сондай жат. Бірақ ол сөздердің қазіргі біздің көпке әсері бар... адастыруы, қаңғытып әкетуі мүмкін. Сондықтан бұған қарсы алысуға да зор саяси сақтық керек. Осы естеріңде болсын.

Б ә р і б а е в . Және, кіндіктен келген партия мен үкіметтің ұлы бағытындағы сіздерді біз түсінеміз де толық бағалаймыз. Бұл жақтағы бұратана ұлттардың сенері де, сүйенері де кіндік! Басқаны тандары жоқ. Бірақ орыстан шыққан осындағы партия көпшілігі көп қызметкері бар. Олар оңшылдыққа қарсы, ұлы орысшылдықтан да сау деп білмендер, жаңағы Черных сөзін естідіндер ғой?..

Ф у р м а н о в . Патриесов. Әрине, ол даусыз. Рас.

Б е л я е в . Черных сияқтының пікірімен біз алдымен алысуымыз керек. Аянбай алысу керек.

Ф у р м а н о в . Оның тамыры Жетісудің кешегі күніне барып шырмалып жатыр. Партия оны алдымен құртуы керек.

Б ә р і б а е в . Сіздер бұл сөзді жақсы бастадыңыздар. Партия жолына жат, екі түрлі залалды теріс бағыт бар: бірі – ұлтшылдық,

бірі – ұлы орысшылдық. Соның екеуімен де алысайық. Бірігіп ақылдасып отырып алысайық. Әрқайсымыз өз ішімізде де сондай настроениелер болса, жеңіп қояйық. Бұл жайды меніңше, осыдан артық сөйлеу қажет емес. Ал, Жанұзақов туралы біз сіздің пікіріңіздеміз.

Б е л я е в . Дұрыс болды. Бұл мәжіліс осымен бітті енді.

Өтепов (*Бәрібаевқа*). Пікірлерің солай болса, неге сөйлемейсіңдер жаңа?! Сендер, революциялық совесть нені айт дейді? Оны ойламайсыңдар. Интеллигент емеспісіңдер? Мынауым сыпайы, мынауым сұлу шығарма деп алдымен соны ойлайсыңдар ғой? Сендерден төңкерісшіл большевик шығарып алу үшін басқа да, көтке сабап отыру керек, ылғи сол ғой тілегендерің?!.. Рас емес пе? (*Айналадағылар күледі.*)

Б ә р і б а е в (*күліп*). Е... ондайға өзің тұрған жоқпысың?.. Адам боламыз да сенің жетегіңмен! (Жүріп-жүріп тарасады, күледі.)

Ш ы м ы л д ы қ

Екінші сурет

Жанұзақов тұрған Масқұт қожаның үйі. Сахнаның халыққа қараған шеті шарбақты. Бояулы жасыл терраса... Сол террасадан әрі екі бөлме бар. Сол жақтағысы Жанұзақовтың қонақ үйі. Оң жақтағы Масқұт қожаның өзінікі. Террасадан бөлмелер биік, іштері сәнді. Терраса айналасында гүлдер. Шымылдық ашылғанда биік стол айналасында, террасада Жанұзақов, Масқұт кожа, Ысмайыл, Розахон, Байжұман отырысады. Орталарында күтуші Ысмайыл. Ішкендері қымыз.

І көрініс

Ы с м а й ы л . Әткешшілік¹ ісін осы кезде қиын атайды. Соңғы мүйіз бен апиын өткізіп жатқандар қырғыздың әткешшілеріне ілесіп зорға өттік дейді.

Б а й ж ұ м а н . Қиындығын атап сұрамаңыз. Бихисап² болса керек. Жақында мынау тау арқасындағы Асының қызыл бөрігінен³ он бес кісі аттанып, бесеуі оққа ұшыпты.

Ж а н ұ з а қ о в . Әткешшілікті істесе, қару-сайманды қамдап алып, ер жігіттер істесін.

Р о з а х о н . Әлбетте, соғысып, жарып өтеді ылғи... Бұған келгенде қырғыздар ер.

Ж а н ұ з а қ о в . Е... қырғыз мынау Байжұманның маңқа қазағы деймісің? Атаң көрі... несі бар.. ол границадағы солдатың қорықпаса болад та?!

Б а й ж ұ м а н . Мырза, қазақты да қорламаңыз. Бұл күнде сол әткешшілікпен Жаркент, Алматы қазағы да жал жиып, ауқаттанып қалды.

Ж а н ұ з а қ о в (күліп). Е... қойшы, білемін ғой... олардың ылғи қырғыздың салған жолымен жүреді (*Өзгелерге көзін қысып қойып.*) Қазақтың ежелден ер адамы болған ба тіпті осы? Ауылдағы қазақ не дейді?! Ол: асық ойнаған – азар, доп ойнаған – тозар, бәрінен де қой жайып, көтен жеген озар, – дейді. “Есектің көтін жусаң да мал тап” дейді. Есе қуғанда сөйтіп қуа ма? Табыстың бәрін де ерлікпен ал демейді, қорлыққа шыдап ал деп үгіттейді. Сондай елден ер шыға ма? (*Өзгелер күледі.*)

М а с қ ұ т (күліп). Шәрдегі оқығандарды, мына Байжекеңдерді кайтеміз.

Ж а н ұ з а қ о в . Оқығандарын қой, олар ежелден орыс ұлының алдында қайығын төсеп, байпандап тұратын тілмаш. Менің де аяғымнан алып отырғанын көрмеймісің солардың бірталайының...

М а с қ ұ т (күліп). Иә... Байжекеңді не дейсіз?

Ж а н ұ з а қ о в . Тіпті, бар қазақтың ішінде іске жарар, іліп алары осы. Алматы шалақазағы сенің өкіліңді көріп, Әндижанға қой айдап, сауда қылып, мал тауып байып отыр. Ешкімге жалынбайды. Қорлық та көрмейді. Шын іске татыры осы Байжұман ғана!..

Б а й ж ұ м а н . Айтарсыз... айтарсыз... (*Розахонмен бірге күліп.*) Сөз сіздікі ғой!.. Бірақ осы күнде әткешші қазақтардың ерліктерін естіп, өзім қуанып жүрмін.

Р о з а х о н (*Жанұзақовқа*). Иә... Төреғұл мырза!..

Сүлейменов, Жарболов, Есеналин кіреді.

Жанұзақовтан басқалары орындарынан тұрып қол алысады, отырысады.

II көрініс

Ж а н ұ з а қ о в (*Розахонға*). Ие... ие... не айтпақ едіңіз?

Р о з а х о н . Қазір осы үкімет халықтың ата-анасы хақында. Бірақ сонда халықтың саудасын неге тоқтатады? Әсіресе мына Қытаймен істеп отырған сауда қазақ-қырғызға ас та, киім де боп

отыр ғой. Ол болмаса қырылар еді. Осыны неге тоқтатады. Мен қайранмын соған.

Б і с м а й ы л . Япыр-ай десеңізші!.. Бір жағынан жақсы сөйлейді, екінші жағынан сол сөзіне қарсы қатты іс істейді өзі!..

Е с е н а л и н . Е... бұл кісілерің мұны өздеріне, байларға сауда істетіп қойса дейді екен ғой?.. (*Kүlin.*) Жағалап келістерін қарашы!..

Б а й ж ұ м а н . Бай деп, бай қанша дейсіз!.. Халықты айтсаңызшы! Қазір аш халықтың бәрінің күн керісі сол болып отыр ғой... Соларды неге ойламайсыздар?

Ж а н ұ з а қ о в . Ә... Розахон әке!.. Гәп қылмаңыз... әлі алдымызда жақыннан да, алыстан да кездесетін көп-көп кезеңдер, тартыстар бар. Сөз – сөз, іс – іс!..

Ж а р б о л о в . Бәсе, бәсе!.. Жақсы сөйлеп отырып та, өзі білмей жаман істер істеп қоюға мүмкін... (*Басын изейді.*) Әңгіме сонда!..

Ж а н ұ з а қ о в . Мен бұл хақтағы езілген ұлттардың байы, кедейі, жуаны, жіңішкесі деген жіктерін тыңдамаймын. Қырғыз, қазақ қолына қару ұстап, әткешшілік қылып, шынығып, шекті жарып барып, Қытайдан мал тауып қайтып жатса сол болады! Сол жақсы. Өздерің де орамға келгенді ұрып, жұлып алып қал!.. Білдің бе?.. Гәп сонда!..

С ү л е й м е н о в . Сіз бай-манапқа да қару беріп қойдыңыз ғой (*Kүlin.*) Мұныңыз қалай?

М а с қ ұ т қ о ж а . Ие... соны айтыңыз. Центрдің өкілі қалай-қалай сөйлейді бұл?

Ж а н ұ з а қ о в (*terraстан жүріп кетін*). Байдың керегі жоқ, ұлтшылдық құрысын! Центрдің Фурмановы бастасын, сол центрдің жұмысшысы жетектесін деп жақсы атты мақтаулы жігіт болса, ана Бәрібаев, Есенов, Жандосовтар бола берсін! Меніңше барлық жайды ондай ақкөйлектік шешпейді... Іс пен күш шешеді. Бүгінгі халде кім әкімшілік басында тұрса, соны екшелеп, алқындырып өзіне салмақ салып отыратын күштің, істің болу керек.

С ү л е й м е н о в . Олай болғанда не істеу керек енді?

Ж а н ұ з а қ о в . Олай болғанда бүгін сол Фурмановтың тәубесін есіне түсіретіндей қылып, қысып отыруың керек.

С ү л е й м е н о в . Біз онда центр басқаруына қарсы топ жинап, күш құрайтын боламыз ба?!

Ж а н ұ з а қ о в . Ие... есебін өзің тауып, өзің құра. Болмаса өзге құраса, ат салыс, көмекші бол. Бұған наразылығыңды сен де көрсет!.. Кейін жұмсарады да түзеледі.

Е с е н а л и н . Өзге болғанда, біз қандай күшті пайдаланамыз?

Ж а н ұ з а қ о в . (*Масқұт қожасаға қарайды, Масқұт басын изейді.*) Әрине, мұны түп-тамырымен аударып тастаймын демейсің. Мыналар сияқты, бастықты, осылайша кезенуге кім қолайлы келсе, тіпті талмай-ақ уақытша пайдалансын. Білдің бе? Ұқтыңдар ма, менің пікірімді?

Ж а р б о л о в . Ұқтық қой, меніңше мақұл айтасыз.

С ә р с е м б а е в , Өтепов, Хакима, Қадишалар шығады. Жанұзақов орнынан атып тұрып, құрметпен қарсы алып, оларды өз бөлмесіне қарай кіргізіп жіберіп, Есеналинді ұстап қалады.

III көрініс

Ж а н ұ з а қ о в . Әнеугі мәжілістің протоколы қалай жазылды? Сені мыналар кінәлап жүр деп еді ғой?

Е с е н а л и н . Мен сенің сөздеріңді кіргізгенім жоқ. Кінәласа кінәлай берсін, көнбедім.

Ж а н ұ з а қ о в . Дұрыс. Ал, Сәрсембаев ше? Ол қол қойды ма, жіберген телеграмға?

Е с е н а л и н . (*күліп*). Сондай сөз болды ма, болмады ма, болған да сияқты еді, білмеймін... Бірақ есімде жоқ деп, қойшы әйтеуір, бұлтылдып жүріп қол қоймай аман шықты (*Екеуі де күліседі.*)

Ж а н ұ з а қ о в . Жақсы болыпты. Мен де бүгін Турцикке жібермекшімін. Ол маған үлкен сүйеу ғой. Іздеп жатсын өтірікшіні!.. Кәне, жүр!

Үйге Есеналин кіре береді, Өтепов қайта шығады. Сол уақытта Бәрібаев, Есенов келеді. Амандасады.

IV көрініс

Ж а н ұ з а қ о в . (*Өтеповке*). Е... неге шықтыңыз? Осында отырамыз.

Ө т е п о в . (*отырған байларға*). Ту... мынау Алматының бар тұздығы ғой?.. Әй.. әй.. ә? Масқұт қожа-ай!.. Өзің қалайсың бұл?..

Болған, оқыған мына Төреғұл сияқты жақсы жігіттермен ғана болып қойсаңшы. Мынау не? Бір қолыңды қазақ, қырғыздың оқығандарына артып, тағы бір қолыңды мына Байжұмандар сияқты саудагерлерге артып отырғаның?.. Шіркін, тағы бір қолың болар ма еді!.. Оны тағы әлдекімге артар едің?..

М а с қ ұ т қ о ж а (*күліп*). Сөзің дұрыс, Төшен! Асылған салмақты көтеретін иық болса, біз солай артып тұрамыз. Шынымды айтам, өйтпегенде сен мені еңбекші деп партияға алып жатырмысың?

Ы с м а й ы л (*қошаметпен*). Тәшен жолдас, сөйтіп, қатты айтып түйреп қояды. Бізді көргенде қызығып тұрады (*Өзгелері күледі.*)

Ж а н ұ з а қ о в . Айтсын... айтсын. Бұл замандағы сөзі болды еркеміз де, жуанымыз да осы, көтере беріндер.

Ө т е п о в . Е... Төреғұл, сен бұл сөзді бекер айтасың. Не манаптың баласы болмасам, не Турциктің уполномочныйы болмасам, жуандық маған қайдан келсін?.. (*Өзгелері басын шайқап күледі.*)

Ж а н ұ з а қ о в (*басын шайқап күліп*). Қарашы тілін.. Тілін қарашы? Кәне, жүріндер үйге!

V көрініс

М а с қ ұ т қ о ж а (*Ысмайылға*). Қымыз беріндер!

Бір күтуші мен Ысмайыл тегенелеп қымыз, дастарқан, кесе апарып жаяды. Екі көпес – Никифор Евсеевич, Филипп Кузьмич шығады.

VI көрініс

М е к а п а р (*аттарын созып айтып*). Байжұман, Розахон, Ысмайыл байғұс – бәрі баяғы ескі көздер екен ғой. Әй, Масқұт қожа-ай, өзгең өзге болса да осының жақсы-ау. Ұйтқы боп анда-санда болса да, басымызды бір қосып қоясың, осындайың болмаса, тоз-тоз боп кетпес пе едік?..

Р о з а х о н . Дұрыс айтасыз. Қазірде мұның өзі үлкен іс болып калды.

Ысмайыл Масқұт қожаның үйіне ас жайып, арақ жасатып жатады.

Б а й ж ұ м а н . Рас, бізге, тіпті, қиын болып кетті ғой, Мәкапар бай!

М е к а п а р . Оны, шырағым, атап сұрама! Большевиктің дүниедегі ең жек көрген жауы біз болыппыз ғой, қайтерсің... міне енді қу далаға безіп шығып, иесіз қу жотада ұлып табысқан қасқырдай болып отырғанымыз, түге! (*Бәрі күліседі.*) Шын айтам, содан неміз артық...

Б а й ж ұ м а н . Апыр-ай, байдың қазағуары-ай! Сөзін қарашы! Жік-жігімен түседі.

М а с қ ұ т қ о ж а . Бәрекелді. Өйтпесе Меңкедей бай бола ма? Көп шабыған кәрі шораяқ емес пе бұ кісілер!?

М ә к а п а р . Шырағым-ай, бұл сөз де үнемі шыға бермейді. Мына мұңы бір сендерді көрген соң шығып отыр әншейін...

Р о з а х о н . Рас айтасыз, бәрекелді.

Б а й ж ұ м а н . Кітап сөздеріндей осынысы.

М е к а п а р . Шынында, өзің ойлап қарашы, мынау Филипп Кузьмич Талғардың көпесі... мен – алматылық. Мынау Розахон қашқарлық (*Байжұманға.*) Сен бір жағыңды елге тартқан дала байы, мына Масқұттар болса Әндіжан, Жетісу, Қашқар – бәріне ортақ. Қайдан табыстық?.. Бәріміздің мұңымыз бір. Жеген таяғымыз бір болған соң, тыбысып отырмыз.

Ы с м а й ы л . Рас-ау... әйтпесе, сен – орыс, анау – тараншы, мынау – қазақ, шалақазақ десіп жүрмес пе едік?..

Қарабаев, Чебисов келеді. Отырғандар амандасады.

VII көрініс

М е к а п а р . Міне, енді сол жанның жүзінен соққы жеп жүргенде орыс баласынан үміт қылғаным жалғыз осы жастар! Мынау, өзімнің жақыным, тентек Петькам еді. Бүгінде әскер басы, мынау кешегі өздеріңнің бәріңе мәлім, Назаровтың күйеуі Чебисов!..

Р о з а х о н . Ә... ә... Назаровтың күйеуі ме? Жақсы, жақсы. Біз де бөтендерің емеспіз...

Б а й ж ұ м а н . Байғұс, Назаровтан да бір жақсы көз бар екен, шіркін қандай жақсы бай еді?

Ф и л и п п . Бұл кісі большевик, бірақ сонда да өзгелердей большевик емес...

Р о з а х о н . Әлбетте... әлбетте... дұрыс айтасыз.

М е к а п а р . Большевик деген атын қойшы... ендігі не де болса, үміт қылғаным осы жастар... Өздерінен де естірсіндер, тек жолдары болсын...

Қарабаев (*Чебисовке*). Қандай шырмауықты орап жатыр байкең?! Көрші міне!..

Чебисов. Сен оны тыңдай бер, жалғыз-ақ... (*Ысмайыл Масқұтқа келіп сыбырлайды.*)

Масқұт қожам. Кәне, қонақтар, мынау үйде біраз ас бар еді, соған кірейік, жүріңіздер!

Бәрі Масқұт бөлмесіне кіреді. Ішіп-жемге кіріседі, араласады.

VIII көрініс

Жанұзақов бөлмесіндегілер өзара сөйлесіп отырады. Қымыз ішеді, бұнда күтуші жігіт бар. Анда-санда Ысмайыл келіп кетеді. Ол көбінесе Масқұт бөлмесінде.

Өтепов. Жә... неге жиылдық? Не сөз бар? Сөйлей отырыңдар!..

Жарболов. Ие... сөйлесек те болады ғой!.. (*Жанұзақовқа қарайды.*)

Есеналин. Кәне, олай болса, Төреғұл, бастасаңшы!

Хакима. Мұсбюроның бастығы, сіз өзіңіз неге сөйлемейсіз!

Есеналин. Бұл арада ондай формальность жоқ. Жалпы пікір ауысу. Беседа, официально ашылатын жиылыс та жоқ.

Бәрібаев. Жә... не сөздерің бар, тыңдайық? Кәне, айтыңдаршы!..

Жанұзақов. Айтсақ, әнеугі.. Фурмановтармен біздің дауымыз негізгі мәселе: қазақ, қырғызды жерге орналастыру әңгімесі. Соған жергілікті елдердің жауапты қызметкерлері, сендер қалай қарайсыңдар? Менің пікірімді дұрыс десендер, осы көптің атынан Төшкенге бір бөлек пікір жібереміз, қарсылық білдіреміз. Соны қостаймысыңдар? Мәселе сол, әңгіме ашық (*Отырғандар өзара екі-үштен сөйлеседі.*)

IX көрініс

Терраска Шағабутдин, Қуатов шығады. Масқұт бөлмесінің алдында әңгімеге елтіп тұрған Ысмайылды көріп, аяқтарын ақырын басып, сырттан барып қарасады. Ол бөлмеде бұл уақытта бір-бірлеріне бастарын түйісіп отырғандар тегіс бір әңгімеге кіріскен. Шағабутдин таңданып тұрып.

Шағабутдин (*қатты*). Ту, Масқұт қожаның компаниясы қандай еді?.. Мынау бір жылы ғана компания екен!.. (*Отырғандар үрпийсіп қалады. Қарабаевты, Чебисовты көріп, таңданып.*)

Е... Қарабаев, сен біздің әскери адам, сен неғып отырсың? Бұл байдың, көпестің компаниясында? Сен де, Чебисов?

Қ а р а б а е в (*қатты тікірейін*). Е... осында келсең, сен де байдан алыс жүрмепсің ғой, несі бар екен?

Ш а ғ а б у т д и н . Мен мұнда келгем жоқ.

Қ а р а б а е в . Мұнда келмесең де, жағалап жүріпсің ғой? Әлде мені алдап жүрген особый отделдің шпионы шығарсың?.. Бәрібір екеуінде де бізге тандаңар дәнеңең жоқ, бәлем, мақтаулы жігіт бола алмайсың.

Ш а ғ а б у т д и н . Жарар.... Сенімен бұл жерде сайыспай-ақ қоямын...

Қ а р а б а е в . Қай жерде кездесем десең де ықтиярың, білдің бе?..

Шағабутдин, Куатов кетіп, Жанұзақов бөлмесіне барады.

Х көрініс

Ш а ғ а б у т д и н . Ғажап!.. Анда көпестер, мұнда партейц-тер... қалай жақсы түйіскен бастары?!

Ж а н ұ з а қ о в . Жә, кел отыр. Осы сен ноғай да асқақтай бердің-ау?!

Ж а р б о л о в . Жаңағы әңгімеге кірісейік.

Ө т е п о в . Ал, сөйлеші сен!..

Ж а р б о л о в . Сөйлесем, біз мұндағы бірталай жолдастар және басқа да келген бірталай партия мүшелері бар. Барлығымыз Төреғұл жолдастың пікірін қостаймыз. Тәшкенге мұның істеген ісі, мұның тұтқан мақсаты, программасы дұрыс, соны біз де қостаймыз деп бірге қағаз жазу керек деп білеміз.

Б ә р і б а е в . Фурмановтардың, Авиревком көпшілігінің пікірін қабылдамай, бұлай деуіндегі дәлелің не?

Есенов (*Жарболовқа*). Және... жаңағы сен айтқан сөзді біз не үшін қостайық? Теріс те болса, Жанұзақов айтты, ол қырғыз деп-ақ көз жұмып қостай салайық па?..

Ж а р б о л о в . Біздің дәлеліміз бар, неге болмасын. Мұндағы ұлттар арасын улықтырып отырған сол Фурманов, Быковский-лер... Трибунал орыс байларын неге көп атады? Сол үшін орыс қазаққа улығып отыр. Міне, бұл ең залалды саясат.

Б ә р і б а е в . Жанұзақовтың, тегі, жалпы саяси бағыты мен істеп жүрген ісі де, мінезі де қате. Оны қостау саяси адасқандық

болады. Бұған мүсбюроны араластырып, шатыстыруы тіпті теріс. Өйтіп жіктенетін жер емес бұл.

Е с е н о в . Ие... партия мен кіндіктің руководствосының қасынан мүсбюроны жырып алып шығу лайықсыз болады.

Б ә р і б а е в . Жеке адамдар қостаймыз десендер, ықтияр өздеріңізде. Мұны мүсбюро болып әңгіме қылу керек емес.

Ж а н ұ з а қ о в . Ие... ие, айтыңдар!.. Мен еш нәрсе айтпақ емеспін. Жалғыз-ақ, сендердің не дейтіндеріңді білмек едім (Өзі шығып кетеді.)

Ш а ғ а б у т д и н . Тыңдамақпын дейді. Өзі шығып кетеді. Жігіт де шіркін, бұл келісін...

XI көрініс

Жанұзақов терраска шығып, Маскұт қожаның үйінің есігінен қарайды. Маскұт қожа шығады.

Ж а н ұ з а қ о в (өз үй жағын қолымен нұсқап). Бұлармен түгел келіспеспіз. Бірталайы жағынудан аса алмайды. Бірақ мыналарымен байланысып, нығайтып қал. Қостайтын, айтқаныңда нық тұратын жігіттер бар, білдің бе?

Маскұт басын изейді. Екеуі айрылып кетеді. Жанұзақов өз бөлмесіне кіреді.

XII көрініс

Ш а ғ а б у т д и н . Мен жаңағы Бәрібаев айтқандай қылып та қалдыру керек емес деймін. Бұл мәселені тілеген жолдас Жанұзақовты қостасын деп айтпаймыз біз. Бәлки, ешкім қостамас оны. Центрдің басын шатастырушы партейцтер болмасқа керек. Жанұзақовты қазірде қостау – ол мұндағы барлық жауапты саяси қателеріне мандат беру, сол қатені бірге мойынға алу болады. Ол дұрыс партейцтің жолы емес.

Ө т е п о в . Дұрыс пікір осы. Бұл сөзді осыдан әрі сөйлеу керек емес. Токтату керек. Тіпті, енді жиылысты жабу керек. Жүр кететіндерің.

Тұрады. Қалғандары да тұрып, шығуға айналады. Артынан Жарболов, Сүлейменов қалады. Жанұзақов солармен сөйлесіп қалады, өзгелері кетеді.

XIII көрініс

Масқұт бөлмесіндегі сөздері піскендей, енді олардан Қарабаев, Чебисовтер де жүруге қамданады. Көпестер қалталарынан ақшалар шығарып беріп жатады. Қарабаевтар жүреді.

Қ а р а б а е в (*Масқұт, Ысмайылдарға*). Әңгіме сол... Енді сөз байланды. Қысқасы, берген ақшаларың бізге зор жәрдем... Сендер пұлмен де, іспен де қатынасасындар. Әскер арасындағы адамдарыңыз, мұсылмандарыңыз, партшколдағыларыңыз тағы басқаларыңыз біз көтерілген күні тура ешбір оқ атпайтын болсын! Командаға бағынбасын, біз қайда барып жиналсақ, сонда келсін!

Ы с м а й ы л. Дұрыс, біздің адамдардың міндеті сол ғана ғой!.. (*Масқұтқа қарап.*) Қиын емес қой?..

Б а й ж ұ м а н. Несі қиын оның? (*Масқұт басын изейді.*)

Ч е б и с о в. Қалғанын артынан көрерміз. Өзара сөйлесіп, келісіп ұғынамыз.

М е к а п а р. Қалғанын қойшы... Біз Масқұт қожа Байжұмандармен ата-бабамыздан бері бір жасасып келеміз. Қырсықпай-ақ, араздаспай-ақ ұғынысатынбыз...

Б а й ж ұ м а н. Бізге жамаушының керегі жоқ де, шіркін, Алматының баяғы орысы-ау! Қашан ұрысып-таласып ек осылармен?.. Ұғыныспайтын жеріміз болушы ма еді?.. (*Мылқау көрініс: Қарабаев, Чебисов бұл бөлмеден шыққанда, Жарболов, Сүлейменов, Есеналинді ертіп Жанұзақов шығып, Жарболов, Сүлейменовтың қолдарын алып келіп, Чебисов, Қарабаевпен ұстастырып тұрады. Мекапар, Филипп, Масқұт қожашалқайып арақ көтеріп жатады.*)

Ш ы м ы л д ы қ

Үшінші сурет

Штаб. Екі бөлме. Сол жақтағысы кішілеу, онда аппарат. Ная сол бөлмеде аппараттан хабар алып отыр. Екінші бөлме үлкендеу, онда Фурманов, Беляев, қабырғада Жетісу картасы, алдында кішілеу карталар, соған қарасып тұр.

I көрініс

М а р т ы н о в (*кіріп, асығыс басып келіп*). Қалада әскер арасында жаман белгілер байқалып тұр. Естідіңдер ме? (*Отырғандар орындарынан тұрысады.*)

Б е л я е в . Қандай белгі?

М а р т ы н о в . Бастықтарына сөйлеспейді, айтқанды тыңдамайды, өздерінің не істемектерін айтпайды. Бірнәрсеге қамданған сияқты.

Ф у р м а н о в . Қай әскерлер? Жетісу бөлімдері ме?

М а р т ы н о в . Иә, барлық гарнизонның әр бөлімдерінде де хал біртүрліге ұқсайды.

II көрініс

Б а р а й н о к *(жүгіріп кіреді)*. Жетісу партизандары бүлік бастағалы қамданып жатыр.

Ф у р м а н о в . Неғыпты? Қандай белгілері бар?

Б а р а й н о к . Жәркент батальоны қару-жарағын түгел алып, казармадан шықты.

Ф у р м а н о в . Қайда шықты?

Б а р а й н о к . Әзір қайда екені мәлімсіз... крепоске жетпесе керек.

Ф у р м а н о в . Бастығы қайда? Симонов қайда?

Б а р а й н о к . Ол қашып келді. “Өзімді жауып қоя жаздады, зорға құтылдым, сөздері жаман” дейді...

Ф у р м а н о в . Олардың жолын тосу керек. Қазір жеткізбей, қаруларын алу керек. Қандай сенімді бөлімдер бар?

Б а р а й н о к . Үшінші интернационал ротасы бар.

Ф у р м а н о в . Сенімді ғой олар?

М а р т ы н о в . Сенімді жігіттер.

Ф у р м а н о в *(Мартиновқа)*. Бар, олай болса, сен тез сол ротаны алып, аналарды жолдан тос! Қаруларын ал, жалғыз-ақ шектен аспай оқ шығарма!.. Бар! *(Мартинов кетеді.)*

III көрініс

Е с е н о в *(жүгіріп кіреді)*. Быковский хабар қылды ма?

Ф у р м а н о в . Жоқ, немене? Не хабар қылмақ еді?

Е с е н о в . Комендантскийге жаңа екі кісі жүгіріп кеп, “түнде мылтық екі атылады, сол сигнал, содан кейін тік көтеріліңдер” деп кетіпті.

Ф у р м а н о в . Олар кімдер екен? Қайда кетіпті?

Б е л я е в . Неге ұсталмаған?

Е с е н о в . Айла сала қашып кетіпті... Ұстай алмай қалыпты..

Ф у р м а н о в . Мұны кім айтты?

Е с е н о в . Быковский. Трибунал біліп отыр мұны...

Ф у р м а н о в (*телефонға барып*). Трибуналды беріңіз! Трибунал! Быковский!.. Фурманов, келмекпісің?.. Жет қазір, қазір жылдам!..

IV көрініс

Шағабутдин, Бәрібаев кіреді.

Ш а ғ а б у т д и н . Гарнизон бірі артынан бірі казармаларын тастап, қаланың шегіне қарай кетіп жатыр... Не істеу керек? Не істеп жатырсыңдар?

Б е л я е в . Сабыр етіңдер! Қарауыл батальоны қалай, ол қайда?

Ш а ғ а б у т д и н . Ол орнында, басында сенімді кісілер бар. Масанчин, Шағидуллин, Есенов мына Бәрібаев екеуміз әдейі сендерге келдік.

Ф у р м а н о в . Барлығы да сенімді ме? Араларына сөз жүргізуші болмап па? Қаншасы мұсылман?

Ш а ғ а б у т д и н . Мұсылман жүздей, тараншы, қазақ, татар, дүнген бұлар сенімді, қалғаны мәлімсіз.

Ф у р м а н о в . Қалғандарының аузында бөтен сөз бар ма?

Ш а ғ а б у т д и н . Әзір білінбейді. Бірақ бұл көп топтың көптен жүріп қамданған ісі сияқты. Партизан отрядтарының ішіндегі қазақ, тараншы жігіттері, ескі пулеметшілер де кетіпті.

Б ә р і б а е в . Бұлардың бәрі емес, қалғандары да бар, ол қалғандары бізге келіп отыр.

Ф у р м а н о в . Олар қанша?

Б ә р і б а е в . Отыз кісі.

Быковский кіреді.

V көрініс

Б ы к о в с к и й . Естіп жатырсыңдар ғой халді?

Ф у р м а н о в . Ие, тағы не бар?

Б ы к о в с к и й . Тағы бір сыбаға – Сарқанттан келе жатқан қару-жаракты қызыл әскерлер жолшыбай ұстап, талап алыпты.

Ф у р м а н о в (*бәріне*). Жә... жолдастар! Обкомның бар мүшесі осы жерде түгенденсін. Ендігі басшылық партиянікі. Сенімді жігіттердің барлығы осында жиылсын! Тез хабар қылыңдар! Патриссов, Шағидуллин, Есенов, Қуатовтар қайда? Қалалық партия бастықтарын, жастарды тез телефон арқылы шақыртыңдар!

Жұрт жинала бастайды. Ная, Люба, Шағидуллин, Қуатов, Қадиша, Хакима, Есенов, Сәрсембаев.

Жолдастар! Бұл бүкіл Жетісу кулақтарының ісі. Әскер солардың жетегіне еріп, құралы болғалы отыр.

Ө т е п о в. Олай болса бұл ұлттар арасының қырғынын жасауға беттеген ісі.

Ш а ғ а б у т д и н. Ақиқат, аздан соң соны күту керек.

Ө т е п о в (*ұлт қызметкерлері жаққа қаран*). Жә... бұл оқиғаның арты не болатынын ұғып, біліп тұрсыңдар. Енді біз зор сынға іліндік! Осы тұрған бәріміз енді мынадай болып жұмылуымыз (*қолын түйіп*) керек! Іс, басшылық партиянікі. Қазірден бәріміз партия мобилизациясындамыз! Осы тұрғанның көбі обком мүшесі. Обком қазір боевой штаб!

Б е л я е в. Дұрыс. Ендігі іс, сөздің бәрі жауапты. Сондықтан, іске кірісуден бұрын, қазір бәріміз анттасуымыз керек!

Ф у р м а н о в. Дұрыс. (*Ортаға шығып, жазып тұрып.*) 12 июнь түнгі сағат онда, үшінші дивизия штабының жасырын мәжілісінде болған біз төменде қол қоюшы партия мүшелері, арамыздағы сөз, іс, бұйрықтың барлығын жасырып сақтап, ешкімге сыр шашпай, тапсырылған міндеттен ешқайсымыз бас тартпай орындаймыз. Осының төңкеріс үшін ерекше қажеттігін еске алып, бұдан былай осы антты бұзсақ, өзіміздің атылуымызға ризамыз. Бас бұрмаймыз. Кәне, қол қойыңдар, жолдастар! Біздің ендігі ісіміз үшін шартта, міндет те, шешім де осы (*Бәрі қол қойып жатады.*)

С ә р с е м б а е в (*ең соңында қалтыран*). Мен де...менде қоям ба? Қоймасам да орындаймын ғой... мынау қатты ғой!..

Ө т е п о в. Қой қолыңды сандырақтамай! Күн ашықта мойнында, күн жауында қойнында болғың келеді ғой!

Б ә р і б а е в (*Сәрсембаевқа*). Кісі емес екенсің ғой өзін, қой енді!..

С ә р с е м б а е в. Қоям... қоям ғой (*қояды.*)

Телефон сылдырлайды. Фурманов барады.

Ф у р м а н о в . Мартынов! Не дейсің? Үшінші интернационал ротасы... түгел қосылып кетті ме?.. Ішіндегі мұсылмандары да кетті ме? Олар да кетті?..

Б а р а й н о к . Сенімді деген осы емес пе еді, бұ да кетті ме?

Ф у р м а н о в (*тым-тырыстан соң*). Қазіргі уақытта уақиғаның тасқыны асқындап барады. Енді әрбір қадам санаулы, әрбір минөт қымбат. Шағабутдин, сен Есеновты алып, қарауыл батальонына бар! Барайнок, Бәрібаев, сендер партшколға барыңдар, осында келіндер! Өтепов, сендер қаладағы қазақ, тараншы, дүнгенмен байланыс жаса! Сенімді адамдар арқылы жайды түсіндіріңдер! Үрікпесін, өздері іс бастамасын. Біздің хабарымызды күтсін. Және екеуің қаланың партия ұйымын жинап бастап әкеліндер. Ная, Люба, Шағидуллин, Қуатов және Қасымова, Амантаева, сендер, үнемі связда болыңдар! Жарым-жартың әскер қайда болса, сонда барып араласыңдар. Өзгелерің бергі жерден жалғасып тұрыңдар. Ал, тез тараңдар!

Тарап жөнеледі. Сәрсембаев бірге кетіп бара жатады.

Б е л я е в . Сәрсембаев, сен мұнда бол, кетпе! (*Амалсыздан қалады.*)

VI көрініс

Б ы к о в с к и й . Тәшкеннен көмек сұрасақ қайтеді?

Ф у р м а н о в . Оқиға асқындаса сұралады. Бірақ қашан кеп жетпек? Бізге енді саспау керек, күш аздығын білдірмеу аса қажет.

VII көрініс

Н а я (*жүгіріп кіріп*). Әскерлердің бәрі бір араға жиналып жатыр.

Ф у р м а н о в . Қайда?

Н а я . Крепоске.

Амантаева кіреді.

Ие, Амантаеваның тағы да хабары болу керек? Жаңағы қазаққа сөйлесіп қалған...

Қадиша. Крепостен хабар бар. Шағидуллин, Қуатов сонда барыпты, солар жіберген кісі келді.

Фурманов. Ие... не айтады?

Қадиша. Әзір жиналғандар “арсеналды” талқандап, қаруланып жатыр дейді.

Быковский. Ой, антұрғандар!.. Әскерден басқа бар дейді ме?

Қадиша. Маңайдағы бір-екі қаланың крестьяндары да бар дейді.

Беляев. Қай қалалар?

Қадиша. Әзірше Талғар... Шамалған. Қаруды солар алып жатса керек. Бричкелерге тиіп әкетіп жатыр дейді. Басқа хабар жоқ.

Фурманов. Жақсы. Бар қайтадан. Осылай істендер.

Сәрсембаев (*Хадишаға бұрыла бергенде*). Қарағым, мені де ала кетші!.. (*Фурмановтарға.*) Мен бұл жерде не істейім? Рас-ау... тіпті. Тіптті Хадишаның қасында жүріп, елеусіз боп жүріп, хабар әперейін, қазақша киініп ап...

Быковский (*ақырын*). Қорқып тұр. Түк істей алмайды, бүлдіреді қайта.

Беляев. Жоқ. Сені танып қояды, отыр. Бізбен бірге ақылдасуға керексің.

Хадиша кетеді. Ная жүріп бара жатқанда.

Фурманов. Ная, проводқа шақырып тұрма деймін, білші. Ная (отырып). Тәшкен шақырып тұр сендерді!

Фурманов, Беляев барады.

VIII көрініс

Мына бөлмеде Быковский, Сәрсембаев қалады.

Сәрсембаев. Быковский, сенің не білгенің бар?

Быковский. Иә... сөйлеші сен?..

Сәрсембаев. Бізде күш жоқ. Олар көбейіп кетті. Еңді түнде осында шабуыл жасаса қайтеміз? Сонда алдымен особый отдел сені іздейді. Біліп қой, бәрінен саған жаман болады.

Быковский. Иә... рас, ал, қайт дейсің сонда?

Сәрсембаев. Қашу керек...

Быковский (қатты). Кімге қашу керек?

Сәрсембаев. Бәрімізге де кету керек.

Быковский. Менікінің жөні болсын. Ал, сен неге кетесің? Өзгелер неге кетеді, алыспай?

Сәрсембаев. О... ой, алысу деп, неңмен алысасың (Екі рет мылтық атылады.) Ал, (шошып) ойпырмай, қайтеміз енді? Кету керек, айтсаңшы аналарға!

Быковский. Қой енді сөзді. Білдің бе! Мұндай үшін не қылатынды білемісің? Әсіресе бағанағыдай қағазға қол қойғансын қайтеді, ойлаймысың, жоқ па?

Сәрсембаев. Қайтеді?

Быковский. Атады. Тоқтат енді сөзді!?

IX көрініс

Ная (оқиды). “Аппаратта Фрунзе, Куйбышев, Ферғанаға әскер жіберу турасында қамдарың жеткілікті ме? Айтылған күнге Жетісу әскері шығады деп есептейміз. Айтатындарың бар ма?”.

Фурманов (айтып турады. Ная соғады). Бұрынғыға қосымша айтатынымыз: Алматы гарнизоны ереуіл жасап, крепоске жиналып жатыр. Сенімді деген III Интернационал ротасы да жаңа соған қосылып кетті. Бұйрықтарыңызды уақытымен орындауға бар күшімізді саламыз.

Ная (оқиды). “Гарнизонның бейбастағын басу сіздердің, онан соң облыстық үкімет пен партия басындағы кіндік адамдарының және жергілікті қызметкерлердің ептілігіне, төңкерісшілдік беріктігіне тапсырылады. Бассыздық Тәшкеннен күш-көмек керек қылмай басылады деп сенеміз. Қажет болғанда жіберіледі. Әскерді жүргізу бұйрығы тиянақты. Мұны мезгілімен 16 июньде орындау дивизия әскери кеңесінің жауаптылығына тапсырылады. Фрунзе, Куйбышев”.

Фурманов. Бұйрығыңызды орындауға қабыл алдық. Фурманов, Беляев.

Телефон сылдырлайды. Фурманов барады.

Шағабуддин, қарауыл батальоны да ма? Қалғандар кімдер? Қанша мұсылман? Сексеннің де қаруы бар ма? Масанчин ғой алып келетін? Келсін бәрі де. Осында.

Беляев. Қарауыл батальоны да кеткен бе? Крепоске ме екен?

Ф у р м а н о в . Иә... қалған татар, қазақ, дүнген – сексен кісі. Қазір осында келеді.

Б ы к о в с к и й . Біздің күшіміз кім болып қалды? Өзі, басында сенгеніміз төрт жүздей еді, енді тіпті аз боп қалды ғой.

Ф у р м а н о в . Енді штабтың комротасы. Партшкол. Карбатальоннан сексен кісі. Қала ұйымы.

Өтепов кіреді.

Х көрініс

Ф у р м а н о в . Келді ме, қала ұйымы?

Ө т е п о в . Қала ұйымы бытырап кетіпті. Жоқ, ішінен Черных, Жарболов, Сүлейменовтер... Біраз жұртты бастап крепоске кетіпті.

Шағабутдин, Мартынов кіреді.

Ф у р м а н о в . Черных... Жарболов? Бұл не деген бірлік?

Ш а ғ а б у т д и н . Черных бүлдірмек. Жарболов өз көзімен көрмек.

Ө т е п о в . Бәсе, не деген негізсіз бірлік десеңші! Шіркін!..

Б е л я е в . Қасқыр мен қой бірлігі (*Өтеповке*.) Қалғандары бар ма? Жоқ па?!

Ө т е п о в . Қалғандары жиырма шақты кісі, біз алып келдік. Бұрын крепоске кеткен мұсылмандарды да азғырған, адастырған осы Жарболовтар болу керек. Енді ұғылды. Бұлар өздері адасумен бірге көпті де адастырған көрінеді. Ендігі іс, мұндағы қазақ, татардан бірталайын сонда жіберіп, соның ішінде іс жүргізу керек.

Ф у р м а н о в . Дұрыс осы. Бірақ біраз тосайық, крепость жақтан, әуелі бір елші жіберіп, хабар білейік.

Ш а ғ а б у т д и н . Олай болса мен барайын. Қасыма бір кісі қосыңдар.

Ф у р м а н о в . Жарайды. Сен Мартынов екеуің барасың.

Ө т е п о в . Елші емес, жай кісі боп, сондағы қазақ, тараншы, татар жігіттеріне сөйлеу үшін мен де барам.

Б е л я е в . Бар.. алдын ала дайындай бер...

Ш а ғ а б у т д и н (*Өтеповке*). Ұмытпа! Шағидуллин, Қуатов онда, алдымен соларға жалғас. Бізден де хабардар болып тұр. Ал, жүр!

Бұлар кетеді. Өн естіледі.

XI көрініс

Ән:

Бостандықты бізге ешкім бермес,
Патша да, бай да, батыр да.
Бостандық бізге көктен келмес,
Алармыз күшпен ақырда...

Быковский. Бұ... немене? Шыққандар ма? Осында келеді ғой?

Фурманов. Бұл жақтан келетін партшкол ғой, солар шығар?

Беляев (*терезеден қарап*). Солар екен. Мен қарсы алайын! Шығады. Қарсы алып жатқан дауыстар естіледі.

Барайнок (*Бәрібаев екеуі кіреді*). Қазір карботальонның қалғандары кіреді.

Фурманов. Келді ме?

Бәрібаев. Ол да келді.

Фурманов. Бастықтары бар ма?

Бәрібаев. Масанчин, Есенов бар.

Фурманов. Барайнок, сен солардың ішіне бара бер. Біз де қазір барамыз.

Хакима, Люба кіреді. Барайнок кетеді.

XII көрініс

Фурманов (*Любаларға*). Қайдан, крепостен хабар бар ма? Люба. Бар... мына Хакима ішінде де болып шықты!

Хакима. Ондағылардың айтқаны: крепоске бес кісілік боевой Совет сайланыпты.

Фурманов. Кім-кімдер?

Хакима. Петров, Чебисов, Қарабаев, Ерескин және Чернов па, Черных па, тағы біреуі бар. Әзір басшылық жоқ. Бассыздық. Онан соң полк туралы көбірек сөйлеседі дейді. Делегация жіберіпті. Хабар жоқ. Бірақ ауыздарында жаман сөздер бар. Әсіресе трибунал, особый отделді талқандаймыз дейді. Быковский тез жасырынсын, көрінсе оны аямайды, – дейді.

Беляев. Дұрыс айтады... Быковский, сен кет енді тауға!..

Быковский. Жалғыз қайда кетем мен? Бірге көрмеймін бе?

Ф у р м а н о в . Жоқ. Енді сен кетпей болмайды. Жалғыз-ақ, қағаздарың қайда еді?.. Трибунал қағаздарын мұнда әкелу керек.

Б ы к о в с к и й . Соны мен өзім әкеп тастап кетейін.

Л ю б а . Жоқ, оған мен барайын. Қасымова, жүр, екеуміз барып келеміз. Жоқ қыламыз.

Х а к и м а . Жүр.

Б ы к о в с к и й . Тізімдерді жоғалтыңдар, Люба!

Л ю б а . Дұрыс, кет. Енді сен қош...

Қолын береді. Люба, Хакима шығады.

Ф у р м а н о в . Быковский, бөгелме, сен де кет енді.

Быковский кетуге айналады.

Сәрсембаев. Әй... жолдастар, мына Быковскиймен мен де кетейін?

Б ә р і б а е в . Неге? Не көрінді саған?..

С ә р с е м б а е в . Әкем-ау, әлгі Жарболов деген менімен жаман болатын. Есеналин де бар. Біліп қойса осы қаланың ішінде жердің тесігінен қоймайды мені олар. Өзім трибуналға мүше болғаным тағы бар ғой. Ойбай-ау... Фурманов, Беляев, айтсаңдаршы! Мына Быковский, жер де білмейді, адасып босқа қолға түседі. Мен ат та табамын, дайын тұр тіпті...

Ф у р м а н о в . Кетсін, Быковский, қосып ал қасыңа!

Б ә р і б а е в (*Быковскийге*). Егерде сенен қашып білдірем десе, өзің атып таста. Сол үкім, білдің бе?

С ә р с е м б а е в . Қой, жынданба! Қайдағы елдің есінде жоқты қайдан айтасың осы аттың жалы, түйенің қомында! Жағыңа жылан жұмыртқалағыр екенсің тіпті.

Б ы к о в с к и й . Айда жүр! Енді бөгелмейік.

Б ә р і б а е в . Бар... болды, сол. (*Фурмановтарға*.) Қарсы емессіңдер ғой, жолдастар?

Б е л я е в }
Ф у р м а н о в } Дұрыс, қарсы емеспіз

Сәрсембаев (басын шайқап). Қап... қап, сені ме, Жұбаныш, бәлем тұра тұр.

Екеуі шығады.

XIII көрініс

Бәрібаев. Жә... енді біз де қораға шығып, мұндағы әскермен араласып, сөйлесе бермейміз бе?

Беляев. Рас, енді сонда барайық.

Фурманов. Ная, сен аппарат басында бол, біз қорадамыз. Жә, Патриесов қайда осы?

Бәрібаев. Ол қорада, әскер ішінде...

Фурманов. Біз де қазір оны осында жібереміз. Аппарат басында болсын. Бірдеңе болса, телефон хабары болса бізді шақыр. Ал, жүріңдер!

Ная. Беляев, Митя, проводқа шақырады, сендерді.

Бұлар сол бөлмеге шығады. Ная оқиды.

“Жиырма алтыншы полк командирінен. Полкке он екі кісі қызыл әскер жібергендерің рас болса, білдіріңдер! Бұлар Алматы жіберген өкілміз дейді. Неге келгендерін айтпайды. Бастықтармен сөйлеспейміз, әскердің өзімен өзіміз сөйлесеміз, дейді”.

Беляев. Бұл жиырма алтыншы полк, бұрын мыналармен сөздес екен ғой. Әйтпесе Алматыға неге асығып келеді. Тіпті бұйырған уақыттан бұрын жақындап кеп қалды ғой.

Фурманов. Рас, оларды қазір қалаға келтірмей, сол жерде ұстап тұру керек. Өзгелерге де қоспау керек. Бұлардың ішінде де бүлік ниеті бар екені анық болды.

Беляев. Ал, мына он екі кісіні қайтеміз?

Фурманов. Бұларды жаптыру керек.

Беляев. Дұрыс, айт соны.

Фурманов (*айтып тұрады. Ная соғады*). Барған он екі кісіні көпке сөйлестірме, өздерін ареске ал. Әскерді енді ілгері Алматыға қарай жылжитпа! Сол арада тұрып, біздің бұйрығымызды тос!

Шымылдық

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Төртінші сурет

Крепость іші. Орта жері, халық жиыны, әрлі-берлі топтанып өтіп жатқан әскерлер. Олармен аралас крестьяндар. Жәй киімді қала халқы да көрінеді. Барлығы да орыс. Әзірше мұсылмандар бірен-саран болмаса көрінбейді. Әскерлер, жұмықтар арасында ішіп алғандары да, мастары да бар. Бір қалындау топ алдына Петров, Қарабаев, Чебисов, Ерескин шығады.

І көрініс

Петров. Ой, осында, мына біреулер мас қой. Бұлар қайдан ішкен?

Қарабаев. Пәлі, сен білмейді екенсің ғой. Біз Талғардан әкелген үш бөшке спиртті домалатып қалдық қой.

Петров. Өзің де іштің бе?

Чебисов. Біз, Қарабаев екеуміз де біраз тастап алдық.

Қарабаев. Ішемісің? Сен ішемісің, Ерескин!?

Ерескин. Жоқ. Бұл ішкендерің ақымақшылық екен. Әскер мен крестьяндарға ішкізгендерің не, әсіресе?

Чебисов. Е... Неменесі бар? Жалғыз трибуналшы мен Фурмановтар ішуші ме еді?

Қарабаев. Айда, ішсін біздің мүжекеңнің баласыда.

Ерескин. Петров, мынаны тоқтату керек. Білдің бе? Бастық біз ішкен соң не болмақшы? Істі бүгін ғана бастап отырмыз. Алда не бар екенін білемісіңдер, әлі?

Қарабаев. Неменесі бар? Айтшы, кәне?

Ерескин. Қазір штаб соғыс бастап жіберсе қайтесің?

Петров. Рас, ішуге болмайды. Қарабаев, білдің бе?

Ерескин. Атыс басталса, бастық мына күйіңмен сен неге жарайсың! Ана мастарың неге жарайды?

Қарабаев. Е... штаб соғысуға жарамайды, қорқады бізден *(жұдырығын түйіп)* тұмсығын қылтитып көрсін, мен оларға көрсетейін!

Ерескин. Бос сөйлеме олай! Штабтың қанша күші барын сен білмейсің.

Чебисов. Қанша күш бар екен?

Ерескин. Бәсе, әне білмейсің. Білмейміз. Трибунал мен особый отделдің есепте жоқ қанша жасырын әскері болса қайтесің? Сондайы болмаса неге қашпай отыр штаб?

Петров. Дұрыс бұл, қайда спирт? Ерескин, жүр... Екеуіміз қазір оны алып тыққызайық. Бұл ақымақшылық.

Ерескин. Жүр! (*Бұлар кетуге айналады.*)

Қарабаев (*Чебисовты түртіп*). Е... асықпаңдар! Асықпаңдар! Қарашы бұлардың ақылдысын! Барып өздерің тығып қойып, артынан ақырын тұмсықтарыңды батырып жүрейін дейсіңдер ғой? (*Құбылып.*) Саспаңдар! Бәрібір таба алмайсыңдар. Тығу ма? Оны мен өзім-ақ істеп қойғам. Қарабаев ақымақ емес!..

Чебисов. Қарабаев, сен қашан тығып жүрсін?

Қарабаев. Үндеме! Болмаса сенде аналармен бірге тығысатын шығарсың? (*Күліп.*) Қарабаев көрмейтін қылып (*тағы күледі*) солай емес пе? (*Қолын шығарып.*) Мә... үшеуіңе де... Болмаса кел, жалыныңдар, сұрандар! Берермін әлі де!..

Петров (*ашуланып*). Қарабаев, жетті енді ақымақтануың, тоқтат!

Қарабаев (*қайтып*). Жә... жә!.. Сен білемісің (*қолын кезеп тұрып.*) Ақырма! Қарабаев ақымақ емес, бекер айтасың! Ақымақ болса Алматының көтерілісін үш ай жасырын жүріп астыртын дайындамайды. Жалғыз Алматы емес, Жәркент, Лепсі де бар. Жетісу да... қайда әлі Талғар, Шамалған мұжықтары, оларды да дайындағам...

Петров. Е... мен сонда қарап жүріп пе екем?.. Жалғыз сен бе едің істеген?

Қарабаев. Ж... о.. қ, сен де барсың, сен екеуіміз.

Петров. Бәсе, солай де... Бірақ (*жақындап*) арақты қазір... қазір доғар! Әскерлерге, әсіресе бір... бір тамшы... білдірме!

Қарабаев. Оның дұрыс. Оны Қарабаевтың өзі де тоқтатқан... Бағана ғана біраз ақымақшылық болды.

Бірнеше крестьяндар мен әскерлер келеді.

II көрініс

1 - к а з а к - о р ы с (*қулақ түстес*). Қарабаев, біздің станицаға тағы қаруларың бар ма? Жоқ па?

Петров. Немене, Талғардың кісілері алған жоқ па? Сен Талғардікімісің?

1 - к а з а к - о р ы с. Талғардікімін. Өзімізге алдық, бірақ ар жағымызда Есік, Түрген бар, соларға керек...

Қарабаев. Тағы кімдер алды, Талғар, Шамалғаннан басқа алғандар бар ма? Неге келмейді, олардың өздері?

1 - кулак. Шамалғаннан әрі Ұзынағаш, Қаскелең бар. Басқа қалалар бар. Бәрі де алады. Беріп жіберсеңдер, біз де апарып береміз.

Қарабаев. Жок, өздері келсін!

1 - кулак. Ендеше, хабар неге жібермейсіңдер?

Петров. Хабарды сендер беріндер...

Чебисов. Тұс-тұстарындағы поселке, станицалардың бәріне де өздерің беріндер хабарды. Келсін. Жетсін, жылдам!

Қарабаев. Иә, тез қаруланып алсын тегіс. Қару бізде жетеді. Білдіңдер ме?

1 - казак - орыс. Жалғыз-ақ қаруды орыс халқына ғана беріндер! Білдің бе, Қарабаев! Тағы тараншы, дүнген алып жүрмесін. Оларға бір де винтовка бермесін!

Петров. Кім, берем деген! Өздерің не айтасыңдар?

1 - казак - орыс (*әскер арасынан*). Қырғызға мылтық береміз деп көтеріліс жасағанымыз жок.

1 - кулак. Трибунал, штаб берсін оларға.

Чебисов. Олардың әскері бізбен атысып көрсін сонан соң.

1 - кулак. Қырғызға тиесің деп крестьяндарды атқан трибунал ғой. Особый отдел ғой, болыссын енді солар қырғызына...

Петров. Тоқта... Шулама!.. Әзір қырғыз туралы да, трибунал туралы да сөз кейін. Әзірге әскерлер келе берсін, қару-жарак жиыла берсін!

Қарабаев. Бұдан былай штаб, трибунал жақта әскер қалмай біткені керек, білдіңдер ме?

Чебисов. Иә... келгендер келе берсін, ешкімді қумандар! (Есік жактан дауыстар шығады.)

1 - казак - орыс. Міне, тараншы, қырғыз, дүнгендер келе жатыр! Қарулары да бар.

Топ шығады. Алдында тараншы, дүнген, казак, татар жігіттер бар.

1 - казак жігіті. Қарабаев, Чебисов қайсы? Бізді соларға деп жіберген еді.

Қарабаев. Мен Қарабаев...

Чебисов. Чебисов мына мен!

Қарабаев. Сендерге бұрын айтқан ба еді?

1 - казак жігіті. Айтқан еді. Сендерді айтып, енді біздер келдік.

Петров (*бұрынғы әскерлерге, крестьяндарға қаран*).
Бұлардың қаруларын алу керек.

К а з а к - о р ы с . Иә...иә... берсін қаруларын, берсін!

Қазақ, татар жігіттері. Неге... Неге? Біз сендерге қосылғалы келдік.

1 - к а з а к - о р ы с . Қосылсаңдар, сол қаруларыңызды беріңдер! Жұрттың бәрі де беріп жатыр.

1 - д ү н г е н . Жоқ, үйтіп қалжақтама сен!

1 - к а з а к - о р ы с . Сендер соғысып болдыңдар ғой. Болды енді!

1 - ә с к е р . Демалыңдар енді.

1 - к у л а к . Жетісу мұжығы өзі де соғыса біледі (қазақ жігітіне.) Сен білесің ғой, өздеріңмен алаштар қалай соғысқанын?

1 - к а з а к - о р ы с . Он алтыншы жылда да жаман соғысқамыз жоқты. Өздеріңе мәлім...

Төрт-бес қазақ, тараншы жігіттерінің мылтықтарын талап алып жатады.

2 - к а з а к - о р ы с . Ие... оны білетін шығарсың?

1 - қ а з а қ жігіті (*крестьяндардың қолдарын қағады, жолатпайды*). Кетіңдер аулақ! (*Қарабаевқа*) Ей, Қарабаев! Мыналарың не дейді! Алаштары не мұның? Мен өзім партизанмын, Мураев отрядінде болғам. Бермеймін мылтығымды!

Қ а р а б а е в (*крестьяндарға*). Қойыңдар! Бұған тиюге болмайды.

Петров. Неменесі бар.

Чебисов. Петров, сен тоқтат мыналарды. Әзір тиюге болмайды.

2 - қ а з а қ жігіті. Мен де бермеймін. Мен де Мамантов әскерінде болғам, партизанмын, пулеметшімін.

3 - қ а з а қ жігіті. Менікін де алмайсың. Антон Серкештің орыстары бар ма осында? Мен Антон Серкешті бірге қорғағам!

Бұлардың көбінен мылтық ала алмайды. Бірақ арт жақтарынан он, он бес мылтық алады. Мылтықтары алынған қазақ, тараншы, дүнген бөлегірек тұрады.

1 - тараншы жігіті (*мылтығына жабысқан крестьянды итеріп жіберіп*). Иоғал! Кішік сиңниңні! Бәдбәхыт кафр! Бермәймән мән саңа (жұдырығын түйіп.) уа!

Д а у ы с т а р . Сендер де беріңдер!

1 - к у л а к . Иә... бұлардікін де алу керек!

1 - татар жігіті (*қатты*). Жоқ, біздің мылтық сендерге тимейді. Петров, Қарабаев, қайсың бастық? Тоқтатыңдар мыналарды.

Дауыс. Немене? Неге тоқтайды! Келгендердің бәрі де береді мылтығын!

2 - татар жігіті. Алдама үйтіп. Ақымақ жоқ мұнда.. Біз сенен көрі де көбірек оқығанбыз, ұқтың ба? Біз барлық Герман фронтын, граждан соғысын осы мылтықпен өткізіп келеміз, білемісің?

1 - дүнген. Біз болған жерде сенің әкең де болған жоқ. Аузында сақалың да жоқ, білемісің?

Дауыстар. Қарашы бұларды, білдің бе қандай жыртқыш! Не оттасып тұратыны бар, алыңдар қаруын!

1 - казак - орыс. Тегіс алу керек. Қырғыз, дүнген, татар бәрібір.

2 - дүнген. Аларсың мылтығымды, сақалды ақымақ. Мен де риза емеспін большевикке. Біз де көтерілісте боламыз деп келдік. Қару әкеп тапсырамыз деп келгеніміз жоқ, ондай сенің ауылдағы малайқаң жоқ.

2 - кулак. Сен неменеге айқайлайсың?.. Кімге ақырасың?

2 - дүнген. Ақырамын сол!.. Ақымақ ол!.. Неге олай дейді!

Дауыстар. Болды! Болды, ақырма! Ақырма!

1 - татар жігіті. Петров, Қарабаев, сендер бастық емессіңдер ме? Бізге жауап беріңдер!.. Егер де сендер мыналарша қарасаңдар, онда біз мұнда бекерге келген боламыз. Әлде сендерге көмек керек емес пе?

1 - дүнген. Рас, айт! Біз сендерге жабыспаймыз. Әйтпесе не мынау, мазақ қыласыңдар!?..

Дауыстар. Алмаңдар!.. Алма қаруын, болды айқай! Қосылсын, аламыз, аламыз!

Қарабаев, Чебисов, Петровтарға сөйлейді.

Петров. Олай болса, тоқтаңдар! Алуға болмайды бұлардың мылтығын. Бұлар бізге жолдастыққа келген. Бұлай қарсы алу ақымақшылық болады.

Жұрт басылады. Қақпа жактан оркестр күй тартады.

Казак - орыс. Тағы бір топ келді. Ішінде комиссарлары да бар.

Петров. Қай комиссарлар?
Казак-орыс. Қалалық ұйымдарда істейтіндер болса керек.
Ана жерде сөз сөйлеп, құттықтап жатыр...
Чебисов. Кім екен сөйлеп жатқан? Жүр, барайық!
Қарабаев. Өздері-ақ келеді (*Нығызданады.*)
Бір дауыс (*сырттан*). Сөйлеп жатқан Черных дейді.
Чебисов. Ә., Черных жеткен екен ғой!.. Мұның бәрін
әкелген сол.
Қарабаев. Әрине, сол.
Кулак. Іштерінде қазақтар, тараншылары да бар.
Петров. Ә... солай ма!..
Қарабаев. Әрине, солай.
Петров. Бұл қалай?..
Қарабаев. Қарабаев, Чебисов бос жүрмеген, олай болса,
бұл жерде сіз де кейін қалып қойғансыз.
Петров. Бәрібір олардың керегі жоқ.
Қарабаев. Керегі болмаса да, мұнда болса залалы жоқ.
Ол жоқта болса (*мұсылмандарды көрсетіп*), мыналар залалды
болар еді.

Шетірек кетіседі. Келген топ – оқшауырақ тұрған казак, татар жігіттері
өзара сөйлеседі. Іштеріне Шагидуллин, Қуатов келеді.

Шкөрініс

1-казак жігіті. Мыналарың қалай? Ой!..
1-дүнген. Бұ... бұ... немене болды?... Бұл!..
1-татар жігіті. Бұлар бізді дұшпан санаса керек...
Көрмейсіздер ме?..
1-қырғыз. Шоғылысқан өңкей ел құлағы тұрмайды.
Семиречиннің атаң гөрі... бізге жолдош өшу беле?
Шагидуллин. Ие... жолдастар, мыналарың қалай болды?
Жақсы табыстыңдар ма?
Қазак жігіті. Құрып қалсын! Бізді дұшпан деп біле ме?
Осылар немене!.. Сіздер кімсіздер?
Шагидуллин. Біз де осы сіздерге келген едік.
Татар жігіті. Ал, сендерге не айтады?
Шагидуллин. Сенбейді...
Қазак жігіті. Солай ма?.. Орыстан басқаны керек қылмай
ма?

Шағидуллин. Шолайға ұқши ақыры...
Қазақ жігіті. Е... бұлардың ішінде қазақ, татар жігіттері бар дегені қайда?
Қуатов. Қазақ, татар жігіті өздерің емеспісіңдер? Не көріп тұрсыңдар?..
Қазақ жігіті. Жоқ, басында бастаушылардың ішінде бар деп еді ғой?
Қуатов (*Басым сөйлейді*). Осындайды бастаған қазақ, татар жігіті болса, соған еруге тұрады деп білемісіңер?..
Қазақ жігіті. Е... өздерің неғып жүрсіңдер? Олай болса?
Қуатов (*иығын қысып*). Жүрміз де, біз де!
Татар жігіті үмітсіздікті білдіргендей ысықрады.

IV көрініс

Петров, Қарабаев, Жарболов, Черных, Есеналин, Сүлейменов шығады.

Жарболов (*татар жігіттеріне жақындап, қазақ жігіттеріне*). Ие... жігіттер, сендер де келгенсіңдер ме?
Бұл кезде Шағидуллин, Қуатов теріс қараңқырап кейін кетеді.
1 - қазақ жігіті. Келуін келдік... бірақ көрдің бе, міне!..
(Қаруын алған жігіттерді көрсете сөйлейді.)
Жарболов. Е... не болған?
1 - татар жігіті. Не болсын!.. Разоружить еткені!..
Есеналин. Бәле... онысы несі?
Сүлейменов. Мыналармен сөйлесу керек екен.
Жарболов. Бастықтар емес, жай солдаттар алған шығар?
2 - қазақ жігіті. Жоқ, жай солдаттар емес, мыналардың өздері алғызды. Бұларың не? Мазақ па?!
Есеналин. Жарболов, сөйлес!..
Жарболов. Жүр, бәріміз де сөйлесейік! (*Петровқа келін айтады.*) Жолдас Қарабаев! Біздің жігіттердің қаруын алып қойыпты ғой, неге?
Петров (*сөзін бөліп*). Жарайды... жарайды... кейін... кейін... білдің бе, кейін... (*қақпаға қарап.*) Анау кім? Тағы біреулері келеді!..
Қарабаев. Штабан ба? Бір бастық қой! Мықынын таянып, аяғын алшаңдап мазақ қылып. Қарашы өзін!.. (*Таянып, түзеле қалып.*) Токта! Шағабутдин! Анасы – Мартынов! (*Тұрғандар қарайды.*)

Петров. Штаб жіберген шығар!..

Казак-орыс. Елшілер, штаб комиссарлары елші жіберіпті!.. Шағабутдин, Мартынов келеді, қастарында 3-4 крепость солдаттары бар.

Бұлар кірген соң крестьяндар, кулактар жинала бастайды.

Қарабаев. Ә... ә... Шағабутдин?.. Әскери комиссар, неге келдіңдер?

Казак-орыс. (солдат ішінен). Ә... комиссар ма? Бізді Ферғанаға айдайтын шығар?

Филиппов. Орыс солдаттарын Ферғанаға жіберіп, қырғыздарға қару бермек қой?..

Кулак. Ұлықтың бәрі өздері ғой!.. Қырғыз, татар, дүнген және жидтер, Фурманов, Быковский қайда? Трибуналға біздің мужикты атқызады ғой?!..

Филиппов. Енді он алтыншы жыл үшін кек алмақ қой?..

Казак-орыс. Мужиктан продразверстка алып, бар астықты қырғызға бер!.. Жерді де әпереді соларға!.. Не тұрыс бар? Жабу керек!.. Ареске алып, ату керек!...

Шағабутдин. Қарабаев, Петров! Тоқтат мыналарды! Біз елші!..

Петров. Солай ма! Тоқта!.. (Халық басылған соң.)

Қарабаев. Е... комиссар жолдастар! Әуелі қаруларыңды беріңдер.

Шағабутдин. Қарабаев, сен ақымақ болма! Біз сөйлесуге келген кісі, сен кеңес үкіметінің жауы емессің ғой, солай емес пе?

Казак-орыс. Әрине, біз кеңес үкіметін өзіміз жасағанбыз Жетісуда!

Шағабутдин. Олай болса сендердің алдарыңда тұрғандар да сендердің жауларың емес. Мұны сендер білулерің керек.

Қарабаев. Жарайды. Сен әуелі тіліңді беземей тұра тұр. Қаруыңды бер!

Шағабутдин. Неге? Қаруымызды не себепті аласыңдар бізден?

Қарабаев. Өздерің үшін айтамыз, түсіндіңдер ме? Қазір мына жұртты көресіңдер ғой! Қазір бірдеңе болып кетсе, қаруларың болған соң, тіпті, өштесіп кетеді. Өздерің үшін... әпкел! Әпкел қаруларыңды! (Екі-үш солдат қаруларын алады.) Филипп Кузьмич, ареске алыңдар өздерін!

К а з а к - о р ы с . Немене сөйлейтіні бар, жапқызыңдар, Петров, Қарабаев!

Ш а ғ а б у т д и н . Қарабаев, қойғызамысыздар?

П е т р о в (*қатты*). Алып барыңдар, жабыңдар?, Сөз сол!

Солдаттар итермелеп алып жөнеледі.

Ш а ғ а б у т д и н (*артына қарап*). Мұның не ақымақшылық? Екеуімізді жапқанда кеңес үкіметін жеңеміз деп ойлаймысыңдар? Өздеріңнің айыптарыңды күшейтесіңдер!

Ч е р н ы х (*итеріп алып кетіп бара жатып*). Болды! Жетті! Керегі жоқ сөзіңнің! (*Көпшілікке*.) Мен білемін, демеушілердің бірі осылар.

Ч е б и с о в . Рас. Черных бұлардың бәрін біледі. Ол жоғарғыларына көп араласқан.

Қ а р а б а е в . Білемін. Ол көтерілістен бұрын ең алғашқы бізге келгенде де, солармен бірге бір заседаниеде ұрысып, бұзылып келген. Центр адамдары мен қырғыздардың бар сөзін айтқан ол бізге сонда...

Ф и л и п п К у з ь м и ч . Біздің Талғар, Шамалғанның казак-орыстары мен жақындағы крестьяндарды да бірақ көтерген соның сөзі емес пе? Тұра тұрсын! Көрсетерміз біз әлі!..

Барлық бастықтары, көпшілік шығып кетеді.

V көрініс

Ш а ғ и д у л л и н (*Қуатовқа*). Бізде кісі бар ма, бұл маңда қазір?

Қ у а т о в . Тыста Қадиша бар, күткізіп кеткем.

Ш а ғ и д у л л и н . Бар, штабқа хабар бергіз! Жаңа мұндағы казак, татар, дүнген, тараншы жігіттерінің біразын өзімізге ертіп алуға болады. Хал солайға айналды де!..

Қ у а т о в . Ие... онан соң... Тәшен де осында...

Ш а ғ и д у л л и н . Өтепов пе? Қашан келді?..

Қ у а т о в . Жаңа Шағабутдиндермен қатар келіпті.

Ш а ғ и д у л л и н . Ол қайда, келтірмеймісің мұнда!

Қ у а т о в . Мына жігіттердің ішіне кіргізіп жібердім, араласа берсін!..

Ш а ғ и д у л л и н . Бұл әбден дұрыс. Енді осында болған жағдайдың бәрін айтуға өзің барғаның мақұл. Мен Өтеповты тауып алам.

Қ у а т о в . Олай болса, өзім кетейін.

Ш а ғ и д у л л и н . Бар... Мен Өтеповке кеттім.

Екі айырылып кетеді. Жарболовтармен алғашқы мұсылман әскерлерінің жарым-жартысы шығады.

VI көрініс

І - қ ы р ғ ы з ж і г і т і . Үй, бұлар неғылған жынды, өзі біздің қаруымызды алады. Елші болып келген Шағабутдинді жабады?.. Сөйлеспеймісің, Жарболов, Сүлейменов, сендер несің өзің?

І - қ а з а қ ж і г і т і . Шағабутдинді жапқаны, бұл бүліктің басы. Сөздерін естідіңдер ме? Сөйлесіңдер қазір, болмаса бәріміз барамыз.

Д ү н г е н . Сөйлес, сөйлес!.. Неге тұрамыз? Жаптырмаймыз. Босатпаса кетеміз!

VII көрініс

Көп солдаттар бұлардың арасын бөліп кетеді. Петров,
Чебисов шығады.

Ж а р б о л о в . Жолдас Петров, Чебисов! Сендер Шағабутдинді жауып қойды деп біздің мына жігіттер наразы болып тұр. Ол мұсылмандар арасында қадірлі... Ең болмаса сөйлесу керек еді ғой?

П е т р о в . Сен мұсылмандарыңды да, мұндай сөзінді де қой! (Қатты.) Осы араға кеп комиссарларды қорғамақпысыңдар? Біз көтерілісті олар үшін жасағанымыз жоқ! Өзің де комиссар ма ең әлде?..

Ч е б и с о в (Петровқа). Жоқ, ол комиссар емес, бірақ (Жарболовқа) Шағабутдин жататын кісі бола тұрсын!

Бұлар кетеді. Ысмайыл, Розахон, Қарабаев келеді.

VIII көрініс

Ж а р б о л о в . Ысмайыл?!.

Ы с м а й ы л . Е... Жарболов, келдіңдер ме?

Қ а р а б а е в . Бұлар келді... Масқұт қожа, сен жарайсың, Ысмайыл!..

Ж а р б о л о в (*Ысмайылдарға*). Бірақ біздің жігіттердің қаруларын алып қойды... Жаңа Шағабутдиндерді жапқызып қойды, осыған біздің жігіттер тегіс наразы болып тұр, сендер сөйлесіндерші! Түсіндіріңдерші!

Чебисов та келіп амандасады, қасындағы Петровка мыналардың жайын айтып тұрады. Петров, Чебисов, Ысмайыл, Розахонмен қол алысып амандасады. Сол кезде Ерескин келеді.

IX көрініс

Р о з а х о н. Ие... тамыр, Қарабаев, Чебисов, Петров жолдастар!.. Сіздер біздің жігіттердің қаруын неге алдыңдар?

П е т р о в. Бәрінің қаруын алғам жоқ, бір азғанасы ғана!

Қ а р а б а е в. Солдаттар ақымақшылықпен алыпты...

Ы с м а й ы л. Олай болса, қайтарып беріндер, ұят болады... әйтпесе, большевиктер берген қаруды неге сендер аласыңдар?

Р о з а х о н. Біз бәріміз Жетісу халқы боп отырғанымыз жоқ па? Қайтарып беріндер! Біз бірінші соны сұраймыз.

Қ а р а б а е в. Дұрыс, қайтару керек (*Петровка қарайды*.)

П е т р о в. Жарайды, қайтарылсын. Қазір бұйрық береміз.

Ы с м а й ы л. Екінші, Шағабутдинді жаппандар! Оған әмме мұсылмандар қарсы болады. Сендер өздеріне көп халықты қарсы қылмаңдар. Оны, қайта, пайдаланыңдар!

Е р е с к и н. Тыңдаңдар! Меніңше, мынау жақсы ақыл. Келіндер, соны өзімізге кіргізіп алып, іс істейік. Қосып алайық.

П е т р о в. Қосыла ма?

Ч е б и с о в. Неге қосылмасын? Комиссар қылып қояйық өзін.

П е т р о в. Сен не оттайсың? Мен тұрғанда Шағабутдин бола ма комиссар?

Е р е с к и н. Жоқ. Военсоветке мүше қылып қояйық.

Қ а р а б а е в. Бұған көнсе, босатқан дұрыс.

Ы с м а й ы л. Көндіріңдер, соған көнеді.

П е т р о в. Болды, жүріңдер олай болса.

Бұлар кетеді. Чебисов, Ысмайыл, Розахон, Жарболов, Сүлейменов қалады. Бір топ крестьян, алғашқы қазақ, тараншы жігіттері шығады, бәрі де қарулы.

X көрініс

Ысмайыл. Е... мынау Талғар болысының крестьяндары ғой? *(Біреуімен амандасады.)* Сендер қайда кеттіңдер?

1-крестьян. Он сегізінші жылы біз алып қойған Байсерке, Тастықара, Жаңашар қалалары бар емес пе, большевиктер тараншы, шала казакқа қайтып әперген, соны қайта аламыз.

2-крестьян. Көшіреміз бе? Соларға барып көшіру керек, соған барамыз қазір! Көшіру керек!

Шығады.

Жарболов. Не дейді, ей, мыналар? Мұнысы шатақ қырғын емес пе?

Сүлейменов. Бүлдіргелі барады ғой мыналар! Тоқтат демейсіңдер ме? Неге айтпайсыз?! *(Ысмайылға қарайды.)*

Ысмайыл *(саспай)*. Жоқ. Айтылмайды. Байсеркенің шала қазағы Талғар болысында болып, біздің қожайынмен өмір бойына алысып, партияласып келген. Бәрі көргендері жақсы. Большевикке тығылады ғой олар, солай ма, Розахон?..

Розахон. Барсын, олай болса. Қожайын солай қарай ма?

Ысмайыл. Солай.

Розахон. Болды. Кәп қылмаң!

1-казак жігіті *(басын шайқап)*. Қап, Жарболов, адам өлген ғой, кездеңген неме. Қыласыны қылған екенсің! *(Жым-жырт.)*

Жарболов *(басын шайқайды)*. Білмеймін, білмеймін...

Петров, Қарабаев, Чебисов шығады. Артынан Черных.

XI көрініс

Черных. Петров, Қарабаев! Штаб телефон соғады. Елшілеріміз Шағабутдин, Мартынов қайда дейді? Не дейміз? Босады ғой олар.

Петров. Босады. *(Қасындағыларға.)* Бірақ енді бізден де елші барсын!

Қарабаев. Дұрыс. Олай болса мен барамын.

Чебисов. Мен де барам.

Петров. Болды. Екеуің барыңдар.

Чебисов. Ал, не айтамыз?

Черных. Алдай тұру керек.
Чебисов. Басқа сөз?..
Қарабаев. Жүр өзім айтам, өзім...
Петров. Бар, барыңдар!..
Қарабаев. Бүгін, бүгін түнде...

Шымылдық

Бесінші сурет

Штаб қорасы. Бір жағы тас құйма. Соған таяу сахнаның бергі шетіне таман штаб үйінің бір жақ қабырғасы көрінеді. Қораға шығатын есік алды кең, үлкен басқыш. Өзге жері ашық алаң. Әр жерде пулеметтер тұрады. Қорада көп қарулы солдаттар, арасында партшколистер. Орыс, қазақ, қырғыз, тараншы, татар, дүнген әскерлері. Карбатальонның қалғандары және трибуналдың отряды. Жармысы күншығыс ұлттарының адамдары, жарымы орыс қызыл әскерлері. Сахна ашылғанда қорадағы әскерлер топ-топ боп араласып, әңгімелесіп жүріседі. Қаруларын қамдайды, қару үлеседі. Көп ұлттардың адамдары, ұлт жігімен екшелмейді, кейде әскерлерден, кейде партшкол оқушыларынан құралған, кейде екеуінен араласқан төрт-бес кісі болады. Барлық топтар бірнеше ұлттардың адамдарынан құрылған.

І көрініс

Үлкен басқышта Барайнок, Беляев, Патриесов, топ ішінде Масанчин, Бәрібаев, Есенов. Сахна ашқанда Масанчин тұрғандарға келіп.

Масанчин. Біздің бұрынғы күшімізге Бәрібаев, Есенов қазақ, қырғыз, татардың тағы бірнеше жігіттерін әкеп қосты.

Барайнок. Ол неғылған жігіттер? Бұл күнге шейін қайда жүрген?

Масанчин. Бұлар Жетісудің ескі партизан отрядында істеген. Соғыста көп болып ысылған, сыннан өткен жігіттер.

Беляев. Ол, әлгі пулеметші дегендер ме?

Масанчин. Ие... қазір біз әлсіз емеспіз. Шағабутдинді жапқаннан кейін ондағы ұлт әскерлері, қала халқы да крепосқа әбден қарсы болу керек, солай...

Барайнок (*күдіктенгендей*). Жә, Шағабутдин крепостегі военсоветке мүше боп отыр, онысы несі?

Масанчин. Болсын. Ол әдейі болады. Сол жерде жүріп бізге пайдалы іс істейді.

Патриесов. Пайдалы іс істей ме? Әлде өзі пайдалана ма?

М а с а н ч и н . Жоқ, Шағабутдин туралы олай ойлағандарың дұрыс емес. Оны білу керек.

Б а р а й н о к . Военсоветтің приказына неге қолын қояды? Ол саяси қате. Әдейі істемесе, қателесіп істеді. Бірақ бәрібір дұрыс іс емес.

М а с а н ч и н . Қателессе қателескен шығар. Бірақ мұнда отырған біздерден ол арада жүріп іс істеп жүрген оның ісі зор (*Ашуланып.*) Оның жүрген жері қатер, білмейсіңдер!..

Б е л я е в . Рас, бізге бір қағазға қол қойғаннан қазіргі халде келер, кетері аз. Шағабутдин өз басына қауіпті қатермен ойнап жүр. Сонда да ол жерде үлкен іс істеп келеді. Оны қазірде сынап-мінеу, ол туралы күдіктену қате!

М а с а н ч и н . Дұрыс айтасыз.

Б е л я е в (*Масанчинге*). Сен, пулеметтерді кейінірек, артқы қораға таман апарып қой. Әскердің көбі де сонда болсын. Штабқа қақпа жақтан біреу келсе жайлы емес.

М а с а н ч и н . Құп!..

Кетеді. Сәрсембаев, Фурманов келеді.

Б а р а й н о к . Е... мынау қайдан келеді?

II көрініс

Ф у р м а н о в . Бұл Быковский екеуі бір қалада қолға түсіпті.

П а т р и е с о в . Ал, Быковский қайда? (*Сәрсембаевқа.*) Сен неғып аман қалдың?

Ф у р м а н о в . Быковский аман. Ол жолшыбай өздерін алып келе жатқан мұжықты алдап, босанып кетіпті.

Б е л я е в . Е... сен ше!?

С ә р с е м б а е в . Сен қазақтың комиссарысың, сені өз қолымнан Қарабаевқа апарып беремін деп алып келіп, мына Фурмановқа табыс қылды. (*Өзгелері күліседі.*) Бұл кісі “Қарабаев мен” деп мені ареске алды.

Б а р а й н о к . Рас па, Митя?

Сәрсембаев жүріп кетеді.

Б а р а й н о к (*айнала қарап алып*). Тыңдаңдаршы! Ойланымдаршы осы! Мені осы жайлардың бәрі ойға қалдырып, күдіктендіре бастады...

Ф у р м а н о в . Ие... не болыпты?.. Қай жай?

Б а р а й н о к . Шағабутдин барып военсоветке мүше болады. Жергілікті ұлт адамдарының да крепоске барып отырғаны бар. Енді міне Быковскийдің қайда екені мәлім емес. Мынау да келіп отыр... Манағы әскер кім? Және Масанчы.

Ф у р м а н о в (*сөзін бөліп*). Барайнок, мұндай сөз сенен шықпауы керек. Тоқтат! Оқиғаның логикасын түсініп, Жетісудың тарихи жағдайын тексерсең, мұндай күдікті сөйлей алмайсың, білдің бе! Мен сенемін. Басқаша болуға мүмкін емес.

Б е л я е в . Әрине. Біздің жағымызда сол елдердің өкілі болып, қасымызда қатар жүріп, үлкен іс істеп отырған жолдастар бар. Қазіргі көп іс крепосте. Кім істеп отыр соны Қазір? Жетісу кулактарының ықтиярына берсек, жергілікті ұлттарға қырғын жасалғалы отыр. Оны бұл жүрген жолдастар бізден артық түсінеді.

Ф у р м а н о в . Мұның арты он алтыншы жылдан екі есе болу оп-оңай!

Б е л я е в . Олай болса, ешбір күдіктің орны жоқ. Қазір бастан лақтыру керек ондайды. Олай ойлауымыз өте жаман!..

Ф у р м а н о в . Тағы кім бар, Барайнокше ойлайтын? (*Патриесовке қарайды.*)

П а т р и е с о в . Мен Шағабутдиннің приказға қол қойғаны туралы ғана күдіктенемін. Жетісу елдерін сол жаңылыс түсінік бере ме деп қане, сол іс қате болды ма деймін? Болмаса өзге жағынан күдігім жоқ. Барайнокше ойлаймын.

Б а р а й н о к . Менікі де нығайған пікір емес, жай бір келіп-кеткен ой еді... Соны әдейі айттым... Болмаса, сенімді болса, мынау аз күш емес.

Ф у р м а н о в . Бұл кепте күшемес, мұны мен соғыса алмайсың. Біздің міндет – енді осы оқиғаны өршітпей, неше алуан айла-еппен басып, бөгеп тұра тұруда.

Б е л я е в . Дұрыс. Соны ұлғайту керек жалғыз.

Ф у р м а н о в . Болды. Жә!.. Крепостен келген жаңағы хабар не?

Қасында бір орыс әскері бар Куатов келеді.

III көрініс

Б е л я е в. Міне, қара! Жә... не бар?

Қ у а т о в. Крепостегі жергілікті ұлттардың бөлімдері түзеле бастады. Арасында Шағидуллин, Өтеповтер қызу іс істеп жатыр. Істемек те...

Ф у р м а н о в. Ерескин, Шағабутдиндердің қалы қалай?

Қ у а т о в. Ерескиннің әзірге сенімі жақсы. Ол астыртын қызыл ішінен кісілер іріктеп, Жетісу кулактарына ерген орыс поселкесінің кедейлерін үгіттей бастады.

Бәрібаев, Есенов, Масанчин кіреді.

IV көрініс

Ф у р м а н о в. Тыңнан баратын мұсылман бөлімдері болса, енді қалай қарсы алуға мүмкін? Қаруларын алмай ма?

Қ у а т о в. Бірталай байқалмай-ақ кіруге болады. Байқаса да алдыңғы тәжірибе бар. Қаруларын енді ала қоймайды. Қалайда енді сол жерге күш молайғаны мақұл. Ондағы жолдастар соны дұрыс дейді.

М а с а н ч и н. Дұрыс ол. Біздің мұндағы күшті де сонда жіберу керек. Сонда апарып, ішінен керней төңкеру керек.

Б е л я е в. Ең болмаса, жергілікті елдерге орынсыз бассыздық істеуден тыйылатын болады.

Ф у р м а н о в. Орыстардың ішінде Жетісу кулагының шоқпары боп кеткенін сезейін деген кедейлер болу керек қой. Өздеріңе көрінді ме? Жіктері ашыла бастай ма солардың?

Қ у а т о в. Қазір олардың саны көбейіп келеді. Ерескин, Шағабутдин екеуі, көбінесе сол жағында істейді. Және әскердің өзі де түсініп, түзеліп, қателескенін біліп келеді.

V көрініс

Екі орыс қызыл әскері, бір қазақ, тараншы, қырғыз, татар қызыл әскерлерінен, партшкол оқушыларынан құралған он шақты кісілік топ келеді.

1 - о р ы с ә с к е р і. Жолдастар! Біздер әуелі мұндағы тұрған барлық әскери бөлімдер атынан партия мен үкіметтің жолына күшімізді түгел беруге уәде қыламыз. Бізді бастандар! Жұмсандар! Алысу керек болса – алысамыз, біздің жарым-жар-

тымызды крепоске жіберіңдер! Ондағы адасып жүрген Жетісу батырак, кедейлерінің балаларын біз арасына кіріп, үгіттеп, артымыздан ертіп, сіздердің ықтиярыңызға әкеп береміз. Сол уәдені беріп, партия мен кеңес үкіметі үшін алысуға дайын екенімізді білдіре келдік! Соны білдір деп осында тұрған топтар жіберді. Бізге не бұйырасыздар? Біз дайынбыз! Олардың саны көп екен деп қорықпаймыз. Әмір беріңіз!

Т а т а р ж і г і т і . Беріңізләр бізге приказні, біз әммә біз де сізләрдің ихтиярларыңыздабыз. Октябрь революциясы үшін құрбан болуға біз әммәміз шатлық білен қарсы барашақпыз. Шункий Семиричиннің иок исі бүтін Россия пролетариаты ғана. Әм аның тудырған биік шаруалар республикасы ғана. Шолай төгил ми, ипдәшләр?

Ә с к е р л е р . Дұрыс, дұрыс. Бастасын! Барамыз, барамыз. Бұйрық, бұйрық берсін!

Ф у р м а н о в . Жарайды. Олай болса, Масанчин, сен қазір қарбатальонның қалғаны мен партшколдың оқушыларын алып, соларды бастап крепоске бар (*Беляев пен Барайнокке.*) Сен екеуің өзге орыс жігіттерінің ішінен тағы бір жиырма шақты үгітші болатын қызыл әскерді іріктеп, міндеттерін түсіндіріңдер де, бізге жіберіңдер. Бәрібаев, Есеновтың екеуі де сонда барсын. Жолдастар! Күш әзірге аз, бірақ мәселе осы бәріміздің басбасымыздағы болыневиктік беріктікке, сенімділікке байлаулы. Осы бүгінгі аз ғана күшпен-ақ ол бассыздарды жеңіп, жөнге саламыз. Енді тезінен төрт полкты осында тартайық. Соған кісі шапсын. Бұған баратын бір кісі, Куатов, сен! Екіншісі Барайнок. Үгітші орыс қызыл әскерінен сен шығар.

Д а у ы с т а р . Дұрыс, дұрыс.

Бұйрықты орындауға Масанчин, Беляев, Куатов, Барайнок тарайды.

П а т р и е с о в . Мұндағы тұрған әскердің барлығы да халжайды жақсы түсінеді. Мен кешеден бері бұлармен тегіс танысып шықтым. Әсіресе партшкол оқушылары крепоске ең қолайлы үгітшілер болады.

Ф у р м а н о в . Партшколдағы оқушы орыс жігіттерінің көбі Жетісудікі емес пе өзі және?

П а т р и е с о в . Жетісудікі. Бұлардың әсері көп болады. Енді осы айтылғандардан артық шара жоқ.

Барайнок артынан Беляев қоса кіреді.

Б а р а й н о к . Крепостен өкілдер келе жатыр.

Ф у р м а н о в . Қанша кісі? Қай жақтан келеді?

Б а р а й н о к . Бастығы Қарабаев, Чебисов, қастарында бірнеше солдаттары бар. Қақпа жақтан келеді.

Ф у р м а н о в . Қақпадан неге кіргізесіңдер? Әдейі қораның ішін көрмек қой?

Б е л я е в . Еш нәрсе етпейді. Бұл қорадағы әскер мен қаруды артқы қораға шығарттық. Штабтың ішіне кіргізбей-ақ қоямыз.

Қақпа жақтан Қарабаев, Чебисов, қастарында бір солдат бар. Екеуінің үсті-бастары қару-жарақ. Жандарында бомба.

VI көрініс

Қ а р а б а е в (*амандасады. Екеуі де кекетін*). Штаб бастығы Фурманов, Беляевтар қайсысы?

Ф у р м а н о в . Фурманов, Беляев, Патриесов сендердің алдарында тұр. Сендер кімдерсіңдер?!

Қ а р а б а е в .
Ч е б и с о в . } Крепостің жіберген өкілі.

Қ а р а б а е в . Біз сендермен сөйлескелі келдік. Военсовет жіберді.

Ф у р м а н о в . Жарайды, сөйлесейік. Крепоске не керек? Сендерге не айт деп жіберді? Не үшін крепоске жиылдыңдар?

Қ а р а б а е в . Крепость неге көтерілгенін, не керек екенін кейін айтады.

Б е л я е в . Неге кейін айтасыңдар?

Ч е б и с о в . Жоқ. Қазір крепостің шартын айтпаймыз, айт деген жоқ.

Ф у р м а н о в . Енді не айтпаққа келдіңдер?

Қ а р а б а е в . Крепостің сөзін естісеңдер, айтылады. Жалғыз-ақ 26-шы полк келсін, бар сөзді сонда айтамыз.

Б е л я е в . 26-шы полк келгенде қосымшаларың болса тағы айтарсың, қазір сөйлесе берейік. Сендер бізбен ұғысуларың керек. Кеңес үкіметінің сендер де жауы емессіңдер. Ұғысасыңдар, ұғысамыз. Бәріміз де бір кеңес үкіметінің әскері де, қызметшісіміз. Солай емес пе?

Ч е б и с о в . Қызметшісіміз, рас, біз кеңес үкіметін Жетісуда сендерден бұрын өзіміз жасағанбыз.

Ф у р м а н о в . Ендеше, не сөз бар, жолдастар, айтыңдар?

Крепость не ойлайды? Бастық болып жүрген өздерің не ойлайсыңдар?

Қарабаев. Жоқ, не ойлап, не істейтінді біз кейін айтамыз.

Беляев. Ендеше, не айтпаққа келдіңдер?

Қарабаев. Біз сендермен соғыспаймыз. Крепость штабқа шабуыл жасамақ емес. 26-шы полк келген соң шартымызды айтамыз. Соған шекті біз сендерге соқтықпаймыз. Крепость тимейді, осыны білдіргелі келдік.

Фурманов. Сендер өздерің жасаған, өздерің қорғап жүрген кеңес үкіметіне сол сияқты сөздермен көп залал келтіресіңдер. Сендердей қызметкерлер мұны түсіну керек.

Чебисов. Не залал келтіреміз?

Фурманов. Қанша әскерді, барлық Алматы гарнизоның жайшылықтағы рет тәртібінен ауыстырып отырсыңдар.

Қарабаев. Оған жеткізіп отырған сендердің істерің, сендер кінәлі.

Фурманов. Сендер, Қарабаев, Чебисов, сен екеуің ерекше жауаптысыңдар.

Чебисов. Жоқ, біз емес. Бәрібір сендер жауапты. Осыған жеткізген сендер!

Чебисовты Қарабаев шетке ымдап шақырады. Бәрібаев келіп тұрады. Олар да өзара сөйлескенде Барайнок Фурмановтарға келіп.

Барайнок. Осы оңбағандарды ареске алсақ қайтеді?

Фурманов. Жоқ, дұрыс емес.

Қарабаев (*қайта келін*). Ендігі тағы бір айтатынымыз: мына штабтың бастығы сендер, Фурманов, Беляев және штаб комиссарлары крепосқа өздерің келіндер. Крепость сендермен сөйлеседі.

Беляев. Сендерді жібергенде осыны айтыңдар деп жіберді ме? Басқасын неге айтпайсыңдар?

Қарабаев. Айтып тұрмыз ғой, осыны да айт деген.

Чебисов. Сендерді өкіл боп келсін деген.

Қарабаев. Біз ақылдасамыз да, хабар қыламыз.

Беляев. Біз барамыз, келеді деп айта беріндер.

Қарабаев. Ие, тегіс келіндер, келмесендер, бүгін түнде біз өзіміз келіп алып кетеміз. Ол крепоспен сөйлесуге қашқандарың болады.

Чебисов. Ие... крепость онсыз да ашулы, риза емес.

Келмеулерің ашық жаулық деп түсініледі. Бұл отырған орынды талқан қылады.

Қ а р а б а е в . Ие... мұны біліп қойыңдар. Келмесендер кейінгі іске сендер жауапты боласыңдар.

Ф у р м а н о в . Сендер олай сөйлемендер, жолдастар. Крепость штабқа түк қыла алайды. Келсендер мұндағы күш ықтиярсыз сендерге қарсылық қылады. Ол оңай жүк болмайды, естерінде болсын.

Б е л я е в . Және соның бәрі үшін жауаптылық бастанаяқ сен екеуіңнің мойнында болады. Бұл оңай іс емес. Естерінде болсын.

Қ а р а б а е в (*көкіректеңіп*). Жарайды, жарайды... Қорқыта бермендер жауаптылықпен. Біз айттық, келесіңдер!

Ч е б и с о в . Келмесендер кейін өздеріңді кінәландар!

Қ а р а б а е в . Болды, енді біздің сөзіміз. Жүр, кеттік!

Бұрылып сарт-сұрт етіп кетеді.

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Алтыншы сурет

Крепостың күн шығыс ұлттары жиылған бұрыш. Бұл сыртқы қақпаға жақын. Бір пұшпақта телефон будкасы. Алдыңғы суретте көрсетілген қауымның бірталайы осында келген. Ұлттар арасы бұрынғыдай емес, орыс қызыл әскерінің қазақ, татарлар арасында саны көбейген. Және бірнеше орыс қызыл әскерлері де топ-топ болып келіп, қазақ жігіттерін топтандырып кетіп, араларына кіріп, істесе, араласа, сөйлесіп, жымыңдасқандай. Бұрынғы келгендерден бірінші, екінші қазақ жігіті, бірінші, екінші татар жігіті, сол дүнген, тараншы, қырғыз жігіттері енді жиі жүріп, орыс қызыл әскерлерімен де, кейінгі келген жігіттерімен де нық араласып, байланыс жасап жүрген сияқты. Сахна ашылғанда осындай топтар ерсілі-қарсылы жүріп, ақырын өтіп жатады. Аздан соң бір сегіз-тоғыз кісілік топ ілгері шығады. Өзгелері артқарак жиналыққырап, мыналардың сөзін тыңдайды. Алдыңғы топта бірінші қазақ жігіті, бірінші татар жігіті, қырғыз, дүнген, тараншы жігіттері, екі орыс жігіті, партшкол националдары.

I көрініс

Сөздің бәрі жасырын, сақтықпен сөйленеді.

1 - қазақ жігіті. Біз мұндай болатынын білгеніміз жоқ, жаман адастық. Осының бәрі Жарболовтан...

Партшколист. Жә, жолдастар! Осы сөздеріңіз байлау, енді тарасайық. Жалғыз-ақ бір кісі осы жерде қалып, өзгелердің хабарын жиып тұрсын. Және Шағабутдин, Ерескиндерден де сол хабар алып тұрады.

Қ а з а қ ж і г і т і . Сен өзің бол, біз сені жан-жақтан хабарландырып тұрамыз.

Д а у ы с т а р . Дұрыс, дұрыс, сен қал!

П а р т ш к о л и с т . Болды, жарайды. (*Артына таман бұрылып, өзге тұрғандарға.*) Өзге партшколист тегіс тарасын (*Қазақ, қырғыздарға қарап.*) Сендер тезінен әлі адасып жүрген қырғыз, қазақ, тараншыны үгіттендер, барындар енді!

Арттағылар да, бұл тұрғандар да тарасып кетеді. Арттағының үлкен тобы орыс жігіттері, сахнада жалғыз партшколист қалады. Шағидуллин шығады.

II көрініс

Ш а ғ и д у л л и н . Не хабар? Өзгелер қайда?.. Орындадың ба, бағанағы поручениені?

П а р т ш к о л и с т . Орындалды. Тарады бәрі де қазір. Мен осы жерде қалдым. Бар хабар осы араға түйісіп тұрады.

Ш а ғ и д у л л и н . Дұрыс істегенсің. Осылай болу керек. (*Жақындап.*) Енді қазір Масанчиндер кіреді, қалай қарсы алады, хабардар болындар.

П а р т ш к о л и с т . Менің қасыма біреуді қарақшыға жібер.

Ш а ғ и д у л л и н . Оған Қасымова келеді.

П а р т ш к о л и с т . Сен қай жерден табыласың? қайдан іздеу керек?

Ш а ғ и д у л л и н . Военсовет маңайында, Ерескин, Шағабутдиннің маңайында боламын. Біліп қой, әрбір бұйрық солардан шығады, әрбір істі солар бекітіп отыруы керек. Өз беттеріңмен бір нәрсеге қатты ұрынып қалмаңдар. Әуелгі міндет—хабарландыру. Іс солардың мәслихатымен...

П а р т ш к о л и с т . Құп!

Шағидуллин кетеді. Аздан соң Хакима кіреді.

III көрініс

Х а к и м а . Масанчиндер келді. Мына жақтан Қарабаев пен Петровтар да келеді. Масанчинге кулактар сенбесе керек, сөздері жаман, естіп қалдым жаңа.

IV көрініс

Бір жақтан Масанчин, Бәрібаевтар келе жатады. Арты көп ұлттар әскері, шеті сахнаға шығып тұрады. Әскер ішінде орыстар да бар. Бұлар келерде екінші жақтан алдарынан Петров, Қарабаев, Черных, Чебисовтар шығады. Крестьяндар шығады. Түстері жауша қарайды. Суық, әр түрлі жаман сөздермен боқтай, ұрыса келеді. Петровтардың қасында Жарболов, Есеналин, Сүлейменов.

Филипп Кузьмич. Ә... мынау дүнген бе келген?
(*Айқайлан.*) Петров, Қарабаев! Алмаңдар мұны, бұл жау!

1-кулак. Керегі жоқ мұның, қаруларын алып, арест қылу керек.

2-кулак. Керегі жоқ. Кіргізу қаптап кетті, кім шақырды? Сендерге керек пе, Петров, осылар?

Черных. Бұл дүнген бізге дос болмайды. Комиссар бұл! Бұрын қайда жүрген? Штабта болған шығар... Әскер бастап келгенін көрмеймісің? Әскерінің бәрі киргиз, дүнген, тараншы, бізге мұндайлар керек емес.

Масанчин (*ілгері басып, саспай*). Болдыңдар ма? (*Аз тұрып.*) Біз жау емеспіз, сендерге қосылғалы келдік.

Черных. Әскерің кім? Кім жиып жіберді?! Не істе деп жіберді?

Филипп. Штаб көтеріліс жаса, азғыр деп жіберген шығар? Білеміз, сенбейміз.

Партшколист (*Хакимаға*). Жүгір, тез шақыр! Бәрі хабарлансын! Жетсін! Масанчинге қауіп, беттері жаман! Тез жиналсын, тегіс!

Хакима жөнеледі.

Казак-орыс. Қаруын алып, арестовать ету керек. Ату керек! Тез қаруын алыңдар! Бұл бастық қой! Қазақтан әскер құрайды ғой!

1-крестьян. Крестьяннан подразверстканы да осылар жияды.

1-кулак. Әскерге бастық болып, қаруды қазақ, дүнгенге береді. Жетісу крестьянының үлкен жауы осылар.

Казак-орыс. Қазақтарды қаруландырып, не істемек болып жүргендерін білеміз, сөйлеспендер!

Өзге бір топ ұмтыла бергенде, Петров алдарынан шығып.

Петров (*қолын көтеріп*). Тоқта! Тимендер! Сұраймыз,

Қарабаев. Тексереміз, асықпандар!
 Гришка. Тексеріп керек емес!
 Казак-орыс. Бұлар киргизы, біздің кісі емес...
 1-кулак. Бұларды алдымен біз өзіміз ұру керек, тұра тұрсын, әлі есептесерміз, бар есепті бір-ақ жиярмыз!
 Петров. Тоқта! Шулама!.. (*Халық тоқтаңқырайды.*)
 Жарболов (*Қарабаевқа*). Тоқтату керек! Өздерің сөйлесіп көрсендерші!
 Сүлейменов. Жапса жапсын, болыспа, кіріспе!
 Жарболов. Неге? Жабылмағаны, қосылмағаны дұрыс емес пе?
 Сүлейменов. Жоқ, мен мұныға да, Шағабутдиніңе де сенбеймін.
 Есеналин. Ол рас, сенімсіз.
 Сүлейменов. Жабылсын! (*Петровқа*.) Қаруын алыңдар, артынан жабыңдар!
 Петров (*халыққа*). Сендер бастық па? Біз бастық па? Білу керек, сұраймыз! Сөйлесеміз! Не бассыздық? (*Жұрт үндемейді.*)
 Черных (*Масанчинге*). Штабтан келдің бе, қайдан келдің?
 Масанчин. Штаб жіберді деймісің, өзіміз келдік. Біз де риза емеспіз штабқа!.. Қосыламыз алсаңдар. Алмасаңдар кетеміз. Бірақ біз де штабқа жауымыз!
 Бәрібаев. Өздеріңе серік керек болса, бізді аласыңдар. Керек болмаса айтыңдар!
 Петров. Онда қайтадан штабқа барасыңдар ғой? Жоқ, ол номер өтпейді.
 Бәрібаев. Қайта бару деген не? Біз ол жерден келгеніміз жоқ. Не айтасыңдар, жолдастар?
 Қарабаев. Ал, біз алмағанда қайтесің, қайда барасың? Соны айтшы!
 Бәрібаев. Штабқа қарсы біз де өз бетімізбен іс қыламыз. Бірақ кінә сендерден болады, күшіміз екі бөлініп істейтін болады...
 Масанчин (*Петровқа*). Одан да мыналарға бос сөз сойлетпей, тоқтатыңдар! Сөйлесейік, келісейік, қосылайық.

V көрініс

Петров, Қарабаев, Черных, Чебисовтармен оқшауланьқырап ақылдасады. Гришка қызып сөйлеп тұрады. Жарболов, Сүлейменовтер ақылында. Бұл кезде

партшколист қасына алғашқы орыс жігіттері жиналады. Бұл партшколистін ымдауымен ұйымдаса бірімен-бірі әр жерге тарасып тұрады.

Петров (*Масанчинге*). Жарайды, біз сендерді алдық. Біздің кісімізсіңдер. Жалғыз-ақ қазір бар кісілерің тегіс қаруларын берсін.

Масанчин. Бізге сенгенің, алғаның осы ма? Бұл не? Мазак па!? Бұл не? Бізді бала деймісің?.. Жоқ біз қару ұстай алмаймыз ба?..

Ерескин, Шағабутдин, Шағидуллин келеді. Чебисовтармен сыбырласып сөйлеседі.

VI көрініс

Қарабаев. Дос болсаң – қаруынды бересің! Басқа сөз сөйлеп дауласпа! Артынан көреміз...

Масанчин. Біз қару бермейміз (жігіттерін көрсетіп, қолын сілтеп.) Мына жігіттердің бәрі де соғыса біледі. Көрсетіңдер жауларыңды!

Филипп. Қаруын бермесе, тегіс ареске алу керек.

І-казак-орыс. Ареске ал, Масанчинді! Көнбесе ату керек, бастығын. Үкім сол! Бермеші, кәне, қаруынды!

Масанчин (*тепсініп*). Алшы, кәне, қаруды, көрейін мен! Біліңдер, атыспай қару бермейміз!

Қазақ, татар, жігіттері. Бермейміз, бермейміз! Дұрыс, дұрыс айтады Масанчин.

Бәрібаев. Петров, сен бұл сөзді таста! Бұл көтеріліс басшысының ісі емес.

Петров. Жоқ, қаруды бересіңдер! Керек емес басқа сөз.

Айналадан крепостың әскерлері ентелеп сығылыса байтайды.

Орыс жігіттері әр жерден кейін итеріп бастырмайды.

Бәрібаев. Олай болса, біз кетеміз. Көтеріліске сендер бізді қоспаймыз дейсіңдер ғой. Солай ма? Беріңдер жауаптарыңды! Естеріңде болсын, жалғыз-ақ жауларың күшті, ертең өкінесің.

Ерескин (*Петровқа*). Петров, қаруын алмайық. (Чебисовтерді көрсетіп.) Мыналар да солай ойлайды...

Қарабаев (*Петровқа*). Сол дұрыс па деймін.

Гришка. Сенерге болмайды, қойыңдар жалғыз-ақ...

Ерескин (*Гришкаға*). Сен үйтіп бос сөйлеме.

П а р т ш к о л и с т (*айқайлап*). Қаруларына тимеу керек, бұлар да бізге жолдас! Босқа қызбаңдар, жолдастар!

Қ а з а қ , т а т а р ж і г і т т е р і . Дұрыс, дұрыс айтады. Тимеу керек. Оларға сенеміз, сенеміз!

П е т р о в . Өкініп жүрмейік, байқаңдар! (*Ойланып қалады.*)

Е р е с к и н (*алға шығып, қатты*). Болды сөз! Бағанадан бері қару алам деген бос сөз, бұлар да бізге жолдас, бірақ әскері жеке бөлім болмайды. Біздің әр бөлімдерге қосылады.

М а с а н ч и н (*Бәрібаевтарға*). Сендер осыған кенесіңдер, жолдастар! Біздің мұндағы крепость көпшілігі соны шарт қылады (*Қатты.*) Солай емес пе, жолдастар?..

Д а у ы с т а р . Солай! Дұрыс, дұрыс! Солай! Солай!

Қ а р а б а е в (*Петровқа*). Дұрыс айтты Ерескин, әр бөлімнің ішінде болса, түк қауіпті емес.

П е т р о в . Жарайды, болса болсын. Дұрысы осы болар. Кейін көреміз.

Е р е с к и н (*Петровқа*). Қазір көп алдында бұлармен жанжалдасқанша, осылай қылып тыныштандыра тұрайық. Артынан залалды көрсек, өзіміздің бөлімдер ішіндегі азғантай кісілерді оп-оңай қарусыздандырады...

Ч е б и с о в . Өте жақсы ақыл.

Ч е р н ы х . Рас, Әйтпесе соғысамыз ба осы жерде? Әзірше ақыл табылды... бірақ мен айтқанмын, сендерге түбінде бұлар жау...

П е т р о в (*барлық жұртқа*). Ал, тараңдар ақылдасып болды (*Масанчинге.*) Ақылдасып отырып, әскерлеріңді біздің бөлімдерге қосайық.

М а с а н ч и н , Бәрібаев кетеді.

VII көрініс

Сахнада партшколист, Шағидуллин ғана қалады.

Ш а ғ и д у л л и н . Аңдап тұр, мен штабқа сөйлесем...

П а р т ш к о л и с т . Дұрыс, кір!

Ш а ғ и д у л л и н (*будкаға кіріп сақтанып тұрып*). Штаб! Жолдас Фурманов! Шағидуллин, Масанчиндер ме? Келді. Қарсы алулары жаман болды. Қарулары алынған жоқ, қазір басылды. Бірақ әрбір әскери бөлімдерге таратып кіргізетін болды. Қазіргі күй-қабақ сіздердің келулеріңізге жайлы емес, жаман. Бізше,

бүгінше келмесе болар еді.. Ие... келмей болмайды дейсіз бе? Қазір келгелі жатырсыздар ма? Дұрыс, қам істеледі, бірақ қауіпті... Дұрыс, хабарландырамын... Ие...

Ерескин. Шағабутдин алдымен, жарайды, қазір Фурмановтар келеді.

Партшколист. Неге асығыс, кейінірек келгені дұрыс емес пе? Қорықты деп бүлдіреді. Қауіп те болса келмек. Хабарландыр жұртты, дайын болсын!

Шағидуллин. Созуға уақыт болмады. Мыналар қорықты деп бүлдіреді.

Партшколист. Дұрыс, өзін де құлақтандыра бер!

Шағидуллин. Мен соған кеттім (*Кетеді. Партиколист қасындағы бір орыс жігітін жетектеп, аз сөйлесіп, жөнелтіп жібереді.*)

VIII көрініс

Партшколист қайта қайтқанда бірінші қырғыз жігіті жүгіріп келеді.

Екінші жақтан Шағабутдин шығады.

1-қырғыз жігіті (*жылдам*). Естідің бе? Талғардың кулақтары бастаған бір тобы Байсерке жолында, мылтықтың түзулігін сынаймыз деп бір қазақты нысанаға атып тастапты. Басталды пәле!..

2-татар жігіті (*жүгіріп кіріп*). Ұзынағаш жолында бір қазақты нысана қылып атқызыпты, кулақтар қырғын бастамаса игі еді!?

1-қазақ жігіті (*жүгіріп кіріп*). Байсерке, Тасқара, Жаңашарға Талғар, Шамалған крестьяндары барып, әлек салып жатыр дейді.

Партшколист. Не қылмақшы дейді?

1-қазақ жігіті. Кешірмек, орындарынан қуып, қаласын, жерін тартып алмақ. Қамдану керек бұған қарсы. Болмайды енді қарап отыруға.

Шағабутдин. Жоқ, сендер өздерің ешбір белгі бермеңдер! Қазір тез военсоветке Ерескиндерге білдіріп, бассыздарды жазаға ұшырату керек. Асыққанмен болмайды. Бүлдіріп аламыз.

Қырғыз жігіті. Рас, бізге қазір бар оқиғаға қарсы еппен іс қылу керек. Әрі-бері тоса тұрайық.

Шағабутдин. Бұл іс ұлғайып, қырып бара жатса, ондағыны көреміз. Ол уақытта еріксіз қосыламыз. Қазірде мынау

алғашқы белгілерімен осы крепостің бастықтарының өздері-ак алсын, өздерін қарсы шығару керек.

П а р т ш к о л и с т . Дұрыс, тез барып Ерескинді хабарландыру керек.

IX көрініс

Ш а ғ а б у т д и н . Сендер барыңдар орындарыңа (*тоқтап*,) әсіресе ел тыныш отырсын! Қызбасын! Көтерілмесін!

Жігіттер кетеді.

Ал, сабыр керек. Өтепов қайда? Соған осыны айтыңдар! Барыңдар! Ерескин мен военсоветке мен білдірейін.

Кетеді.

X көрініс

Ө т е п о в (*жылдам басып*). Қайда жігіттер? Осы жерге тез жиналу керек. Хабаршың қайда?

П а р т ш к о л и с т . Немене? Асығыс болса өзім баруға да болады. Сен қала тұрарсың онда. Немене, не еді? Не хабар?

Ө т е п о в . Қақпа алдына Фурмановтар келді, қаруларын алып жатыр. Сөздері жаман. Зор қауіп – талап жіберуге мүмкін. Естідің бе! Бірақ крепості жиып сөйлестірмек.

П а р т ш к о л и с т . Алдынан кездескендер кімдер? Қаруларын кім алғызды?

Ө т е п о в . Петров, Қарабаев!

Жылдам партшколист жүгіріп кетеді. Қалың топ алдында Петров, Қарабаев, артында Фурманов, Беляев, Сәрсембаев, Люба, жан-жақтарынан қамаған кулактар, крестьяндар, солдаттар – бәрі шуласады. Кейбірі ыржақтап мазақ кылған, жеңгеніне мәз болып сүйсінген пішіндері. Кейбірі ашуланып ұрысқан, тісін қайраған түрде. Фурмановтар салқын пішінмен еркін басып келеді. Бұлар шыққанда екінші жақтан бүйір-бүйірден де әскерлер, крестьяндар қаптай келіп, сахнаны басады. Араларында күншығыс ұлттарының әскерлері мен штабтан келген орыс жігіттер әр жерге тарап, Фурмановтарды айнала тұрысады. Кейбіреулері будканың аржағынан бір ұзын биік жәшікті итеріп алып шығады. Мінбер екі-үш кісі қатар тұрарлықтай, екінші жақта топтың ішінде Черных, Чебисов, Гришка бар. Бұлар жалаңдап құтырына басып Фурмановтарға қарсы жүреді. Петров, Қарабаев Фурмановтардың екі жақ жанына шығады. Дөңгелене тұрған қалың елдің тап ортасында Фурмановтар

қарулары алынған, бас киімдері жоқ, үстерінің түймелері ағылып, киімдері алжа-алжа болып қалған. Шаштары дударланған.

Петров. Ферғанаға айдап саласыңдар ғой сендер! Бастық бұйрық қылады.

Қарабаев. Штаб айтқанын қыл. Бұлардың өздері Семиречиге қожайын болсын! Мынау тұрған Жетісудың орыс халқын, кеңес үкіметін жасаған партизандарды мазақ қылсын!

1-кулак. Крестьянды жерден қуып, Жетісу әскерін облыстан қуып, орнына қырғыз жисын!

Филипп (*Қасындағы крестьяндарға сыбырласып*). Айқайла. Крестьяндар, сендер айт.

Крестьян. Қырғыздың достары, қорғаны – крестьянның жауы!

Кулак. Крестьянның барлық астығын ал, қатын-баласын аштан қыр!

Казак-орыс (*солдаттарға сыбырлайды*). Сендер де айқайландар! Ұрысыңдар, білсін кімге қарсы болғандарын!..

Солдат. Қытайға кеткен киргизды алып келіп, крестьян астығын соған бер!..

2-кулак. Қырғыздан комиссар жасап, орысты қыр!.. Он алтыншы жылдың кегін әпер! Трибунал, особый отделін қайда? Атпай ма тағы мужикті! (*Айқайлап*.) Жабыңдар” Не тұрыс бар!

Фурманов (*қатты*). Петров, Қарабаев! Біз крепостің көпшілігімен әдейі сөйлескелі келдік. Күйінді болған мәселелері не? Соны тыңдап, білмек боп келдік.

Беляев. Сендер бізді жау десеңдер, әдейі көпшілікке жау емес екендігімізді білдіргелі, айтқалы келдік.

Фурманов. Сөз беріңдер бізге! Біз сөйлесеміз крепоспен! Осы тұрған барлық топпен сөйлесеміз.

Дауыстар (*бұл жақын тұрған тілеулес топтар*). Берілсін сөз, сөйлесеміз, берілсін сөз! Тыңдаймыз, сөз бер!

Ерескин (*мінбеге атып шығып*). Жолдастар, шуламаңдар! Енді сөйлесін Фурманов! Тыңдаймыз! Мен жиылысқа бастықпын.

Дауыстар. Бастық, бастық! Ерескин! Ерескин!

Фурманов (*тез мінбеге шығып*). Жолдастар! Кешегі Жетісудың қадірлі арсеналы, партизандары, сендерге не болды?! Кіммен бірге, не үшін, кімге қарсы ереуіл жасап, айқайлап тұрсыңдар?!

Филипп. Керегі жоқ сезіңнің! (*айқайлап*.) Тоқтатыңдар!

Кулак. Тыңдамаймыз, алдайды! Тоқтат!
Крестьян. Жап бәрін абақтыға, керегі жоқ!
2- кулак. Ұста! Ұр, ат бәрін!

Жүгіреді. Арттағы солдаттар екпіндеп, кимелеп ұмтылады.
Алда қоршап тұрған орыс әскерлерін кейін итереді.

Казак-орыс. Арестке ал бәрін де! Жап, жабыңдар, керегі жоқ сөзіңнің, ату керек!

Дауыстар. Сөйлесін, тыңдаймыз! Тоқтат, Ерескин! Сөз бер, сөйлесін!..

Казак-орыс, кулак. Сөйлемесін, тыңдамаймыз! Арест! Арест!

Кимелейді, қақтығысу, алдағылар артқыны жібермейді, алысу.

Ерескин (*мінбеге, жүгіріп шығып, қатты*). Тоқта! Сендер емес пе мені бастық сайлаған?.. Құтырып кеттіндер ме?!.. Осыдан бассыздық қылып, сөйлеспей, тыңдамай шуласаңдар, кетеміз!.. Бәріміз де!.. Керегі жоқ, сендердің істеріңнің... Біз әдейі сендермен сөйлестіруге шақырдық. Айтыңдар, сендердің сөздеріңді, не болды? Малмысыңдар?.. Айтсын, тыңдайық! Біз де айтамыз. Енді шуласаңдар, алдымен міне мен кетемін.

Дауыстар. Айтсын, айтсын. Сөз бер!.. Бер сөзді, тыңдаймыз.

Фурманов (*қайта шығып*). Жолдастар! Жылдар бойы Лепсі, Қапал тауында, Іле, Байқаш құмында, алыс Қытай шегінде талмай алысқан сендер емес пе едіңдер? Кім үшін соның бәріне шыдап едіңдер? Кеңес үшін емес пе еді?.. Сол Кеңесің Жетісудағы жауынан және құтылса өзге жердегі сыртқы, ішкі жаулардан әлі де арылып болған жоқ, қастарыңда мына кешегі кескілескен жауың – ақтың атамандары отыр. Сендердің бүгінгі ереуілдеріңе олар қуанып отыр. Бүгін болмаса, ертең сендердің осыларыңды пайдаланып, қайта қатаяйын деп қылышын қайрап отыр. Олар келсе, кім көреді жәбірді? Тағы сен көресің. Кім алысады? Тағы алысуға сен шығасың еріксіз. Бос айқайлайсыңдар, бекер сөз айтасыңдар. Біз кеңес үкіметінің қызметкері сендердің жауларың емес, сендерді бізбен сөйлестірмей, ұғыстырмай кетеріп, қоздырып тұрған кім? Ол – кулактар. Аранда қалған байлар.

Қарабаев. Кулак, бай жоқ біздің ішімізде, бәрі де еңбекші! Бұл өтірік.

П а р т ш к о л и с т (қасындағы қызыл әскерлерге). Қарсы сөйле сен!

1 - қ ы з ы л ә с к е р (қатты тепсініп). Өтірік емес! Сен сөзін бұзба, айтқызу керек! Естісін мына тұрған көпшілік әскерлер, крестьяндар! Сен жалған айтпа! Бар кулак, бар бай.

Қ а р а б а е в (қатты тепсініп). Ол кім? Кім кулак?

Қ ы з ы л ә с к е р (қолымен нұсқап). Міне, сен кулактың баласы, Қарабаев!

М а с а н ч и н . Сенің жақын туыс қаның кәпес Мекапар! (Кеудесін қағып.) Міне мен білемін, жасырма, өтірік деші!

Қ а р а б а е в (тікірейіп, ашулы, Масанчинге). Ә, солай ма?.. сендер біздің доспысындар? Тұра тұр? Тұра тұр! (Айқайлап, қолын айнала сермен.) Көріңдер мына біздің досты!?. Ұмытпандар, біліп алыңдар!

Ф у р м а н о в (киіп кетіп). Жолдастар! Кеңес үкіметі кімге жайсыз? Кімге керексіз? Жетісудың кулагына, байына керексіз. Ал, еңбекші, крестьян жер-мүліксіз кезде батрак, осы тұрған қызыл әскер көпшілігі, маған кеңес не жаулық қылды? Ұғынбайтын, сенбейтін еш нәрсе жоқ. Сендермен біз ұғысамыз, адастырып тұр, түсініңдер! Ойландар, бұл қателерің түзеледі. Тек бұл беттен қайтыңдар, сөйлесіңдер!

П е т р о в (айқай салып). Қырғыздың әскері қаптап келіп қалды! Ұмтыл қаруыңа! Тарқат шапшаң!..

Жұрт у-шу, жан-жаққа тарай, тарай жөнеледі. Орта селдіреп қалады. Че-
бисов, Қарабаев, Черных Фурмановтарға келіп.

XI көрініс

Ч е б и с о в . Жүріңдер военсоветке! Ендігі сөзді военсовете сөйлесеміз.

П а р т ш к о л и с т . Өтірік айтады Петров, ешбір әскер жоқ.

Қ а р а б а е в . Бәрібір жұрт тарап кетті. Енді керек емес, жүріңдер.

Ч е р н ы х . Жүр! Жүр, алып жүр!..

Солдаттар қоршап алады. Фурмановтарды алып кетеді, бәрі солай кетеді, сахна ашылады.

XII көрініс

Жарболов, Есеналин, артынан жылдам басып, Жанұзақов, Масқұт қожа шығады.

Жанұзақов. Сендер әсер ете алмай жүрсіңдер ме? Мыналардың бассыздығы көбейіп барады ғой!.. Қазақты, тараншыны жау санай ма? Қалай өздері, бүгін жазықсыз екі қазақты атып тастапты.

Есеналин. Бассыз, көпшілігі басшыларына бағынбайды. Билеп жүрген казак-орыс байлары мен кулактар!

Жарболов. Алғашқы күндер ғой, әзірше бассыздық болады ғой...

Масқұт қожа. Менің ойымша, жаман айтпай, жақсы жоқ, Фурмановтармен ашық жаулыққа сіздер басшы болмаңыздар. Артты ойлау керек... Қалай да мен өзімді атамауларыңызды сұраймын. Біздің халыққа бұлар өте жаман көрініп отыр...

Жарболов. Оны қауіп қылмаңыздар, екеуіңіз де аталмайсыздар. Қажеті жоқ оның, көрініп тұр.

Сүлейменов кіреді.

Жарболов. Немене, әлгілерді қайтты?

Сүлейменов. Фурманов, Беляев, Сәрсембаевті – бәрін де жауып қойды.

Жанұзақов. Фурманов, Сәрсембаевтар жабылса жабылсын, сол керек!

Сүлейменов. Енді Қарабаев Шағабутдинді жабу керек деп жанжал салып жатыр.

Жанұзақов. Шағабутдин қазақ, қырғыздарға сенбейді, күн туса бізге залалды болатын адам, ол бәрімізге жау.

Жарболов. Рас, осында және Бәрібаев, Өтеповтер келіп, кетіп жүр.. солар да дұшпан болар деймін, оларға да сенбеу керек.

Жанұзақов (*таңданып*). Бәрібаев. Өтепов деймісің? Мұны неге айтпағансыңдар бұрын?.. Ой, мыналарын ұйымсып іс істеп жүр ғой!.. Өзі тегі, сендерден бұндағы жігіттерді азғырып, жырып жүрген шығар, оларын байқадыңдар ма?

Есеналин. Ол рас. Сол байқалғандай өзі.

Жанұзақов. Тоқта, олай болса. Бар жігіттерді қайтадан тегіс үгіттеп, баурап, жинап алыңдар!.. Беті өздеріңнен бөлек боп қайшы көрінген... Ноғай, қазақ тағы басқалар болса, тегіс сырын ашып, жапқызыңдар. Түбінде қайсысына кететін болсаңдар да,

күш сендердің қолдарында болып, елеп сөйлесетін кісісі жалғыз сендер болуларың керек. Түсінесіңдер ме?!

Ж а р б о л о в . Түсінікті.

С ү л е й м е н о в . Дұрыс, дұрыс осы.

М а с қ ұ т қ о ж а . Ай, білмеймін. Соңғы айтқан мұсылман жігіттерін жапқызу деген шараларды байқап істесе қайтеді? Іс ұлғайып, аралары ұйлығып кетпесе... мыналарыңа, әй, сенім жоқ қой өзі!..

Ж а н ұ з а қ о в . Жоқ, болды. Оларды жолдан бөгет қылдырмай алып астау керек. Күштің бәрі осы өз қолыңда тұрсын! (*Жұдырығын түйіп.*) Жинап, баурап, қысып ұста соны!.. (*Жақындап келіп сыбырлағандай.*) Тіпті болмай бара жатса, ең соңғы решительный уақытта, сол күшіңмен бір жағына бұлт етерсің, білдіңдер ме?.. Ширандар, берік болыңдар. Қатты істендер! Ал, аналарды жапқыз, жапқыз! (*Жалтақтап.*) Ал кеттік!..

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Жетінші сурет

Сахнаның бір жақ жартысы абақты. Подвал, жарымы жай алаң. Бұл алаңда бір жақ бұрышқа таман әр жерде үлкен жәшіктер. Әр жерде жатқан болады. Сол алаң жақта абақтының есігі бар, есік жақта решеткалы кішкене терезе. Абақты іші кір, ала көлеңке қараңғы. Ішінде ешбір аспап жоқ. Бір-екі-үш жерде ғана болымсыз кірпіш нарлар. Бәрінде кішкене кір, жалаңаш бір бұрышта сахнаға жақын жерде оқшау бір орын, бір бөрененің кесіндісі. Фурманов сонда отыр. Абақтыда одан басқа Беляев, Люба, Шағабутдин, Өтепов, Сәрсембаев, көбінің түстері томсарған, үндеспейді. Беляев қана тұрып, жүріп қояды. Фурманов тізесіне блокнотты қойып, жазу жазып отыр. Сыртқы есік алдында часовая. Мылтық, қылыш сыртылдап, әрлі-берлі жүріп қояды. Анда-санда үш-төрт крестьян, солдаттар үш-төрттен топтанып келіп, решеткелі терезеден қарасып кетеді. Күлісіп, сүйінісіп табалаған жүзбен қарасқандар да бар. Сахна ашылғанда сондай бір топ қарап жымымдасып, қожандап келіп кеткеннен кейін аз тым-тырыс.

І көрініс

Ф у р м а н о в (*жазуын тоқтатып*). Ақымақтың халі болды бұл. Бұл не?

Б е л я е в . Бірінен-бірі мағынасыз хал!.. Біздің жай бір сәрі, Шағабутдин, Өтеповтікі не? Бәрінен жайсыз осылардың түсуі...

Ф у р м а н о в . Бұлардың түсуіне өзгеден бұрын осы жерде жүрген екеуін де жақсы білетін адамдар себеп болуы қоюы керек.

Ш а ғ а б у т д и н . Олай болса, крепость жақтағы қазақ, қырғыздың біреуі болады. Әсіресе Өтеповтің жабылуы... солардың әрекетіне байланысты.

Ө т е п о в . Онда бұл істеушілер Жарболов, Сүлейменовтер деп білу керек. Шынында, мен әскери адам емес, мен белгілі комиссар емес, мені қайдан тауып, қалайша ұстады?..

Ш а ғ а б у т д и н . Дұрыс айтасың. Жарболов, Сүлейменовтер.

С ә р с е м б а е в *(қозғалақтап, дірілдеңкіреп, шошынып)*. Жарболов дейсіңдер ме? Ойпырай, сені жаптырған олар болса, онда менің халім не болады?

Ө т е п о в . Не болушы еді, жұрт көргенді көресің.

С ә р с е м б а е в . Жұрт көргені не?.. Сендерге батпас, аямағанда мені аямайды. Білемін, білемін, ойбай-ау... Шынымен өлген жер осы болды ма?

Басын шайқап, бетін басып, бұрышқа теріс айналады.

Тым-тырыс.

Ш а ғ а б у т д и н . Неге аямайды? Неге саған ерекше тиеді дейсің, себебі не?

С ә р с е м б а е в . Сендермен Жарболовтар өш емес,ә? Маған олар қадалса, аямауға бекініп қадалады. Қатты жау санағаны, өш олар!... Өлген деген осы!

Б е л я е в *(салқын)*. Ие... жауы сен ғанасың да, біз досымыз... бізді тіпті жақсы көреді Петровтар...

Ө т е п о в *(Сәрсембаевқа кейін)*. Жау көрсе сенен сонауғұрым үлкен қауіпті жау деп санайтыны Фурманов, Беляев, тіпті Шағабутдин мен мені сенен бұрын алады. Ал, кетерсің тіпті...

С ә р с е м б а е в . Кетерсің!.. Айтарсың... асарыңды асап, жасарыңды жасап ап... Мен қайтып көнемін өлімге?..

Л ю б а *(қатты)*. Немене сен жібіп кеттің? Еркек, маскара емес пе бұның!.. Ойланамысың, жоқ па?.. Төңкерісші большевик деп аталасың тағы...

Ш а ғ а б у т д и н . Неменеге келген осында өзі! Мұны әлдеқашан атына мінгізіп, ауылына жіберу керек еді!

Л ю б а . Осындай адам біздің ішімізде... большевик қалай

өледі?! Естіп пе ең, білемісің?.. Езуіңнен күлкің сейілмей, қабағыңды бірде-бір жиырмай өлу керек!

С ә р с е м б а е в . Ие... айтуға жақсы, жеңіл... сен әйелсің, саған тимейді... (*Қиналып.*) Келмейді... келмейді қолымнан, шамам жоқ.

Ө т е п о в (*ашуланып*). Қыңсылама енді, жетті! Өлсең қырылып жатқан мың сан төңкерісшінің ішінде жаны аяулы сенбісің? Өлерсің! Бұйткен сен ешкімге керегің жоқ. Есің болса, сендей сорлы қорқақ болып, тірі жүргеннен де осындай жақсы өліммен өлген артық!

С ә р с е м б а е в . Оның бәрі кеңшіліктегі сөз (*Люба күледі.*)

Ө т е п о в . Шығарма енді үніңді!.. Атаң басының кеңшілігі... Сен өлімге бұйырылдың да, мен бостандықта жүрмін! (*Тым-тырыс.*)

Ф у р м а н о в (*книжкасын аударыстырып отырып*). Ие... бұл отырғаннан аман кетуші бола ма, жоқ па!.. Ол қараңғы...

Б е л я е в . Оны болжап неменеге керек?.. (*Күліп.*) Жақында Петров, Чебисовтардың өздері-ақ шешер!

Ф у р м а н о в . Рас. Сол себепті әсіресе болжайсың. Жүргенін сыпырған асау Петров, Қарабаевтар, келешегің соқыр тағдыр, мылқау, меңіреу әлде қандай бір кезең... Билетпестей, түзелместей ақымақтық хал!..

Ш а ғ а б у т д и н . Е... Ей!.. Керек пе екен соны ойлап?..

Б е л я е в . Рас... Оған алыстан телміріп, үңілу қажет емес. Мына жақындап бетпе-бет келгенде, өзі де танылады. Сонда көріп-біліп алармын.

Ф у р м а н о в (*орнынан тұрып, книгасын жауып*). Дұрыс айтасың. Әзірше лақтыру керек ол ойды!

Л ю б а . Мана нелер жазып отырдыңыз?

Ф у р м а н о в . Жай әншейін... Кейін естен шығып қалмасын деген бір нәрселер... уақ-түйек.

Б е л я е в . Ие, бұл есте қалу керек...

Люба ақырындап ән бастайды, өзгелер костайды. Өлең ескірек төңкерісшіл жырлардың бірінен. Әннің аяқ кезінде терезеге тағы бір топ дабырласып, шуласып келеді. Бұл Шағидуллин, Ная, партшколист.

II көрініс

Келе жатқан үш кісі – екі солдат, бір крестьянин. Олар өтеді, оның артынан Шағидуллин, қасында Ная бар.

III көрініс

Шағидуллин орысша дабырлап, сөйлеп, ұрыса келеді. Ная еркекше киінген. Бала киімін киінген кішкентай Хакима және партшколист шығады. Шағидуллин часовойға көз қылып, алыстан даурығып, қатты сөйлейді.

Шағидуллин (*жұдырығын түйіп*). Осында Шағабутдин деген найсап татар бар дейді! (*Терезеге жылдам барып.*) Берер ме еді менің қолыма!... Шағабутдин, Шағабутдин! А ну-ка, покажись, гер-рой!

Шағабутдин терезеге келеді, таниды. Шағидуллин тезінен ноғайшылап: “Штабта Қарықбаласы сіздің халыңыздан хабарласқан”. Дауысы ұрысқан кісідей, ақырып, тепсініп, жұдырығымен терезені ұрып, аяғымен жер тепкілеп тұрып сөйлейді.

Қазір барлық әскери бөлімдердің өкілдері жиылып, мәжіліс құрып жатыр, мәселе сендер туралы.

Шағабутдин (*асығыс*). Настроение қалай? Бізге достық қандай? Әлде жаулық күшті ме?

Шағидуллин. Малғұн, дұшпан көп... но достар да бар.

Шағабутдин. Зор ма біздің халдың қаупі?

Шағидуллин. Зорлығында суз иок. Бірақ біздің адамдар да істеп жүр.

Шағабутдин. Үміт сол ғана ма! Бастықтарды жазаламау керек, босату керек деген сөз бар ма?

Шағидуллин. Оларға сеніп болмайды. Білесің, бастықтар рахымсыздық жағында... Жә, менің қасымда Ная... Одан Митяға сәлем!

Өзі часовойға бұрылады. Фурманов жақындап келеді. Часовой да жақындайды. Шағидуллин сіріңке сұрап часовойды айналдырады.

Ная (*жылдам*). Митя!.. сенің халың шешілгенше, мен крепостен кетпеймін... Көріспесек хош!..

Фурманов. Хош! Ербол, Ная!.. Жасыма, мен өкінбеймін.

Шағабутдин (*өтірік ұрысқан пішінмен*). Бізге қараған адамдар осы жерге жақын болсын!..

Шағидуллин. Біз өзіміз де солай істемекпіз.

Часовой (*Шағидуллинге*). Сен немене татарша былшылдайсың? Орысша сөйле!

Шағидуллин. Сен белмейсің, ол татар емес пе? (*Жұдырығын түйіп.*) Покажу я ему!..

Сарт-сұрт етіп, Петров пен Қарабаев жылдам басып келеді. Хақима бұлардың сыртынан шыға беріп, жәшіктердің артына кіреді.

IV көрініс

Петров (*Шагидуллинге*). Кетіндер бұл жерден, не керек сендерге мұнда?!

Шағабутдин бұл кезде жолдастарына жаңа сөздерді айтып жатады.

Қарабаев. Бар, бар!.. Бұл жер абақты, оған білемісің Петровтың рұқсатымен ғана келу керек!..

Петров (*Шагидуллинге*). Сен неге келесің? Қазақсың ғой өзің?!

Шағидуллин. Келдім мен де. Шағибутдин менің жауым!

Бұлар кете береді.

V көрініс

Часовой. Өзі татарша сөйлейді, мен олардың былшылын ұқпаймын.

Петров. Жолатпа, енді гәрі! Сенбеймін мен оған. Өзін есте тұтып қалу керек! Әлгіні аңду керек.

Қарабаев. Жә... болды енді... тез қимылдау керек.

Петров. Осында жүрген бар мұсылман дұшпан! Білдің бе?.. Бастықтарын тегіс жауып, қыру керек.

Қарабаев. Білемін. Тұра тұрсын әуелі мыналар...

Петров. Бұл Жетісу крестьянының, орыс халқының көтерілісі, қырғыздардың көмегі керек емес. Көремісің? Олардың әскері де азғырылған! Бір минут сенбеймін.

Қарабаев. Рас, сенбеу керек. Қолынан келсе олар бүлдіреді. Алғашқы күнде қарсылық істемесін деп қана алдық.

Петров. Біліп қой, олай болса, мыналардан соң солар... Он алтыншы жыл ма?.. Жоқ, одан да күшті жаншып тастау керек.

Қарабаев. Болсын солай. Ал, шақырайын ба солдаттарды! Әскер өкілдері біз айтқанды істемейді, бұларды босат дейді әлі.

Петров. Бұлар аман қалса, бәрібір екеумізді аямайды, тез жұмсау керек! Қаулыларын шығара берсін, бұл жакта қаулыдан бұрын бітіріп, тас-талқан болады...

Қарабаев. Қай жерде?

Петров (*абақтының сыртын көрсетіп*). Міне, мынаның аржағы.. бар, шақыр!.. (*Қарабаев кетеді, терезеге келіп*). Фурманов! Фурманов!..

Бұл уақытта Хакима орнынан ақырын шығып, жүгіріп жөнеледі.

Фурманов бар ма мұнда?

Фурманов (*жай*). Бар (*орнынан тұрады*).

Петров. Шық бері!..

Есік аштырады. Арт жағынан сарт-сұрт солдаттар келеді, алдында Қарабаев.

Фурманов (*жолдастарына*). Жолдастар! Хош енді! (*Бәрімен қоштасады*.) Жакындап келгені осы ғой!.. (*Бір басып*). Бар күшінді өлімге беру қандай қиын еді?.. Тым болмаса алыспай, қарсыласпай!..

Петров. Шық, бол енді, қайдасың!..

Күзетші. Бол, шапшаң!

Шағабутдин (*жылдам басып келіп*). Неменеге керек Фурманов, жеті түнде?..

Петров. Шық! Шық жылдам!.. Тоқтат сөзді!..

Шағабутдин. Неге керек ол? Кім шақырады?

Петров. Жауапқа, бол жылдам!..

Шағабутдин. Бармайды Фурманов!.. Қарабаев, Петров келсін!..

Петров, Қарабаев (*екеуі де есіктен көрініп*). Міне Петров, Міне Қарабаев.... (*екеуі де жыртқыштарша ыржияды*).

Петров (*Қарабаевқа*). Енді созуға болмайды, болсын осы арада.

Қарабаев (*солдаттарға*). Кіріңдер!..

Сырттағы солдаттар есікті керней кіреді. Мылтықтарын сарт-сұрт қайырып, кезеп тұрады.

Петров. Бұл военсовет әскерлер бұйрығы! (*солдаттарға командымен*) Бір... екі!..

Сахнаға Масанчин, Ерескин, Шағидуллин, партшколист, жанында он шақты қызыл әскердің үшеуі орыс қызыл әскері, өзгелері дүнген, татар, қазақ, қырғыз, тараншы – барлығының киімдері өз ұлттарын көрсетіп тұрады.

Ерескин (*ақырып*). Тоқтат!.. (*Солдаттар іркіліп қалады*). Тұр былай!

Солдаттарды партшколст екеуі кимелеп сыртқа таман қағып жібереді.

Петров, Қарабаев, мен сендерге білдіргелі келдім. Военсовет екеуінді жабуға қаулы қылды!

Петров. Кім ол? Мені ме!..

Ерескин. Сені, сені де, Қарабаев! Жүріңдер сөйлесейік!..

Қарабаев. Мені де ме? Не үшін, кім ол?..

Ерескин. Болды, қаулы! Тез түзеу керек! Тұрыңдар былай!..

Аналар жүндері жығылып, сыртқа қарай шегіне береді.

Масанчин. Ал, қаруын... жабыл!

Арттағы солдаттар сырт қарап тұрған солдаттарды бас салады. Іштегілер ұмтылып, Ерескин, партшколистермен жылдам Қарабаев, Петровты бас салады, жығып, мылтығын тартып алып.

Шағабутдин. Ал, тартыңдар!

Бәрі жөнеле береді.

Беляев (*Шагидуллинге*). Бар ма жолда бөгет?

Шағидуллин. Өзіміздің кісілер тегіс дайын, жолда тұр.

Фурманов. Ат дайын ба?

Шағабутдин. Төртінші, төртінші бөлік!..

Өтепов (*жолдастары жөнеле бергенде ақырып*). Ой-лаңдар! (*Жұрт тура қалады.*) Жап, тегіс мыналарды!

Мылтығымен Петровтарға тап береді. Бәріне мылтықтарын төсеп, тегіс абақтыға қамап, сырттан бекітіп жөнеледі.

Қамаудағылар (*бақырып*). Қу, ұста!.. Алдау! Сатылу!..

Есікті тепкілеп, опыр-топыр.

Петров (*алқынып*). Ерескин! Ит!.. Өлтірем!.. 26-шы, төртінші бөлекке, бөлекке хабар! Хабар!.. Ит, өлтірем!..

Шымылдық

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Сегізінші сурет

Сахна көк жасыл дала. Алыста Алатау. Шымылдық ашылғанда сахнаға әңгімелесіп, жеті кісілік қызыл әскер тобы шығады. Бұл – төртінші Кавполктың теке-түрікпен деп аталатын бөлімі. Эскадронда көпшілік үлкен қара бөрікті түрікпен, солармен аралас орыс, өзбек, татар, қазақ жігіттері де бар. Сахнаға шыққан топтың ішінде екі орыс қызыл әскері, Қуатов, бір татар, бір өзбек, бір қазақ қызыл әскері бар.

І көрініс

1 - орыс қызыл әскері. Үш жыл бойындағы граждан соғысында Кеңес үкіметімен ылғи белдесіп, алысып келе жатқан кім? Құр ғана жандарал, құр ғана атаман емес, бәрі де жұмысшы мен еңбекші крестьянның ежелгі кескілескен жаулары, тап дұшпаны.

1 - татар жігіті. Дұрыс айтасың. Мәселе сонда! Тап дұшпаны! Ол дұшпан мен жандарал емеспін, офицер емеспін және тіпті әскери де емеспін деп қарап тұрмайды. Ол бәрін салады. Шүнки мұны өлу-тірілу майданы деп біледі. Ол әскер жияды, қару ұстайды, кеңес үкіметіне қарсы шығады.

Қуатов. Және барлық жерлерден жаулардың түсі-тегі бірдей. Бәрі бір-ақ түрлі.

2 - орыс әскері. Рас. Қайда барсаң атаман! Қайда барсаң жандарал! Солтүстік пе, оңтүстік пе, күнбатыс па, күншығыс па, бәрі бір!..

Татар жігіті. Жоқ, жалғыз атаман емес, сен олардың әр жердегі союзниктерін ал. Татарстанда мелли-мәдени мұхтазит союзнигі. Сибирь үкіметі Колчак, Башқұртстанда – Уәлидов союзнигі болған Дутов...

Қазақ жігіті. Қазақстанда алашорда союзнигі Анненков, Дутов, Колчак – бұлардың қарсылығын бүгін ғана басып отырмыз.

Түрікпен жігіті. Түрікпенстанда Закаспий үкіметі союзнигі ағылшын капиталистері, эсер үкіметі – ақтар.

Өзбек жігіті. Түркістанда Қоқан автономияшылары союзниктері, уламистер, ишан-сәудегерлер. Бұхараның союзнигі – Николай! Қайдан табысқан тегіс!

Қазақ жігіті. Өліп табысқан! (*Kүліседі.*)

Татар жігіті. Әлжініс... миғлжыныс, міне! Саған оның секреті!.. Но, қақысы сол, біз осы жүрген хәммәбіз солардың әрқайсысымен қарсы майданда кездесіп, анық пішіндерін, шын сырларын көріп, танып шықтық та!

Қазақ жігіті. Ие... біз дос кім, жау кім екенін енді таныдық.

Татар жігіті. Иә... шол граждан войнасы бізге социолитический пәндердің мектебі болды... Біз хәммәбіз жауларымызды білдік енді. Оның бәрі бүгінде біріккен.

Қуатов. Ие... мұның бәрінің бірігуіне, ұрысуына мағына бар... Ал мына біздің Жетісу крестьяндарының, кешегі бар фронтты басынан атқарған партизандардың ақымақтығында не мағына бар?

2-орыс қызыл әскері. Есуас, ақымақ олар! Не үшін, кім үшін құтырып жүргендерін де білмейді олар!..

1-орыс қызыл әскері. Оларды құтыртып жүрген кулактар. Жетісудың кедей, батырағы әлі кім досы, кім қасы, аңғарып болған жоқ. Сондықтан кулактың шокпары болып отыр. Олардың есі кіреді, тұра тұр!

Қуатов. Әрине, есі кіреді, онсыз мүмкін емес.

1-орыс қызыл әскері. Тұра тұрсын... біз барайық, ұялтамыз-ау өздерін де!.. Партизан жақсы атына таңба салып, не деген масқара!?

Қуатов. Сонысы шын масқара.

Дауыстар. Уа, жолдастар! Жиылыңдар! Жиылыңдар мұнда, жиналыс! Жиылыс, Алматыдан жолдастар! Жиыл!.. Жиыл! Жолдастар келді!

Жан-жақтан әскерлер топ-топ болып жинала бастайды, көпшілігі орыс қызыл әскерлері мен түрікпендер, араларында қазақ, қырғыз, өзбек, тараншы, татар. Аздан соң ортаға Фурманов, Беляев, Ерескин, Бәрібаев, Шағабутдин, Өтепов, Мартынов, Мамедов шығады.

II көрініс

Мәмедов. Жолдастар! Қазір сіздердің алдыңызда Алматыдан келген жолдас Фурманов сөз сөйлейді. Сендер Фурманов жолдасты білемісіңдер?.. Ол Түрік фронтының, жолдас Фрунзенің Жетісуға уполномоченный қылып жіберген адамы. Ол

ретті Қызыл әскермен Ресей ішінде, Ресей шеттерінде де барлық
граждан соғысын бастан-аяқ басынан атқарған ол олардың парти-
зан әскерімен де, талай ауыр өлкелерде болып, сыналып өткен. Ол
кіндік уәкілі, біздің Жетісу сияқты шеттерде, әлі кіндіктің шын
бағытын, рет-тәртібін түсініп болмаған жерлерін бұлар бейнет
қып, еңбек сіңіріп, сол тәртіпті түсіндірмек, орнатпак. Және
Жетісу бұрынғы патша отары болған жер. Мұнда бұрын езілген
ұлттар, қазақ, қырғыз, тараншылар, татарлар бар. Жолдас Фур-
мановтар кіндік үкімет пен партияның бағыт ұранын орындап,
осындағы күншығыс ұлттарына саясат жөнінде, шаруашылық
жөнінде, кеңестің мемлекеттік программасын іске асырып, еселі
тарихи сыбағасын әпермек! Соның бәрі Жетісу кулагын тулатып,
қарсы қып отыр. Кулактар қарсылығы неге әкелгенін ол сендерге
қазір айтады. Тыңдаңдар, түсініңдер!..

Ф у р м а н о в. Жолдастар! Жолдас Мәмедов дұрыс айтады.
Бізге қарсы шығып отырған бір Жетісу кулагы. Олардың алдауы
мен қыздырмасына желігіп отырған кейбір Жетісу бөлімдері
қазір оларға Алматы крепостіне жиылып, өз алдарына военсовет
сайлап, өздерін үкімет деп жариялап отыр. Ондағы көпшілік кім?
Ол – Жетісудың кедейі, батырағы. Ол не тілейді? Не тілейтінін,
кімге не үшін қарсы шыққанын өзі де білмейді. Басқа кім?
Бүліктің түп-тамыры кім? Ол – кулак! Кулак неге көтерілгенін
біледі. Олар Жетісу крестьяндарынан шыққан солдаттарды де-
могогиямен, өтірік есекпен пайдаланып кеп, азғырып, желіктіріп
отыр. Бұл әскер Ферғанаға бармаймыз, кеңестің Жетісудан
басқа жердегі жауымен алыспаймыз дейді. Олар қазақ, қырғыз
сияқты елдерден әскер алғызбаймыз, оларға шаруа жөнінде есе
бермейміз, саясаты теңдік әпертпейміз дейді. Кеңес үкіметін
Жетісудың крестьяны үшін ғана жасаймыз, кіндік бағытын,
кіндік өкілі, кіндік басшылығы бізге керек емес дейді. Үкімет
өзіміз боламыз, кіндік өз бетіне, біз өз білгенімізді істейміз,
қазақ-қырғыз бұрынғыша еркінде қалсын, жер-сусыз, правосыз
болсын дейді. Мұны айтатын кулактар. Солардың жетегіне еріп,
кіндік басшылығына бағынбай отырған Жетісу крестьяндарынан
құралған гарнизон! Бұл дұрыс па, не дейсіңдер?

Д а у ы с т а р. Дұрыс емес, олар ақымақ!.. Үйрету керек
оларды.

І - о р ы с қ ы з ы л ә с к е р і. Кулактарға баралық! Жетісу
әскерін ақымақ қылдырып қоймаймыз. Олар тез қатесін түзеу

керек. Бастандар бізді! Біз үйретеміз крепостегі кулактар мен олардың агенттерін.

Дауыстар. Баста! Баста! Жасасын кіндік үкіметі! Жасасын партия! Тоқтатпа, тоқтатпа бізді, баста! Жасасын кіндік басшылығы!.. Құрысын кулак қарсылығы!..

Белыев. Болды. Мінсін енді әскер тез атына!.. А?.. Мәмедов. Ал, тез тараңдар, мініңдер аттарыңа!

Солдаттар шу-шу тарайды, Мәмедов бірге кетеді.

III көрініс

Жылдам басып Барайнок, Патриесов, Масанчин, Есенов келіп шығады.

Фурманов. Не хабар? (*Масанчиге.*) Сендер аман шықтыңдар ма, крепостен? Барайнок. Хабар. Қазір Қарабаев, Петровтар қаланы алдық..., штаб хатшысы деп емін-еркін көсіліп жатыр.

Белыев. Штабка да барды ма?

Патриесов. Барды. Осы күнде бастықтары штабта. Ұран салуға мүмкін.

Барайнок. Енді асықпаса, хал қиындап кетті. Штабта қалған жолдастардың халі қауіпте.

Фурманов (*Масанчиге*). Крепосте қақтығыс болды ма? Жоқ па? Қалай шықтыңдар?..

Масанчин. Қақтығыс бола жаздады, бірақ аман шықтық.

Ерескин. Қай уақытта кеттіңдер? Мұсылман бөлімдері түгел шықты ма?

Масанчин. Түнде сендердің іздеріңше кеттік. Артымыз қатты ойран болып қалды. Мұсылман бөлімдері түгелге жақын кетті. Қалғандары болса, Жарболов бұзып қалғандар.

Ерескин. Өзге әскер арасында жік күшейді ме?

Масанчин. Күшейген сияқты. Қызыл әскердің көбі қатесін мойнына алып, түзелуге жақын.

Барайнок. Бірақ түндегі кетістер оларды қайта қобалжытқан сияқты. Енді бәрібір аман құтылып кетті. “Фурмановтар аямайды” деген үгітті күшейтіп жатыр дейді.

Белыев. Енді ақымақ қылса, сонымен ақымақ қылады.

Патриесов. Оның үстіне қалаға әскер ішінде 26-шы полк келді. Келе жатыр, қазір қалаға кіреді. Ол да крепость

жағында деп неше алуан өтіріктер таратып, крепость күшін қайта қоздырып, қолдарына баурап жинап жатыр.

Б е л я е в . Онда бізбен соғысуға мүмкін екен ғой?

Б а р а й н о к . Мүмкін. Әзір болу керек оған да.

Ф у р м а н о в . Болды енді. Қаланы бүлдіртпеу, әскерді бұзықтыққа жібермеу, бұл бүлікке тезінен тыю салу бәрінен қымбат! Бәрінен асығыс, тез қалаға тарту керек!

Б е л я е в . Қалаға кіреміз.

Мәмедов келеді.

Б ә р і б а е в . Ал, енді не болса да тездету керек.

Ф у р м а н о в . Шабуылмен кіреміз. Дайын ба әскер?

М ә м е д о в (*рапорт беріп*). Бірінші түрікпен эскадроны барлық қару-жарағы бойынша, шеруге дайын! Түгел әміріңізде!

Ф у р м а н о в (*Беляевқа*). Команданы өзің ал да баста!

Б е л я е в (*жүгіріп келіп, биік жерге шығып ап, қылышын жалаңаштап*). Эска-д-р-он! Қа-м-дан!

Сахнада тұрған адамдардың барлығы қатарланып, қамданады, қылыштары суырылған. Фурманов, Барайнок, Шағабутдин, Масанчин, Мәмедов алғарак екі бүйірде окшауырақ тұрады. “Алматы крепосына шабуылмен бас!” Поход күйін тартып, сатыр-сүтыр жүріп береді, күй естіліп жатады.

Ш ы м ы л д ы қ

Тоғызыншы сурет

Крепостің Қарасу жакка караған бұрышы. Биік қабырғалары сахнаның жарым бойына сұғынып, бұрыштанып тұрады. Сол қабырғалардың бергі жағында шолама көк бар, бергі жакта үлкен жәшіктерден жасалған биіктер бар. Сол жакта қакпа, сахнаның зал жак шетінде оң жакта телефон.

І көрініс

Әр жерде селдір топтар. Крепостің қабырғасынан қарап тұрады.

Сахнаға Петров, Қарабаев, Чебисовтер шығады.

Г р и ш к а . Қалада штабта бізге қарсы тұратын ешкім қалған жоқ, енді біздің үкімет!..

П е т р о в . Тоқта! Тоқта! Асықпа!.. Әуелі тезінен қашқан Фурманов, Беляевтарды, барлық штаб, трибунал, особый отделді, барлық комиссарларды ұстап, мықтап қамап салу керек.

Чебисов. Әне, дұрыс! Біздің әкімшілік сонда нық орнайды.

Қарабаев. Түнде қашқан мұсылмандар, Ерескіндер қайда? Бәрін де (*жұдырығын түйіп*) көрсету керек! Шағабутдин, Масаңчин!

Петров. Ә... мұсылмандар ма? Олармен сөз бір басқа! Мұнда қалғандары бар ма? Солардың...

Гришка (*жылдам*). Бар. Қанша тілесен де табылады. Ол асылдар!

Чебисов. Жоқ, оншалық көп емес, көбі түнде кетіп қалды, бәрі әдейі жүрген ғой, білдің бе?

Петров. Қалған кім? (*Мазақ қылып*). Әдейі жүрген?.. Әнеугі достарың қайда? Бірге болады, астыртын дайындық... қайда соларың?

Қарабаев. Ә... олар әлі бар... (*Чебисовқа*.) Жарболовтар бар ғой, осында жүр еді ғой?..

Петров (*Чебисовқа*). Тауып әкелші, кәне?..

Чебисов кетеді.

Қарабаев. Сен онымен байланыспа, әзір асықпасаңшы!

Петров. Байланыспаймын, бірақ үндеме! Мен оны қазір керекке жаратам. Өзі қазақ, центрдегі үкімет басындағы қазақтар ғой... тұра тұр...

Черных кіреді.

II көрініс

Петров. Ие... крепостің жайы қалай? Аралап шықтың ба? (*Қарабаевтарға*.) Мен бұған бұйрық бергем, кім бар, кім жоғын түгендеп шық деп.

Черных. Крепосте қазір әскер көп емес. Қайда кеткендерін көбі айтпайды.

Қарабаев. Е... қала босады.. штабтағылар қашты деген соң, қалаға кеткен ғой!..

Черных. Білмеймін. Өзімізге сенімділер көп еді, қазір соның көбі көрінбейді.. осылар түндегіден соң байқаусыз іріп-шіріп жүрмесін, ойлану керек!..

Гришка. Е... бос сөйлейсің... енді қайда барады? Бәрі өзіміздің қол астымызда! Енді комиссарлардың жонын әкеп төсей беріндер!

Петров (*Черныхқа*). Бос қауіп қылмай-ақ қой, бәрі өзімізде. Бізге ерген бізбен болады.

Черных. Жоқ, сонда да әлгі, қашқындар ұсталмай, бізге тынышталуға болмайды.

Қарабаев. Ол рас.

Черных. Және түнде Фурмановтарды босату керек деп қаулы жасаған әскер бөлімдерінің өкілдері қайда. Ол қаулы тегін емес!..

Қарабаев. Ол рас. Сондайлар қарап жүрмей, бір нәрселер істеп жүрмесін! Жоқ, қашқындарды тез ұстап жаппай болмайды.

Черных. Және штаб, авиравком сияқты әскери, гражданский кеңселерге барып, тезінен әкімшілік тізгінін қолға алу керек. Бой көрсетіп, баурай бастау керек.

Петров. Дұрыс, олай болса. Бұл шын керек. Ендеше, мен мынадай бұйрық беремін. Черных, сен қазір қасыңа Жәркент батальонының ең сенімді кісілерінен өзіңе керекті әскер ал да, Фурманов, Беляев, Шағабутдин – барлық трибунал баршасын тауып, ұстап әкел!

Гришқа. Дұрыс, дұрыс, әкел, әкел тез!

Черных. Жарайды, мен кірісейін.

Петров. Қарабаев, сен қазір штабқа бар! Бастықтарын жиып ал! Бұйрық бер! Бұйрық бер! Бастарын құра. Біздің әмірлерімізді жарияла! Гришқа! Сен Чебисовпен біраздан кейін авиравкомды барып аласың, мақұл ма?

Қарабаев. Дұрыс. Дұрыс. Мақұл.

Жарболов келеді. Петров қоразданып ілгері басып.

III көрініс

Петров (*Жарболовқа*). Осы көтеріліс болғалы бір тиын жәрдемің болды ма?

Жарболов. Біз де істеп жүргеніміз жоқ па? Шағабутдин, Етеповтерді жапқызып едік...

Петров. Болды. Керегі жоқ ол сөздің, көмек қылдың, мұсылманыңның бәрін Шағабутдиндер, Фурмановтар азғырып ертіп кетті. Міне, сендердің жолдастарың! Білеміз...

Жарболов. Азғырыпты, рас, білмей қалдық. Бірақ біздің ұстап қалғанымыз да бар..

Петров. Жарайды. Жарайды, ақталмай-ақ қой. Білеміз... Енді сен не істейсің? Білемісің?

Жарболов. Ие... айт... не істе дейсің? Біз жәрдем аямаймыз, білдің бе?

Петров. Сен партия мүшесі, өзің қазақ, өзің қай орында едің?

Чебисов. Қалалық партия комитетінің бюро мүшесі.

Петров. Ә... жақсы олай болса, жаз! Черных, жаз! (*Черных жазады.*) Ташкен... Турцик, Түрік фронтының Реввоенсоветіне... Верныйдың қалалық, уездік партия ұйымы атынан білдіремін... білдіремін, біздің облыста да, қалада да ешбір саяси бүліншілік жоқ... жоқ (*Өзгелерге қарап қояды.*)

Қарабаев. Дұрыс... дұрыс, әскер жіберме де... мұнда өзіміз бәрін жайлаймыз де.

Гришка. Сендер, центр, еш уақытта кейіптеріңді бізге көрсетпе де, сендер неғұрлым келмейтін болсандар... Семиреч соғұрлым жақсырақ, бақыттырақ болады деп қосайын ба?

Қарабаев. Жок, олай деме. Мұнда, білемісің, политика керек!

Петров. Токта! (*Айтады.*) Мұнда әскер бүліншілігі болды деген өтірік. Олай деп жаулар ғана айтады.

Чебисов. Фурмановтарға не айтады деу керек меніңше.

Петров. Жоқ, керек емес. (*Қоразданып.*) Біз ондайды енді елемейміз. Қазір біз толық әкім! Олар не? Қашкын, атын да атамаймыз (*Қайта айтады.*) Верныйда толық тыныштық, мұнда әскер жібереміз деп әуреленбеңіздер.

Қарабаев. Міне... міне, дұрыс. Болды енді. Қол кімдікі?

Петров. Болды... қол ма!.. Қол... (*Жарболовқа.*) Қой қолды сен, Жарболов!

Чебисов. Уа, рас. Әбден таптың, Петров, бұл үлкен саясат! Бұл қазақ, оның сөзіне центр сенеді.

Петров. Үндеме! Текке істелмейді. Қол қой, кәне!

Жарболов. Өзгелерің қоймайсындар... мен жалғыз, кейін... кейін қалай болады?

Петров. Бірігемісің? Бізбен доспысың?

Қарабаев (*Жарболовқа*). Бір ғана телеграмма... бөтен сөз жоқ... Әскер келсе ойран болады, атыс болады. Тағы қазақ, қырғыздың көп қырылады. Жақсы ма? Бірге көреміз, қойып жібер!

Чебисов. Немене, несі бар. Біз де қойып жатырмыз. Бірге көрерміз.

Жарболов. Қайыр, жарайды (*қояды*), енді бірақ сенбегенді қоясындар!

Петров (*телеграмманы алып, бүктеп салып алып*). Ал, жаңағы айтылған жолдастар тарандар! Черных, Қарабаев!..

Черных. Ал, енді тез сол істерге кірісу керек.

Қарабаев. Мен сол жерден ылғи телефонмен хабар білдіріп тұрам...

Петров. Дұрыс. Жылдам жөнеліңдер! Ол жерге келген штабшылар болса...

Қарабаев. Білемін, келіп көрсін!

Петров. Білесің ғой, Черных! Сен неғылсаң да тап соларды. Онан соң, жолдастар, қалаға барлық әскер, сырт кісілерге 26-шы полк келді, қосылды дей беріңдер!

Чебисов. Жәркент, Лепсі, Қапал – бәрі де біздікі дей беріңдер! (*Петровқа*.) Ал, біз қашан?

Петров. Чебисов, Гришка, екеуің аздан соң авиревком?..

Гришка. Тауып келесіңдер!

Петров. Ал, тарандар! (*Чебисовтерге*.) Сен екеуің әзірше осында бола тұр.

Жарболов, Қарабаев, Черных кетеді.

IV көрініс

Филипп. Петров, Қарабаев, қайда жүрсіңдер, жау қаптап келеді?

Петров. Чебисов, қайдан! Кім? Кім айтты!?

1-кулак. Қара ана қабырғадан, қаптап келеді! Әскер қайда? Әскер!

Петров, Чебисов жүгіріп қабырғаға шығады.

Гришка. Әскер... Әскер! Ату керек! Атысу керек! Қарулан! (*Жүгіреді*.)

Петров. Жый әскерді, шығар пулеметті, ату керек!

Чебисов (*Қорқып*). Келіп қалды ғой. Атысқанмен болар ма екен?! Қан төкпесек қайтеді?!

Филипп (*ақырып*). Қорқак! (*Кекетін*.) Басшы! Аяр деп тұрмысың енді! Атысып өлу керек!

Жүгіреді Петровка.

V көрініс

Сахнаға қарулы топ-топ әскерлер жүгіріп шығады. Көбі партшколистер, онан соң қызыл әскерлер, орталарында партшколист. Бірінші, екінші татар жігіттері, бәрі крепость қабырғаларына жүгіріп шығады. Партшколист онашарақ биіктеу жерде.

Партшколист. Менің команدامды тыңдандар!

Филипп. Бер команда, атсын! Атсын тез, неге тұрсындар, келіп қалды!

Петров жүгіріп шығады.

VI көрініс

Петров. Әскерлер аз. Қайда кеткен?

Кулак. Иттердің қалғандары ішіп қалған, қайтеміз? Петров, бол енді, іс қыл!

Петров (*жүгіріп қабырғаға шығып, солдаттарға*). Ал мылтықты нысанаға!

Мылтықтар сарт-сұрт етеді, Чебисов, кулактар жердегі пулеметті көтеріп, арпалысып жүреді.

Петров (*қатты*). Команда, ат!..

Партшколист (*қатты*). Тоқтат, атпа!

Петров (*ажырайып қарап қалады. Чебисовтердің қолынан пулемет түсіп кетеді. Бақырайып қарайды*). Сен кім, ә? Дұшпан!

Нағанын шапшаң суырып жатады. Партшколистке төсейді.

Партшколист (*бұдан бұрын нағанын қоса суырып, қарсы төсей қояды*). Табжылма орныңнан, жетті... Ойнап болдың!

Кулактар, Чебисовтер партшколистке ұмтылады. Бұларға қарсы крепосте тұрған бар әскер мылтықтарын бұрып-бұрып, төсей-төсей қояды.

1-татар жігіті. Тойғыздыңдар, түсіндік кім екендерінді!

Петров. Ақымақсыңдар сендер... Сендерге Фурмановтың камшысы керек тағы да.

Партшколист. Болды. Таста қаруды!

Петров мылтығын төмен түсіріп, қабырғадан түсе береді, секіріп, бұрылып, қаша жөнеледі. Өзге солдаттар Чебисовтерге қару төсеген қалыпта қала береді. Партшколист, бірінші татар жігіті Петровты қуа жүгіреді.

П а р т ш к о л и с т (*қуып бара жатып сахна шетінде*). Тоқта!
Иттей қатырам!

П е т р о в (*даусы қырылдан*). Жоқ... жаңылысасың... мен
қатырам!

Мылтық атылады. Тезінен қарсы мылтық атылады. Соңғы
партшколистікі.

П а р т ш к о л и с т (*қасында татар жігіті, ақырын басып
барады*). Ой ит, біл міне, кімге қол көтергеніңді...

VII көрініс

Дәл осы уақытта сахнаға: Фурманов, Беляев, Шағабутдин, Барайнок,
Ерескин, Масанчин, Мәмедов, Бәрібаев, Қуатовтар шығады. Артынан үлкен
бөрікті түрікпен әскері қайтады. Араларында татар, қырғыз, қазақ, өзбек, та-
раншы, дүнген жігіттері бар. Бұрын крепостен шыққан әскерлер, қарсыдан
қаладағы, крепостегі қызыл әскерлер. Бұрынғы көтерілісші әскер шығады.

Ф у р м а н о в (*ортада Чебисов, кулактарды көрсетін*).
Алындар қаруларын! Алып кетіңдер өздерін!

Аналарды қарусыздандырады. Мәмедов, Масанчиндер алып кетеді. Жұрт
жабыр-жұбыр, қалғандармен келгендер араласады.

Е р е с к и н . Шағабутдин, сендер тезінен штаб, трибунал,
особый отделге.

Олар жөнеледі, қастарына әскер ереді. Телефон шылдырлайды.

Беляев трубкуны ұстайды.

Б е л я е в . Крепость, штабтан ғой! Қарабаев, Петровка! Қазір,
шығып кетті! Ол сені жаңа керек қып еді, штабпен жалғаса ал-
мады. Қазір өзі бармақ. Сонда тос. Тосындар, жарайды, жә, өзің
неғып жатырсың?.. Билікке отырдым?.. Бұйрықты беріп жатыр-
мын. Мұнда қалғандарын тегіс жатқызып жатырмын... Тегіс.
Дұрыс... штаб, трибунал асты-үстіне шығарттым!.. Дұрыс, сал,
сал ойынды! (*Тоқтап қалады.*) Қарабаев! Қарабаев! Қайда кетті?
Кім? Сен кім? Быковский? Беляев, сен қайдан? (*Бұрынғылар
күледі.*) Есенов, Өтеповтер бәрін де сонда арестке алдық, крепості
біз де алдық! Алып кел! Бәрің де кел! (*трубкуны қойып.*) Жол-
дастар! Бұл бүліншілік, бүлік те бітті. Бұзықтар ұсталып жатыр.

П а р т ш к о л и с т . Әскерімен Черных бар. Сіздерді іздеп
кеткен ол!

Ф у р м а н о в . Мұнда қай-қай әскери бөлімдер бар?

1 - қ ы з ы л ә с к е р . Біз бүліншілікке қатынасқан Жәркент батальонынан бәріміз де адастық, қателестік. Түсіндік. Қазірде енді айыбымызды жою үшін тезінен Ферғанаға жүргізулеріңізді сұраймыз.

Д а у ы с т а р . Дұрыс. Бұйрық... Бұйрық беріңдер!

Ф у р м а н о в . Тағы кімдер бар?

2 - қ ы з ы л ә с к е р . Біз он бірінші полктың бөлімдері атынан келдік. Бірақ он бірінші полк бөлімдері түгелімен сіздер келместен бұрын-ақ қателескенін, ақымақ болғанын түсінген еді. Біз жергілікті кулактарға соқыр құрал болып кетіппіз. Бізді де жүргізіңіздер!

Д а у ы с т а р . Жүргізіңіздер, жүргізіңіздер, катемізді Ферғана тауында түзейміз.

Әскер топ-топ келіп, шуласып қосшап жатады.

Ф у р м а н о в . Жолдастар! Жетісудың еңбекші елінен, бейнетқор крестьянынан жиналған қызыл әскерлер... Сендердің адасқандарың шын. Көздерің жетті.

Д а у ы с т а р . Жетті көзіміз. Адасқанымызды білдік.

Ф у р м а н о в . Күншығыстың барлық езілген ұлттарынан құралған интернационал топ болып, дәл осы Алматы бүліншілігінің үстінде көрсетіп, танылып тулаған толқыны, қаулаған өрттей бүліншіліктен коммунист партиясының жол басшылығы арқасында қан төкпей, апатқа ұшырамай аман өттік. Осы сағаттан бастап, бұл бүліншілік бітті. Бірақ еңбекшінің жалпы жауы әлі де біткен жоқ. Әлі де алда көп тартыс. Кеп кезеңдер бар. Соның бірі мына Ферғана! Енді центрдің бұйрығын орындап, Ферғанаға жүресіңдер!

Д а у ы с т а р . Жүреміз. Жүреміз. Бұйрық, бұйрық бер! Бәрі дұрыс, дұрыс айтасың!

Ф у р м а н о в . Сендер жаңылдыңдар, адастыңдар! Ендігі міндет – сол айыптарынды түзеу, барлық кеңес еңбекшілерінің алдында зор сынға түсіп түзеуде. Жасасын Ресейлік кеңес үкіметі! Жасасын Жетісудың қаһарман Қызыл әскері! Урра!.. Урра!!.

Б е л я е в . Жасасын бұрын езілген Күншығыс ұлттары! Жасасын бүкіл дүние, Октябрь, Кеңес үкіметі! Ур... ур...ур...ура!..

Көп айқай, қызу ұран токтар кезде Ная, Мартынов келеді.

Ф у р м а н о в (*Наяға қарсы жүгіріп, қатты қол сілкісіп амандасады*). Немене? Штабтансыңдар!

Н а я . Быковский, Өтеповтер Қарабаевты...

Ф у р м а н о в . Жә... қалғанын кейін істерміз, болды, Барайнок, Мартынов, сендер реттеп, барлық Жетісу бөлімдерін Ферғанаға жүргізуге кірісіңдер, барыңдар!

Аналар жөнеледі.

Ф у р м а н о в (*Наяға*) Сен қазір тез аппаратқа бар, Фрунзени шақыра бер! Бізді қазір келеді де. Келсе, әскер әмірі бойынша айтылған күні Ферғанаға шықты деп рапорт бере бер!

Ная жөнеледі. Шағабутдин, Масанчин, Өтепов, Быковский келеді.

Артында әскер, карусыздандырылған Қарабаев, Жарболов, Сүлейменов, тағы бірнеше әскери адамдарды алып келеді.

VIII көрініс

Ф у р м а н о в (*бас изесін*). Алып кетіңдер! Мыналарды жинаңдар! (*Ареске алып кетіседі.*) Масанчин, Шағабутдин, сендер тезінен тауға қашқан Черных пен қасындағы жолдастарын ұстап әкеліңдер.

Б ы к о в с к и й . Хұп! Хұп!..

Ф у р м а н о в (*жұртқа, биікке шығып айқайлап*). Жә... жолдастар! Бұл бүлік те, бүліншілік те осымен бітті. Енді мағыналы, тәртіпті, өнімді еңбекке қайта бастық. Ал, әскерді жөнелтеміз!

Фурманов биіктен түседі. Жұрт Фурмановты уралап кетереді.

Д а у ы с т а р . Октябрь!.. Октябрь үшін!.. (*деп шулап, музыкамен алып жөнеледі.*)

Ш ы м ы л д ы қ .



ТҮНГІ САРЫН

Төрт перделі, алты суретті пьеса



ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР

М а й қ а н – “Жыландының” болысы. Олжай руының ең жуан ауылынан, 40 жаста.

Б и б і ш – әйелі, “Жүзтайлақ” деп атанған сұлу, 28 жаста.

Н ұ р қ а н – болыстың інісі және кандидаты, 28 жаста.

К ә р і м (К ә к е н) – қазақ адвокаты, ұлтшыл оқығандардың бас адамдарының бірі, Майқанның досы.

Ж ү н і с (Ж ү к е) – оқыған. Қарсақ руынан. Жазғы демалыста елде жүрген қызметкер. Зор денелі, мықты жігіт, жасы 25-26-да.

С а п а – мұғалім. Жасы 30-да. Ғалия шәкірттерінен.

Ж а н т а с – кедей. Езілген аз ру. Борсақтан шыққан балуан әрі мерген. Жас шағы болыс қолында жалшылықта өткен, жасы 30-да.

М ө р ж а н – қалыңдығы, болыс ауылындағы кедей қызы, 19-да.

О я з К а з а н ц е в – қазақуар, тіс қаққан, ескі ояз.

Ж ұ м а ж а н – Мөржанның бауыры, жасы 17-де, болыс ауылының биешісі.

С ә р у а р – мұғалімнің әйелі. Татар қызы. Өзі де мұғалім. Пікірлі әйел, 28-де.

Қ ы д ы р б а й (Қ ы д ы ш) – болыстың оң қолы, партия басы, ақсақалы, руы Олжай, жасы 60 шамасында.

Т ә н е к е – Борсақ руының өткір шалы, кедей, жасы 50-де.

Д і л д а – Жантастың шешесі, 50-де. Болыс үйіндегі малай қатын.

Ш а т а қ а н – болыстың жылқышысы, тілеулес.

Б ө р і б а с а р	}	Болыстың малшылары, бірінің аты
Б о й б е р м е с		Қыдырбай, екіншісінің аты Нұрқан еді. “Жүзтайлақ” жаман иттің аты “Бөрібасар” деп, екеуіне де өз иттерінің атын қойып, солайша атап жіберген.

С е м е н о в – подьесаул. Карательный отряд бастығы (казак-орыс), офицер.

Ж і гі т т е р, әйелдер, шал, әскер.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Болыс аулының сырты. Шалғын. Аз ғана тоғай, бұлақ. Жүзтайлақ серуенге шыққан. Басында қара мақпал шапан, қолы толған алтын жүзік, жұмыр білезіктер. Құлағында алтын сырға – шеңбер сырға. Аяғын шайпаң басады. Артын ала Мөржан құманын ұстап келе жатады.

Көрініс

Жүзтайлақ. Ей, қыз, неге үндемейсің?

Мөржан. Не айтайын мен.

Жүзтайлақ. Не дедім мен саған? Неғып сазарып қалдың?

Мөржан. Айтсам да ауыр, айтпасам да ауыр. Енді айтайын!

Жүзтайлақ (*паңданып, сырт қарап*). Бәсе айт, жетті енді. Бұрын көнбей келіпсің, енді міне мені салып отыр. Ол саған аз сыбаға ма?

Мөржан (*тамсанып*). Япыр-ай, жеңеше-ай, маған шен беріп тұрғандай сөйлейсің-ау!

Жүзтайлақ. Күйіп кеткірдің зілдісін... Тілімді қайрайын деп пе едің?

Мөржан. Буынсыз жерге пышақ салған соң қайтейін...

Жүзтайлақ. Тоқтат енді қылымси бермей. Мен айтқан соң буынсыз болмайды. Кімнен тартынасың? Біздің ауылдың буы ғой асқақтап тұрғаның (*Тоқтап.*) Не қыласың, сорлы! Мен айтқан соң өлдің ғой! Сөз сол.

Мөржан. Жоқ, жеңеше, бұл жерде тіліңді алмаймын...

Жүзтайлақ (*бастырмалатып*). Немене? Кімнен әулие едің? Тең көрмей тұрмысың әлде, бекзада неме?

Мөржан. Жантастың көзіне шөп салмаймын.

Жүзтайлақ. Е, ол сенің көзіңе шөп салмайды ғой (*кекетіп*), көзің жеткен ғой, тегі! Жантас кімнің Жантасы? (*Сықылықтап күліп.*) Біліп пе ең?

Жүніс, Нұрқан шығады, екеуі де жақсы киінген.

Көрініс

Ж ү н і с (*қалжақтап, ойнап*). Бәрекелді, жолы болар жігіттің дәйім жеңгесі осылай келсеші! Жеңешемдей болсашы! (*Бибішке үйіріліп*). Әттең, дәурен!

Ж ү з т а й л а қ (*бұған салқын қарап, басындағы шапанын шығына түсіріп зілмен*). Немене төйтіктеніп? Шырағым, байқа, құрбың бар ма мұнда?

Ж ү н і с. Ойбай, жеңешетай, ренжіп қалдыңыз ба? (*Қысылып күліп*). Менікі жай еркелегенім еді!

Ж ү з т а й л а қ (*Нұрқанға*). Ағаңмен екеуіңнің қасыңа ергеннің бәрі дәйім өстіп, асып кеткенін сезбей қалады-ау, Мырза жігіт.

Н ұ р қ а н. Жеңеше-ау, асып не қылды? Кісі басынатын кісі сен емес қой. Несіне ұялтасың?

Ж ү з т а й л а қ (*тыңдамай, Нұрқанға*). Қойшы, Мырза жігіт... Әмісе орныңды ұмытасың!

Н ұ р қ а н. Ай, жеңеше-ай!

Ж ү з т а й л а қ (*жарыса*). Мына біреу күң де тең-тұсың бола қапты, жауап қатып!

Н ұ р қ а н. Е, бәсе, Мөржанды айтсайшы! Мен десе аза бойы қаза тұрады. Тәрізі, қорықса керек менен. Не жазған кісі екем осы мен? Білдің бе, жеңеше?

Ж ү з т а й л а қ (*жақтырмай*). Сөзіңе болайын!

Н ұ р қ а н (*жалт қарап*). Апыр-ау, тағы не жаздық?

Ж ү з т а й л а қ. Ат-шапаныңды неге атамайсың одан да?..

Ж ү н і с (*Нұрқанға*). Тәйірі, Мөржан сенің тіліңді қайырайын деп жүр деймісің, арадағы кісі жаңсақ айтып жүрген де!

Н ұ р қ а н. Өзім де солай ойлаймын, ең соңғы рет жеңешемнен айтқызғаным сол ғой.

Ж ү н і с. Енді жеңешем салмақ салған соң болғаны ғой! Не сөз бар?

М ө р ж а н. Сіздерге ойын керек қой.

Ж ү н і с. Бәрекелде, ойнамайтын, күлмейтін жастық бола ма? Ойынымыздан айырмасын, Мөржантай!

М ө р ж а н. Қақпай тас ойнағандай.

Н ұ р қ а н. Ажар салатын жеңешем, айтқызатын мен. Сенің әлі де олқың бар ма осы?

М ө р ж а н. Жөнге жұмсаса бір сәрі... Мазаққа...

Нұрқан. Менімен жақын бол деген саған мазақ көрінеді екен? Теңің емеспін ғой, тегі... Солай дерсің әлде? (*Күледі.*)

Мөржан. Арам жүріске не деп мәз болайын, мазақ демей...

Жүніс. Махаббат, жастық, онда арам, адал деген болмайды, Мөржан. Ондай сөзді қой сен!

Нұрқан (*кекетіп*). Әлде нақ сүйерім болмақ шығарсың (*Күліп.*) Әлемнен асыпсың ғой, сен!

Мөржан. Әркімнің өз нақ сүйері бар шығар.

Жүзтайлақ. Кергенсіздің сөзін...

Мөржан. Сізге тең болмағанмен өз теңім табылар.

Жүзтайлақ. Шатқызба енді мынаны...

Жүніс (*Нұрқанға*). Не понимает, дура!

Кетеді.

Көрініс

Жүзтайлақ (*жалғыз*). Сені адал қатын, жақсы қатын дегізіп, онымен тәтті дәурен сүргізіп, тыныш қарап отырармын мен. Сіңірі шыққан күң, менің иығымнан түскенге сен неге місе қылмайсың! Мырза жігіттен қалған сарқытқа Жантас неге шүкірлік етпейді? Болыс төсегін арамда да, өзіндікін тағы амандап қал (*Кекетіп күліп.*) Жоқ, шырақ, өйтсең ойын бұзылады (*тоқтап*), Жүзтайлақ сүйсе де тістеп сүйіп әдеттенген.

Жүніс қайта шығады.

Көрініс

Жүніс. Жеңеше, айтпасам ішке қату боп байланады.

Жүзтайлақ (*күліп*). Енді қату деген сөз шықты ма?

Жүніс. Я, теріс пе?

Жүзтайлақ. Бұдан бұрын “өрт еді, уланды, дерттенді” деп едің. Енді мына бір пәлесі тағы шықты. Осы сіздің ішіңіз-ақ ластан арылмайды екен! (*Күледі.*)

Жүніс. Соққыңыз қатты, неге аямай серпесіз?

Жүзтайлақ. Олай болса ашулансаңызшы! (*Күледі.*)

Жүніс. Ынтықпын, сондықтан ашулана алмаймын. Ая-массыз ба?

Жүзтайлақ. Бала, не қыласың бізбен ойнап? Жығылып қалсаң мұрның қанайды (*күледі.*) Жылап жүрерсің...

Ж ү н і с . Сонда да талмаймын. Бәрібір сізсіз атар таң, шығар күн жоқ. Қаната, жылата бер.

Ж ү з т а й л а қ . Біздің сын ауыр келеді... Бұғанаң қатпаған. Салмағым салсам майысып қаларсың.

Ж ү н і с (*жақындап*). Тымқұрмаса саусағыңның ұшынан бір сүйейінші (ұмтыла береді.)

Ж ү з т а й л а қ (*зілмен*). Тарт... (*Анау тоқырап қалады.*)
Өзің айтшы (күліп), неменеңе қызығайын? Қояберген шашыңа қызығайын ба әлде? (*Күледі.*)

Ж ү н і с . Япыр-ай, қорламасаңызшы, сынаңызшы. Сүйгендігім үшін отқа түс десеңіз отқа, суға десеңіз суға түсейін.

Ж ү з т а й л а қ . Батыр, осы у, от дегенді қойшы. Мен бір көрікші ме едім, “отқа сал да суға сал” деп қара темір ұстағандай (*күледі.*)

Ж ү н і с . Не деген нұрлы, не деген сиқырлы! Бірақ неткен алыс сұлу. Дариға оң көзіне ілінетін күн болар ма, жоқ па?

Ж ү з т а й л а қ (*қарап тұрып, аз емексігендей болып, жақындап күліп*). Жарайды, сынайын... Бірақ асықпайсың, көп сынаймын, төзесің. Біздің көмей үлкен көмей, бала... Өкініп жүрме тек.

Шығады. Артынан қуанып Жүніс те кетеді.

Көрініс

Жантас пен мұғалім шығады.

М ұ ғ а л і м . Ие, қиын күн туды. Сын кезең. Милләт халі мүшкіл.

Ж а н т а с . Алғаш, алады дегенге бір-ақ ай өтті. Енді міне пескі.

М ұ ғ а л і м . Ел өзі мына Майқанмен сөйлесті ме?

Ж а н т а с . Ел Майқанды сөйлеспей-ақ біледі ғой. Жалғыз-ақ, осы сіз қалайша дәме қыласыз? Соныңызды айтсаңыз екен!

М ұ ғ а л і м . Қалайша деп, өзгені қойғанда оның да жан күйері бар емес пе? Қия ма?

Ж а н т а с . Жан күйерінен бірде-бір кісі кетпейді. Орналастырып жатыр.

М ұ ғ а л і м . Қойшы!

Ж а н т а с (*кекетіңкіреп*). Бәрекелде, өте жакын адамдары тіпті спесіктерде жоқ, ал.

Мұғалім. Өзге елді, көпті қайтеді? Кіммен кісі болып отыр?

Жантас. Көп дейсіз бе? (*Күледі.*) Көпке сеніп қора салғызып жатыр, ұқтыңыз ба?

Мұғалім. Қора дейді, о несі?

Жантас. Биыл мал көбейеді. Бұрынғы қора тарлық қылады дейді. Тыңнан. Борсақ жерінен мал қора салғызғалы жатыр.

Мұғалім. Ғажап. Менің күтпеген характерім бұл кісіден. Онсыз да Олжай сіздің елді жылатумен келмеп пе еді? Бұл әлі осындай ма еді өзі?

Жантас. Жылату ма? Борсақ, Борсақ емес, бұларға бауырсақ қой.

Мұғалім. Хикмет, бұ да көп болыстың бірі болғаны ма?

Жантас. “Ұлықтан шен алып, дәреже де алып отырған бай, болыс әр жерде өз елін сатып отырады”, – деп өзіңіз айтпап па едіңіз? Мен сол сөзіңізден бері қарай, тап осы Майқан болыстың басқан ізін бұлжытпай танитын болып едім.

Мұғалім. Әлде, сен бір-ақ жағынан қарайтын шығарсың? Бұл газет оқиды, пікірлі адам, Көкендей адвокат, милләтшіл, басшы, оқыған досы да бар.

Жантас. Дос емес, сол адвокатыңыз Майқанмен қыз беріп, құда болмақ дейді ғой.

Мұғалім. О да ғажап екен.... Қалайша? Бұл өзгелерден бөлек болса керек еді ғой.

Жантас. Мен сіздердей көзі ашық адам емеспін, бірақ ер батқан соң жорғалық шығады. Біз болыстың айласы мен салмағы арқамызға аяздай батқан елміз. Сондықтан көргішірек болған шығармыз.

Мұғалім. Онда елдің басшысыз болғаны ма? Жоқ, ең болмаса, ана адвокат Көкеннің пікірін білу керек.

Жантас. Оны өзіңіз сынаңыз... Әйтеуір елдің шыдамы таусылып барады.

Мұғалім. Ел не істей алады?.. Адасады ғой сорлы!

Жантас. Бәрібір тасты жапалаққа ұрсаң да, жапалақты тасқа ұрсаң да жапалақ өледі деген. Елге де сын, басшыға да сын болар.

Мұғалім. Мүшкіл, мүшкіл хал.

Жантас. Мұғалім! Мектебіңізден оқымасам да қасыңызда жүріп көп тәрбие алып едім. Туған әкемнен көрмеген ұстаздық көрдім, тіпті көп алғыс айтам осы үшін...

Мұғалім. Бар болғыр, оның несін айтасың? Мен де сенің ерлігіңді көз алдыма тұтып, жақсы көрмеймін бе?

Жантас. Бәрекелде. Жақсы айттыңыз, ендеше, бір нәрсе сұрайын.

Мұғалім. Сұрама деген кісі бар ма? *(Күліп.)* Сен немене саптаса сатып?

Жантас. Ендеше, өзгені қояйық, осы өз басыңыз кіммен боласыз. Ел сізді біледі. Жақсы көреді. Сіз болсаңыз болады...

Мұғалім. Мен бе? Ойлану керек. Көкеңмен бір тілдеспей болмайды. Бірақ түбінде ел қажығалы, қайғылы бір халдің үстіне келіп, болыс бір бөлек, көпшілік бір бөлек кететін болса, мен әріне сендермен, көпшілікпен болармын.

Жантас *(жылдам басып мұғалімнің бір қолын екі қолымен қысып сілкіп)*. Бәрекелде!.. Менің естімегім осы еді...

Мұғалім. Сенің түбің Борсақ болғанда менікі де сонан қашық емес қой. Болыс емес, жыныстасым сенсің ғой.

Жантас. Аузыңнан айналайын, мұғалім-еке! Өзің айтқан сорлы елің жылағалы тұр. Соның көз жасын сүртер болсан жынысыңды ақтағаның.

Осы кезде сырттан Мөржан даусы шығады. Жантас, мұғалім тыңдайды. Аздан соң Нұрқан Мөржанды қуа шығады. Алыс-жұлыс.

Мөржан. Шыбын құрлы болма дейсіңдер ме? Шыбын да жанын қорғайды! Көнбеймін қорлыққа. Қорлыққа көнгенше өлгенім артық.

Нұрқан. Күң, қатыным болғанға неге қуанбайсың, сен күң. Осы сені менің қолымнан кім алады.

Нұрқан ұстап сүйе берем дегенде, Жантас шығады. Артынан мұғалім, Жүзтайлақ, Жүніс шығады.

Көрініс

Мөржан *(Жантасқа қарай жүгіріп)*. Жантас-ай, ниеті қалай еді мыналардың!..

Жантас *(қарап жіберіп, жайды ұғып)*. Нұрқан мырза, бұл не ойлағаның? *(Жүзтайлақ сазарып, түйіле қарап тұрады.)*

Нұрқан. Жарайды, сен таусылатын ештеме бола қойған жоқ әзірше...

Жантас. Е, басыңа ойнақтасам да көтере бер дейсің ғой!

Нұрқан (*Жүністен темекі алып тартады*). Айтып тұрғаның не өзі.

Жантас. Ұқпай тұрған шығарсың?

Нұрқан. Ал ұқтым. Сонда Борсақтың қызын аяйын деп пе ең менен?

Жантас. Борсақтың қызы, Борсақтың қатыны, оған есептендік болушы ма еді дейсің ғой.

Нұрқан. Жә, тіл-жағыңа беземей! Сенімен шешендік салыстырар уақытым жоқ.

Сәруәр шығып тыңдап тұрады, қолында гүл, роман.

Көрініс

Жантас. Салғыласар уақытым жоқ! Өйткені уақытың біреудің қалыңдығын жұрт көзінше масқаралауға кетіп жүр ғой. Өттең, астың-ау, бірің болыс, бірің кандидат болып ап.

Нұрқан. Не айтады мынау? Не естіп тұрмын? Мұғалім, сенбісің мынаны құтыртып тұрған?

Мұғалім. Мен емес екенімді білесің, Нұрқан мырза. Бірақ сіздің мінезіңіз дұрыс емес. Сіз ел ағасы адамсыз.

Жүзтайлақ. Мұғалім, Борсақтың сойылын сен де соғайын деп пе едің?

Мұғалім. Бұндай қиянатты менің мәстегім көтермейді.

Жүзтайлақ. Мәстегің көтермесе жайыңа жүр (*Жүніс мәз болып күледі*). Әлде маған, сен көтеретін жүк емес екені рас.

Жантас. Мың асқанға бір тосқын деген. Күн бір жауса, терек екі жауып... Онсыз елдің жылауы, дерті аз боп тұрған жоқ бұл күнде. Мынадай қан жылап тұрған күнде көзге шұқымасандар етті тымқұрмаса.

Нұрқан. Күннен қорқасың ба? Ендеше, тіліңді тый. Өйтпесе епті неме, кетерінде өңгере кетерсің окопка.

Жүніс (*келін*). Жантас! Сен ақымақ болғансың-өй! Құдай деп айтайын түк те болған жоқ. Әншейін қалжыңға ыза боп, даусын шығарып жүр Мөржан. Және мен бар емеспін бе? Мені қурай көремісің өзің? Тапа тал түсте саған жаманшылық істетіп қояр ма ем мен (*Естірте*). Бар жолыңа. Бол, доғар сөзді! (*Жылдам басып Нұрқанға кеп*.) Итті алдамасам болмас. Сыр берме, не қыласың! Бөгеу бола береді, қайтейін деп ең (*Күліп арқаға*

қағын). Пай, батырдың тұқымы. Мықты екен балалары, жігіттікті де осылай кесек істейсіңдер-ау.

Кетеді.

Ж а н т а с (*кетіп бара жатқан Нұрқанға*). Қап-қап, болмас. Борсақ болғалы көрген қорлығымның үлкені дермін осыны, Нұрқан мырза.

Ж ү з т а й л а қ (*Жантасқа*). Жә, сенікі не әлі осы? Мен Мырза жігіт көзінше үндемедім, не дедің осы сен?

Ж а н т а с . Бәсе, сен не дедің? Өзің не, қаспысың, доспысың?

Ж ү з т а й л а қ . Менікі сол, не десең о де! Саған адал қатын керек... Өзгенің не дәті шыдайды екен?

Ж а н т а с . Өзгенің еркі өзінде, ерікті кісі не тілесе соны істейді. Онда менің жұмысым жоқ.

Ж ү з т а й л а қ . Не дедің? Сен еріксіздікке ұшырап жүр ме едің? Еркінді алып жүр екеміз ғой, тегі! Кімді қиып, кімге ара түсесің?

Ж а н т а с . Онсыз да еркі аз адамға істеп жүрген зорлығың аз емес, соны айтам! (*Мөржанды көрсетіп*). Мыналарың сол ғой.

Ж ү з т а й л а қ . Ендеше, менен әулие ме еді. Борсақтың шөп желке қызы?

С ә р у ә р (*ашуланып*). Уллаһи, бү нинди хиянат! Әйтәрсің әллә нинди ханша. Ниләр суйли.

Ж ү н і с . Сәруәр, қойсаңшы сен! Айт-ұйт жоқ, немене бас-аяғын білместен.

С ә р у ә р . Шаярмаңыз сіз! Біләм шу мен. Білмәғанда, мына сіз білмисіз!

Ж ү н і с . Нені дейсің өзің?

С ә р у ә р . һәммәсін... Алар итақ та рәнжітә Мөржанні!

Ж ү з т а й л а қ (*Жантасқа қадалған қалпында*). Жауаптаспақ екенсің ғой. Ендеше, алдымен маған жауап бер. Кімді әулиесітесің? Мен кім, ол кім еді?

Ж а н т а с . Ендеше, сені мен зорлағам жоқ. Онсыз да күйіп жүрген адамбыз, күйдірме, білдің бе?!

Ж ү з т а й л а қ . “Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық бай-латпас”, өзім-ау жал бітірген.

Ж а н т а с . Олай болса маған, малға бөккен бай қатыны, өзің тілегенсің.

Жүз тайлак (*қатты ашуланып*). Ендеше, өжет неме оны да айтарсың, шын саттың ба мені Борсақтың сасық қызына (*Жантас үндемейді*).

Мөржан. Опыр-ай, не сұмдық айтып тұр мына кісі? Жантас-ай, елім бе ең, жауым ба ең, тегі! Не дейді, неге үндемейсің?

Сәруәр. Әя, синің ярың икән өйтсін ул хазір, құдайым нинди қорлық, аһ Жантас, нинди син хиянатшы! Мөржан әллә сиған сунди кішіміни?

Мұғалім. Сәруәр, саған не болған? Жындымысың?

Сәруәр. Кірәкми сөзің, жінни сен. Шунди аждаһа хатынға міни сатырға Мөржанні!

Мөржан. Жантас, мендік босаң жауабын бер, басымды әуре етпе. Онсыз да көрген мазағым аз боп па? Өзіңді базарға сап саудалатайын деп пе ең?

Жантас. Шын айтамысың?

Мөржан. Жүзтайлақтан көрген тепкім аз ба еді? Азар болса өртеп жіберер, өзі тілеп тұр ғой, мен де тілеймін, айт айтатыныңды.

Жүзтайлак (*тайқи беріп Жантасқа*). Сүйгенімнен күйіп тұрмын-ау! Аяғмыа отырғызып па ем өзгені? Қадір білгенің осы ма, сен тексіздің?

Жантас. Жүзтайлақ, бүйтпес едім, қылығың асты. Ендеше, Мөржан менің жарым. Бұл маған әрі жар, әрі дос. Саған мен бір түндік. Олай болса, өзің қандай болсаң мен де сондай. Сен де маған көптің бірісің. Сен деп есімнен айрылғаным жоқ, білдің бе? Қанжығаңда кетейін бе?

Жүзтайлак (*қатайып аң*). Ә, солай ма? Асылың сол ғой? Ұстасқан екеміз ғой, кінә өзіңнен. Бір жолғы списокке кіргізбеген мен едім, енді міне кеткенінді бір-ақ білерсің, көрермін өзгесін.

Жантас (*Бибішке*). Қылдан тайсам ерегісетінінді білемін, осыған жеткенің жеткен-ақ. Бірақ көріп алдым. Қайтейін.

Мөржанды алып кетеді.

Көрініс

Сәруәр (*Жүніске*). Нинди зур сөзләр сүйли, бу йүз түйә?

Жүніс. Ой, Серуәр-ай, оны айтасың ғой.

Сәруәр. Инді нені әйтіргә. Якші болса йүз түйә дигән исімге қорлансашы. Адамзатты йүз түйә диләр, бір-бірі сатқан,

икіншісі сатып алған, ә ул. Подумаешь важничает! Ишкәкі, йүз түйегә сатып алған уны!

Ж ү н і с . Тәңір-ай, сол сөз бе екен?

С ә р у ә р . Ну, инді ни кирек синә. Атан башымыни шул?

Ж ү н і с . Жантаспен жақын екен ғой, ойбай? Осынша қол жетпестей асыл шынар! Аяғының ұшына жанды отыртпаған та-каббар сұлу! Таңдағаны, талғағаны мынау ма еді? Жантас құрлым бағым жоқ, шын-ақ жолсыз ба едім тәңірі мен?! (*Бекініп.*) Жоқ олай болмаспын (*Тез-тез басып шығып кетеді.*)

С ә р у ә р (*бұның сөзінің тұсында таңданып тұрады да*). Қаһар, әллә нинди шиғыр оқымыни десем... Сихырланған бит мұнысы да!

Артынан кетеді. Мұнайып отырып қалған мұғалім. Ол Бибішті тамашалауда. Бибіш иығында шапаны, мұнды, ашулы түрмен жүдеп отырып қалған. Енді ғана серпіліседі.

Көрініс

Ж ү з т а й л а қ . Япыр-ай, не жазып едім мен мынаған, мұғалім! Кем басын теңге алғаныма, сүйгенімнен жаздым ба? Өмірі мұндай қорлық көріп пе едім? (*Жылап жібереді.*)

М ұ ғ а л і м . Бибіш ханым! Ұғыспағандық қой! Жастықта болады ғой. Бірақ сүйген жүрек, жастық махаббатты (*күрсініп.*) Әсіресе соның ішінде сіздің махаббат, сіздің ықыласыңыз қандай асыл, қандай нұр, нәзік сый болар еді.

Ж ү з т а й л а қ . Ұқты ма, бағалады ма соны? Лақтырып, серпіп кетпеді ме? Менің осы ел ішінен жапа-жалғыз таңдап алғаным сол емес пе еді?

М ұ ғ а л і м . Сізді сүюші аз ба? Білсеңіз еді кімдер сүйетінін.

Ж ү з т а й л а қ . Сүйгенімнен көргенім мынау ма? (*Ашула-нып.*) Бірақ енді өкінбесін! Таңдайына татырармын. Үйелменімен өртемесем Жүзтайлақ атым құрысын. Таңдағаны Мөржан екен ғой. Оны Мырза жігітке күң қатын қып әпергенімді көрерсің. Осы сертіме сен куә бол, мұғалім.

М ұ ғ а л і м . Олай деменіз, шын махаббат рахымды, кешірімді болады. Жантасқа кек ойламаңыз.

Ж ү з т а й л а қ . Адыра қалсын махаббат. Ар-намысымнан садаға.

Мұғалім. Құрметті Бибіш ханым! Не қылған сұлу, не қылған нұр сәулесіз. Ашуланған жүзіңізден де нұрдан басқа еш нәрсе көре алмаймын. Сіздің нұрыңыздың бір сорлы тұтқыны менмін, білермісіз? Көз саларсыз ба?

Жұзтайлақ. Мені сүйген кісі менің сойылымды соғады.

Мұғалім. Жаным, сіз осы сөздерді айтқан сайын тұңғиық аспан жұлдызындай болып менен алыстап бара жатқан сияқтысыз. Рахым етсеңіз болмай ма? Бір назар тастасаңыз ғаси пендеге тірлік қуатты болмас па еді?

Жұзтайлақ (*қатты*). Мұғалім, қойшы күйіс қайыра бермей. Ана құманды ал онан да.

Мұғалім (*селк етіп, қатты күйініп*). Не дедіңіз, не деген күпірлік?

Жұзтайлақ (*күліп*). Сынға толығыз, солай болады...

Мұғалім. Мені надан құрым санадыңыз ба?

Жұзтайлақ (*күліп*). Ана құманды алыңыз деймін.

Қолымен нұсқайды, мұғалім құманды алып ұстап тұрады.

Ділда шығады.

Көрініс

Ділда (*Бибішке жақындай беріп*). Болыс пен Кәкең кеп қалды екі пәуескемен. Келін қарағым, ауыл әбігер болып жатыр.

Жұзтайлақ. Жә, болды, ел қашты, жау жетті демей! Әбігер боп, қонақ көрмеп пе ең? (*Жүре береді.*)

Ділда (*мұғалімге*). Қарағым-ау, Нұрқан ашуланып кеп Борсақ деп ауылды бүріп жүр. Жантас бірдеме етті ме деп шошып жүрмін, күн жаман боп барады. Аман ба еді біздің жалғыз?.. Өзінді ылғи ес көреді, қарағым!

Мұғалім (*серпіліп*). Шеше, ә, әншейін... Ә, дәнеңе жоқ. Е, әлгі кеткен бе?

Қолындағы құманды көтеріп қарайды.

Ділда. Қарағым, маған берші мына адыра қалғырын, не қылайын деп ең бұнысын ұстап әлдекімше... Ойбай, паң ғой бұл Жұзтайлақ, сиқыр ғой... әдейі бір қыры ғой саған істеген... Бекер ұстағансың ғой, қарағым, соңыңнан қалмайды сонан соң. Бері әкелші, бермен (*Алады, кетеді.*)

М ұ ғ а л і м *(жалғыз аңырып қалып, артынан)*. Я, пірәдәр түсіндің бе? Бұл әйел нендей жыртқыш! *(Басын изеп, бәйітше.)*

Ей, Сұлтани Махмуд, не қылар сәп!
Мәгәр халқында юк болса вахбуд *(әндепін.)*
Жас бала жайып саусағын!..
Талпынған шығар айға алыс!..
Міне сәңә дәріс әпендім!..

Шыға береді.

Ш ы м ы л д ы қ

Екінші сурет

Болыстың үйі. Жасаулы сәнді кілем, түскиіздер, үлкен варшава кровати. Төрте ақ жастықтарға шынтактаған адвокат Кәрім. Ақ көйлек, қара желетке, алтын сағатты. Төсек жанында Бибіш, оң жағында Қыдыш, Бибіштен төмен Нұрқан. Ол үлкен тегенедегі қымызды сапырып құйып отыр. Бибіш Кәкеннің аяғына қымыз құйғызып өзі ұсынып отыр.

К ә р і м . Бибішті де ренжіткен екен ғой бұл ел...

Ж ү з т а й л а қ . Жоға деймін, тіпті малшы, қосшымызға дейін құтырғанын айтамын-ау.

К ә р і м . Кімдер осы? Осы елдің әбігерін бастап жүргендер кім өзі?

Ж ү з т а й л а қ . Кім деріңіз бар ма? Ауызға алар біреуі де жоқ!

К ә р і м . Жоқ, сонда да бірі бастап, бірі еретіні болмай ма?

Н ұ р қ а н . Е, көп шуылдақ, көп суыр, малшы, қосшы. Өңшең елден шыққан келімсек, қырық ру.

Қ ы д ы ш . Онысы рас, соған сол жігітім кете ме деген тәуір елдің өзі де құрық бергендей! *(Ділда кіреді.)* Өттең, қолды байлап отырған сол ғой.

Көрініс

Ж ү з т а й л а қ . Ей, қатын, қазанынды баптап қайнат, балаң ұлық боп жеткенше жұмсай тұрайық әйтеуір *(Кекетін.)* Бір басшы мына өзіміздің кемпірдің баласы дейді, Кәке.

Қ ы д ы ш . Көбі осындай, осы өзіміздің ығымызда жүрген адамдар. Тіпті пәлен дейтіні жоқ ішінде.

К ә р і м . Бишаралар босқа сорлайды ғой.

Нұрқан. Жол біліп, жөн сілтері жоқ, бір сор түртіп жүр, не қыласыз.

Жүзтайлақ. Ажалды киік адырға деп, қаза түртіп жүрген де.

Кәрім. Қаза екені рас. Қазіргі жаза қатал ғой. Тоқтатпай болмайды. Обалына қалармыз бос қырғызып.

Ділда. Құдай-ай, сақтай гөр. Қарағым-ау, жарығым-ау, айтсаңшы, Нұрқан-ау, күнім-ау, құрбысы емес пе ең, тыйсыңшы!

Жүзтайлақ. Олай дегенше ана түлен түртіп жүрген балаңның өзіне айтсаңшы. Бізден кетіп, дәм-тұзды аттап, жолы болар деп пе ең?

Ділда. Сәулем-ау, менің ол қырсыққа ертелі-кеш қақсағаным осы емес пе?

Нұрқан. Жоқ үндеме, жеңеше, дегеніне барсын, не қыларсың? Мойны қайрылғанын керейік. Қайта қоя бер.

Қыдыш. Дастарқан аттаған оңбас. Кемпір, осы балаңмен жетім-жесір боп қалғаныңда, осы үйге әкеп, осы Майқанның етегінен ұстатқан мен едім. Бізде қарызың жоқ еді, байғұс. Тағы бір достық айтайын. Жынданған бала жындана берсін, тап езіңе айтарым, осы босағадан елігің шықсын. Тапжылма, не қыласың, байғұс. Мына Бибішімді күте бер. Айтқаныңа тоқтамаса ана жыңды балаға қарғысыңды айт.

Ділда. Садағаң кетейін, қарағым... Айтайын мен оған, айтайын... Бірақ тілімді алмайды, менің өлігімді осыдан ал деп тағы айтайын.

Жүзтайлақ. Бәсе, сенің тілінді алып, сені аяй ма ол.

Ділда. Аямайды, аямайды, ойбай, ол қу жалғыз, бишара! Бірақ, тілін алса алатын бір кісісі бар, соны ғана бір айтсам деп ем.

Қыдыш. Айтсаңшы, байғұс-ау, оның несін іркіп жүрсің?

Ділда. Ендеше, әлгі мәлім бар ғой... Мәлім, молда, әлгі осындағы Сапа. Сол айтса тоқтар еді деймін, содан жанын аямаушы еді...

Кәрім. Онысы кім?

Қыдыш. Мұғалім! Тегі, соған сіз бердеме айтып қоймасаңыз болмас өзі, тәрізі мынаның мына сөзінің жаны бар.

Нұрқан. Шақыртшы сол мұғалімді.

Жүзтайлақ (*кемпірге*). Бар, болды енді! Мұғалімге хабар кылдырт, біз шақыртады де!

Д і л д а . Қарақтарым, қойғыза көріндер енді, ұлықтың теріс хатына іліндіре көрме, қуатым, Кәкітайым (жылайды.)

Н ұ р қ а н . Бол енді, айттың ғой, жүре бер (кемпір кетеді.)

К ә р і м . Өзі, бір кемпірдің жалғыз баласы екен, бұндайлар мына списокке ілінбесе керек еді ғой.

Н ұ р қ а н . Өзі ілінгісі келген соң бола ма?

Ж ү з т а й л а қ . Ілінбейтін қылығы бар ма?

Болыс кіреді.

Көрініс

К ә р і м (*болыс отырған соң*). Немене, Майқан, не хабар бар?

Б о л ы с . Отқа түсер деймін, бұл жынды көбелек құсаған есалаң ел, список тексермек дейді.

Н ұ р қ а н . Е, соған ұсағандар аз деймісің? Мына көрші болыстар: Қарабұжыр, Көксуда да осындай ылаң басталыпты дейді. Береке-бірлік десе қандай табылмас еді. Әрекеге шұрқырасып, табысып жатқанын көрмеймісің?

Қ ы д ы ш . Құтырар бұл Борсақ, Қарсақ, сауырын алғызайын деген екен, бір шайнап тастамаса болмас тегі осыны, бәлемді.

Б о л ы с . Борсақ, Қарсақ құтырып не қылар дейсің, тұтас тұрса қалың Олжайға не қылушы еді? Тегі, өзге елдің таразысын бақпай болмас. Өзі тұтасып, ұласып бара жатқан сияқты.

Н ұ р қ а н . Өзге елді Қыдыш екеуіңіз қолға алыңызшы, дәл Борсақтың әптігін өзім басайын. Тәнеке, Жантастық жын өзімнен де табылады. Байлатып алса деп отырмын қазір екеуін.

Б о л ы с . Оны қой әзірше, шырға керек. Болмайды.

Мұғалім кіреді.

Көрініс

Қ ы д ы ш . Мұғалім, мынау ел сенің тіліңді алады дейді. Көкең болса, міне келіп отыр. Не ойлағаның бар сенің осы? Тыясың ба, жоқ, қырылсын деймісіңдер осы қазағың? Біреуден біреу желік алып, міне, пәле ұлғайып барады десіп отыр, міне!

М ұ ғ а л і м . Сіздің бұлай деуге қандай қақыңыз бар! Елдің басшысы мен бе екем? Сіздер емес пе?

Б о л ы с . Мұғалім, қашыртқыға салғыңыз келе ме?

Мұғалім. Мен түсінбеймін!

Болыс. Тоқтау айтыңыз. Сіз айтсаңыз тыйылады дейді. Өне, өрттей қаптап келе жатыр.

Мұғалім. Бұларыңыз маған мәжбүри реуейіште қойылған мәселе ме? Шарт па? Немене өзі, болыс әпәнді?

Кәрім. Жоқ, сіз де, біз де осы елдің бір жарасын емдеуге мәжбүрміз, солай емес пе?

Мұғалім. Әлбәттә!

Кәрім. Сіз көбіне таныс болсаңыз, тіліңізді алса, араласыңыз, мұны мен де қажет деп білемін.

Мұғалім. Бұл бізге сын ба өзі, тегі? Жоқ, жай тегі, ел қамын ойлау ма?

Жұзтайлақ (*күліп*). Сын десе қашайын деп пе едіңіз, мұғалім? Сын дегеннің таңдайыңызға татығаны бар ма еді әлде? (*Күледі*.) Қадам баспай жатып саудаласқан сияқты боп.

Мұғалім. Жоқ, Бибіш ханым! Көп тілегі сол болса, мен сөйлесуден тартынбаспын. Бірақ тәсрім болар деп сенбеймін.

Кәрім. Не де болса араласу керек, сөйлесу қажет.

Мұғалім. Көке, сіз шаһардан келдіңіз. Менің сізге бірнеше сәуәлім бар.

Кәрім. Айтыңыз...

Мұғалім. Осы мәселеде өз пікіріңіз қалай? “Қазақ” газетінің пікірі қалай?

Кәрім. Бар үлкен қалалардағы қазақтан шыққан зиялылармен хат алысып отырмын...

Мұғалім. Я, соны айтыңызшы! Мен үлкен дағдарыста жүрмін.

Кәрім. Ол азаматтардың пікірі, менің пікірім бәрі бір...

Мұғалім. Не дейсіздер?

Кәрім (*күліп*). Халыққа айтамын, сонда естисіз.

Мұғалім. Мақұл, айыпқа бұйырмаңыз.

Кәрім. Еш нәрсе етпейді, мұғалім... жалғыз-ақ, сіз өз жағыңыздан мына ел басшылары айтқан сөздің жөнін айтып көріңіз...

Мұғалім. Ел үшін қажет пе сол?

Кәрім. Керек.

Жүніс кіреді. Бибіштен төмен кеп отырады.

Қыдыш. Жақсы келдің, Жүніс шырағым. Олар Борсақ болса, сен Қарсақ әрі оқыған азаматсың.

Жүніс. Я, не бұйырмақ едіңіз!

Жұзтайлақ. Дұрыс, бәсе осылай сөйлемес пе жас жігіт!

Қыдыш. Мен соларға қарсы сені қосам ба деп отырмын.

Жүніс. Қосам дейсіз? Бұл өзі бәйге екен ғой, тегі...

Қыдыш. Қарағым-ай, сейіл де – сейіл, сергелден де – сейіл емес пе? Ойында озған, шында да озады. Кел, Жүке, осыны екеуіміз бәйге қылайық.

Нұрқан (*Бибішке*). Ал, Қарсақ, Борсақ жарысы болады. Жеңеше, балуаның қайсысы, бәйгенді тік.

Болыс. Қой бұл ойын емес, шын ғой, әзілді қойыңыздар.

Жұзтайлақ. Әзіл емес, біздікі де шын. Мен өзім көптен осы Жүкең деген кісімін (*Жүніс қарайды*.) Оны өзі біледі.

Жүніс. Мазақ болмаса көрерміз, жеңеше.

Жұзтайлақ. Мазағың не? О не дегенің?

Ділда кіреді.

Нұрқан (*қасына таман ымдап шақырып ап*). Кемпір, айтпай істесем қарыз болар.

Жұзтайлақ. Бәсе білдіріп қой өзіне.

Нұрқан. Ана келе жатқан елдің ішінде балаң да бар дейді. Міне, не ол елді де тоқтатып, өзі де тоқтайды. Немесе осындағы келініңді де бұйыртпаймын, білдің бе? Балаңнан бір, келініңнен екі айрыласың... міне, айттым да қойдым...

Ділда. Қарағым-ау (*Нұрқан мен Бибішке*), қолдағы бишараң емес пе ем! Не қыласың! Менің зәремді алып? Жалғыз жұбанышым сол Мөржан емес пе? Қарақтарым...

Нұрқан. Ә... Солай ма? Бәрібір мен күнәлі болмаймын...

Жұзтайлақ. Әлін білмеген әлек деген сол болады, кемпір.

Сырттан шаң-шұң шығады.

Болыс. Келді ғой! (*Қыдышқа*.) Үстімізге кіргізіп отырамыз ба басынтып.

Қыдыш. Кіrmесін, түге. (*Дауыстар*.) Сый қонақ бар мұнда....

Жұзтайлақ. Төрімізге шығарып, төбемізге ойнатушы ма едік? Әкелмеңіздер Кәкеңнің үстіне.

Болыс. Қайда Шатақан! Шатақан! Бұнда кіrmесін, тысқа түссін демеп пе ек, қайда жігіттер!

Нұрқан. Тәйірі, немене өзіңіз ыққан кісідей, қымтанып.

К ә р і м . Бәсе, немене бұл өзі, қорқушы ма едік өз елімізден?
Ш а т а қ а н (*тыста есік алдында*). Уа, бұнда кірмендер...
Сый қонақ бар! Құда бар. Кәкең!
Д а у ы с . Болсын. Сол Көкеңмен сөйлесеміз, кіреміз.
Н ұ р қ а н (*есікке таман барып, ақырып*). Бұл не бассыздық?!
Шығамыз қазір, түссін тысқа!

Тәнеке, Жантас, Бербасар, Бойбермес кимелей басып кіріп келеді, арттарында Шатақан бажылдайды, көп елдің кернеп келіп тұрғаны көрінеді. Нұрқан кейін басады.

Көрініс

Т ә н е к е (*кіріп тұрып*). Құба құстың тұмсығы етіңе тисе, атаңның төрі түгіл көріне кірерсің, кір, жігіттер!

Жігіттер сыймай есікті кернеп тұрады. Мөржан, Сәруар да кірген.

Төбеме көтере-көтере болғанмын, әулие тұтып. Аманбысың, Кәрім мырза!

Қ ы д ы ш (*өтірік күліп*). Жұлқынып жүрген кім десем, тағы сен бе едің, қайыс аяқ?

Т ә н е к е . Тағы мен! Тағы мен! (*Қолымен жігіттерді көрсетіп*). Міне мен! Мына тұрған көген көздің бәрі мен! Жылап келген тағы мен, жыпатушы тағы сен, Қыдырбай.

Б о л ы с (*күліп*). Тәкең жастарға қосылып, жасарып алған ба, немене? Жастар айтатын сөзді айтып жатыр ғой.

Т ә н е к е . Бәрекелде, жақсы болыс, жасармасы бар ма? Жасартып жатырсың ғой көгертіп. Ана окобыңа мені де жаз. Борсақ, Қарсақ сияқты, жаман-жәутіктің жігіті жетпей жатыр, солардан үш жүзге толтыра алмай сен қысылды деген соң әдейі келдім. Мені де жаз жастардың қатарына... Өзге ісіңнен қиын боп па?

Мұғалім күледі.

Сал, әпкел мұнда спесігіңді, жетпегенін толтырайық деп келдік, түге.

Б о л ы с . Ауыртпалық көтерісейін деген екенсің ғой. Бүйтпесең елдік істейтінің рас, Тәке!

Ж а н т а с . Ауыртпалық біздің ауыртпалық қой. Ел болып келгеніміз сол. Сондықтан спесікте біздің спесігіміз болсын. Тәкеңнің айтқаны рас, спесікті беріндер.

Бөрібасар. Спесікті қолымызға беріңдер, келгеніміз сол.
Дауыстар. Беріңдер! Шығарыңдар, көреміз!

Болыс (*Жантасқа*). Спесікті қайтпексің? Өзің кімге қарсысың, спесікке ме, ұлыққа ма?

Дауыстар. Ұлыққа да, саған да қарсымыз, ал! Ұлықтың атқан оғы болсаң алдымен саған қарсымыз. Ұлық деп жотасын көрсетуін, ең алдымен ұлығыңмен боламыз, бер спесікті!

Нұрқан. Спесікті саған беріп болыс пен кандидат құрып қаппа?

Дауыстар. Құрыса құрысын! Неге құрымайды ұлығы, болысы бәрі де.

Бөрібасар. Енді асқақты қой, Нұрқан! Жетті. Көзімізді ойып болғансың.

Жантас. Ең әуелі бізге спесікті көрсет!

Жүзтайлақ. Тіл бітейін деген екен, өзіміз-ау тіл бітірген, “сен” деп сөйлеуін, семіп қалғырдың!

Жантас (*шапшаң*). Олай десең әуелі өзің жақсылап сыйлап аларсың, Жүзтайлақ, қыздырмай отыр тілімді.

Жүзтайлақ. Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты деп, кара мұның аяқ астынан!

Жантас. Бәсе, аяғыңның астынан шығар саған пәле шыққанда.

Жүзтайлақ (*бұрыла бере*). Құл құтырса құрыққа деп!

Сәруәр. Наманда сіз уждансыз залым сезіп сүйлісіз, ә, өзіңіз яқшы, бәйбіше хисапланасыз!

Қыдыш (*Сәруәрға*). Шырағым Салдуар келін (*болыстар күледі*.)

Болыс. Сәруәр деңіз.

Қыдыш. Құдайдың кәлимасына келмеген тілімді бұл жерде қайта тудырам ба? (*Нұрқандар күледі*.) Шырағым Салдуар, осы сен екеуміз орысшыласпай-ақ қояйықшы осы, ұғыспаймыз, қайтеміз!

Жантас (*болысқа*). Біз қарсы болғанда күн бір жауса, терек екі жауғанына қарсымыз.

Болыс. Неғыпты, не бола қапты? Екі жауып? Алыпқаштыға, көптірген өтірікке сеніп жүрсіңдер ғой.

Қыдыш. Бәсе, лаулап жүргендерің бәрі өтірік лақап қой.

Жантас. Ендеше, сол өтіріктің кілтін аша қойыңдар – иесі бар? Кәне, мынау Олжай ішінде 30 ауыл Мықтыбай едің, сен-

дерден неше жігіт? Ана 60-70 үйлі Борсақ, Қарсақ сияқтылардан қанша жігіттен? Көрсете қойыңдар?..

Б ө р і б а с а р . Бұндай спескі жасайтын болсаңдар біз мына окобыңа бармаймыз, ел жігітін бермейді.

Д а у ы с т а р . Бармаймыз, көнбейміз. Болыс пен ұлығы шауып алсын, міне бізді *(болыс сырғып қысылады, Қыдышқа қарайды)*.

Қ ы д ы ш *(тамағын кенеп, жүгініп алып)*. Ә, әрмән әрі, көп шуылдақ, жынымды келтірмей! *(Ақырып.)* Үйтіп жіберерсің сен мені! Омай... Қайтер екен десем ырық бермейді ғой.

Б ө р і б а с а р . Уай, Қыдыш болсаң қайтейін, қиналмай-ақ қой үйтіп.

Б о й б е р м е с . Елдің құйрығын қарға шаншып болғансың.

Д а у ы с . Әкімсуің, билеп-төстеуің жеткен.

Қ ы д ы ш *(ақырып)*. Жеткен жоқ, тыңда, мына мен енді айтамын!

Б ө р і б а с а р . Не айтасың, не айтасың?

Қ ы д ы ш . Уә, кімге келдің? Не деп тұрсың, түге! Мұнда кім отырғанын көрмеймісің? Бұл Кәкең. Қазақтың ақжүрек азаматы, басшың міне! Сендерге айтпақ сөзі бар. Тыңдамас, аңдамас болар ма! Осы өл десе өліп, тіріл десе тірілмекпіз бәріміз де. О несі екен улап-шулап, үлгісі, ұстазы жоқ елдей.

Т ә н е к е . Жарайды, ал, олай болса тыңдайық. Кәкеңнің атағын біз де еститінбіз, тыңдамаймын деген кісі жоқ.

Н ұ р қ а н . Ендеше, немене ұлыған қасқырша шуладыңдар, көргенсіздік қып?!

М ұ ғ а л і м . Неге керек сондай сөздер, Нұрқан мырза? Қояйық, Кәкең сөйлесін.

Ж а н т а с . Сөйлесін Кәкең, біздің бәріміз де көзсіз елміз, басшының басшылығына құштармыз.

К ә р і м *(ырғалып)*. Сөйлесек, ел аңғарын байқап отырмыз. Мәселе списокта емес сияқты, список деген сылтау.

Б о л ы с . Рас сылтау, құр сылтау.

Ж а н т а с . Списокте де көп мән бар, сылтау ғана емес.

К ә р і м . Шын түйін: ұлық не тілейді, сен не тілейсің, сонда ғой. Біз сенің тілеуінді тілеген, сенің ішіңнен шыққан балаңбыз. Сенің жарға ұрынғаның бізге де тұрғызбастық дерт болар еді. Бірақ біз тілеген пәле емес, біздің еркіміз де емес. Патшалық үкімет әлі әзір күшті. Ол айтқанын істете алады, көнбегенді

көндіре алады. Әлсіз ел, айласыз ел босқа арандайды мұндайда. Менің сөзім қысқа. Әдейі сендерді арандатпай тыяйын деп келдім. Барлық қазақ басшысының пікірі осы. Тілді алсаң елге де, кемпір-шал, бала-шағаға пәле тілеме. Бүгінгі заң жаман, әскери сот үкімі ауыр. Біз бұны ойлап, толғап болғамыз. Байлау сол, әкесі өлгенді де естіртеді, жігітіңді бересің. Бір қазақ емес, әлемге келіп жатқан апат, жігіттер, сол окопқа барасындар, басқа айла жоқ.

Дауыстар. Әдейі келгенде айтарың сол болса, келмесең де болушы еді ғой.

Бәрібасар. Бұл – елге жаны ашығанның сөзі емес қой.

Қыдыш. Қой енді, тағы лауылдамай, не айтты: сабаңа түс, ойлан!

Жым-жырт.

Мұғалім (*жұрт аңыра қалады*). Жаңағы жігіт рас айтты. Ел басына келген мұндайлық жаһалат-зұлмат күнінде сол милләттің адал ұлы деген азамат мұндай сөзбен елге келмесе де болар еді.

Кәрім. Не айтпақсың, мұғалім? Мен елден бос шығын шықпасын деймін.

Мұғалім. Қой да аман, қасқыр да аман болсын дейсің, бірақ қой амандықтан кетті, бәрібір кетті ғой.

Кәрім. Елді бүлдіріп, жарға жығайын деп пе едің?

Мұғалім. Сенген қойым сен бе едің? Ел деп не қыласыз сіз? Еліңіз кім екені танылды ғой.

Кәрім. Тегі, сені сор түрткен молда екенсің. Ең алдымен кетер жеріңе сен кетерсің, ендеше.

Мұғалім. Тұрғы келсе мен сонда кеткенімді абзал көрем. Шунки сіздің қасыңызда қалуға өзіме ләзім деп білмеймін. Сарала түйме таққан төренің қазақты алғаш сатқаны бұл емес.

Тұрып жүре береді.

Тәнеке (*бірге тұрып*). Садағаң кетейін, мұғалім, шын елім сен екенсің ғой. Ал енді спесікті бер, не тұрыс бар?

Дауыстар. Бер, шығар. Түсір, болыс, спесікті.

Жантас (*тұрып*). Болыс, қазір бересің спесікті, кетіскен жер осы, не елмен, не шенмен боларсың бұдан былай.

Нұрқан. Шын кетісейін деген екенсің, Жантас. Онда мына артыңды (*Мөржан, Ділдань нұсқайды*) ертеп кетерсің?!

Ділда (*Бибіштің қасынан тұрып, Жантасқа жабысып*). Ку жалғыз, қақсаттың ба мені? Қуарған, неғып бүлдірдің ойбай, өлтіріп кет мені!

Жантас. Өлтірмеймін, жүр, алып кетемін. Мөржан, сен де! Сендерді әкеткелі келдім!

Ділда. Мені осы арада бауыздап кетесің, мен дастарқан аттамаймын, сұмырай! Кетсең, міне (*теріс бата қып*) Жортқанда жолың...

Тәнеке (*қолын қағып жіберіп*). Жағыңа жылан жұмыртқаласын, есі шыққан сорлы. Тарт былай... Неге өлмейсің осымен бірге, елмен бірге!

Жантас (*шешесі жабысқанда*). Анам едің, жаман сөз айтпаймын, бірақ қайтейін, кімнен кім айрылмай жатыр, тек тірі бол (*Кемпір дауыс салып болмайды*). Мөржан, сен не дейсің?

Нұрқан. Мөржан біздің қолымыздағы нашардың қызы, мына Жұмажан оның иесі, біз оның ықтиярынсыз саған жетектетіп жібере алмаймыз!..

Жүзтайлақ. Тамам қолды жиып кеп қатын алмақ екен ғой.

Ділда. Бармайды келінім, өлтіріп кет, өртеп кет, ақ сүтімді садаға қып кет, жуадай солғыр (*жылап жабысады*).

Мөржан (*Сәруәрға*). Мен не дейін, апатай-ау! Ел түрін көрдің ғой. Мына жауыздар міне. Осы пәленің қолында қалам ба?

Сәруәр. Булды. Мұғалима дә, мин дә, китәміз буннан. Мин һәммәсін дә ойладым. Жүр қазір Жантас білән.

Жантас. Мөржан! Мыналар зорлық дейді ғой, мен сені зорламаймын, жарықтығым! Мендікпісің, жоқ әлде мазағына жүрем деймісің? Мендік болсаң еріп жүр.

Мөржан. Мен еремін.

Жұмажан (*бұны Нұрқан түртіп тұрғызған*). Жоқ, ол сөздің керегі жоқ, шорт, Мөржан кетпейді, мен де кетпеймін. Анау үйде өлмелі шешем бар, оны мына Ділдаша жылатып кетпейміз, шорт!

Сәруәр. Ә, Мөржан өзі тіләсә нешлисің, ул аның яры бит!

Жантас (*Мөржанға*). Ерік өзінде, Мөржан. Мен тілегеніңше істеймін.

Мөржан. Мен кетемін, керегі жоқ Жұмажан сөзінің.

Жұмажан. Жоқ, кетпейсің дедім, кетпейсің, шорт!

Ж а н т а с . Сені итаршы қып тұр ғой, бишара, есалаң!

Н ұ р қ а н . Итаршылықтан өз басың арылып болса неге тәңір жарлығын айтпайсың? Болды, Мөржан, қал былай, біз кедейімізді жылата алмаймыз. Берілмейді Мөржан!

Ж а н т а с (*ашуланып ілгері басып*). Боқты бермессің! Баяғы күнім бар дейтін шығарсың, шығып көр бүйін, ендеше!

Н ұ р қ а н . Тарт тіліңді, жерге қағып жіберемін.

Б ө р і б а с а р . Арам болар, жанасып кер (*екі-үш жігіт ілгері шығады.*)

Б о л ы с (*Нұрқанды басып*). Қой (*жігіттерге*), сендер де ереуілдемендер. Қалыңдықтың өзінікі екені рас, барамын деп тіленіп тұрғаны анау, ешкімнің ақысы жоқ, бар. Алып жүре бер Мөржанды!

Ж ұ м а ж а н (*атып тұрып*). Жоқ, мен көнбеймін, шорт!

Б о л ы с (*ақырып*). Оттама, тек отыр, алар малыңды алып болғансың! Шырағым Мөржан, бара ғой! Жолың болсын. Терістік бізден болмасын, өздеріңнен болсын тек!

Жантас Мөржан мен Сәруәрді шығарады.

Көрініс

Т ә н е к е . Жә, болыс, адал жұмыс істейін деген екенсің, енді міне елдің келген тілегі сол: спесігіңді көрсет.

Қ ы д ы ш . Ей, Тәнеке, алдыңа түсіп, дегеніңді істеген сайын аса берме, сен. Осы кешегі Борсақ қайдан жуан шықтың сен, төбеме ойнап?

Т ә н е к е . Борсақ жуандық істеп жүрген жоқ. Бірақ тұяқ серіппей өле де алмайды.

Қ ы д ы ш . Асқан екенсің. Айттық, болды енді. Тұяқ серіпкішін мұның.

Т ә н е к е . Ей, Қыдырбай, жылаған мен жаны күйген бүгін кеп тұрған! Біз қу жанды шүберекке түйіп кеп тұрмыз, білдің бе? Сен де шараңнан аса берме!

Қ ы д ы ш . Асқанда қайтушы ең? Бойыма сыймаушы ма еді менің? Қалың Олжай құрып кетті деп тұрмысың! Селдей басармын.

Т ә н е к е . Мақтансаң ана аман алып қалған отыз ауыл Мықтыбайыңмен мақтан. Бүгін саған тұтас тұрған Олжай да

жоқ. Теңелгенім осы міне менің сенімен. Енді дегенімді істейсің, міне, спесік туралы жауабыңды бер, қай елден қанша кісі тіздің.

Н ұ р қ а н . Олжай сендік шығар. Борсақ пен сімтік Қарсақ сияқтылар шығар сендерді құтыртып жүрген, өңшең құнсыз кедей?

Ж а н т а с . Рас айтасың, мырза. Борсақ пен Қарсақ сияқтының кедей екені, аз екені рас. Сондықтан сенің жемің, жентің болғаны рас. Жерден айрылған, малдан айрылған, адамы қорлық тепкінде шіріген. Бүгін міне, төрт жүз жігіттің нешеуін сол Борсақтан тізіп бердің? Жемің екеніміз рас, құн төлемей құнсыз қып келгенің де рас. Енді нешеуіміз кетейік? Сонда анау отыз аулыңнан тышқан мұрны қанай ма екен? Бірде-бір жігіт кете ме екен, соны кәне білейік, кәне жауап берші!

Ж ү з т а й л а қ . Сен кетпей, адам баласы кетуші ме еді! Тауқыметімді көтермесе Борсақ, Қарсағым неге бопты? Ей, Жүніс, сен неге айтпайсың? Жоқтаған Қарсағыңның бірі сен емес пе ең?

Ж ү н і с *(бағанадан түнеріп отырған)*. Жеңеше, мені сөйлетпесең қайтеді, қорлыққа шыдаған, намысы жоқ шығармын мен?

Ж ү з т а й л а қ . Е, неден таусыла қалдың? Өз басыңды өзің түсіріп, мұның не? Сөйле!

Ж ү н і с . Шын айтасыз ба?

Ж ү з т а й л а қ . Сөйлемесең ырза емен!

Ж ү н і с . Ендеше, әй, Тәнеке, Жантас! Сұрап тұрғаныңды мен айтайын, бермен қара.

Қ ы д ы ш . Бәсе міне, Қарсақтың бір баласы. Оқыған ақжүрек азаматың, спесік деп дікілдегенше мына Жүністің сөзін тыңда!

Б ө р і б а с а р . Жүніс, жасақшы болсаң сөйлеме. Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді деп еді, намысың жоқ болса үндемей өл!

Ж ү н і с . Айтайын мен, мен көрдім списогін *(екі жақ та қалта қарап қалады.)* Болатың өз қолымен тізілген списогі былай: дәл санға келгенде Олжай алты старшын, жүз сексен тоғыз жігіті бар екен. Барлық керек жігіт төрт жүз екен, соған Олжай бар, өзге руы бар, барлығынан екі жүз жігіт алынады. Ал Борсақ, Қарсақтан жүз-жүзден екі жүз жігіт алынады. Міне, сендерге керек болса әділет! Барлық керек жігіттің қақ жартысын Борсақ, Қарсақ, сен бересің. Саның өзге елден бес есе аз. Міне, саған теңдік!

Бөрібасар. Бәсе, тыққыштап отырған списоктің сол ғой.

Жүніс. Токтай тұр, отыз ауыл Мықтыбайды сұрап едің ғой, халық! Одан жігіт тумапты. Списокте отыз ауылдан бірде-бір жігіт жоқ.

Жантас. Міне, көрдің бе, ел? Жыра қуғаны, оққа байлағаны кім екенін білдің бе?

Дауыс. Бұдан үлкен қасы бола ма елдің, көптің?

Жүніс. Токта, әлі де тұра тұр. Борсақ, Қарсақтың екі жүзге жетпегенін қайдан алған?

Дауыс. Бәсе, соны айт! Соны айт!

Қыдыш. Жауымның үлкені сен бе едің, Жүніс?

Нұрқан. Жылымқұрт боп іштен жайлапты ғой мынау...

Жүніс. Жетпегеніне жасы өткен шалды, жасы толмаған жасты сүйреп салыпты. Тізімге ілінбейтін жалғызды, жартыны тығыпты. Ал, білмегің сол болса, мен болдым...

Жантас. Олай болса бері шық бермен, Жүніс.

Бөрібасар. Не сөз болушы еді мұндай дұшпан мен? Отырған орнымен өртеу керек тек! Артымызда бүгінде бес болыс ел. Ана Қарабұжыр, Көксудың болысқа қылғанын естімедік пе? Неге тұрмыз?

Дауыс тар. Қыру, жою керек?!

Бойбермес. Бауыздаймын, лақша бауыздаймын *(пышағын жалақтатып суырып алады. Жантас ұстай береді.)* Жіберші былай, не қылмап еді?!

Бөрібасар. Не көрмеп едік, не тұрыс бар? *(Ентелей береді.)*

Болыс. Ей, ағайын! Жарты ауыз сөзге құлақ сал. Істемегенінді содан кейін істерсің *(тоқтап.)* Жә, сөз қылғандығың список екен ғой. Мына Жүністің айтқаны рас. Бірақ ол бітпеген, толмаған шала список. Арман қылғандарың, жырып алып қалды дегендерің Мықтыбай ғой. Ендеше, міне. Сол отыз ауыл Мықтыбайдың барып тұрған тұрғысы мен едім ғой, әй, Жүніс, бері кел! Сен оқыған жігітсің ғой, ал, қаламыңды! Список анау стол үстінде тұр, Нұрқан, тұр, қолына бер.

Жұртпен бірге Жүніс те аңырады

(Жүніске.) Жаз. Міне, списоктің қақ басына мені жаз. Жасым қырықта, мен де ілінуім керек *(қатты.)* Жаз! Екінші мына Нұрқанды жаз. Жасы 28-де, жаз! Неге тұрсың? *(Халыққа.)* Жанын

аяп жүр дейді екенсің ғой түге сенен. Бірге кетемін. Тобыңда болам. Өлсем бірге өлем. Елім, жұртым сенсің. Немді аяйын, міне көр! *(Жылаған болады, отырған Қыдыш та еңкілдейді. Жұрт сілтідей тынады, жігіттер арасында босаңсыған сыбыр, дағдарыс.)* Бірақ әңгіме списокта ма еді? Мен ұлық қолына бермек пе ем бұны? Сол ұлықтың сырт көзіне осылай етіп қойып, ізденбек емес пе ем? Мына Кәкең адвокатты неге әкеп отырмын? Екеуіміз сендерге айтып, алдарыңнан өтіп, сапар жүрмек емес пе едік? Жоғары жандаралға, министрге, тіпті патшаға барамыз деп, жігітімізді амандаймыз деп, ізденеміз деп отырғамыз жоқ па? Ұқсаңшы, бишара ел?!

Қ ы д ы ш . Ой, атадан туса туғыр, қарағым! Жолын қыла гөр! *(күрсініп.)* Аһ, дүние жалған *(Кәрім тұрады.)*

Б о л ы с *(Кәрімге)*. Говорите осторожно!

К ә р і м . Мен де саған бір еңбек етуге жарармын деп жүрген ұлың, азаматыңмын. Сен үшін ізденбекке бел байлағам. Сенің табаныңа кірген шөгір біздің маңдайымызға қадалсын деген еліміз сен емеспісің. Ана патшасына, министрге, Петерборына барайық па сен үшін, жоқ па?

Д а у ы с . Бар, бар. Жолың болсын, бар, е... Бәсе, осылай десеңші бағанадан!

К ә р і м . Бар десең, жаңағы айқайды қой, бұл пішінді таста! Менің қасыма жол көрген, жөн білетін Майқанды қосасың, біз солай байладық, бүгін жүреміз.

Қ ы д ы ш *(орнынан тұрып, мойнына белдігін салып)*. Иә, құдай, иә, аруақ, міне, осы тілеуден шет жайылған кісіні аруақ-құдай ұрсын... Пәле, қаза соның басына жаусын. Міне, мен айттым бір көк қасқа сол екі арысымның жолына *(алақанын жаяды.)* Жас та болсаң бас едің, бер, Кәке батаңды.

К ә р і м *(қолын жайып)*. Е, құдай жолымызды болдырып... елдің. Не... жігітін аман сақтап...

Қ ы д ы ш *(айтып жібереді)*. Тілегін оңғара гөр!

К ә р і м . Иә, тілегін оңғара гөр, бысылда аллау ақпар. *(Бата қылады.)*

Ж ү з т а й л а қ *(Жүніске кеп)*. Айтқан жерден шыққаның осы ма?

Ж ү н і с . Шықпадым... Шыға алмадым!

Ж ү з т а й л а қ . Қайтып қарарсың енді менің бетіме?!

Ж ү н і с *(қатаң)*. Бірақ бетіңе қарай алармын, Жүзтайлақ!
(Қарасып тұрады.) Сол!

Шығып кетеді.

Ж а н т а с *(тарай берген елмен бірге серпілін)*. Болсын айтқандарың. Бір жолға тағы сынайық... көп болса жата тастағаның болар. Тосты мынау елің, тосады!

Елмен бірге кетеді.

Б о л ы с . Жарайды, шырағым, тос. Кездесеміз әлі сен екеуміз, кездесеміз, тұра тұрайық. Сүт көп, көмір аз!

Ж ү з т а й л а қ *(болысқа жақындап)*. Есебін қалай табасыз! Сүйсінетін іс істедіңіз-ау, болыс!

Қ ы д ы ш . Е, тәйірі-ай, келін-ай, сөйтпесе бұны он бес жылдай ұдайы болыс сайлаушы ма ем?.. *(Бәрі күліседі.)*

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Облыстық қалада. Европаша жақсы жасаулы бөлме. Қала байының үйі. Үш терезе қора ішіндегі бақшаға шығады. Терезеден әр алуан ағаштар, гүлдер көрінеді. Бөлме ішінде жақсылап әзірленген биік стол. Ішкілік, жем. Айналасында ояз Казанцев, адвокат Кәрім және болыс. Бұлар іше отырып, карта ойнап отыр, күтіп отырған Бибіш, сырттан ас-су әкеп жүрген екі даяршы. Бірі әйел, бірі еркек.

Көрініс

О я з . Жақсы болыс, как раз осындайда жақсы болып, ақылды болып шығатын керек. Біз его превосходительство губернаторға да мен Майқанды сондай деп характеризовать етем... Ел мына жұмысқа көнеді ғой?.. Айттың ғой ақымақ болма деп, солай емес пе?

Б о л ы с . Айтылды ғой, бірақ кейбір ақымақтар бар. Бастыңыз ба? *(Өз картасын қарайды.)*

О я з . Жартысына... кетті... *(ақша салады.)* Кімдер? Оны білдір маған... Мен саған как всегда помагать етем... *(Бибіш арақ ұсынады. Казанцев Майқанға басын иіп, Бибішке рақмет айтып.)* Міне, жақсы болыс, Бибіштен еш нәрсе аямайды. *(Арқаға қағып.)* Мен оны жақсы көрем... Сен, Майқан, бізге керек кісі.

Ж ү з т а й л а қ . Біз де сізді жақсы көреміз, тақсыр. Елдің ішіндегі ақымақтар болса мен тіпті өзім-ақ айтам сізге.

О я з . Айтыңыз, сіз жаман деген кісіні, сізді ашуландырған кісіні мен аямаймын, білдіңіз бе? Бастым.

Болыс карта береді.

Ж ү з т а й л а қ . Жарайды, тақсыр, осынымыз уәде болсын.

О я з . Уәде ме! Жарайды, мә менің қолым *(қол алысады, Бибіштің қолын сипайды)*

Б о л ы с . Ел бізді патшаға бар деп ақша беріп жіберіп отыр, тақсыр.

О я з . О неменеге? Біз мұнда білмейміз бе? Алынады. Барып неге керек?

К ә р і м . Петиция, петиция берсек дейміз оған, сіз қалай қарайсыз?

О я з . Окопқа жігіт жіберу керек. Болмаса Германия жаман, көресің бе! Правительствоны поддерживать ету керек, оны сен білесің, Майқан!

Б о л ы с . Ел “бар” деп ақшасын беріп күтіп отыр.

О я з . Е, бар дей ме? Ақша бере ме? *(Күліп.)* Ну, что же! Петероградка барып көріп қайт. Жаксы путешествие! Ол патша тұрған, біздің патшамыз тұрған жаксы қала... Барыңдар, сізге де советовать етем. Кәрім Сеилович, қызық көріп қайтасыңдар.

К ә р і м . А, мына указ туралы, петиция туралы не ойлайсыз? Басқа Қарабұжыр, Көксу... Қызылжар, Теректі болыстары да осы Жыланды болысы сияқты, біздің хабарға қарап қалды. Майқан елді осымен басып кетті.

О я з . Ну, ел успокоиться етіп тұрсын, а, Майқан, сен ходатайствовать етпе. Пайда жоқ. Біз его превосходительство губернатор мен қазақ болыстары жігіт береді, бергелі жатыр деп донесение жасап қойдық. Керек емес.

К ә р і м . Еш нәрсе шықпай ма? Отмена болмас па?

О я з . Шықпайды, бұл окончательно, Майқан! Керек емес.

Б о л ы с . Ел жайын өзіңіз жаксы білесіз, әйтеуір қысылсақ сенетініміз сізсіз.

О я з . А, кончено! Майқанды обижать еткізбейміз. Майқан біздің уездегі почетный кісі. Және сендердің істерің өзге болысқа пример болады. Қазір білесің бе? Сендердің бес болысың өзге бір уезд елді жаманға бастап кетуге болады. Жігіттерді жаксылап тез бергізесің.

Б о л ы с . Иә, енді әйтеуір, өз көмегіңізбен көреміз де. Банк сіздікі... Бибіш, құйсаңшы тағы *(Бибіш бәріне ұсынады.)*

Шатақан кіреді, елден келген беті.

Б о л ы с . Е, амандық па, немене? Не қып жүрсің?

Ш а т а қ а н . Ел іші тынышсыз болуға айналып жатқаны, Нұрқан мен Қыдыш жіберді.

Б о л ы с . Немене, Борсақ па?

Ш а т а қ а н . Иә... Бастығы сол Жантас, Тәнекелер.

К ә р і м . Не қып жатыр олар?

Ш а т а қ а н . Қол болып жиналып, ел жігітінің көбін бір араға топтап алып, қару-сайман қамдап жатыр дей ме, немене, әйтеуір.

О я з . Ол кім? Не айтады мынау?

Ш а т а қ а н . Тіпті кеше кешке келіп, бізге ат-көлік керек, сойыс керек деп өзіміздің жылқыдан бес жүз жылқыны іріктеп айдап кетті.

Ж ү з т а й л а қ . Не дейді, бұл не деген сұмдық, бәтір-ау!

О я з . Бастықтары кім? Айтыңдаршы маған қазір, бұларды ұстап үйрету керек, тез ұстатамын (*Кәрімге*) Сіз не дейсіз? Сіз онда болғаныңыз қайда?

К ә р і м (*сасыңқырап*). Болып ем, бұнысы бұзықтық екен, айтқаныңыз рас, ұстап жазалау керек.

Б о л ы с . Ал ізден, бұл бұзық ел туралы?

К ә р і м . Не сөзі бар, жігіттерінің списогін реттеп, елге ұлық шығарып отырып, алдын жүргізуге қамдану керек. Ізденсек артынан іздене жатармыз. Бірақ ел сөйтіп бізді ұятқа қалдыратын болса, ізденіп керек емес.

Б о л ы с . Бәсе, өзіміз арандармыз.

К ә р і м . Орынбор мен Самардағы жігіттерден хабар күтіп ем. Бүгін хат келді, тілдерінді алған елді көндіріңдер, жігітін берсін депті. Ол жақтағы бастық азаматтар елге шығып, тоқтатып жүрген көрінеді (*Оязға.*) Міне, бұл мәселеге біздің көзқарасымыз осындай.

Б о л ы с . Тіпті солардікі дұрыс.

О я з . Конечно, ізденген керек емес, еще мынадай жаман ел болып отырғанда керек емес. Бұларды только примерно, наказать ететін керек.

К ә р і м . Бір жақсы арыз жазып, петиция қып жібереміз... Ал өзіміз ел тынышталғанша біраз жүріп қайтайық. Одан бері де қазір мына его высокоблагородие господин уездный начальник бұйрық етіп, елге тығыз поручениемен кісі шығарсын, менің байлауым осы.

Қыдыш кіреді, қасында Ділда, елден, жолдан келген.

Көрініс

Б о л ы с . Е, немене, жандарым-ау, үсті-үстіне! Қыдыш аға, немене?

Қ ы д ы ш (*оязбен амандасып*). Е, жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан деп, тақсыр ояз да мұнда екен, келе айтайын – мұңымды шағайын деген кісімнің өзі осы кісі еді.

О я з . Но, немене? Тағы не болды?

К ә р і м . Өзіңіз, тіпті қысылған кісі сияқтысыз ғой, Қыдыш.

Қ ы д ы ш . Қысылмасы бар ма, қарағым-ау, тіпті мұндай құтырған ел көрген емеспін бұрын.

Ж ү з т а й л а қ . Бүйтпеуші еді, ақкем мына бір кемпірді де ала кепті.

Қ ы д ы ш . Мына Шатақан айтқан шығар. Байдың аулына біткен жылқыдан бес жүзді алумен тұрмай, кешке келіп қорадағы сауда қойынан бір қора қойды да алып кетті. Сойып, қырып, тойлап жатыр дейді.

Б о л ы с . Ал, оның үстіне?

Қ ы д ы ш . Оның үстіне сол түн ішінде келіп Нұрқанды қамап, ауылға орнап жатыр. Сен список жібересің, қалаға шағым бересің. Майқан қайтқанша, жақсылық хабар болғанша тура осылай ізінді бағып отырамыз дейді. Мені де кепіл қып тапжылтпай қойды, пәле үлкейіп кетті. Ана жақта Қарабұжыр, Көксу, Қызылжар болыстары да бүлініп жатыр дейді.

К ә р і м . Міне есуастық! Бұл не антұрғандық, батыр-ау! Өстіп отырып та жоғын жоқта дей ме Майқанға!

Қ ы д ы ш . Уа, сенбейді, Майқан бізді қулыққа салып алдап кетті... Ол шағым ап кетті, елдің жоғын жоқтайды деген бекер деп, тамам елдің қолтығына дым бүркіп апты. Ол жайда тексіз аз ба, соның талайы қосылып кетіпті.

Б о л ы с . Өзің аяғы қашып шықтым десеңші?..

Қ ы д ы ш . Рас, тіпті шынын айтайын, қашып шыққаным рас. Мына кемпірді әдейі сол Тәнеке, Жантастардың жатағына апарып сөйлестірем деген боп ілестіріп шықтым. Жолшыбай кездессе, Жантастар болса, осының септігі тиер деп ойладым.

Ж ү з т а й л а қ . Ойпыр-ай, енді неге отырсыз, не қалды?

О я з (*ашуды шақыра бастан*). Бұның аты жаман жұмыс, бұны тіпті не деп атарға білмеймін, білесіндер ме, бұл военно-полевой суд тексеретін іс, осындай бұзықтар сенің еліңде... Әй, Майқан, не қып сен осындай антұрған адамдарды көрмей қалдың? Сен не қарадың, Қыдыш?!

Қ ы д ы ш . Ұятты болдық, ұятты, қор қылды бұл елді. Бұзық ел, соны өзім әдейі сізге ауызба-ауыз айтайын деп келдім. Несін айтасыз?

Б о л ы с . Ендеше, несі бар? Обалы өзіне! Әбден өрісіне жібердік, дандайсып шарасынан асып алған екен...

О я з (*өтірік күліп, суық жымып, біресе картаны лақтырып тастап, әкімше*). Басынан қыспай, аз ғана ықтияр берілген... Оны бұл халық былай мазақ қылған. Но жарайды. Енді бұл елді только өртейтін керек. Бұл величайший указға қарсылық... Бунт. Подумаешь, біздің государь императордың подданствосында – рахат, тыныштықта отырып, ақ патшаның жерінде отырып, білесіндер ме, бұзылғандар сендер!.. Сендерге ол көп болған. Дикий, невежественный ақымақ халық! Оған патшаның жерінде мал бағып отырған аз болған, ә?.. Айтыңдар қазір (*жерді теуіп*), сейчас же, сендерше не істеу керек?

К ә р і м . Мен пікірімді айттым, ваше высокоблагородие... Өзіңіз айтқандай аямай жазалау керек.

О я з (*болысқа*). Сен ше? (*Қыдышқа*.) Сен ше? Жолын айтыңдар!..

Б о л ы с . Мен өзім де жапа шегіп отырған кісімін, көрдіңіз ғой. Менің панам сізсіз! Маған салсаңыз өртеңіз сол Қарсақ, Борсақты. Ана Олжайдың бұзылғандарын да сөйтіңіз. Отырған жерін де былтыр поселкеге аламыз деп, әзірше алмай қойып еді, әзі көшіріп, қырып-өртеп жіберетін ел.

К ә р і м . Не дедің, не деп барасың, Майқан-ау.

О я з (*адвокатқа*). А, сіздер сонда ходатай болмадыңыз ба? Арыз жазбадыңыз ба! Ходатай! Петиция...

К ә р і м . Жоқ, честное слово, мен емес арызын жазған.

Б о л ы с . Осы бүлікке бүлк етіп, ат салысқан кісі болса бәрін ұйпау керек тек. Олжай болса Олжай болсын, бәрібір маған қазір...

Қ ы д ы ш (*баяу*). Дұрыс қой... Бірақ тамам елді қусақ пәле ұлғая бере ме деймін. Көпшілікті құртпай, қайта жиып алар ма едің, қалай? (*Оязға*.) тақсыр, мен ең әуелі шаруаны айтайын, ұнатпасаңыздар қалар.

О я з . Айт...

Қ ы д ы ш . Ең әуелі, бір жолға жалғыз бастықтарын атап, соларды жыра қуса! Өзге ел тез тыйылса, манифест болады деп, хабар шығарып, аналарды іріктеп шығарсақ деп ем, жеңіл болар еді...

Б о л ы с . Онда кім-кімді айтамыз?

Ж ү з т а й л а қ . Кім болушы еді? Жантас! Тақсыр, ең үлкен жау – Жантас, айттым міне мен (*Ояз басын изеп, қағазға жазды*.)

Б о л ы с . Содан соң Тәнеке. Онан соң әлгі бір Сапа дейтін мұғалім және Жүніс дейтін оқыған жігіт *(Ояз жазады.)*

Ж ү з т а й л а қ . Оларды қойыңызшы, ауызға алуға тұрмайтын.

Б о л ы с . Жоқ, барсын, тегіс...

Д і л д а *(Бибішке)*. Сұмдық-ай, өртке түскен басымай, қарағым Бибіш-ай, мұндай ма едің?

Ж ү з т а й л а қ . Шығарма үніңді, оттамай отыр!

Ш а т а қ а н . Қой, кемпір, не бетіңмен сөйлейсің? Ашпа аузыңды. Байдың үйінің малын судай шашып отырған жаудан не аяушы еді?

О я з . Ендеше, міне, сол Жантас, Тәнекелер қашқын. Үкімет жауы.

К ә р і м . Әуелі тексеру шықпай ма? Елде отырып анықтамай ма?

О я з *(ақырып)*. Не анықтайды?! Тағы не керек?!

К ә р і м . Өздері ақмақтығын біліп тоқтамас па деп ем, айтса, ұғындырса!

Д і л д а . Сәулем, жарығым, демей көрсенші, бірдеме десеңші! Елдің дәмесі сен емес пе ең?

К ә р і м . Сөйлемеші, кемпір, мен ондай бұзықтың досы емеспін. Елді айтам.

Б о л ы с . Болды *(оязға.)* Тақсыр, сол айтқаныңыз дұрыс. Солай деп, қашқын деп жариялансын және өзге елге соларды ұстап беру міндеті тапсырылсын.

О я з . Болды, ендеше, Жантастың, Тәнекенің басына пұл кесіледі, кімде-кім соларды ұстап берсе әрқайсысы үшін бес мың сом сый беріледі.

Қ ы д ы ш . Міне, бәрекелде, міне, осындай бір шара ғой менің ойлағаным.

Б о л ы с . Дұрыс тапқан ақыл!..

К ә р і м . Әттең, қандай іске куә боп отырмын?

О я з . Екінші жағынан елге отряд шығып, оларды қазір қуады, ұстайды...

Б о л ы с . Ие, әрине, онсыз болмайды. Міне, ең дұрыс жол *(Кәрімнен басқалары оязды шығарып сала тысқа шығады.)*

К ә р і м . Не дермін?! Тарих алдында не айтармын? Біздің трагедия осы да *(Тоқтап.)* Көр, бала, ел? *(Бекініп.)*

Жоқ, жоқ, өзің, өзің. Өзің виноват. Мен не істей алам. Сен мені де подводить ете жаздадың... Ендеше, өзің, өзің... *(Үйде қалған)*

кемпір жылап аяғына жабысады) Сорлы кемпір! (Аздан соң.)
Жоқ, жоқ, аулақ, аулақ (кетеді.)

Қыдыш, болыс, Бибіш кіреді.

Д і л д а . Қарағым Бибіш, өз құлың емес пе еді? Бөтенге, ұлыққа неге өлтірттің. Жесір ем ғой. Жүрегімді қарс айырдың ғой, қарағым Майқан? (Аяғын құша береді.)

Ж ү з т а й л а қ (аяғымен серпіп, теуіп жіберіп). Тарт ыңыранбай, бүйте берсең өзінді бергіземін ұлыққа, сорың құрғыр, жаны ашығанымды көремісің, білемісің сендей тексіз! Болмаса айтпас па ем мынау шешесі деп!

Д і л д а (қатайыңқырап). Бүйткенше берсең етті! Шірітсең етті абақтысында, соның жолында. Қуарған қу басым, етегіңнен ұстап неге өлмедім?

Ж ү з т а й л а қ . Аулымыздан қатын тартып алғаның жетпеп пе еді. Ұмытты деп пе ең біз оны? Енді мынаған жеттің бе. Енді егескен соң әуелі сол қатыныңды көзіңше әкеп Мырза жігітке күң қатын қып қоймасақ атымыз құрысын.

Б о л ы с . Намыскерін бұл құлдың. (Кемпірді нұсқап.) Міне, міне намыскер болсаң мынаны көрсең еттің! Адыра қал! Жігерлі жігіт! Шыққан жері, шешесі, тегі қайда екен қазір! (Нұсқап.) Жетілдім деген күнде де басың аяғымның астында жатқанын сезіп пе ең, біліп пе ең, міне!

Есік ақырын ашылып, Жантас тұра қалады,
қолында жалаңаш сапы.

Ж а н т а с . Білгенмін... Жауыз дұшпан екенінді бұрыннан білдіргенсің.

Отырғандар шошып алақ-жұлақ етеді, терезе-
ге қарасады, терезеден Бөрібасар, Бойбермес тағы
бірнеше кісі мылтықтарын үңіліп тұрады.

Тұр, анам! Адасқан, қаңғырған сорлы анам! Көзің жетті ме? Көрерінді көрдің бе? Көрсетті ме? Мені қарғасаң да сені қуа келдім.

Д і л д а (ұмтылып). Жарығым, жалғызым! Әпкет, әпкет, әпкет мені мына ысқырған айдаһардан!.. Мына дозақы дажалдан! Қуатым, жалғызым, садағаң кетейін!

Ж а н т а с (*болысқа*). Елді алдап, сытылып шығып шағым жүргізіп жатырсың. Елдің қырғынына тойлайын деп отырсың. Солай ма? Бауыздайын ба осы жерде, жауыз...

Б о л ы с ... Мен елге әлі өтірікші болғам жоқ. Жүргелі отырмын.

Ж а н т а с . Шығарма үнінді, алдайтының бір біздің ел емес, бүгін бес болыс, тіпті бір дуан ел қарсы шықты. Құтылып көрші осы селімнен, бәлем Майқан!

Б о л ы с . Не тілейсің менен?

Ж а н т а с . Тілейтінім бе? Қазір мына шағымыңды тоқтатып, әскерді шығартпайтын қыл! Ел тынышталды де, ұқтың ба? Істеймісің?

Б о л ы с . Істейін.

Ж а н т а с . Жоқ, құр сөзің болмайды, сыр мінезбіз ғой... Өзің әдісің. Жаныңды бер... Болмаса істейтінімді шын көресің!..

Ж ү з т а й л а қ . Арам болармыз.

Ж а н т а с . Ендеше, бәйбіше, уәде болсын (*Қатты.*) Күн жетер, сонда ақ шабақтай қайраңға соғып, мына жігіттерімді сенімен тояттатармын (*Болысқа.*) Бер жаныңды, бересің бе, жоқ па?

Б о л ы с . Бердім.

Ж а н т а с . Берсең, Мықтыбай аруағымен ант ет!

Б о л ы с . Осыдан өтірік айтсам, ел тілегін орындамасам, атам Мықтыбайдың аруағы атсын.

Ж а н т а с (*Қыдышқа*). Сен міне осы анттың басындасың. Айт сөзіңді.

Қ ы д ы ш . Есіттім, куәмін.

Ж а н т а с (*болысқа*). Енді алдында жалғыз кезең, жалғыз-ақ кезең! Бірақ оған жеткенде кінә бізде болмайды. Жаңағы айтқан аруағыңа шет болғандықтан соның өзі атты дерсің! (*Тоқтатып, суық жсымып.*) Мен уәдемді айтайын. Бізді жеңіп шығатын күнге жеткенде де игілігін Майқан сен көрмейсің. Мен қу жанды шүберекке түйгемін. Жығылсам, үлкен жастық құшақтай жығыламын. Сенің антыңа сертім осы!.. Тарт, жігіттер!..

Жөнеле береді.

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ АКТ

Төртінші сурет

Болыстың кеңесі. Кешкі уақыт. Үлкен ақ үй. Іші жасаулы. Сол жақта стол. Жұмсақ диван, екі-үш орындық және кеңсе қағазының шкафы. Үйдің содан баска жері тегіс кілем, жүк. Оң жақта жақсы төсек, босағада сәнді ер-тұрман, кеңсе жақ бөлмеде бір қылыш, бір винтовка және сары жезді атшабар сумкесі ілулі тұрады. Кеңседе Нұрқан винтовканы қарастырып, сыртылдатып отырды. Босаға жақта Жұмажан.

Көрініс

Нұрқан. Тұқымыңды құртып мынамен басып салсам ғой серейесің де қаласың. Қолымнан кім алады сонда сені? *(Жұмажан ыржыңдап күледі.)* Ауылға кеп, жасағым боп отырған әскер анау...

Жұмажан *(күледі)*. Апырым-ай, ә!.. Басып салса табаныңнан жатқызар еді-ау, ә?.. Өзі неше атылады дейді осы, Нұрыш аға!

Нұрқан. Неше атылғанын не қыласың, сілтейін бе осы, ә?.. *(Оқталады.)*

Жұмажан *(басын қорғап күліп)*. Е, жазығым не?

Нұрқан. Жазығың сол, бокқа жарамайсың!

Жұмажан. Жарамаймын деп жүрмін бе? Өзің емес пе жаратпайтын *(Күліп.)* Нұрыш аға, әлгі бір айтқаның бар еді ғой. Әлгі уәдең! *(Күліп.)* Соны енді... Қашан болады...

Нұрқан *(өзгеріп)*. Киші өзің ана сумкені мойныңа! *(Жұмажан қуанып киеді.)* Мына жағаңа ана қылышты сал *(анану салады, мәз болады.)* Міне, адам боп қолыңнан іс келетін болса, осындай қылмас па ем мен сен итті!

Жұмажан. Енді өзің айтшы, сол істе дегенінді, шорт! *(Ыржыңдап.)* Түрікпеннің терінде болса да бір көрейін *(Сумкені қағып қосаңдайды.)*

Нұрқан. Астыңа саркурай атты мінгіземін.

Жұмажан. Рас па, әттең бір сыдыртса-ау, желмая ғой, сорлы!

Нұрқан. Төбеңді көкке бір-ақ жеткізейін бе?

Жұмажан. Истесеңші енді солай, Нұрыш ағатай?

Н ұ р қ а н . Иесі Борсақ жетпеген шенге жеткізем. Болыстың атшабары дегенді білесің ғой.

Ж ұ м а ж а н . Бәлем, ана жылы Шатақан қандай атшабар болады, сондай бір болайын (*Сумкені қағып.*) Пай, Шатақан дегенде елдің жылаған баласы уанды-ау сонда.

Н ұ р қ а н . Окоптан да алып қалам.

Ж ұ м а ж а н . Айтшы енді сол айтатыныңды.

Н ұ р қ а н . Олай болса Мөржанды қайтып алып кел.

Ж ұ м а ж а н . Қайтып, ойбай-ау, жолын айтшы?

Н ұ р қ а н . Ертең әскер оларды қуады, Мөржан оларға ерсе бір жерде оққа ұшады, не солдаттарға жем болады, білдің бе?

Ж ұ м а ж а н . Бәсе, сорың құрғырды сөйтіп сор түртіп жүр ғой.

Н ұ р қ а н . Сен бұрын бар да, қасынан айналдыра бер! Қайт, үйге жүр де. Әйтеуір оңашалап қақпалай бер, мен өзге бір ер жігітке тағы тапсырам. Орайы келгенде ұстап басып қалыңдар да, еріксіз алып келіндер.

Ж ұ м а ж а н . Жарайды, ойбай... осы ма тәйірі, Нұрыш аға! Мен әкелейін оны, әкеп тұрып Бибіш екеуіңнің қолыңа берейін, шорт.

Н ұ р қ а н . Мұны істесең тағы бір сын бар.

Ж ұ м а ж а н . Ол не? Ол қандай? (*Ыржаңдап.*) Қолымнан келе ме, әйтеуір.

Н ұ р қ а н . Келтірем десең келеді.

Ж ұ м а ж а н . Келсе болды, шорт, мен аянбайын, өл десең өліп, тіріл десең тірілейін, сөзім сол-ақ. Немене енді?

Н ұ р қ а н . Оны мына әскердің өзі де істейді. Бірақ бірдеме етіп қолдарынан келмей, ұстай алмай қалса сонда сені салам (*анау түсінбейді.*) Жантас туралы, бірақ ол кейін.

Ж ұ м а ж а н . Ә, кейін болса болсын, жарайды, әйтеуір мені (*ыржаңдап*) қайрап-қайрап сала бер дедім ғой! Айдай бер. Осы бар ісіңе жараймын, Нұрыш аға, көрерсің.

Н ұ р қ а н . Ендеше қазір ат қамдап әзірлене бер.

Қыдыш кіреді.

Көрініс

Қыдыш. Е, қарағым Нұрқан, не ойлап отырсың?

Нұрқан. Өз ойыңды айтыңызшы, Қыдыш аға. Болыс ағам да келмеді. Мен әзір мына оязға, әскерге не деп мәслихат беруді білмей, байлай алмай отырмын.

Қыдыш. Мен осы туралы айтайын деп едім. Біздің келінге сол жақтан бір жіңішке лақап хабар кепті. Ол жерде Борсақ үстем боп, содан қол арасында жік туатын түрі бар дейді, білдің бе?

Нұрқан. Жігі бар болсын, тарап құрып болғанша біздің барлық малды құртты ғой, өңшең сілімтік, шашты ғой мүлкімізді, Қыдыш аға!

Қыдыш. Қарағым, бүгінше оны уайым қылмай тұра тұр. Елді қайта баурап алайық, олқысын бір-ақ күнде толтырамыз.

Нұрқан. Осының ашуымен сонда жүргеннің бәрін ақ-көк демей, Олжай болса Олжай болсын, тұтас қырса деймін.

Қыдыш. Мен нақ сол жеріңді айтпақшымын. Майқанның ақылы, менің ақылым басқа еді.

Нұрқан. Жұмсатайық дейсіндер ме?

Қыдыш. Жұмсақтау емес, жол сол. Елге қазір хабар таратайық, әсіресе қолға жетсін сол хабар.

Нұрқан. Не деген хабар?

Қыдыш. Қалың ел пәлен күн ішінде тарасын, сонда манифест болады дейміз. Керегіміз жалғыз Жантас пен Тәнеке дейміз, ана қу мұғалімді де ұстату керек. Қазір бір-екі кісіні бөгде қып шапқызсақ деймін. Бара берсін.

Нұрқан. Ендеше, әй, Жұмажан, сен сарқурай атқа мін де шап!

Жұмажан. Сарқурай? Шын ба? Маған мінгізгенің ғой, Нұрыш аға!

Нұрқан. Ұрлап мініп қашып шықтым де! Қолға жете бере жаңағы сөзді жосылтып тарта бер... Ұқтың ба?

Жұмажан. Ұқтым... Жөнелейін бе! *(Біңғайлана береді.)*

Қыдыш. Ей, ана мойыңдағы сумкені таста. Бұл тұқымың құрғыр есалаң бір нәрсеге жараушы ма еді, Нұрыш-ау!

Нұрқан. Барсын, жарайды.

Жұмажан *(ыржыңдап)*. Е, жарамайды деп, о не дегенің, Қыдыш аға-ау?

Қыдыш. Бар, бар, сенің қолыңнан бәрі келетіні рас.

Н ұ р қ а н . Ей, әлгі бағанағы айтқанды қолыңа түсіргенше, соның орайын тапқанша, сол жерден қайтпа!

Қ ы д ы ш . Е... рас! Әбден сенімін алып, бауырына кіріп ал Жантастың, білдің бе! Балдызы емеспісің, құдай атқыр!

Н ұ р қ а н . Ал жөнел! (*Жұмажан ыржыңдап жөнеледі.*) Тағы бір-екі кісі жөнелсін солай, қазір.

Бибіш кіреді.

Көрініс

Ж ү з т а й л а қ . Немене, Мырза жігіт? Ағаң жоқта ел тауқыметі ауыр тиіп отыр ма? Немене?

Н ұ р қ а н . Ауыр тиіп отырғаны рас. Ақыл қосшы, жеңеше, осындайда бір жол табушы едің ғой.

Ж ү з т а й л а қ . Ай, шырағым-ай, менің көмегім шын керек екен ғой. Ендеше, мен ана жақтан хабар алдым.

Қ ы д ы ш . Осы сенің хабаршың кім, қарағым Бибіш?

Н ұ р қ а н . Бәсе, сол жансызыңды неге айтпайсың бізге?

Ж ү з т а й л а қ . Айтпаймын. Оны не қыласыңдар? Уәдеміз солай!

Қ ы д ы ш . Ал не хабар қыпты?

Ж ү з т а й л а қ . Бүгін кешке басшы кісінің бірі барады. Бүлдіргіштің бірі сол депті және қолдың ертең қайда қонатынын айтыпты.

Н ұ р қ а н . Не дейді? Қолмен келіп, қамсыз қап жүрмейік!..

Ж ү з т а й л а қ . Сөйлесуге келсе керек, бірақ қамданып отыратын осыған бір шара істеу керек, арттағы қол да сол істің ретімен болады депті.

Ояз және подьесаул Семенов кіреді.
Отырғандар бұларды қарсы алады.

Көрініс

О я з . Господин подьесаул! Сіз жүрер алдында мен мына болыстан біраз көмек алып бермекпін сізге!

С е м е н о в . Слушаюсь, ваше высокоблагородие (*тітіркеніп.*) А-а, жайлау суық па, Бибіш! Үй суық па? Неге сіздің үй мұндай? Мен сізді мұндай деп ойламаған (*күледі.*)

Жүз тайлақ (күліп, қозғалып барып сандықты ашып, қымбатты ішік алып, ояздың иығына әкеп жауып жатып). Біз суық емеспіз, тақсыр! Сізді тондырайық деген ниетіміз жоқ.

Ояз. Рақмет (тұрып, қолын қысып.) Рақмет! Әй, жақсы, жақсы хозайка Бибіш, тамыр біздің (Арқаға қағып, Бибіш сызылып тұрады.)

Жүз тайлақ. Тондырсақ айыбымыз үшін мына ішікті жаптым. Менің сізді жылытқаным осы, тақсыр (күледі.)

Семенов. Ваше высокоблагородие, какая она необыкновенная. Для киргизки, я бы сказал решительно, необыкновенная.

Ояз. О-о, сіз білмейсіз, ол Бибіш! Ол на то единственная достойная киргизка (Нұрқанға). Жә, мына господин Семенов қазір әскерімен жүреді?! Осыған жерді жақсы білетін басшы керек. Қазір соны табындар.

Нұрқан. Бұған кім дұрыс болар екен? (Қыдышқа.) Өзіңіз қалай болар едіңіз, басында болсаңыз...

Ояз. Ә, дұрыс! Мен де соны дұрыс деймін.

Қыдыш. Кім біледі, кәрі кісімін, ере алмай жүрмесем?

Ояз. Жоқ жақсы болады. Барасың, Қыдыш, бар.

Қыдыш. Жарар енді, солай ұйғарсаңыздар болсын солай.

Ояз. Не істейтінін ді господин Семенов өзі біледі. Біз онымен қазір ақылдасып, бәрін шештік.

Семенов. Да сендер аз ғана помощь бересіңдер. Көрсетесіңдер. А бунтовщиктерді қалай наказать етеді. Оны біздің карательная сотня өзі біледі. Біз ана көрсеткен Қарабұжыр, Көксу болысында (күледі), Ну, общем көресіңдер! Только жер білетін кісі керек.

Қыдыш (Нұрқанға). Бізге ақыл салмай-ақ өздері шешкен екен ғой, бұл кісілер. Бұнысы қалай? Бірақ осы ғой... Ә... солай ма?

Ояз (Нұрқанға). Онан соң, Нұрқан, сен ол қолдар жатқан жерді білесің бе? Сенде хабар болуға керек. Ертең таңертең қайда болады? Господин Семеновке ол да керек.

Нұрқан. Оны білуге болады, тақсыр. (Бибішке.) Жаңағы айтқаның бар еді ғой, жеңеше!

Жүз тайлақ. Е, айтайын мен. (Оязға.) Тақсыр ертең Ақтомар деген жерде қонбақшы дейді.

Семенов. Прекрасно, олай болса біздің жұмыс бітті. Қазір жүреміз, ваше высокоблагородие.

Үйдегілермен қол алысып қоштасып. Қыдыш екеуі жөнеледі.

Көрініс

Ояз (*Жыланды болысының он шақырымдық картасын ашып, қабырғаға іліп қойып, қызыл қарандашпен сызып отырып*). Жыланды болысы! (*Сызып.*) Алтыншы ауыл, төртінші ауыл, үшінші ауыл! (*Нұрқанға.*) Жетінші ауылдың жартысы. Мына жақ Қарабұжыр, мынау Көксу, олардың жері де осы арада, солай ма?

Нұрқан. Не туралы дейсіз, таксыр?

Ояз. Міне, мына жерде, Сарыкөл айналасында...

Нұрқан. Ие, таксыр, солай, 6-ауыл Борсақ, 4-ауыл Қарсақ, анау 3-ші, 7-ші біздің Олжай жері, бірақ ол да жаман ел болып отыр. Мына жақтарында көрші болыстардың елі, олар да жаман.

Ояз. Борсақ және мына 4-ші, 3-ші, 7-шілер бәрі де бұл жерде болмайды. Мына Сарыкөлден он шақырым жерде (*көрсетіп*) Романовский станциясы бар. Оларға жер, жаңа жер керек. Мына Семенов командасындағы карательная сотня солар, жер береміз деген оларға. Жыланды жаман болыс болды... Бұл жер де соларға берілетін керек.

Нұрқан. Осыны переселен кеңесі көктемнен бері тағы сөйлеп жүр ғой деймін. Әлгі Тәнеке, Жантастар елді ерткенде осы жер жайын, жер тарлығын айтумен тағы да құтырып жүр.

Ояз (*кекетіп*). Жер тар... Оған аман жүрген, ауылда жүрген тар болған, ну что же! Жердің үстінде тар болса, жердің асына кіріп кең жерді табады. (*Бәрі күліседі.*) Онда жер көп-көп!

Нұрқан. Көрсін болыс ауылын шапқанды.

Тәнеке, Бөрібасар кіріп келеді.

Көрініс

Нұрқан (*сасқалақтап оязға, Тәнекеге қарап*). Е, таксыр, міне, өздері де келді ғой... Мынау әлгі... Тәнеке!

Тәнеке. Саспай-ақ қой, сөйлесуге келдік. Ел жіберді міне мені. Жалтақтап артыңды тығып отырғаныңды білеміз.

О я з . Не сөйлейсің, айт! *(Бибішке.)* Сіз барыңыз, біз болыс екеуміз сөйлесеміз онымен, әлгі кісіні шақыртып жібер мұнда *(Тәнекеге.)* Да, не айтасың?

Бибіш кетеді.

Т ә н е к е *(Оязға.)* Бізді ел жіберді. Ұлық келді, сіз келді деген соң: “Алдына бар, елдің мұңын айт. Не тілейтінімізді жеткіз!” – деп жіберді. Мына болыстікінде жатыр деген соң, олар өтірік шағым жүргізіп, елді жазықсыздан былғайды, бос жамандайды, ел айыпты емес, соны білдір деп жіберді.

О я з *(есікке қарай беріп).* Ну, не тілейсіңдер, не айтасың?

Т ә н е к е . Біз осы Жыланды болысындағы ылғи кедей, әлсіз, зорлық көрген елміз. Бізді ұлық бір ренжітеді... Бес старшын елдің қыстау, жайлау қылған алақандай жері бар еді. Сарыкөл. Соны бұрын үш рет кесіп-кесіп алып қатты тарылтқан еді. Қазір тағы алды деп есітеміз. Біз қайда бармақпыз. Былтыр жер азайып, пішендік кеміп қалып, қалың елге қатты тарлық болды. Екінші мына болыс зорлық етеді. Ол да сол жердің қалғанына қол сұғып қыстау салам деп отыр. Оның үстіне мына паверкеге баратын жігітті ылғи біздің елден жазды. Өзінің бай ру, жуан ауыл Мықтыбайы 30 ауыл, содан бірде-бір жігіт жазған жоқ. Осы не қылық? Бізді әдейі сорласын, басын тауға, тасқа ұрсын, содан барып қырғын тапсын деген қылық па немене? Содан басқа жоқ деп білеміз. Мына ел бүлінбесін десендер, ең әуелі жерімізді қалдыр. Екінші мына тізімді елмен отырып, өзіміздің келемізге салып отырып шешіңіз. Болыстың жалған, арам списогіне көнбейміз, оған бала бермейміз, одан да осы жерде қырып сал дейді мына ел. Бұл барлық ел тілегі.

О я з . Болдың ба? *(Тәнеке үндемейді, солдаттарға.)* Заберите их, подлецов! *(Солдаттар ұстап, қаруын алады.)*

Тәнеке. Ай, ояз, ел жіберген елшіге істегенің осы ма? Ұлық-ақ екенсің!

О я з *(алдына кеп жер теуіп, ұрсын).* Сендер ақымақ ит! Ел талаушы!

Т ә н е к е . Сені кісі деген мен ит екем. Ендеше сол ел үшін мен-ақ құрбан болайын. Білгенінді қылып қал.

Н ұ р қ а н . Оңбағандардың көзін ою керек.

Б ө р і б а с а р . Бәлем, Нұрқан, жазанды ел берсін *(Бөрібасарды Нұрқан теуіп жібереді.)*

О я з . Сен бұзық! Антұрған ит! Саған не керек? Оны көрерсің!
Нұрқан, қамат мыналарды, ертең қалаға жүреді. А, я поеду сейчас
за отрядом.

Ояз шығады.

Көрініс

Н ұ р қ а н . Шатақан! Ендеше, қолдарына кісен керек, аяғына
да кісен сал, Шатақан, әпкел, кісен әкеліндер мына иттерге!
Көгендетермін бәлем! Шарасынан асқан, тәубесінен жаңылған
қулар... тәубеңнен жаңылған екенсің! Аулыма шабатын, құтымды
шайқайтын немесің ғой.

Т ә н е к е . Итаршы екенінді ұмытып, өзің қылғандай боп
тұрсың-ау. Менің арманым жоқ. Өмір бойы басымды қостырмай
тоз-тоз ғып, әр жерге шаңға аунатып келіп ең. Тамам жылауларды
соңыма ертіп, артыма қыруар ел жиып кеп тұрмын. Соның көшін
бастап өлсем арман емес маған, кәрің өтпейді, білдің бе, болыс!

Н ұ р қ а н (*қолдарын өзі байлап жатып*). Құл қылмақ едің
ғой! Қолың қысқа екенін біліп пе ең, иттің тұқымы?!

Т ә н е к е . Не ел тұрар, не сен тұрарсың.

Н ұ р қ а н (*ұрмақ боп ұмтылып*). Иә, тұрарсың сен, тұрарсың,
тұрғызармын, байла итті, кісенде тексіз итті! Бер сыбағасын.

Жантас, мұғалім, Бойбермес бастаған бір топ қарулы кісі келеді.

Көрініс

Ж а н т а с (*тап беріп Нұрқанды бір-ақ бүктеп, алып ұрып*).
Бәсе, беріссең беріс сыбағаны!

М ұ ғ а л і м (*Шатақандарға*). Тапжылма бірде-бірің!

Б о й б е р м е с . Шығарма үндерінді!

Ж ү з т а й л а қ . Сұмдық-ай, мына сұмдар тағы жетті-ау.

Ж а н т а с . Жетпей, сенер деп пе ең сендерге? Қайтер екен
десем, қайратын бұның (*Тәнекені босатып*.) Осы иттерге сеніп
қолсыз кетіп... Арандай жаздамадық па аңғалдықпен!

Б ө р і б а с а р . Өлтіріп кетеміз, алдымен мына тұрған итті
өлтіріп кетеміз (*Қанжарын суырады*.)

Бойбермес. Үнін шығармай өлтір. Ас шаңыраққа! Желбауды! Өз шаңырағына асамын (*Нұрқанды Бөрібасар сүйретіп ортаға әкеледі.*)

Бөрібасар. Сал, сал, мойнына арқанды!

Бойбермес мойнына арқанды салып жібереді.

Сәруәр, Мөржан кіреді.

Нұрқан (*шошып, қалбақтап*). Ей, жаңдарым, ей, ағатай, ей, Тәнеке ағатай! Шыбындай жаным, шыбындай жаным!! Кеш, кеше гөр, құдың болайын (*Аналар асуға айналады.*)

Жүзтайлақ (*ұмтылып, мұғалімді құшақтап, жабысып*). Мұғалім, жарығым... сәулем, жалғыз тілегім (*құшақтап.*) Не тілесек садағаң болайын, өлтіртпе! Жалғыз ауыз сөзімді тыңда.

Мұғалім (*құшағынан босанып*). Ей, жігіттер, тоқтай тұр! Өлтірме!

Бөрібасар. Ара түспе, мұғалім ағатай! Жібер, босат бізді. Рұқсат ет!

Мұғалім. Жоқ, мен десендер өлтірме! Тұра тұр! (*Жұрт тоқтайды. Бибішке.*) Не айтасың, Бибіш ханым!

Жүзтайлақ. Тілекке тілек орай еді ғой, сөзіңнің қадірін ұқпап ем, бірақ ұмытқан жоқ едім. Қуатым, ара түс. Сонан соң мойнына жіп тағылған күнім де! (*Жылап жібереді.*) У-uh... (*қалтасынан хат шығарып.*) Мынау саған, сенікі, оқышы әуелі.

Мұғалім (*асығып ашып, оқып*). Мүмкін емес, жоқ рас, соның қолы, “Қазақ” газеті идарасынан. Ең басшы, ақжүрек азаматтың өзінен (*Отыра кетеді.*)

Жантас. Не депті, не бопты?

Мұғалім (*оқып*). «Елдің наразылығына сен де қосылатын түрі бар деп есітемін. Біз мұнына барымызша қарсымыз. Ол бүлікті қостама. Жігіттің берілгені игі. Біз солай ұйғардық. Миллат деген саналып азамат енді қайта жігітті бастап фронтқа барсын. Тез қатенді түзе. Басқа жол жоқ. Біз тілімізді алған елдің бәрін де тоқтатып көндіріп жүрміз, елге жаның ашысын. Мағлумың!»

Жүзтайлақ. Мен сен үшін, амандығың үшін сақтаған едім.

Сәруәр. Ненди сихыр Сапа, син нешік ни ішләп аңшылық хур боласың?

Мұғалім. Жок, жоқ! *(Отырып қалған жерінен.)* Ондай сөз керек емес *(Жігіттерге.)* Жігіттер, өлтірмеңдер, өлтірмеймін мен, ара түстім!

Жантас *(жігіттерге)*. Босатыңдар!

Тәнеке. Қарағым, мұғалім-ай, адастың ғой, өкінесің ғой, өкінесің ғой. Өкіндіреді ғой бұлар.

Мұғалім *(отырып, басын ұстап мұңайып)*. Мен білмеймін, қателескенім бе? Бұл нендей мүшкілдік?

Жантас. Тәйірі, мұғалім-ай! Ер болып төбе басына шыға алмағаның ба? Не көрсек те елмен көрдік деспеп пе едік?

Мұғалім *(хатты көрсетіп)*. Мынаны қайтем?

Жантас. Алыстағы сәлемнен әзір тұрған құшағым игі демес пе ем мен болсам! Еліңнің құшағы емес пе?

Болыс кіріп келеді, жолдан келген беті, сәлем беріп,
аңырып тұрып қалады.

Көрініс

Жантас. Ә, міне-міне, жараңды емдейтін шын дәрің міне! Өзі келді, жігіттер!

Жүзтайлақ *(шошып айқайлап)*. Сорлы қылған құдай-ай! Қайдан келе қалып ең ажалдың ортасына?!

Болыс *(айнала қарап тұрып, күліп жіберіп)*. Өй, не сөйлеп тұрсыңдар өздерің? *(Күліп.)* Неғып келгенімді білдіңдер ме менің?

Мұғалім. Немене *(дәмеленіп.)* Не болды?

Болыс. Сүйінші, шап! Хабар тарат! Сұра сүйіншіні! Босатты, азат болды, жігіттер. Бүгін түсте жандаралдан шықтым, әдейі, ұшып жеткенім осы.

Мұғалім. Қайдан кепті? Кімнің бұйрығы?

Болыс. Петербордан, Сенаттан! Ал шап! Не тұрыс бар? Мұғалім, саған Орынбордағы жігіттерден сәлем әкелдім... Айтам... Шап, Шатақан! Шабындар! Есіктен төрге сүйінші!

Шатақан. Сүйінші, сүйіншің садағаң кетейін, Майқан-ай, сүйінші!

Қуанып шығып кетеді.

Ж а н т а с (*болысқа*). Сүйінші ме? Рас па?

Б о л ы с. Рас емей!

Ж а н т а с. Ендеше, мұнда жер тар. Даурықпайық! Сүйіншің сүйінші! Бірақ осыны қазір өзің жүріп, анау жиылған елге өзің барып мәлім етесің! Жүр!

Д а у ы с т а р. Дұрыс, дұрыс! Жүр, жүр, өзің жүр!

Б ө р і б а с а р. Дұрыс, өзің жүр... Өзін апарамыз!

Жұрт кимелеп, болысты ортаға алып әкетуге айналады.

Ж ү з т а й л а қ. Өңшең елден шыққан бүлік. Жақсылық әкелсе де қадірін білмейін дей ме? Мұғалім, жаным, сенің жолында мен айтқан тоқтың. Сәулем! Бар сен де! Тапсырдым саған. Тұр, бар!

Мұғалім ойда, зорға тұрады.

М ө р ж а н (*шығатын жұртпен кетуге ыңғайланып*). Арын сатқан арсыз еді. Аю қатын екенін білмеуші ме ең, мұғалім? Сізге не болды, жібің босап. Мен айтайын ба ақылды, бұныңыз не?

С ә р у ә р (*мұғалімге*). Ни болған, ни болған соң синә. Ни ішләрмін. Ни әйтіргә. Әне Мөржан әйтті бит синә. Ол білә бит ол қаһарні (*Түртіп оятқандай болып.*) Ни диәрмін, нәрсе диәрмін мин, мұнан соң синің хақында?

Ж ү з т а й л а қ (*Мөржанға*). Құтыра тұрындар бәлем. Ішіңнен жайлармын, астыңнан қырыққанымды көрерсің.

М ө р ж а н. Күймесең өртеніп өл. Енді ұсынсаң да қолың жетпес.

Ж ү з т а й л а қ. Тұра тұр, жетпес деп саспа! Өлі-ақ аяғымның астына түсерсің! Менің кісім, керек кісім, тап ортаңда! Білерсің, төбеңнен ұрған күні.

С ә р у ә р. Уаллаһи ни айта бұл? Харап болдың бит, Сапа! (*Мұғалімге төнеді.*)

М ө р ж а н. Сұмдық қой мынаның айтқаны. Жүріңізші өзіңіз.

Мұғалімді алып бара жатады.

М ұ ғ а л і м (*түк ұғынбаған пішінмен*). Қош, Бибіш ханым!

Ж ү з т а й л а қ. Қош, жарықтығым, болысқа пана бол, тапсырдым саған.

Н ұ р қ а н . Әттең, әскердің кетіп қалғаны-ай. Ауылда даяр
жігіт жоқ, қайда, қайда ояз?

Ж ү з т а й л а қ . Ұш, ұш енді оязға!

Н ұ р қ а н . Әкпетті, әкпетті ғой, ойбай! Арыстанның аузына
әкпетті ғой, қайран ағатайым!

Ж ү з т а й л а қ . Қайда, әскер қайда? Шап, шап әскерге!

Нұрқан шығып кетеді. Бибіш жылап, сілейіп отырып қалады.

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРТІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Тау іші, кешке жақын, ер жерде қос түтіндері, тас арасында қайнаған қол. Құралдар, найза, айбалта, аздаған мылтық. Әр жерде тас басында қарауыл. Қолдарында қызыл жалау, найза. Қол бейбіт. Сондықтан кейде шырқаған, қосылып айтқан әндер естіледі. Дырду күлкі. Сойыл қағып, найза тіресіп, сапыласып өздерінше әскер ойындарын ойнап: “Қайт-қайт! Қашпа-қашпа! Қайда-қайда! Жекпе-жек, жекпе-жек!” десіп сахнада өтісетіндер де бар. Арасында қалмақша алысып, үш-төрт рет дөңгелесіп өтіседі. Алдыңғы бір таста мылтығына сүйеніп жалғыз Жүніс отырады. Түнерген.

Көрініс

Бір шал, бір кемпір шығады. Жүністі көріп қалады.

Ж ү н і с (*селт етіп, басын көтеріп қаран*). Ей, сендер, кімсің!..

Ш а л. Уһ, қарағым-ай, ел екенсің ғой, зәрем кетті ғой (*Талған күйде отырады.*)

Ж ү н і с (*қастарына келін*). Не болды? Қайдан жүрсің? Кімсіңдер?

К е м п і р. Қырды ғой, шырағым, қан жоса қылды ғой, ойбай!

Ж ү н і с. Қай ауыл, қай елсіңдер, не болды?

К е м п і р. Уа, Олжаймыз, Жаманай ауылынікіміз!

Ш а л (*бет-ажары қан, есін жиып*). Жетті ғой әскері, бастаған Қыдырбай, бір жерде отырған бес ауылдың жігіті Жантас, Тәнекеге еріп кетті деп ұйпап салған жоқ па, бүгін!

Ж ү н і с. Не істеді, анықтап айтшы?

К е м п і р. Бес-алты ауылды түгел өртеді, малдың бәрін айдап алды, басып қалды, бауырын көтеріп қыбырлаған жанның бәрін қырды (*Зарлап.*) Қаршадай қызым, сәулем! Он жасар балам шыға алмай оттың ортасында қалды.

Ш а л. Аң боп кеттік қой, қарағым, бостық қой. Осы жол бойы ылғи адамын қырып, аулын өртеп, қан жоса қып келеді.

Ж ү н і с. Қашан бастады?

Ш а л. Борсақтан бастап, жолда Қарсақты, одан қала берсе Олжайға да ауыз салды.

Ж ү н і с. Олжайға да тегіс тиді ме?

Ш а л . Жоқ. Оған аралатып тиіп жүр. Әлгі көрінде өкіргір
Қыдырбай жүр ортасында. Шықты ғой тажал боп.

Тағы екі қатын шығады.

Алдыңғысы кеудесін басып жығылады, бүйірі қан.

Көрініс

І қ а т ы н . Жеттік пе, ойбай! Қайда азамат? Қайда әлгі, қол
жиды, қарсы тұрады деген азаматы қайда? (*Жұрт жиыла береді.*)

Д а у ы с . Не болды, уа, не болды?

К ө п д а у ы с . Әскер жетті, қырды... Елді қырып жатыр дейді.

Ж ү н і с . Ой, жігіттер, тоқтаңдар, естідіндер ме мынаны?

Д а у ы с т а р . Уа, не дейді? Не бопты? Айтсаңдаршы жөндеп?

Ж ү н і с . Өзен жағасында отырған елге Қыдырбай бастаған
әскер кеп, ауылдарды өртеп, елді шетінен қырып жатыр дейді.

Д а у ы с . Уай, ол ел тыныш ел емес пе еді? Бізге ермей қалған
ел еді ғой.

І І қ а т ы н . Ермегені не керек? Мынау Борсак, мынау Қарсак
деп атап-атап қырып жүр (*Жылайды.*)

Ш а л . Көрмеген сұмдық, дозақ заман жетті ғой басымызға!
Қарағым, тілеуіңді тілеген азаматым не қып тұрсың, ойбай,
түге? Қырды ғой мына болыс, мына Қыдырбай, өртеді, қырып
салды әні, туған бауырларыңды. Ат тұяғына ездірді ғой қызыл
шиет баланы...

Д а у ы с . Ой, жігіттер, бұл не тұрыс?

І І д а у ы с . Бәсе, бұл не? Қайда Жантас! Қайда Тәнеке?

Жұрт қарайды. Жүгіріп Шатақан шығады.

Көрініс

Ш а т а қ а н (*жүгіріп*). Уа сүйінші! Сүйінші! Қайда мұның
қолы, сүйінші (*Жүністі көріп.*) Жүніс, Жүке.

Ж ү н і с . Шатақанбысың, ей? (*Анау жүгіріп кеп қолына хат
сияқты бірдемені сұға салады.*) Ақырын, не болды? Немене?

Ш а т а қ а н (*айқайлап*). Сүйінші (*Жүніске жылдам.*) Бо-
лысты әкеле жатыр, зорлықпен әкеледі ұстап, Жантас, Тәнеке!
Жүкетай, жаны қалар ма, жоқ па? Сүйінші! Сүйінші тілеп ұш
деп еді Жүзтайлақ – Бибіш!..

Жүніс. Бибіш, шіркін! Қысылып па едің? *(Атып тұрып.)*
Жүгір-жүгір, сұрай бер! Құлақтандыр сүйіншінді!

Шатақан *(жүгіріп)*. Сүйінші, сүйінші, болыс келді.

Екінші жақтан Бөрібасар, Сәруэр, Мөржан шығады, қарай қалады.

Манифест! Болыс келе жатыр өздеріңе, сүйінші, сүйінші!

Дауыстар. Не дейді мынау? Нені айтады мынау! *(Сүйінші деген дауыстар сахна сыртына тарап бірден-бірге кетіп жатады.)*

Бөрібасар *(сүйінші деп жалаңдап жүрген Шатақанды ұстап ап)*. Ей, сен болыстың итаршысы едің ғой, тұра тұр, көп бүлінбе!

Шатақан. Не дейді мынау, езуінді!.. Сүйінші десем, жақсы тілеу үстінде.

Бөрібасар *(халыққа әйгілеп)*. Сенікі қай сүйінші осы? Ей, жігіттер, мынаның сүйіншісін білдіңдер ме?

Дауыстар. Уа, не? Немене, айтсаңшы? Қай сүйінші?

Бөрібасар *(Шатақанды жібермей)*. Тұра тұр, тапжылма! Бұның сүйіншісі осы қазір ашылады. Әлде бұл болысты – Майқанды ұстап әкеле жатқанға сүйінші сұрайтын шығар. Солай ма? Дәм-тұзын ақтаған екен, шіркін, сен де дастарқан аттадың ба?

Шатақан. Ой, құдай жүзін көрмегір, кәпір! Кәпір екенсің ғой! Жаман иттің аты Бөрібасар деп Бибіш текке қоймаған екен ғой.

Дауыстар. Не дейсің? Баста, ой, жаңағың! Жүр, жүрші былай.

Мөржан, Сәруэр қалады. Сәруэр мұңды.

Көрініс

Жүніс *(Сәруәрдің түсін байқап)*. Сәруэр, немене? Сен неғып тұрсың? Осы Жантастармен ауылға сендер де еріп бардыңдар ма, немене?

Сәруэр. Иә, бу Мөржан анасын кургісі килді. Ә, мен!..

Жүніс. Иә, сенші! Ауылда не қызық көрдіңдер? *(Мөржанға.)* Айтсаңдаршы, о не? Кімді көріп едіңдер, не көрдіңдер?

Сәруэр. Бибішті көрдік, Бибішті. Сиқырлы аждаһаны көрдік.

Ж ү н і с . Бибіш, Бибіш сайқал ғой. Не дейді, не деп отыр?

М ө р ж а н . Не десін? Қолда, басшы кісілеріңнің ішінде жансызымыз бар, кісім бар дейді. Басқан із, бар сырынды біліп отырам дейді.

Ж ү н і с (*атып тұрып, өңі қашып сұрланып*). Не дейсің? Ол ку, канды қармақ, не деді екен тағы, ол пәле.

С ә р у ә р (*мейірленіп сеніп*) . Барым Жүніс! Харап болдык бит. Ни әйтірмін!

Ж ү н і с (*Сәруәрға тесіліп қарап, өзгеріп*). Сәруәржан, айтшы, рас па? (*Жылдам.*) Атын атады ма?

С ә р у ә р . Атамады шу... Атарміни суң анди мазлума?!

Ж ү н і с (*өзгеріп*). Жауыз ғой ол... Істейді ғой қулықты (*Жылдам басып кеп кезек қарап.*) Әлде әдейі айтқан шығар. Сездірді ме кім екенін?

М ө р ж а н . Сездірді.

Ж ү н і с (*қайта өзгеріп*). Ендеше кім? Кім деді? (*Мөржанға.*) Айт!

С ә р у ә р . Нинди кіші кімі? Анысы мұғалім түгіл шул, әммә біз шүбәләнеміз. Мин шоңәр қайғырам бит, бағырым Жүніс (*Жылап жібереді.*) Ол хатын яуыз мәлғұн, Сапаны хорли бит!

Ж ү н і с (*өзгеріп ақырындау*). Не дейді? Не дейді, ойбай, құдай-ау (*Ақырын.*) Мұнда ма еді? Не деді мұғалім туралы?

С ә р у ә р . Ул мұғалімгә Нұрканды қорғатты, Сападан аны қорғауын талап етті, шарт етті.

Ж ү н і с . Ал Сапа ше?

С ә р у ә р . Ә, Сапа (*жылап.*) Аның тілін тыңдады. Сихырланды. Сихырланған түгілміни соң, Жүніс досхайым! һәммә халық алдында мұғалім өзін ненди хор етіп көрсетті? И... Білсәң иди мәнім дәртімді (*қатты.*) Мұғалім ол хатын алдында тілсіз, көзсіз, пікірсіз құл болды бит!

Ж ү н і с . Өзі қайда? Қалып қоймады ма тек!

С ә р у ә р . Юх, қалмады. Біз Мөржанбілән аны алып шықтық, килә!

Ж ү н і с . Бәсе, бәсе (*тістенген пішінде.*)

М ө р ж а н . Немене? Немене? Сіз не айтпақ боласыз, Жүніс, айтыңызшы?

Ж ү н і с . Мен бұрын ішіме түюші ем... бірақ.

М ө р ж а н . Бірақ, кәне, кәне, айтыңызшы!
Ж ү н і с . Бірақ ешкімге білдірмейін, сыртқа шығармайын
деп ем.

С ә р у ә р . Жүніс, иләр айтасың син (*талып кетеді, Мөржан құшақтайды.*)

М ө р ж а н (*Жүніске суық, қатаң.*). Қинамаңыз мына кісіні!

Ж ү н і с . Ә, рас, мынаны айтасыз ба?

М ө р ж а н . Иә, соны айтам (*қатаң.*) Әр дүниенің шегі бар.
Бұл жазықсыз адам.

Болысты алып Жантас, мұғалім, Тәнеке, басқалары шығады,
ел бір жерге жиналып қалады.

Ж а н т а с (*айнала қарап Бөрібасарды қолымен ымдап
шақырып, оңашалау*). Қарауылда тұрған адамдарың босаң кісілер
көрінеді. Қазір сенімді, мықты жігіттерді жіберіп, ауыстырсақ.
(*халыққа*) Уа, жұрт, бері жиыл, бері келіндер, азаматтар.

Ел жақындай береді, болыс жалпылдап
әрқайсысымен амандасқан болады.

Міне, мынау болыстарың. Кешегі кіжінген, кектенген осы
болыс болатын. Сенің басыңа көр заманды тұғызып ұлық тұрса,
оның үстіне ширықтырған осының қылығы еді. Бүгін ауылына
оязын әкеп, әскерін төгіп, ұлығына сүйеніп те, сипанып та отыр.
Ал, осы болыс және сүйінші сұрайды. Біз әдейі сендерге ауыз-
ба-ауыз өзі мәлімдесін деп алып келдік осында. Тыңдаймысың,
жұрт, мұның сүйіншісінің женін, жоқ па?

Б о й б е р м е с . Тындамаймыз, тағы алдайды.

Д а у ы с . Керек емес, тыңдамаймыз.

Екінші дауыс. Жоқ, тыңдаймыз, айтсын!

– Айтсын, жақсылығы бар шығар.

Айтқызындар... естиміз.

Ж а н т а с . Жарайды, ендеше, кәне, болыс мырза, айта ғой
сүйіншінді.

Б о л ы с . Ендеше, жігіттер, сен кешегі менің елім емес пе
ең. Осы сенің қырылғаныңды, босып, тозып құрығаныңды мен
тілейді деген қайдан шыққан сөз? Сен жоқ болсаң мен кіммен
кісімін?

Д а у ы с . Бәсе, кіммен кісісің?

Бұрыннан неге айтпадың мұныңды?

Б о л ы с . Бұрын ел боп менен сұрадың ба? Бұрын мұндай хауіп кеп пе еді басымызға. Бұрын мен де құтырып жүр екемін. Алды-артымды ойламаппын. Қайран елім, енді міне аппақ сүйек боп осы тау-таста қаласың ба, қырғын табасың ба деп қорықпадым ба мына мен бүгін. Шошындым ғой мен сен үшін!

Б о й б е р м е с . Уа, сүйіншің, сүйіншіңнің жөнін айт.

Д а у ы с . Уа, соны айт, соны айт.

Б о л ы с . Сүйінші сүйінші, біз әнеукүнгі адвокат Кәрім екеуіміз жер дүниені шарламадық па? Орынбор, Самар, Петербор бәріне бардық. Арыз бердік, сөйледік, өтіндік, жауабын кейін жібермек болды. Содан өзіміздің облысқа қайттым. Бүгін таңертең хабар жоқ па екен деп жандаралға кірдім. Кірсем жақсылық. Босады, қазақ азат бопты деген хабар кепті.

Д а у ы с . Е, тілеуінді берсін. Е, солай десеңші!

Е к і н ш і д а у ы с . Петербор хабары ма екен?

Б о л ы с . Е, Петербордан, патшадан, министрден.

М ұ ғ а л і м . Бағана Санаттан дегенің қайда?

Б о л ы с . Санаты не, министрі не? Біз оқымаған қазақ дәлін білеміз бе? Мұғалім, о не дегенің? Тіпті Кәрімнен де телеграмма бар.

М ұ ғ а л і м . О да солай деп пе?

Б о л ы с . Солай, солай депті.

Д а у ы с . Уа, еңдеше, рас болғаны ғой.

– Шын болғаны ғой ө, құдай, берерсің!

– Уа, шын тыныштық болғаны ма енді сөйтіп?

– Е, тыныштық емей.

Ж а н т а с (*болысқа*). Рас па осы айтқаның? Рас болса Кәрімнің телеграммасын көрсетші кәне, мына мұғалімге.

Б о й б е р м е с . Иә, кәне, рас, рас.

Б о л ы с (*қалталарын қараған боп*). Е, телеграмма бар. Міне... қайда еді? (*Таба алмайды.*) Қап, үйде чемоданда қалып қойыпты ғой. Қап, ескермегенімді-ай, әттеген-ай.

Д а у ы с . Рас деген соң рас болғаны ғой.

– Барған жерінің бәрін айтып тұр, болды ғой.

Т ә н е к е . Ой, халық, тұра тұр! Жә, кеңшілік болса мына оязың, әскерің не істейді? Мынау елді, жігіт бермеймін деген осы жұртты қайтеді? Тыныш қайта ма, ана ұлығың?

Б ө р і б а с а р . Бәсе, соны айт, соны айтшы, кәне?

Д а у ы с т а р . Иә, қуғынға ұшыратпай ма?

– Ел тынышталғанмен әскерің кеп қырып салса қайтеміз?

Б о л ы с . Әскер тимейді. Әскер бұрынғы дақбыртпен шыққан! Ол қайтады.

Ж а н т а с . Солай деймісің? Ендеше, әскердің Борсақ, Қарсақты қырып жатқаны несі, мынау өзен бойында? Сенің осының алдау, бегеу емес пе, әскерді тосып тұрған жоқпысың?

Б о л ы с . Әскерді мен көрдім бе әуелі? Аттан түскенім сол емес пе? Өз көзіңмен көрдің ғой!

Ж а н т а с . Ендеше, мына ауылдағы ояз бен әскерге жандарал бұйрық еткен шығар. Қырғынға шыққанын біледі ғой, сол бұйрығын істеді ме?

Б о л ы с . Істеді, қайтсын деді!

Ж а н т а с . Кәне, ендеше, сол бұйрығын көрсетші! (*Тым-тырыс.*)

Б о л ы с (*сасыңқырап*). Жоқ, бұйрық менде жоқ.

Ж а н т а с . Сен елдің қамын ойлаған кісі екенсің, әскер шыққанын білесің, неге шыққаны өзгенің бәрінен бұрын саған мәлім. Олай болса жандаралға “Жыланды” болысына шыққан әскер жайында айтпайды екенсің, оныңды қалай дейік?

Т ә н е к е . Бәсе, сұрасаң осыны сұра!

Б о й б е р м е с (*елге*). Міне, босқа желпінесің, көрмеймісің тағы алдап тұрғанын.

Д а у ы с . Қарағым Жантас, жақсы лепес, жарым ырыс деп еді.

– Айтқан хабары жақсы еді ғой.

І І д а у ы с . Рас шығар елде, неге сенбейміз?

– Ай, кім біледі, аяғы сұйылып кетті ғой.

Б ө р і б а с а р . Өтірік, бәрі өтірік, білмеуші ме ең сырын?

Ж а н т а с . Ей, жұрт, мен бір сөз айтайын. Болыс сөзі рас болар деп дәме қылатының бар екен, олай болса тосайық. Жарайды. Дегенің болсын. Бірақ жақсы хабар шын боп, аныққа шыққанша мына болыс біздің ортамызда болсын, кетпесін. Не көрсе бізбен бірге керсін. Бұған не дейсің?

Д а у ы с т а р (*шулап*). Дұрыс, дұрыс.

– Бізбен болсын, болсын.

– Ортамызда болсын, тапқан ақыл.

Б ө р і б а с а р . Жібермейік, осында ұстайық, көзіміз жетсін.

Ж а н т а с . Екінші, ел ішінде әскер, ортаңа келіп қырғын салып отырған ояз мынау. Қарсы болған жалғыз біз емес. Бес

болыс ел, солармен хабарласамыз. Олар болыстарына не қылды екен, кереміз. Бар болысты бір арада ұстаймыз, кепіл, кепіл!

Дауыстар. Дұрыс, дұрыс, хабаршы кісі шаптыр! Олар да болыс-биін ұстаған.

Тәнеке. Е, дұрыс міне, тоқтасақ, қайтсақ сол елмен бірігіп отырып қайтайық!

Жантас. Үшінші, жаман айтпай жақсы жоқ, сақтықта қорлық жоқ деген. Әйтеуір жігіт алмайды екен ғой, ендеше, мынаның да керегі жоқ *(жанынан көп қағаз шығарып.)* Мынау список! Бүгін ояз бен Нұрқан өз қолдарымен тізген сендердің списогің! Жаңа әдейі барып осыны тартып алып келдім *(списокті көпке лақтырып, шашып жіберіп.)* Мә, мынаның көзін жоғалт.

Жұрт дар-дар айырады, улап-шулап қайта түзеледі.

Бөрібасар. *(Бойбермеске)*. Ал мына болысқа кәзір сенім жоқ. Мықтап күтіндер.

Дауыстар. Дұрыс, дұрыс, қашып кетпесін.

– Кете алмасын, жібермендер!..

Тәнеке. Жә, жігіттер, онан соң болыс сөзі өз алдына. Бірақ мынау әскер мен Қыдырбай қылығын естідіндер ғой. Өзен жағасындағы ел не көріп жатыр? Ереуілге шыққаның, шықпағаның бәрі бір. Бұл құртамын деген қылық. Солай ма, солай емес пе?

Дауыстар. Солай, солай емей немене?

Тәнеке. Ел қырылды, жер кетті, неміз қалды. Өлісеміз.

Жантас. Бәсе, соны айт! Ендеше, жүр, қамданайық, жарандар! Тегіс ат-сайман қамдандар. Не олар өзі келер үстімізге, не біз соқтығайық *(Жұрт тегіс дүрк тарайды. Жүніс пен Тәнекеге.)* Жүріңдер, қолды аралайық. Әзірленейік.

Бұлар жөнеледі.

Сөйлеген жұрттың ар жағында, төрдегі тастың біріне байланып қалған болыс көрінеді. Бәрі де дәл шетте. Мұғалімді Мөржан мен Сәруэр ұстап қалады.

Көрініс

Сәруэр *(мұңды)*. Халық! Бақытсыз халық! *(Қызына, рухтана.)* Ол өлсе де шатлықбілән улә біләді! Ә, біз кім? Біз ни болармыз!

Мұғалім. Не дейсің? Не айтасың, Сәруәр?

Сәруәр. Ни әйтіргә? Нигә шықтық, нигә ердік біз бұл халыққа? Ей, Сапа, ей, мұғалім, халықтың сүйген, ишанған мұғалимі! Нишледің? Нишләдік біз? Шунди міні сізнің мидрәсәдәгі хиялларыңыз. Сіз милләтка қызмет деп янған тугіләмә идіңіз!

Мұғалім. Білмеймін, білмеймін, хияли болған шығармын.

Мөржан. Неге олай дейсіз, мұғалім! Сіз басшы, бәрін үйреткен, барлығын баулыған – бәріміздің ұстазымыз сіз емес пе? Не болды сізге?

Мұғалім. Бәсе, не болды маған? Тілім ғана бар, қолымда қайрат жоқ. Жүрегімде дерт бар, жазылар шарам жоқ. Мен бір ғазиз бендә.

Мөржан. Шын айтасыз ба? Мұғалім ағатай-ау!?

Мұғалім. Бәсе, не болды? Не істедім осы бүгін мен? Халық не деді?

Сәруәр. Нәрсе дисін халық, аздың син.

Мұғалім. Рас (*мұңайып*.) Аздым, аздым, гүнәһәрмін. Хат! Газет басындағы басшы азамат хаты. Мен не істейін, адасқан сияқтымын.

Сәруәр (*қатты*). Мұғалим хайыр, мин синің туғырыңда хаталасқан икем. Мин сізні ужданді дисем. Син қара куңіл...

Мұғалім (*селк етіп атып тұрып*). Тек, қой, Сәруәр, тоқтат! Мен ондай емес.

Сәруәр. Юх, син башқа түгіл.

Мұғалім (*басын қорғағандай*). Жоқ, жоқ, жоқ, олай деме! Олай емес.

Сәруәр. Ә, син атап әйтіргә қорқасың, син хазір син шпик. Міне син кім?

Мұғалім (*тұрып қатайып*). Ой, сендер не дейсіңдер? (*Мөржанға*.) Не деп тұрсыңдар осы? Нені айтасыңдар?

Мөржан. Сіз қатты айтасыз. Одан бұрын, әуелден аман емес, қиянат жолына бұрын шықты деп сезіктеніп тұрмыз ғой біз.

Мұғалім (*қатты*). Қандай қиянат! Қайдан алдыңдар бұл сөзді. Мен Нұрқанды арашалағанымды, халықты наразы қылғанымды ғайыбым деймін.

Мөржан (*ұмтылып*). Сол ғана ма, мұғалім ағатай-ау?

Мұғалім. Енді не?

Мөржан. Ойбай-ау, бізді, Сәруәрді өртеген Бибіш сөзі емес пе.

Мұғалім. Қандай сөз? Неге айтпайсыздар?

Мөржан. Қолда, басшы кісі ішінде тыңшы бар, жансызым бар. Барынды сол айтады, ашады. Түбіңе жетеді деген жоқ па сіздің көзіңізше?!

Мұғалім (*ашуланып кеп*). Мен нені айтады десем, бұларын не? Нендей масқара? Сәруәр, мен бе екем сондай кісі? Қайтып ал қазір сөзінді, қайт, болмаса мен өлермін, өлермін қазір, мұндай ғазаптан баддұға оқып өлермін саған (*жылап жібереді*).

Сәруәр (*жүгініп кеп құшақтай алып*). Бағрым; бағрым Сапа, ғафу ет. Мин ғайыпті! Біз ғайыпті икәнбіз. Мөржан ишандым аңғар, ол ялған өйтми, көресің мә?

Мөржан. Уһ, жүрегім жаңа орнына түсті ғой.

Сәруәр. Уһ, кім суң инді, ол яуыз хатынның сөзі.

Мұғалім. Бәсе кім? Кім, жүр, жүр тез қазір, Жантасты табайық, білдірейік, білейік ол кісіні?

Жөнеледі.

Бөрібасар, Бойбермес шығады.

Бөрібасар (*болысқа келін*). Ә, болыс, мен Бөрібасар, Бөрібасар! Өздерің қойған ат! Сен бөрінің үлкені едің, мен Бөрібасар екем! Танып қойғанбысың, қалай?

Бойбермес. Уа, мен Бойбермес! Әлде аузына құдай салды ма екен Бибіштің – Жүзтайлақтың, сені бөрі қып, бізді Бөрібасар қып?

Болыс. Қарақтарым, көресіні көрдім ғой, дәм-тұзым сіңбеп пе еді. Босатыңдар!

Бойбермес. Е, мен Бойбермес қой! Өз айтқаныңнан өзің қайтармысың.

Бөрібасар. Сендер қойған атты ақтамасақ бола ма? Дәм-тұзың атпай ма?

Болыс. Өле-өлгенше жақсылықтарыңды ұмытпайын, қарақтарым.

Бөрібасар (*күзетшіге*). Мықтап бақ. Не жаныңды аяйсың мына болысыңнан. Ол 15 жыл баққан. Қарызы қайда? Дәм-тұзы атады. Не қыласың, байғұс.

Бойбермес екеуі кетеді, аздан соң Жүніс шығады.

Көрініс

Б о л ы с *(дәме қып)*. Жүніс қарағым, Жүніс, Жүке!

Ж ү н і с *(күзетшіге қарап тұрып)*. Тыңдамаймын, айтпа!
(Күзетшіге.) Сен, ана жерде, бұлақ басында менің атым тұр.
Соны алып кел, мен күзетем *(жігіт кетеді.)*

Ж ү н і с . Болды! *(Жылдам кеп шешіп жібереді.)* Жөнел, мына тастың түбінде менің атым тұр.

Б о л ы с . Ұмытпаспын, ұмытпаспын *(тас жаққа қарап жсұдырығын түйіп.)* Бәлем өңшең бөріала!

Жөнеле береді.

Б ө р і б а с а р *(шыға бере)*. Токта! Токта, қатырамын, тоқта!
(Анау қаша береді. Басып салады, болыс серейіп құлап түседі)

Тәнеке, мұғалім, Жантас, Мержан, Сәруәр тағы бірнеше кісі жүгіріп шығады.

Д а у ы с т а р . Қашты ма, бұ несі?

– Кім босатты?

– Кім?

Бөрібасар Жүністі керсетеді.

Ж а н т а с . Неге? Неге босаттың?

Д а у ы с т а р . Неге аттың, неге аттыңдар? Бүлдірдіңдер ғой, ел бетін көрмейтін қылдың ғой, түге, түбімізге жететін болды ғой, енді ұлық. Пәле ме еді іздегендерің?

Т ә н е к е *(ақырып)*. Е, қайтушы еді? Аянатын нең қалып еді?! Алдағанын енді көрсеңші, міне! Адал болса, неге қашады?

Б ө р і б а с а р . Қашқан соң атпай қайтушы ек? Барып әскер әкелейін деді ғой.

Ж а н т а с *(Жүніске)*. Жүніс, жауабын бер мына елдің? Ел емес пе еді қалсын деген?

Ж ү н і с . Ел қалсын десе де өлсін деген жоқ. Көр ана көптің ниетін.

Ж а н т а с . Неге қашырасың?

Ж ү н і с . Кетірейін деген мен. Рас, мен босаттым. Біз ұлықпен алысып жүрміз. Қазақтан жау көбейтіп керек емес. Кеткені ақыл еді.

М ө р ж а н . Істеуін істеп ап ақталады екен!

Ж ү н і с *(ашуланып)*. Ақталмағанда қаралайын деп пе ең?

М ө р ж а н . Жазықсыз кісіні де қаралап ең ғой.

Ж ү н і с (*айқай салып*). Уа, қайдасың, Қарсақ-Борсақ, Олжай, Қарсақ, шыға ғой олай болса! Өлейін мен мұның қолында. Қайдасың мен деген ел. Шық мен жаққа, керегі жоқ! Асқан екен бұл Борсақ! Тамам елдің төбесіне шығып. Қатынына шейін басыма ойнатайын ба?

Сырттан шу, айқай шығады. Аттан-аттан деседі.

Ж а н т а с . Ал, жау қаптады, ұста тегіс қаруыңды!

Жұрт жапыр-жұпыр қаруына жүгіреді. Жүніс пен Тәнеке қалады.

Т ә н е к е (*Жүніске қатаң*). Әне, жау келе жатыр. Өзің ниетің не? Болдым мен сені естіп. Бөтен ойың болса бетіңнен жарылғасын. Әне, кете бер, бар, жібердім! Болмаса ірітпе елді, білдің бе? Мына Майқанның өлігінен аттап өткен соң, енді өлітірінің арасындамыз бәріміз де! (*Ашумен*.) Қылыш үстінде серт тұрмайды, Жүніс, біліп қой. Бер жауабыңды, қайда барасың.

Мылтық тарсылдайды.

Ж ү н і с . Не айтып тұрсың өзің, Теке! Битке өкпелеп тонымды отқа салмаймын, мен бірге өлемін. Баста, Жантас!

Ж а н т а с (*шыға кеп*). Е, жүр олай болса! (*Тасқа шығып айқайлап*.) Мына жақта, мына келеді! Шегіне-шегіне ат (*Өзі атып-атып жібереді*.) Тәке, Жүніс! Кейін осы шатты өрлеп, кейін бастыра беріңдер. Біз бөгейміз!

Он шақты мерген шығып жатып атады, шегіне беріседі.

Дәл байлап ат!

Б ө р і б а с а р . Мынау Борсақ үшін! Ұшты ма? Мынау жазықсыз қырылған кемпір-шал, қан жылаған ел үшін! Серейді ме? Мынау Қарсақ үшін! Мә, ұлық, мә, төре! Саған, саған атамын, қылжиды біреуі тағы да.

Жөнеліп кетіседі.

Аздан соң ояз, Қыдыш, Нұрқан, Семенов тағы басқа әскер ілгері шыға келеді.

Көрініс

Қ ы д ы ш (*айнала қарап, жылдам басып болысқа кеп*). Ойпырым-ай, сұмдық-ай, арысым-ай.

Н ұ р қ а н . Ойбай-ойбай, бау-уы-рым!
Қ ы д ы ш (*оязға*). Кес-кес! Ойбай, тақсыр ояз! Он мыңнан
кес! Тәнеке, Жантас басына! Ұстат, дарға ас! Өрте мына
қырылғырдың елін!

Ш ы м ы л д ы қ

Алтыншы сурет

Найзатастың бауыры. Жантастың соңғы бекінген жері. Аз
ғана тоғай, үйілген тас, төрде шаншылған биік жартас, арты
көлбеп, үлкен жар боп сахнаның сол жақ төріне қарай кетеді.
Тас бауырында от жаққан жер. Қазан-ошақ, шәугім, киіз, көрпе,
жастық, сүйеулі қару-сайман. Сахнада Жантас, Тәнеке, Мөржан,
Ділда, Сөруэр, мұғалім, Бөрібасар, Бойбермес.

Көрініс

Ж а н т а с . Айналаны қусырып келеді, ә?

Т ә н е к е . Қарабұжыр, Кексу, Теректі, Қызылжар болыстарын
тегіс басты. Бастықтарын ұстапты. Жігіттерін тізіп жатыр дейді!
Онда да момын елдің қырғын, шығыны мол. Қыласыны қылды
ғой мынау ояз!

М ұ ғ а л і м . Рас па осы хабар?

Т ә н е к е . Рас, анығын жаңа білдім.

Ж а н т а с . Тізе қоса алмадық. Болмаса бұл қанішер ояз,
қанішер ұлыққа әлекті салар едік.

Т ә н е к е . Бірінен бірі айырып әкетті. Ел-елдің болыс-биі
астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырған жоқ па аңқау елдің!

Ж а н т а с . Көр боламыз ғой, басшылық ете алмадық білем.
Бір шығар бет, нұсқар жол бар ма? (*Мұғалімге.*) Не істейміз? Не
істе дейміз?

Б ө р і б а с а р . Қайда барамыз? Не істейміз? Аанада бір Қытай
деп еді, соған кетеміз бе? Мына жақта құм бар дейді, сонда ба-
рамыз ба? Әскер бейбіт елді қырып барады.

Ж а н т а с . Ендігі істейтін іс туралы не ойлайсыз?

М ұ ғ а л і м . Білмеймін, еш нәрсе айта алмаймын.

Т ә н е к е . Соғыс созылса патшасы құлайды, азат боламыз
деп едіңіз, сонымыз қайда?

Мұғалім. Ие, соғыс болып жатыр, ә патша әлі тұр.

Жантас. Әйтеуір түбі бір саңылау болатын болса шыдап көрер ек.

Мұғалім. Түбі болар. Бірақ қашан болар? Ел шыдай ма? Менің ойым онға, саным санға бөлінеді, осыны ойлап. Бірақ, шығар жол көрсете алмаймыз. Қытай алыс. Құм ба? Құмға, алыс құмға көп халықты тағы жеткізе алмаймыз.

Тәнеке. Ой, жігіттер, бірдемеге байлайық. Біз ғой, неде болса қайтар жолды кескен кісіміз. Әйтеуір түбін күткен адамбыз. Ел толқыса ықтияры, жіберейік.

Бөрібасар. Ие, қалған аз ғана ел соның жауабын күтеді.

Жантас. Болды, ендеше. Елді таратайық та, қалғанымыз екшеліп кетейік. Ерем дегені ерсін, өзгесін, өзгесіне рұқсат. Біз енді қашқын боп күнелтеміз. Сол құмға қарай барамыз.

Тәнеке. Байлау осы, соған міне осы отырғаның не дейсің? Еретінің мен баталасамын.

Мұғалім. Мен өз басым білмеймін, бөгет болармын деймін.

Жантас (*тым-тырыстан соң*). Мұғалім, сіз қысылмаңыз. Сізге де рұқсат, бұл күнге шейін ақылыңыздан пайдаландық. Енді уақыт солай болған шығар, бүгін шығарып саламыз сізді. Бұл манайға тоқтамаңыз, басқа бір жақтан барып шығыңыз.

Мұғалім. Түн. Қара түн! Тұяқ серпіп еді. Елді көрсетіп еді. Бишара миллат ә, зұлмат түні әлі баста... Арылған жоқ.

Жантас. Еш нәрсе етпес. Еттен өтіп, сүйекке жеткен қорлық, зорлық еді. Әйтеуір соған қарсы бір де болса қылыш суырып, оқ аттық. Қалғаны не болса да арман емес. Мандайымызға жазғанын көріп аламыз.

Тәнеке. Өкініш жоқ.

Бөрібасар. Тәйірі өкініп, неге өкінейік. Кетеміз ана құмға, қолына тіпті де түспейміз.

Жантас. Міне, осы байлау. Ал, мұғалім, Сәруэр, сіздердің жолдарыңыз болсын. Біз былай көшеміз, сендер енді жолға камданыңдар.

Мұғалім. Әлде окопка барармын, жігіттерді бастармын, солардың ішінде болармын.

Сәруэр. Мұғалім, син шынында да Жантаслардан қаласың, айрыласың міні?

Жантас. Жок. Сәруэр, жолдарың болсын, бөгелме!

Сәруэр. Ұят тугілміни?

Ж а н т а с . Олай деме. Біздің жол қиын, ол қашқындық. Апа, Мөржан, осы сендер қайтер екенсің?

Д і л д а . Қарағым, жарығым, өзің біл, өзің айт! Не қыл дейсің?

М ө р ж а н . Қалып қор болғанша, не болса да бірге көреміз, ереміз біз.

М ұ ғ а л і м . Мөржан бауырым, жақсысың, ерсің сен. Жақсы айттың, құрметті қарындасым. Сендей адал, жақсы жар туғызған ел өлмес.

Үш кісі келеді. Көптің елшісі.

Көрініс

І к і с і . Е, Жантас, Тәнеке, ақылдасып болдыңдар ма? Ел жауап күтіп тұр.

Ж а н т а с . Немене ел асығайын деді ме?

І к і с і . Асықпағанмен мезгілі өтіп барады. Бір суткенің ішінде келетіні келіп болсын депті.

ІІ к і с і . Сендерді қимағаннан тұр ғой мынау елің. Болмаса ұрланып-жырланып кетіп жатыр ғой әне талайы.

Ж а н т а с . Жарайды, онысына рақмет елдің!

ІІІ к і с і . Ел әйтеуір екеуіңнің тілеуінде!

І к і с і . Әскері тағы молайды дейді. Қыдыш пен Нұрқан қазақтан да үш кісі қосыпты. Өздері тағы бастап шығады дейді.

Ж а н т а с (*тұрып тас басына шығып*). Жарайды, мен енді халыққа барып, қайтқысы келгеннің бәрін қайтарайын. Сөйлесіп екшейін. Сендер: апа, Мөржан, мұғалім, Сәруәр, сіздер де камдана беріндер. Қазір жөнелеміз.

Тастан әрі түсіп кетеді, келген үш кісі бірге кетеді. Жұмажан, Жүніс бір жақтан шығады. Арттарынан Бөрібасар кіреді.

Көрініс

Ж ұ м а ж а н . Ассалаумалейкүм! Амансыңдар ма? Аман жатырсыңдар ма! (*Мөржанды көріп ұмтылып*.) Мөржан, апатай, зар қылдың ғой бір көруге. Шешең зарлап жатыр. Басыңды қатерге байладың ғой, апатай (*Құшақтамақ болады*.)

М ө р ж а н . Тоқтат! Неғып жүрсің? Қайдан жүрсің өзің!

Жұмажан. Ойбай, сендерді мен іздегелі қашан? Ылғи адасып әбден діңкем құрыған жоқ па, шорт.

Жүніс. Қарауылда отырсам қалқалақтап келе жатыр, алып келдім.

Тәнеке (*Жұмажанға*). Қайдан шықтың өзің?

Мөржан. Иә, жөніңді айтшы?

Жұмажан. Ойбай, діңкем құрыған жоқ па іздеп. Әнеугі бір күн жатақтарыңа жаңа жете бергенімде тарсылдап мылтық атылып, жүрегім тас төбеме шықпады ма, шорт. Арада сандалып жүріп оққа ұшармын деп, қайта қаштым.

Мөржан. Бізді не қылайын деп осы іздейсің?

Жұмажан. Көрмеймін бе сені, аман-жаманыңды білмей отырамыз ба? Тіпті ана кері шешең жанымды жағамнан алған жоқ па?

Бөрібасар. Ал, саркурай атты, Нұрқанның саркурай атын мініп жүргенің не?

Тәнеке. Не дейді?

Мөржан. Ал, оның не?

Жұмажан. Қашып шықтым, о несі екен? Сендерге баратынымды айтқам жоқ, әйтеуір қашқан соң деп саркурай атты мініп қаштым, шорт.

Бөрібасар. Сен оны мініп жүргенде өзгелері қайда екен? Шатақан қудың кезі неғып шалмады?

Жұмажан. Бері тік көтеріле кеткен жоқ па? Ауылда тірі тышқан жоқ. Биенің бас сауымы бола бергенде, желі басында тұр екен, саркурай атты жылқы қайырамын деп мініп алып, ызғыттым-ау.

Тәнеке. Ал, Нұрқандар қайда? Қайда кетті? Әскері қайда?

Жұмажан. Жүзтайлақ болыстың өлген жеріне бата оқи кетті, өзі осы арадан жақын екен ғой! Сол жерде құран аудартып, хатым қылдырмақ. Елдің бәрі сонда.

Жүніс. Әскер өз бетімен кетті. Мына Көксу болысына жігіт жөнелтпек дейді.

Тәнеке. Неғып бәрі бейбіт бола қалды?

Жұмажан. Е, тіпті бейбіт деймін, айтам ғой. Тіпті құлаққа ұрған танадай, шорт. Бұл жақты тоқталды деседі. Жантас пен Тәнекенің басына бәйге тігілді, өзге ел азат. Сондықтан қол тарап қайтқалы жатыр деп хабар соғып жүр.

Мөржан. Тағы хабар беріп пе?

Жүніс. Оттапты, о не қылған алып-қашты?

Бөрібасар. Ел құлағы елу, есітпей тұра ма?

Жұмажан. Оларың рас па, тегі, Мөржан апатай? Енді не болса тыныштық болғанша қасыңда болам, шорт. Болмаса ана шешен қарғап-сілеп өлтірер болды.

Мұғалім. Онда бұл жерден көшпесе де болар ма, қалай?

Жүніс. Көшем деген кім?

Бөрібасар. Бұнда солай деп қамданып жатырмыз.

Жүніс. Жоқ, көшпейміз, осы күнде қайда екенінді білмейді, бата оқыр жасап бейбіт жүрген жау анау.

Тәнеке. Ей, шырағым, білмеймін. Осы сенгіштікті қойсақ екен.

Жантас шығып тыңдайды.

Жүніс. Жүре берсең көзге түсесің қайта! Енді ел тарайды, аз кісі боламыз. Әбден ел арылып болған соң, бар-ақ жалт береміз.

Жантас. Сен өзің еремісің? Солай байлағаның шын ба?

Жүніс. Неге ермеймін? Енді мен қайда бармақпын?

Жантас. Біз мұғалімді қайтсын дестік, ол кісі жүргелі отыр.

Жүніс. Неге қайтады? Келіп-келіп тастап кете ме?

Мұғалім. Менің ықтиярым әлі өзімде шығар, Жүніс әпәндә?

Жүніс. Жан тәтті ме екен? Бізден ардақты болайын деп пе ең?

Мұғалім. Мен сізді білмеймін.

Жүніс. Ендеше, біліп болғанша кетпейсіз!

Мұғалім. Не айтпақ боласыз?

Жүніс. Ақжүрек азамат атанасыз! Қысылған жерде жалт бермексің. Әлде Жүзтайлақ бір көрсем деп айтады дейді. Соған соғатын шығарсың.

Мұғалім. Мені хақараттамауыңызды сұрар едім (*Жантас, Тәнекеге.*) Мен сіздермен бұлай ажырасамын деген жоқ едім. Батаға да кірмедім.

Тәнеке. Жоқ, мұғалім, біздің сізге ренішіміз жоқ. Жолыңыз болсын, біз батаға кірмеді деп айтпаймыз.

Жүніс. О не қылған бата?

Жантас. Біз бірге өлеміз деген кісімен баталастық. Мұғалімді өзіміз азат қылдық.

Тәнеке. Қырғын болса, бәріміз кеткен жақсы ма? Тым болмаса бірен-саран болса да артымызда айта жүрер қалсын, аман болсын...

Жүніс. Мен неге болмаймын ол батада? Немене, сендер осы жасырынбақ ойнаған кісідей?

Жантас. Біз сені ермейді ғой дедік. Көзі қарақты адамсың. Біздей надан емессің, басқа бір жарыққа шығып кетсең күн көруің де оңай. Біздікі енді тар жол, тайғақ кешу ғой.

Жүніс. Мен неге қалам, не деп қалам?

Бөрібасар. Ойбай-ау, біз сізді бүйтер деп ойламадық қой.

Жүніс (*Жантасқа*). Ой, шіркін Жантас, сен мені танымай жүр екенсің ғой әлі. Мен естіп келдім. Қарабұжыр қимылына бастық болған адамның бәрін ұсташы. Ішінде мен сияқты орысша оқыған біреу бар екен, білдіңдер ме не қылғанын?

Жантас. Неғыпты?

Жүніс. Халықтың көзінше дарға асыпты. Асқызыпты анау ояз Казанцев. Оның қолы қатты. Қылышынан қан тамып тұр. Білмеймін бе мен? Мұғалім, саған қайтпа дегенімде де сол болатын, бірақ сен өзің біл.

Мұғалім. Мен бұл жақта, бұл уәлаятта тұрмаймын, солай кетермін.

Жантас. Жарайды енді, біз де аяйды деп жүргеміз жоқ. Біз жазғанын көрерміз, болдың ба, Сәруәр?!

Сәруәр әзір, Мержанмен сөйлесуде.

Жүріңдер, біз де жөнелеміз.

Тәнеке. Әйтеуір түбінде бір саңлау болса болды, неде болса қалған өмірді жағаласып өткізем сол ұлығымен, бұзығымен. Болды. Ал, қарағым мұғалім, жолың болсын енді.

Сәруәр әзірлеп Мөржан, Ділда, басқалар қоштасып жөнеле береді. Оны Бөрібасар бастайды. Мұғалім бөгеліңкіреп қалады.

Көрініс

Мұғалім (*Жантастың қолын ұстап*). Қош, азаматым, бауырым. Әлсіздігім болса ғапу ет. Қош, қайран ағам, Тәнеке (*Ділдаға қоштасып*.) Қош, ана! (*Мөржанның бетінен сүйін*.)

Қош, бауырым, адал ниет, ақжүрек ұмыттырмас! (*Жөнеле беріп.*)
Бірақ, тез кешіңдер! Бүгін де болса бұл жерден жөнеліңдер!

Жантас қоштасып, шығарып салып, аздан соң қайта кіреді.

Көрініс

Жантас. Ал енді біз де көшеміз, болыңдар, киініңдер.

Жүніс (*саспай*). Жоқ, мен киінбеймін. Тап осы жерден бүгін алатын жау жоқ.

Тәнеке. Бұл жері құрғырды немесіне қимай отырсың?

Жүніс. Апыра-ай, Тәке, бала ма едіңіз! Кететін елдің арты әбден сейілсін! Олай беттегенімізді ешкім білмейтін болады деп отырмын! Тіпті болмайтындарың не?

Мылтық атылады.

(*Ішінен.*) Бөгеп отырғаным осы еді.

Мылтық тарс-тарс атылады.

Дауыстар. Қапта-қапта!

– Түс-түс!

– Пли! Пли!

– Бей! Бей!

Бойбермес пен бес-алты жігіт жүгіре кіреді.

Жантас. Тос, алдын тос.

Жігіттер мен Тәнеке атысып ілгері басып шығады.

Дәл байла!

Өзі де тастан тасқа секіріп бұғып атып жүреді.

Апа, Мөржан, шық тасқа, тасқа шыға бер. Осы биік тастың басымен әрі жоталап тарта бер. Біз бөгеп тастап жетеміз.

Бір топ жігіт артта мылтық даусы шыққан жакқа қарай кетеді.

Тас-тастың арасында бұғып жүрген Жұмажан Мөржанды етегінен тартады.

Көрініс

Жұмажан. Барма, жетті, ерме енді оларға! Өзім алып кетем, саркурай дайын тұр.

М ө р ж а н . Қуарған, не деп тұрсың, Жантастан қалушы ма ем?

Сыртта атыс.

Ж ұ м а ж а н . Қал деймін, шорт, керегі жоқ. Бір қашқынға талақтай жабысып не құдай атты сені. Әдейі алып қайтқалы келдім, ересің, шорт!

М ө р ж а н . Аулақ менен, ендеше. Сорлы сұмырай. Құлқынына сатылған есік қақты!

Ж ұ м а ж а н . Шын айтамысың, ендеше міне, шорт, байың Нұрқан! Күң қатын қып беремін тура соған *(алысып жібермейді, екеуі де тас басында.)*

Мылтық атыла-атыла жақындайды. Қаша ұрысқан Жантас, Жүніс, Бой-бермес тағы бес-алты кісі қайта шығады.

Ж а н т а с *(әр жерде секіріп атады)*. Ал серпіле беріңдер, атқа, атқа қарай. Ата отырып шегін, түге, Тәнеке, Тәнеке, ой, Тәнеке қайда?

Қайта ілгері басып бәрін жиып алады. Мылтық даусымен Жұмажан қаша жөнеледі.

Б о й б е р м е с *(Жантасқа)*. Саспа, Тәнеке аман! Атына барып мінді, Қыдышты сілейтіп кетті, кегін алды. Көрдiңдер ме? Бөрібасар Сәруәрды алып құтылды!

Ж а н т а с . Анық па, көрдің бе?

Ж ү н і с . Көрдiң бе, не дейсің, рас па?

Б о й б е р м е с *(ата жүріп)*. Көрдiм, кетті, ал біз де кетеміз. Атты әкелеміз, бөгей бер.

Ж а н т а с *(ата жүріп)*. Бар жылдам, тез әкпел, әкпел!

Ж ү н і с *(ата жүріп)*. Қап, кап! Қысып кетті, молайып кетті. Бері, Жантас, бері, маған, маған таман.

Жантас әр тасқа секіріп атып жүріп, аяғы Мөржан мен Жүніс тұрған тастың бер жақ жотасына, бір мұрыншығына шығып жатып атады. Сонда жан-жақтан, жоғары-төмен орыс-казак қаптайды. Мөржанның ар жағынан да найза көрінеді.

М ө р ж а н *(отыра қан)*. Қаптады, қоршады ғой, қош, жаным Жантас?

Ж а н т а с . Тұра тұр, жастығым, жастығым.

Төменнен бір бұрыштан ояз, Нұрқан шыға береді.

Ж а н т а с (*оязға оқталып*). Ә, келдің бе, әйтеуір. Бәлем, қанішер ояз!

Мылтығын қайырып ата бергенде, сыртынан Жүніс бас салады, тым-тырыс.

Ж ү н і с . Ә, Жантас, бір алысатын кезегім келген еді! Тосқаным осы еді.

Жантастың мылтығын сыртынан қайыра жұлып алады, жұрт қаптап шығады. Алдында ояз, Нұрқан. Бұлар төменде.

Ж а н т а с . Ә, сен осындай ма едің?

Екеуі алысады. Жантас Жүністі таудан төмен қарай кеудеден серейте ұрып құлатып жібереді, артынан мылтығын кезеп тұрған Нұрқан атып қалады. Жантас құлап түседі. Бибіш шығады. Киімі қаралы, шаршысын шорт байлаған.

О я з (*келіп Жантасты теуіп жіберіп*). Ә, жаман сасық майлай, саған ұлыққа қарсы тұратын керек болған.

М ө р ж а н (*тас басына шыға келіп*). Ал құдай мені де...

Ж ү з т а й л а қ (*селк етіп жоғары қаран*). Ә, жүзіқара, бақыты күйген сорлы күң, сен әлі де аяғыма шырмалып жүр ме едің? Әкпеліндер ұстап ана күнді!

Мұғалімді, кемпірді алып шығады.

М ө р ж а н . Қош, қош, мұғалім ағатай.

Құз тастан атыла секіріп түседі.

Ж ү з т а й л а қ (*тасқа отырып*). Суытып ең бауырымды. Құшағымды серпіп ең, жат!

Д і л д а (*өліп жатқан Жантасты көріп*). Ойбай, жалғызым, жарығым, ойбай, ал, құдай, мені де (*талып үстіне құлайды*.)

М ұ ғ а л і м (*жан-жағына кезек басын изеп*). Қош, қош, жарықтығым. Түн еді, меңіреу қара түн еді, үміт қарлығаштары! Қанды тырнақ қара жау, темір бұғау шырмады ғой тағы!

О я з (*жылдам басып кеп*). Сен не айтасың. Мен көрсетермін, көрсетермін, бұл шпион – түрік шпионына!

М ұ ғ а л і м . Көрсетсең көріп алармын, бәлем, сенің де күнің бітер... Өтер зұлмат түні!

О я з (*қатты*). Таптармын мен сені, өртермін тегіс, дұшпан!

М ұ ғ а л і м . Дұшпан екенім рас. Дұшпаным сен.

Саған оқ атқан (*Жантасты көрсетін*) мынау асыл ұлдар!
Өлтірдім дейтін шығарсың! Жок, бұл сияқты өр ұлдарыңның
қолымен біздің де дала дабыл қақты. Сарын қосты, сол даланың
азаттығына біз құрбанбыз.

Н ұ р қ а н (*Оязға*). Ойбай, тақсыр, әлгі Тәнеке, Бөрібасар,
Бойбермес аман кетіпті, қусын, қырсын әскер.

О я з (*әскерге*). Қу, ұста! Бұларға қосылғанның бәрін, бәрін,
барлық елді қыра өлтір. Білсін олар Казанцевтің – ұлықтың
жұдырығын.

М ұ ғ а л і м . Ажал сағатың соғар. Түбіңе жетер осы сарын.
Тұсау кестің, қанат қақтың, қанат қақтың қайран елім, жаса,
көгер, елім!

Ш ы м ы л д ы қ .

С о ң ы .



АЙМАН–ШОЛПАН

Төрт перделі, күйлі пьеса

Бірінші нұсқасы

1934



УАҚИҒАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

- | | |
|---------------------|--|
| 1. Маман | – Жетіру ішіндегі үлкен бай. Дәулет қажы.
Неше жұрттың саудагерімен тамыр-таныс.
Үйінде ұлықтар да болады. |
| 2. Айман | – оның үлкен қызы, сері акын, би қыз. |
| 3. Шолпан | – кіші қызы, ерке тентек. |
| 4. Көтібар | – Шектінің ру басысы. Батыр. Қара барымта,
қара күш, ескіше зорлықтың адамы. |
| 5. Арыстан | – Көтібардың інісі. Акын. |
| 6. Теңге | – Көтібардың токалы. Өр, ерке мінезді сұлу. |
| 7. Әлібек | – Айманды жаңада айттырғалы жүрген күйеу.
Әнші, саудагер бай жігіт. |
| 8. Өзбек жігіті | – Биші. Керуен басының баласы, мырза. |
| 9. Қокан саудагері | |
| 10. Чиновник | – Орынбор төресі. Орыс. |
| 11. Биші орыс әйелі | |
| 12. Әнші орыс әйелі | – Бұқар-Қокан сарайларына татар, өзбек
саудагерлері әкетіп жатқан әйелдер. |
| 13. Жарас | – той иесі. Шөмекейдің қуы. |
| 14. Ақын (Жантық) | – мақтау-сұраудың ақыны. Шөмекей. |
| 15. Қария | – той иесі. |
| 16. Тағы бір қария | – Көтібардың ақсақалы |
| 17. Шекті ақыны. | |
- Жігіт нөкерлер, қыз нөкерлер, саудагерлер, тойшылар.

І ПЕРДЕ

Сахна: Үлкен той боп жатқан ауылдың үсті. Алыста көп үйлер. Сахна ортасында сәнді, кестелі үлкен үй. Маманға тігілген үй. Жанында жалғаса тігілген жібек шатыр. Үй ішінде Маман, өзбек-татар саудагерлері. Шатырда, үй жанында қызық қуған, тамашаға жүрген жас-кәрі, ұрғашы, еркек. Табақ-табақ ас әкеліп жатқан табақшылар.

Сырттағы жұрттар әрлі-берлі қарасып даурығады. Айман қасында нөкерлері-қыздар, жігіттер және Әлібек. Оның да қызыл, жасылды сәнді киінген жолдастары бар. Үкілі домбыралы әнші Жантаық бір ауыз ән салады. Бір топ тойшылар шулап, даурығып шығады. Алдында Жарас.

І көрініс

Ж а р а с . Уа-ау, жарандар-ау, мынаны да бір көрмессіңдер ме? (күліп, нұсқайды. Қатын, қыз, бала-шаға мазақтап күліп шығады. Ортада бөлекше боп сәукеле киген бір қу да шығады. Үлкен сақалы бар, үлкен денелі, басында киіз сәукеле.)

Мұндай сұлу да көргенің бар ма, сірә (Отырғандар тамашалап күліседі. Жантаыққа) Уа, мынау Шөмекейдің бас құдасы, мырзалығын неге мақтамайсың, жағың қарысқыр-ау!

Ш о л п а н (Ақынға). Айт! Шапанын аяп сәукелеге көміпті ғой. Сілейте айт! (Күледі) Аяма!

Д а у ы с т а р . Айт, айтып жібер!

А қ ы н (Жантаық, қу да бұрылып қарағанда).

Уа, құдаға кел жамағат көз салайық,
Жарастық сән тұрманын біз санайық.

Маржаны құмалақтан құрым шелек
Қамшыны жібек бауға шамалайық.

(Жұрт күледі)

Аты-жөнін бұл құданың сұрамайық.

Сый екен әлде кімге баламайық.

Бұлтыйған әне бірдей сақалына
Деп қана тоқтайық “болды лайық”!

(Құда бұлқынады, жұрт күліп итермелеп алып өтеді.)

Ж а р а с *(Жантыққа кекетіп, мысқылдап)*. Уай, бар болғыр,
бұ жақсы кісінің ажарын сақтау дегенді білсеңші бір, сен де. Сый
құдаға сыпайы сөйлемейтін бе? *(Тағы бір құданы шығарады. Беті
құртпен сыйпаланған. Жалтақ-жалтақ қарап ыржыңдайды.)*
Ал, мына кісіге не бетінді айтасың? Тіпті ең үлкен сый, сыпайы,
маңғаз кісі өзі, осы кісі. Тұрысын қарашы! Өнекей тіпті жазығы
жоқ. Ал, не дер екенсің енді!

Д а у ы с т а р . Айт, айт! Тағы айт ақын!

А қ ы н .

Уау, құртты бай, құйрықты бай, бауырлы бай!

Қыр арқаң келемежден жауырды ма-ай!

Енесін ол арқаның ұрасың ба,

Ит жаласа тойғызам бет-аузың май.

(Жұрт күліп итермелейді. Шолпан ерекше қызықтайды.

Қатты күледі.)

Ж а р а с *(Жантыққа қарап)*. Тұу, тұу, сарамас! Саған ба? Әй,
сірә, дауа болмас *(Бесікке бөлеп бір құданы сүйретіп шығысады.*
Аяғы салақтап жатады.) Ал, енді осы сәбидің не жазығы бар?
(Жұрт күледі. Жантыққа) Бірақ, сен бе, сен осыған да бірдеме
айтасың әлі, көзің жаман. Біліп тұрмын.

Ш о л п а н . Айт, аяма. Тонын аяйтын неме ғой!

А қ ы н .

Уа, әлди-әлди, әлди-әлди, бөпем-ай,

Қайдан кеткен сені тастап көкең-ай,

(Жарасқа домбырасын нұсқап белгі қып)

Түбегін құрғат, шүмегін түзеп жіберші

(Жарас түзейді)

Уа, кіп-кішкене, шүйкедей болған шөкем-ай.

Жұрт күліседі, сол кезде біреу бүркіт, біреу қоян боп пантомима жасап, екі
құда ойнап өтеді. Бұларға қарсы ақын соқтыртып күй тартады. Аналар күймен
пантомима жасайды, балет үлгісінде.

М а м а н . Бәтір-ау, мынау не деген өнерлі құдалар! Шетінен
ойын ғой өздері!..

Ш о л п а н *(Айманға)* Әкем қызыққаннан екеуіміздің бірімізді осы Шөмекейдің құдаларына беріп жүрмесін?..

Ә л і б е к . Тұра тұр, сені береміз!.. Осы бір жақсы бүркіт болатын күйеу табайыншы саған...

Ш о л п а н *(Еркелеп, тентектеніп)*. Жә, болды. Саған күйеу тауып бер деім бе?

Ә л і б е к . Е, қызығып-ақ отырсың ғой анау бүркітке, құдай, қаніки! *(Күледі.)*

Ш о л п а н . Қой сөзді, немене өзің үлкен кісілердің алдында сүйрендеп болмайсың, не қылған тәйтік күйеусің? *(Тымағын басып көзіне кигізіп қойып, қолымен басып отырады.)*

Д а у ы с . Уа, тағы бір қызық құда келеді... Бәлем, билеп келеді... Қара жорға ... Қалмақтың қара жорғасы ... *(Ақын соқтыртып “Қара жорғаны ” тартады, құда жақсылап жорға болып билеп өтеді.)*

II көрініс

Жұрт сейіліңкіреп қалғанда Маман қасындағы кәрия

К ә р и я . Уай, Жантық, енді мына байлардың көңілін кетер! Байға сөйлесеңші.

Ж а р а с . Өздігімен неге сөйлемейді бұл. Әлде көңілі батырды барып мақтағысы келіп отыр ма? Ана жақта Көтібар келіп, түсіп жатыр деген.

Ә л і б е к . Е, Көтібар болса, батыр болса қайтушы еді.

Ш о л п а н . Батыр, батыр деп бізден артық па екен оның сән тұрманы?

Ж а р а с . Жоға дейім-ау, әншейін!

К ә р и я . Е, баяғыдан батырды, бекті мақтап болдың ғой, түге. Ендігі балуан да, бағлан да мына отырған бай.

Б і р д а у ы с *(оқшауырақ тұрғандардан)*. Я, батырдікі не? Шауып алады! Байша жебей-жебей сауып алады.

Екінші дауыс. Қызыл бұзау жылбысқа деп, есебін де тауып алады *(Жұрт күліседі.)*

Ж а р а с *(Соларға жақындап қоса күліп)*. Я, би қалай алады? Шаңға аунатып сөзбен алады.

Екінші дауыс.
 Бай ма? Құлаштап қамтып
 Бөзбен алады ...
 Ж а р а с .
 Одан қалған бар болса,
 Таразысы, безбені алады.
 Ә л і б е к (*Айман-Шолпанға*). Батыр, би деп бір қоймайды,
 сірә, бізге қалған бар ма?
 А й м а н .
 Неге олайша дедіңіз,
 Әлде сізде арман бар ма?
 Ә л і б е к .
 Бәсекеде арман көп,
 Арылатын дәрмен бар ма?
 Ш о л п а н (*кекетіп күлді*). Е, байғұс дәрменіңе не бопты?
 Ә л і б е к .
 Шолпанжан, айта берсек сөз көпті,
 Ойланған ұғар себепті.
 А й м а н . Жарайды, тоқтатайық бұ кепті...
 Ш о л п а н (*Айманға*). Апырымыз не бопты (*тен тектеніп,
 жылдамдатып*) Бір сөзін жыр депті.
 Бір мінезін қыр депті (*Әлібекті итеріп ойнап.*)
 Осында сен келмедің,
 Тіпті, әлде нендей сыр кепті...
 А й м а н . Шолпан, жетті, жетті...
 М а м а н .
 Айманжан, сөйлетсеңші ақынды,
 Тыңдайық та біз кепті.
 Д а у ы с т а р . Сөйле, сөйле, баста, Жантық, сөйле ақын.
 А қ ы н .
 Уа, жел сөздің енді келсін бас иесі,
 Сөзімнің байда қалмас несиесі.
 Өзі алған ойды-қырды байым Маман,
 Шалқып тұр шар тарапқа несібесі.
 Қоса артты жас періге Әлібектей,
 Қан базар мол сауданың қас иесі.
 Бақты алған батырдан да, бағланнан да,

Бір өзі бірдің өзі деші-деші.

Ағылған уысына аймақ малы,

Демейді келерінде кеші-меші.

Шырмаған Жетіруды саудасымен,

Әлібек аттандырған несиеші.

Ежелден сен жемімсің, сен тоятшы,

Деп айтар, зорлық қылдың десе иесі.

Қан жосып қызыл торғын мол мүліктің,

Айманжан, сен отырсың жас иесі.

Атағың көтеріп тұр Маманды да

Мол бақтың жастай алған мас иесі *(тоқтайды.)*

Ш о л п а н . Айт, тағы айт!

Д а у ы с т а р . Айт, айта түс!

Ж а р а с . Ежелден де бүтін емес, жарты Жантық ең. Олқымды толтырам ба деп жамбастап жүрсің-ау. Барыңды мұнда төгіп, ана Көтібардың сыйынан құр қалма. Батыр келгенде неңді айтасың?

Ә л і б е к . Осы кім сүй деп тұрған? Бізден артық кім екен жарылқайтын бұны. Мырзамсытқаны Көтібар ма?

М а м а н . “Қу ағашқа әлем байлап әулие” дегенін қояр ма десеңші бұл қазақ *(Күледі, қошеметшілері қоса күледі.)*

Ж а р а с .

Қап, қап, болмас,

Уа, жарар бәсекесіз бай болмас.

Малдың күші оңай ма,

Күш айтқызбай ол қоймас *(Әлібектерге естірте)*

Бірақ, Көтібар да күшті ғой,

Егеске ол да тоймас.

Шектінің аты Шекті де,

Зор атын сірә жоймас.

Ә л і б е к .

Шекті болса қайтейін,

Жетіру қашан бос қалды,

Айтты ғой бай орайын

Қу ағаш па деп салды.

Ж а р а с .

Есітпес пе Көтібар,

Бітпестей оған кек қалды.

М а м а н .

Көрсетсейші Көтібар,
Сен-салтанат қызығын.

Ә л і б е к .

Болмаса Шекті бос мақтап.

Жүрген-дағы бұзығын.

Ж а р а с .

Батырды біреу шүйлесе,
Байлықтан қорқып іркілмес;

Жетіру, Шекті шайқасып,
Боп жүрмесін бір күндес.

Ш о л п а н .

Ендеше өзің айта бар,

Боп апсың ғой сен үндес.

Ж а р а с .

Ал, іздеген сен болсаң,

Сұрағаның болсын дес (*Көпке оқшауырақ.*)

Жый! Көп момақан саған не! (*көптің хоры*)

Ыстығына күйме,

Суығына тоңба,

Көр де тұр, тыңда,

Әлің жетсе алда.

Біріне-бірін шыңда.

Обал болар деймісің,

Жынды ұрсаң жынға?.. (*құтырынып, күліп, жұртты еліртіп*)

Ал, олай болса мінеки,

Ұр тоқпағым, тоқ-тоқ.

Олар ма? Шоқ-шоқ,

Ал, бір бай мен бір батыр

Бір есек, бір қошқар,

Бір теке, бір серке,

Жекпе-жек, жек, жек,

Түрт шайтан түрт,

Үрит, соқ-соқ,

Үрит, соқ-соқ! (*Жөнеледі.*)

Д а у ы с . Тойға ел ағылып жатыр. Ат шабатын мезгіл жақын.

Бұ жұрттың осы араға ғана үйілгені несі?

І к ә р и я . Той той ма, Маман, Әлібектің жүрген жері той
боп жатқан жоқ па? Сән-салтанат өзге-ақ-ау. Көрем деп үймелеп
жүр көбі.

І к ә р и я

Қызы анау, нөкері мынау,

Үйі де сай боп-боз-ау.

Да у ы с . Уа, бір сәнді топ келеді ... Топ. Сері ме, салдар ма?

І к ә р и я . Уа, Арыстан екен ғой. Бұл да нөкерімен. Өзі батыр
інісі. Ақын ғой мұнысы.

Ә л і б е к . Көрмегі асыл Аймандай.

А й м а н (*Айман хоры*).

Керіп бізді не қылсын,

Тұғырдан Айман тайғанда.

Ә л і б е к (*Әлібек хоры*).

Тұғырыңды кім апты,

Нені айтасың қай-қайда.

А й м а н . Кім біледі, өйткенмен,

Бұрынғыдай жай қайда.

Ш о л п а н (*күліп*).

Емексіме, әпкем.

Рас айтасың тегінде,

Кеткен дүние келместі,

Құлашты құр жайғанға.

Ә л і б е к .

Рас айтыпсың, Айман жан,

Дұрыс екен қойғанда.

Шолпан апты тұғырды,

Апаның атын сіңілі,

Сүйтіп келіп жойғанда.

(*Нөкерімен Арыстан шығады.*)

І к ә р и я

Уа, кел қарағым, Арыстан!

А р ы с т а н .

Аманбысың, кәрия,

Құтты болсын тойыңа

Айта келдік алыстан.

І к ә р и я .

Бәрекелде, ризамын,
Құрметіңнен қалыспан.

А р ы с т а н .

Дос елімсің Шөмекей,
Ертеде атам табысқан.

І к ә р и я .

Досыңды дос деп бек тұтып,
Жауыңды да шабысқам.

Ә л і б е к .

Ал, мырза, орын міне
Қош келіпсің!

Ш о л п а н .

Егер де Айман десең (*Арыстан отыра бергенде*)
Бос келіпсің.

А й м а н (Шолпанға әзіл қып).

Апаңнан сонда-дағы қауіп бар-ау,
Ұмытпай қайта-қайта ескеріпсің.

А р ы с т а н (*әндепін*).

Рас сөз, іздегенім сұлу Айман,
Көріспек тілеуде едім мен талайдан.
Қыйғаш сөз шығып қалды сіңіліден,
Бұл бөгет туып еді әлде қайдан?
Сен едің даңқың асқан кішкентайдан,
Дәмелі мен емес пе ем, құлаш жайған.

Тарқаған жәрмеңкенің базары ма,
Айман жан, өзің толға болған жайдан.

А й м а н (*әнмен*).

Сөзімді мен нетейін салып епке,
Айтарлық жөн бар ма екен налып, өкпе.
Бұл мезгіл қандай мезгіл жөнін айтсын,
Мырза деп кезек бердім Әлібекке.

Ә л і б е к (*Шолпан әнмен*).

Уа, бейнелеп мен айтайын, мезгіл жайын,
Бұл дәурен шалқып жатқан айдындайын.
Жалғыз қу сол айдынның ақ еркесі,
Балатқан бір өзіне күн мен айын,

Шұбыртқан бұл өлкенің бағлан байын
 Сөзімде қате болмас көпке дайын,
 Толқынып пісетұғын кезі жетіп,
 Іздепті-ау сонда жалғыз теңді сайын.
 Несіне одан әрі бейнелейін,
 Бәрібір дәурен өтті деп демейін,
 Шұғыла боп, сол қуға біз құштырыппыз,
 Батыр ем, ақын ем деп мен не дейін.
(Әлібек, Шолпан күліседі.)
 Ш о л п а н *(Айманға).*
 Әпке-ай, тапқан жарың әуре ме еді?
 Ә л і б е к жездем десем сәуле ме еді? *(Жұрт күледі.)*
 А р ы с т а н *(өз жігіттерінің хорымен Шолпанға).*
 Қарағым, саған шақтым мен мұңымды,
 Күні өткен, мынау неткен дәурен еді?
 Ш о л п а н *(Қыздар хорымен).*
 Жок, кезеген аяқ сен болсаң да,
 Ілінер жөргем мен емен.
 А р ы с т а н *(хормен, әзілше).*
 Биім болсаң нетеді,
 Әділ сізде теңеген?..
 Шо л п а н *(хормен жылдам).*
 Машайығың мен емес,
 Сүрінгенді дегеген.
 Айман, Әлібек *(бірге).*
 Жарамасты, Шолпан жан!
 Сый құрбыны шенеген.
 Ш о л п а н *(Хормен, ерке тентек пішінде).*
 Өзің-ақ бол жақсы атты,
 Жалынғанды жебеген.
 А р ы с т а н *(хормен).*
 Шырағым, неткен асау ең,
 Тістегіш те тебеген *(өз-өзіне, жалғыз.)*
 Айманға сай сіңілісі,
 Жақсы еді мынау не деген?
 А й м а н . Арыстан мырза, жолыңыз бізден, сый-құрбы
 қонағымыз болыңыз *(Орын беріседі. Жарас шығады.)*

Ш о л п а н (*Ақынға қарап күліп*). Мына байғұсты кім жантайтып кетті? Сөйле. Мына әпкеме айтатын сөзіңді бітіріп, сыйыңды ал.

Д а у ы с т а р. Айт, айт!

Ә л і б е к. Айманға, Айманға арна сөзіңді.

І к ә р и я. Уа, кәне, бәрекемді, Айманға, Әлібекке айт. Жаңа қосылған жаңа тілеу бұларға айтпай, кімге айтарсың құрғыр сөзіңді...

А қ ы н (*Жантық*).

Уа, Жетіру Шөмекей мен, Шектісі де

Бай, батыр, мырза, сері, тектісі де,

Ұсынса қолы жетпей талып жатыр,

Айман жан шыдай алмай тепкісіне.

(*Жарас Арыстан қасындағы ақынға ым қағады*)

А р ы с т а н (*Өз ақынына*). Орайын қайтар мынаның.

Ж а н т ы қ. Бөтенге Әлібектей бұйырмаймын,

Теңі жоқ бұдан өзге жат кісі де.

Талай жан жалын жұтып, тас шайнаған,

Жолды алған Әлібекке, кекті ішінде

Құдалық сұрай келіп сауға берген,

Өңім бе бұл көргенім түсім бе?

Бәйге алған, ту құлатқан желді аяғым,

Қаракөк қырата озған бестісінде

Ә л і б е к, Айман болып тағыңда ағар,

М а м а н бай бір түлесін ескісінде.

(*Айман тоғыз ғып сый бергізіп жатады.*)

Ш е к т і а қ ы н (*іле жөнеледі*).

Кез болдым сен екенсің ақын Жантық,

Сыйыңды құшақтай бер қысып-қамтып,

Сөз беріп, сөзін сатып алып жатыр,

Жантықта не қалсын енді тамтық.

Еліңнің ережесін бүгін таптық,

Сөйлейтін бойға өлшемей сөзін тантық.

Тыйынға-тебеніңмен мақтана бер,

Жетіру, сірә, елер ме ері танып.

Ә л і б е к (*Жантыққа*). Ендеше, оның мақтан қылған жерін білесің ғой, қорғанба, жаса сен де шабуылды.

А р ы с т а н . Бұл дағдыда жоқ еді ғой, Әлібек мырза. Ақындар өздері екшесуші еді, тартуға шапқаның неткенің?

Ә л і б е к . Жоға, тіпті осы батыр, батыр деп құлағымызды жасытатын болды.

А й м а н . Қой, олай деменіз!

А р ы с т а н . Ә, солай ма? *(Жарасқа)* Жарайды олай болса батырдың өзіне хабар бере ғой. Өз құлағымен естісін мына Әлібек мырза айтқызған сөзді *(Жарас кетуге айналады.)*

Ж а р а с . Е, мына сығырға амалың болса қылшы, мұны да шаптап қойыпты ғой *(Кетеді.)*

Ә л і б е к *(Жантыққа)*. Айта бер ... Бас!

Ж а н т ы қ .

Шектіге бір кесел бар ерте қонған.

Ол кесел бірде толып, бірде солған.

Елеріп құр шоқпармен шонтай қағып,

Арам тер, әлін білмей, әлек болған.

Сол іспен адамың жоқ сірә де оңған,

Көргені кезуіл ме құрдым жолдан?

Тыныштық та, байлық та мол Жетіруда,

Қай Шекті қазына керді уыс толған?

Батыр деп, айдар тағып елерткенің,

Жем іздеп, күндіз-түні маңын шолған.

Ш е к т і а қ ы н ы .

Жетіру сөз шығардың бойыңа ерсі,

Құтыртқан мына сөздің буын керші.

Түлен түртіп бара ма, қайда кеттің,

Қанеки, білгеніңді тағы терші.

Болмаса шыдамасаң жайыңа өрші.

Базарға қойыңды айдап, орысқа ерші.

Сонда да катулансам шұбыртармын,

Ер болсаң, осы сертке қолың берші.

І к ә р и я . Қой енді, қойсаңдар қайтеді осы шиеленіспей... Біз Шөмекей арадағы момын елміз. Екі ағайын екеуіңмен де сыйласпыз, сүйеміз осы күрең қабак болғандарыңды ... *(Көпке)*:

Істің бәрін осылар,

Болымсыздан бастайды.

Аяғы таудай қосылар,
Көпке әкеліп тастайды.
Д а у ы с т а р (*хормен*).
Көптің қандай қасы бар,
Бір Маман, бір Көтібар.
Тілесе жесін бір-бірін,
Көпте олардың несі бар.

Жылдам басып, Жарас келіп тұра қала сөйлей жөнеледі.

Ж а р а с .
Уа, Маман бай, сіздерге,
Көтібар батыр жіберді,
Мен сонымен кеп тұрмын:
“Уа, Жетіру мен Шектімін,
Осал емен кектімін,
М а м а н менен көптімін.
Жөнге келсе ептімін,
Жөніне жөндеп кешпесе,
Қыйыса алман кектімін.
Тойға келсем қойыпты,
Шөмекейдің шеткі үйін.
Лайығым менің ол емес,
Түсуіме аламын,
Өзгені емес, ордасын,
М а м а н байдың деп тұрмын”, – дейді.
М а м а н (*ашулы*). Уа, не деп тұрсың, жексұрын?!
Ж а р а с .
Мен қалыспын тек тұрмын.
Бірақ, керіп келдім айтайын:
Ұнатпадым бет түрін.
Ә л і б е к .
Тигізбей-ақ қой септігін (*ашулы*).
Өзім-ақ басам ептігін.
А р ы с т а н (*Айманға*).
Шығар бар ма жамау боп,
Сөзін айтар ептінің.
Қойса қайтеді тиюін,

Қытығына Шектінің.

Ә л і б е к *(Ашулы, Айманның қолын қаға беріп).*

Тау жығатын селдей боп,

Қарашы мұның екпінін.

Ж а р а с .

Пай-пай-пай-ай, екі нар,

Қағысқан соң не амал бар.

Арада қайтіп өлмесін,

Енді сорлы шыбындар.

Тағы да айтпай болмайды-ау,

Ызғары жатыр сөзінің,

“Құтыртқаны буы ғой,

Деп айтады бөзінің”.

(Маманға)

Бай-еке, жасырмай-ақ қояйын,

Сыртына теуіп алыпты.

Түк біткенін өзінің:

“Мойнына мініп апты дейд,

Шөмекей мен Жетіру”,

“Құлақ қақпас өзінің” *(Маман Әлібекке жалтақтай.)*

Ә л і б е к . Қорғанбаңыз, беріңіз тіленген жауабын!!

М а м а н *(Көтеріліп).*

Бар олай десе айта бар,

Ойда ұлық, қырда қыруар малым бар,

Қарсыма менің шықсыншы,

Қу кедейлік әлім бар.

Ә л і б е к .

Уа, Орынбор,

Қатырымпар, Пытырымпар!

Жағалай сонау шарлар бар,

Лықылдаған ұлық бар.

Өрекнуін қоймаса,

Таутаңдаған шолаққа,

Кісенді қара құлып бар.

Жарас жөнелді. Арыстан тұра береді, нөкерлері де қозғалады.

Арыстан ашулы.

Арыстан (*Айманға*). Айман, саған амандаса келіп ем, мен сый-сыйпатқа тойдым...

Айман (*Орнынан тұрып*). Арыстан, заманы бір құрбы едің. Орайын тауып өршітпеуіңді тілеймін.

Арыстан. Жоқ, мен кінәңнен арылдым ...

Айман. Тентектік бізден ...

Шолпан. Қойшы әрі жалынбай, күймесе жарылып кетсін (*Арыстан ашумен қарап, жүріп кетеді.*)

Әлібек (*Шолпанды арқаға қағып*). Жарайсың, бос тентек емес, есің бар, намысың бар тентек (*Отырған жігіттеріне.*) Шақыр мұнда төрені. Қызық сауық ойын көрсін (*Саудагерлерге*) Уа, қонақ саудагерлер, керуен басылар (*аналар шығады.*) Әкпеліңдер бар тамашашыларды ... Әншің, бишің, ойыншың. Мен сауық-салтанат бастайын. Бұл өңірдің елі естіп көрмеген тамашаны көрсетейік. Қақалтайық ондай түк көрмеген кедейді (*Саудагерлер, жігіттер кетіседі.*)

Аздан татар гармоншысы, өзбек жігіті, кернейшілер шығады. Татар саудагерлерінің жанында сәнді киінген екі Европа әйелі. Беттерінде келтелеу жібек перде. Өздері де жібекке оранған. Олар орындыққа отырады. Бәрінің артынан сап-сары ала төре-ұлық шығады. Үндемейді. Жұрттың бәрі тұрады. Әлібек, Мамандар, саудагерлер ыздрастый-ыздрастый! деп иілгенде басын изейді де, Маман қойған орындыққа отырады.

Ідауыс. Уай, мынау әйелдері кім?

Ікәрия. Уа, мына Қокан, Бұқар хандарының сарайына бара жатқан сұлулар ... Саудагерлер апарады.

Дауыстар. Япырым, не дейді, астау не дейді?

Маман (*Ұлыққа*). Тақсыр мына осы тамаша көрсетеміз сізге! (*Төре үндемей басын изейді. Әнші жігітке*) Саламбек, сал әнінді мына ұлыққа!

Әнші (*Бір ауыз ән салады*).

Орынбор, Троицкий үлкен базар,

Жігіттің желді аяғы сол жерде озар.

Отырмай үйкүшік боп, айналшық жеп,

Шын жүйрік ұлы топта шылбыр созар.

Саудагерлер. На, яхшы гәп ... Яхшы ... Тоғры сөйлей ... Тоғры ... Бәрәкалла.

Сонда ашумен қатты басып Көтібар жетіп келеді. Артында Арыстан Жарас, акын, тағы кәриялар. Отырған жұртты қарап қайта отырады. Әлібек тұрмайды. Көтібар ашулы. Сәлемді жөндеп алмай әншіге түйіліп.

К ө т і б а р . Қані, сен не айттың мен туралы? Не айтқызды саған Маман?.. Қайта айтшы міне менің жүзіме?..

А р ы с т а н . Ол емес... Бұл әнші... Ақын мынау отыр ...
(*Жантықты көрсетеді.*)

К ө т і б а р . Кел бері!.. (*Жантық орнынан тұрып жалтақтап жақындай береді. Көтібар айналаға түйіле қарап.*) Жетіру, саған тіл бітейін деген екен! (*Жантыққа*) Сен судан шыққан судырақмет, базардан шыққан бір-екі ауыз мәтеліңмен мені тұсамак бопсың ғой. Сөйлеші жаңағы айтқаныңды!

Ә л і б е к (*қатты*). Айт, неменеге тұрсың!

М а м а н . Айт, олай болса, тілегені қарнына.

Ж а н т ы қ (*құлшынып*).

Ендеше, біз егесіп көрген едік,

Шектіге орай жауап берген едік.

Мақтаны қара шокпар ұр да жық деп,

Батырын сіздей, сіздей терген едік.

Соңынан саудалы бай ерген едік,

Жетіру біз өзге елден сергек едік,

Туласын шамданбаса тентектері,

Ә, десе – мә, деп сыйын бермек едік?!

К ө т і б а р (*Маманға бұрылып*).

Ендеше ме?!

Тұра тұр бұл бәйгіден атым келсін,

Келгенін күрең аттың жұртым көрсін.

Не көрсең де көрерсің қылығыңнан,

Кінәлі бөтен емес, өзім дерсің.

Ә л і б е к . Баста! Жүргіз түте ойындарыңды...

Т а т а р г а р м о н ш ы с ы . Тептіртейік, тептіртейік дүниесін,

Уай жаным Гүлзәйнәп!

Юрә мә икән сағызын чәйнәп ...

С а у д а г е р л е р (*Шулап күліп*). Бәрәкалла!.. Бәрәкалла!..

Ж а р а с (*Көтібар айнала бергенде*). Бұл елдің ойын дегенін көріп кетсеңізші, батыр-ау... (*Көтібар тоқтайды. Жұрт орын береді.*)

Әлібек. Уа, тағы, тағы кім бар?!

Әнші қыз *(Орысша романс айтады. Айта тұрып пердесін ашады)*.

Көтібар *(Қыз ән айтып тұрғанда)*. Не оттап тұр мынау?
Жарас.

Уа, дүние жалған,
Ел деген міне сорлының,
Басы кетіп қалған,
Заманның бір сыры,
Маманның бір қыры да бұл.

Көтібар *(Дауыстан)*. Лыры адыра қалсын! *(Маманға)*

Уа! О заманнан бұ заман,
Ыздырайтыйға мәз болып,
Есі кеткен сен Маман.

Жоқ ырымды бастапсың,
Қалмасын сірә қамтамаң.
Ұзатқан қызың орыстан!

Тыраштан жетсе бар шамаң! *(Ызамен қарқ-қарқ күледі.)*

Өзбек жігіті *(Сырнай-керней тартылады. “Ха иран ха ынан ма ” деген бәйітті айта жүріп биледі. Айнала отырған саудагерлер әдеттегідей қолдарын соғып отырып, кеуделерін ұрады)*.

Жарас *(Кәрияға, Көтібарға естірте)*.

Маман тапқан тұр мынау,
Қолына қамтып алғасын.
Кеше ғана жүруші ед,
Шықырлатып арбасын.

(Биші қылмыңдап, қас-қабағын ойнатып, Көтібарға тақап өтеді.)

Көтібар *(ашулана бастап)*. Тарт, айуан! *(билеп жүрген жігітке)* Өй, айуан!

Жарас.
Бұзылған заман осы да,
Батырдан дәурен қалғасын.
Тоздырмай елді қояр ма?
Құтыртып бүйтіп алдыңа
Басынтып жынды салғасын!

К ө т і б а р .

Ой, айуан!

Бәлем, Маман, тұра тұр,

Сірә, осы той тарқасын,

Егескен боп істеп тұр,

Ұлыққа тіреп арқасын *(Биші тоқтайды, жұрт у-шу.)*

Ә л і б е к . Кім бар? *(Саудагерлерге ым қағады.)*

Б и ш і қ ы з *(Балет биін билейді. Саудагерлер тұрысады.)*

К ө т і б а р . Тәйт найсап! Тәйт найсап!

Ж а р а с *(Арыстан қолымен басын қорғаштай беріп әдейі).*

Басар ма екен тәйірі!

Басымызға ойнатты-ау.

Әлде қандай маржасын!

(Биші қыз Көтібардың тұсына келіп, аяғын көтеріп қалады).

К ө т і б а р *(Бұрынғысынан да ашуланып отырған, сапысын жұлып алып, тап береді).* Жарып тастайын, малғұн! *(Қыз жығылып қалады. Көтібарға бірінші кәрия жармасады. Ұлық атып тұрып, аспанға мылтық атады).*

Ұ л ы қ . Әх ты, дикарь!

К ө т і б а р *(тепсініп).* Сен қыйқар ...Кімге атасың мылтықты?

Ұ л ы қ . Что такое ты говоришь?

К ө т і б а р . Што такой боса, што татой, қалай-қалай құтырасың?

Ұ л ы қ . Как ты имеешь мне говорить калай-калай?

К ө т і б а р . Қашан шақырып ем мен сені талай-талай! Қытығыма тие берсең тірсекке сабап айдап тастармын.

Ұ л ы қ . Ты понимаешь, ведь это искусство?

К ө т і б а р . Үсті үстіне шылсын *(Біріне бірі ежірейіседі.)* Немене, көзінді тұздай қып, қорыққан серкеш борбайланған неме! *(Маманға)* Маман, Маман, осы тойдан соң кеш соңынан жаяу шұбыртпасам, Көтібар атым құрсын.

М а м а н . Уа, қоймадың ба? Күймесең өртеніп кет ... Күнің өткен білдің бе? Қу найзалы, ту шولاқты, ку кедей ...

К ө т і б а р . Не дедін? *(Ұмтылады, жұрт жібермейді.)* Баққан малың мінеки. Ертең алам жосылтып, ашпадың ба көзінді. Қу бас.

М а м а н . Садаға кетсін бар балаң. Айманым мен Шолпанымнан ...

К ө т і б а р . Әй! Құтырған әкесің. Тыйынға табынып, бөз құшақтаған бақал ... (*тепсініп тұрып.*) Күш қылғаның қыз, күйеуің екен ғой, ендеше, со қызың менің қатыным ... Міне сертім. Ертең екеуін де әкетем ... Қорлығын-ай, бұның, маған қыр көрсетіп... (*Жөнеле береді. Артынан Арыстан да ереді.*)

А й м а н (*Ұмтылып*). Арыстан, құрбылық қарызың қайда, тілеймін, тый мынаны.

А р ы с т а н . Мен арылғам ...

Айман ах ұрып жылап қалады. Шолпан ашуланып жұлқиды.

Ш ы м ы л д ы қ

II ПЕРДЕ

Дала. Түн. Аулы шабылып тұтқында келе жатқан Айман – Шолпан. Барлық сән-салтанат, жасау, жабдығымен көшіріп келеді. Жарық айдың астында 3-4 ақ шатыр. Аспанда жұлдыздар, бір-екі жерде жағылған от. Айналасында карауытқан адам, Көтібардың қолы. Әр жерде тасқа сүйеген найза-шоқпар. Шатырдың біреуі Айман-Шолпандікі, бергі үлкен шатыр. Екіншісі Арыстандікі. Үшіншісі әрірек Көтібардікі.

Айман, Шолпан шатырларының алдында, биік орында қалғып отырады. Иықтарында жібек шапандары, бастарында камшат бөрік.

I көрініс

А й м а н (Басында жалғыз айтады. Ән).

Сұм дәурен қайда баттың сайрандаған,

Қызықты күнім қайда жайрандаған.

Жағаға толқын ұрып, демін құрып,

Ақ шабақ болғаным ба қайрандаған,

Іште дерт, мыс қазандай жай қайнаған,

Жолы боп жаудың жүзі жайнаңдаған.

Толас жоқ, әлі есітем әкем даусын,

Артымда күңіреніп, Аймандаған.

Балаңды жау әкетті жалмандаған,

Жанында қошеметші қалбаңдаған.

Үріккен осы еді ғой апам сорлы,

Есітем, үнің келеді Аймандаған.

Ш о л п а н е к е у і .

Баласы ек Маман байдың мыңды айдаған.

Қызығын көл дүниенің ен жайлаған.

Сұр жорға, қара жорға теңселдіріп,

Тұрманға меруерт, маржан, зер байлаған.

Қан базар шашылдың ба гүл жайнаған,

Өсіп ек қаққы көрмей жау жайлаған.
Шабынды олжасы боп, құлын тайдан,
Тұғыр боп, кетеміз бе жау жайлаған.

Аз тым-тырыстан соң зарлы үн шығады. Айрылу зарын ескі бәйітпен айтып келе жатқан өзбек жігіті... Сахнаға шығып, Аймандарға жақындап келіп, тұрып тағы жырлайды.

А й м а н .
Не айтады екен, бұл байғұс!?
Үні қалай шерлі еді!?

Ш о л п а н .
Қу Көтібар зарлатқан,
Бұ да біздей сорлы еді.
А й м а н .
Басқа бір дерті бар шығар.
Болмаса бұл сапарға,
Күйіндім, бітім дер ме еді!?

Ш о л п а н .
Сапар ғана дейсің-ау,
Көрем деген жер ме еді?
Өттен, ұл боп тумадым.
Кеудемді құса кернеді...
Өлер-ақ ем бүйткенше,
Тілекті құдай бермеді...

А й м а н .
Қойшы, бүйтіп сөйлемей,
Егізде туған бауырым,
Күйігің мені тербеді.

Ж а р а с .
Қосылдым-ау, мен-дағы,
Үндерінді есітіп,
Шын маңдайым терледі.

А й м а н (*Жарасқа*). Ақыл айта, табарың бар ма, жаным-ау?
Қысылдық қой.

Ж а р а с . Ең әуелгі ақыл, иықтарың түсірме! (*Аяғын кердеңдеп басып.*) Әншейін үнемі былай кердең бас аяқтарыңды (*Шолпан күліп жіберді соған қарап.*) Міне, осының дұрыс, сен күліп тентектене бер.

Ш о л п а н . Ой, жынды (*Күледі.*)

Ж а р а с . Міне, міне бәрекедді, бұның әмбе дұрыс. Айтам ғой осы, түбі сен мал боласың.

А й м а н . Қойшы, қылжақты, тіпті ойының қанбайды екен.

Ж а р а с . Жоқ, Айман жан, шын айтам мұны, осы паң болып, елеме ештемесін. Шыбын шаққан құрым көрме (*Көлбектейді. Шолпан қозғалғанда, Айманға жылдам жақындап кеп.*) Онан соң, онан соң тағы бір ақыл бар (*Айман аңырады.*) Тап со жерді ойласаң өзің табасың.

А й м а н (*дәмеленіп жайланып*). О не?

Ж а р а с . Е, кәні, кәні... Ойла, ойла!

А й м а н . Алыс па, өзі жақын ба?

Ж а р а с . Тәңірі, алысты қайтейін қолға түспейтін!

А й м а н . Енді қайда?

Ж а р а с . Я, ойлашы, ойлашы осы айналада.

А й м а н . Осы айнала? Ұқпадым.

Ж а р а с . Ал, міне жағалай терейікші! (*Саусағын санап.*) Байбатша ма? (*Айман басын шайқайды.*) Рас, оның қолынан не келеді. Шолпан ба? (*Айман түңіледі*) Жо, о да болмайды. Ал, мен бе? (*күліседі*) Жо, мені де жылы жауып қой! Тіпті, тіпті осы айнала өзі. Тәйір, қойшы тіпті таба алмайды екесің ғой? (*Айман Арыстан шатырын нұсқайды*).

А й м а н . Мынау ма?

Ж а р а с . Пәле. Пәле... Бәсе, үйтпесең Айман боламысың?

А й м а н (*ренжіп*). Не деп отырсың? Дос екен десем, қаспысың өзің, әлде кімсің?

Ж а р а с . Айман жан, олай деме... Айтқаным айтқан... Тек осы жерге қармағыңды бір салшы (*Айман ойланады.*) Ойлан, ойлан ... Япыр-ау, енді осының есебін таппасаң несіне жүрсің. Қойшы тіпті!

Көтібар (*шатырынан шығып Айман жаққа қаран*).

Болмады, пай-пай, болмады,

Айманды құшпай, уа, дүние!

Көкіректе арман толмады (*Аюдай қалбаң-құлбаң етіп.*)

Қоңыраулы найза қолға алып,

Қоңыр салқын төске алып.

Тоятын қыран болжады...

(Жақындап кеп Жарасты көріп қалып)

Ұйқтамас па, бұл мұңдар.

Талай заман өтпеп пе ед,

Түн ортасы болғалы? *(қайтадан жөнделіп ап.)*

Ай, Жарас, бер жүр, бермен!

Ж а р а с *(өтірік қалбаңдаған боп)*. Мені шақырдың ба, батыр?

К ө т і б а р . Қысылдым-ау, беу Жарас!

Екі бірдей түн өтті.

Көңілге құса толғалы.

Ж а р а с . Не дейді, ойбай-ау? Ас батпай жүр ме? Бұл, асқазаның ба ауыратын?!

К ө т і б а р *(Ашуланып)*. Ой, асқазаның бар болсын! Асқазаным кісі жесем де батырады!.. Сандалғаны несі!..

Ж а р а с . Енді несі?

К ө т і б а р . Уа, тұқымың құрғыр, қыз!!.. Қыз!!.

Ж а р а с *(қарқылдап күліп)*. Ойбой, сорым бар басым, мынау ма еді... Рас, рас, барып тұрған мықты жау екені де рас. “Қамал бұзған салмағым, қыз алдында қаңбақтай болды” депті ғой әлгі-и *(ұмытып қап жылдамдатып.)* Әлгі мына Шолақ Мамай ... Абыланды ... Сарғыл батыр...

К ө т і б а р . Адыра қал!

Ж а р а с . Қыйын. Қыйын-ақ енді тіпті!

К ө т і б а р . Уа, қысқарт, тілеуің кесілгір!..

Ж а р а с . Ойбай, батыр, не жаздым?!

К ө т і б а р . Қыйынын айт дедім бе? Қыйсынын тап дегем жоқ па? Сандырақтап несі! *(Мазақтап.)* Шолақ-шолақ, сарғыл-сарғыл... Жоғалтқан қашарыңды түстеп отырмысың?!

Ж а р а с . Білмеймін, бабын таба алар ма екем ... Мен тіпті олақпын өзім осындайға, құданың құдіреті!..

К ө т і б а р . Керегі жоқ сөзіңнің. Табасың сен есебін. Жеткіз сөзімді!.. Бар!.. *(Өзі шатырына кетеді. Жарас Аймандарға қарай жүре түседі де, бұрыла жөнеледі.)*

А р ы с т а н *(Шатырынан шығып керіліп)*.

Дариға, түн ұйқыны бермеді,

Шұғыласы қандай күшті еді.

Ш о л п а н *(Мұңайған қалтында Айман жанында)*.

Жетер деп ем Әлібек,

О да қуып келмеді!..
А р ы с т а н (*Жақындап кеп*).
Көзіңе бір ілмейсің,
Сенгенің жалғыз сол ма еді?
Мен де Арыстан батырмын,
Бір ерден басым кем бе еді?
Ш о л п а н .
Не қылайын құр күшті,
Сіз сілтеген бір таяқ;
Қалай батыр сермеді...
А р ы с т а н .
Шын намысым қайдасың,
Шабындыдан түскен қыз,
Қалай-қалай жерледі?..
А й м а н .
Отырыңыз, Арыстан,
Жастықтың ауыр назы ғой,
Болмаса бұлай дер ме еді?
Ж а р а с .
Шолпанжан, сейіл-сейіл болғанда,
Сергелдең де сейілді.
Арыстан құрбың келіпті,
Достыққа беріп бейілді.
Ш о л п а н .
Керегі жоқ бейілдің,
Қандырмаған мейірді.
А р ы с т а н .
Жібімеген тас көңіл,
Үнемі маған зейілді.
А й м а н .
Құбылған жас көңіл ғой,
Ілгерілі-кейінді.
А р ы с т а н .
Ермек етсек не етеді.
Әлде бірер ойыны.
А й м а н .
Көтеріңіз көңілді,

Түбінде Шолпан түсінер
Байырымды зейінді (*Өзбек жігіт жақындап келеді.*)

Ш о л п а н (*Биші жігітті көрсетін*).

Анау жігіт ойнасын,
Сауыққа дайым бейімді...

Б и ш і ж і г і т. Хұп, Шолпанжан, хұф, юрә қалың ... (*Жарас, Шолпан, жігіт үшеуі кете барады. Арыстан, Айман қалады.*)

А р ы с т а н (*Айманға қарай басып*). Айман, осы менің атым кім? Сірә, таныймысың мені?..

А й м а н. Мені біржолата есінен айрылды дегенің-ау, мазағың ғой бұл ...

А р ы с т а н. Жарайды. Оған да тәңір жарылқасын, әйтеуір ең болмаса атымды ұмытпапсың!

А й м а н. Шімірікпей сөйлескен боламыз-ау. Жүзімізде ұят деген болсайшы... Шіркін, Арыстан-ау, бүйтер деп пе ем мен сені...

А р ы с т а н. Айман, оны қой, кінә Әлібекте. Бәріне кінәлі Әлібек.

А й м а н. Жарайсың... Жарайсың... Маған сен кінәлі болсаң, оған да жазықты Әлібек қой ... Не бетіммен сөйлесіп отырмын. Кеше ғана ... Кеше ғана ... Онда Әлібек қайда еді? Құдай деспек пе ек! (*жылап жібереді.*)

А р ы с т а н (*шұғыл өзгеріп, жұмсарып*). Япырай, Айманжан, жықтың-ау мені мына жерде! (*Ұмтылады. Айман қолын қаға береді.*) Ұялттың ғой, жер қылдың ғой мені... Сол күнімнің садағасы болсын бәрі...

А й м а н. Не дермін?! Не дермін?!

А р ы с т а н. Құрып қалсын бар дүниесі, тілеші менен бір тілек!..

А й м а н. Не қылайын мен тілеп.

А р ы с т а н.

Тілемесең риза емен,

Міне саған дос білек! (*Ұсынады.*)

А й м а н (*Жасын тыйып.*) Шының ба?..

А р ы с т а н. Барым!

А й м а н. Ендеше, мына Шолпанды үйіне қайтар...

А р ы с т а н. Және ...

А й м а н . Менің басымды, еркек болса, Әлібек кеп іздеп алсын, босат деп сенен тілемеймін... Бірақ, шама келсе, қорлатпа?! Ердi намыс, қоянды қамыс өлтіреді деген. Еркек боп тумасам да намысым бар ... Қор болғанша құсадан-ақ өлермін!..

А р ы с т а н . Құп, Айманжан, ұқтым ... (*Шолпан, Жарас, Байбатша қайта шығады. Жігіт Айманға жақындап келіп.*)

Ж і г і т . Апажан, уай-уай, айтып қойсалари мәңгі, бу біз қаяққа бара ятырмыз?!

А й м а н . Уа, біз шабындыға кетіп барамыз ...

Ж і г і т . На! Шабынды! Шу бу нимесі ша ар му?! (*Өзгелер күледі.*) Уалла ағлам, біз бұл Хиуа якқа бара ятырмыз, Енша алла шунда болармыз. Най-ай апа жан, Хиуа қандай кәтта базар!

А й м а н . Я, Хиуа (*Күрсінеді.*)

А р ы с т а н . Уа, сізді кім алып кетті осы бізбен бірге?

Ш о л п а н . Бәсе, осы кісіні кім деп алды? Шапты, шапты, осы керуеннің не жазығы бар еді?

Ж і г і т . Хайранмән! Мән жүдә хайранмән. Ғаламмәтдір, гуна імдүр ... Уайран мән уайран!..

Ж а р а с . Я, несін айтасың, айран, айран! (*Күліседі.*)

А й м а н . Осы қалайша алды сізді?

Ж і г і т . На Кәлмәдімә бу ше рәуи уәхши (*Ұмытып қап.*) Налиги (*басын қасып*) кәпір! (*Батыр жақты көрсетіп.*) Хазы дәюр таманда юріпті пыр-пыр дәюр ...

А й м а н . Батыр деңіз! Кәпірі несі?

Ш о л п а н .

Я, айта бер.

Мақтағанмен толып ес?

А р ы с т а н .

Қой, Шолпан,

Райдан кеш.

Ш о л п а н .

Бүлдасаң өзің бұлда,

Мен сен емес,

Тұзың сор, еңбегің еш.

А й м а н . Қойыңдаршы, бұл не егес? (*жігітке*) Я, содан соң не көрдіңіз?

Ж і г і т . Шу (*Ұмытып қап*) Кәпір!..

Ж а р а с . Батыр деңіз, е, жаратқан тәңірі!..

Ж і г і т . (*Шошып қалып*). Субақыр!

Ж а р а с . Батыр деймін, түү, мына кісіге дауа болмас.

Ж і г і т . Етті шу (*Ойланып*) жапыруахшы... ерткыш...
Гәудәмнән ушым кетті... (*Отырып*) Заманда сөздер иш-тәм.
Қыз міні, егіт міні дияләр. Ба итсізлігімә көрә (*Көрсетіп*) за-
маным таш болған. Гәпірмәйді... Башымны (*Басын бір изеп, бір*
шайқайды) Шындақ итәм, шундақ итә... шу халатта бу хайуан
кәпір!

Ж а р а с . Уа, батыр ... Би батыр, бу тыйға сәкін-ыр ... (*Өзі де*
түңіліп.) Бутыр, жо батыр деймін батыр!

Ж і г і т . Бу, хайуан тақыр ...

Ж а р а с . Е, мына сығырға амалың болса қылшы. Ой бір
пәлеге қалдырар мына кісі, қойсақ қайтеді осы әңгімені. Тіліміз
келетін емес тіпті.

Ж і г і т . Рос қызы... Рос қызы... Бу диюр (*Кеудесін, борбайын*
көрсетіп, ұстады деп ишарат қып.) Мұндақ, мұндақ ишләтiш,
рос қызы “алың” диләрді... Алды... Кәтті...

А р ы с т а н . Онысы рас. Біздің батыр басында орыс қызын
да ат көтіне салдым деп мәз еді. Бағана қыз емес, жігіт шығыпты
деген соң ашуланып мына кісіні алғызып, айналдырып жатқан.

Ж і г і т . Тоғры гәп – Шұндақ ... Шұндақ ... О, қарт кәрі мәңгә
“қызсән” диеді. Инша алла егітмән дедім. Ынанмән ... Поштымды
талатты. Най-ай қа арланды... Мәнің алдыма ғаурәттің яман ... Нә
сәуәллі қыз түгілсін дәюр, “өлтірәмән” дәюр ма мұндай пышағым
(*Мәсісіне жанығанын көрсетіп*) выжжит еді. Кәләметиш
адатының шарапаты құтқарды кәпірден (*ойланып қалып*.)

А р ы с т а н . Жарайды енді! Қойыңыз оны.

Ж і г і т . (*Айманға*). Уай, апажан, китәйлік бу хайуаннан
Хиуаға. Яманнан ... (*Тоқтап*) Най аның баллары ... Миуалары ...
Гүллер иділәр ... Хушлар ауазлары ... Най-ай кеііп сапа кишләрі...

А р ы с т а н . Ал, қызықпай тұралышы кәні... Жә оны қоя
тұрайық, сол. Хиуа базарында билейтін биді, сонда айтатын
бәйітті мына апаларыңызға айтпайсыз ба?

Ж і г і т . Халайсізмі апажан?

А й м а н . Рас, өнер көрсет! Қайғырма ...

Ж і г і т . Мәйлі... (*Билеп, бәйіт айтады*.)

К ө т і б а р (*Шатырынан қайта көтеріліп, әуелгідей баспалай басады*).

Уа, Ақша бет Айман,

Уа, дүние жалған.

Қой міне тыным ап,

Ұйқыда талған ...

Осы-ау тегі кезі енді,

Сыбағасы батырдың.

Жалғыз өзі қалған...

(*Келе бере, билеп жүрген жігітті көріп дауыстап.*) Жарас,
уа, Жарас!

Ж а р а с . Уа, мен мұнда, батыр (*барады.*)

К ө т і б а р . Не қылдың?

Ж а р а с (*Қолбаңдаған боп*). Батыр-еке, орайын таба алмай
қойғаным, тіпті...

К ө т і б а р . Ой, жаман неме, не орайы болушы ед...

Ж а р а с . Қасында ылғый кісі боп, бір оңаша келмегені.

К ө т і б а р . Кісісі кім?

Ж а р а с . Бар ғой осында. Арыстан да отыр...

К ө т і б а р (*Қозғалып жүрген жігітті көріп, екіленіп басып шыға кеп*).

Мынау неткен қорлық ед,

Басынып мені тайтаңдап.

Әлде қандай зорлық ед.

А й м а н .

Дәт тақсыр, зорлық емес,

Қам көңілін демеген

Тұтқында өңкей сорлық ед.

К ө т і б а р .

Пай-пай... Түге ...

Ойыны әлі қанбаған

Не қылған іші толғыр ед (*ызғарланып.*)

Жат жөніңе Арыстан,

Жау жөнекей немене:

Қыз-қырқынмен табысқан.

А р ы с т а н .

Жау болғанда нетуші ед,

Мен де бірге шабысқам...

К ө т і б а р . Болды... Болды... Ұқ кепті. Бұдан әрі алысқан
(*Кете береді. Арыстан жігітті алып кетеді.*)

К ө т і б а р (*Жарасқа*). Бар енді оңаша қалды, сөйлес шапшаң
(*Өзі шатырға кетеді.*)

Ж а р а с (*Бері шыға бере*). Қымсынбай сөйлесе беріндер
(*Қайта айналып кетеді.*)

А й м а н (*Шолпанға*). Өстіп ат саурында кете барамыз ба!?
Біріміз емес екеуміз де. Бір емес екі өлді ғой әкеміз... Маған емес
Арыстан саған ынтық. Теңің болса осындай-ақ болар. Жылы
сөйлесіп ұғыс. Сонсоң елге қайтасың... Әлібекке хабар жеткіз.
Шыбын жаны бар болса, жетсін мені іздеп. Болмаса (*Мұңайып*)
тірідей отқа күйем де...

Ш о л п а н . Қорыққанымнан тием бе?

А й м а н .

Қайда отырсың бұл күнде,

Еркелікке сүйенбе!

(*Арыстан келеді. Айман шығып кетеді. Шолпан, Арыстан*
қалады.)

К ө т і б а р . Жарас, уа-у, Жарас!

Ж а р а с (*шыға келіп*). Уа, мен мұнда, батыр ... (*Көтібарға*
жақындап.) Орайы келмей тұрғаны. Қасында сіндісі отыр, бір
пәле енді сол. Тап екі елі қалмайды, құдайдың құдіреті.

К ө т і б а р . Айманда сөзім бар деп жырып әкет, апырай мына
қор қылғаны-ай мені...

Ж а р а с . Тіпті өзіңіз болсаңыз да қыйын-ау енді.

К ө т і б а р . Жөнел, енді бар, пісір сөзді (*Жарас айналып жүре*
береді. Айман да кетеді.)

А р ы с т а н (*Шығып әнмен Шолпанға*).

Шолпаным, тыңдармысың арманымды,

Сұм дүние, тарылттың ғой жалғанымды.

Әзілің жылы шырай дәрмен еді.

Кейуің тағы да алдың қалғанымды.

Көтеріп келіп едім салғаныңды,

Көп білдің, емен жарқы алғанымды.

Суынып күннен күнге сен барасың,

Үздігіп, елермісің талғанымды.

Ш о л п а н *(тұтанып).*

Не дейсің, қайтып қана мен ұмытам,
Жау болып, аулым шаба барғаныңды...

(Босаңсып ойланып тұрып.)

Адыра бұл жол маған қаралы жол,
Құрысын шабындыны тойлағаным.

А р ы с т а н .

Дау ғой ол, көңіл болса белгі қайда,
Сызы ғой зіл көңілді жоймағаның.

Ш о л п а н *(Жақындап еркелегі).*

Аулыма қазір мені қайтара ғой,
Шын болса ерте кешті қоймағаның.

(Айман, жігіт келеді.)

Арыстан.

Жарайды, олай болса мен жібердім,
Жалғыз-ақ бұған орай сен не бердің?..

Ш о л п а н .

Орай сол бұл сапарда бір ауыз сөз
Айтпайсың, сізге және өмір бердім.
Кендікте, өз үйімде берем жауап.

(Арыстан салбырайды.)

Ш о л п а н . Немене, қорықтың ба, сен түнердің?

А р ы с т а н .

Жарайды, мен қайтпайын еткен серттен,
Ат дайын, кісіні де бердім... Бердім...

(Шолпан қамдана бастайды да тоқтап.)

Ш о л п а н .

Бергенің шын болса мен сенейін,
Кісінің керегі жоқ өзің ердің.

А р ы с т а н .

Несіне бұлай тіледің.

Әлде оны сый көрдің.

Ш о л п а н .

Әкел деген мен бе едім? *(Киініп жатып еркелеп.)*

Еркіммен қашан мен ердім?

Өз қылғаның өзіңе

Көрдiң мiне, сен көндiң.

А р ы с т а н .

Жарайды, сапар кешейiк,

Орайын таптың, сен жеңдiң.

(Қамданыса бастайды.)

А р ы с т а н *(Айманға)*. Тентек шалдың оспадар мiнезi көп. Бiрақ соған ұтқызсаң несiне Айман боласың. Жүйкесiн құртарсың. Одан берiде үйiнде бiр өр тоқалы бар едi, Теңге деген, бiздiң елдiң шетiне жақындап қалдық қой. Соған хабар жiберткемiн. “Тез жетпесе құдай төбесiнен ұрды, үстiне тоқал алынды” деп. Ендi сол жетiп қалар. Екеуiң бiрiгiп мынаның қырпуын табарсың.

А й м а н *(Шолпанға)*.

Айта бар бiзден сәлем жездең сорға,

Қой айдап кеткен едi Орынборға,

Жоқтаусыз, сұраусыз боп бiз барамыз,

Шабақтай шырматылған кесел торға.

Соктығып несi бар ед күшi зорға!

Жесiрiн алып кеттi салып қорға,

Отыз күн ең арысы болжал күнiм,

Тоқтамай тоқым салсын көк сандалға.

(Арыстан қамданады. Айман, Шолпанмен сөйлесiп жатады.)

К ө т i б а р *(шатырынан бұрынғысынша шығып iлгерi басып)*.

Түнертiптi түсiмiз,

Түн ұйқыны бөлгендей *(тоқтап ап)*

Беу, қабағымыз қатыңқы ...

Күдерi бел, күпсек сан,

Үдере жортып желгендей,

Уа, беу-басыңқы көңiл басыңқы.

Буырқанып қас батыр,

Ашуына келгендей *(тоқтап бойлап)*

Беу! Қыз күйiгi батыңқы ...

Тап осы жолы толайым

Тiлеуiмдi бергендей *(тағы тоқтап бойлап)*

Уа, беу қыз оңаша жатыңқы ...

А й м а н . Қош, қуатым Шолпаным ...

Арыстан.

Оң сапарға басалық,

Жұрт ұйқыға батыпты ...

Көтібар (*Атып шығып*).

Арыстанбысың, уа, қай құдай,

Сені бүйтіп атыпты ... (*Сапысын суырып жатып.*)

Жауға беріп көңілін,

“Оң сапар” деп жатыпты (*Ұмтыла береді.*)

Айман (*қарсы ұмтылып*).

Ей, батыр! Еркіңе сенің бір басым

Тұтқының боп жатыпты.

Жас бала еді Шолпаным,

Құса болып қатыпты.

Қолқа болсын бұл тілек,

Атасын барып уатсын.

Қолында болып бір талай,

Бұйрығын дәмін татыпты.

Жарас (*Көтібарға жақындап*). Батыр, тіпті толайым
құтылайық, сол қызды, Арыстан да шығарып салып, барсын
сонымен.

Көтібар. Бітірдің бе, сұмырай?

Жарас. Айтам ғой! Тіпті бір оңаша берер емес, дінкем
құрып өлер болдым әбден!

Көтібар (*Қолбаң етіп Арыстанға тап-тап берігі*). Әйт
се-е-ні! Іс-с сені-і! (*Найзаны жерге қарш еткізіп салып қап.*)
Жоғал!.. Жоғал!.. (*Аналар қараи-құраи жөнеле береді.*) Жо-ға-
ғал!.. Жо-жо-ғал!.. (*Арыстан, Шолпан жөнеле береді.*)

Биші жігіт. Уай, әкажан ... юбарің мені әм.

Көтібар (*Найзасын суырып ап*). Жап, жап-жап аузынды...

Биші жігіт. Гунайым юкдүр. Гуна ым юкдүр. Әкажан!
(*Айманға*) Апажан...

Көтібар (*ұмтылып*). Жап-жап-жап ...

Биші жігіт. (*қорқып*). Гуна ым!..

Көтібар. Тәшкеннің саудагерінде кегім бар ... Жап-жап.

Жігіт. Садағасы кетәй, мән Қоқанлық ...

Көтібар.

Құнынды Тәшкеннен алсын Қоқан ...

Уа, мен боламын Көтібар,
 Тәшкеннің тиіп несі бар,
 Тосып ал, міне, тосып ал!
 Жігіт. Мән Қонқанлық ...
 Көтібар (*тап беріп қуып*).
 Жап жап-жа-ап ...
 Тап қосыңды тап (*Жарасқа*)
 Ал енді атаңның басы керек пе. Бар сөйлес енді.
 Жарас (*Айманға келіп қыйпақтаған боп, ақырын*).
 Сен үндемей, көп жауап қатпай отыра бер (*Қайтадан*
Көтібарға барып.) Бүгін сөз тыңдар шамам жоқ, ертең кел дейді
 батыр-ау...
 Көтібар. Тайт, жоғал, ез неме, тұр былай! (*Өзі келеді*.)
 Айман үндемей шапанын бүркеніп тасқа сүйеніп тұрады.
 Көтібар (*Қолбаңдап бабын таба алмай*). Айман. (*Қыз*
үндемейді.) Уа, Айман! (*үндемейді, қарамайды*.) Уа, жарқыным
 Айман!
 Айман (*Өз-өзіне*).
 Бір пәлені басыма,
 Тап қылдың құдай қайдан!
 Көтібар. Айман. Қайтшы жаным райдан!..
 Айман (*саспай*). Не айтасыз?!
 Көтібар (*сөз таба алмай*). Айналайын ... Уа-уа, айнала
 кетейін, жаратқан сені құдайдан! (*Айман үндемейді, қарамайды.*
Қайтадан жағалап) Айман!.. Қарашығым Айман (*Үндемейді.*
Бақырып.) Уа, сығыр Айман! (*Теңге тепсініп тыңдай тұра*
қалады. Артында екі-үш жігіт.)
 Айман (*бұрынғысыниша*). Не дейсіз?
 Көтібар.
 Садаға ... Садаға ...
 (*қолбаңдап өз өзінен бұлығып тепсініп*.)
 Уа, садаға ғана кетейін,
 Бетіңе біткен шырайдан (*тап береді*.)
 Теңге.
 Аш көзінді суалған,
 Садағасын ол емес,
 Мына біздің шырайдан

(Салысын лақтырып, бетін ашып салып, тап береді.)

К ө т і б а р *(шегіне беріп)* Сығыр мұнда, мына пәле қайдан шықты? *(Жарас та келеді.)*

Т е ң г е *(Омыраулап).*

Тапқан күңің осы ғой,

Жоқ болғалы бір айдан.

К ө т і б а р *(есін жыйып ап).*

Қо-қо-қой,

Қой енді қой!..

Т е ң г е *(Бұлқынып шаршысын жұлып салып, шашын ду-дыратып).*

Бүйтіп тірі қойғанша

Жой, мені жой! *(Ұмтылады.)*

К ө т і б а р *(шегіне бере).*

Қо-қо-қо,

Қой, тоқал, қой!

Т е ң г е *(Айманға ұмтылып, басына бүркеніп тұрған шапа-нын жұлмалап).*

Аш бетінді көремін,

Мынау ғой менің күндесім *(жұлқылап)*

Көтібар ғой сенгенің,

Кәнеки, енді үндесін ...

А й м а н *(Аз ғана ашынып).*

Ашуланшы тым құрса,

Түсініп білгенсін.

Т е ң г е *(Тағы ұмтылып).*

Қарашы мұның кесірін,

Бермейді тіпті іргесін *(Жұлқылайды.)*

А й м а н *(Ашуланып).* Қоямысын, жарқыным, *(беті ашы-лады.)*

Т е ң г е . Қоймағанда нетесің.

А й м а н .

Олай болса мінеки,

Әдебінді берейін,

Қалдырмай жіп-сіргесін ... *(Көтібарға)*

Келші, батыр, ендеше,

Неге сөзді іркесің *(Теңгеге)*

Нақ сүйер қып өзімді,
Теңгені күңге тіркесін.
Суыммен кіріп, күліммен
Шыға жүріп сор қайнап,
Ағызсын бастан сіркесін.

Батырға жылдам басып жетіп барады. Батыр аймалақтап құшақтауға айналады. Екеуі сырт айнала береді. Дал боп қалған Теңгеге Жарас жүгіріп кеп.

Ж а р а с . Уа, құдай сілейткен, Теңге-ау, не ғып пәңгіріп тұрсың? Өлер жерің осы, сорың құрғыр, сал шыбыныңды ... Тула ойбай, тула ...

Теңге *(Бақырып)*. Ойбай-ай, ойбай-ай жарайын-ай, мен мұның бірін жарайын, ойбай, ойбай *(Жер тепкілеп ұмтылады. Көтібар айрылып жүріп кетеді, Айман орнына кеп жылап отыра кетеді.)*

Ш ы м ы л д ы қ

III ПЕРДЕ

Сахна бұрынғы қалыптылау. Екі шатыр: Айман, Көтібардікі. Қол бұрынғыдан басқа қонысқа қонған болады.

I көрініс

Жарас шығып келе жатады, алдынан Айман қарсы шығады.

А й м а н . Кім екен бұ келген? Бір жарық сәуле болар ма, Жарас-ау, жоқ па?

Ж а р а с . Бұл әлгі, анау той қылған Шөмекей екен. Тәрізі сендердің жайыңды көз қыла келген бе дейім. Бірақ, әлі анығына қана алмадым ...

А й м а н . Білсеңші, жарықтығым-ау (*Қайғырып.*) Шын-ақ “ердің ерін көрсең, тақымында күлерсің” деген осы болғаны ма? Кешегі әлгі күш айтып көпірген Әлібек қайда?

Ж а р а с . Несін айтасың, өтпес жарлық, бойға қорлық дегеннің арты осы ... Осы-ақ ...

А й м а н . Қуғын болғанда осындай бола ма екен? Кәрі саулықтың құнын жоқтағандай, тоқты торының билігінен басқа түк келмейтін Шөмекейдің өлмелі шалы.

Ж а р а с . Атама дейім, Айман! Жау жарақпен шауып алып бұл келеді. Ал, жоқшы, ылғый жұттан қалған кәрі құртаң, тай тулақ, ылғый бір тұрған сукар. (*Көтібардың кәриясы шығады.*) Білейін мен мынадан, аңысын андайық.

А й м а н . Білші, бірдеме тыныс тапшы, жарқыным!.. (*Мұңайып кетеді.*)

Ж а р а с (*шалға*). Уа, бұл Шөмекей не іздеп, не деп кепті, кәрия?

К ә р и я . Біз былай тая тұрсақ... Оңаша сөзі бар ғой.

Ж а р а с (*жарыса*). Е, оның жөн, сен тая тұр ... Бар, бар шал!..

К ә р и я . Сен кетпеймісің, батыр ашулы бүгін.

Ж а р а с . Бар, бар ашулы болса бір жерінді алып түсер (*Шал кетеді, Жарас оқшаулау, даяршы жігіт сыяқтанып сыпайыла- нып тұрады. Көтібар мен Шөмекейлер отырады.*)

К ө т і б а р . Жә, сен Шөмекей не айтасың? Неге келдің, шертші кәне?

К ә р и я . Батыр, біз не шертейік?! Біз Шөмекей деген айт деп ергізіп, шайт деп жусатқан елің. Анау Жетіру болса да ығындағы, ыңғайындағы бір атаның баласы еді. Екеуінің де түптің түбінде бел қылатын батыр өзің болушы ең?!

К ө т і б а р . Уа, шұбалтпа, шұбалтпа, айтарыңды айтшы!

К ә р и я (*өбектеп қан*). Кеден кеден болды, кедергі неден болды, деп мына Жетіру, Маман салмақты бізге салып отыр. Арандағы құдай деген ағайыны ек... Қысылып тұрмыз ...

К ө т і б а р . Уа, сенің басыңа не күн туды? Сені шаптым ба мен, сірә?!

К ә р и я . Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел бол- са төбедегі келеді, деп мына орыс орманның заманы, алалыққа басшы құрық берсе не болмақ ...

К ө т і б а р . Сыпайы қамшылап көп ауыз салмағың мен бе? (*Қадалып.*) Мен бе? Билік айтып бер дедім бе мен саған, Шөмекей?! (*Ашумен жылжый түседі, кәрия шегіне береді.*)

К ә р и я . О тілінен тартты ғой.

К ө т і б а р . Мықты, пысық күйеуі бар емес пе еді? Бір жағында саудасы, сомасы, бір жағында орыстың ұлығы, бәрі қайда? (*Ашуланып.*) Уа, қайда дейім. Неге тіреспейді менімен? Жок, жау болып жағаласуға жарамайды ... Бәрі боп електеп ап, аяғыңды тістелейді. Со ма?

К ә р и я . Оныңыз рас, пәленің бәрі сонда. Маманды құтыртып жүрген де со ғой! Әлгі сауда, ұлық деген де соның ісі ғой ...

К ө т і б а р . Ендеше, мен кімді шаптым? Ұлықшыл болып, пысықсынып, тыйын, тебенімен Әлім ұлы сені түгел шырмап, құлданып бара жатқан сол қуды шаптым ... Үйретем!

К ә р и я . Бұл насырға шаба ма деп қорқамыз. Ара ағайынбыз.

К ө т і б а р . Шаптырса, мықты екенін көрейін, кәне шаптыра қойсын. “Әлін білмеген әлек” деп!

Кәрия. Оныңыз рас. Сол күйеуі енді өз қолынан келер дәрмен болмай, ұлыққа шауыпты. Шапты, талады деп шағым жүргізіп ...

Көтібар. Орысқа ма? *(Жылжый түседі, ашулы.)*

Кәрия. Сол емес пе, батыр-ау. Сонымен ел іші әлек бола ма деп ...

Көтібар *(қатуланып атып тұрып)*. Ә, солай ма, бұл менімен белдеспек екен... Еңдеше, керді көріп алдым.

Кәрия. Батыр, ашу алды, ақыл со ...

Көтібар *(ақырып)*. Тоқтат енді. Тек бірдеме көресің енді, сен өзің де ...

Кәрия. Елшіге өлім жоқ еді ғой.

Көтібар. Уай, ат-сайманың бар ғой үстің мен астыңда!.. Жалаңаш жаяу қайтарармын тірсекке ұрып тіке ... Қара бұны, орыстың, ұлықтың аты шыққан соң... Анаған қарап тайсақтап отырсың ғой сен де!..

Кәрия. Уа, діні құрып қалсын. Мына жылап қалған Маманды айтайық деп ек.

Көтібар. Ендігі менің ұстасқаным жалғыз Маман емес. Күйеуі және оның арқа тірейтіні сонау, сонау күштісі.

Кәрия. Мына момын елің бүлінеді ғой батыр ...

Көтібар. Бүлдіріп көрсін ... Уа, міне мен егестім, егестім, *(Жарасқа.)* Қайда әлгі шал? Салсын сөзімді Айманға. Алдым Айманды тоқалдыққа. Көріп алайын мен Әлібек бақалдың күшін *(Шөмекейлерге.)* Жөнеліңдер! Ашпа аузыңды, жөнел *(Бәрі кетеді. Теңге, Айман шығады.)*

Жарас. Батыр атты алысқа айдауға айналды.

Теңге. Тағы не деді ойбай, айтшы шапшаң.

Жарас. Шөмекейді айдап тастады. Қазір біреу-міреу келмес пе екен, естірсіңдер. Жалғыз-ақ енді екеуің тас түйін боп бірігіңдер. Жан қалса сонда ғана қалады. Және Айманды оңаша тастамайық, сол естерінде болсын!

Айманның шатырында Теңге мен Айман.

Теңге.

Тек жөніңмен көш, жарықтығым,

Оңаша сырың болмасын.

Шал болса да қыймаймын,

Құлақ кесті жолдасым

А й м а н *(хикаямен)*.

Мен не дейін, жеңеше-ау,

Өзінді-ақ құдай оңдасын.

Т е ң г е .

Қызғанғаннан келдім ғой,

Сыры мәлім болғасын ...

А й м а н .

Менде де бар бір жаман,

Не қылайын қазақтың,

Жүйрігі мен жорғасын ... *(Жарас келеді.)*

Т е ң г е .

Қайтерсің-ау енді

Әлі күнге тыйылмай

Салактатып қойғасын ...

(Айман теріс қарайды, Теңге иығынан бұрып ап.)

Ж а р а с .

Өл де маған не дейсің,

Әуре болды сор басың! *(Кәрия мен Көтібар шығады.)*

К ө т і б а р .

Бар-бар-бар-бар,

Жылдам болсын болғасын ...

Оңаша екен, жылдамдат

Жауабымды созбасын.

К ә р и я *(Бөлініп Айманға таман келе жатып).*

Қайтерсің бұ құшынашты.

Құлшылдатып қойғасын *(Бата алмай қайта айналып.)* Уа, батыр! *(Батыр бұрылады.)* Тап осынау жолға мені салмасаң нетер екен?!

К ө т і б а р . Уа, не деп тұрсың мылжындап, бет моншағым түсіп қалар деп тұрмысың? Не құдай қара басып тұр өзінді ... Уа, кімнің келіні едің!

К ә р и я *(жалынып.)* Батыр-екесі, әлгі Жарас жындыны жіберсең қайтеді? Мен тіпті сырт буын боп қаппын!

К ө т і б а р . Тілеуі кесілген Жарасыңның. Түкке жарамайды. Не келуші еді ол бір жындының қолынан... *(Мазақтан)* Орайын таба алмадым. Орайын таба алмадым ... Бар енді қалжырамай!

К ә р и я (*сақалын созып сыйпап*). Апырай, батыр-екесі, енді мына сақалымның ағында ...

К ө т і б а р (*ақырып*). Бар енді, бар деген соң! (*Шал көніп қалбақтай бастайды.*) Сақалында несі бар еді?.. Ол емес, міне мен күзеймін бармасаң (*Шал Айманға қарай кете береді.*) Уай, Теңгенің көзінше айтпа жалғыз-ақ... (*Көтібар сыртта байыз таба алмай әрлі-берлі сенделіп келіп, шатырына кіріп, бір жатып, бір тұрады.*)

Ж а р а с . Уа, кәрия, немене беліңнің шойырылмасы ұстап жүр ме? Кібірткі көрінесін?

К ә р и я . Е, шырағым, оның рас.

Т е ң г е (*Кәрия кіріп отырған соң бұған*).

Неге келдің сұмпыйып,

Іздегенің пәле ғой!

Жіберді ғой, деп кәне,

Жауабын алып келе ғой.

К ә р и я . Теңге-ау, не айтып тұрсың ... Құдай көрсетпесін ...

Ж а р а с (*Қолын созып көрсетіп, ойнап*). Бәсе, е, е, керіліп тұрған сар шұнаққа, тайып түсетін ақ бас күшіген бар деңіз, кәрия (*Кеңкілдеп күледі.*)

К ә р и я . Уа, не дейсің жаным? (*таңданған боп*) Пәлені мына көре ғой.

Т е ң г е .

Ә, тілегенің сол екен.

Көрсен міне көре ғой (*Тап беріп жағасынан алып.*)

Айт жаныңың барында

(*Омыраулап, шалқасынан жығуға айналып.*)

Болмаса мына сұмырай көк сақалды (*жұлып*)

Талдап, талдап бере ғой!

(*Кеудесіне мінбек болып аяғын көтеріп, көтеріп қояды.*)

К ә р и я .

Уа, өлтірдің ғой, қу тоқал,

Буындырып барасың.

Т е ң г е (*Босаңқырап*). Босатайын көне ғой.

Ж а р а с . Қоймасын еріксіз ашқызды-ау мына кісі.

К ә р и я (*Көтеріліңкіреп*).

Ажалыма тап қылды-ау Екі жынның арасын ...

Ж а р а с . Айтып құтылсаңшы, байғұс шал, пайғамбардың жасына кеп, сақал-шашың ағыңда бұ не қорлық?

Т е ң г е .

Айт сәлемін бөгемей

Сүйтсең аман қаласын.

К ә р и я (*Басын шайқап, бұл уақыттар Теңге шыдай алмай тыпырлап, безектеп тұрады*).

Пай-пай, айтқаны Айман,

Бар дейді менің аласым.

Қолқасына шыдағам,

Шолпанда болмай таласым.

Тоқал қып өзін алам дейд,

Бар білгенім міне осы,

Орайын өзің табасың ... (*Теңге босатып.*)

Т е ң г е .

Жоғал кәзір көзімнен,

Сұмырайға бойыңның

Көрсетпей енді қарасын (*Шал жөнеледі.*)

Ж а р а с (*Құлшынып Теңгеге*). Ал, енді жылы ізін суытпа, жайды жаңа білген кісі боп, құлшынып жетіп бар (*Өзі атып шығып, кетіп бара жатқан шалға.*) Әй, кәрия (*Кәрия тоқтайды.*) Уа, бер жүріңіз, аулақ кетейік, ойбай? Әлгі Тсңге кәпір тілсіз жау ғой – толайым жазым қылады? Жүріңіз былай кетейік!.. (*Теріс жаққа алып кетеді.*)

Т е ң г е (*Айманға*).

Жауабын өзім апарам,

Қандай сөзге саласың?!

А й м а н .

Ойланайын ерік берсін,

Отыз күннің тілеймін,

Мөлшер қылып шамасын.

Т е ң г е (*қызғанып ашуланып*).

Әлде тимек ниетпен,

Қиялай бүйтіп шабасың?

А й м а н .

Апырау, өзің емес пе ең,

Осылай деген шарасын.

Т е ң г е (*жөнелуге айналып*).

Тұра тұр өзім емдейін,
Құтырған шалдың жарасын (*Кетеді.*)

Көтібардың шатырына келеді. Көтібар көре сала теріс аунап түседі.

Теңге. Немене бүк түсіп жатқаның, қаралы кісі болғансып.
Әлде албыраған жас неме үйің түскенге, мыйың түсті ме?

Көтібар. Үйі не? Не шатып отыр?..

Теңге. Я, ұқпай отырған шығарсың?! Не ойлап жүрсің, айт шыныңды.

Көтібар. Ауыртпашы басымды (*Тоқтап, сырт қарап. Өзіңнен бөтен не ойым болушы еді?!*)

Теңге Барың со ма?.. Шының ба?..

Көтібар. Құтырар, сірә, мынау.

Теңге. Ендеше, құдай тілегінді берді!

Ана шабындыдан түскен күнің көнді.

Көтібар (*қолбаң етіп дәмеленіп, бетіне қарайды да, Теңгенің шанишылып, тұтанып тұрған жүзін көріп, сырт айналады*). Тайт найсап! (*теріс қарайды.*)

Теңге (*Иығынан қайта тартып, өзіне қаратып*). Ар қарама, бері қара. Мына маған, маған қара ...

Көтібар. Уа, қоямысың, тоқал! (*Теріс айнала береді.*)

Теңге (*Иығынан қайта бұрып ап*). Уа, тоқал боп тием дейді ана күң... Көндім дейді...

Көтібар (*өтірік ашуланған боп қайта теріс қарап*). Тоба, (*тамсанып*) Тоба ... Түлен түртіп отыр-ау ...

Теңге (*Иығынан тағы бұрып ап, көзіне қадалып*). Жалғыз-ақ тигесін шабындыдан түскен қатын атанбайын. Асықпасын. Еліне жетейік. Жайланайын. Есімді жияйын. 30 күн толас берсін. Содан кейін тең қатыны болайын.

Көтібар (*сене жаздап*). Айуан! О, айуан! (*Қарап тұрып, сене алмай теріс айнала беріп.*) Тілеуің құрсын, ку тоқал!

Теңге (*қайта бұрып ап қалшылдап*). Содан басыма бөлек күмбез тігейін. Төсегін жаңғыртайын. Және нақ сүйері болайын...

Көтібар (*тыпырышып, сапысымен жерді сап қап*). Уа, тоқтат енді, сорың құрғыр ...

Теңге (*басында шошып қап, артынан қайта қозданып, құшырланып*). Содан ақ саусағыммен көн боп қалған арқасын сыйпайын ...

К ө т і б а р . Уа, төбеңнен жорт, төбеңнен жортқыр. Күйдірді-
ау, мынау, күйдірді-ау...

Т е ң г е . Опырайған аузынан, суалған тамыр-шандырынан
айналайын... Сәлем де деді.

К ө т і б а р . Уа, осы сені сұғып кеткен менің қай сорым?!

Т е ң г е (*шақырайын*). Е, ұқсата білетін өзім ғана деп пе едің?
Жалғыз сен-ақ па ең есебін білетін ...

Көтібар (*ашуланып, ақырып*). Болды. Жетті, Енді менің жы-
ным келді... Білесің ғой (*Теңге тепсіне бергенде.*) Ашпа жұмған
аузыңды (*Сапысымен жерді ұрып отырып.*)

Аяғыңды осы жерде қыя баспа ... Артымнан еріп, тұяғың
қыбыр етсін, тек желкенді кесемін.

Шығып кетеді. Теңге шыға алмайды, бірақ ентелеп қарайды. Көтібар
Айманның шатырына кіреді. Теңге безектеп ата жөнеледі. Сахнадан шығып
кетпей Жарасты сүйреп әкеледі.

Т е ң г е . Уа, кеселді... Тап! Тап! Тап!

Ж а р а с . Уа, нені, нені байғұс?

Т е ң г е . Кетті, кетті! (*Тулап.*) Кетті.

Ж а р а с . Уа, қайда, қайда!? (*Теңгені аймалақтап омырауын
сыйпалайды.*)

Т е ң г е (*Тез иесініп жіберіп бұлқынып*). Құдай-ай, қолың
қалай майда еді (*Тезінен қайта безектеп*) Уа, шал кіріп кетті
ана Аймандікіне!

Ж а р а с . Е, есің жаңа кірді ғой байғұс!

Т е ң г е (*Безектеп, жер тарпып, Жарасты бастырмалап*).
Тап ойбай ақылын тап!

Ж а р а с (*ойланып қап*). Тұр, ендеше, осы арада, тапжылмай
(*Өзі жөнелді. Теңге безек қағады.*)

К ө т і б а р (*отырып*). Айман! (*Үндемейді.*) Қарашығым
Айман!

А й м а н (*саспай*). Не айтасыз?

К ө т і б а р .

Уа, бері, бермен қарашы,

Жанар көзім суалтпа,

Сенсің ақ пен қарасы.

А й м а н .

Бәйбішенің жақын жүр,
Боп жүрмесін табашы.

Жарас жүгіріп шығады. Артынан әнші жігітті сүйреп келе жатады. Домбыра-
лы жас қазақ жігіті дедектеп келеді.

Ж а р а с (*Теңгеге*). Шақыр Айманды, әнші кеп тұр де!..

Т е ң г е (*Айғайлап*).

Айман-ау, Айман!

Әнші келді, қарашы!..

К ө т і б а р .

Кетсін кәзір жоғалсын

Көрінбесін қарасы.

А й м а н .

Аз ғана айтса болмай ма,

Ән сауықтың сарасы?!

Т е ң г е (*Әншіге*).

Айт. Айта бер қарама Құрсын сүйтіп шарасы.

Ә н ш і (*екі ауыз ән салады*).

К ө т і б а р .

Бар-бар – бар.

Жөнел енді, жөнел (*Әнші кетеді. Теңге бірге кетеді.*)

К ө т і б а р (*Айманға*). Айман ... (*Үндемейді.*) Жарығым

Айман ...

А й м а н . Не дейсіз?

К ө т і б а р .

Ақылың сенің шын кемел,

Сайтанның сөзі шын ба екен,

Салып едім бір бедел!

А й м а н (*Үндемей*).

Асығыс қой мұныңыз,

Болмас па екен тым жедел?!

(*Көтібар әукелектей бергенде Жарас биші жігітті сүйреп
әкеп.*)

Ж а р а с (*жігітке*). Айман апаңызды сіз құтқармасаңыз
болмайды... Артынан айтармын. Мына кісінің айтқанын істеңіз
(*Теңгеге ым қағады.*)

Т е ң г е .

Айман-ау, Айман!

Ойыншың міні келіп тұр ...
А й м а н (*Қарап*).
Рұқсат болса нетеді,
Бір азырақ билесін.
Т е ң г е .
Жазықсыздан жазықсыз
Тағы да анау тимесін?!
К ө т і б а р .
Құрып қасын бәрі де,
Билемесе күйлесін.
Т е ң г е .
Ал баста. Қараңызшы Айман-ау,
Қай ойынның білуші ед.
Бұл байғұсың үлесін ...

Жігіт билеп жөнеледі. Қасында Теңге қарап тұрады.

Т е ң г е (*Жігіт алғаш билей бастағанда*). Жасаған-ау, о несі? (*тамсанады*) Жаратқан-ау, бұ несі? (*Біраздан соң еліге бастап, күліп, бетін шымшып.*) Бетім-ау, не дейін! (*Тамсанып.*) Құйтыңдаған немесі! (*Жігіт қарсы алдына кеп құлаш созып бұралады. Теңге қызына бастайды.*) Сұлуын-ай, өзінің ... Қаршығадай денесі (*Жігіт алдында тұрып, қас-қабағын ойнатып қылмаңдайды. Теңгенің есі кете бастайды. Күліп.*) Қойыңызшы!.. (*Жігіт билеп айналады. Теңге тал бойы ұйып ілесе береді. Неге келгенін ұмытады. Жарас та даурықты көбейтіп, бірге билей жүреді. Бірақ Айман жақтан көзін алмайды.*)

К ө т і б а р (*Бұл кезде о да қыза бастайды*). О, сұм қадам ... О, айуан ... (*Айманды аймалақтағысы кеп.*) Айналайын, көзінен айналайын. (*Арқаға қағады. Айман сырғыйды. Жөткіреді. Теңге естімейді.*)

Т е ң г е (*Жігіт билеп тұра қап, тағы көз қабағын қылмыңдатып күле қарайды. Теңге бұралын*). Қо-о-йшы қуатым!.. (*Жігіт қоймайды*) қо-ойшы қалқатайым!.. (*Бұлқынып жігіттің маңайында оралып жүреді.*)

К ө т і б а р . Отыз күнге шейін қайтіп шыдармын. Иіскейін тым болмаса иіскейін (*Айман атып кетеді.*)

Ж а р а с (*салмақпен*). Уа, есі кеткен Теңге, көресің бе ана жақты?

Теңге (*Жігіт қарсысына тұрып ап қылмыңдағанда*).
Әкетайым, қоя ғой енді ... Қуатым ... (*Жігіт бөксесін, кеудесін бұлтыңдататын*.) Е, жарығым...

Ж а р а с . Құдай шебер мынаны қайттым енді! Уа, төбеңнен жортсын Теңге!

Теңге (*Аздан соң өзі билеген сыяқтанады*). Е-е-е-е! (*Жігіт иұғыл айналып кетеді. Теңге сүлдері құрып е-е-е, деп қалып қайта ілеседі. Жігіт айналып кеп тағы тұра қап ойнайды*.) Қойшы енді сәулетайым (*Өзі сақылдап күледі*.) Тіпті болмайды екесің (*Ананың бөксесі бұлтыңдағанда*.) Ойбай-ау, ана шалы құрғыр көріп қояды-ау енді.

Ж а р а с (*билей жүріп*). Түу, мынаған дауа болмас! Мына пәлеге қайдан қалып ем сығыр ойбай!

Теңге (*Жігіт құлашын жайып құйтыңдағанда*). Қалқатайым, тоқтай ғой енді. Біреудің көзіне түсеміз ғой. Жарығым ... Жарығым, өзім бір есебін табайын ... Енді ... Болмадың ғой тіпті (*Жігіт айналып билей жөнеледі*.)

Ж а р а с . Уа, соры қайнаған, Теңге, көні кеуіп қапты ғой ойбай мынаның?

К ө т і б а р . Иіскейін, Айман! (*Сәумендей береді*.)

А й м а н . Жеңеше-ау! Уа, жеңеше ... Биші жақсы ма екен?

Ж а р а с (*Теңгені қойып қап*). Уа, ку тоқал-ау, көремісің ана-ны, өл де маған!

Теңге . А, а! (*артына қарап*). Е, е, (*өкіректен жүрген Көтібарды көріп, есі кіріп ұмтылады*.) Әй, құдай төбеңнен ұрғыр (*безектеп жүгіріп*.) Ойбай-ойбай (*Айман атып шығып кетеді. Көтібар дал болып, құшағын жайған күйінде қап, ырс-ырс етіп, сырт айнала беріп Теңгені көреді*.)

Теңге . “Өле, өлгенше қатын” деп. Қақалғыр, ойбай қақал! Өл-өл бүйткенше көк сақал!

К ө т і б а р (*атып тұрып тап береді*).

Тағы сен бе ең, ку тоқал!

Өлдім ғой сірә бір сенен.

(*Бастыра жөнеледі. Теңге қашып шығады. Қуып*.)

Өр неме боп апсың ғой,

Келе қойшы, бер тоқал.

(*Жарас та қаша жөнеледі. Қуып тастап, жігітті көріп*)

Саған не бар сұм бақал!?

Ж і г і т .

Мәйлі меням китәйлі,

Айтсалары ям юқал.

К ө т і б а р .

Қарасаңшы мұрдарды,

Болып алып тап-тапал,

Тұла бойы толайым

Ағып тұрған мың мақал *(Тап береді.)*

Кет жаныңның барында,

Жоғал енді, жоғал! *(Айдап тастайды.)*

К ө т і б а р *(тағы Айманға кеп).*

Әттең Айман, нетейін

Иба қылып келем ғой

Бір тыныштығын таптыршы,

Отыз күн деп өлем ғой *(Айман үндемейді)*

Уа, жарықтығым, Айман!

А й м а н . Не дейсіз,

К ө т і б а р . Сөзіме менің құлақ қой.

Ж а р а с *(Жүгіріп кішкене бала Есетті алып келіп, Теңгеге беріп жатып, ымдап).* Жаным-ау, есіңе ие болсаңшы енді, бұ не бұ бақсы боп кеткенің?..

Т е н г е *(Есетті алып шығып).*

Айман-ау, Айман,

Мынау Есет келіп тұр,

Жібере ғой деп ең ғой *(Өзі айта барып шатырына отырады.)*

А й м а н *(жүгіріп Есетті құшақтап отырады).*

Келе ғой, Есет қуатым! *(алдына алып еркелетіп)*

Сен екенсін жарығым,

Туса атадан туатын.

К ө т і б а р *(Қолбаңдап).*

Қайтсе есебі табылад

Енді мұны қуатын? *(Есетке)*

Уай, жүрші бермен, сен бермен *(Сүйреп ала жөнеледі.)*

Бетіндегі бес батпан

Кірді кім бар жуатын?

(Алып барып қоя беріп, Теңгені алып соғып тістеніп.)

Ой, қуарған қу қатын,
Таптым ба деп отыр-ау,
Кеселдің тағы суатын (*Тамағына пышағын тақап*)
Бауыздайын біржола,
Кім бар екен сен сұмның
Құнынды менен қуатын.
Теңге (*қорқып*).
Қояйын, ойбай қояйын!
Қуатым шалым, қуатым!

Көтібар (*босатып*). Ендеше, міне көрдің ғой, өлген жерің осы! Тапжылма... Ұста ана балаңды. Отыр! (*Теңге жылап отырып қалады. Көтібар Айман шатырына қайта аяқдап барады. Сөз таба алмай қолбаңдап отырады. Айман үндемей теріс қарап отыр.*) Уа, Айман!

Айман. Не айтасыз?

Көтібар. Жауап қат енді.

(*Осы кезде Арыстан шығып Теңге отырған шатырға келіп.*)

Арыстан. Салаумаликум!

(*Жарас артынан кеп Теңгеге ымдайды. Айманның шатырына Арыстанды кіргіз деген белгі жасайды.*)

Теңге (*сасқалақтап*). Уа, сәлемің құрып қалсын (атып тұрып қуанып.)

Арыстан. Сен құрып қал, не болды.

Теңге (*Бір қуанып бір сасып, кеудесінен итермелеп Айман шатырына қарай әкеле жатып*). Уа, қуарған қайным-ай, қалқатайым-ай. О, кеселді жер жұтқыр-ай, қайда жүр едің. Уа, жарығым, сүйенішім-ай, уа, қадалып қалғыр-ай, қайда қадалып ең. Уа, қуанышым-ай, көкетайым-ай.

Көтібар (*Айманға*). Сезімді пісті деймін. Түбі сен менің тоқалымсың (*Өкіректтей береді. Сонда Арыстанды Теңге итеріп кіргізіп жібереді.*)

Арыстан. Ассалаумаликум! (*Айман атып тұрады.*)

Көтібар (*Арсалаңдап, тұтығып сөз таба алмай қалып, а-а-а-а, а-о-о-о-о-са-са-са-оо-о-ойбай сәм, ойбай деп артымен жерді түйіп қап, отыра кетеді. Артында Теңге мен Айман сықылықтап күліп тұрады.*) Ала-ам ойбай, ала-м!

Ш ы м ы л д ы қ

IV ПЕРДЕ

I көрініс

Уақиға Көтібардың аулында. Алыста үйлер. Сахна: үлкен кестелі оюлы ақ үйдің алды. Түс ауған мезгіл. Үйдің көлеңкесіне кілем, сырмақ, көрпе-жастық салынған. Сонда Көтібар отыр. Қолында үкілі домбыра. Жалақтаған, көңілді. Домбыраны сартылдатып құтыртып соғып-соғып кеп, боздағандай кәрі, суық үнмен ән қосады. Қасында кәрия тыңдап отырып, қошеметпен кеңкілдеп күле береді.

К ө т і б а р .

Уа, мен өзім шал болсам да қатқан шалмын,

Бір маржан, бір меруерт таққан шалмын.

Қай жерде сұлу болса шеңгел салып,

Ақ білек әлде неше қаққан шалмын.

(Содан кейін басқа әнге түсіп лепіріп, жаяулатып.)

Уа, Маманның қолымда отыр балдырғаны,

Тал бойы талайлардың талдырғаны.

(Екіленіп, құлшынып жастықтың үстіне отырып алады.)

Отыз күн енді бүгін өтіп барад,

Қамрығын қам көңілдің қандырғалы ...

(Тағы бір жастықты көпіртіп, астына салып ап.)

Қырқылжың бұған дейін алдырмады,

Құйрығын қызыл тағы шалдырмады.

Зар күйі енді соғып, кәрі қыран,

Тепсініп тегеуріні салдырлады.

(Тағы бір жастықты басып алып, домбыраны соқтыра отырып.)

Уа, сорлы үнім енді ғана қаңғырлады,

Қыранның аш дабылы даңғырлады.

Тоятқа айдай Айман ілемін деп

(Тағы бір жастықты басып алып.)

Көңілде арман сірә қалдырмады.
 Жаман жау жаяулаған жалбырлады.
(Кәрия кеңкілдеп күледі)
 Тоқал ту шолағын шандырлады.
 Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп,
 Еңбегін кәрің отыр жандырғалы.
(Тағы бір жастықты басып алады. Айғай, шу әбігер...)
 Кеп қалды... Ойбай, кеп қалды!
 Кәрия. Не дейді, бұ не сор?
 Көтібар. Уа, немене боп қалды? *(Айғай, дырду.)*
 Кәрия. Кім алып жүр үрейді?!
 Көтібар. Шақыршы мұнда біреуді.
 Кәрия *(Артына қарап отырып)*. Ойбай, батыр, қалың қол,
 қуғын келген сүреңді.
 Көтібар *(Атып тұрып үйге кіре бере)*.
 Тарт, ендеше, тезірек
 Белдеуде тұр, күреңді...
 Шал жөнеледі. Өзі үйге кіріп кетеді. Жарас, Айман, биші жігіт,
 Теңге жүгіріп шығады.
 Айман. Жеткен екен Әлібек,
 Берерсің тәңір тілеуді.
 Биші жігіт *(қуанып)*.
 Апажан, менің кәруән башы дадам әм келгәнтүр.
 Инша алла келгәнтүр,
 Мәнсіз алар ұрып,
 Хападан жүдә әлгәнтүр ...
 Жарас. Қайда жүр әлгі жынды шал?
 Теңге *(үй жаққа)*. Құрсын діңкең құрып қал!
 Көтібар *(үйден бар қаруымен жалақтап шыға келеді)*.
 Қайда күрең, тарт бері.
 Кәрия *(сасқалақтап)*. Сал тоқымды былай сал!
 Жарас *(саспай)*.
 Күреңмен кетті Арыстан.
 Теңге, Айман – ауылда жоқ жалғыз мал!
 Көтібар *(құтырынып)*.
 Құрттың ойбай, құрттың

Не дейді түге, мына қар ...
 (Найзасын жерге қарш-қарш шаншып.)
 Сынды-ау сағым, жер болып
 Қайтермін, қандай шара бар? *(Жөнеледі.)*
 А й м а н *(Жарасқа).*
 Күренді беріп Арыстанға
 Тауыпсың-ау жақсы амал.
 Ж а р а с . Үндемей енді тұра қал!
 Т е ң г е *(жұдырығын Көтібар кеткен жаққа түйін).*
 Жат жыныңды құшақтап
 Өртенбесең өле қал...
 А й м а н *(Биші жігітке).* Ал, шырағым, бізге күн туатын
 болды ғой ... Қуансаңшы енді дұрыстап *(Күледі.)*
 Т е ң г е . Рас-ау, ойбай кетесің-ау ...
 А й м а н . Кәзір Көтібар жетер мұнда ... Солар келер
 қарсаңына бір қуанышыңды білдірмеймісің?!
 Биші жігіт. Мейлі мән айтып бирәйн ...
 А й м а н . Айт, не де болса әнінді.
 Т е ң г е . Ән емес-ау, тұра тұр ...
 Ж а р а с . Қой. Шалың мына жерде жүр құтырып, сен оны
 толайым қойсаң қайтеді.
 Т е ң г е *(жігітке).* Көрсетші әлгі бір сәнінді.
 Биші жігіт. Хұп ыхтыяры сіләрде... Разы итәй мән садаға
 Теңге апа жан жанымны.
 А й м а н . Жарар онда билесін.
 Т е ң г е . Жо, жо қоя тұр *(Есіне түсіре алмай.)*
 Әлгі-і... Нетсін ... Күйлесін ...
 Биші жігіт *(Түсіне алмай Теңгеге қарап қутыңдап,
 қабағын ойнатып).* Мә, мұндақа ... Мә мұндақа?
 Т е ң г е . Е-е-е-е-е, сүйдесін!..
*(Биші жігіт билеп жөнеледі. Жарас қоса билеп жөнеледі.
 Үйреніп алған.)*
 Т е ң г е *(салғаннан елігіп, қозданып).*
 Е-е, құдай-ау
 О-у күнім-ау,
 Қутындауын қарашы *(қасын, қабағын ойнатқанда.)*
 Қайтып қана таусылмас

Мен байғұстың шарасы.

(Ілесе береді. Анау тұра қалып кеуде, бөксесін бұлтаңдатқанда)

Міне, міне қайтерсін.

Ж а р а с *(Билеп жүріп)*. Айман, ана Теңгеге ие бол. Осыны сор түртіп жүр, өзін.

Т е ң г е . Осы, осы міреу арасы *(Бұлқынып келгенде анау айнала жөнеледі, ренжіп қап.)*

Қойшы құдай қашқан несі!

Бүйтер болсаң түбінде *(артынан ілесіп жүріп)*

Нең бар еді о басы? *(Айман күліп)*

Қойдың ғой мені мінеки

Айманға қып табашы! *(Жігіт қайта тұра қап билегенде)*

Е, келші тәңірі құдай-ай,

Аз да болса жалғасын *(құшақтап алып)*

Көңілдің аз-мұз жарасын *(сүйіп-сүйіп алады.)*

Сонда Көтібар жалақтап, құтырып шыға келеді.

Ж а р а с . О, Теңге-ау, кезек сенікі емес, Аймандікі. Ойныңды бұздың ғой тәңірі *(Бүйірден нұқып қалады.)*

К ө т і б а р *(тап беріп)*.

О-о-о-й

Ойбай мынау не ғып тұр,

Қуарған жаудың баласы

(Теңгені айнала безілдетіп қуып жүріп)

С... с ... с ... сен

Істемегің осы екен,

Көрінсе жаудың қарасы.

Қылығын-ай мынаның

Қарашы, ойбай қарашы!

Айман *(Араға түсіп)*.

Өкінесің батыр-ау,

Ойын ғана әншейін.

Өзгенің жоқ жаласы ...

К ә р и я *(жүгіріп кіріп)*.

Ойбай, батыр, қайдасың,

Болыпты ғой боласы...

К ө т і б а р *(тоқтап қап)*.

Тағы қандай сұмдық бар,
Болар ма ойбай толасы?
К ә р и я .
Арыстан қолға түсіпті,
Оңыпты жаудың тобасы.
К ө т і б а р .
Сындырды белім сындырды.
Өлейін көрге кірейін,
Қайда Көтібар моласы.
К ә р и я .
Қаптап келед қалың қол,
Есінді жый осы ауыл,
Бетіне алған жобасы.
(Көтібар сарып ұрып кеп, отыра кетеді.)
Жарас *(Айман, Теңгеге ымдап қойып)*.
Шаптырмаңдар ауылды,
Барып сауға сұрандар,
Болмас па екен дауасы!
К ә р и я .
Ұша гөр, Теңге, ұша көр,
Бұ да ескінің жорасы.
Содан басқа шарасы,
Болды-ау тәңірім боласы ...
(Айман, Теңге жөнеледі. Қараңғы.)

Шам өшеді

II көрініс

Шам жанғанда бір жақта торғын шымылдық. Сол шымылдық жақтан Теңге келе жатады. Басын шалқасынан салып маң-маң басады. Қасында Жарас. Көтібар бір жақта бүлініп жүр.

К ө т і б а р . Әс ...с ...с... сені -і-і -і! *(дей бергенде)*

Т ең г е . Сап, сап, сап!

К ө т і б а р *(Шымылдықты керіп шалқалай беріп)*.

О... о ... о айуан, о айуан *(шымылдық артында ылғый қыз бен жігіт тобы Көтібар шымылдыққа тап береді.)*

Т ең г е . Сап, сап, сап!

К ө т і б а р . Қалай? Қалай?
Т е ң г е (*мазақтан*). Солай ... Солай ...
К ө т і б а р . Тәйт былай ...
Т е ң г е . Шыдай тұр ... Шыдай ...
К ө т і б а р (*Сабырсызданып*). Уа, айт сұмырай!
Т е ң г е (*екіленіп басып кеп*).
Уа, Әлібекке Айманды енді ұзатасың!
Сен өкіл атасың! (*Көтібар ырышып түскендей болады.*)
Сұрай келді мінеки
Атаның адал батасын.
Уа, мен өкіл анамын
Құдай деп қана қасымда
Енді тыныш жатасың ...
К ө т і б а р .
Уа, қуарған, қуарған
Неменені шатасың? (*Жарық беріледі.*)
К ө т і б а р .
Тоба-тоба ... Тоба ... (*құлшынып әнмен*)
Тұра-тұр бәлем әлі ме!
Жайыңды мықтап табармын.
Келістіріп тағы да
Тік көтере шабармын.
Әлі талай пәлені
Басыңа түге жабармын ...
Шабармын, сірә, шабармын!

Сол кезде шымылдық ішінен баяулатқан әнменен Айманға қарап Әлібек сөйлейді.

Ә л і б е к .
Ай, күнім Айман жаным денің сау ма?
Шырмалған ақ шабағым қиын ауға.
Артыңнан алас ұрып келдім ұшып,
Болсын деп шыбын жаным саған сауға.
Кеткенде сен олжа боп қырсық жауға,
Шатасқан бос егестен туған дауға.
Қайткенде дәтім шыдап тұрар менің,
Жар басы болып жатса жатқа сауда.

Кешіктім, көп отырдым тас қамауда,
Қапа мен дәурен өтіп күн санауда.
Жеткенім осы-ақ болды кешермісің,
Салсам мен тон тонауды қан талауға.
А й м а н (*Әнмен Теңгеге*).

Көп күндер болғаны рас кеткеніме,
Қыйыны жоқ көзің жетер сөккеніме.
Қырсығып, мал құтыртып, өректітіп,
Оралдым өршеленіп еккеніме.
Бәрі бір болып болмай өкпелі не,
Ризамын бұ да болса жеткеніңе.
Мен емес, борыштарың Теңге, Арыстан,
Шүкір ет, соның жәрдем еткеніне.
К ө т і б а р .

Тоба ... Тоба! Тоба! (*Өз-өзіне*)
Шабармын, келістіре шабармын!
Әлі бәлем тұра тұр,
Сірә де жайың табармын.
Ә л і б е к .

Теңгенің ұмытпаспын жақсылығын,
Ұмытсам ақыл-нәрім тапшылығым.
Қылғаны Арыстанның қарыз емес,
Бажаның бұдан таптым дос қылығын.
(*Жұрт тегіс аңыра қалады.*)

А й м а н . Не дедің, біле алмадым сыр қанығын
Ә л і б е к .

Жүрмейді Арыстанға мырзалығым,
Көтерді жақындықтың бір салығын.
Шолпанмен ата-анасын бірге қосып,
Әкпелдім күйеу қылмақ ризалығын.

(*Жұрт шулап құтты болсын айтады. Жыр, жар-жар қайта өрлейді.*)

Т е ң г е (*Көтібарға жүзгіріп келін*).
Уа, сүйінші, сүйінші...
К ө т і б а р .

Тарт найсап, тарт аулақ,
Шабармын, бәлем, шабармын!

Т е ң ғ е .

Шабарсың, ие, шабарсың,

Ұқтың анау хабарын!

К ө т і б а р (*селт етіп*). Не депті, уа, тағы не сорым?

Т е ң ғ е (*күліп тайтаңдап кеп, саспай*).

Мұнда тұрған күйеу, біреу емес екеу.

Арыстан Шолпанды алатын бопты.

Сүйінші міне, сүйінші.

Саған енді дым жоқ-ты,

Бұйырған жалғыз тоқалың.

Өңге емес міне (*өзін көрсетіп*) мен бопты!

К ө т і б а р (*жұлқынып мылтығын алып*).

Жіберші, уа, жібер былай,

Сорлататын неме екен.

Сірә, мені сол ұдай.

Уа, қайдасың сен, сен шұнақ,

Шұнақ құдай!

Құдай, құдай!

(*Аспанға мылтығын атып жіберіп, құтыртып кеп найзасын бырт еткізіп сындырып, шыға жөнеледі, жұрт қарқ болып күледі.*)

Ж а р а с (*мысқылдап*). Бәрекелде, міне осыны айтсаңызшы! (*Әлібектерді көрсетіп*) Мыналар не, он тыйын күміс кір, бір тыйын күміс шық деп қалт-құлт етіп (*Көтібар кеткен жаққа.*) Бұл кісілер баяғының арты ғой. Қарашы, әне найзасын борт еткізді. Мылтығын аспанға тарс еткізді.

А р ы с т а н . Уа, Айман ше?!

Ж а р а с (*Қолын сілкіп тастап*). Айманның да қызығы бітті енді... (*Өзбек жігітіне*) Кел, одан да сенің биінді билейік (*Соқтырта жөнелді.*) Саған рахат болды-ау, бар туысқаның, нөкерің келді. Енді осы бетпен Хиуаға тартасындар ... (*Барлық керуен сырнай-кернейін соқтырады. Биші жігіт, биші қыз билейді. Бәйіт, ән, жар-жар түгел араласып кетеді.*)

Ш ы м ы л д ы қ .



АЙМАН – ШОЛПАН

Төрт актылы, бес суретті, күйлі пьеса

Екінші нұсқасы



ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР

А й м а н	}	— апалы-сіңлілі қос қыз.
Ш о л п а н		
М а м а н		— екеуінің әкесі.
К ө т і б а р		— Шекті руының жуаны.
Т е ң г е		— тоқалы.
А р ы с т а н		— інісі.
Ә л і б е к		— бай жігіт, Жетіру.
Ж а р а с		— Шөмекей. Көпке бірдей күлдіргі.
Ш а л		— Көтібардың қосалқысы.
Ж а н т ы қ		— Жетіру ақыны.
Б а л п ы қ		— Шекті ақыны.
Өзбек жігіті — керуен басының баласы.		

Өзбек саудагерлер, той қылған ауылдың адамдары. Қыз, келіншек және шабындыға аттанған қол.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Көп ауылдың арасындағы кек алаң. Бұлақ бойы ақ қайың, жас қайың. Алыста жасыл бел, көк төбелер. Биік төскейлерде түтіні будақтаған ауылдар. Және шұбартып шашырай жайылған жылқының суреттері. Бұлақ бойында әр жерде тас, томарлар.

I көрініс

Үкілі домбырасын бұлғай шырқап келе жатқан әнші ақын, жанында сәнді жігіттер тобы. Топ ортасында Әлібек.

Ж а н т ы қ .

Жайлауында Жетіру
Желіге шыққан желдірмем,
Құйрық атып, төс керген
Шандоз аттай ойнайды.
Ақмартудай мырзам бар,
Асқақ қыздың талайын
Тілесе тегін қоймайды.
Қыз көреміз, біз келдік,
Қайда қызы Маманның?
Келмей ерін кезертіп
Кім деп, сірә, ойлайды? ..

Н ө к е р ж і г і т .

Бәсе, біз, неге мұнда сарыламыз?
Не көріп, не күн туып жалынамыз?

Ә л і б е к .

Шақыршы анау Жарас тіл-хат басын ...
Күзеттен қу даланы арыламыз.

Н ө к е р ж і г і т .

Әй, Жарас! Жарас, мұнда мойныңды бұр,
Жөніңді айт, қашанғы біз сабыламыз?..

II көрініс

Ж а р а с .

Қыз қашпас, ойын ойнай келмек еді,
Осы сай сан қызықтың ермегі еді.

Ойында өрелгі жоқ жөн сұрайық,
Жігітің бұл қызға не демек еді?
Әлібек.
Көреміз Маман байдың қызын бүгін!
Жантық (*Жарасқа*).
Ұнаса сен аласың көрімдігін.
Жарас.
Дағдым жоқ алуменен ауызданған,
Қоритын мүлкім емес – егіндігім,
Қай ауыз жетсе соның жемі шығар,
Одан да ниетінді айт тегін бүгін ...
Әлібек.
Айттырам бұл байыңның қызы ұнаса,
Адақтап мен озғанмын елден аса.
Теңімін, терезем сай, тұғыр етем,
Түлкісін тояттаймын белден баса ...
Жарас.
Сол ма еді көңіл шіркін жабысқаны?
Тіленіп құйқалымен табысқалы.
Жалғыз-ақ алдында бір кедергі тұр,
Шектінің көре кепті Арыстаны ...
Әлібек.
Кедергің не, не дейсің?
Жетеді пұлым, мен салам ...
Ол алмайды, мен алам.
Шектіден неге кем қалам?
Жарас.
Өрине, сөзің жөн шығар,
Жеген ауыз жейді де,
Менің тегі жоқ жалам ...
Әлібек.
Ендеше, көрсет, мақұл ма?
Жарас.
Келер ойнап жакында ...

Әлібектер кетеді.

III көрініс

Арыстандар шығады

Арыстан.

Қу дала, қу медиен күзеттердің,
Сабымды қыз келед деп түзеп тұрдым.
Қайда әлгің, енді қашан көрінеді?
Асырып қыз мерейін үдеттірдің.

Жарас.

Білмеймін кім көрерін бұл қызыңды,
Мен өзім дел-салдамын, жүдеп тұрмын.

Балпық.

Білмеймін қалай жаман, жарқын Жарас,
Не дейсің, бұ не деген кебің еді?..

Жарас.

Білмеймін килігіпті бай Әлібек,
Көрем деп сол қызды о да келіп еді...

Арыстан.

Сөйлеме, қашан ондай теңім еді?
Қай жерде тай-таласта жеңіп еді?
Бет берсем, ниет қылсам ойып түсем,
Қайтады ол, мен келген соң шегінеді...

Жарас.

Алмағың қай қыз еді бұл Маманның?

Арыстан.

Аламын ең жақсысын, сөзім сол-ақ,
Таңдамай, талғап алмай, әлде бірін
Алуға келгенім жоқ көп жаманның?..

Жарас.

Қыз мүлкі дейді мыңды айдағанның,
Әлібек бірі бопты таңдағанның,
Қалағанды қолы жетсе сенімі етпек,
Орны жоқ, жамап-жасқап, жайлағанның.

Арыстан.

Ендеше, күшке мен салам,
Ол алмайды, мен алам,
Егесіп көрсін есалаң,
Қалғанын да тигізбей,
Салайын бүлік топалаң ...

IV көрініс

Әлібек тобы шығады.

Әлібек.

Е, батыр мырза, жол болсын!

Арыстан.

Жол қылмақ сенен болсын.

Әлібек (*күліп*).

Мен де өзіңдей жолаушы,

Жол қылар мұнда нем болсын ...

Арыстан.

Тас қия, тар көпірде кездесіппіз,

Бір түйіп, бір тілекті мегзесіппіз;

Текедей тіресудің жөні болмас ...

Әлібек.

Бәрекелде, нетеміз егесіп біз?..

Арыстан.

Үстіме баса кепсің, оның қалай?

Кем бе еді менде сенен бақ пен талай?

Әлібек.

Қайтесің күшінді айтып, билік айтсын,

Одан да мына тұрған көп жағалай.

Балпық.

Ендеше, Жарас айтсын, ара ағайын.

Әлібек.

Мақұл-ақ, мен де өзгені қаламаймын ...

Жарас.

Жоқ, жаным, жай-жапсарың маған мәлім,

Өтпес жарлық билікке жарамайым ...

Дауыстар.

Жоқ, Жарас, сен айтқаның мақұл,

Жарас, Ақтарып, айырып бер аламайын...

Жарас.

Ендеше, қыз да адамның баласы ғой,

Өзі айтсын екеуінен қалағанын...

Арыстан (*өзіне*).

Қыз айтса, бай деп оған жамбастайды,

(*Көпке*)

Қызды өрлетіп бағыма бәйге етпеймін.
Әлібек (өзіне).

Батыр деп бұған қарай қиғаштайды,
(Көпке)

Тең етіп қызды биге баламайым!

Арыстан.

Түсетін шабындықтан о бір байтал,
Нарқынан неге асырып бағалайын?

Әлібек.

Қыздың байы жылқы еді ежелгіден,
Би етіп табынуды қаламайым!

Арыстан.

Ендеше, арамызды жол шешеді,
Қандай жан жолдан шығып егеседі.
Алдымен бұрын келген жол менікі,
Жөн білген бұны теріс демес еді...

Әлібек.

Жетіру менің елім, жол менікі,
Қисыны болар жөн жоқ, ол сенікі.
Қызыңды, қырқыныңды Шекті ішінде
Қашан да дегенім бар мен менікі.

Арыстан.

Қияс дау, қисыны жоқ егескен дау,
Ең жақсыны мен алам болсаң да жау ...

Әлібек.

Ең жақсысын мен алам, жол бермеймін,
Сірә, тұрса кеудемде бұл басым сау ...

V көрініс

Айман, Шолпан топтары шулап, күліп ойнай-билей келеді.

Айман.

Жарасқан топ, көп жігіт, сіздер кімсіз?
Білмедік, айып бізден, жөн сұрайық.

Шолпан.

Болмаса жөнді несін қазысамыз,
Ойынға араласып бас құрайық ...

Жарас.

Үйткенмен жөнін білген мақұл болар,

Көре сауда қылатын ырымы ғой,
Ұнаса ниеттер бар жақын болар.

Х о р .

Ендеше, жайды баян етші, Жарас,
Тең сөйле, бөріне де бірдей қарас.
Қыз көру болған менен ел жорасы
Екі топ бірдей кепті, бар ма талас?..

Ж а р а с .

Екі топ бәсе бірдей келіп отыр,
Таласын көзің міне көріп отыр.
Мына топ Әлібектей байдың тобы,
Бай алмай, кім алад деп сеніп отыр!

Ш о л п а н .

М а м а н ның малға толған кең даласы,
Боламыз өзіміз де бай баласы.

А р ы с т а н .

Қарағым, құлдық ұрдым бұл сөзіңе,
Ендеше, мойныңды бұр, бер қарашы.

Қыздар Арыстанға қарайды.

Ж а р а с .

Арыстан мына тұрған Шекті батыр,
Інісі Көгібардың текті батыр.
Аузыммен құс тістеймін, асқақ ермін,
Құтылып көрсін қызың, деп тұр батыр...

Ш о л п а н .

Әй, тәйірі-ай, өтпеп пе еді батыр күні,
Бір оқпен өшпеп пе еді шоқпар үні?

А й м а н .

Бір кезде дабырайса даңқы шығып,
Бұл күнде жабы болған көптің бірі...

Ә л і б е к .

Ендеше, қайтпаған шақ, өрлеген бақ,
Бүгінгі үлкен дүбір, бай дүбірі...
Айман, Шолпан
Ерлердің сол-ақ па екен айтар сөзі,
Ұшырап қалыппыз біз келіп кезі,
Жігітті қыз көретін біз көрейік,
Бар сөздің ең абзалы көзбе-көзі...

Б ұ л а р ғ а х о р қ о с ы л а д ы .

Жігітті қыз көретін біз көрейік,
Көп сөздің қала тұрсын өзгелері...
Қыз көретін жігітті біз көрейік,
Бар ма екен бойларында өзге өнері.

Б а л п ы қ (*шырқап*).

Ендеше, жас дәупері Арыстаным,
Жебедей жерге тыққан алысқанын.
Қайраты, сымбатымен, тегі де бай,
Үлкен сый біле білсең танысқаның!..

А й м а н .

Таңдаудың жетіп болмас ақырына,
Қайтеді мен қызықсам батырына?

Ж а н т ы қ .

Болыпты кімнен төмен Әлібегім,
Әрі бай, әрі бағлан, әрі бегім.
Қиядан жемін танып, қырдан ұшты,
Ойлама әлдекім деп әлім-берім ...

Ш о л п а н .

Теңгемен дүниенің құны-пұлын
Өлшеп өскен алсам ба байдың ұлын?

Б а л п ы қ .

Майданда батыр жеңген қағысқанын,
Егессе алмай қоймас жабысқанын,
Одан да тілегіне тілегің қос,
Жемейсің, сірә, опық табысқаның.

Ш о л п а н .

Батырын олай болса алсам ба екен,
Сол байдан қол үзіп-ақ қалсам ба екен?

Ж а н т ы қ .

Ен, дүние, қыруар мүлкі бәрі тегін,
Жетіру әлпештеген Әлібегін.
Өз ұяң, өз өрісің, жатың емес,
Ел күткен құтты бегім Әлібегім.

А й м а н .

Батырдан әлде көңіл бұрайын ба?
Бай деп-ақ неде болса тұрайын ба?
(*Көпке*)

Кәнеки, қайсымыз кімге жақты,

(Әлібекке)

Сізден де енді жөнді сұрайын да,

(Арыстанға)

Сіз-дағы тіл қатыңыз, батыр мырза,

Көзіңіз кімнің түсті шырайына?

Арыстан (өзіне).

Әттең, дүние жалған-ай,

Екеуін бірдей алар ма ем,

Қалмас еді арман-ай?

Әлібек.

Не керек, лайық емес жасырғаным,

Бір емес, екеу болды бас ұрғаным.

Жақсысың екеуің де, нені айтайын,

Жоқ боп тұр кеміткенім, асырғаным ...

Шолпан (күліп).

Күреп алып үйренген машығы ғой,

Бұл жігіт шынын айтты енді қайтсын?

Айман.

Олқы түспес оныңнан қолшыл жігіт,

Тыңдайық, батыр мырза жөнін айтсын!

Жарас.

Ер көңіл дегенінен жаңылмаған,

Ол-дағы екеу демей енді қайтсын!

Арыстан.

Бәрекелде, не дейін солай демей,

Көп асауға үйренген біздің көмей.

Екеуіне қызықтым бірден құлай,

Мін таптым деп айтамын неменедей?

Айман (күліп).

Қарық қылған бұндай дәурен көрген бар ма?

Бір күйеу екі қызға келген бар ма?

Таңдамай тізіп қана алып кетпек,

Бұндайға көңіл-бейіл берген бар ма?

Жігіттер, ел ақтаған ер екесіз,

Сонда да сөз айтасыз берекесіз.

Таңдау жол сіздерде емес, енді бізде,

Дей қалсақ сонда қалай дер екесіз?

Арыстан.

Қап-қап, қылды-ау мына қу,

Жер қылды-ау, ойбай, Жетіру!

Әлібек.

Көрдім-ау, пай-пай, Шектіден,

Құлқынын қыз кептірген.

Айман, Шолпан *(оларға хор қосылады)*.

Ауырмай өледі екен аңдамаған,

Деме-ақ біз қояйық, өлде маған,

Тойында Шөмекейдің шын сөзіміз,

Айтылсын бүгін мұнда қамдамаған ...

Қыз көретін жігітті

Көре қыздар шығыпты.

Көрісімен түңіліп

Қайта беттен ығыпты.

Жауабына орай жоқ,

Көңіл жүдеп бұғыпты.

Мақтай алмай кетті қыз

Қыз көретін жігітті... жігітті.

Күлкі, билеп, ойнап кетіп қалысады.

Жарас *(дал боп қалған Арыстанға)*.

Ал, мырза, қай шыңына баттың ойдың?

Мынаны айт, қай қызына көңіл қойдың?..

Арыстан *(атып тұрып)*.

Әуелі анауыңа айтқыз жөнін,

Боламын сезіп едім осы тойдың...

Әлібек.

Әуелі таңдағанын анау айтсын,

Өрескел мінезіңнен мен де тойдым...

Жарас.

Жігіттер, қыз жетпей ме, бұларың не?

Кірбеңі кетпей тұр ма бөтен ойдың.

Қыз қырғын деген осы-ау, екпіндерің

Басында тәуір еді, не қып жойдың?..

Арыстан *(Әлібекке)*.

Жөніңді айт, олай болса кімді аласың?

Әлібек.

Сен айтшы, ниет еттің қай баласын!

Арыстан.

Жоқ, сен айт, аңысыңды байқап көрем ...

Әлібек.

Жоқ, сен айт, бұның тағы қай таласың?!

Арыстан .

Сен айтпасаң, айтпаймын, олда оңбайын,
Тас болып осы сөзде мен қаламын.

Әлібек (*өзгеріп*).

Солай ма, онда рақмет, жол беріпсің,
Айман ед тілегенім, соны аламын.

Арыстан дал болып қалады.

Арыстан .

Жолың не, жол бергем жоқ, өз талабың

Жарас .

Жарайды, жолды Әлібек алмақ бопты,
Асыл қызы сол еді жарған топты.
Үлкені, кемелі де дәл өзі еді,
Қаратқан бір өзіне дүйім көпті...

Арыстан .

Төйт, арман кет, жолым бермен,
Жорға тілге сірә да ермен,
Жамаушысың, керегің жоқ,
Айманымды берерім жоқ.

Әлібек .

Жоқ, Айманды мен де бермен,
Тартынбаспын келген керден.

Арыстан .

Алмай қойман Айманды мен,
Асырмайсың айланды сен.

Жарас .

Ал енді Шолпан қыз да осал емес,
Мал, дүние билігі онда босаң емес.
Ұлсыз бай соны алғанға мүлкін беред,
Етіңдер бұл жайын да қоса кеңес...

Әлібек .

Ал ендеше, Арыстан,
Келіпсің сен алыстан.
Айманды сен ала-ақ қой,
Ерегісіп қарыспан.
Қалғанына қанағат,
Шолпан-ақ болсын қайтейін,
Тілегенім, табысқан ...

Арыстан.

Жоқ, ендеше, таласым,
Басында мен де адастым,
Іздегенім бай қайын,
Шолпан екен лайығым.
Сөзіне көндім Жарастың.

Әлібек.

Жоқ, бұныға көнбеймін.

Арыстан.

Мен де саған бермеймін.

Әлібек.

Айман десең Айманды,
Шолпан десең Шолпанды,
Егеске енді сермеймін.

Арыстан.

Бәсе десең Айманды,
Шолпан десең Шолпанды
Не қылсам да мен сенен
Жеңіп алып дендеймін ...

Әлібек.

Алмағың қыз емес қой, егес екен,
Көлденең бізді жынды демесе екен.

(Жарасқа)

Жарас-ау, қайсы Айман,
Қайсысы Шолпан,
Әуелі соны білген емес екем ...

Жарас (жаңылтпаштап).

Жаным-ау, онысы да бар ма тағы?
Шолпанның оң жағында Айман болар,
Айманның оң жағында Шолпан-дағы.
Әкенің бала болар шам-шырағы,
Көлденең жігіт көзі шын қырағы,
Саудасы күсет боп тұр, танылмай-ақ
Маманның аспанға ұшты қос пырағы.
Айманның оң жағында Шолпан болар,
Шолпанның оң жағында Айман-дағы ...

Әлібек.

Не дейді, нені айтады қай-қайдағы!

Арыстан .

Пай-пай, дүние жалған-ай,
Екеуін бірден құшар ма ем,
Қалмас еді арман-ай!

Жаршы .

Уа, жарандар, құлақ сал,
Шөмекейдің тойы бар!
Қызықта кімнің ойы бар,
Мынау белдің астында
Ұзын өлке бойы бар,
Сол өлкені жағалай
Тігулі тұрған үйі бар.
Үй басына сойылған
Қонаққа деген қойы бар,
Жақсының онда сойы бар,
Арнаулы жақсы тобына
Ту бие де сойылар.
Қызық та қырғын думан бар,
Қызықты қандай қуған бар,
Той десең қу бас домалар,
Қыз-бозбала қужандар,
Іркіліп шетте қалмаңдар,
Бәрің де солай дулаңдар ...

Дауыстар .

Той ... той ... Той ...
Шап, ендеше, солай шап,
Қызық думан сонда тап, сонда тап ...

Тойға бара жатқан қалың, шұбар топтың ойын-биі. Жөнеліседі.

Шымылдық

ЕКІНШІ АКТ

Екінші сурет

Сахнада орда сияқты етіп тіккен оюлы үй

I көрініс

Той иесі бір топ Шөмекей шығады. Арттарында Жарас.

- I Ш ө м е к е й
Бәтір-ау, бұл пәлені қайттік енді?
- II Ш ө м е к е й
Сабыр жоқ, тағат та жоқ азды-кемді.
- III Ш ө м е к е й
Екеуі екі жақтан қысып жатыр,
Таласқан құзғындай боп, көрген жемді.
- I Ш ө м е к е й
Жалғыз үй қайсысына жетер мұның,
Жоқтағандай егеседі ердің құнын.
- III Ш ө м е к е й
Бір Маман, бір Көтібар, қос қызыл көз
Бірі бұлдар шокпарын, бірі пұлын.
- II Ш ө м е к е й
Жалғыз жақсы үй егеске себеп болад,
Тікпейік деп айтпап па ем, бұл құрғырын.
- I Ш ө м е к е й, II Ш ө м е к е й (*қоса*).
Ойбай-ау, есебін айт, қисынын тап,
Қисынын тап, ойбай-ау, есебін айт.
Пәледен құтылсаңшы күні бұрын ...

Нөкерімен Көтібар шығып қалады.

II көрініс

- К ө т і б а р
Көп қарға шуылдаған, Шөмекейім!
Мына үйдің мен ұнаттым әшекейін.
Түсем деп хабарымды салмап па едім,
Жауап жоқ, кімге бұрды көмекейің?

I Ш ө м е к е й

Жарас-ау, ақыл табар жерің бар ма?

II Ш ө м е к е й

Бір жауап бұл пәлеге дерің бар ма?

III Ш ө м е к е й

Қысылған көп Шөмекей сенің елің,

Құтқарар басымызды емің бар ма?

Ж а р а с (*Көтібарға*).

Көтеке, егескенді жеңгені сен,

Қашқанның, қуғанның да сенгені сен,

Басқа ұрсаң Шөмекейің өлді деп біл,

Көтеке, ұрсаң құлақ қақпай көргені сен.

Арналған үй иесі өзің едің,

Таңдатса Шөмекейдің бермегі сен.

Жалғыз-ақ Маман деген зәбі шықты,

Бермеске ерегесіп көрмегі сен.

К ө т і б а р .

Тәйт, жоғал, Маманыңды жолымнан ал,

Жылжымай, жалтақтамай сертінде қал.

Бәйгеге ат жөнелтіп қайтып келем,

Мыжымай қамдана бер, көрпеңді сал...

Кетеді. Маман шығады. Қасында тобы.

III көрініс

М а м а н (*аиулы*).

Құртармын қызыл бұзау көзімменен,

Талайды молда қылам тезімменен.

Түсем деп, осы үйіне кісі салдым,

Жауап жоқ, қалай қалад сөзім неден?

I Ш ө м е к е й

Айтам ғой, осы пәле болар деп ем.

II Ш ө м е к е й

Екі оттың ортасында қалды денем.

III Ш ө м е к е й

Жарас-ау, не де болса айласын тап,

Пәледен машайық та қашты деген...

Ж а р а с (*Маманға*).

Байеке-ау, немене бар сенен аяр,

Арналып мына үй түр ед саған даяр,

Жалғыз-ақ мен түсем деп Көтібар тұр,
Бермесең пәлесі бар кепке жаяр.

(Шөмекейлер қосылады.)

Мың пәле бір пәледен туғызып ап,
Аяғы көз жетпейді неге саяр.
Ойнатып әңгір таяқ ол үйренген,
Шадам деп найза, шоқпар, тағы таяр...

М а м а н

Бермеймін, өзім түсем, неге ығамын?
Ұстасса, қарсысына тең шығамын.
Ондайлық өзімнен де жын табылад,
Келемін, құп алудың істе қамын. *(Кетеді.)*

IV көрініс

I Ш ө м е к е й

Енді қайттік, ойбай-ай!

III Ш ө м е к е й

Қорлығында қойғаны-ай.

Ж а р а с

Екі дәу қағысарлық етінде екен,
Не қылса күш сынаспақ ниетінде екен.
Шақыр да саудагерді, соны отырғыз,
Шөмекей сонша жалтақ жетім бе екен?

II Ш ө м е к е й

Дүп-дұрыс, шақырайық саудагерді!

Саудагерлер шығып қалады. Үйге қарай беттейді.

III Ш ө м е к е й

Мінекей, бәрекелді, өзі келді...

Мамандар қыздарымен арттан шығады, олар да сол үйге кіреді.

V көрініс

I Ш ө м е к е й

Бәрібір енді бізден ерік кетті.

Ж а р а с

Сөзді қой, бар нөкері еріп кепті.

II Ш ө м е к е й

Пәле келсе қайтеміз, өле көрдік,
Жетіру енді бізге серік бопты...

Бір топ қатын киіз сәукеле киген бір құданы алып шығады.

VI көрініс

Ш о л п а н *(сақылдап күліп).*

Жарас-ау, мына сәнді көрмейсің бе?

Сыбаға сәукелеге бермейсің бе?

Құдалар биі. Екі құда билейді. Күлкі би. Ескі ырым-жырымның сырын ашатын, соны мысқыл ететін би.

Ж а р а с *(келіншектер жырға қосылады. Ойнақыланып шырқап құдаға қарап).* Уау, мынау салың не дейді вара-вара! Вара-рара-ра! Вара-рарара!

Құдаға кел, жамағат, көз салайық,
Жарасқан сән-тұрманын біз санайық.
Маржаны – құмалақтан, құрым – желек,
Қамшыны жібек бауға шамалайық. *(Күлкі.)*
Аты-жөнін бұл құданың сұрамайық,
Сый екен, әлдекімге баламайық.
Бұлтиған әне бірдей сақалына
Деп қана тоқтатайық “болды ылайық”.

Бетіне құрт жағылған құда шығады.

Уа, жазған, жаңа келді сауырлы бай,
Құртты бай, құйрықты бай, бауырлы ба-ай...
Шыныңды айт, қатындардың тізесі өтіп,
Қыр арқаң келемежден жауырды ма-ай...
Енесін сол арқаның ұрасың ба,
Тойғысыз ит жаласа бет-аузың май...

Әлібек тобы шығады. Араларында Жантық ақын.
Сәлем беріп Мамандарға иіліседі.

VII көрініс

Ж а н т ы қ

Желсөздің енді келсін бас иесі,
Сөзімнің қайда қалмас несиесі.
Өзі алған ойды-қырды байым Маман,
Шалқып тұр шартарапқа несібесі.
Алдыңа мырзам келді Әлібектей,
Қан базар мол сауданың жас иесі.
Бақты алған батырдан да, бағланнан да,
Мол бақтың жастай алған мас иесі...

Ж а р а с

Жарықтығым, мас болсаң да шарқынды біл,
Не дейсің батыр келіп, “бар биліктің
Мен болам, байың емес, десе иесі”.

Ә л і б е к *(қыздар қасына келіп отырып).*

Батыр, би деп бір қоймайды,
Сірә, бізге қалған бар ма?

А й м а н

Неге олайша дедіңіз,
Әлде сізде арман бар ма?

Ә л і б е к

Бәсекеде арман көп,
Арылатын дәрмен бар ма?

Ш о л п а н

Апырым-ау, солай ма?
Бір мінезін қыр депті,
Бір жүрісін жыр депті,
Сіз келмепсіз осында,
Тіпті, әлденендей сыр кепті-ау!

Ә л і б е к

Батыр деп, сірә, жол бермен,
Қаза беріп қайтейін,
Айта берсек сөз көп-ті.

Ж а р а с

Солай ма еді, қап, болмас,
Бәсекесіз бай болмас,
Малдың күші оңай ма,
Мақтандырмай ол қоймас.
Көтібар да күшті ғой,
Егеске о да тоймас,
Шектінің аты Шекті де,
Ұранын сірә жоймас.

Ә л і б е к

Шекті болса қайтейін,
Жетіру қашан бос қалды?

М а м а н

Көрсетсінші Көтібар
Сән-салтанат қызығын.
Болмаса Шекті бос мақтап,
Жүргендағы бұзығын.

Әлем байлап ағашқа
Әулие деп табынған,
Шектідей емес қызығым...

Дауыс

Уа, бір сәнді топ келед.

II дауыс

Уау, Арыстан екен ғой,
Өзі батыр інісі,
Батыр да ғой бұнысы.

Әлібек (*Шолпанға қарап*).

Көрмегі тағы Айман да.

Шолпан

Көрсен біз де көрейік.
Көруден көз тойған ба?
(*Жарасқа көзін қысып.*)
Айман деп ап бұ жігіт,
Шолпанға ден қойған да... (*Күледі.*)

Тобымен Арыстан шығады.

VIII көрініс

I Шөмекей

Уа, кел, қарағым Арыстан.

Арыстан

Аманбысың, қария?
Құтты болсын тойыңа
Айта келдім алыстан.

I Шөмекей

Бәрекелде, ырзамын.
Құрметіңнен қалыспан.

Арыстан

Дос елім ең, Шөмекей,
Ертеде атам табысқан.

I Шөмекей

Досыңды дос деп бек тұтып,
Жауыңды да шабысқан.

Айман (*Арыстанға*).

Ал, мырза, орын міне, қош келіпсің?

Шолпан

Жалғыз-ақ (*өзінің кеудесін түтіп, күліп.*)
Айман десең бос келіпсің.

А й м а н

Апаңнан әлдеқандай қаупің бар ма,
Ұмытпай ол жағын да ескеріпсің.

А р ы с т а н

Рас сөз, іздегенім сұлу Айман,
Көрем деп талпынып ем мен талайдан.
Қиғаш сөз шығып қалды лебізіңнен
Кедергі шығып па еді әлдеқайдан?
Сен едің даңқың асқан кішкентайдан,
Дәмелі мен емес пе ем құлаш жайған,
Тарқаған жәрмеңкеңнің базары ма?
(Шолпанға.)

Айманжан, өзің толға болған жайдан.

А й м а н

Тартыс жоқ бұл арада керіс майдан.

Ш о л п а н

Жастық бар, шалқып ойнап, салған сайран,
Әртүрлі әр жотадан сөз тастайсыз,
Наз жайын түсіне алмай тұрмыз қайран...
Айтпайық біз де сөзді салып епке,
Орын жоқ айтысарлық налық өкпе,
Мезгіл жай сізге де бір, көпке де бір,
Сол көптің бірі болар Әлібек те...

Ә л і б е к *(қалжыңшыл, асқақ).*

Ендеше, мен де айтайын мезгіл жайын,
Бұл дәурен шалқып жатқан айдындайын.
Жалғыз қу сол айдынның ақ еркесі,
Балатқан бір өзіне күн мен айын.
Шұбыртқан бұл өлкенің бағлан байын
Сөзімде қате болса көпке дайын,
Толқынып пісетұғын кезі жетіп,
Іздепті-ау сонда жалғыз теңді-сайын.
(Күліп, желігіп.)

Несіне бұдан әрі пернелейін,
Бәрібір дәурен өтер деп демейін.
Шұғыла боп, сол қуға біз құштырыппыз,
Батыр ем, бағлан ем деп, мен не дейін?

Ш о л п а н *(күліп).*

Жаным-ау, іздегенім әуре ме еді,
Арманым адам емей сәуле ме еді?

А й м а н (*күліп*).
 Бұл жігіт шапшаң сауда жылпос екен!
 Әлде сор, әлде бағы әуреледі.
 А р ы с т а н (*Шолтанға*).
 Қарағым, саған шақтым мен мұңымды,
 Сызы өткен мынау неткен дәурен еді?
 Ш о л п а н (*қыздар хорымен*).
 Кезеген аяқ болсаң да,
 Ілінер жөргем мен емен.
 А р ы с т а н
 Биіміз болсаң не етеді
 Әділдікпен теңеген.
 Ш о л п а н
 Машайығың мен емес
 Сүрінгенді демеген.
 А й м а н (*күліп*).
 Жарар ма екен соншалық,
 Сый құрбыны шенеген!
 Ш о л п а н
 Бола алмадым аруақ
 Жалынғанды жебеген...
 А р ы с т а н
 Ойпыр-ай, неткен асау ең,
 Тістегіш те тебеген... (*Өзіне.*)
 Айман десе Айман-ау,
 Жаксы еді мынау не деген?
 Өттең дүние біреуін
 Алар күнім болар ма,
 Бере гөр, тәңірім, береген!
 Ө л і б е к (*Жантыққа*).
 Жаным-ау, неге отырсың тізгін тежеп,
 Айтсайшы тілегімді естісін де.
 Ж а н т ы қ
 Уа, Жетіру, Шөмекей мен Шектісі де,
 Бай, батыр, мырза, сері, тектісі де.
 Ұсынса қолы жетпей қалып жатыр
 Айманжан шыдай алмай тепкісіне.
 А р ы с т а н (*Балтыққа*).
 Айтсаңшы Арыстанды теңеме деп
 Өншейін келді-кетті көп кісіге...

Ж а н т ы қ

Бөтенге Әлібектен бұйырмаймын,
Теңі жоқ бұдан өзге шет кісінде.
Талай жан жалын жұтып тас шайнаған
Жүлде алған Әлібекке кекті ішінде.
Құдалық сұрай келіп сауға берген
Өңім бе, бұл көргенім деп түсім бе?
Бәйге алған, ту құлатқан желді аяғым
Қара көк қирата озған бестісінде.

Б а л п ы қ

Кез болдым сен екесің, ақын Жантық,
Сыйынды құшақтай бер қысып қамтып.
Бөз беріп, сөзін сатып алып жатыр
Жантықта не қып қалсын енді тамтық?!
Мақтаншақ саудагерлер қайтушы еді,
Сөйлеме бойға өлшемей сөзін тантық.
Әкеңдей Арыстаным міне келді,
Жетіру, көп көпірме енді тантип...

Ә л і б е к *(Жантыққа).*

Солай да, жуан сөзге бұл басыпты,
Ендеше, сал шеңгелді батырына,
Алынбай қарын шашы тегі асыпты.

А р ы с т а н

Өй, мырза, айтыста жоқ мұндай ырым,
Не дейсің, қайдан таптың бұл кәсіпті?..

Ә л і б е к

Деген боп “батыр”, “батыр” хан көтеріп
Қажытты құлағымды, сол сасытты.

А р ы с т а н *(атып тұрып).*

Қарай гөр бөз құтыртқан көк жасықты,
Еліріп тентек судай бұл тасыпты.
Бар, Жарас, хабарын айт батырға онда –
Қашанда егескеннен ол қашыпты.

Жарас кетеді.

Ж а н т ы қ

Шектіге бір кесел бар ерте қонған,
Ол кесел бірде толып, бірде солған.
(Әлібек хоры қосылады.)
Еліріп құр шоқпармен шонтай қағып
Арам тер әлін білмей әлек болған.

Сол іспен адамың жоқ сірә де оңған,
Көргені кезуіл ме құрдым жолдан.
Тыныштық та, байлық та мол Жетіруда
Қай Шекті қазына көрді уыс толған!
Батыр деп айдар тағып елірткенің
Жем іздеп, күндіз-түні маңын шолған.
Б а л п ы қ (*Арыстан хорымен іле жөнеледі*).
Жетіру, сөз шығардың бойыңа ерсі,
Құтыртқан мына бөздің буын көрші.
Түлен түртіп бара ма қайда кеттің?
Кәніки білгеніңді тағы терші:
Болмаса шыдамасаң жайыңа ерші,
Базарға қойынды айдап, байыңа ерші.
Сонда да қатулансам шұбыртармын,
Ер болсаң осы сертке қолың берші.

Жарас келеді.

IX көрініс

Ж а р а с

Уа, Маман бай, сіздерге
Көтібар батыр жіберді,
Мен сонымен кеп тұрмын:
“Уа, Жетіру емен Шектімін,
Осал емен, тектімін.
Маманменен кептімін,
Жөнге келсе ептімін.
Жөніне жөн деп көшпесе
Ойыса алман, кектімін.
Тойға келсем қойыпты
Шөмекейдің шеткі үйін,
Лайығым менің ол емес,
Түсуіме аламын,
Өзгені емес ордасын
Маман байдың деп тұрмын...” дейді.

М а м а н

Уа, не деп тұрсың, жексұрын?

Ж а р а с

Мен қалыспын, тек тұрмын,
Көріп келдім, айтайын.
Ұнатпадым бет түрін...

М а м а н

Тимей-ақ қойсын септігің,
Өзім-ақ басам әптігін.

А р ы с т а н

Шығар бар ма жамау боп,
Сөзін айтар ептінің?
Қойса қайтед тиюін
Қытығына Шектінің!

Ә л і б е к

Тау жығатын селдей боп,
Қарашы бұның екпінін.

Ж а р а с

Пай-пай-пай, екі нар
Қағысқан соң не амал бар?
Арада қайтып өлмесін
Енді сорлы шыбындар.
Тағы да айтпай болмайды-ау,
Ызғары жатыр сөзінің,
“Құтыртқаны буы ғой,
Деп айтады бөзінің”.
Жасырмай-ақ қояйын,
Сыртына теуіп алыпты
Түк біткенін өзінің.
Мойнына мініп апты дейд.
Шөмекей мен Жетіру
Құлақ қақпас өзінің.

М а м а н

Олай десе қазір міне айта бар,
Ойда ұлық, қырда қыруар малым бар.
Ерегіссе шығып көрсін қарсыма,
Қырсық кессе де қу кедейлік әлім бар.
Уау, Орынпар, Қатірімпар, Шытырымпар.
Жағалай сонау шәрлер бар,
Лықылдаған ұлық бар,
Өрекупің қоймаса
Татуандаған шолаққа
Кісенді қара құлып бар!

Жарас жөнеле береді де, Шөмекейлер мен көпке оралып

Ж а р а с

Ал іздегенің сен болсаң
Сұрағаның жетсін тез (*Ойнақыланып*).
Олай болса мінеки
Ұр, тоқпағым, тоқ-тоқ!
Олар болса шоқ-шоқ,
Бір бай мен бір батыр,
Бір ісек, бір қошқар,
Бір теке, бір серке.
Жекпе-жек, жекпе-жек!
Тұрт, сайтан, тұрт.
Үрит соқ-соқ...
Үрит соқ-соқ!

Кетеді.

М а м а н

Көтеріңдер желікті,
Көрсетіңдер ойынды.
Қандай пәле болса да,
Көтеріп алдым мінеки,
Баста қызу тойынды.

Өзбек жігіті билеп шығады, айнала тұрған көп көкпар, қара жорға биін үлкен қызулы той түріне айналдыра билейді. Өзбек жігіті қалың топтан серкені әкетіп жүрген жалғыз озғын жүйріктің қаракетін көрсетеді. Ақырында бұл жалғыз билеп жүреді: жеңудің, асқындаудың мақтан биі сияқты. Осы бидің аяғында Көтібар шыға келеді.

Х көрініс

К ө т і б а р

Тәйт, найсап, жоғал әрі, сен көзімнен!

Би тоқтап қалады.

Әкелген үлгің со ғой сұм бөзіңмен (*Жантыққа*).
Кәнеки судан шыққан Судыр-Ахмет,
Тұсайтын келші мені ку сөзіңмен.

М а м а н (*Жантыққа*).

Айта ғой олай болса тілегенін.

Ж а р а с (*Шөмекейлерге*).

Көресің енді шатақ үдегенін!

Әлібек

Терезем тең, тең жауап айта аламын,
Қамшыны көтермеймін білгенін.

Жантық (*құлшынын*).

Ендеше, біз егесіп көрген едік,
Шектіге орай жауап берген едік,
Мақтаны қара шоқпар ұр да жық деп,
Батырын сіздей-сіздей терген едік.
Соңына саудалы бай ерген едік,
Жетіру, біз өңге елден сергек едік.
Туласын шамданбаса тентектері,
“Ө” десе “мә” деп сыйын бермек едік.

Көтібар

Кет әрі, енді менен қамшы жерсің,
Үргізген анау байың тыйым берсін.
(*Маманга.*)
Бетімнен алдырушы сен ғой, Маман,
Тұра тұр бұл бәйгеден атым келсін.
Келгенін күрең аттың жұртым көрсін.
Көрерсің не көрсең де қылығыңнан,
Кінәлі бөтен емес, өзім дерсің.

Жарас

Батыр-ау, бұл арада бір түйін бар
Арыстан ниетіне жол қиындар.
Маманның қызын көрмек керіспенен
Таласа келіп отыр бұл жиындар.

Көтібар

Не дейсің, Арыстанмен кім таласты,
Сөзімен Жетірудың кім санасты? (*Арыстанга.*)
Алмағың қайсысы еді бұнысының,
Сен бе едің сөзі қалар аяқ асты?

Жарас

Ниеті Арыстанның Айман еді,
Алсам деп оған құлаш жайған еді.
Әлібек жолды алам деп қарсы шығып,
Сөз арты ерегіске сайған еді.

Көтібар (*Айманга*).

Жарқыным, таңдау сенің қолыңда екен,
Тілектің бәрі сенің жолыңда екен,

Қайсысын қабылдап ең мыналардың,
Оңың мен екі жігіт солыңда екен.

А й м а н

Ойлап ем бұндай сөзден сізді алыс деп,
Ұят-ау жауаптассaq бiз шалыс кеп,
Қызыққан, таңдаған да жігітім жоқ,
Не деймін көрмей жатып көз таныс боп?

К ө т і б а р (*қыздарға*).

Ендеше, жымнан шыққан жолбарыс бар,
Шыңдаса бойда күшін сол қарыштар.
Шулаған шиe бөрі үнін басып,
Ақырып “мен бармын” деп ол дабыстар.

А й м а н (*күліп*).

Мекені жолбарыстың сар қамыстар,
Ішінде талай жәндік бар қамыстар.
Жолбарыс жымында ойнап көкше қоян,
Күштіні күлкі етер бар сол қамыстан.

К ө т і б а р

Уай, құбылған сайқал дүние-ай,
Көркейіп тұрған күйін-ай,
Уылжыған тәтті жас
Әкeтeр мe ем, үйіме-ай...
(*Арыстанға.*)

Жарықтығым, жаратқанға жазғанбысың,
Өзіңе-өзің пәле қазғанбысың,
Біреуін мыналардың таңдап алмай
Бойкүйез мең-зең болған азбанбысың?

Ә л і б е к

Ол ерік Арыстанда емес шығар,
Таласта ініңізге мен де сыңар.

К ө т і б а р

Ендеше, өлсең-дағы сол Айманды ал,
Тартыстан Шекті ме еді бұғып ығар.

М а м а н (*ашуланып*).

Кім салды балаларымды бұл саудаға,
Жайым жоқ қорлығыңа енді шыдар.

К ө т і б а р

Тілесем алғызамын таңдағанын,
Күшімді ойың бар ма сенің сыңар?

А й м а н , Ш о л п а н *(орындарынан тұрып, Маманға).*

Алдияр, қадірлі ата, еркін білсін,
Егескен ершігешке балаң күлсін.
Садаға ажарыңнан кетірейік,
Өртеніп өкінгеннен шашын жұлсын.

М а м а н *(қосылады).*

Қарашы құтыруын қу шоқпардың,
Кеселің асқақ неме өзінді ұрсын.

К ө т і б а р

Солай ма, олай болса сертімді есті:
Жетіру, құл етермін құлақ кесті.
Қатын жоқ бұл қыздардан Әлібекке,
Қолыма ап, мал бермеспін жалғыз бесті.

М а м а н

Оңбайын, шолақ кедей, сені үдетсем,
Шектіге бала беріп мен жүдетсем.

К ө т і б а р

Ендеше, мен шабамын, шаптым, ойбай,
Аяман қоңыз теріп босып кетсең.
Қатын қып, қос қызыңды қолмен алып,
Құтыңды қопарайын астан-кестен.

Маманды ұрмаққа ұмтылады. Жұрт екеуін де жібермейді. Жанжал, шу.

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Түн. Сахна қотанның ортасы сияқты. Сахнаның айналасында жағалай тұрған ақ үйлердің сырттары. Ортада ең үлкен Маман үйі. Екі жақ жанында отаулар. Екі отау да оюлы, кестелі. Бұлардың екі жақтарында жай орташа бозғыл үй.

I көрініс

Ауыл азан-қазан. Шабуылдың қалың шуы. “Аттан, аттан, ойбай, аттан! Ойбай, аттан! Қапта, қапта! Қапта!” дескен ұрандар. Сахнада әрлі-берлі қарбаласып, есі шығып босып жүрген қыз-қатын, кәрі-жас. Дудыраған шаштар, үстінде жөнді лыпа жоқ, жалаңаштар да бар.

Ш а б у ы л ш ы л а р д а у ы с т а р ы *(жақындап келеді).*

Ал қапта, қапта, қапта!

Тапта Маман аулын.

Тапта, қапта, қайта тапта.

(Ауыл кісілерінің дауыстары.)

Қайт-қайт-қайт!

Найза, сойылмен қағысып жүргендер.

Уай, шіркін-ай,

Уай, кәпір-ай,

Тәйт жоғал, тәйт! *(Төбелес үстінде.)*

Бас көзінді, бас!

Түс, түс, түс!

Уай, шіркін-ай!

Қайт, шапшаң қайт,

Жат, жөніңмен жат.

Келгендер жеңіп, сүріп, айдап, қырғын қып бара жатқан сияқты. Осы шабуыл суреті бимен беріледі. Шоқпар, сойыл, айбалталы би. Қағысқан, сабасқан, айла асырысқан. Атүсті қырғын жойқын соғыстың суреті. Ақырында Көтібар қолы жеңіп, жапырып, үдеп бара жатқан хал білінді.

II көрініс

Айман, Шолпан, Жарас пен өзбек жігіті шығады. Өзбек жігіті мен Жараста көйлек жоқ. Жалаңаш етке шапан, шекпен киіскен, жалаңаяқ.

А й м а н

Жарас-ау, бұл сұмдыққа бар ма шара?

Ш о л п а н (*жсерді тепкілен*).

Жұтпайды неге мені дәл осы ара!

А й м а н

Байдан да, бағланнан да қылығы асқан

Шын құзғын мынау ма еді жеке-дара?..

Ж а р а с

Айтпап па ем Көтібардан сақтансын деп!

Не дейміз енді бүгін шапқасын кеп.

А й м а н

Құрып қалғыр, одан-дағы жол тапсаңшы,

Келдім бе оны маған мақтасын деп!

Ш о л п а н

Бүлдірді, тойың құрғыр, қу Шөмекей,

Тыныштықта бай ауылы жатпасын деп.

Ж а р а с

Қайтесің құтыртқан соң тәңірім солай,

Жалғанды жалпағынан таптасын деп.

А й м а н

Айтсаңшы құтқарарлық ақылыңды

Ө з б е к ж і г і т і

Құдай-ау, бізге медет беремісің,

Көрсенші биғам болған қапылымды.

А й м а н

Тентек пен тексердім бе мақұлыңды.

Ж а р а с (*Айманға*).

Ендеше, Жарас деп біл жақыныңды,

Мен білген аямайын ақылымды.

Бұдан соң не көрсем де бір көрейін,

Қайтейін күн туған соң сапырынды!

Айман мен Шолпанды шеткі үйлерге қарай жөнелтіп жіберді.

III көрініс

Ө з б е к ж і г і т і

Я ханнан, мен қайтейін, Жарас аға,

Маған да ақылыңнан қарас, аға.

Ж а р а с

Ал енді бер қарай жүр, сорлы бала,

Екеуміз келіншек боп киінейік,
Демейік келісе ме, жараса ма?

Жетектеп алып жөнеледі.

IV көрініс

Маман ауылын қорғаған соңғы топ, селдір топ жөңкіліп қашып шығады.

І қ а т ы н (*қашып, ұрысқан боп*).

Ойбай-ау, мынау әлгі батыры ғой!

І қ а т ы н

Бетіне жан шыдатпас кәпірі ғой.

І ж і г і т

Қаш, ойбай, жаның барда, жөніңді тап.

І қ а т ы н

Батыры, беті жаман кәпірі ғой.

Көтібар шығады. Соңғы бір жігітті найзалап қуып келеді.

К ө т і б а р

Қоңыраулы найза қолға алып,

Қоңыр салқын төске алып,

Алысқаннан есті алып,

Ерте алыссам, кешке алып!

Жығып салып, кеудесіне найза түйреп, аяғымен басып тұрып.

Жықпай қойман жығанды,

Олда құдай өлдім деп

Оқи бер қу дұғанды... (*қолдарына*).

Әкпел енді қалғанды,

Жалпағынан жалпита

Басып өткем жалғанды.

Маманды байлап әкеледі.

Бір сен емес талайдың

Басына әлек салғам-ды.

Егесетін немеге

Танытайын тәңірсін

Батыра ұрып балғамды.

М а м а н

Қу Көтібар асарсың,

Асарсың да тасарсың.

Осыған орай жалғыз-ақ,
Көрерсің сен қорлықты,
Басыңа ұлық салған-ды.

К ө т і б а р (*Маманға тап беріп, сақалынан алып тұрып,
пышағын жарқ еткізіп*).

Ендеше, шағымыңа қоса тіркет,
Жағадан, кеңірдектен алып тұрып,
Сақалды қырқа кесіп мен алған-ды.

Арсаландап Арыстан шығады да, арашашы боп,
Көтібардың қолына жабысады.

А р ы с т а н

Қой-қой, батыр, ойбай-ау, бұны қойшы,
Сорлыны қор етерсің шын арман-ды.

М а м а н

Шындасаң сақалды алма, қу басымды ал,
Өлімге онсыз-дағы тақалған-ды.

Көтібар басын шайқап қоя береді. Маманды алып кетіседі.

К ө т і б а р (*Арыстанға*).

Ендеше, сақалды олжа, қызы қайда?

Жігіттер іздей жөнеледі

Болмады, қызы бардан тапты пайда...

А р ы с т а н

Батыр-ау, ат көтіне саламыз ба,
Тимей-ақ қойсақ қайтед осындайда!?

К ө т і б а р

Қор неме, өзің-ақ бол жорға майда,
Сол демей неге келдің осы жайға?
Іздегем күн-түн қатып әсем қызды,
Қыз қайда деймін, ойбай, қос қыз қайда?

Айман мен Шолпанды ұстап әкеліседі.

V көрініс

К ө т і б а р (*Арыстанға*).

Бәрекелде, келіпті қос қыз саған,
Не дейсің, өкпең бар ма енді маған?

Арыстан

Ендеше, Шолпан қызды әпкетелік,
Айманы қала-ақ қойсын біз алмаған.

Көтібар

Ойбай-ау, жаман шартық, не деп тұрсын,
Қалдырсам Әлібекке құдай ұрсын.
Бесеуін алмас па едім сендей болсам,
Қос қатын ала алмасаң не қып жүрсің?
Бай табам, алып кетем, о да жүрсін.

Арыстан

Әкетіп қайсынымыз оны аламыз?
Құр зорлық сияр ма екен қарадүрсін?

Көтібар

Құрып па исі Шекті бай табылмай,
Болмаса жатпас па едім бос сабылмай,
(Қол жігіттеріне.)
Егестім екісі емес, қырық қызын да
Жиыңдар, неге қоям олжа қылмай?
Қор неме, қорлығыңды өткіздің-ау,
Тимесе-ау саған қатын ел шыбалмай!

Жігіттер бірнеше қыздарды әкеп тізе береді. Әйелдер жылауда.

Айман

Көтеке, рұқсат қыл, ес жияйын,
Жыламан, көзімнен де жас тияйын.
Қайран ел, сайрандатқан, қайран әкем,
Не қылып есім барда мен қияйын.
Жалғыз-ақ бір сәлемім қалсын кейін,
Жауымнан айырған жан алсын дейін,
Әлібек жаны болса іле қусын,
Тоқталмай атқа тоқым салсын дейім.

Шолпан

Жалмауыз жау көзінше бас имеймін
Қу нокта шабындымен мен кимеймін.

Арыстан (Шолпанға жақындап).

Шолпанжан, көп тартынбай, түбі қайыр,
Батырдың ашуына мен күймеймін.

Шолпан (кекетін).

Әрине, бар жазғаның ел шапқаның,
Жалғыз-ақ өлсем-дағы мен тимеймін.

Ауыл тонаған бір топ жігіт келеді. Бастығы шал.

Ш а л (*Көтібарға*).

Маманның дақ түссін деп досына да,
Керуеннің қол қойғыздым қосына да!

Малына киінген екі әйел қашып шығады. Бастарында шапандары. Ол
Жарас пен өзбек жігіті.

VI көрініс

Ж а р а с

Қайтеміз ауыл толған сыпыра жау,
Бір үйдің тап болмадық басына да.

Жасанған жігіттерден жағалай жасқанып жүріп,
Көтібарға соқтығысып қалады.

К ө т і б а р (*бұл екеуін ұстай ап*).

Қозғалма, үн шығарма, бас көзінді,
Кімдердің қатыны едің, айт сөзіңді...

Ө з б е к ж і г і т і

Ма-ма-а-а-н ха-хатыным...

К ө т і б а р (*екіншісіне тап беріп*).

Не дейді, маңырайды мынау мылқау,
Қайтеді алып кетсем тап өзіңді?

Ж а р а с

Ма-ма-а-ан ха-хатыным...

Ш а л

Шыкпаса шыккыр көзім танып тұрмын,
Толайым саудагердің қатыны осы.

К ө т і б а р

Ендеше, бірге жүрсін, сал түйеге.
Айманға тіркеу болсын қатын досы.

(*Қолға айқайлап*).

Қайтадан тарт ал енді,

Келістіре жер қылдым

Егесетін бәлемді...

(*Найзасын білеп*)

Осылай болар қайратым,

Тітіреткен әлемді.

Қ ы з , қ а т ы н (*кетіп бара жатып, қоштаса жылап үн салады. Сыңсу үні*).

Алдың-ау, тәңір, ерікті,

Құзғынға жем қып беріпті,

Көреміз бе біз елді.

А й м а н

Сўм дэурен, қайда кеттің сайраңдаған,
Қызықты күнім қайда жайраңдаған.
Жағаға толқын ұрып, демім құрып,
Ақ шабақ болғаным ба қайраңдаған.
Іште дерт мыс қазандай жай қайнаған.
Жолы боп, жаудың жүзі жайнаңдаған.
Толас жоқ әлі есітем әкем даусын
Артымда күңіреніп Аймандаған

Ш о л п а н *(қосылады).*

Баласы ек Маман байдың мыңды айдаған.
Қызыл көл дүниені ен жайлаған.
Сұр жорға, қара жорға теңселдіріп
Тұрманға меруерт, маржан, зер байлаған.
(Хор қосылады.)

Қан базар, шашылдың ба гүл жайнаған,
Өсіп ек қакқы көрмей шаужайлаған
Шабынды олжасы боп құлын-тайдан
Тұғыр боп кетеміз бе жау жайлаған!

Ж а р а с *(жеке сыңсып бара жатып, халыққа).*

Е-ей, жалған-ай, жалған-ай,
Заманымның алуаны-ай,
Қорлықта жұртым қалғаны-ай,
Қыз-қатынға мықты екен
Көтібардың балуаны-ай...
Көтібардың балуаны-ай...
балуаны-ай...

Кетіседі.

Ш ы м ы л д ы қ

Төртінші сурет

Жартас. Тоғай. Тұн. Тігулі шатырлар. Тас бастарында қарауыл. Қол ұйқыда. Көтібардың Айман, Шолпанды алып келе жатқан сапары.

I көрініс

Айман, Шолпан, Жарас, өзбек жігіті және шабыншыға түскен бір топ әйел отырады.

А й м а н

Қиын жол, ауыр күндер болды нәсіп,
Дүлей жау құтырып түр мерейі асып.
Жалынған, жылаған да пайда бермес,
Ақылмен іс қылайық кетпей жасып.

Ш о л п а н

Көз салып біздің күйге бойлаймысың?
Әлі де тірімін деп ойлаймысың?
Ерке қыз, сүт үстінде қаймақ болған
Үйдегі желігіңді қоймаймысың?

А й м а н

Қызықпен отырған жоқ көңілім тасып,
Қайғыны қуам деймін өзім басып...

Ж а р а с

Айналдым ақылыңнан, Айманжаным,
Ендеше, айла-шарғы болсын кәсіп.

Ө з б е к ж і г і т і

Бәрекелде, бұларын, жүдә, жақсы,
Мен-дағы отыр едім құтым қашып.

Шал шығады.

II көрініс

Ж а р а с *(Айман мен Шолпанға).*

Осы шал бізді торып көп жүреді,
Сұраңдар нені сезіп, не біледі?

А й м а н *(шалға).*

Қария, айтар сөзің бар ма бізге,
Қамалтқан мынау қандай сұм күн еді.

Ш а л

Жіберді жайын біл деп ер Көтекең,
Халі бар сен жыласаң коса жүдер,
Сен күлсең мәз боп бірге ол күледі.

Ш о л п а н

Ендеше, жоғал аулақ маңайымнан,
Дейсің бе қуанышпен бір түледі.

Шал кетеді. Өзбек жігіті ысқырып шер шертеді.

А й м а н

Не айтады екен бұл байғұс,
Үні қалай шерлі еді?

Ш о л п а н

Қу Көтібар зарлатқан
Бұ да біздей сорлы еді.

А й м а н

Басқа бір дерті бар шығар,
Болмаса, бұл сапарға
Күйіндім, біттім дер ме еді!

Ш о л п а н

Сапар ғана дейсің-ау,
Көрем деген кер ме еді?
Әттең, ұл боп тумадым,
Кеудемді құса кернеді,
Өлер-ақ ем бүйткенше,
Тілекті құдай бермеді.

А й м а н

Қойшы сонша тарылмай,
Егіз де туған бауырым,
Күйігің мені тербеді!

Ж а р а с

Қиналдым-ау мен-дағы,
Мұңдарыңды есітіп
Шын маңдайым терледі.
(Өзбек жігітіне.)
Уай, жігітім, бері кел.
Бастайықшы бір ойын
Демеуші ме еді көші-қон
Оразаның ермегі

Ө з б е к ж і г і т і (Айманға).

Уай, уай, апажан,
Нендей хайла болады
Шығаралық бұл қападан?

А й м а н (орнынан тұрып).

Тұтқын боппыз біз мұнда
Қол-аяғын матаған.
Сонда да мойынсынбаймын,
Кел, сауыққа басыңдар,
Кейіс кетсін садағам.

Ж а р а с

Бәрекелде, Айманым,
Жақсы болды мінеки

Ойынға бәрін сайғаның,
Мен де бірге қостайын,
Қозады бүгін қайдағым.

Қоса желігеді. Өзбек жігіті бастаған өзге топ билеп жөнеледі. Алып күш. аюдай қолбаң қаққан қара күш, кәрі күш пен майысқан епті жастық күшінің алысуын көрсететін би. Қиялай майыса қашқан жастық кәріге ұстатпай бұлтақтап күлкі етеді. Тұсаулы, шырмаулы тұтқын жастың азаттықты көксеген серпін жалынын көрсететін би. Осы бидің орта кезінде қасындағы екі-үш жігіт жолдасы мен бір жас сұлу жігіт шыға қалып, қарап тұрады. Ол ерекше киініп келген Теңге.

III көрініс

Теңге (би біте бергенде).

Кетті деп сеніп жүрсем жауды шаба,
Шырмалып қалыпты ғой қызды таба,
Жасанған жау дегені жайнаған қыз,
Қызғанбай қайтіп тұрам құдай тоба?..

Жарас (Айманға Теңгені көрсетіп).

Дәл осы, сезіп тұрмын, тегін емес,
Тамаша сауық-сайран, құршы кеңес,
Шапқа түрт, сырды бермей тулатып көр,
Тұтқын емен, тоқалмын дей бер, егес...

Айман (ойнақыланып, хормен).

Сергелдең бар, құрбылар, сейіл де бар,
Батырда бізге деген бейіл де бар.
Қызықтың бәрі тамам болды деме,
Бұрынғы көрген дәурен кейін де бар.

Теңге

Немене, келемісің қызық іздей?
Сөйлейсің жаңа түскен жеңгеміздей!

Айман

Несі бар, батыр басын кемітем бе,
Тоқал боп тигендер де болар біздей!

Теңге

Қарашы, бұл өнерді кім көріпті,
Қу шалға мұнда көрдім шын жерікті.
Теңгедей үйінде бар аю тоқал,
Берер деп ойлаймысың ол ерікті?

А й м а н

Еркімен көнді дейсің қай көрікті,
Таңдауды біздің қолға кім беріпті?
Байлауы батырда ғой, мен не дейін,
Бұл күнде тоқалынан ол жеріпті.

Т е н г е

Сөзіңнің жаңа ұғындым дәл іргесін,
Ердің ғой осы жайды сен білгесін.
Оны да айт, қайтер едің қарсы шықса,
Сенімен тайталасып жау күндесің?

А й м а н

Олай болса қайтемін,
Сыбағасын беремін.
Қалдырмай жіп сіргесін,
Батырға бұйрық етермін.
Нақсүйер қып өзімді,
Теңгені күнге тіркесін.
Суыммен кіріп, күліммен
Шыға жүріп, сор қайнап,
Ағызар бастан сіркесін.

Т е н г е

Солай, сөйтіп құртам де
Жауласқанның жүйкесін...

Жөнеледі.

Ж а р а с (*Айманға*).

Жылы ізін суытпай осы шудың
Жіберме, етегінен ұста қуды!

Айман мен барлық жұрт Теңгенің артынан салады. Жарас жалғыз.

Сүйер де, қызғанар да дәнемем жоқ,
Тым құрыса тоқал болмай неге тудым?

Кетеді.

IV көрініс

Көтібар, Арыстан, шал және екі-үш нөкер жігіт шығады.

К ө т і б а р

Дәурен-ай, дәурен-ай,
Басыма түскен әурені-ай!

Кезек иіскеп жатар ма ем,
Екі бірдей сәулені-ай...
Болмады, пай-пай, болмады.
Қызды құшпай, па дүние,
Көңілдің дерті солмады.
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қырымнан қыран болжады...
Келтірші шапшаң қыздарды,
Үлеске салам олжаны!..

Әйелдерді алып шығады. Төрт әйел. Бәрі де бастарында жібек шапан жамылған. Ақырын басып, сыпайы жүріп кеп, батырдан төмен тізіле отырысады.

V көрініс

К ө т і б а р *(әйелдер келе жатқанда)*.

Дәурен-ай, дәурен-ай,
Келе жатқан сәулені-ай!..

А р ы с т а н *(өздігінен)*.

Өттең дүние, жалған-ай,
Екеуін бірдей алар ма ем,
Болмас еді арман-ай.

К ө т і б а р *(қасына жақын отырған әйелге)*.

Түнеріпті түсіміз,
Түн ұйқысын бөлгендей,
Беуһ қабағымыз қатыпты,
Күдері бел, күпшек сан,
Үдете жортып желгендей,
Уа беуһ, көңілге күйік батыпты...

Қасындағы қыздың бетін ашпақ боп.

Уа, ақша бет Айман,
Уа, дүние жалған...
Ақ жүзінді көрсетші!
Мен де сен деп бет алғам!

Көтібар болмастан отырып, қасындағы әйелдің бетін аша береді.

Ақша маңдай қасын-ай,
Түймедей болған басын-ай,
Қырлы мұрын көрінді,

Әдемі нәркес көзін-ай (*мұрты ашылады*).
Мұрты бар ғой, сұмдық-ай! (*Өзбек жігіті*).
А р ы с т а н (*Көтібарға қосыла*).
Мұрты бар ғой, сұмдық-ай!
Ш а л (*қосыла*).
Мұрты бар ғой, сұмдық-ай!
К ө т і б а р (*ақырып*).
Кеселді, сен кім едің, ой, қуарған?

Шапанын жұлып алып, көйлегін басына түріп жатып, шалбарын көріп.
Неге сен қатын емей еркек бодың?..

Ұрып айдап жібереді, бірінші әйелге.

Жарықтығым, Айманжаным, қайтшы райдан,
Жаратқан айналайын бір құдайдан!
(*Бетін ашап қосылады*).
Тап қылған сені маған тәңірім шығар,
Сескенбе кездесті деп әлдеқайдан?
(*Бетін ашады, ол – Жарас*).
Сақалы, сақалын-ай, мынау сұмның!
А р ы с т а н , ш а л (*тағы да қоса үңіліп*).
Сақалы, сақалын-ай, мынау сұмның!
К ө т і б а р
Мазағы болыппыз-ау мына жынның!
(*Бас салып ұрмақ болып*).
Жарайын осы арада ит жемі қып.
Кім сұрап алар екен құнын бұның...
Ж а р а с
Көтеке-ау, менде тіпті жазық бар ма?
Қатын деп алғыздың ғой барғандарға?

Жөнеле береді.

К ө т і б а р
Қыз емес, қыз дегенім бәрі де азбан!
Үшінші әйелдің желегін тарта жұлып алады. Ол – Айман.
Қу құдай, жерім бар ма саған жазған?
А й м а н
Батыр-ау, менің қанша жазығым бар?
Алдың ба иба қылып келуімнен
Басқаша не қылып ем жолдан азған?

Тұрып жөнеліп кетеді.

К ө т і б а р

Қап, болмас, орайы бар ашуының,
Себепкер өзім болдым қашуының!

Жарас пен Теңге шығып тұрады. Теңге батыр киімінде.

Міне біреу кім екен,...
Қайдан жүрген ұл екен?

Ж а р а с

Көк атты көлденең ұл менмін дейді,
Олжалы әрі батыр көрдім дейді.
Бұл батыр сұрап отыр сыбағаны,
Сауғаға қыз алғалы келдім дейді.

К ө т і б а р *(атып тұрып)*.

Мен бе екем, өзім алмай қыз беретін,
Не дейді, қай күшіне сендім дейді?

Т е н г е

Дегені рас Жарастың,
Жолым үшін таластым.
Берсін батыр қыздарды,
Адаспасын бұл жерде
Бұрынғының жолынан.
Бермес болса жолымен
Тартып та алам қолынан.
(Кетіп қалады).

К ө т і б а р

Ха-ха-а-ха-ха!
Көрсеңші бұл неменің әуселесін,
Жол деген сылтау қыпты бірнемесін.
Маманның матап алдым қызын өзім,
Саған жоқ алты аласым, бес бересім.

Кетеді.

VI көрініс

Жарас Айман, Шолпан, өзбек жігітін шақырып алады.

Ж а р а с

Көрдің бе шауқар шалдың қу ниетін?
Алдында азап от бар шын күйетін.

А й м а н

Ендеше, ақылын айт, қайтпек керек,
Не дейміз болар болса шын тиетін?

Ж а р а с

Қуғыннан болмай жатыр әлі дерек,
Ойлашы, бала едің ғой ойың зерек.
Шолпанда Арыстанның дәмесі бар,
Айламен соны өзің қып алмақ керек!

А й м а н

Бұнысы тапқан ақыл Шолпан көнсе,
Болмаса қайғы отына мен күйем де.

Ш о л п а н

Не болды өзің теліп, жарқыным-ау,
Жауымнан қорыққанымнан мен тием бе?

А й м а н

Тимейсің, тіл емізіп күнелтесің,
Ойлашы қайда отырсың осы күнде,
Үйдегі еркелікке көп сүйенбе!..

Арыстан шығады.

VII көрініс

А р ы с т а н

Шұғыласы қандай күшті еді,
Түн ұйқыны бермеді!

Ш о л п а н *(мұңайған боп, өтірік байқамағансып).*

Жетер деп ем Әлібек,
О да қуып келмеді.

А р ы с т а н

Көзіне бір ілмейсің,
Мен де Арыстан батырмын.
Бір ерден басым кем бе еді?

Ш о л п а н

Не қылайын құр күшті,
Сіз сілтеген бір таяқ,
Еркіңіз батыр қолында,
Оңға да солға сермеді.

А р ы с т а н

Намысым қайда, жаным-ау!
Шабындыдан түскен қыз
Қалай-қалай жерледі?

Ж а р а с (*Шолпанға*).
Сейіл-сейіл болғанда,
Сергелдең де сейілді.
Арыстан құрбың келіпті.
Достыққа беріп бейілді.

Ш о л п а н
Қайтейін құр бейілді
Қандырмаған мейірді.

А р ы с т а н
Қайтсем жібір тас көңіл
Үнемі маған зейілді.

А й м а н
Құбылған жас көңіл ғой
Ілгерілі-кейінді.
Түбінде Шолпан түсінер,
Бауырым-ды зейінді.

Ж а р а с (*барлығына*).
Ал енді бәрінен де батыр қиын,
Тас түйін бірігейік осы жиын.
Егессе тас-талқан қып шырқ бұзад,
Ебіңе бірігіп ап, енді сыйын.

Барлығы мақұлдағандай болады. Көтібар шығып келе жатады.

VIII көрініс

К ө т і б а р
Уай, дәурен-ай, дәурен-ай,
Басыма түскен әурені-ай.
Кезек иіскеп жатар ма ем,
Екі бірдей сәулені-ай!
(*Мыналардың тобын көріп.*)
Пай-пай, мынау не, түге,
Ойыны әлі қанбаған,
Не қылған ішің толғыр ед?

Әйелдер кетіп қалады. Арыстанға.

Жат жөніңе, Арыстан,
Жау-жөнекей немене
Қыз-қырқынмен табысқан?

Арыстан

Жау болғанда қайтейін,
Мен де бірге шабыскам.

Көтібар

Алатының қайсысы,
Жөніңді айтшы, жарықтығым,
Көп керісіп салыспан.

Арыстан

Тандауын әлі шешкем жоқ,
Несіне енді асығам,
Жау қалды ғой алысқан.

Көтібар

Болмасаң әлі таңдап, жол менікі!
(Арыстан сөйлейін дегенде.)
Кесігім естіртетін, дау емес бұл.
Тимейін қалғанына, сол сенікі!

Арыстан кетеді. Көтібар Жарасты шақырады.

Уай, шірік, бері кел де маған қарас!

Жарас келеді.

IX көрініс

Көтібар

Білдің бе, қысылдым-ау, беу-беу, Жарас,
Мінеки екі бірдей күн-түн өтті,
Ішті шер кернеп барад, қайттім, Жарас?

Жарас

Не дейді, бұзылған ғой асқазаны.

Көтібар

Сандалма, кісіні де қоя алам жеп!

Жарас

Ендеше немене алды бұл мазаны?..

Көтібар

Қуарғыр құса болдым сұлу қыз деп...

Жарас

Ойбай, сорлы басым-ай, мынау ма еді?
Бұл енді шыны қиын, қиын еді?

Көтібар

Адыра қал, сөзімнен садаға кет!

Жарас

Тіпті қиын бұл енді, қиын еді!..

К ө т і б а р

Уай, қысқарт, тас төбеңнен құдай ұрғыр!

Ж а р а с

Не жаздым, ойбай, батыр, не дедің құр?..

К ө т і б а р

Қисынын айт дедім бе, қисынын тап,

Тілқат боп тілегімді айт, бар енді тұр...

Жарас кетеді.

X көрініс

Шал шығады

К ө т і б а р

Ал, шалым, сен безей бер тіл-жағынды,

Жауап айт, қызға салам сен жағымды.

Ш а л

Қайтесің, батыр-еке, мені қинап,

Аяшы тым болмаса мына ағымды!

(Сақалын ұстайды).

К ө т і б а р

Тартынсаң жаны тәтті неме екенсің,

Ұйпап күзеп алайын сор бағынды.

Жарас пен бір әйел шатырға келеді. Жарас Көтібарға жақындайды.

XI көрініс

Ж а р а с

Көтеке, маған жауап бермеді ғой,

Батырдың өзін алып кел деді ғой...

К ө т і б а р *(тұра келін).*

Бәлки жаксы лепес, жарым ырыс,

Ендеше, қызды қолға бергені ғой.

Жарас екеуі шатырға келеді.

XII көрініс

К ө т і б а р

Уау, ақша бет, жан Айман,

Айдалайын бір сені.

Жаратқан сонау құдайдан
Қолқаң үлкен тегінде!

Теңге шығып қарап тұрады.

Қайтар болсаң райдан.

Ж а р а с *(Айман атынан сөйлен).*

Бұл кісі жауап күтіп отыр сізден,
Не тілек тілейді екен дейді бізден?
Ала ма, жоқ болмаса жай жастық па,
Жауабын білсем дейді жүзбе-жүзден!..

К ө т і б а р

Ат мініп неге асындым жарағымды,
Бастаған таудай тілек талабымды,
Болғанда жақсы лепес ай сұлудан,
Тұрам ба жатқа беріп карағымды.

Т е н г е *(теңсініп кеп).*

Сап, батыр, қыздан бұрын мені жайла,
Елмісің, жауымбысың сөзді байла.
Олжаға бұл қыздарды мен аламын,
Көнбесең, көріп қалам күшің сайла.

К ө т і б а р

Қарай гөр жер астынан жік шыққанын,
Естіп пе ең Көтібардың, сірә, ыққанын?
Тұр былай, олжа десең жаның олжа,
Сендейдің мыңын мегдеп шыныққанмын.

Т е н г е

Шекіспей бекіспейді жол деседі,
Ендеше, сөз шешпейді, күш шешеді.

К ө т і б а р

Мұрдар-ау, қайдан шыққан сұм немесің,
Кім деп тұр, осы кіммен егеседі!

Ж а р а с

Күшіне, жолына да сенген ер ғой,
Болмаса, сірә, бұлай демес еді.

К ө т і б а р

Бұл ер боп, жер боп қалар мен бе сонда?
(Теңгеге.)
Қайтпек ең тие қалса қыздар қолға?

Теңге

Алам ба, қайтарам ба, ерік өзімде,
Ар жағын өзім шешем алаң болма.

Көтібар

Жә, жетті, тентіремей жайыңа кет.

Теңге

Ендеше, мені жеңсең қызды аласың,
Алыспен ашылады ендігі бет.

Көтібар

Не дейсің, қашқан қатын мен болам ба?

Теңге *(сапысын жарқ еткізіп).*

Олай болса алыстым, кел жекпе-жек.

Көтібар *(сапысын суырып ап).*

Кәнеки келген керді мен көрейін,
Шыға ғой, сыбағанды шын берейін.

Теңге *(атқын алдына кеп, бетіндегі салпыншағын аша беріп).*

Не дедің, мен бе тоқал алғызатын,
Асырып көрші кәне қыз мерейін.

Көтібар

Теңге ме ең, ойбай, қу Теңге!

Жарас

Теңге ме еді, жаным-ау! *(Күліп.)*

Айман

Бәрекелде сапарың
Құтты болсын, жас жеңге! *(Күлкі.)*

Теңге бұркырап, Көтібарға қаптайды.

Көтібар *(тұра беріп, сасқалақтап қайта жығылып, бақыра ашуланып, қамшымен екі жақты бірдей сабайды).*

Бұзамын, ойбай, қамалын,
Әлекті мүлде саламын,
Құтылып көрсін қыз менен.
Тұра беріп, қайтадан артымен жер түйіп отыра беріп.
Аламын, ойбай, аламын!..

Қамшысымен жер сабайды.

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРТІНШІ АКТ

Бесінші сурет

I көрініс

Аймандар тұратын отаудың бір шеті көрінеді. Сахнаның екінші жағы көк төбе. Көтібар қолына үкілі домбыра алып, қасына шалын ертіп, әндетіп келе жатады. Екі шал ойнақ салғандай шалжаңдап дуэтше жырлайды.

К ө т і б а р

Маманның қолымда отыр балдырғаны,
Тал бойын талайлардың талдырғаны.
Отыз күн енді бүгін өтіп барад,
Қамырығын қам көңілдің қалдырғалы.

Ш а л *(қостап іле жөнеліп)*.

Қырқылжың бұған дейін алдырмады,
Құйрығын қызыл тағы шалдырмады.
Зар күйі әнді соғып кәрі қыран
Тепсініп тегеуріні салдырлады.

К ө т і б а р

Уа, сорлы үнім енді ғана саңғырлады.

Ш а л

Қыранның аш дабылы даңғырлады.

К ө т і б а р

Тоятқа айдай Айман ілемін деп,
Көңілде арман, сірә, қалдырмады.

Ш а л

Жаман жаяу жаяулаған жалбырлады.

К ө т і б а р

Тоқал да ту шолағын шандырлады.

Ш а л

Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп,

К ө т і б а р

Еңбегін кәрің келед жандырғалы.

Төбе басына жақындап калысқан шал бұрынырақ шыға беріп,
ар жағынан жауды көріп.

Ш а л *(күн салып қарап тұрып)*.

Тұра қалшы, батыр-ай,
Қаптаған неткен мынау қол.

К ө т і б а р

Не дейсің, ой, бұның кім?

Ш а л

Алып тұр-ау үрейді.

К ө т і б а р

Шақыршы, білсін, біреуді.

Ш а л

Ойбай, батыр, қамың қыл,

Қуғын келген сүренді!

К ө т і б а р (*қалбақтап*).

Тартшы, ендеше, тезірек

Белдеуде тұрған күренді.

Екеуі де жөнеліседі.

II көрініс

Айман, Шолпан, Теңге, Жарас шығады.

А й м а н

Жеткен екен Әлібек,

Берерсің тәңір тілеуді.

Арыстан шығады. Артында қолы әзір, қарулы топ ере шығады.

Арыстан қару асынған.

III көрініс

А р ы с т а н

Көрдің бе, мына жауды келе жатқан,

Жоқ екен шоқпарымның дәмін татқан.

Кигізген қызыл тақия ершігешке

Ұстандар Әлібекті, аттан, аттан!

Қолымен жөнелмек болғанда Айман тоқтатады.

А й м а н

Тоқташы, осылай ма ед, батыр, сертің?

Тұтқында жетпеп пе еді менің дертім.

Қағыспай, ұрыспай-ақ бітім тапшы,
Бүлдіру, түзеу-дағы сенің еркің...

Ш о л п а н

Қалайша мен есіңе алынбаймын?
Көп сөйлеп, арам тер боп сабылмаймын,
Соғыссаң, сен деп қалар мұнда қыз жоқ,
Құтыр да, бақсы боп кет жалынбаймын...

А р ы с т а н

Ойпыр-ау, мынау қандай тұсау еді!
Қалайша ат ойнатып жау келеді!

Т е ң г е

Жаным-ау, бәрің бірдей бақсы ма едің?!
Ағаңның жындылығы тапшы ме еді?
Ел шауып, бір қора қып қызын алдың,
Көргені Жетірудың жақсы ма еді?

Ж а р а с

Не десін, бәрекелде, сөз-ақ тағы,
Бәрінен, тентек Теңге, өзін зорсың.
Мынауың қалай дұрыс жақсы үн еді?..

Т е ң г е

Ендеше, батыр атын мен тыққыздым!
(Мылтықты жерден алып көрсетіп.)
Әдейі мылтығын да ап шыққыздым.
(Өзбек жігітіне ұсынып.)
Тығындар, ал тығайық бұл немесін,
Дей берсін кері бақсы “шырық бұздың”!
Ө з б е к ж і г і т і *(мылтықты алмай қашып).*
Ойбай, мен бұл пәлені қолға алмаймын.
Тағы да жаңа сорға жол салмаймын.

Т е ң г е *(Жарасқа).*

Ендеше, сен тыға ғой бір араға.

Ж а р а с

Қой, жаным, мен онсыз да сормандаймын...

А й м а н

Ендеше, бері әпкелші, қайтушы еді?
(Мылтықты алып, далаға шөп арасына тастап.)
Тығайын, жаласына мен қалмаймын...

А р ы с т а н *(Шолпанға жанасқысы келеді, анау сызданып,
сырт қараңқырап тұрады).*

Жауды мен етсем деп ем жентек-жентек,
Қолымды ұстап қалдың, Шолпан тентек.
Соғыспай бітім табам, уәдені бер,
Тием де бұрынғыша қақпай селтек!

Шолпан сырт айнала береді. Үн жоқ. Арыстан қаруына шап етіп жабысып,
қайта бұрыла береді. Сонда Айман араға түседі.

А й м а н

Күдікті көңілдегі таста, Арыстан,
Біз бе едік сенің жауың қасарысқан?
Алып кеп Әлібекті жауабын ал,
Өзің бол ендігі істі басқарысқан!

Осы кезде дөң басына қуғыншылар шығып бері келе жатады. Арыстан мен
соның қолы ғана қалады да, өзгелер үйге қарай кетеді. Келе жатқан елдің ал-
дында Әлібек.

IV көрініс

Екі қол біріне-бірі қарсы келеді.

А р ы с т а н (*Әлібекке*).

Бейне бір тасқынындай аққан селдің,
Мұнша елді жиып алып неге келдің?

Ә л і б е к

Келемін жесір іздеп, қорқайын ба?
Мен-дағы баласымын іргелі елдің.

А р ы с т а н

Қай қызда ниетің бар сенің алмақ?

Ә л і б е к

Қайсысын қалдырып ең, жөнді айтсаңшы,
Таңдауды болмақ па едің маған салмақ?

А р ы с т а н (*кекетін*).

Дәніккен дегенім ғой мыңнан талғап.

Ә л і б е к

Серт тұрмас қылыш үстінде қысталаңда,
Кең болсаң орнатар ма ең құба қалмақ

Айман, Шолпан, Теңгелер шығады.

Арыстан (бұларды елемей).
Ер болсаң онда күшің көрсетерсің,
Бопсың ғой қия сөзбен мені шалмақ.

V көрініс

Әлібек (Шолпанға қарап).
Ай-күнім, Айманжаным, денің сау ма?
Шырмалған ақ шабақ ең қиын ауға.
Артыңнан аласұрып келдім жетіп,
Болсын деп, бұл шыбын жан саған сауға.
Кешіктім, көп отырдың тас қамауда,
Қапамен дәурен өтіп күн санауда,
Жеткенім осы-ақ болды, кешермісің,
Салсам мен тон тонауды қан талауға?..

Шолпан, Айман
Көп күндер болғаны рас кеткеніме,
Қиын жол көзің жетер шеккеніме,
Қырсығып, мал құтыртып өршеленіп,
Оралдым өңкей жынның еккеніне!
Бәрі бір болып болмай өкпелі не?
Ырзамын іздеушінің жеткеніне.
Мұндағы борыштарым Теңге, Арыстан,
Шүкірлік солар жәрдем еткеніне.

Теңге (Әлібек пен Арыстанға).
Ал енді келісіндер, есебін тап,
Болмаса батыр жатыр әлегін сап.
Бейбіт ел арандасып қырылады,
Кеткен соң, ол құтырып қару жұмсап.
Айман (Әлібек пен Арыстанның қаруын өз қолымен алып).
Ендеше, сен екеуің табысты деп,
Қояйық қолдарыңнан қаруыңды ап.

Әлібек (Айманға).
Шолпантай, сені-дағы ойға алғамын.

Айман
Мен-дағы сені күтіп көп талғамын.

Арыстан
Екі қыз, бір түйінге себеп болдың,

Қиынын өтіп алғам тентек жолдың,
Екеуің, сірә, бірдей кете алмайсың,
Егесте сыры мәлім біздің қолдың.
Ә л і б е к
Екі қыз қатарымен сенде қалмас,
Осы сөз кесер сөзім, мен де болдым.

Екеуі тағы шекісе жаздап жақындаса береді. Сол кезде Жарас жүгіріп шығады.

VI көрініс

Ж а р а с
Ойбай-ау, бүліндіңдер, енді есті жи,
Таласқан ана-мынау керісті тый.
Бөгеп ем, болмай қойды қатты ашумен,
Бақсы боп батыр келед берем деп сый.
Т е н г е , А й м а н (*Әлібек, Арыстанға*).
Ал енді олай болса тез қояйық,
Болған боп, тегіс тату ден қояйық.
Ж а р а с (*жұртты тегіс желіктіріп*).
Бәрекелде, еңдеше, мәре-сәре
Бола қап у-шу, ду-ду ойын бастап,
Жау дерлік суық түсті ал жояйық.

Сонда сахнада тұрған барлық қолдар лап беріп ойнай, билей жөнеледі. Жарас өзі бастап жүрген кісі сияктанады. Би болымсыз бірдемеге таласып үдірейіп, үрпиісіп жүрген топтарды көрсетеді. Олар таласып кеп, артынан сол нәрсені біреу мазақ ете ала қашқанда, соны жосыла қуады да алданады... Не қыларын білмегеннен, біресе құтырынып аспанға атқып, біресе бүгіле домалап жың соққандай қым-қуат болған топ. Соңғы кезде барлық адам тобы, құйын үйірген құмдай құтырады. Бақсы ойнағы боп кетеді. Билеушілер жылтыр жүз, жуан қарын, кара сақал, кек сақалдар. Бұлар кейде қарындарымен қағысып та жүреді. Мазмұны ру басы, атқамінерлер билеген күннің лаңы, жесір дауын баян етеді. Мысқылмен баян ететін би болады. Көтібар жұлынып бұрқ-сарқ етіп шыға келеді.

VII көрініс

К ө т і б а р
Көрсетші, мені қуып келетін кім?

Әлекті, әбігерді салатын кім?
Аулыма ат ойнатып, селдей басып,
Қолымнан қызды тартып алатын кім?

А й м а н

Батыр-ау, сізден тартып кісі ала ма?
Алысқан асын жөндеп іше ала ма?
Алушы өкіл күйеу болар сізге,
Жазғанын біз көрерміз пышанаға.

К ө т і б а р

Не дейсің, сол-ақ па еді қарқ қылғаның?
Несіне мен жеңдім деп шарқ ұрғамын!
(Әлібекке.)

Қулықпен құлдыратып алдамақсың,
Көрерсің сен немені шаптырғаным...

Ә л і б е к

Ұсынса басты қылыш кеспес деген,
Емес ем бет алдыңнан кес-кестеген.
Шапсаң да ерік өзіңде, күйеу болам,
Бойсұнған бұл тілегім кетпес дегем...

Т е н г е , Ж а р а с *(Көтібар сөйлейін дегенде киіп кетіп,
қолдарын жайып).*

Пысымылда, я аруак, ата-бабам!
Сасқанда сендер демей кімді табам!
Тыңдаңдар оң құлақпен тілектерін,
Күйеуге осы болсын менің батам!
(Көппен бірге қайта-қайта бата қылып)
Алла ақпар, шырақтар,
Осы біздің жұбаптар.
Батадан аттап қайтеді,
Батыр да бұған тұрақтар.

Жұрт бата қылып жатқанда Кетібар аласұрып, әрқайсысын тоқтатпақ болады. Өзі де, бір жағынан, амалсыздан бетін сипайды. Жұрт шуылдап сүйсіне бастайды.

Ж ұ р т д а у с ы

Бәрекелде батырға,
Бата берді ақырда,
Өкіл күйеу – өз күйеу,
Татиды ғой жақынға.

К ө т і б а р (*шуды басып, Теңге мен Жарасқа*).

Бата қып менен бұрын, жынды көкек,

Екі сұм бұл пәлені кім үйретті?

Ж а р а с

Батаны бала етсе де байлау дейді,

Біз емес бұрынғылар дәл сүйдепті...

Т е ң г е

Батаның жөні келді, бермей қайтем.

(*Өтірік көлгірсін.*)

Нең шығып, сенің оған нең күйрепті?

К ө т і б а р (*Теңгеге тепсініп*).

Қуарған, қатын емес, құр сүйреткі.

(*Жер тепкілеп.*)

Сығыр-ай, құр қалдым ба шыныменен,

Жаусың сен, жауабымды кім билетті?

Т е ң г е

Сап-сап-сап!

К ө т і б а р

Жап, аузыңды, жап!

Т е ң г е

Шыдай тұр, шыдай.

К ө т і б а р

Уа, тәйт, сұмырай!

Т е ң г е

Ал қызыңды ұзатасың,

Өзің өкіл атасың.

Сұрай келген мінекей

Берді қауым батасын.

Уа, мен өкіл анамын,

Құдай деп қана қасымда

Енді теп-тек жатасың.

К ө т і б а р

Тоба, тоба, тоба! (*Қайта құтырынып.*)

Тұра тұр бәлем әлі ме,

Жайынды мықтап табармын.

Келістіре тағы да,

Тік көтере шабармын.

Әлі де талай пәлені

Басына, түге, жабармын.
Шабармын, сірә, шабармын!
(Арыстанға қарай тап беріп.)
Алдың ба тым құрмаса сен таңдауды!
Қойдың ба асқақтатып әлде жауды?

А р ы с т а н

Дегенім деген жерден шықсын менің,
(Шолпанды көрсетіп)
Аламын, мынау қызға денім ауды.

Ш о л п а н

Қатын боп шабындыдан саған түскен
Тимеспін құлатсаң да басқа тауды.

Ә л і б е к

Сөзіне құлдық ұрдым, Айман-Айым,
Солай деп жөнге салшы бас асауды.

К ө т і б а р *(естіп қап қайта қаптап).*

Не дейді, мына мұндар бата бұзды!
Жібермен, олда оңбайын, бұл қос қызды.
(Арыстанға.)

Бересің жолды неге Әлібекке?
(Ұмтылып.)

Қоя бер, енді шындап қаным қызды.
(Талқан боп мылтығын жерден тауып ап.)
Ендеше, қырық жыл қырғын салайын мен,
Алғамын сендей қыздың талайын мен!
Аулымнан мен тіріде қыз кетпейді,
Қуғынды қырқа матап қамайын мен.
Мін ойға, мін атыңа, аттан, аттан!
Көп жендет Көтібарлап шабайын мен.

Жұрт шуылдап шошып, қолдар қимылға әзірленгендей болады.

Ж а р а с

Уа, жұрт-ау, жеткен жоқ па бұл селебе?
Қайтеді істі берсек жол келеге,
Маманның өз аулынан, өз қолынан
Алмастай не кесір бар неменеді?
Күйеу боп, екеуің де жасап алсаң,
Жаным-ау, тақияға тар келе ме?

Әлібек

Құлдық ойбай, өйдесең мен көнейін.

Арыстан

Жарайды, мен де тіпті үндемейін.

Теңге

Жол осы, бәрекелде, өзгені қой.

Қолынан құда болып қыз алуға

Қасыма жолдас алып мен ерейін.

Көтібар

Көнбеймін, қызды тартып әкете ме,

Оттама, асырмаймын жау мерейін.

Жарас

Аспасын жау мерейі, батыр, сабыр,

Әлібек жылы ізімен қайтсын қазір.

Там сүзіп қараңғыда жүрген жігіт

Маманның аулында, кең-байтақта

Тілеген, таңдағанын сонда таныр.

Теңге, Арыстан

Дәл байлау осы болсын әзір таңға,

Қылғаны аз емес бай Маманға.

Батыр да осы сөзге тоқтай білсін,

Жетті ғой, тыныштық берсін топты жанға.

Хор (қосылып).

Мақұл-ақ, билік осы болғаны ғой,

Бар есеп осыменен толғаны ғой.

Қос қызды аулына ұзатайық,

Тоқтады, батыр жөнді болжады ғой.

Ал енді жолың болсын, Айман, Шолпан,

Қайтатын күнің туды қырсық жолдан,

Қасында Теңге, Арыстан, Жарас, жастар

Апарып тапсырады үйге қолдан.

Жарас (Әлібекке).

Байғұс-ау, неге тұрсың жөніңді тап.

Сен кетпей шал ашуы басылмайды,

Тез жөнел бөгелместен, бар қолынды ап.

Әлібек

Тие ме осы қыздан таңдағаным,

Қалмайын қара жерді мүлде сипап.

Ж а р а с

Көресің не көрсең де ауылыңда,
Сөйлеме бұл арада, аузыңды жап.

Ә л і б е к (*қолын қайта әкетуге қамдап, Шолпанға қарап*).

Айманым, мен қайтайын өз жолыммен,
Қасыма ере келген бар қолыммен.
Жалғыз-ақ ата-ананың өз қолынан
Алмасам ауыр болар өлгенімнен (*жөнеледі*.)

Ж а р а с

Келісті не қыласың осы қолқаң,
Айман деп жабысқаның әлі Шолпан.

А й м а н (*Жарасқа*).

Жарас-ай, өзің болдың анық ағам,
Асты ғой бәрінен де сенің бағаң.

Ш о л п а н (*қосылады*).

Болғанға басым аман қарыздармын,
Айтшы бір көңіліңді немен табам?

Ж а р а с

Үндеме, ақы алмайды жаман ағаң,
Әуелі аман-есен үйге қайтшы,
Еңбегім осы жолғы шын садағаң! (*Теңгеге*.)
Ал, Теңге, қамданайық, не қып тұрмыз,
Құдағи, баста жолды – құтты қадам!

Т е н г е

Ендеше, еретіндер екшеле бер,
Арыстан, айып-анжы ескере бер.
Құда боп, бал жаласып біз қайтайық,
Десеңші бұл сапарға дес бере гөр...

Ж а р а с б а с т а ғ а н х о р

Құтты болсын бұл сапар, құтты болсын!
Қуанышқа жастардың қойны толсын!
Бұлт айығып, күн шығып, күле жайнап,
Қас ойлаған қара күш енді солсын.
Мен де барам бұл тойға,
Мен де барам сол тойға.

Мен де қалман, барамын,
Той ұлассын шын тойға,
Біз барамыз шын тойға.

Ш а л (*Көтібардың қасынан тұрып*).

Қалқатайым Теңгежан,
Бұнда маған неме бар?
Әйтеуір амал құрыды,
Қасыңа ерем, мені де ал!

К ө т і б а р

Тәйт, шығарма үніңді,
Қара мұны, қортық шал!

Ш а л (*алақтап, елігіп*).

Жо, жо, батыр алдияр,
Қалар болсаң өзің қал! (*Теңгеге қарай қашады*.)

К ө т і б а р

Тастадың ба, қуарған?

Ш а л

Жаспен болам не болса (*қутыңдап*),
Шалда не бар суалған!

К ө т і б а р (*бір тұрып, бір отырып зығыры қайнайды, жас-
тар жылжи береді*).

Уай, тоба, тоба, тоба!

Уа, тарт былай, тоқта, түге! (*Жұрт тоқтайды*.)

Ж а р а с

Ал, батыр, ашу алды, ақыл соңы,
Бар істің ашылды ғой оңы, солы.
Қасыңнан шал екеші о да кетті.
Қайтеді сол сапарға ере барып.
Екеуміз бата берсек осы жолы!?

К ө т і б а р

Адыра қал өзіңмен,
Құрттың ғой, қу Жарас,
Жоғал арман көзімнен.

Ж а р а с

Сабыр, батыр, сабыр қыл!
Бар көргенің өзіңнен.

К ө т і б а р (*жұлқынып*).

Уай, сұм-сұрқия дәурен-ай.

Басыма түскен әурені-ай.
Жіберші, уа, жібер былай,
Сорлататын неме екен,
Сірә, мені сол құдай!
Уа, қайдасың, сен, құдай!
Шұнақ құдай, құдай!

Аспанға мылтығын атып жіберіп жөнеледі.
Арттағы жастар тобы күліп қалады.

Ш ы м ы л д ы қ

Соңы.



АЙМАН – ШОЛПАН

Төрт акт, бес картиналы комедия

Драма театрларына арналған соңғы редакциясы

Үшінші нұсқасы

1957



ҚАТЫСУШЫ АДАМДАР

Айман	}	— апалы-сіңлілі қос қыз.
Шолпан		
Маман		— екеуінің әкесі.
Басыбар		— Шекті руының жуаны.
Теңге		— тоқалы.
Арыстан		— інісі.
Әлібек		— бай, саудагер жігіт, Жетіру.
Жарас		— көпке бірдей күлдіргі, Шөмекей.
Шал		— Басыбардың құрдасы, қосалқысы.
Жантық		— Жетіру ақыны.
Балпық		— Шекті ақыны.
Өзбек жігіті		— керуенбасының баласы.

Өзбек саудагерлер, той қылған Шөмекей ауылының адамдары. Шабындыға аттанған қол. Қыз, келіншек.

БІРІНШІ АКТ

Бірінші сурет

Көп ауылдың арасындағы көк алаң. Бұлақ бойы ақ қайың, жас қайың. Алыста жасыл бел, көк төбелер. Биік төскейлерде түтіні будақтаған ауылдар. Бұлақ бойында әр тұста тас, томарлар.

Үкілі домбырасын бұлғай, шықап келе жатқан әнші ақын көрінеді. Жанында сәнді жігіттер тобы бар. Топ ортасында Әлібек.

Ж а н т ы қ (әндете).

Жайлауында Жетіру

Желіге шыққан желдірмем,

Құйрық атып, төс керген

Шандоз аттай ойнайды.

Ақмартудай мырзам бар,

Асқақ қыздың талайын

Тілесө тегін қоймайды.

Уа, қыз көреміз, біз келеміз. Қайда, қайда елгі Маман байдың қыздары. Алыстан лебі тартқан асылы. Неге бұлаң бермейді, неге келмей ерін кезертеді! Кім деп, сірә, паңсынады?

Н ө к е р ж і г і т. Бәсе, біз тосқалы бірталай, неге бүйтіп сарыламыз? Сонша бізге не күн туыпты? Жалынғанымыз қыз болғаны ма?..

Ә л і б е к (анадайдан көрінген Жарасты нұсқайды). Шақыршы анау Жарасты, тіл-хат босын арамызға. Қу даланы күзетпей, арыламыз соны жұмсап!..

Н ө к е р ж і г і т. Әй, Жарас, Жарас, мойныңды бұршы бертаман. Жөніңді айтшы, қашанғы біз сабыламыз?..

Ж а р а с. Аптықпа жігіт, қыз қашпас! Сен асықты деп тағы саспас! Осылай ойын ойнай келмек болатын. Мынау сай, сондай сейіл серуен орыны еді. Мен соны айтқамын! Тек әзілде өрелгі жоқ, жөн сұрайын, жігітін бұл қыздарға не демекші?

Ә л і б е к (өзі ілгерілен). Ә, жақсыны көрмекке, Маман байдың қызын көреміз бүгін!

Ж а н т ы қ (Жарасқа). Қыз ұнаса сен құралақан болмайсың. Көрімдігі сенікі!

Ж а р а с . Қой жаным, алумен ауызданған дағдым жоқ. Көретін көз сенікі, көрінетін жүз оныкі, менің не ақым бар? Қоритын мүлкім, егіндігім ол емес! Ақы-пұлсыз-ақ ниетінді айта бер.

Ә л і б е к . Бұл байыңның қызы ұнаса мен айттырам. Жаксыдан жақсыны адақтаған мен болам! Ол аяулы болса, мен атактымын, теңімін, терезем сай! Тілесем тұғыр етем, тілесем түлкідей тояттаймын, жем етемін!

Ж а р а с . Ой опасыз жалған! Шіркін көңіл аптығы солай ма еді-ау!.. Арының зор, құйқалымен табысар арманың екен. Жалғыз-ақ алдында тұрған бір кедергіні айтпай қалсам обал-ды. Қызды сендер ғана көре келген жоқсың, Шектінің де бір бұлаңы, Арыстан да көре кепті.

Ә л і б е к . Кедергі деп не дейсің?.. Ол алмайды мен алам! Барды салам, Шектіден неге кем соғам!

Ж а р а с . О, опасыз жалған! Жеген ауыз жейді дейсің бе!

Ә л і б е к . Қызды көрсет, ендеше, мақұл ма?

Ж а р а с . Келер ойнап жақында!

Әлібектер кете береді. Арыстан тобы шығады.

А р ы с т а н (*Жарасқа*). Ой Жарас, мынау неткен сергелдең! Бұның нең?

Ж а р а с . Уа, ку жалған, не жазыппын, Арыстан мырза?

А р ы с т а н . Қу дала, ку медиен қашанғы күзетем? Қыз келеді деп сабамды түзеп тұрмын, қайда сол немен? Енді қашан көрінеді, пері қызы ма еді немене? Болдың ғой асырып қыз мерейін. Неге үндемейсің?

Ж а р а с . Опасыз жалған, дағдарып тұрмын-ау мен мырзам!

А р ы с т а н . Е, не күн туды басыңа?..

Ж а р а с . Жүдеп тұрмын, батыр-еке, дел-салдамын. Осы қызды кім көрерін білмей тұрмын.

Б а л п ы қ . Көмейің қалай, Жарас-ау? Не деп тұрсың, не кебің бұл?!

Ж а р а с . Дел-салдамын дедім ғой... Әлібек деген жас мырза, бай килігіпті. О да көре келіпті осы қызды. Сол емес пе дел-салым!..

Арыстан. Сөйлеме олай, сірә да. Қай қазақ ұлы теңім еді? Тайталаста кім жеңіп еді Шектіні!.. Білесің ғой бет берсем, ниет қылсам, ойып түсем ортасын! Қайтады оның, мен келгесін шегінеді былай!..

Жарас. О, опасыз жалған. Алмағың қай қызы еді осы Маманның?

Арыстан. Аламын, ең жақсысын, өзім алам! Таңдамай, талғап алмай, әлдебірін алушы ма ем? Әлдебіреудің таңдауынан қалғанын алушы ма ем?

Жарас. О, қу жалған... Дәл өзіңдей талғайтын да таңдайтын бай Әлібек болыпты. Ежелден мыңды айдаған қызды алмаған жері бар ма? Жамап-жасқар жайым жоқ. Оған салсаң таңдағанын өзі алмақ.

Арыстан. Өйтер болса, күшке салар мен болармын. Ол алмайды таңдағанын, мен алам. Егесіп көрсін есалаң!.. Шынға кетсем, қалғанын да тигізбей, басына әлек, топалаң да салармын. *(Әлібек тобы шығады.)*

Әлібек. Е, Арыстан мырза жетіп пе еді? Батыр мырза, жол болсын!

Арыстан. Аузыңа май, бай мырза! Жол қылмақ сенен болсын. *(Әлібек күледі.)*

Әлібек. Батыр мырза, о қалай дегенің, мен де өзіңдей жолаушы ғой. Жолың тосқан жеңге болсам бір сәрі. Өзім де жеңге іздеген болсам не етесің?

Арыстан. Андадым аңысыңды, саудагер мырза! Тас қия тар көпірде кездесіппіз, бір түйін, бір тілекте түйісіппіз. Бірақ текедей тіресудің жөні болмас андасаң!..

Әлібек. Мақұл айтасың, батыр мырза. Бәрекелді несіне біз егесеміз?

Арыстан. Олай десең үстіме неге баса келдің, бұның қалай?.. Өзгеден менің бақ талайым кем бе еді?

Әлібек. Зіліңді айтып қайтесің, мырза? Жөн қалай, жосық қалай, кінә дерге сөз бар ма, бұл тұста? Жөнін айтсаңшы мына тұрған жиын топ...

Балпық. Ендеше, Жарас айтсын, ара ағайын!

Әлібек. Мақұл-ақ мен де өзгені қаламайын.

Ж а р а с . Жоқ, жандарым! Опасыз жалған! Жай-жапсарың маған мәлім, өтпес жарлық билікке жарамайым!

А р ы с т а н т о б ы . Жоқ, Жарас, айта бер сен! Қара қылдай қақ жарып, айырып бер әділін.

Ж а р а с . Мен айтсам қысқа айтамын... Қыз да адамның баласы ғой. Қыз көзіне көрініп, таңдағанды аламын, таңдаулысы боламын деп кепсің ғой екі сері! Ендеше, қыздың өзі айтсын, таңдау өзінде болсын!

А р ы с т а н (өзіне). Қыз айтса, бай деп оған бетбұрады. (Көпке.) Қызды өрлетіп, бағыма бәйге етпеймін, бермеймін билікті қызға!..

Ә л і б е к (өзіне). Батыр деп бұған қиғаштайды. (Көпке.) Салмаймын қыз еркіне! Тең етіп биге балайтыным қыз-қатын емес.

А р ы с т а н . Шабындыдан түсетін о да бір, мал да бір, неге нарқынан асырып бағалаймын!

Ә л і б е к . Қыздың байы жылқы еді, ел жорасы, тапқаның сол ма, қу Жарас?.. Би етіп табынам ба пірге қол бергендей. Қызға еркімді бергелі қаңғып жүр ме екем осында?

А р ы с т а н . Бәрекелді, ендеше, арамызды жол шешеді. Жол мен жөнге кім таласады? Осында бұрын келген мен екемін. Алғаш таңдау жол да менікі!

Ә л і б е к . Сен келгеніңді айтасың мырза! Мен келмес бұрын көмбе көмгенімді айтам. Жетіру менің елім, қыз менің көптен бергі меншіктім. Шектіге барып қыз-қырқының менікі десем жол берер ме ең, сірә, сен!..

А р ы с т а н . Қияс дау, қисыны жоқ егес дау... Жетіру Шектіден, Шекті Жетірудан қыз алмаушы ма еді!.. Құба қалмақ, алысы ма ем мен, сірә! Ең жақсысын мен алам, таңдағаны менікі. Жау болсаң да жалтарарым жоқ.

Ә л і б е к . Ең жақсысын мен алам! Намысыма тидің, жол бермеймін. Бұл кеудемде осы басым сау тұрса, сірә да, саған жол бермен.

Екі мырза қызға түсіп, ұмтылыса бергенде қыздар тобы шығады.

Ортада Айман, Шолпан. Бұлар ойнай, күле, дулай шығады.

А й м а н . Ә, жарасқан топ жақсы кепті-ау алдымыздан. Тек түстеріңіз мәлімсіз, сіздер кімсіз көп жігіт?.. Танымадық, айып бізден, жөн сұрайық сонымен!

Ш о л п а н (*күліп, ойнақы*). Болмаса ойында алыс-жақын жоқ, сауықта таныс, алыс жоқ. Атаспай-ақ сауық құрайық.

Ж а р а с . О, опасыз жалған... Дегенмен біліскен де мақұл болар, бойжеткен! Көре сауда, әділ сауда, ойын емес, шын-да ниеттері бар болса нетесің?.. Біліскеннен тайсалма, асыл қарындас!

І қ ы з . Ендеше, өзің жайды баян етші? Жігіттер бөтен, сен жақын, тең сөйлеп, өзің білдір.

І І қ ы з . Әлде бұл, ел жорасы, қыз көру ме?

І І І қ ы з . Онда біреу емес, екі тобы қалайша? Таласа келген бола ма?

Ж а р а с . Бәсе, зерек қарындас, екі бірдей топ кепті. Қатар келген соң талас болмай қала ма? Тілек еттің таныстырайын шетінен: мынау топ – Әлібек дейтін саудагер бай, мырза тобы. Өзіне салса бай алмай кім алады дейді.

Ш о л п а н (*күліп*). Маманның кең даласы малға толған. Біз өзіміз де бай баласы боламыз.

А р ы с т а н . Лебізіңнен садаға, құлдық ұрдым бұл сөзіңе. Олай болса мақпал қыз мойныңды бұр, бер қарашы бертаман.

Қыздар Арыстанға қарайды.

Ж а р а с . Бұл тұрған Шекті батыр, жас жолбарыс Арыстан мырза. Басыбардай текті батырдың кенже інісі және өзі. Аузым-мен құс тістейтін асқақ ермін деп тұр ғой.

Ш о л п а н . Тәйірі-ай, батыр күні өтпеп пе еді әлдеқашан. Батыр бір оқтық деп неге айтқан. Жалғыз оқпен өшпеп пе еді оның үні?..

А й м а н . Бұл күнде дабылы өшіп жабы болды деспей ме?..

Ә л і б е к . Бәрекелде, жақсы айттың, асыл ару!.. Бұл күнде қайтпаған шақ, өрлеген бақ тек қана біздей жан жүлдісі...

А й м а н . Не дейсіз, сол-ақ па екен ердің сөзі?..

Ш о л п а н . Ұшыраппыз ғой келіп кезі...

Е к е у і . Жарайды, қыз көретін жігітті біз көрейік,

Бар сөздің ең абзалы – көзбе-көзі...

Қыздар тобы өлендетеді.

А й м а н , Ш о л п а н (*қосыла әлпешекте жырлайды*).

Біздерді Айман-Шолпан егіз дейді.

Жарастық үлкен-кіші дегізбейді.
 Алысқа алып ұрған армандар бар
 Шалқыған көңіл қиял теңіз дейді.
 Ақау, Айман айым, Шолпан айым.
 Өніне Айман-Шолпан шырқатайын.
 Жас желек думан дейді әзіл дейді
 Қызықтан қызық таңдап көп іздеді
 Неліктен солай екен заман заңы
 Қалайша ойдағыны көргізбейді.
 Ақау Айман айым, Шолпан айым.
 Өніне Айман-Шолпан шырқатайын!
 Қ ы з д а р .
 Жігітті қыз көретін біз көрелік,
 Көп сөздің қала тұрсын өзгелері.
 Қыз көретін жігітті біз көрелік,
 Бар ма екен бойларында өзге өнері.
 Б а л ы қ (*Арыстанның нұсқауымен*).
 Еңдеше, жас дәупері Арыстаным,
 Жебедей жерге тыққан алысқанын.
 Қайраты, сымбатымен, тегі де бай,
 Үлкен сый біле білсең танысқаның!..
 А й м а н (*әзілқой пішінмен*).
 Таңдау мен талғаудың төріне жетіп бола ма?
 Қызықсам ба екен әлде осы...
 Мақтаулы жас батырына!
 Ж а н т ы қ (*Әлібектің нұсқауымен*).
 Болыпты кімнен төмен Әлібегім,
 Әрі бай, әрі бағлан, әрі бегім...
 Қиядан жемін танып, қыран ұшты,
 Ойлама әлдекім деп әлім-берім!..
 Ш о л п а н . Әлде дүниенің құны-пұлын кезбен өлшеп
 үйренген байдың ұлы десем бе екен?
 Б а л ы қ (*жалындай түсін*).
 Майданда батыр жеңген қағысқанын,
 Егессе алмай қоймас жабысқанын,
 Одан да тілегіне тілегін қос,
 Сірә да, опық жемейсің табысқаның.

Ш о л п а н (*ойнақы*). Оңда әлде батырын таңдасам ба екен?..
Байдан қол үзіп-ақ қалсам не етті?

Ж а н т ы қ

Ен дүние, қыруар мүлік бәрі тегін,

Жетіру әлпештеген Әлібегін.

Өз ұяң, өз өрісің, жатың емес,

Ел күткен құтты бегім Әлібегім.

А й м а н (*әзілдеп, ойнақы*).

Батырдан әлде көңіл бұрайын ба?

Бай деп-ақ неде болса тұрайын ба?

(*Жігімтерге.*)

Кәнеки, қайсынымыз кімге жақтық,

(*Әлібекке.*)

Сізден де енді жөнді сұрайын да!

(*Арыстанға*)

Сіз-дағы тіл қатыңыз, батыр мырза,

Көзіңіз кімнің түсті шырайына?

А р ы с т а н (*өзіне*).

Әттегене, дүние-ай, әттең дүние жалған-ай,

Екеуін бірдей алар ма ем,

Қалмас еді арман-ай?

Ә л і б е к .

Не керек, жасырғаным лайығы жоқ,

Бас ұрғаным біреу емес, екеу болды.

Екеуің де жақсысың.

Сорыма екі бірдей ақ қанат перідейсің!

Нені айтайын мұрдар басым.

Жоқ боп тұр ғой кемітерім, асыарым!

Ш о л п а н (*күледі*).

Күреп алып үйренген машығы ғой,

Сорлы жігіт шынын айтты енді қайтсын!

А й м а н . Олқы түсер қолшыл жігіт дейсің бе, батыр мырза
жөнін айтсын. Құп тындайық оны да.

Ж а р а с . О, қу дүние, опасыз жалған... Ер көңілі жаңылған
ба дегенінен, о да екеу демей, есесін жіберсін бе?

А р ы с т а н . Бәрекелде, солай демей не дейін! Біздің көмей
көп асап үйренген көмей шырақтар. Екеуіңе бірдей құлап, бірдей
қызыққан жайым тұр. Мүлде мін таппадым десем не дерсің?..

А й м а н *(күледі)*. Шіркін дәурен, бұндай қарық қылған дәурен көрген бар ма десеңші! Екі қызға бір күйеу, жетіспеске бола ма? Таңдамай да талғамай тізіп қана әкетпек... Бұндай да көңіл, бейіл берген болат та! *(Өлеңмен.)*

Жігіттер, ел ақтаған ер екесіз,
Сонда да сөз айтасың берекесіз.
Таңдау жол сіздерде емес, енді бізде,
Дей қалсақ сонда қалай дер екесіз!..
А р ы с т а н .

Қап-қап, қылды-ау мына қу,
Жер қылды-ау, ойбай, Жетіру!
Ә л і б е к *(о да өкінеді)*.
Көрдім-ау, пай-пай, Шектіден,
Құлқынын қыз кептірген.

Айман, Шолпан бастап, оларға хор қосылады.

А й м а н , Ш о л п а н
Ауырмай өледі екен аңдамаған,
Демей-ақ біз қояйық, өл де маған,
Тойында Шөмекейдің шын сөзіміз,
Айтылсын бүгін мұнда қамдамаған...
(Ойнақы қайырма.)
Қыз көретін жігітті
Көре қыздар шығыпты.
Көрісімен түңіліп
Қайта беттен ығыпты.
Жауабына орай жоқ,
Көңіл жүдеп бұғыпты.
Мақтай алмай кетті қыз
Қыз көретін жігітті, жігітті.

Билеп, ойнап-күліп, кетіп қалысады.

Ж а р а с *(дал боп қалған Арыстанға)*. О-у, опасыз жалған. Ал мырза, қандай ойдың шыңына баттың? Не қып дел-салда тұрсың? Мынаны айтсаңшы, қай қызына көңіл қойдың?..

А р ы с т а н *(бұлқына сілкініп)*. Әуелі анауыңа айтқыз айта-рын. Осы тойдың боларын сезіп ем!

Ә л і б е к . Әуелі таңдағанын анау айтсын. Осының өрескел кесірінен мен де тойдым.

Ж а р а с . Ой жігіттер бұларың не? Қыз жетпей тұр ма?.. Әлде басқа бір ойдан кірбең тарттың ба, тегі? Қызқырғын деген осы ма екен сірә да! Алғаш екпіндерің тәуір еді, не қып жасып қап тұрсыңдар?..

А р ы с т а н (*Әлібекке*). Жөніңді айтшы, жарықтығым. Кімді аласың олай болса?

Ә л і б е к . Өзің айтшы, сен қайсысын ниет қылдың?

А р ы с т а н . Жоқ, сен айт, аңысыңды байқап көрем. Мен кейін айтам.

Ә л і б е к . Жоқ, сен айт, бұның тағы қай таласың?

А р ы с т а н . Сен айтпай олда оңбайын тіпті айтпайым, ұқтың ба? Тас болам да қалам осы сөзде!..

Ә л і б е к (*тез құбылып, ойнақы*). Е, тіпті солай ма? Онда алда разы болсын, жол беріпсің айтайын: тілегенім Айман еді, соны аламын.

А р ы с т а н (*а з аңырап қалып*). Жолың не, жол бергенің не? Алдымды кескеніңмен қоймай, жолымды да алдым дейсің бе? Естімеймін қалауыңды.

Ж а р а с . Әлібек ойдағысын ерте алды ғой ауызға. Асыл қызы, топ жарғандай, жақсысы да сол еді. Кемелі де, үлкені де сол. Дүйім көпті аузына қаратқан ақылдысын алам деді ғой!..

А р ы с т а н . Тәйт арман, бермеймін мен жолды, ермеймін жорға тілдерге. Жамаушының керегі жоқ, Айманымды берерім жоқ!

Ә л і б е к . Жоқ, Айманды мен де бермен. Біліп қой, батыр мырза болсаң да, тартынбасын келген керден.

А р ы с т а н . Сен де, ендеше, біліп қой. Саудаң үстіндегі айлаң шығар. Алдамайсың Арыстанды. Алмай қойман Айманды мен, асырмайсың айланды сен!

Ж а р а с . О, опасыз жалған... Айман, Айман дейсіңдер-ау, Шолпан қыз да осал емес. Мал, дүние билігі осы қызда. Ұлы жоқ бай, кенже қызға көп енші береді. Тегінде бұл жайды да қоса кеңесіндер-ау!

Ә л і б е к (*шапшаң өзгеріп*). Ал, ендеше, Арыстан, келіпсің ғой алыстан. Айманды сен ала-ақ қой, ерегісіп қалыспан. Қалғанына қанағат, Шолпан-ақ болсын қайтейін, тілегенім, табысқан.

А р ы с т а н (*қолбаң етіп қайта бұзылады*). Жоқ, және де таластым, басында мен де адастым. Менің-дағы сендейін, іздегенім бай қайын. Шолпан екен лайығым, сөзіне ердім Жарастың!

Ә л і б е к . Жоқ батыр, бұныға енді көнерім жоқ!

А р ы с т а н . Мен де саған, ырық, сірә, берерім жоқ!

Ә л і б е к . А, солай ма, тілегенің қарныға, егеске мен де сермедім. Айман десең Айманды, Шолпан десең Шолпанды бермеймін деп белдестім...

А р ы с т а н (*ақыра түсін*). Бәсе десең Айманды, Шолпан десең Шолпанды не қылсам да мен сенен жеңіп алам таңдауды!

Ә л і б е к . Алмағың қыз емес қой, егес екен. Тек есі бар мына жұрт төреші, бізді жынды демесе екен (*Жарасқа шұғыл бұрылып.*) Ал, Жарас-ау, осы әлгінің қайсысы Айман, қайсысы Шолпан? Әуелі соны білсең десеңші?

А р ы с т а н . Апыр-ау, мен де соны білмеппін ғой, егеспен оны есіме ілмеппін ғой. Жарас-ау, Айман қайсы, Шолпан қайсы, қаруды құр далаға сілтеттің ғой.

Ж а р а с (*ойнақы, жаңылтпаштай бұлдырлата сөйлейді*). О, құлдыраған ку заман, опасыз жалған, жаным-ау онысы да бар ма тағы? (*Шұбырта жаңылтпаштап, саусақтарын айқыш-ұйқыш етіп фокусіідей жүгіртіп сөйлейді.*) Шолпанның оң жағында Айман болар, Айманның оң жағында Шолпан болар (*шұбырта*). Әкенің бала болар шам-шырағы, көлденең жігіт көзі шын қырағы. Саудасы күсет боп тұр, танылмай-ақ, Маманның аспанға ұшты қос пырағы. Айманның оң жағында Шолпан болар, Шолпанның оң жағында Аймандағы.

Ә л і б е к . Не дейді, не деп кетті қай-қайдағы?

А р ы с т а н (*о да түсінбеген дел-салда*).

Пай-пай, дүние жалған-ай,

Екеуін бірден алар ма ем,

Қалмас еді арман-ай!

Әндетіп, домбырасын сермеп жаршы шығады.

Ж а р ш ы

Уа, жарандар, құлақ сал,

Шөмекейдің тойы бар!

Қызықта кімнің ойы бар,

Мынау белдін астында

Ұзын өлке бойы бар,
Сол өлкені жағалай
Тігулі тұрған үйі бар.
Үй басына сойылған
Қонаққа деген қойы бар,
Жақсының сонда сойы бар,
Қалаулы қонақ тобына
Ту бие де сойылар.
Қызық та қырғын думан бар,
Сауықты қандай қуған бар,
Той десе қубас домалар!
Қыз-бозбала қужандар,
Іркіліп кеш қалмаңдар,
Бәрің де солай дуландар!
Д а у ы с т а р
Той... Той... Той!..
Шап, ендеше, солай шап!
Сауық-думан сонда тап, сонда тап!..

Тойға бара жатқан қалың, шұбар топтар өте бастайды.
Сахнадағы жігіттер де солай жөңкіліп жөнеліседі.

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ АКТ

Екінші сурет

Сахнада орда тәрізді етіп тіккен оюлы күмбездей көркем үй. Той иесі бір топ Шөмекей шығады. Сондарынан Жарас келеді.

I Ш ө м е к е й. Ойпыр-ай, бұл пәлені қайттік енді?

II Ш ө м е к е й. Азды-кемді сабыр-тақат о да жоқ.

III Ш ө м е к е й. Жем көрген құзғындай құлшына таласып-ты. Екеуі екі жақтан қысқанын қайтерсің?

I Ш ө м е к е й. Жалғыз үй қайсысына жетеді? Енді міне ердің құнындай пәле сап, сөз қып жатыр.

III Ш ө м е к е й. Бір Маман, бір Басыбар, қос қызыл көз емес пе? Біреуі шоқпарын бұлдайды, біреуі кезін, пұлын бұлдайды!..

II Ш ө м е к е й. Ту басынан айтып ем, жалғыз оқшау, жақсы үй тікпейік, егеске себеп, пәле болады деп. Болмадыңдар!

III Ш ө м е к е й л е р. Ойбай-ау, есебін айтып, қисынын тапсаңдаршы. Қисынын тап, есебін айт! Пәледен құтылу қамын ойласаңшы күнбұрын.

Нөкерімен Басыбар шыға қалады.

Б а с ы б а р. Ой, көп қарғадай шуылдаған, Шөмекейім! Айтпап па ем мынау үйдің әшекейін ұнаттым деп!.. Мен түсем деп хабарымды салмап па ем! Үнің не қып өшті, жауабың неге жоқ? Кімге бұрдың, айтып көрші көзіме! Андатшы, байқайын мен көмейіңнің күлкілін! Бер жауапты, неге тұрсың білдірмей?..

I Ш ө м е к е й (*Жарасқа*). Жарас-ау, жарықтығым ақыл табар жерің бар ма мынаған!

II Ш ө м е к е й. Атқаршы осы жолғы бір жауапты өзің боп...

III Ш ө м е к е й. Тойым талқан, елім, ерім қор бола ма? Шөмекей сенің елің емес пе? Басымызды пәледен құтқарар емің болса айтшы, тапшы шапшаң!

Ж а р а с (*Басыбарға*). Басеке, егескенді еңсерген де өзіңсің. Қашқан мен қуғанның сүйенгені, сенгені өзіңсің! Шөмекей қас-қияс ойлай алмайды, Басеке, сіздің басыңызға!.. Басқа ұрсаң өлді, артқа соқсаң құлақ қақпай көнді, оны өзің білесің! Батыр

мырза-ау, бұл үйдің арналған иесі өзің едің, Шөмекейге таңдатса бермегі де батыр сіздің өзіңіз едіңіз. Бірақ жасырғанмен жараның аты жара да, Маман деген зәулі шығып тұр. Бұл үйге мен түсем деп егесіп жатқан сол емес пе?

Б а с ы б а р . Тәйт, жоғал, ондайыңды жолымнан ал былай! Күмілжімей, тек көмейің күлкілдемей сертінде қал жалтақтамай. Байлауым сол, кәзір бәйгеге ат жөнелтіп қайта мұнда келемін. Мыжымай қарсы алуға қамдана бер осы үйде! *(Жалт бұрыла жөнеледі. Құрдас шалы бастаған нөкері саусылдап ере кетеді. Маман шығады. Қасында шұбар тобы бар.)*

М а м а н *(ашулы)*. Қызыл бұзау кезімменен құртамын! Талайды молда қылған тезім сол-ақ! Жат елден келген шет керуен қонағым бар. Осы үйіңе түсем деп кісі салдым. Жауап жоқ, үн жоқ, мен бе едім сөзі неден кететін?

І Ш ө м е к е й . Айтам ғой, осы пәле болар-ақ деп ем жаңа!

ІІ Ш ө м е к е й . Қалдық қой екі оттың арасында.

ІІІ Ш ө м е к е й . Жарас-ау, елің үшін, момын, әлсіз елің үшін дедім ғой, салшы өнеріңді осыған, тапшы не де болса айласын. Пәледен машайық та қашпап па еді?

Ж а р а с . Опасыз жалған... *(Маманға.)* Байеке-ау, сенен аяр асылы жоқ бұл елдің. Алып та, жеп те жүрген жұртың ғой таңдаулысын, тәттісін. Мынау үйді өзіңе деп тігілген дейді мынау елің. Бірақ алыстан келдім, шет қонақпын, жасым, жолым үлкен батыр қонақпын, мен түсем деп Басыбар тұр! Бермесең көпке пәле жаяр нарқы бар, оны қайттік? Ақылын өзің айтшы, Байеке!

Ш ө м е к е й л е р .

Бір пәледен мың пәле туғызбай ма?

Аяғына кез жете ме неге саярын!..

Өңгіртаяқ ойнатып ол үйренген пәле емес пе?..

Тағы шабам деп найза, шокпар, қамдаса қайттік ол пәле?

М а м а н . Бермеймін, неге ығамын, өзім түсем! Ұстасар болса сен қалыс тұр, былай кет. Қарсысына өзім шығам, тең шығам. Ондайлық жын өзімнен де табылады!..

Кәзір барлық нөкеріммен келемін де түсемін, құп алудың қамын ет! *(Кетеді.)*

І Ш ө м е к е й . Енді қайттік батыр-ау?

ІІІ Ш ө м е к е й . Қорлық отқа салғаны-ай!

Ж а р а с . О, құлдыраған қу дүние!.. Ал аз елім, момын елім Шөмекей, жолыңа салдым барымды. Ендігі ырқын өзіме бер, білдіңдер ме! Бұл екі дәу қағысарлық ниетінде екен. Тегі күш сынасу көптен бергі ниеттері болар. Ендеше, сәудегерді шақыр да, соны отырғыз. Шөмекей де ел, қурай емес!.. Соншалық жетім сордай жаутаңдама, жалтақтама тек қана!

ІІ Ш ө м е к е й . Дүп-дұрыс, шақырайық саудагерді.

І Ш ө м е к е й . Келе жатыр өздері де!

ІІ Ш ө м е к е й . Келе берсін жолын тос.

Саудагерлер шығып қалады. Үйге қарай беттейді.

ІІІ Ш ө м е к е й . Бәрекелде мінекей, құп аламыз, қош келдіңіз.

Мамандар қыздарымен қоса шұбатыла шыға береді, сол үйге кіреді.

І Ш ө м е к е й . Бәрібір бізден енді ерік кетті.

Ж а р а с . Сөзді қой, бар нөкері еріп кепті.

ІІ Ш ө м е к е й . Пәле келсе қайтеміз, өле көрдік. Маман тобы ортамызда, Жетіру енді бізге серік бопты.

Осы кезде бір топ әйелдер киіз сәукеле киген бір құданы алып шығады.

Ш о л п а н *(сақылдап күліп)*. Жарас-ау, мына сәнді тек жібересің бе? Бермейсің бе сәукеленің сыбағасын!

Құдалар биі. Екі құда билейді. Күлкі би. Ескі ырым-жырымның сырын ашатын, соны мысқыл ететін би.

Ж а р а с *(ойнақыланып, құдаға қарап, той бастардай сауық әнін-жырын шұбырта жөнеледі)*. Уау, мынау салың не дейді, уа -рара-ра, уа ра-ра-ра, уа ра-ра-ра! *(Шұбырта, соқтыра жыры айта жөнеледі.)*

Құдаға кел, жамағат, көз салайық,
Жарасқан сән-тұрманын біз санайық.
Маржаны – құмалақтан, құрым – желек,
Қамшыны жібек бауға шамалайық
Ат-жөнін бұл құданың сұрамайық,
Сый екен, әлдекімге баламайық.

Бұлтиған әне бірді сақалына
Деп қана тоқтатайық “болды ылайық”.

Бетіне құрт жағылған құданы алып шығады.

Оу, жазған, жаңа келді сауырлы бай,
Құртты бай, құйрықты бай, бауырлы бай.
Шыныңды айт, қыз-қырқынның тізесі етіп,
Қыр арқан келемежден жауырдым-ай.
Енесін сол арқаның ұрасың ба,
Тойғысыз ит жаласа бет-аузың май!

Әлібек тобы шығады. Араларында Жантық ақын. Топ сәлем беріп
Мамандарға иіліседі.

Ж а н т ы қ (өлеңдете, шұбыртады).

Жел сөздің енді келсін бас иесі,
Сөзімнің байда қалмас несиесі.
Өзі алған ойды-қырды байым Маман,
Шалқып тұр шартарапқа несібесі.
Алдына мырзам келді Әлібектей,
Қан базар мол сауданың жас иесі.
Жүлде алған батырдан да, бағланнан да,
Мол бақтың жастай тапқан мас иесі...

Ж а р а с . Оу, опасыз жалған! Ей жарықтығым мас болсаң да
шарқыңды біл! Нарқыңнан асып тиіп кетпе біреулердің намысы-
на. Осында батыр да, бағлан да жүр, “өзге емес мен болармын
бар биліктің иесі” дейтіндер барын ұмытпа!

Ә л і б е к (қыздар қасына тақап кеп отырып).

Батыр, би деп бір қоймайды,

Сірә, бізге қалған бар ма?

А й м а н .

Неге олайша дедіңіз,

Әлде сізде арман бар ма?

Ә л і б е к .

Бәсекеде арман көп, асыл мақпал,

Арылатын дәрмен бар ма?

Ш о л п а н .

Апырым-ау, солай ма?

Бір мінезін қыр депті,

Бір жүрісін жыр депті,
Сіз келмепсіз осында,
Тіпті, әлденендей сыр кепті-ау!
Әлібек.
Әсте, батыр деп, сірә, жол бермен,
Қаза беріп қайтейін,
Содан арман айта берсек сез кеп-ті.

Жарас. Солай ма еді, қап, болмас. Бәсекесіз бай болмас деген осы-ау, малдың күші оңай ма, мақтандырмай ол қоймас! Бірақ Басыбар да қияс қой, шапқа түртіп қайтесің, естісе, сірә, егеске о да оңай тоймас. Шектінің аты және бар, асаулығын ол жоймас.

Әлібек. Шекті болса қайтейін, Жетіру қашан бос қалды?

Маман (*қоса елігін*). Керсетсінші Басыбар, сән-салтанат қызығын, болмаса Шекті бос мақтап жүрген-дағы бұзығын. Әлем байлап қу ағашқа әулие қып табынған, Шектідей емес қызығым.

Дауыстар. Уа, бір сәнді топ келеді.

Уа, Арыстан екен, өзі батыр інісі.

Батыр да ғой бұнысы.

Әлібек (*Шолпанға қарайды. Оны Айман екен деп ойлайды*).
Көрмегі тағы Айман да.

Шолпан (*Айман болып, құбыла сөйлейді*). Көрсө біз де көрейік, көруге көз тойған ба? (*Жарасқа ым жасап.*) Айман деп ап бұл жігіт, Шолпанға ден қойған да! (*Күледі.*)

Тобымен Арыстан шығады.

І Шөмекей. Уа, кел, қарағым Арыстан!

Арыстан. Я, аманбысың ағайын, армысың аға, қария! Тойыңа құтты болсын айта келдім алыстан.

І Шөмекей. Бәрекелде, ырзамын, құрметіңнен қалыспан.

Арыстан. Алыс та болса, дос елімсің Шөмекей. Талайдан атам табысқан.

І Шөмекей. Бәрекелде, досыңды дос деп, бек тұтқам, Жауыңа да шабысқам.

Айман (*Арыстанға*). Ал, мырза, орын міне, қош келіпсіз!

Шолпан. Жалғыз-ақ (*еркеленіп, өз кеудесін түртеді*). Айман десең бос келіпсіз.

А й м а н . Немене қуыстанып қауіпң бар ма, неге үркіте сөйлейсін алдын ала!

А р ы с т а н . Жасырарым жалғаным жоқ, іздегенім анық өзі сұлу Айман. Көрем деп талпынғаным қашан. Жалғыз-ақ қалай шықты қиғаш сөз лебізіңнен (*Әлібекке*). Әлдебір кедергі шығып па еді әлдеқайдан? (*Шолпанға иіле түсіп.*) Айманжан, өзің толға болған жайдан.

А й м а н .

Аптықпа, мырза, тартыс жоқ,

Мұнда жоқ тегі керіс майдан.

Ш о л п а н (*айтысқа түскендей шұбырта өлеңдетеді*).

Жастық бар, шалқып ойнап, салған сайран,

Өртүрлі әр жотадан сөз тастайсыз,

Наз жайын түсіне алмай тұрмыз қайран.

Айтпайық біз де сөзді салып епке,

Орын жоқ айтысарлық налық өкпе,

Мезгіл жай сізге де бір, көпке де бір,

Сол көптің бірі болар Әлібек те!

Ә л і б е к (*қалжыңқой, асқақ пішінмен Шолпанға орай шұбырта жөнеледі*).

Бір ауық мен де айтайын мезгіл жайын,

Бұл дәурен шалқыл жатқан айдындайын.

Жалғыз қу сол айдынның ақ еркесі,

Балатқан бір өзіне күн мен айын.

Шұбыртқан осы өлкенің бағлан байын

Сөзімде қате болса көпке дайын,

Толықсып пісетұғын кезі жетіп,

Іздепті-ау сонда ғана теңді сайын.

(*Күліп, желіге түсіп.*)

Несіне бұдан әрі пернелейін,

Бәрібір дәурен етер деп-демейін.

Шұғыла боп сол қуға біз құштырыппыз,

Батыр ем, бағлан ем деп, мен не дейін?

Ш о л п а н (*күліп, кекетін*).

Жаным-ау, көксегенім әуре ме еді,

Арманым адам емей сәуле ме еді!

А й м а н . Бұл жігіт шапшаң сауданың жылпосы-ау! Әлде сор, әлде бағы, алдымызды орамақ қой.

Арыстан (*Шолпанға*). Мен мұнымды саған шақтым мақпал қыз... Сыры, қыры танылмас неткен дәурен осы кез?

Шолпан (*бұны да кекете күледі*). Батыр мырза, жанаспасаң нетеді! Кезеген аяқ болсаң да, ілінер жөргем мен болмасам қайтесің?

Арыстан. Кел дана қыз, тым құрыса әділдікпен теңеген биім бол десем ше?

Шолпан. Оныға да табылмадым, сүрінгенді демеген машайығың емеспін.

Айман (*күліп*). Жарар ма екен соншалық, сый құрбыны шенеген.

Шолпан. Бола алмадым аруақ, жалынғанды жебеген!

Арыстан. Апыр-ай, неткен асау ең, тістегіш те тебеген... (*Өзіне.*) Айман десе Айман-ау, жақсы еді мынау не деген? Өтген дүние біреуін, алар күнім келер ме, бере гөр, тәңірім, береген.

Әлібек (*өз ақыны Жантыққа*). Жаным-ау, тізгін тежеп не қып отырсың, айтсаңшы естіртіп тілегімді.

Жантық (*ақын боп ағындап*).

Уа, Жетіру, Шөмекей мен Шектісі де,

Бай, батыр, мырза, сері, тектісі де.

Ұсынса қолы жетпей қалып жатыр

Айманжан шыдай алмай тепкісіне.

Арыстан (*Балтыққа*). Айтсаңшы Арыстанды әлдекімге теңеме деп!

Жантық (*бұрынғыша екпіндеп*).

Бөтенге Әлібектен бұйырмаймын,

Теңі жоқ бұдан өзге шет кісіде.

Талай жан жалын жұтып, тас шайнаған

Жүлде алған Әлібекке кекті ішінде.

Құдалық сұрай келіп сауға берген

Өңім бе, бұл көргенім деп түсім бе?

Бәйге алған, ту құлатқан желді аяғым

Қара көк кирата озған бестісінде.

Балпық (*айтыса жөнеледі*).

Кез болдым сен екесің ақын Жантық,

Сыйынды құшақтай бер қысып, қамтып.

Бөз беріп, сөзін сатып алып жатыр

Жантыққа не қып қалсын енді тамтық.

Мақтаншақ саудагерлер қайтушы еді,
Сөйлеме, бойға өлшемей сөзін тантық.
Әкендей Арыстаным міне келді,
Жетіру көп көпірме енді тантип...

Әлібек (*Жантыққа*). Ә, солай ма, жуан сөзге басты ма бұл.
Ендеше, іркілме Жантық, сал шеңгелді батырына. Қарын шашы
алынбай асыпты ғой бұл, тегі.

Арыстан (*атқуылдап*). Әй Әлібек, Әлібек, айтыста мұндай
ырым жоқ-ты, қайдан таптың? Не дейсің сен, пәле шақырғың
келді ме?

Әлібек. Дегенім сол, батыр-батыр деп құлағымды сасытты.

Арыстан (*атып тұрып*). Қарай гөр пұл құтыртқан көк
жасықты. Тасыпты ғой тентек судай елеріп ап. Бар жігіт, хабарын
айт батырға, естісін өз құлағымен мына егесті.

Жігіт кетеді.

Жантық (*айтыс түрінде шұбырта*).

Шектіге бір кесел бар ерте қонған,
Ол кесел бірде толып, бірде солған.
Еліріп қу шоқпармен шонтай қағып
Арам тер елін білмей әлек болған.
Сол іспен адамың жоқ сірә де оңған,
Көргені кезуіл ме құрдым жолдан.
Тыныштық та, байлық та мол Жетіруда
Қай Шекті қазна көрді уыс толған.
Батыр деп айдар тағып елерткенің
Жем іздеп, күндіз-түні маңын шолған.
Балпық (*екіленіп іле жөнеледі*).
Жетіру сөз шығардың бойына ерсі,
Құтыртқан мына бөздің буын көрші.
Түлен түртіп бара ма қайда кеттің?
Кәнікі білгеніңді тағы терші!
Болмаса шыдамасаң жайына ерші,
Базарға қойыңды айдап, байыңа ерші.
Сонда да қатулансам шұбыртармын,
Ер болсаң осы сертке қолың берші.

Басыбардың құрдас шалы келеді.

Ш а л . О, Маман бай, Басыбар батыр жіберіп тұр сендерге. Мен сонымен кеп тұрмын. Айтар сөзі: Жетіру емен Шектімін дейді. Осал емен, тектімін, дәл осы мынау Маманменен кептімін. Жөнге келсе келісем, жөніне жөн деп көшпесе, аяспайтын кектімін, дейді. Алыстан өктеп келген жырактың қонағы едім, тойға тіккен жақсы үйді бермей, Шөмекейдің шеткі үйін қойдырыпты Маман маған. Орайым менің ол емес, өзгені емес, тура Маман отырған ордасын аламын, босатсын деп дігірлеп тұр әнеки!

М а м а н . Уа, не деп тұрсың, сен сүмелек шал, жексұрын!

Ш а л . Уай, олай деме, асқақ бай. Мен қалыстың сөзін айта кеп тұрмын! Өйте берсең көріп келдім айтайын. Батырдың беті жаман, ұнатпадым ашу-арынын, сақ бол демек қарызым... Қадірді біл, асқақ бай!..

М а м а н . Тимей-ақ қойсын септігің, өзім-ақ басам ептігің!

А р ы с т а н . Бүліністі-ау, бұзылысты-ау мыналар! Шығар бар ма жамау боп, сөзін айтар ептінің! Қойса қайтед тиюін, қытығына Шектінің!

Ә л і б е к . Қайтуші еді сонша бір, тау жығатын селдей боп, карашы бұның екпінін!

Ш а л . Пай-пай-пай өңшен нар! Жуастан жуан шыққандар! Қағысқан соң не амал бар? Арада қайтып өлмесін, енді сорлы шыбындар. Айтпаса болмайды ақыр тағы да, батыр зілін ұғып ал! Ызғары жатыр сөзінің, құтыртқаны буы ғой, деп айтады бөзінің! Жасырмай-ақ қояйын, сыртына теуіп алыпты, түк біткенін өзінің, мойнына мініп апты дейді, Шөмекей мен Жетіру, құлақ қақпас езінің!..

М а м а н . Олай десе кәзір сәтте айта бар. Ойда ұлық, қырда қыруар малым бар. Ерегіссе шығып көрсін қарсыма! Қырық кессе де қу кедейлік әлім бар... Уа, Орынпар, Кәтірімпар... Шытырымпар, жағалай сонау шәрлер бар. Лықылдаған ұлық бар. Өрекупін қоймаса, таутандаған шолаққа, кісенді қара құлып бар!

Ш а л (*жөнеле беріп Жарасқа*). Ал іздегенің сен болсаң, сұрағаның жетсін тез (*Қоқиланып*.) Олай болса мінекей, ұр-тоқпағым тоқ-тоқ! Айыптыға шоқ-шоқ! Бір бай мен бір батыр. Бір ісек, бір қошқар! Бір теке, бір серке! Жек-пе-жек, жек-жек, түрт сайтан, түрт! Үрит соқ-соқ, үрит соқ-соқ!..

Шауқандай жөнеледі.

М а м а н (*айнала қоршаған топқа*). Сал, ендеше, серуенді. Лаулатындар, көтеріңдер желікті! Көрсетіндер өнерің мен ойыңды. Қандай пәле болса да, көтеріп алдым өз басым! Баста сауық, тойыңды!

Өзбек жігіті билеп шығады. Бұл керуен басының баласы: жас, сәнді, сұлу киінген жігіт. Айнала көп жиын көкпар, “қара жорға” тәрізді үлкен қызулы той ойнын орындай билейді. Өзбек жігіті калың топтан серкені әкетіп жүрген жалғыз озғын жүйріктің қаракетін көрсетеді. Кейін бұл жалғыз билеп жүреді. Жеңудің, асқындаудың мақтан биі сияқты. Осы бидің тұсында нөкерімен Басыбар шығып, аз уақыт үндемей сазарып бунап, қалшылдап тұрады.

Б а с ы б а р (*шыдамай ақырып*). Тайт найсап, жоғал әрмен көзімнен (*Би тоқтап қалады. Маманға.*) Әкелген үлгің осы ғой! Сұм саудаңмен қоса жүрген бөзіңмен! (*Жантыққа.*) Кәнеки, судан шыққан судырақмет, келші кәні судырашы тағы да, мені тұсар сөзіңмен!

М а м а н (*Жантыққа*). Айта ғой, олай болса тілегенін!..

Ж а р а с (*Шөмекейлерге*). Көрерсің енді шатақ үдегенін.

Ә л і б е к. Терезем тең, тең жауап айта аламын, қамшыны көтермеймін білегенін (*Жантыққа о да ым қағады.*)

Ж а н т ы қ (*құлшынып, ағыза сөйлеп кетеді*).

Ендеше, біз егесіп көрген едік,

Шектіге орай жауап берген едік,

Мақтаны “қара шоқпар ұр да жық” деп,

Батырын сіздей... сіздей... терген едік.

Соңына саудалы бай ерген едік,

Жетіру, біз өңге елден сергек едік.

Туласын шамданбаса тентектері,

“Ө” десе “мә” деп сыйын бермек едік!

Б а с ы б а р. Кет әрі, тоқтат, енді менен қамшы жерсің. Үргізіп тұрған анау байың ғой! Сатымсақ сөзіңе санап-санап ал тиынды сонан! (*Маманға.*) Бетімнен сен алдырып отырсың ғой, қу Маман. Тұра тұр бәлем, тек бәйгеден атым келсін. Бәйге күрең жүлде алғанын жұрттым көрсін. Не көрсең де қылығыңнан көрерсің, кінәлі бөтен емес, өзім дерсің!

Ж а р а с. О, опасыз жалған... Батыр-ау, есіңе бір салайыншы, бұл арада тағы бір түйін тұр-ау. Арыстан бауырыңның тәуір бір ниеті бар, соның жолын кесіп жүрмесең. Мынау байдың қызын көре келем деп, анау саудагер жас баймен таласта, егесте отырған

кысталаң бар ғой тағы да! Ашуға баспай соны ойласаң не етер еді?

Б а с ы б а р. Не дейсің, кім таласыпты Арыстанмен. Ол Жетіру қашан санатқа кіріп еді Шекті жүрген орында? (*Арыстанға.*) Қайсысы еді алмағың бұнысының? Жалғыз дара шықпай, сен бе едің сарапқа түсіп сөзі екі болатын.

Ж а р а с. Арыстанның ниеті Айман дейтін қызы еді. Соны алсам деп құлаш созып еді. Бірақ анау жас саудагер, бай Әлібек жол бермеймін деп қарысып тұр. Сөз арты егеске сайған жоқ па, батыр-ау!?

Б а с ы б а р (*даңғой, адуын қалпымен Айманға*). Уай, жарқыным, жақсы ару, таңдау сенің қолыңда дейді. Тіпектің де бәрі сенің жолыңда деседі, қайсысын қабылдайсың мыналардың Оның мен солыңда екі бірдей арысты телмірткенің неткенің?!

А й м а н. Бұндай сөзден сізді алыс деп ек батыр, әкеміздей екенсіз, сөзіміз шалыс келіп жауаптассақ ұят-ау!.. Мен айтсам қызыққан да, таңдаған да жігітім жоқ... Көз танысқа көрмей жатып құштар болар біз емес десек не дерсіз?

Б а с ы б а р (*көп қыздарға қоразданып*).

Ендеше, жымнан шыққан жолбарыс бар

Шындаса бойда күшін сол қарыштар.

Шулаған шие бөрі үнін басып,

Ақырып “мен бармын” деп ол дабыста! – деген болса, не дерсіндер, осынау асыл арулар...

А й м а н (*күліп, ойнақы*).

Мекені жолбарыстың сар қамыстар,

Ішінде талай жәндік бар қамыстар.

Жолбарыс жымында ойнап көкше қоян,

Күштіні күлкі етер бар сол қамыстан! – дегенге сіз не дерсіз, атажан?

Б а с ы б а р. Уайқай, уай-уай... Құбылған сайқал дүние-ай! Көркейіп тұрған күйін-ай, уылжыған тәтті жас! (*Қасындағы шалына.*) Әкетер ме ем, үйіме-ай... (*Арыстанға.*) Уай, сен жарықтығым, бұл жаратқанға жазған ба едің, нені көріп, неден жасқанып жүрсің. Сындырма менің сағымды! Бойкүйез мең-зең азбан болмасаң, ең жақсысын таңдап ал мынау арудың?

Ә л і б е к. Ол ерік Арыстанда болса айтарсыз. Тап сондай тілек бізде болса нетесіз?

Б а с ы б а р (*Арыстанға*). Солай дей ме, ендеше, өлсең де тап сол Айманның өзін ал! Таласта тайқып түсер Шекті ме екен!

М а м а н (*аиуланын*). Уа, кім салды балаларымды сұм саудаға? Тый тілінді, шыдамаймын қорлығыңа бұдан әрі!

Б а с ы б а р . Ә, ә. Сен Маман, қытығыма енді солай тидің бе? Жыныма тисең: тілеген таңдағанын алғызамын, әлде бұл тұста да күшімді сынағың келе ме? (*Айман мен Шолпан орындарынан тұрып, әкесіне тақайды.*)

А й м а н . Алдияр, асыл әкем, еркін білсін. Бізге жібер, егесетін ершігешке өзің емес, балаң күлсін.

Ш о л п а н . Ашуыңнан садаға, қайран әкем... Өшікпесе өртеңіп өлсін, айтқаныңнан садаға...

М а м а н (*үдей түсін*). Құтыруын қарашы бұл қу шоқпардың! Әулек асқақ мінезің үшін, сол шоқпарың әуелі өзінді ұрар тілесең!..

Б а с ы б а р (*аиуға басып*). Ә, солай ма, олай болса сертімді есті! Білмей жүрген екесің, құл етермін Жетіру құлақ кесті. Қатын жоқ бұл қыздардан Әлібекке, қолыңа мал бермеспін жалғыз бесті.

М а м а н (*қарсы ақырып*).

Оңбайын, шолақ кедей, сені үдетсем,

Шектіге бала беріп мен жүдетсем!..

Б а с ы б а р .

Ендеше, мен шабамын, шаптым, ойбай,

Аяман қоңыз теріп босып кетсең!

Қатын қып қос қызыңды қолмен алып,

Құтыңды қопарайын астан-кестен.

Маманға қамшысын білеп ұмтыла береді. Жұрт екеуін де жібермейді.

Жанжал, шу...

Ш ы м ы л д ы қ

ҮШІНШІ АКТ

Үшінші сурет

Түн. Сахна ауылдың ортасы. Айнала тұрған ақ үйлердің сырттары көрінеді. Ортада ең үлкен Маман үйі. Екі жақ жанында отаулар. Екі отау да оюлы, кестелі. Бұлардың екі жақтарында орташа бозғыл үйлер. Ауыл азан-казан. Шабуылдың қалың шуы.

Дауыстар.

— Аттан! Аттан!

— Қапта! Қапта!

— Жасаған-ай, сақтай гөр! Ойбай!..

— Сұмдық-ай!

Сахнада әрлі-берлі қарбаласып, есі шығып босып жүрген әйелдер, қыз-кыркын, кәрі-жас. Бұдыраған шаштар, үстінде жөнді лыпа жоқ жалаңаштар да бар.

Шабуылшылар дауысы.

— Ал қапта! Қапта!

— Тапта Маман ауылын!

— Тапта, қапта! Қират тапта!..

Ауыл ерлерінің дауыстары

— Қайт! Қайт!

— Түс! Түс!

Аз-аздап найза, сойылмен қағысып жүргендер байқалады.

— Уа, шіркін-ай, тайт жоғал! Уай, кәпір-ай!

Төбелес үстіндегі үндер.

— Бас көзінді, бас!

— Түс, түс! Қайт шапшаң!

Қайт-қайт, жат жөніңмен!

Дескен егес кыжалдар. Сәлден соң келгендер жеңіп шығып, ауыл адамдарын айдап қырып, қуып бара жатады. Ақыры Басыбар қолы жеңіп мегдетуге айналады. Сахнаға жүргізген бойда Айман, Шолпан, Жарас пен өзбек жігіті шығады. Соңғы екеуінде көйлек те жоқ. Жалаңаш етке шапан-шекпен ілген, жалаңаяқ.

Айман. Жарас-ау, ағатай-ау... Көресің бе, не сұмдық? Бұған не шара?

Ш о л п а н (*ызалы, жер тепкілеп*). Бұны көргенше мені неге жұтпайды мынау қуарған қара жер!

А й м а н . Асқақ едік. Байдан да, бағланнан дақылығы асты ғой мына жаудың! Осындай да құзғын бар ма еді әлі, әл жетпес?

Ж а р а с . Басыбардан сақтасын деп айтпап па едім, сорлы бауырларым! (*Ойланады.*) Амал-айла не болад?

А й м а н . Тап, Жарас, шындасаң сен табасың айласын! Пана тұттым сені, еркек емес пе ең?

Ш о л п а н . Бүлдірген сенің елің ғой қу Шөмекей! Тойың құрғыр! Тойына бармасақ тыныш болмас па ек?

Ж а р а с . Басыбар пәле басы ежелден! Тәңірім солай құтыртқан қара шоқпар емес пе?

А й м а н . Айтсаңшы, Жарас, құтқарар ақылыңды айтсаңшы тез?

Ө з б е к . Я Хожай Баһаутдин, я Ғаусұл-Ағзам! Лә хау-ла уа-лақуати... (*Ерні жыбырлап дұға оқи береді.*) Бізге-ям рақым ет, мәдәт бер, Жарас аға!

А й м а н (*Жарасқа*). Айтшы шапшаң, бар ма берер көмегің! Мынау қысылған, құрыған шақта? Тентек пен тексердім бе мақұлыңды.

Ж а р а с (*Айманға оңашалап*). Екі дәудің пәлесі әрі аз ғана, әрі момын елім Шөмекейге түсе ме деп сол үшін пәрмәнә болып ем. Енді ол екі бүліктің егес-кеселі сорлы қыздар, аяулы бауырларым, қорғансыз жақсыларым сендерге дерт боп түсіп тұр! Еттім құрбан бар күш, бар өнерімді жолыңа! (*Шолпан мен өзбекті қоса.*)

Ал енді Жарас деп біл жақыныңды,
Мен білген аямайын ақылымды.
Бұдан соң не көрсем де бір көрейін,
Қайтейін күн туған соң сапырынды!..

Айман мен Шолпанды шеткі үйлерге қарай қорғаштай
сыбырлап жөнелтіп жіберді.

Ө з б е к . Әкежан, жан-жанан, мен не болам? Я ханнан мен қайтейін, Жарас аға, маған да ақылыңнан қарас, аға!..

Ж а р а с . Үндеме берқарай жүр, сорлы бала,
Екеуіміз келіншек боп киінейік,
Демейік, келісе ме, жараса ма?

Жетектеп алып жөнеледі. Маман ауылын қорғаған соңғы топ, селдір топ
жөңкілеп қашып шығады.

І қ а т ы н *(қашып, ұрысқан боп)*. Ойбай-ау, мынау әлгі
батыры ғой!

І І қ а т ы н . Бетіне жан шыдатпас кәпірі ғой.

І ж і г і т . Қаш, ойбай, жаның барда, жөніңді тап!

І қ а т ы н . Батыры, беті жаман кәпірі ғой.

Басыбар шығады. Соңғы бір жігіті өзі найзалап қуып келген.

Б а с ы б а р *(мақтанып, қоразданып, енді жай, балпаң ба-
сады)*.

Қоңыраулы найза қолға алып,

Қоңыр салқын төске алып...

Алысқаннан есті алып,

Ерте алыссам, кешке алып!..

Жігіттері жығып салған ауыл адамының кеудесіне найзасын түйреп,
аяғымен басып тұрып сөйлейді.

Жықпай қойман жығанды,

“Олда құдай өлдім” деп

Оқи бер қу дұғанды... *(Қолдарына.)*

Әкпел енді қалғанды,

Жалпағынан жалпита

Басып өткен жалғанды!

(Маманды байлап әкеліседі.)

Бір сен емес талайдың

Басына әлек салғам-ды.

Егесетін неме ғой!

(Ақырып.)

Танытайын тәңірісін

Батыра ұрып балғамды!

М а м а н .

Қу Басыбар асарсың,

Асарсың да тасарсың.

Осыған орай жалғыз-ақ,

Көрерсің сен қорлықты,

Басыңа ұлық салған-ды.

Б а с ы б а р *(Маманға тап беріп, сақалынан алып тұрып,
пышағын жарқ еткізіп суырады)*.

Ендеше, шағымыңа қоса тіркет,
Жағадан, кеңірдектен алып тұрып,
Сақалды қырқа кесіп мен алған-ды.

Арсаландап Арыстан шығады да, арашашы боп

Басыбардың қолына жабысады.

Арыстан. Қой-қой, батыр-еке! Уай-хай, батыр, сауға! О,
қой батыр! Сорлыны арманды етіп өлтірерсің, бер тілегімді!

Басыбар (*Арыстанға*). Нең бар еді килігіп?

Маман. Босат сақалымды!

Басыбар. Қатқаныңның басы! Қатқан бабаңның басы!

Арыстан (*Басыбардың қолына жармасып, пышағын ала беріп*). Жетті, батыр! Бер сауға!

Басыбар. Қатқаныңның басы, неге жармасасың қолыма!

Маман. Ей, қанішер! Шыдасаң сақалды алма қу басымды
ал! Онсыз да өлмеді деп тұрмысың мені!

Басыбар басын шайқап қоя береді. Арыстан арашалап алған

Маманды алып кетіседі.

Басыбар (*Арыстанға*).

Ендеше, сақалды олжа, қызы қайда?

Жігіттері іздей жөнеледі.

Болмады, қызы бардан тапты пайда!

Арыстан.

Батыр-ау, ат жонына саламыз ба,

Тимей-ақ қойсақ қайтед осындайда!

Басыбар.

Қор неме, өзің-ақ бол жорға майда,

Сол демей, неге келдің осы жайға?

Іздегем күндіз-түні мақпал қызды,

Қыз қайда, деймін ойбай, қос қыз қайда?

Айман мен Шолпанды ұстап әкеліседі. Арыстанға.

Бәрекелде, қос қызы қатар кепті, бір сенің алдыңа! Не дейсің,
енді де өкпең бар ма, сірә, маған?

Арыстан. Батыр-еке, ендеше, Шолпан дейтін қызды
әкетейік. Біреуі де жетеді. Ана Айман деген қызы қала-ақ қойсын!

Басыбар. Не дейсің сен мұрдар-ау! Не деп тұр осы жаман
шартық! Әлібекке қыз қалдырсаң құдай ұрсын сені!.. Сендей

болсам бесеуін өзім алмас па ем? Қос қатын алуға жарамасаң
неменеге тірі жүрсің? Екеуіне де бай табам! О да жүрсін.

А р ы с т а н . Ап кетіп оны қайсынымыз аламыз? Зорлықтың
да орайы бар, қойсақ қайтеді осыны?!

Б а с ы б а р . Бір қызға бай таппай, құрып па исі Шекті. Ала-
рым жалғыз қыз болса несіне босқа сабылдым?

Қол жігіттеріне екіленіп сөйлейді.

Егестік екісі емес, қырық қызын да,
Жиындар, неге қоям олжа қылмай!
(*Арыстанға.*)

Қор неме, қорлығыңды өткіздің-ау,
Тимес-ау саған қатын ел шыбалмай...

Жігіттер бірнеше қыздарды әкеп, тізе береді. Әйелдер сыңсып жылауда.

Жалғыз Айман жігерленіп, өзгере құбылады.

А й м а н .
Басеке, рұқсат қыл, ес жияйын,
Жыламан, көзімнен де жас тияйын!
Қайран ел, сайрандатқан ыстық ұям,
Не қылып, есім барда мен қияйын!
Жалғыз-ақ бір сәлемім қалсын кейін:
Жауымнан айырған жан алсын дейін,
Әлібек жаны болса іле қусын,
Тоқталмай атқа тоқым салсын дейім.

Ш о л п а н .
Жалмауыз жау көзінше бас имейім
Қу нөкта шабындымен мен кимейім!
(*Арыстан Шолпанға жақындап.*)

А р ы с т а н .
Шолпанжан, көп тарылма түбі қайыр,
Батырдың ашуына мен күймейім!
Ш о л п а н (*кекетін*).
Әрине, бар жазғаның ел шапқаның,
Жалғыз-ақ өлсемдағы мен тимейім!

Ауыл тонаған бір топ жігіт жетіп келеді.

Алдарында арсалаңдаған құрдас шал.

Ш а л (*Басыбарға*). Уай, айызым қанды ғой, құрдас.
Талайдағы шабуылға салатын адуын ашуым кернеп бір келген

екен өзі де! Найзаны оңға да сермедім, солға да сілтедім. Несін айтасың, білек құршын бір жазып қалдым... Бір жасадым-ау!

Б а с ы б а р . Бабаңның қатқан басы, қырған шығарсың! Кімді шаптың, не таптың?

Ш а л .

Маманның дақ түссін деп досына да,

Керуеннің қол қойғыздым қосына да.

Артқа қарай нұсқайды. Екі әйелді алғызып шығады. Бастарында шапандары.

Олары Жарас пен өзбек жігіті.

Ж а р а с *(әйел даусымен)*. Ауыл толған сыпыра жау екен! Бір үйден баспана тапсақ деп жүріп батырға тап болдық қой сорлы басымыз!

Жасанып тұрған жігіттерден жағалай жасқанып жүріп,

Басыбарға соқтығып қалысады.

Б а с ы б а р *(бұл екеуін ұстай ап)*.

Қозғалма, үн шығарма, бас-көзінді,

Кімдердің қатыны едің, айт сөзінді?

Ө з б е к ж і г і т і . Я хожай Баһаутдин, я Ғаусұл-Ағзам, мә-ән хатыным.

Б а с ы б а р *(екіншісіне тап берін)*.

Не дейді, маңырай ма мынау мылқау,

Қайтеді алып кетсем тап өзінді!

Ж а р а с .

Ма-ма-ман хатыным...

Ш а л *(шелііп, мықынын таянып)*.

Шықпаса шыққыр көзім танып тұрмын,

Толайым саудагердің қатыны осы...

Б а с ы б а р .

Ендеше, бірге жүрсін, ал да жөнел

Айманға тіркеу болсын қатын досы.

(Қолға айғайлайды.)

Қайтадан тарт ал енді,

Келістіре жер қылдым

Егесетін бәлемді!

(Найзасын аспанға сілтеп, білеп.)

Осылай болар қайратым,

Тітіреткен әлемді.

Қыз, қатын *(кетіп бара жатып үн салады. Сыңсу сарыны).*

Алық-ау, тәңір, ерікті,
Құзғынға жем қып беріпті,
Көреміз бе біз елді?

А й м а н *(зар ән, қоштасудай сыңсиды).*

Сұм дәурен, қайда кеттің сайрандаған,
Қызықты күнім қайда жайрандаған!

Жағаға толқын ұрып, демім құрып,

Ақ шабақ болғаным ба қайрандаған!

Іште дерт мыс қазандай жай қайнаған.

Жолы боп, жаудың жүзі жайнаңдаған.

Толас жоқ әлі есітем әкем даусын

Артымда аңыраған “Аймандаған!”

Ш о л п а н *(қосыла сыңси).*

Баласы ем Маман байдың мыңды айдаған,

Қызықты көл дүниені ен жайлаған!

Сұр жорға, қара жорға теңселдіріп

Тұрманға меруерт, маржан зер байлаған.

(Әйелдер қосылады.)

Қан базар, шашылдың ба гүл жайнаған,

Өсіп ек қаққы көрмей шаужайлаған

Шабынды олжасы боп құлын, тайдан

Тұғыр боп кетеміз бе жау жайлаған!..

Ж а р а с *(жеке сыңсып бара жатып, халыққа).*

Е-е-ей, опасыз жалған-ай, жалған-ай,

Заманымның алуаны-ай,

Қорлықта жұртым қалғаны-ай,

Қыз-қатынға мықты екен

Басыбардың балуаны-ай...

Басыбардың балуаны-ай ... балуаны-ай...

Кетіседі

Ш ы м ы л д ы қ

Төртінші сурет

Ж а р т а с . Тоғай. Түн. Тігулі шатырлар. Тас бастарында қарауыл. Қол ұйқыда. Басыбардың Айман, Шолпанды алып келе жатқан сапары. Айман, Шолпан, Жарас, өзбек жігіті және шабындыға түскен бір топ әйел ұйқысыз отырады.

А й м а н . Қырсық жол, ауыр күндер бізге нәсіп болды. Дүлей жау мерейі асып, құтырып тұр. Жалынған да, жылаған да пайда берер түрі жоқ. Одан да келіндер жасымай, ақылмен іс қылайық.

Ш о л п а н . Осы қуарған күйді тірлік деп білесің бе! Әлі де өліп болғам жоқ деп отырмысың? Болмаса сүт үстінде қаймақ болған ерке қыз бұрынғы серуенімнің бірі дейсің бе?

А й м а н . Көңілім тасып, қызық іздеп отырғам жоқ. Қайғы серік емес, ақыл серік.

Ж а р а с . Ақылыңнан айналдым, Айман жаным. Ал, ендеше, қандай да болса айла-шарғы іздейміз.

Ө з б е к . Бәрекәллә ағажан, апажан, жүдә жақсы шүлөрың. Бомасам мин һәм уләр болдым хафадан!

Алшақ басып шал шығады.

Ж а р а с (*Айман мен Шолпанға*). Осы шал бізді көп торып жүреді. Екеуің жөн сұраңдаршы. Не сезіп, не білгені бар екен. Қайтер екен!

А й м а н (*шалға*). Қария!

Ш а л . Уай, мақпал қыз, мен қария емес, Басыбардың құрдасымын...

А й м а н . Айып етпеңіз, ендеше, атамыз екесіз ғой мүлде!

Ш а л . О, тұқым тұғияны құрыған... (*Жер тепкілен.*) Ата да емеспін мен!

А й м а н . Ойбай-ау енді не дейік, ақсақал-ау?

Ш а л (*тағы жер тепкілен*). Атама сақалымды да! Білесің бе, тұқым-тұғияны құрығанды, шауып келе жатқан мен емес пе? Уа, мен батыр...

А й м а н . Ал батыр ата, ендеше!

Ш а л (*тағы да жер тарпын*). Ата емес ойбай, сығыр! Тұқым-тұғияны...

А й м а н . Ал батыр аға, айтар сөзің бар ма бізге. Мынадай қамалтқан ауыр күнде айтарың бар ма, ағаке!

Ш а л (*қоразданып, қыздарға қызыға қарап*). Жайын біл деп Басыбар батыр жіберді. Ойламайды деп пе ең сенің күйінді?!

Ш о л п а н . Е, жаны да ашитын шығар әлде бізге! Есіркегеннен шапқан да!

Ш а л . Олай деме, асау қыз, мен айтайын тап шынын. Дәл осы отырған күйінде Басыбардың бары сол – сен жүдесең қоса жүдеп, сен күлсең мәз боп, қоса күлер күйі бар.

Ш о л п а н . Ендеше, жөней бер, ата! Мәз болғаннан бір түлеп отыр де мұндағылар! *(Шал кетеді. Өзбек жігіті ақырын ыңырсып жыр мақам айтады.)*

А й м а н . Не айтады екен бұл байқұс, үні қандай шерлі еді?

Ш о л п а н . Қу Басыбар қаңғыртқан, бұ да біздей сорлы еді.

А й м а н . Басқа да шері бар шығар, болмаса бұл сапарға күйдім, біттім дер ме еді!

Ш о л п а н . Сапар ғана дейсің-ау, көрем деген кер ме еді?..
Әттең ұл боп тумадым, кеудемді құса кернеді. Өлер-ақ ем бүйткенше, тілекті құдай бермеді!

А й м а н . Қойшы сонша тарылмай, егізде туған сыңарым, күйігің мені тербеді.

Ж а р а с . Қиналдым-ау мен-дағы, мұңдарыңды естісем, қысылғаннан қиналам, Жарас болып көрмеген қысталаңым осы екен. Екеуің үшін қысылып, шын мандайым терледі *(өзбек жігітіне.)* Уай, жігітім, бері кел, бастайықшы бір ойын, демеуші ме еді көші-қон оразаның ермегі.

Ө з б е к *(Айманға)*. Уай-уай, апажан, нимә хайла болады, азат болар бұл хафадан!

А й м а н *(орнынан тұрып)*.

Тұтқын боппыз біз мұнда

Қол-аяғын матаған.

Сонда да мойынсынбаймын,

Қор болармын алысуға жарамай

Жаси берсем күн санап!

Кел, сауыққа басыңдар,

Кейіс кетсін садағам!..

Ж а р а с .

Бәрекелде, Айманым,

Жақсы болды мінекей

Ойынға бәрін сайғаның,

Мен де сені қостайын,

Қозады бүгін қайдағым.

Қоса желігеді. Өзбек жігіті бастаған өзге топ билеп жөнеледі. Тұсаулы, шырмаулы тұтқын жастың азаттықты көксеген серпін жалынын танытатын би. Осы бидің орта кезінде қасындағы екі-үш жігіт жолдасымен бір жас жігіт шыға келіп, қарап тұрады. Көздерінен төменгі бет тұсын орамалмен тартып алған. Бұл еркекше киініп келген Теңге.

Т е ң ғ е *(өзбек биіне қызығып қарағандай)*. Жау шаба кетті
деп сеніп жүрсем, шырмалыпты ғой қызды тауып. Жасанған жау
дегені жайнаған қыз! Бұдан қызғанбай қайтып тұрам, құдай тоба!

Ж а р а с *(Айманға Теңгені көрсетіп сөйлейді)*. Айманжан,
дәл осы адам тегін емес, сезіп тұрмын. Кәзір шапшаң ғана тамаша
сауық-сайран құрып жіберші. Сыр бермей тулатып көрші осы
біреуді. Тұтқын емеспін, тоқалмын деп шапқа түртші!

А й м а н *(ойнақы, көпшілікке)*.

Сергелдең бар құрбылар, сейіл де бар,

Батырда бізге деген бейіл де бар.

Қызықтың бәрі тамам болды деме,

Бұрынғы көрген дәурен кейін де бар!..

Т е ң ғ е *(тепсініп)*.

Немене, келемісің қызық іздей,

Сөйлейсің жаңа түскен жеңгеміздей!

А й м а н .

Несі бар, батыр басын кемітем бе,

Тоқал боп, тигендер де болар біздей!

Т е ң ғ е .

Қарашы, бұл өнерді кім көріпті,

Қу шалға мұнда көрдім шын жерікті.

Теңгедей үйінде бар аю тоқал,

Берер деп ойлаймысың ол ерікті.

А й м а н *(іле сөйлеп)*.

Еркімен көнді дейсің қай көрікті?

Таңдауды біздің қолға кім беріпті.

Байлауы батырда ғой, мен не дейін,

Бұл күнде тоқалынан ол жеріпті.

Т е ң ғ е .

Сөзіңнің жаңа ұғындым дәл іргесін,

Ердің ғой осы жайды сен білгесін.

Оны да айт, қайтер едің қарсы шықса,

Сенімен тайталасып жау күндесің?

А й м а н .

Олай болса қайтемін,

Сыбағасын берем де

Қалдырмай жіп сіргесін!

Батырға бұйрық етермін.
Нақ сүйер етіп өзімді,
Теңгені күнге тіркесін.
Суыммен кіріп, күліммен
Шыға жүріп, сор қайнап,
Ағызар бастан сіркесін!
Теңге.

Солай, сөйтіп құртам де,
Жауласқанның жүйкесін!

(Осы шақта бұның алдына иіле бұралып, қас-қабағын жайната күліп, көркем жігіт өзбек құбыла билейді. Теңге таңдана қызығады! Жігітке еңсесі ауғандай, өзін өзі аңдамай ере түседі.)
Ойпыр-ай, мөлдіреген байқұс-ай, мынау қандай тәтті жан еді жаным-ау?..

Өзбек *(өзі де қызыққандай)*. Жан-жанан! Жан-жанан!..

Теңге. О, қолқа бауыр, жүрегім!.. Қандай еді! Құбылып жанған көркі қандай еді мынаның! Лебі қандай тартады! Қызықса түге осындай перінің жігітіндей мөлдіреген жасқа қызықсашы мұрдар! Қу шал деп құмартқан не сұмдық? Кәне қайда ол немесі, көріп алайын әуселесін!.. *(Әлі де өзбекке қызыға қарап жөнеле береді.)*

Жарас *(Айманға)*.

Ал, жылы ізін суытпа осы шудың
Жіберме, етегінен ұста қуды!

Айман мен өзбек, басқа жұрт Теңгенің артынан салады.

Жарас жалғыз.

Сүйер де, қызғанар да дәнемем жоқ,
Тым құрса тоқал болмай неге тудым?

Басыбар, Арыстан, шал және екі-үш нөкер жігіт шығады.

Басыбар.

Дәурен-ай, дәурен-ай ...
Басыма түскен әурені-ай!
Кезек иіскеп жатар ма ем,
Екі бірдей сәулені-ай ...
Болмады, пай-пай, болмады.
Қызды құшпай, па дүние,
Көңілдің дерті солмады.
Қоңыраулы найза қолға алып,

Қоңыр салқын төске алып,
Қырымнан қыран болжады ...
Келтірші шапшаң қыздарды,
Үлеске салам олжаны.

Әйелдерді алып шығады. Төрт әйел, бәрі де бастарына жібек жамылған.
Ақырын басып, сыпайы жүріп келіп батырдан төмен отырысады. Басыбар
әйелдер келе жатқанда.

Дәурен-ай, дәурен-ай ...
Келе жатқан сәулені-ай!..
А р ы с т а н (*өзіне*).
Әттең дүние, жалған-ай ...
Екеуін бірдей алар ма ем,
Болмас еді арман-ай?
Б а с ы б а р (*қасына жақын отырған әйелге*).
Түнеріпті түсіміз,
Түн ұйқысын бөлгендей,
Бе-еу, қабағымыз қатыңқы,
Күдере бел, күпшек сан,
Үдере жортып желгендей,
Уа беу, көңілге күйік батыпты.
(*Қасындағы қыздың бетін ашап ақ боп.*)
Уау, ақша бет Айман,
Е, дүние жалған
Ақ жүзінді көрсетші
Мен де сен деп бет алғам!
(*Басыбар қасындағы әйелдің бетін аша береді.*)
Ақша маңдай қасын-ай,
Түймедей болған басын-ай,
Қырлы мұрын көрінді,
Әдемі нәркес көзін-ай
(*Мұрты ашылады.*)
Мұрты бар ғой, сұмдық-ай!
(*Өзбек жігіті болады.*)
А р ы с т а н . Мұрты бар ғой, сұмдық-ай!
Ш а л . Мұрты бар ғой, сұмдық-ай!
Б а с ы б а р . Кеселді, сен кім едің, ой қуарған?
(*Шапанды жұлып алып.*)
Неге сен қатын емей еркек болдың?..

(Ұрып айдап жібереді. Екінші әйелге.)
Жарықтығым, Айман жаным, қайтшы райдан,
Жаратқан айналайын бір құдайдан!..

(Бетін ашап қалады).

Тап қылған сені маған тәңірім тағы,
Сескенбе кездесті деп әлдеқайдан?

(Бетін ашады, ол Жарас).

Сақалы, сақалын-ай, мынау сұмның!

А р ы с т а н , ш а л *(тағы да қоса үңіліп).*

Сақалы, сақалын-ай, мынау сұмның?..

Б а с ы б а р .

Мазағы болыппыз-ау мына жынның!

(Бас салып ұрмақ болып)

Жарайын осы арада ит жемі қып.

Кім сұрап алар екен құнын бұның?

Ж а р а с

Басеке-ау, менде тіпті жазық бар ма?

Қатын деп алғыздың ғой барғандарға?

Жөнеле береді.

Б а с ы б а р .

Қыз емес, қыз дегенім бәрі де азбан,

Қу құдай, жерім бар ма саған жазған!

(Үшінші әйелдің желегін тарта жүлып алады. Ол Айман.)

А й м а н .

Батыр-ау, менің қанша жазығым бар?

Алдыңа иба қылып келуімнен

Өзгеше не қылып ем жолдан азған?!

(Тұрып жөнеліп кетеді.)

Б а с ы б а р .

Қап, болмас, орайы бар ашуының,

Себебі өзім болдым қашуының!

(Жарас Теңгені ертіп шығады. Теңге батыр киімінде.)

Мына біреу кім екен,

Қайдан жүрген неме екен?

Ж а р а с .

Көк атты көлденең ұл менмін дейді,

Олжалы кәрі батыр көрдім дейді.

Бұл жігіт сұрап отыр сыбағаны,
Сауғаға қыз алғалы келдім дейді.

Б а с ы б а р *(атып тұрып)*.

Мен бе екем, өзім алмай қыз беретін,
Не дейді, қай күшіне сендім дейді?

Т е ң г е .

Дегені рас Жарастың,
Жолым үшін таластым.
Бересің, батыр, қыздарды!

Адаспаңдар бұл жерде
Бұрынғының жолынан.
Бермес болсаң жолыңмен
Тартып алам қолыңнан!..

(Кетіп қалады.)

Б а с ы б а р .

Ха-ха-ха, көрсеңші бұл неменің әуселесін!

Жол деген сылтау қыпты бірнемесін.

Маманның матап алдым қызын өзім,
Жатқа жоқ алты аласым, бес бересім!..

Кетеді. Жарас, Айман, Шолпан шығып, өзбек жігітін шақырып алады.

Ж а р а с .

Көрдің бе шауқар шалдың қу ниетін?

Алдында азап от бар көп күйетін!..

А й м а н .

Ендеше, ақылын айт, қайтпек керек,

Не дейміз ажар болса шын тиетін?

Ж а р а с .

Қуғыннан болмай жатыр әлі дерек,
Ойлашы, бала едің ғой ойың зерек.
Шолпанда Арыстанның дәмесі бар,
Айламен соны да өз қып алмақ керек!

А й м а н .

Бұнысы тапқан ақыл Шолпан көнсе,
Болмаса қайғы отына мен күйем де!

Ш о л п а н .

Не болды өзің теліп, жарқыным-ау,
Жауымнан қорыққанымнан мен тием бе?

А й м а н .
 Тимейсің, тіл емізіп күнелтесің,
 Ойлашы қайда отырсың осы күнде?
 Үйдегі еркелікке көп сүйенбе!
 А р ы с т а н .
 Шұғыласы қандай күшті еді,
 Түн ұйқыны бермеді!
 Ш о л п а н (*мұңайған боп, өтірік байқамағансып*).
 Жетер деп ем Әлібек,
 О да қуып келмеді.
 А р ы с т а н .
 Көзіңе бір ілмейсің,
 Мен де Арыстан батырмын.
 Бір ерден басым кем бе еді?
 Ш о л п а н .
 Не қылайын құр күшті,
 Сіз сілтеген бір таяқ,
 Еркіңіз батыр қолында,
 Оңға да солға сермеді.
 А р ы с т а н .
 Намысым қайда, жаным-ау
 Шабындыдан түскен қыз,
 Қалай-қалай жерледі?
 (*Жарас Шолпанға*).
 Ж а р а с .
 Сейіл-сейіл болғанда,
 Сергелдең де сейілді.
 Арыстан құрбың келіпті.
 Достыққа беріп бейілді.
 Ш о л п а н .
 Қайтейін құр бейілді
 Қандырмаған мейірді.
 А р ы с т а н .
 Қайтсем жібір тас көңіл
 Үнемі маған зейілді!..
 А й м а н .
 Құбылған жас көңіл ғой
 Ілгерілі-кейінді...
 Түбінде Шолпан түсінер,
 Бауырымды зейінді!

Ж а р а с *(барлығына).*
Ал енді бәрінен де батыр қиын,
Тас түйін бірігейік осы жиын.
Егессе тас-талқан қып шырқ бұзады,
Ебіңе бірігіп ап, енді сыйын!..

Барлығы мақұлдағандай болады. Басыбар шығып келеді.

Б а с ы б а р .
Уай, дәурен-ай, дәурен-ай,
Басыма түскен әурені-ай!
Кезек иіскеп жатар ма ем,
Екі бірдей сәулені-ай!
(Жастардың тобын көріп.)
Пай-пай, мынау не, түге,
Ойыны әлі қанбаған,
Не қылған ішің толғыр ед?
(Әйелдер кетіп қалады. Арыстанға.)
Жат жөніңе, Арыстан,
Жау-жөнекей немеңе,
Қыз-қырқынмен табысқан?
А р ы с т а н .

Жау болғанда қайтушы ед
Мен де бірге шабыскам.

Б а с ы б а р . Жә, осы алатының қайсысы, жөніңді айтшы
жарықтығым, көп керісіп салыспан!

А р ы с т а н . Сол тандаумен толқып жүрмін де, әлі байлап
шешкем жоқ. Несіне бүгін асығам, жау қалды ғой алысқан!

Б а с ы б а р . Бәрекелде, әлі таңдап болмасаң, ендігі жол
өзімдікі, менікі! *(Арыстанды сөйлетпейді.)* Бұл естірттер байлау-
ым, дауым емес! Менен қалғаны сенікі *(Жарас көрінеді. Басыбар*
соны шақырады. Арыстан кете береді.)

Уай, шірік, бері кел де маған қарас!

Жарас тақайды.

Білдің бе қысылдым ғой, беу-беу Жарас,
Мінекей екі бірдей күн-түн өтті
Ішті шер кернеп барад қайттім, Жарас?
Ж а р а с . Не дейді, батыр-ау! О, опасыз қу жалған! Бұзылған-
ау тегі асқазаны!

Б а с ы б а р . Бабаңның қатқан басы. Асқазаным сені жеп
койсам батырады! О несі екен сандалып?

Ж а р а с . О, қу жалған, онда не қып маза кетті?

Б а с ы б а р . Уа қуарғыр, сұлу қыз деп құса болдым! Құса
болдым асыл ару деп!

Ж а р а с . О, опасыз жалған, ойбай сорлы басым мынау ма
еді! Ал бұл енді шыны қиын! Ит кешу, қиын асу бәрінен де бұл
қиын. Діңке құртар тас қамау!

Б а с ы б а р . Қатқаныңның басы! Адыра қал, сөзімнен садаға
кет!

Ж а р а с . Әй-әй қиын ... Мүлде қиын. Сондай қиын енді бұл,
қиын ғой!..

Б а с ы б а р . Уа, қысқарт, тас төбеңнен құдай ұрғыр!

Ж а р а с . Уа, қу жалған!.. Не жаздым ойбай батыр, не дедің
құр!

Б а с ы б а р . Қиынын айт дедім бе, қисынын тап! Тілқат бол,
тілегімді айт! Бар, шапшаң тұр!

(Жарас кетеді. Шал шығады.)

Ал шалым сен безей бер тіл-жағыңды,

Қыздарға бар, жауап әкел жағымды!

Ш а л . Уа, құрдас-ау, қыз-қатынға, қарқ олжаға баттық қой!
Мені де сен ойласаңшы! Олжа басы маған тиерін ойлайсың
ба, жоқ па өзің? Осындағы жолы үлкен өзім екем, ойлашы тым
болмаса мына ағымды! *(Сақалын ұстайды.)*

Б а с ы б а р . Аласың өзімнен қалған артығын. Алдымен алам
деп таласпа! Үйтер болсаң сертімді есті, ұйпап, күзеп аламын сор
бағыңды! *(Күледі. Жарас пен бір әйел шатырға келеді. Жарас
Басыбарға жақындайды.)*

Ж а р а с .

Басеке, маған жауап бермеді ғой,

Батырдың өзін алып кел деді ғой.

Б а с ы б а р *(қолбаң етіп тез тұрып).*

Мінекей жақсы лепес, жарым ырыс,

Ендеше, қызды қолға бергені ғой.

(Жарас екеуі шатырға келеді.)

Уау, ақшабет, жан Айман,

Айдалайын бір сені.

Жаратқан сонау құдайдан

Қолқам үлкен тегінде...

(Теңге шығып қарап тұрады.)

Қайтар болсаң райдан.

Ж а р а с *(Айман атынан сөйлеп).*

Бұл кісі жауап күтіп отыр сізден,
Не тілек тілейді екен дейді бізден?
Ала ма, жоқ болмаса жай жастық па?
Жауабын алсам дейді жүзбе-жүзден!

Б а с ы б а р .

Ат мініп неге асындым жарағымды,
Бастаған таудай тілек талабымды,
Болғанда жаксы лепес ай сұлудан,
Қалам ба жатқа беріп қарағымды!
(Теңге тепсініп келеді.)

Т е ң г е .

Сап батыр, қыздан бұрын мені жайла,
Елмісің, жауымбысың сөзді байла!
Олжаға бұл қыздарды мен аламын,
Көнбесең, көріп алам, күшің сайла!
(Шал көрінеді. Басыбар қасына шақырып алады.)

Б а с ы б а р .

Қарай гөр жер астынан жік шыққанын,
Естіп пе ең Көтібардың, сірә, ыққанын!
Тұр былай, олжа десең жаның олжа,
Сендейдің мыңын мегдеп шыныққамын!
Т е ң г е .

Шекіспей бекіспейді жол деседі,
Ендеше, тіл шешпейді, күш шешеді!
Б а с ы б а р *(Шалға сөзін мақұлдатып.)*

Мұрдар-ау, қайдан шыққан сұм немесің,
Кім деп тұр, осы кіммен егеседі!

Ж а р а с .

Күшіне, жолына да сенген ер ғой,
Болмаса, сірә, бұлай демес еді!

Б а с ы б а р .

Бұл ер боп, жер боп қалар мен бе сонда?
(Теңгеге)

Қайтпек ең тие қалса қыздар қолға?

Т е ң г е .

Алам ба, қайтарам ба ерік өзімде,
Аржағын өзім шешем алаң болма!

Ш а л *(кіжініп).* Пай-пай мынау неткен көргенсіз, қағып
тастар ма еді өзін жалпитып!

Б а с ы б а р (*Теңгеге.*) Жә, жетті, тентіремей жайыңа кет!
Т е ң г е .

Ендеше, мені жеңген қызды алады,
Алыспен ашылады ендігі бет!

Б а с ы б а р (*қатуланып, қаруына ұмтылып*).

Не дейсің, қашқан қатын мен болам ба?

(*Теңге сапысын жарқ еткізіп.*)

Т е ң г е . Олай болса алыстым, шық жекпе-жек!

Ш а л (*ұмтыла берген Басыбарды тоқтатып*). Қоя берші
осының әуселесін мен көрейін, омай-ай, тұқым-тұғияның
құрыған! Ал шыға қой жекпе-жек ...

Т е ң г е . Шықсаң-шық! Итаршы сендей құзғын шал да маған
керек, шық жекпе-жек!

(*Екеуі оқшауланып беттесе береді.*)

Т е ң г е . Атыспақ керек пе, алыспақ керек пе?

Ш а л (*Басыбар жаққа жалтақтай түсіп*). Атыспақ атаңнан
қалған, алыспақ керек! Тұқым-тұғияның ...

Т е ң г е . Келсең кел! (*Қанжарын тастап тап береді.*
Ағындап кеп шалды сақалынан ала түседі.)

Ш а л (*қалбақтап, дегбірі қашып*). Алма сақалдан, тұқым-
тұғияның ... Тиме сақалға, қоя бер сақалымды. Алма, алма
сақалдан!

Т е ң г е . Сақалшылын, сақалыңмен қосып құртайын сен
неменің тұқымыңды! (*Шалды алып соғып, тізесімен кеудесінен*
басып езгілейді.) Міне, өлгенің жекпе-жекте!

(*Жарас шалды сүйреп, Басыбарға қарай алып келеді.*)

Б а с ы б а р . Ө-өл, өлде маған, қор туған қортық! Жалпасынан
түскен нес! Тайт былай! (*Өзі әзірлене береді.*)

Ш а л . Сақалымнан алды ғой, ку көргенсіз. Қайтейін
сақалымнан алғасын!

Б а с ы б а р (*қаруын қамдап жатып*). Ой сақалың құрсын,
сүмелек!

Ш а л . Қайтейін сақалда қасиет, періште бар емес пе?
Періштеме, жебеушіме тиген соң не қауқарым қалушы еді?

Б а с ы б а р . Қатқаныңның басы! Сенің де сақалыңда қалған
періште бар ма? Әлгі ку тоқал Теңге сенің сақалыңдағы бар
періштені тегіс сыбап, талай қуып тастамап па еді рәсуа қып!

Теңге. Шық, жекпе-жекке! Үлкен батыр, өзің шық!

Шал (*Басыбарды сақтандырады*). Уа, құрдас, жазым болма, тегеуріні тым қатты кәпірдің! Сақалдан алуы тап сол әлгі ку Теңге сияқты. Ол да құрдас деп сақалымнан алғанда құтым қаша беруші еді. Тек осы сақалыңа сақ болшы! Ия, аруақ, қолдай гөр!

Теңге. Шық, жекпе-жек, жекпе-жек!

Басыбар.

Кәнекей келген керді мен көрейін,

Шыға ғой сыбағанды шын берейін!

Теңге (*атқып секіріп алдына кеп, өз бетіндегі салтыншағын жұлып алады*).

Не дедің мен бе тоқал алғызатын,

Асырып көрші кәне қыз мерейін!

Басыбар. Теңге ме ең ойбай, ку тоқал, ку Теңге!

Шал (*қамшыны ала жүгіреді*). Ой тұқым-тұғияның құрыған ... ку тоқал! Бәсе сақалымнан алғаннан-ақ, ұстасынан-ақ біліп ем! Ой тұқым-тұғияның... (*Қамшымен сабайды*.)

Теңге. Тайт арман! (*Итеріп тастайды*.) Тұр былай жолымнан, келме бүгін алдыма! (*Басыбарға тепсінеді*.) Ия, менмін жеткен! (*Кеудесін ұрып*.) Мен Теңге тоқал, аш көзіңді ақ көз сойқан!

Жарас. Теңге ме еді, жеңге ме еді жаным-ау? О, опасыз жалған! О, құлдыраған ку дәурен!

Айман (*Теңгеге*). Бәрекелде сапарың құтты болсын жас жеңге!

(*Теңге бұрқырап Басыбарға қаптайды*.)

Басыбар (*тура беріп сасқалақтап қайта жығылып, бақыра ашуланып, қамшысымен екі жақты бірдей сабайды*). Бұзамын ойбай қамалын, әлекті мүлде саламын! Құтылып көрсін қыз менен!!! (*Тұра беріп, қайтадан жер түйіп отыра беріп, құйрығымен жорғақтап*.) Аламын, ойбай аламын! (*Жер сабайды*.)

Ш ы м ы л д ы қ

ТӨРТІНШІ АКТ

Бесінші сурет

Аймандар тұратын отаудың бір шеті көрінеді. Сахнаның екінші жағы көк төбе. Басыбар қолына үкілі домбыра алып, қасына құрдас шалын ертіп, есіп келеді. Екі шал шалжаңдап, мәз болысқан күйде.

Б а с ы б а р .

Маманның қолымда отыр балдырғаны,

Тал бойын талайлардың талдырғаны.

Отыз күн енді бүгін өтіп барад,

Қамырығын қам көңілдің қалдырғалы.

Ш а л (*қостап, қоқиланады*).

Қырқылжың бұған дейін алдырмады,

Құйрығын қызыл тағы шалдырмады.

Зар күйі енді соғып кәрі қыран

Тепсініп тегеуріні салдырлады.

Б а с ы б а р . Уа, сорлы үнім енді ғана саңғырлады.

Ш а л . Қыранның аш дабылы даңғарлады.

Б а с ы б а р .

Тоятқа айдай Айман ілсем-ау деп,

Көңілде арман, сірә, қалдырмады.

Ш а л . Жаман жау жаяулаған жалбырлады.

Б а с ы б а р (*аңқылдап, күле түсіп*).

Тоқал да ту шолағын шандырлады!

Ш а л . Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп,

Б а с ы б а р . Еңбегін кәрің келед жандырғалы!

Төбе басына жақындап қалысқан кезде шал бұрынырақ шыға беріп, ар жағынан жауды көреді.

Ш а л (*күн салып қарап тұрып*). Тұра қалшы, батыр-ай, ой түп-тұғияның ... Қаптаған мынау неткен қол.

Б а с ы б а р . Уа, не дейсің, мұрдар, оның кім?

Ш а л . Алып тұр-ау үрейді!

Б а с ы б а р . Шақыршы білсін біреуді!

Ш а л . О тұқым-тұғияның ... Ойбой, батыр, қамың қыл, қуғын жеткен сүреңді!

Б а с ы б а р (*сасқалақтан*).

Тартшы, ендеше, тезірек

Белдеуде тұрған күреңді.

Жөнеліседі. Айман, Шолпан, Теңге, Жарас жүгіре шығады.

А й м а н .

Жеткен екен Әлібек,

Берерсің тәңір тілеуді!

Арыстан шығады. Артында қолы әзір, қарулы топ ере шыққан.

Арыстан да қару асынған.

А р ы с т а н . Көрдің бе келе жатқан жауды. Шоқпарымның дәмін татпаған екен. Ершігеш неме ғой, қызыл тақия кигізейін. Ұстандар, өзін ұстандар Әлібектің! Аттан! Аттан!

Қолымен жөнелмек болғанда Айман тоқтатады.

А й м а н . Тоқташы, батыр мырза! Осылай ма еді сенің сертің? Аз боп па еді тұтқындағы менің дертім. Егеспей, ұрыспай бітім тапсаң нетеді? Дәл осы сәтте өртеу де, түзеу де сенің еркінде тұр ғой!

Ш о л п а н (*Арыстанға*). Мен де есіңнен шыққаным ба, батыр мырза? Жә, көп сөйлеп арамтер боп сабылмаймын. Соғыссаң сен деп сірә қаларым жоқ, құтыр да бақсы боп кет жалынбаймын!

А р ы с т а н . Ойпыр-ау, Шолпан-ай, не деп маған тұсау салдың! Ат ойнатып кеп тұрған жауды қайттым, өлмеймін бе намыстан!

Т е ң г е (*Арыстанға*). Ой, жаным-ау, осы бәрің бірдей бақсы ма едің? Әлде ағаңның жындылығы тапшы ме еді? Егер қып, бір қора қып қызын алсаң да, сен намыс деген боласың! Жетірудың көргені жақсы ма еді?

Ж а р а с . Бәрекелде-ай, не десін сөз-ақтағы. Тентек Теңге, бәрінен өзің зор екесің-ау! Жанағы айтқан лебізің қандай жақсы еді!

Т е ң г е . Ал білiндер, ендеше, батырдың атын мен тыққызып қойдым ... (*Сирақты мылтықты жерден алып көрсетiп.*) Әдейі мылтығын да алып кеттім. (*Өзбек жiгiтiне ұсынады.*) Қолқабауыр-жүрегім...

Ө з б е к . Ой айы, апажан, әйнәнәй ... Алтыным апажан! ..

Т е н г е . Өй мөлдіреген байқұс, қолқа-бауыр-жүрегім. Сені ғана қимаймын-ау, осы бар-бар сергелдеңнен!.. (*Мылтықты қайта ұсынып.*) Тығындар, ал мына немесін тығындар. Кәрі бақсы өртеніп өлсін өлде маған!

Ө з б е к (*мылтықты алмай қашады*). О, әйнәнәй, апажан. Мен бұл пәлені алмаймын, қаһарлы қартың жаман, басыма пәле салмаймын.

Т е н г е (*Жарасқа*). Ендеше, сен тыға қой бір араға!

Ж а р а с . Қой, жаным, маған онсыз да шалың кәрлі. Күнде соққы жеп жүрген сор маңдай емеспін бе?

А й м а н . Ой тәйірі, бері әпкелші, қайтушы еді! (*Мылтықты жұлып алып, далаға шөп арасына тығып тастайды.*) Тығайын, жаласына мен қалмайым.

А р ы с т а н (*Шолпанға жанасады. Қыз сырдаң, салқын*).

Жауды мен, етсем деп ем жентек-жентек,

Қолымды ұстап қалдың Шолпан тентек!

Соғыспай бітім табам сертінді бер

“Тиём” де, бұрынғыша қақпа селтек.

Шолпан сырт айнала береді. Үн жоқ.

А й м а н (*қаруына қайта ұмтылып Арыстанды ұстап қалады*). Арыстан, мен кепілмін, тасташы көңілдегі күдікті. Біз бе едік белдескен жауың. Әлібекті алып кел де бітім тапқыз. Өз жөніндегі жауабыңды да сол жерде аласың, мұратқа өзінді де, өзгені де жеткізесің. Дегенім осы ғана!

Бұл кезде дөң басына қуғыншылар шығып бері келе жатады. Арыстан мен оның қолы ғана қалады да, өзгелер үйге қарай кетеді. Келе жатқан қолдың алдында Әлібек. Екі қол біріне бірі қарсы келеді.

А р ы с т а н (*Әлібекке*). Тау суының тасқынындай боп мұнша қолды не деп жиып әкелдің?

Ә л і б е к . Жесір іздеп келемін қорқамын ба? Мен де сендей іргелі елдің баласымын.

А р ы с т а н . Баяғы сөзді тағы бастадық па, ендеше! Қай қызды алмақ ниетің бар?

Ә л і б е к . Жөніңді өзің айтшы, қайсысын қалдырып ең! Әлде таңдауды маған салып, келгенімді тосып жүр ме едің?

А р ы с т а н (*кекетін*). Сөйтпесіме бола ма? Мыңнан талғап дәнiккен мырзасың ғой сен!

Әлібек. Батыр мырза, қылыш үстінде серт тұрмайды. Кең кісімсімей-ақ қой сен де! Кең, кемел сен болсаң құбақалмақ орнатар ма ең? *(Айман, Шолпан, Теңгелер шығады.)*

Арыстан *(бұларды елемей)*. Ер болсаң несі бар күшінді көрсетерсің! Мені қия сөзбен шалмақ бопсың ғой!

Әлібек *(Айманға қарап)*.

Ай-күнім, Айманжаным, денің сау ма?

Шырмалған ақ шабақ ең қиын ауға!

Артыңнан алас ұрып, келдім жетіп,

Болсын деп, бұл шыбын жан саған сауға!

Кешіктім, көп отырдың тас қамауда,

Қапамен дәурен өтіп күн санауда,

Жеткенім осы-ақ болды, кешермісін

Салсам мен тон тонауды қан талауға!

Шолпан, Айман.

Көп күндер болғаны рас кеткеніме,

Қиын жол көзің жетер шеккеніме!

Қырсығып, мал құтыртып өршеленген

Оралдым өңкей жынның еккеніне!

Бәрібір болып болмай өкпелі не

Ырзамын іздеушінің жеткеніне.

Мұндағы борыштарым Теңге, Арыстан

Шүкірлік солар жәрдем еткеніне!

Теңге *(Әлібек пен Арыстанға)*. Ал енді есебін тап та тез келіс екеуің. Болмаса асау батыр әлегін салып жатыр ана жақта! Бейбіт ел арандасып қалмасын. Ол құтырып қару жұмсаған соң қан төгіледі ғой.

Айман *(Әлібек пен Арыстанның қаруларын өз қолымен алады)*. Ал, ендеше, біз бұйырдық, екеуіңді табысты деп қаруларыңды алдық міне ...

Әлібек *(Айманға)*.

Айманжан, бір өзің деп көп ойлағам.

Айман. Менің де көп күтіп талғағаным сен болатынсың!

Арыстан. Екі қыз, бір түйінге себеп болдың ғой. Тентек жолдан тыйыл дедің, бұйрық еттің. Бірақ бұл жерден, сірә да, екеуің бірдей кетпейсің. Егеске жіберме бұдан былай, егес түбі не екенін көрдік қой!

Әлібек. Екі қыз қатарымен бұнда да қалмайды! Менің де кесер сөзім осы. Айттым да, мен де болдым.

Екеуі тағы шекісе жаздап жакындаса береді.

Сол кезде Жарас жүгіріп шығады.

Ш о л п а н (*Арыстанға*).

Әттең, әттең, осы,

Тоқтармысың, Арыстан

Ойларың бар ма

Басқа жәйді намыстан?

А р ы с т а н .

Тағы, тағы әлі тағы

Келесің бе қалыстан?!

Ш о л п а н .

Зорлықпенен зайыпты

Аты шулы ағаң алсын.

Сен қойсаңшы тым құрыса

Азамат дер бағаң қалсын.

А р ы с т а н .

Айрылар болсам өзіңнен

Ондай бағам арам қалсын.

Күні сеніп, айы батсын,

Бар тілегім тамам болсын.

Шолпаны жоқ Арыстанды

Ш о л п а н (*күліп*).

Арғы, бергі әруақ атсын десемші.

Бәсе, осылай десеңші

Ай бойына адасқанша

Осыныңмен кесеңші.

А р ы с т а н .

Айналайын ақ Шолпан

Қарық қылдың ғой десемші...

(*Сол кезде Жарас жүгіріп шығады.*)

Ж а р а с . О, опасыз жалған ... Бүліндіңдер енді естерің жимасаң! .. Тый анау-мынау талас-керісті! Тәуір-ақ бөгеп едім, болмай қойды кәрі батыр. Бақсы боп кетті мүлдем. Келе жатыр сый берем деп.

Т е ң г е , А й м а н (*Әлібек, Арыстанға*).

Ал енді олай болса көз бояйық,

Тегіс тату болған боп қарсы алайық!

Ж а р а с (*жұртты тегіс желіктіріп*). Бәрекелде, ендеше, мәре-сәре бола қап, у-шу, ду-ду ойын бастап, жау дерлік суық түсті тез жояйық!

Өзбек жігітін өзі еліктіре ойнай, билей жөнеледі. Сахнада тұрған барлық қол лап беріп, қызуға араласады. Соңғы кезде барлық адам тобы, құйын үйірген құмдай ұйытқиды. Бергі шетте өзбек жігіті жалындап, Теңгенің алдында жібектей оралады. Сүйгендей сүйсіне билейді. Теңге оның айналасында бар ынта-бейілімен құлай түсіп, құштар бола жүреді.

Т е ң г е . О-о қолқа, бауыр, жүрегім! О-о мөлдіреген байқұс! Елжіреген жүрегім ... О-о, құлдық әкекем (*Құшағына кіреді.*)

Шал ашулы, қолына қамшы алып, Теңгеге ақырып: “О, тұқым-тұқияның құрыған, о қу тоқал” деп намыспен қамшы үйіріп, айбар шегіп жүреді. Өзбек жігіті Теңгеге: “Жан-жанан, жан-жанан”, “алтыны”, “айы”, “апажан!” деп, шалды елемей қызыққан белгі жасайды. Басыбар жұлынып, бұрқ-сарқ етіп шыға келеді.

Б а с ы б а р . Көрсет! Көрсетші, кәне, көзіме! Мені қуып келетін кім? Әлек пен әбігер салатын кім? Селдей басып, ауылыма ат ойнатып, қолымнан қызды тартып алатын кім? Көрін, ойбай, көзіме! Шық! Шық қарсыма!

А й м а н .

Батыр-ау, сізден тартып кісі ала ма?

Алысқан асын жөндеп іше ала ма?

Алушы өкіл күйеу болар сізге,

Жазғанын біз көрерміз пышанаға!

(*Жарас, Теңге бастаған жиын сүйсініп күліп иіледі.*)

Б а с ы б а р . Не дейсің, қарқ қылғаның сол-ақ па еді, онда мен несіне жөндім, шаптым деп шарқ ұрғамын (*Әлібекке.*) Қулықпен құлдыратып алдамақ бопсың ғой, көрерсің сен немені шапқанымды.

Ә л і б е к . Уа, қарт батыр, алдияр, ұсынған мойынды қылыш кеспес демеуші ме еді! Дәл өзіңнің алдыңнан кес-кестеген жерім жоқ! Шапсаң да өз еркің. Бірақ күйеу болам! Бойсұнған соң бұл тілегім жерде қалмас, аяқ асты болмас, аға батыр!

Т е ң г е , Ж а р а с (*Басыбар сөйлейін дегенде қолдарын жайып, кезек бермей киіп кетеді.*)

Бісмілда ия аруақ, ата-бабам,

Сасқанда сендер демей кімді табам!

Тыңдаңдар оң құлақпен тілектерін,

Күйеуге осы болсын менің батам!

(*Көппен бірге қайта-қайта бет сипай*)

Алла ақпар, шырақтар, осы біздің жұбаптар. Батадан аттап қайтеді, батыр да бұған тұрақтар!

Жұрт бата қылып жатқанда Басыбар алас ұрып, әрқайсысын тоқтатпақ болады. Өзі де бір жағынан амалсыздан бетін сипайды. Жұрт шуылдап сүйсіне бастайды.

Д а у ы с т а р .

– Бәрекелде батырға,

– Бата берді ақырда,

– Өкіл күйеу - өз күйеу,

– Татиды ғой жақынға.

Б а с ы б а р (*шуды басып, Теңге мен Жарасқа*).

Бата қып менен бұрын, жынды көкек,

Екі сұм бұл пәлені кім үйретті?

Ж а р а с .

Батаны “бала етсе де байлау” дейді,

Біз емес бұрынғылар дәл сүйдепті!

Т е ң г е .

Батаның жөні келді, бермей қайтем...

(*Өтірік келгірсін.*)

Нең шығып, сенің оған нең күйрепті?

Б а с ы б а р (*Теңгеге тепсінін*).

Қуарған, қатын емес, құр сүйреткі

(*Жер тепкілен.*)

Сығыр-ау, құр қалдым ба шыныменен,

Жаусың сен, жауабымды кім билетті?

Т е ң г е .

Сап-сап!

Б а с ы б а р .

Жап, аузыңды, жап!

Т е ң г е .

Шыдай тұр, шыдай!

Б а с ы б а р .

Уа, тәйт, сұмырай!

Т е ң г е . Жетті, бақсы болып болдың ғой! Енді әке болып жол табасың. Ал қызыңды ұзатасың, жетістің ғой, өзің өкіл атасың! Сұрай келген мінекей, берді қауым батасын. Уа, мен өкіл анамын, құдай деп қана қасымда, енді теп-тек жатасың!

Б а с ы б а р . Тоба, тоба, ой тоба! (*Қайта құтырынып.*) Тұра тұр бәлем әлі ме, жайыңды мықтап табармын. Келістіре тағы да тік көтере шабармын! Әлі де талай пәлені, басына түгел жабармын. Шабармын, сірә, шабармын!

(Арыстанға қарай тап беріп.)

Алдың ба тым құрмаса сен таңдауды,

Қойдың ба асқақтатып әлде жауды?

А р ы с т а н .

Дегенім деген жерден шықсын менің,

(Шолпанды нұсқап.)

Аламын, мынау қызға денім ауды.

Ш о л п а н .

Қатын боп шабындыдан саған түскен

Тимеспін құлатсаң да басқа тауды!

Ә л і б е к .

Сөзіңе құлдық ұрдым, асыл айым,

Солай деп жөнге салшы бас асауды! *(Күледі.)*

Б а с ы б а р *(естіп қап, қайта қаптап).*

Не дейді, мынау мұңдар бата бұзды

Жібермен, олда оңбайын, бұл қос қызды!

(Арыстанға.)

Бересің жолды неге Әлібекке?

(Ұмтылып.)

Қоя бер, енді шындап қаным қызды.

(Талқан боп мылтығын жерден тауып ап)

Уа, аруақ!

Қырық жыл қырғын салайын мен,

Алғамын сендей қыздың талайын мен!

Аулымнан мен тіріде қыз кетпейді,

Қуғынды қырқа матап қамайын мен.

Мін ойбай, мін атыңа, аттан, аттан!

Бар жендет Басыбарлап жабайын мен.

Жұрт шуылдап шошып, қолдар қимылға әзірленгендей болады. Жарас топ алдына құлшына шығады.

Ж а р а с . Ауа, жұрт-ау ес бар ма түге! Әлі де жеткен жоқ па осы селебе! Ел емес пе ек, енді неге бермейміз жол келеге бар істі! Осы Маманның өз аулынан, өз қолынан қыз алсаң қайсыныңның басың кемиді? Бұл асыл ару немене, бөрі алып қашқан ылақ па, далада жұлмалап үлеске салатын! Есің бар ма, екі жігіт, екеуің де күйеу болып, үйлеріне барып, жасап, жабдықтап бергенін неге көрмейсің? Дүние, пұл десе екеуің қашан “тойдым, тоқтадым” деп ең? Жасаумен, отаумен алсаң қашан тар келуші еді тақияңа? Тоқтал, енді есіңді жи, сабаңа түс?

Әлібек. Құлдық Жарас, олай десең мен көнейін!

Арыстан.

Бәрекелде дегенім сол,

Жарайды, мен де тіпті үндемейін.

Теңге. Жөн осы тапқан ақыл өзгені қой! Құда болып Маманның өз қолынан қыз алуға, қасыма жолдас алып мен еремін!

Өзбек (қуанып). Әйнәнәй ақылыңнан, апажан, жан-жанан, алтыны, айы!.. (Билейді.)

Теңге (қызыққаннан шыдай алмай). О, мөлдіреген байқұс, садағаң кетейін қолқа, бауыр, жүрегім ...

Шал (естіп қалып, Теңгеге қамшы үйіріп). О, қу тоқал, тұқым-тұқияның құрыған... Сойып салам, құлқыны құрып тұрғанын бұның да!

Теңге (шалға). Қысқарт, ай қу шал. Жұрт көзінше жер қылармын! Қаудырлаған қу қақпас, саған қызығайын ба, бұған қызықпай?

Шал (тістіненіп, қамшысын білен). Тұра тұр бәлем, қу қатын, сойып-сойып берермін бәлем сыбағанды. Қара бұның қайдағыға қызығуын құлқыны құрып.

Басыбар. Көнбеймін, әлі-дағы көнбеймін, қызды тартып әкетпеді ме! Бермеймін, асырмаймын жау мерейін!

Жарас. Батыр, сабыр. Жау мерейі аспасын! Әлібек жылы ізімен, кәзір қайтсын! Өзі де қараңғыда там сүзіп жүр! Маманның аулында, кең байтақта танып алсын, мұнда кімді қуғанын да білмейді. Ол да, Арыстан да дегендеріне сонда жетсін!

Теңге. Арыстан.

Дәл байлау осы болсын әзір таңға,

Қылған іс аз емес қой бай Маманға!

Батыр да осы сөзге тоқтай білсін,

Жетті ғой, тыныштық берсін топты жанға!

Дауыстар.

— Мақұл-ақ, билік осы болғаны ғой,

— Бар есеп осыменен толғаны ғой.

— Қос қызды аулына ұзатайық,

— Тоқтады, батыр жөнді болжады ғой.

— Ал енді жолың болсын, Айман, Шолпан,

— Қайтатын күнің туды қырсық жолдан,

— Қасында Теңге, Арыстан, Жарас, жастар

— Апарып тапсырады үйге қолдан!

Ж а р а с *(Әлібекке)*. Байқұс-ау, неге тұрсың жөніңді тап, шалдың ашуы басылмайды сен кетпей! Жөнел тез, бар қолыңды ап!

Ә л і б е к . Тегі осы кыздан таңдағаным тие ме, мен қара жерді мүлде сипап қалмаймын ба?

Ж а р а с . Сауда сақал сипағанша демеуші ме ең өздерің! Сенің саудаң қалай ұзақ еді? Не көрсең де өз аулыңда көресің деспедік пе? Енді аузыңды жап!

(Әлібек қолын қамдап жөнеле береді.)

А й м а н *(Жарасқа)*.

Жарас-ай, өзің болдың анық ағам,
Асты ғой бәрінен де сенің бағаң!

Ш о л п а н *(қостан)*.

Басым аман қалғанға қарыздармын,
Айтшы бір көңіліңді немен табам?

Ж а р а с .

Үндеме, ақы алмайды жаман ағаң,
Әуелі аман-есен үйге қайтшы,
Еңбегім осы жолғы шын садағаң!

(Теңгеге.)

Ал, Теңге, қамданайық, не қып тұрмыз, *(күліп)*
Құдағи, баста жолды – құтты қадам!

Т е н г е .

Уа, кәне еретіндер екшеле бер,
Арыстан, айып анжы ескере бер!
Құда боп, жөн табысып, біз қайтайық,
Десеңші, бұл сапарға “дес бере гөр!”

Жастардың қуанышты ойыны. Теңге өзбекке тағы оралады. Өзбек жігіт оның алдында күйкылжып билеп: “Жан-жанан, апажан” дейді. Теңге: “О, мөлдіреген байқұс! Қолқа, бауыр, жүрегім! Қу жаным сенің соңыңда!” дейді.

Ш а л . Қысқарт! Қысқарт-ай, қу тоқал! Құлқының құрғыр, Басыбардан бетер бұ да құмар! Бұ да жасқа құмар қу тоқал! *(Қамшы үйіреді. Теңге елемейді. Жұрт шуына өзбекпен құшақтаса араласады. Жастар дауыстары.)*

Д а у ы с т а р .

- Құтты болсын, бұл сапар, құтты болсын!
- Қуанышқа жастардың қойны толсын!
- Бұлт айығып, күн шығып, күле жайнап,
- Қас ойлаған қара күш енді солсын!

– Мен де барам бұл тойға!
– Мен де барам сол тойға!
– Мен де қалман барамын,
– Біз барамыз шын тойға.

Ш а л (*Басыбардың қасынан ортқи жөнеліп*). О, тұқым-
тұғияның құрыған ... Еліктірдің өңкей мас! Мұнда маған неме
бар? Әйтеуір амал құрыды, сендерге ерем мені де ал!

Б а с ы б а р . Тайт, шығарма үніңді, кара мұны, қортық шал!

Ш а л (*алақтап, елігін*).

Жо, жоқ, батыр, аял жоқ,

Қалар болсаң өзің қал!

(*Теңгеге қарай қашиады*.)

Б а с ы б а р .

Тастадың ба, қуарған!

Ш а л . Жаспен болам не болсам! (*қутыңдап*.) Шалда не бар
суалған. Сен ел шауып ала алмаған тоқалды, мен ақыл тауып
алам! Е, бәлем!

Б а с ы б а р (*бір тұрып, бір отырып зығыры қайнайды*.
Жастар жылжи береді). О, тоба-тоба-тоба! Уа, тарт былай,
тоқта, түге! (*Жұрт тоқтайды*.)

Ж а р а с (*ойнақы*). Ой, опасыз жалған!.. Қайран батыр
қаймалған. Ал, батыр, ашу алды, ақыл соңы еді! Бар істің оңы-
солы ашылды ғой. Қасыңнан шал екесі шал да кетті. Енді тіпті
осы сапарға ере барып, екеуіміз өз аузымыздан бата беріп қайтсақ
қайтеді?

Б а с ы б а р . Бабаңның қатқан басы! Адыра қал сөзіңмен,
құрттың ғой, ку Жарас, жоғал арман көзімнен!

Ж а р а с . Сап-сап, батыр, сабыр қыл, бар көргенің өзіңнен!

Б а с ы б а р (*жұлқынып тұрып, ақырып*).

Уай, сұм-сұркия дәурен-ай!

Басыма түскен әурені-ай.

Жіберші, уа, жібер былай,

Сорлататын неме екен,

Сірә, мені сол құдай!

Уа, қайдасың, сен құдай!

Шұнақ құдай, құдай-құдай!

(*Мылтығын аспанға атып жіберіп жөнеледі. Жастар тобы*
шулап, күліп қалады.)

Ш ы м ы л д ы қ

С о ң ы .



АЙМАН

Үш акт, 5 картиналы

(Либретто)



ОЙЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАР

1. Жарас.
2. Әлібек.
3. Арыстан.
4. Айман.
5. Шолпан.
6. Маман.
7. Шешесі.
8. Көтібар.
9. Теңге.
10. Жантық.
11. Балпық.
12. Өзбек.
13. Қойшы.
14. Шал.
15. Қыз-келіншектер, бозбалалар және басқалар.

I АКТ

1-картина

Той болғалы жатқан салтанатты Шөмекейдің ауылы. Екі жақта тігіліп жатқан үлкен үй. Жарас қыз-келіншектердің арасында.

Ж а р а с .

Ой, Шөмекейдің тойы бар,
Елді жинап құрған думан-ай.
Ал енді жиып ән шырқайды,
Жиында тола берсін өкпе сайын
Басталсын осыменен тойбастарым,
Қызықтан қызық асын салған сайын.
Шөмекей жайлауында шандыр аттай
Іркіліп отыра ма өрлей шаппай,
Жадырайын ауыз жаппай.
Арыстан Маман қызын көргелі жүр,
Әлібек о да көмбе көмгелі жүр.

Ә л і б е к .

Батыр мырза, жол болсын.

А р ы с т а н .

Жол қумақ сізден болсын.

Ә л і б е к .

Мәссаған мен де өзіндей жолаушымын.

Жол қумақ менде неден болсын.

А р ы с т а н .

Тас қыратар кезінде кездесіппіз,
Бір түйін бір тілекті мекзесіппіз,
Текедей тіресудің жөні болмас.

Х о р .

Онысы рас.

Ә л і б е к .

Бәрекелде нетеміз біз егесіп,

Х о р .

Егеспеңдер.

А р ы с т а н .

Үстіме баса кепсің мұның қалай,
Кем бе еді менде сенен-ау бақ пен талай?

Ө л і б е к .
 Қайтесің күшінді айтып, билік айтсын,
 Онан да мынау тұрған топ жағалай.
 А р ы с т а н .
 Ендеше, Жарас айтсын ара ағайын.
 Ө л і б е к .
 Мақұл-ақ мен өзгені қаламаймын.
 Ж а р а с .
 Қой жаным, жай-жапсарың маған мәлім,
 Өтпес жарлық білекке жарамай.
 Х о р .
 Ой, Жарас сен айтқаның мақұл Жарас
 Ақтарып бер араларын-араларын.
 Ж а р а с .
 Ендеше, қыз да адамның баласы ғой
 Өзі айтсын екеуіңнен қалағанын.
 А р ы с т а н .
 Қыз айтса бай деп бұған жан баспайды,
 Бағыма қызды еліртіп бәйге етпеймін.
 Ө л і б е к .
 Батыр деп бұған қарай жан баспайды,
 Тең етіп қызды биге баламаймын.
 А р ы с т а н .
 Түсетін шабындыда ол бір байтал,
 Нарқымнан неге асырып бағалаймын.
 Х о р .
 Оның мақұл батыр. (2 рет.)
 Ө л і б е к .
 Жылқы еді қыздың байы ежелгіден,
 Би етіп табынуды қаламаймын. (4 рет.)
 Х о р .
 Біздің мырза қаламайды. (2 рет.)
 Ж а р а с .
 Мырзалар арам тер боп таласпаңдар,
 Боларын қайдан білдің қыз кімдікі. (4 рет.)
 А р ы с т а н .
 Алдымен бұрын келген жол менікі,
 Жөн білген бұны теріс демес еді. (4 рет.)
 Ө л і б е к .
 Жетіру менің елім, жол менікі,
 Қисыны болар жөн-жөн, жол сенікі. (2 рет.)

Х о р .

Ар батырдікі – батырдікі,
Ал, мырзанікі – мырзанікі.

Ж а р а с .

Бірің өл, бірің қал да маған десең,
Қоймадың қой десем де есалаңдар, есалаңдар. (4 рет.)

А р ы с т а н .

Ең жақсысын мен аламын болсаң да жау. (4 рет.)

Ө л і б е к .

Жол бермеймін кеудемде, сірә, тұрса,
Бұл басым сау, бұл басым сау. (4 рет.)

Х о р .

Әр қиястан қисыны жоқ егескен жау,
Батыр ал, ең жақсысын болсаң да жау. (4 рет.)
Әли мырза, ал ең жақсысын жол бермеңіз.
Кеудеде, сірә, тұрса бұл басың сау.

Ж а р а с .

Есалаңдар, ойбай-ау,
Есалаңдар, ойбай-ау.

А й м а н .

Жарасжан, топ жігіттер, сіздер кімсіз?
Мырзалар – мырзалар.
Білмедік жөн сұрадың айып бізден,
Боз бала – боз бала.

Б а л п ы қ .

Жасытты-ау перім, ендеше, Арыстанын,
Жерге тыққан жебейдей алысқанын.
Сымбаты мен қайраты теңдей болып,
Үлкен сый біле білсең, Айман жан-ау,
Қалқам-ау, табысқаның.
Майданда жеңген ер Арыстан,
Жау десе ол қарысқан
Асып туған атадан Арыстан
Данышпаным, данышпаным.

Ш о л п а н .

Батырын олай болса алсам ба екен,
Сол байдан қол үзіп-ақ қалсам ба екен.
Апажан, қалай дейсің,
Бұл күнде бір оқ болған батыр күні,

Сондықтан бай ұлына барсам ба екен,
Апажан, қалай дейсің.

Ж а н т ы қ .

Ау, кімнен төмен болыпты Әлібегім,
Әрі бағлан, әрі бай, қалқам-ау, салтанатты
Қиядан жемін тауып, қыран ұстау,
Ойлама әлде кім деп әлім берім.

А й м а н .

Қанекей қайсынымыз кімге ұнадық,
мырза мен батырын,
Сізден де енді жөнді айырайында,
Мырзам-ау, мырзам-ау,
Сіз-дағы тіл қатыңыз, асыл батыр,
замандас, замандас
Көзіңіз кімнің түсті шарасына,
Асыл батыр, замандас.

А р ы с т а н .

Әттең, дүние жалған ай,
Екеуін бірдей алар мед,
Қалмас еді-ау арман-ай.

Ә л і б е к .

Көрсін жұрт Әлібектің мырзалығын,
Жасынам міне сенде бас ұрған.
Аламын бермеймін де барды саған,
Тіпті де ылайық емес жарысқаның
Міне, Жарас, көрімдігі берген
Осы менің мырзалығым.

Ш о л п а н .

Анда жасап жүрген машығы ғой
Шынын айтты бұл жігіт енді қайтсын замандас. (3 рет.)
Қыздар да артық сүйгені саудасы ғой
Сауданы айтпай алдымен несін айтсын, замандас. (3 рет.)

А й м а н .

Жарық қылған мұндай дәурен көрген бар ма,
Бір күйеу екі қызда келген бар ма,
Таңдамай тізіп қана алып кетпек,
Мұндайда көңіл, пейіл берген бар ма.

Х о р .

Ақау, қызды көрсін, бізді көрсін
Есалаң ал мырзаға сен не дерсің.

А й м а н .

Тойында Шөмекейдің кездесерміз.

Ш о л п а н .

Сол жерге қайын боп кел, қалма арманда.

Х о р . Ахау, қыздар білсін, олар білсін.

Сонымен аңқау жігіт қала берсін.

Ж а р а с .

Ал, мырза, шыңына баттың ойдың

Мынаны айт қай қызына көңіл қойдың?

А р ы с т а н .

Жөніңді айт, олай болса кімді аласың?

Ә л і б е к .

Сен айтшы ниет қылдың қай баласын?

А р ы с т а н .

Жоқ, сен айт ыңғайыңды байқап көрем.

Ә л і б е к .

Жоқ, сен айт мұны тағы қайталайсың.

А р ы с т а н .

Сен айтпасаң айтпаймын ол да оңбаймын,

Осы сөзде тас болып мен қаламын. (2 рет.)

Ә л і б е к .

Рахмет, ендеше, жол беріпсің,

Тілегенім Айман еді соны аламын. 2 рет.

А р ы с т а н .

Жоқ менде бермен Айманды,

Менен асырмайсың айланды.

Ә л і б е к .

Жоқ алмай қоймаймын Айманды мен,

Тартынбаспын келген керден.

А р ы с т а н .

Жарас-ау, қайсы Айман, қайсы Шолпан,

Әуелі соны білген емес екен, емес екен.

Ж а р а с .

А, Айманның оң жағында Шолпан болар

Шолпанның оң жағында Айман-дағы.

А р ы с т а н .

Енді білдім, білдім бәрін, бәрін білдім.

Оң жағында Айман болды,

Сол жағында Шолпан болды,

Сол жағында Айман болса,

Оң жағында Шолпан болады.

Әлібек.

Жарас-ау, қайсы Айман, қайсы Шолпан,
Әуелі соны білген емес екен, емес екен.

Жарас.

А, Айманның оң жағында Шолпан болар,
Шолпанның оң жағында Айман, Айман-дағы

Әлібек.

Енді білдім, бәрін білдім,
Енді білдім, бәрін білдім
Айманның оң жағында Шолпан болар. (2 рет)
Шолпанның оң жағында Айман болады.

Жарас.

Сен де білдің, әбден бәрін білдің, бәрін.
Ай Шөмекейдің тойы бар
Елді жиған, құрған думан.
Ал енді, енді ән шырқайын,
Жиынға тола берсін өлке, сайың
Басталсын осыменен тойбастарым,
Қызыққа қызық асын салған сайын.
Шөмекей жайлауында шандыр аттай,
Іркіліп отырам ба өрлеп шаппай.
Шақырайын ауыз жаппай.

Шөмекейдің хоры.

Жарас-ау, бұл пәлені қайттік енді,
Сабыр жоқ, сағат та жоқ азды кемді
Екі жақтан екеуі қызып жатыр,
Тұйғындай боп, қан көрген жемді.
Жалғыз үй қайсысына жетер мұның,
Егесед жоқтағандай ердің құнын.
Бір Көтібар, бір Маман қос қызыл көз,
Бірі пұлдар шоқпарын, бірі пұлын
Жарас-ау, есебін айт, қисынын тап,
Қисынын тап, Жарас-ау, есебін тап.

Жарас.

Енді бізден бәрібір ел кетті,
Бар нөкері қасына еріп кетті.

Хор.

Енді бізден бәрі бір ерік кетті,
Сәудегер қасына еріп кетті.

Ж а р а с .

Неменем бар бай екем-ау,
Бір өзіңнен аярдай,
Отыр едік мына үйде-ау
Баста сізге даярлап-ау,
Көтібардай долы шықты,
Алам деп тұр осы үйді.
Бізге қысым таянды-ай,
Қайттік енді осыны-ау,
Өңгір таяқ ойнатар,
Көк жал батыр егесіп,
Бір мұсайға мініп. (2 рет.)
Көпке пәле жапқандай.

М а м а н .

Бермеймін, өзім түсем, неге шығамын,
Ұстаса қарсысына мен шығамын
Қалжақ сүймеймін,
Жолымды бермеймін
Әулие болсын.
Ондайлық өзімнен де жол табылар,
Келемін құп алудың істеп қамын.
Қалжақты сүймеймін
Қолымы бермеймін
Әулие болса да.

Ш о л п а н .

Жарас-ау, сәнді топты көрмейсің бе,
Сыбаға құдаларға бермейсің бе,
Жарас-ау, тұрма қарап-ай.

А й м а н .

Мырзалар, орын міне, қош келіпсіз-ай.

Ш о л п а н .

Жалғыз-ақ Айман десең бос келіпсің.
Сонда да жоғары шық-ай.

Ә л і б е к .

Іздегенім рас сөз сұлу Шолпан,
Қаңғып шыққан сен едің күйкентайдан
Шыға қалды қиғаш сөз әпкеңізден,
Мен емеспем дәмелі Шолпанжан —
Мен айтайын, ендеше, мезгіл сайын, құлаш жайған,
Шалқып жатқан бұл дәурен айдындайын,

Дәме қылып сен аққу, біз түрен біз
Батыр ем деп мен недейін.
Айман-ай, сенем -ай,
Құлақ сал, Шолпан-ай.

Ш о л п а н .

Асқақ сөзді, ендеше, мен шенейін-ай,
Табылмас деп ойлама бізге белім.

Б а л п ы қ .

Батырдың Арыстандай айтсам жайын,
Жау жылап, ел қуанған жортқан сайын.

Ә л і б е к .

Деген боп батыр, батыр хан көтеріп,
Қажытты құлағымды сол сасытты.

А р ы с т а н .

Бар, Жарас, хабарын айт батырға онда,
Қашаннан егескеннен ол тойғанба-ай.

Ж а р а с .

Ойбай, келе жатыр Көтібар,
Қаны қашып, барын шашып-ай,

Х о р .

Уа, Көтеке, сізге арнап-ау,
Тігіп едік мынау үйді-ау,
Бай Маман кеп тартып ап-ау
Кетірді ғой сол күйді,
Тағы бір оқ доп тиді.
Маман қызын Арыстан-ау
Ниет қып ет егес боп,
Бұл да қырсық, боп тиді -ау.
Алам деген Айманға
Бай Әлібек шұқшиды-ау.
Ол тиместей болып тұр,
Кетірді ғой сол күйді-ау. (2 рет.)

К ө т і б а р .

Не дейсің, Арыстанмен кім таласты,
Сөзі мен Жетірудың кім таласты.
Алмағың қайсы еді мұнысының,
Сен бе едің шоши қалар аяқ асты-ау.

А р ы с т а н .

Әттең, дүние жалған ай нетер едім,
Қолға Шолпан тисе де кетер едім.

К ө т і б а р .

Атадан тумай кеткір қайттім сені,
Боларын мұндай кесел мана білгем,
Айманды аламын деп неге айтпайсың,
Кетсемші әпермесем мүрдем, мүрдем.

Ә л і б е к .

Ол таңдау ініңізде емес шығар,
Майданда Арыстанға мен де сыңар.

М а м а н .

Кім салды бұл саудаға қыздарымды,
Жайым жоқ енді шыдар қорлығын-ай.

К ө т і б а р .

Қаласам алғызармын таңдағанын,
Күшіме ойың бар ма шыдайтұғын.
Маман-ай, Маман-ай.

М а м а н .

Әй Көтібар!
Ойда ұлық, кырда кыруар малым бар,
Ерегесте қарсыма менің шығып көр.
Қырық кессе де қу кедейлік әлім бар,
Сонау Обор,
Катеринбор,
Шытырма пор.
Жағалай жатқан шаршар бар,
Лықылдаған ұлық бар,
Ол өрекеңді қоймасаң,
Талтаңдаған шолаққа, кісендей қара құлып бар.

К ө т і б а р .

Солай ма, олай болса сертімді есіт,
Жетіру құл етермін құлақ кесті,
Қатын қып, қос қызыңды қолмен алам,
Орданды ойрандармын астан-кестен,
Сертімді ұмытпа.

Х о р .

Жетіру, сөз шығардың бойыңа ерсі,
Құтырған мына сөздің буын көрші.
Бара ма түлен түртіп, қайда кеттің,
Кәнекей, білгенінді тағы терші,
Болмаса шыдамасаң жайыңа өрші,
Базарда қойыңды айдап, орысқа ерші,

Сонда да қатуланып, шұбыртармын,
Ер болсаң осы сөзге қолыңды берші.
Осы сөзге қолың бер
Кәне, шыдап көр
Ер болсаң осы сөзге қолың бер.

Х о р .

Шектіде бір кесел бар ерте қонған,
Ол кесел кейде толып, кейде солған.
Елеріп, құр шоқпармен тұлақ қағып,
Арам тер әлін білмей әлек болған.
Сол іспен адамың жоқ, сірә, оңған,
Көргені бос кезеуіл, құрдым қолдан, құрдым қолдан.

Ә й е л д е р х о р ы .

Сап-сап ерлер, сап ерлер, сабыр ерлер,
Егес сөзден түк шықпас жапқан ерлер.
Ара ағайын тілейміз татулықты,
Тәуір шырай, ортада ер.
Қой қой, батыр, қой батыр, қойған батыр.
Араздықты ортадан жойдым батыр.
Ер өлер егес арты деген сөз бар,
Абырой бермес ие, міне, жаңа жол кәпір,
Қой, қой ерлер қой ерлер, сұраймыз,
Қойыңдар ойбай, қойыңдар ойбай,
Уа көрдік, көрдік, көрдік
Көріп алдық шыға ғой, шыға ғой, қой.

А р ы с т а н д а р д ы ң х о р ы .

Асқақпын аса сөйлеп арындаймын
Ұсынсаң қолың жетпес нарыңдаймын.
Сасық бай, талай сендей көрмеп пе едік
Қалатын қарны езіліп, қару байдың,
Дауылда шашып жанған жалындаймын,
Дүндіктей тасты үйіткен ағындаймын
Алып та шалып ұрам, соғам сонда,
Сабусанып тоқымдығым сабылмаймын.
Шабарым бәлем (3 рет.)
Дым қалдырмай шабарым-ай.
Ай көрдік, (3 рет.)
Көріп алдық
Шыға ғой (3 рет.)

Хор, Әлібекшілер.

Құлақ сал, байлық та дәулет те мол,
Жетірусың.

Қай Шекті қаруын көрді уыс толған,
Батыр деп, айдар тағып елерткенің,
Жем іздеп күні, түні маңың толған.

Орысқа шабам (3 рет.)

Жайыңды табармыз бәлем

Уа, қыз жоқ саған. (2 рет.)

Саған жоқ, жоқ.

Ш ы м ы л д ы қ

II АКТ

Екінші картина

Маманның ауылы. Түн. Ауыл ұйқыда, сахнада күзеттегі қойшы.

Қ о й ш ы .

Ұйқыға енсек кетіп, талғаным-ай,
Қу күзет ауыр азап салғаның-ай,
Ұры алсын, қасқыр жесін байдың малын,
Ұйықтаймын, ие болсын қалғанын-ай.

Ж а р а с .

Ай аттан, аттан қырылғыр,
Қаптады жау, шапқалы жау.

Ә й е л х о р ы .

Ойбай-ау ақыл-айла табар бар ма,
Қолына қару ұстап шабар бар ма,
Ұлардай бала шулап, көрі еңіреді,
Тым құрса тығылатын орын бар ма,
Қуарған екі бөрі таласпай қал,
Бірі өліп, бірі қалса обал бар ма.
Қайтеміз, қайда барсақ жан қалады,
Шеңгелді міне салды тап басып кеп.
Айтып ек Көтібардан сақтансын деп,
Ақыры болмады ғой құдайдың бұл пәлесі,
Қой, бізге қалған, жан сауғала.

А й м а н .

Жарас-ау, бұл сұмдыққа бар ма шара,
Айтсаңшы ақылыңды құтқарарлық.
Байдан да, бақыланан да қылығы асқан,
Жын қуғын мынау болды жеке-дара.

Ш о л п а н .

Ақ бетім неге тұрсың болмай қара,
Болдық қой шын маскара, жатқа таба
Қыз қылып қор еткенше дұшпаныма,
Жұтпайды неге мені дәл осы ара.

Ө з б е к .

Шөліндей Кербаланың қу жапанда,
Тағдырым жеткеніне сұбыхан алла.

Апажан, құтқара көр, қалым бітті,
Қалар ма шыбын жаным өз пананда.

Ж а р а с .

Жарас деп біл жалғыз-ақ жақыныңды,
Аямайын мен білген ақылымды
Не көрсек те бұдан соң бір көрейік,
Күн туған соң қайтеміз сапырынды.

Ө з б е к .

Лаққаннан мен қайтемін,
Қайтемін мен бишара.
Ақылыңнан маған қарас, Жарас аға,
Жарас аға.

Ж а р а с .

Ендеше, бері қара, сорлы бала,
Құтқарар екеуіміздің бар ма шара.

Х о р .

Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр да салқын түске алып,
Алысқаннан ес танып
Ерте алсам кешке алып,
Жыртпай қойман жағанды,
Ол да құдай өлдім де,
Оқи бер қу дұғанды,
Дұғанды оқы, өлер жерің осы
Әпкел, әпкел енді қалғанды,
Жалпағынан, жалпағынан жалпита,
Басып, басып өткен жалғанды.
Бір сен емес талайдан
Басына әлек салғамды.
Егесетін неме екен,
Танытайын тәңірі ісін
Қырқа отап сақалы,
Сақалын, қоштас енді сақалмен.

М а м а н .

Қу Көтібар, асарсың,
Асарсың да тасарсың,
Саған орай жалғыз-ақ,
Көрерсің сен қорлықты,
Басыңа ұлық салғанда.

Арыстан.

Қой батыр, кой, кой батыр, мұны қойшы,
Сорлыны қор етерсің шын арманда,

Көтібар.

Келіпті бәрекелде, қос қыз саған Арыстан,
Не дейсің, өкпең бар ма енді маған.

Арыстан.

Ендеше, Айман қызды ап кетейін,
Шолпаны қала қойсын біз алмаған.

Көтібар.

Жап аузыңды, жап,
Ойбай-ай, жаман шартық не деп тұрсың,
Қалдырсам Әлібекке құдай ұрсын,
Ой дүние-ай,
Бесеуін алмас па едім сендей болсам.
Қос қатын алалмасаң неғып жүрсің,
Қу шартық.

Айман.

Рұқсат қыл ес жияйын,
Жыламай көзімнен де жас тияйын-алуай,
Қайран ел сайрандаған қайран жұртым, қиясын.
Не қып есім барда мен ұмытам-алуай,

Арыстан.

Шолпан, жан, көп тартынба, түбі қайыр,
Батырдың ашуына мен күймеймін.

Шолпан.

Әрине, бар жазғаның ел шапқаның
Жалғыз-ақ өлсем-дағы мен тимеймін.

Шал.

Маманның дақ түссін деп досына да,
Керуеннің қол жұмсадың қосына да.

Өзбек.

Мен сәудегер қатыны,
Жоқ, мен Маманның қатыны.

Көтібар.

Қорғалама, үн шығарма аш көзіңді,
Кімдердің қатынысың, айт сөзіңді – ой дүние-ай.

Жарас.

Көтеке, мен Маманның кемпірі едім,
Қайтесің мен сияқты өлексені.

Ш а л .

Шықпаса шыққыр көзім танып тұрмын,
Толайым саудагердің қатыны осы.

К ө т і б а р .

Ал қайтадан тарт, ал енді.
Келістіре жыр қылам.
Егесетін бәлемді
Осылай болар қайратым
Тітіреткен әлемді.
Бар әлемді күшім-ай.

А й м а н .

Маман байдың қызы едім мыңды айдаған,
Меруерт жалды боз жорға мен жайлаған...
Толасы жоқ естілет екен даусы-ай,
Аяқ қолы байлаулы Аймандаған –
Жылама, бауырым, жылама,
Жылағаннан не пайда,
Тағдыр жазса осылай.

Ш а л .

Тартыңдар бар олжаны тиеп алып.

М а м а н .

Кетпестей таңба болды сүйегіме,
Жан кетіп, сұлдер бітіп сорлағанда
Шықсайшы, шыққыр көзім жылағанша,
Ем болмас әлсіз жасты бұлағанша.
Мам-Айманым айым,
Шерлі Шолпаным айым
Екеуінен айырылды-ау.

Ш ы м ы л д ы қ т ү с е д і .

Айман-Шолпанның кетіп бара жатқан көрінісі.

А й м а н .

Зар, зар ете кетейін қорлағасын
Зар илемей нетейін шер толғасын
Қандай ғана күн еді күңіренген
Көтібардай сұм еді түпке жеткен.
Сабыр қыл, қозым, бауырым-ай,
Қайғыңның көрдім ауырын-ай,

Майысып өскен гүл едің-ай,
Жіберді мұндай дауылын-ай.
Аямай өскен асылды-ай,
Аямай қыршын жасыңды-ай,
Жылатса сертім алды мен-ай,
Етейін құрбан басымды-ай.

Х о р .

Ел шаптым деп бөскені,
Егерде қылдым дескені,
Енді де мәлім болды ғой.
Тойлатқалы жүр екені,
Тойым сырда анау кексені,
Қорда болмас тойлайық-ай,
Дәрменімде жоқ неменің,
Шошытпа, байды да ескені.

Үшінші картина

Х о р .

Найзаға ер Көтекең ту байлаған,
Асынып қару-жарақ қол сайлаған
Жаратып тілін буып күреңнің
Көріктіні күнікейдей көп ойлаған-ай
Тас қыран көздің құртын сүймейсің бе,
Тобына көк ала үйрек тимейсің бе,
Шаңытқан шұбыт кесте шапақ жатқан,
Дабыл мен жез қанаттар шүймесін бе ...

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Зарлайды дәрмені жоқ сор қайнаған.
Қайран анам.
Естимін әкем даусын Аймандаған
Күнім жоқ кешегідей жайраңдаған,
Қайран анам.
Естимін әкем даусын Аймандаған,
Кеселге душар болдық қол байлаған,
Естілет әкем даусы,
Естілет анам даусы,
Естілет әкем даусы,
Қалмад-ау баста баған,
Зарлады-ау қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, шерлі Шолпан,
Өмірден әлі бар ма алар қолқаң, шерлі Шолпан.
Қор болған күнің адыра, шерлі Шолпан,
Жас дәурен астан-кестен болды талқан
Қор болған күнің адыра, шерлі Шолпан.
Бұл жолда күйік болған, шерлі Шолпан,
Қор болдың, күң болдың, қор болдың.
Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан,
Зорлыққа айла таппай болдың сарсаң.

А й м а н .

Маман байдың қызы едім мыңды айдаған
Кең дүниені көңілді ен жайлаған.
Сән түзеген ән шырқап, егіз ерке,
Шаттықпенен сауықпен той тойлаған
Қайран елім, қайдасың,
Намыс құрып, намыс қуып айыратын қайда ерің.

Ш о л п а н .

Маман байдың қызымын
Дүниені ен жайлаған, ен жайлаған.
Қайран күнің қайда сенің
Намыс қуып, айырған қайратты ерің
(дуэт)

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Пайда жоқ құр жылаудан бай-байлаған.
Кетпейді құлағымнан
Зарлаған анам даусы.
Естілет әкем даусы,
Естілет анам даусы.
Естілет елім даусы,
Естілет желім даусы.

Ш о л п а н .

Қор болған күнім адыра, тұтқын Шолпан,
Егеспен ырыққа кенбес тағы тарпаң.
Үзіп көр шамаң келсе, шырмалған мына торды,
Қор болдым тұтқында
Қор болдым тұтқында.

Көнбеспін мың шапса да неге қорқам
Жендім деп боса дағы батыр балпаң.

Ж а р а с .

Көрінде өкір Көтібар, өл де маған,
Жетпегені ендігі сол ғой саған.
Тартарсың-ау сазайын бұл жорықтың
Аман кетпес жыртылмай кәрі жағаң,
Обалы жібермес
Айман мен Шолпанның.
Кәрі бура күлге аунап тасады ғой,
Лөкілдеп көбігін де шашады ғой,
Іншалла рақым етпес сонда-дағы
Дізерлеп шебер қолдар басады ғой.
Ойнаса кәрі түйе жұт болады
Балалар, бері қара
Табалық бір айла,
Бірігіп алдайық
Қу шалды.
Меніменен байбатша,
Киінелік қыз болып,
Сендер кемпір болып,
Ауыстырып киелік
Сендердегі киімді.
Біздегіні сендер ки,
Біз қыз болайық,
Көтібардың алдында
Сендерді қайтар деп,
Байбатша екеуміз
Жылалық жүріңдер, жүріңдер-ау.

Т ең г е .

Сеніп жүрсек кетті деп елді шаба,
Қалыпты ғой шырмалып қызды таба.
Жасанған жау дегені қайнаған қыз
Қайтып тұрам қызғанбай, құдай тоба.
Бере алмаспын
Байды қолдан.

Ж а р а с .

Осы Теңге танып тұрмын.

А й м а н .

Құрбылар, сергелдең бар сейіл де бар,
Батырда бізге деген пейіл де бар.

Қызықтық бәрі тамам болды деме,
Бұрынғы көрген дәурен кейін де бар.
Теңге.

Жапанда сұлу көрдім құрбым сіздей,
Немене жүремің қызық іздей,
Теңгедей батыр да бар аю тоқал
Жүрмесін босағадан ол кіргізбей.

Айман, Шолпан (*дуэт*).
Төсектен ер торықса болар жүздей,
Қызыққан сұлуларын тұрмас тізбей.
Теңге деп Көтекеңнен құр қалам ба,
Тоқал боп тигендер де болар біздей.
Айман, Шолпан. Ақау батыр қашық
Жүрміз сасып.

Жарас, Өзбек.
Жүрмеңдер Көтекеңді (*2-рет*).
Тастай қашып.

Теңге.
Шыны бар ғой сүйтетін,
Келе жатыр өзі де.
Бөгеместен байқайын,
Аймаласын бикешін.

Жарас.
Құлаққа салшы, батырым.

Өзбек.
Біздей де тұтқын зарына,
Бізді алып қал да босатшы.
Шешемізді де ауылға-ай,
Кепілде болып орнына
Қыздары қалса,
Қыздары қалса арман жоқ.
Қабылдап көрсең батырым
Басқа да айтар қолқа жоқ.

Көтібар.
Уа, ақша бет Айман
Уа, қайран дүние жалған!
Ақ жүзінді көрсетші
Мен де сен деп бет алған,
Ақша маңдай қасын-ай,
Түймедей болған басын-ай,
Қырлы мұрын көрінді,

Әдемі мөлдір көзін-ай.
Мұрты бар ма, сұмдық-ай!
А р ы с т а н , ш а л .
Мұрты бар ғой сұмдық-ай,
Сен кім едің, суалған.
К ө т і б а р .
Сен неге қатын болмай, болдың еркек,
Қызығым осы ма еді сені көрмек.
Қарағым, Айманжаным, қайтшы райдан,
Жаратқан айналайын бір құдайдан.
Тап қылған сені маған құдайым шығар,
Сескенбе кез келді деп әлде қайдан,
Сақалын-ай, сұмдық-ай.
А р ы с т а н , ш а л .
Сақалын ай, сұмдық ай!
Мұрты да бар, сақал да.
К ө т і б а р .
Қыз емес қыз дегеннің бәрі азбан,
Ойбай-ау, жерім бар ма саған жазған.
А р ы с т а н .
Екеуі де айғыр болды.
А й м а н .
Батыр-ай, менің қанша жазығым бар,
Алдыңа иба қылып келуімнің
Зәріңді шаштың, бетімді аштың.
К ө т і б а р .
Қап болмас орайы бар ашуымның,
Себепкер өзің болдың қашуымның.
Шолпан ғой мына қалған аймалайын
Осыны тым болмаса аймалайын.
Уа, ақша бет Шолпан-ай,
Уа, қайран дүние жалған ай.
Т е н г е .
Сап батыр, қыздан бұрын мені жайла
Бұл қызды мен аламын көнбесең
Көріп алам күшің сайла, күшің сайла!
Ж а р а с .
Өзіне, күшіне де сенген ер ғой,
Болмаса дәл осылай демес еді.

К ө т і б а р .

Бұл ер боп, жер боп қалар мен сонда

Қайтпек ең тие қалса қыздар қолға.

Т еңг е .

Алам ба, қайтарам ба ерік менде.

К ө т і б а р .

Жә, жетті тентіремей кет жөніңе.

Т еңг е .

Ендеше, алысамын шық далаға.

К ө т і б а р .

Шыға ғой сыбағанды мен берейін.

Ж а р а с .

Ай, майдандаспа қос батыр,

Жиналыңдар, көз салыңдар!

К ө т і б а р .

Теңге, ку Теңге.

Ж а р а с .

Амансың, жеңеше, мал басыңыз аман ба?

А й м а н , Ш о л п а н .

Есенсіз бе, құдағи, мал басыңыз аман ба?

А р ы с т а н , Ш а л .

Қайдан жүрсің, сен Теңге, ауыл-аймақ аман ба?

Ө з б е к .

Амансың ба, құдағи, мал басыңыз аман ба?

Т еңг е .

Шүкір-шүкір.

Ж а р а с Жақсы.

К ө т і б а р .

Сонда да алмай қойман Айманды мен,

Көңілім Айман қызға кетті мүлдем.

А р ы с т а н .

Мен қайтем сен алғанда таңдағанды,

Қойсаңшы жалғыз өзің жалмағанды.

К ө т і б а р .

Тәйт арман ат иесі алға мінет,

Алатын Көтібардан жолды кім еді.

Ш а л .

Ақ сөйле, әуелі өз құшағың толатынды.

А р ы с т а н ж а қ х о р ы .

Мәссаған бұдағы бәрекелде билік екен

Байқасақ, кімнен кем біз де жауға тидік екен.

К ө т і б а р ж а к т ы ң х о р ы .

Әуелі алысқан Көтібар деп аттанғанбыз,
Көрдің бе, қарайгөр жас жауқазын көк немене.
Қыздар да таңдаған жол Арыстанға тию керек.
Басында болмаса неге сауыт кидік екен.
Шіріктей, көжедей боп, біз деген шөп немені,
Өліп кет тассыз таңдаған батыр алар.
(Барлығы дуэтпен айтылады.)

К ө т і б а р . Шулама өңшең шиебөрі,

Тыңдамаймын сөзінді.
Асып қызды алам деп,
Шын сермедім қолымды.
Оңдысын өзім аламын,
Оңдысын өзім аламын.

Ө з б е к . Бұл не деген заман-ай,

Не пәлеге кездестім
Осыдан құтылып,
Аман шықсақ болар еді,
Бұл пәледен аман шық.

Ш о л п а н .

Бұл не деген заман,
Қандай бұзық адам.
Қор болдым тұтқында
Шерлі Шолпан, бітті үнің,
Бұл не деген күн болды.

Т е ң г е .

Өлсем, өлдім, өлмесем
Алдырмаспын Айманды.
Айланы жұмсармын,
Бұйыртпаспын сен қу шалға.

Ш а л .

Аламыз таңдаған қызды
Қызды аламыз.

Х о р .

Таласуды қойыңдар,
Жат ой болса қойыңдар.
Екі қызды бөліп ап,
Татуласып қойыңдар,
Екі батыр.

Ш ы м ы л д ы қ

III АКТ

Төртінші картина

Көтібардың ауылы салтанатты үйлер. Көтібар ортада, жанында шал, масаттанып өлең айтады.

К ө т і б а р . Маманның қолымда отыр балдырғаны,
Тал бойын талайлардың талдырғаны.
Отыз күн міне бүгін өтіп барад
Қамығып қам көңілдің қандырғалы.
(*Күледі.*)

Ш а л .

Қырқылжың бұған дейін алдырмады,
Құйрығын қызылдағы шалдырмады.
Зар күйін енді соғып кәрің отыр,
Тепсініп тегеуірін салдырлады.
(*Дүэт.*)

К ө т і б а р .

Сорлы үнім енді ғана саңғырлады,
Тойатқа айдай Айман ілінем деп,
Көңілде арман, сірә, қалдырмады.
Бөгеттің бүгін бәрін үйіп-төгіп.

Ш а л .

Қыранның ашшы дабылы дандырлады,
Жаман жан жете алмаған жалбырлады.
Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп,
Еңбегін көріп отыр жандырғалы.

К ө т і б а р .

Еңбегін көріп отыр жандырғалы.

Ш а л Жаман жау жаяулаған жалбырлады.

К ө т і б а р .

Жаман жау жете алмаған жабырлады,
Токал да қу шолағын шандырлады.

Ш а л .

Токал да қу шолағын шандырлады.

К ө т і б а р .

Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп.

Ш а л . Бөгеттің бәрін бүгін үйіп-төгіп

К ө т і б а р .

Еңбегін көріп отыр жандырғалы.

Ш а л .

– Қайран ерім,
Тоқтай қалшы батыр-ай,
Қаптаған мынау неткен қол.

К ө т і б а р .

Алып жүр ғой үрейді,
Шақырып білсін біреуді.

Ш а л .

Ойбай, батыр, қамын қыл,
Қуғын жеткен сүреңді.

К ө т і б а р .

Тарт, ендеше, тезірек
Белдеуде тұрған күреңді.

А р ы с т а н .

Көрдің бе мына жауды құдай атқан,
Жоқ екен шокпарымның дәмін татқан.
Кигізем ерегессем қызыл тақия.
Ұстандар Әлібекті.

Х о р (*Сырттан*).

Аттан, аттан, аттан!

А р ы с т а н .

Бейне бір тасқындай боп аққан селдің,
Мұншама қолды жиып неге келдің.

Ә л і б е к .

Келемін жесір іздеп қорқамын ба,
Мен-дағы баласымын іргелі елдің.

А р ы с т а н .

Қай қызда ниетің бар сенің алмақ.

Ә л і б е к .

Қайсысын қалдырып ең маған арнап,
Айман айым-ай, күнім денің сау ма.
Ақшабағым, шырмалған қинауға,
Айман-ау, қарағым, сәулем-ай.

А й м а н .

Болғаны рас көп күндер кеткеніме,
Әлде болса ризамын жеткеніңе.

Ш о л п а н .

Мал құтырар қырсығып, өршеленіп,
Соның үшін қиын жол шеккеніме.

Екеуі қосылып.

Айтайын десек көрген көп,
Айтқан менде қанша сеп,
Көрінгенге болдық кеп.

Теңге.

Келісіңдер алдымен есебін тап,
Батыр жатыр болмаса әлегін сап,
Әлібек, таста босқа егеспе,
Бос егестен не пайда, мырза-ау,
Арандасып бейбіт ел қырылдың-ау,
Ол құтырып кеткен соң, қару жұмсап
Арыстан, сен де босқа қарыспа,
Босқа шықпа жарысқа, қайным-ау.

Айман.

Ендеше, екеуің де келісті деп,
Қояйын қолдарынан қаруды алып,
соқтығады сонда кімге.

Арыстан.

Айман қыз, мені тастап кете алмассың,
Соғыста күші мәлім біздің қолдың.

Әлібек.

Айманды өлсем-дағы қалдырмаспын.
Осы сөз кесір сөзім мен де болдым.

Шолпан.

Мен қалайша есіңе алынбаймын,
Арам тер боп, көп сөйлеп салынбаймын.
Сендер қалар соғыссаң, мұнда қыз жоқ,
Бақсы боп кет ұтырда жалынбаймын сендерге.

Арыстан.

Ендеше, Жарас айтсын ара ағайын.

Әлібек.

Не десе құлдық Жарас мен көнейін.

Айман, Шолпан.

Айт Жарас, сенің сөзің кетпес бекер.

Жарас.

Жеткен жоқ па жұртым-ау, бұл селебе.
Істі берсең қайтеді жол келеге.
Өз аулынан, Маманның өз қолынан,

Такияңа қыз алсаң тар келе ме.
Шырқатып жасау мен,
Қыз алсаң қайныңнан.
Тағы да тағы айтайын бір кеңесті.
Бұл жерде қыздар тұрса жан келмес те,
Тезінен Айман-Шолпан қайтсын елге.
Бұйырған несібені жат жеместі.
Жөнелсін, көп тұрмасын тез жөнелсін,
Әлібек артынан әскерімен.
Жау жетсе бөге – ол өтсін,
Ал аулынан Маманның
Өз қолынан қыздарын,
Осыменен тас құрсау,
Үзіледі быт-шыт боп.
Бір буын боп артынан
Біз де барамыз.
Батырды енді алдайық,
Еш нәрсе сезбеген адам боп,
Жан-жаққа тезірек тарайық.
Жан жаққа іздеген қып, жұртты тарат,
Ұйқыға жәй кетсін жайбарақат.

К ө т і б а р .

Мені қуып көрсетші келетін кім,
Әбігерді, әлекті салатын кім.
Ат ойнатып ауылыма селдей болып,
Қызды қолдан алатын кім.

Ж а р а с .

Іздегенмен қыздар жоқ табалмадым,
Хабарына не болған қана алмадым.
Жер жұтты ма қашты ма сілем құрып,
Бір оқ терең жығылдым, батырым, табалмадым.

К ө т і б а р .

Аттан, Арыстан, аттан,
Мұнау сұмырай не дейді, нені айтады,
Қашқаны ғой құтылам деп қу байтал, қап бәлем,
Жау әкетісті қу ойбай, ұшқын байдан.
Жын-сайтанын жерге тық, қайтар ойбай сұм қыздар.

А р ы с т а н .

Қарашы мына жауды құдай атқан,
Жоқ екен шоқпарымның дәмін татқан

Кигізем қызыл тақия алысымын,
Ұстандар Әлібекті.

Х о р .

Аттан, аттан, аттан.

К ө т і б а р .

Теңге, ку Теңге, сен қайда барасың?

Т е н г е .

Тұрам ба ел шабылып, ерге болса,
Жуамын соққы жермін эзер болса.

Ш а л .

Қайдасың сабың түзе, сайланып шап,
Қайдасың, намысын қуған кәрі аруак.

Х о р .

Көкжалдан көбік атып шықсын былай.
Көк тұлпар беті қалай келбей шабар.
Құрулы мылтық болсын құрсаулы жау.
Қолдай көр өк дегенде Орақ, Мамай.
Түсірген шекесінен жауды талай,
Қасқа азбан томаға көз шапсын қамай,
Қанішер қайкы болат кезің келді
Қылқимас қақалмай шап, жалмай, жалмай.
Көтібар – Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр да салқын төске алып,
Жыртпай қойман жағанды,
Ол да тәңірім өлгенде,
Оқи бер қу дұғанды, дұғанды.
Оқы, өлер жерің осы.

Ж а р а с .

Ах, жетейін енді жылдам, Маман сорға,
Киліккен өзінен де күші зорға.
Сорлыға, өй сорлы-ай,
Арттан қуып қырға түрер,
Басып озып, мен барайын.
Мен разымын өзіме,
Күндей бәрі сөзіме
Айман-Шолпан аман қалса,
Жеткенім ғой сөзіме.

Ш ы м ы л д ы қ

Бесінші картина

Бірінші актінің музыкасы ойналып жатады. Сахнадан үнсіз алдымен Айман, Шолпан, қыз-келіншектер, Арыстан, Әлібек жігіттермен Тенге, Жарас, Көтібар шалдармен өтіп жатады. Бірін-бірі қуған түрде.

2-ші шымылдық ашылғанда Маман байдың аулы, сахнада Жарас.

Ж а р а с .

Қайдасың балаларың қайтты, Маман,
Қырсық жол осыменен болар тамам.
Ойнақ сап, күле жайнап міне келді.
Көргенді көп айтуға тілім шабан,
Түрі жаман қу шалдың,
Қорлық жоқ біз көрмеген.
Жақсы екен тек өлмеген.
Көк азу Көтібардан есен-аман,
Құтылдық, бірақ әлі түрі жаман.
Қалғанда орнын сипай жер тепкілеп,
Деп жатты әл-де болса қайта шабам.
Әрең тыңдау қырсық жәй.
Қорлық жоқ біз көрмеген,
Жақсы екен тек өлмеген.

А й м а н .

Доста кісім қол қолда жалқы Жарас,
Қарыздармын, амандығым көмегіне,
Жарас-ау, береміз ерік өзіңе
Көнеміз өзің сөзіңе.
Асыл аға, Жарас-ау,
Айтпаймыз мұны көзіңе.

Ш о л п а н .

Өтілместен Жарастан жатқа барман,
Бұйрығына не десе басым сауда.
Жеңгеніңе Жарас-ау,
Көнеміз өзің сөзіңе,
Береміз ерік өзіңе
Асыл аға, мұны көзіңе.

М а м а н .

Қуанды анаң көңілі-ай туып.
Іштегі қайғы жердің дертін қуып.

Қуанышым, көз жанарым сен екенсің,
 Болғанда төрімнен де көрім жуық.
 Батты ғой деп ай-күнім.
 Өшкен еді-ай үнім,
 Қол келдің ғой қос гүлім.
 Ә л і б е к .
 Батыр мырза, жол болсын.
 А р ы с т а н .
 Жол қылмақ сізден болсын.
 Ә л і б е к .
 Мәссаған мен де өзіңдей жолаушы,
 Жол қылмақ бізде неден болсын.
 М а м а н .
 Қалып ек, қу өмірден көңілім суып,
 Оңалдым батыр кеткен күнім туып
 Баламның осы айтады бекем буып.
 Жақып шықты жер астынан.
 А й м а н .
 Өзің айт не десең де бар билікті,
 Ерікті бізге тиген саған бердік.
 Қадырлы аға.
 Көнеміз не десең де жол сенікі,
 Үйде де, түзде де өзіңде ерік.
 Қымбатты аға
 Алдияр дегеніңе, Жарас аға.
 Жөн білген билігіңе таласа ма,
 Жарас-ау.
 А й м а н . Ш о л п а н .
 Бір сенің еңбегіңмен естен кетпек,
 Тас есік қамап алған тар бождағы.
 Ж а р а с .
 Жетіскен кім бар екен Жарастайын,
 Алыпты бір жағына Аймантайын,
 Қос қалқа асылыпты екі жақтан,
 Алмайтын еркі барма Шолпантайым.
 Таксырдың тайталасқан жерін қара.
 Қор болған жерің болса тап осы ара.
 Егескен есі шығып кете барып,

Болыпты жан қуалап қас масқара,
Тең болмай қалғанын көр Жараспенен,
Айрылды қос қалқадан таласпенен.
Қоям ба өзім алмай ай-күнімді.
Оларға кім бар екен талас деген.
Жетіскен кім бар екен Жарастайын,
Алмайтын еркі бар ма Шолпантайың.
Қос қалқа асылыпты екі жақтан,
Алыпты бір жағына Айманайын,
Бір Айман, бір Шолпаным егіз ерке,
Мен-дағы екеуің деп сарғайғанмын.

Ә л і б е к .

Қорлық-ай неткен қорлық, жаратқан-ай,
Арыстан құрысын асқақ батыр атағым да,
Жүріппін мен жақсы деп құр шүкірмен.
Байлығым құрып қалсын бу бітірген.

А р ы с т а н .

Қос қызды бір Жарасқа қаратқаны-ай,
Бізден де Жарасты артық санатқаны-ай.

Ә л і б е к .

Жарас-ай, тым болмаса бірін берші,
Өзіңнен артылғанға жол менікі.

Ж а р а с . Ж - о - қ .

А р ы с т а н .

Өттең, дүние жалған-ай,
Қалғаны маған тисе де,
Қалмас еді арманым-ай.

Ж а р а с .

Егестен есер көңіл қалысқанда,
Жай білген жақын абзал алыстан да.
Сонымен Шолпанымды Әлібекке,
Бұйырдым Айманымды жастар-ау, Арыстанға.

А р ы с т а н .

Айналдым ақылыңнан, Жарасым-ай,
Не дейін дән разымын аузыңа май.

Ә л і б е к .

Алмаймын, керегі жоқ Шолпаныңның,
Бітім жоқ, тоймапсың ғой шабысқанға.

Ш о л п а н .

Сен осы қайдан шыққан сер немесің,
Ел көнсе, сен көнбейтін ер немесің.
Кемітер Шолпан басын мәнді айтшы,
Зор көрдің тақияңа неменесің.

А й м а н .

Білдірсеңші, Жарас-ау,
Болмаса ана жігіттің,
Жетіп тұр толғағы.

Ж а р а с .

Уай, жігітім, жөніңді айтшы,
Осында тұрған қайсы сұлу,
Таныр мекен шыққыр көзің
Асқақ астау аңғал сөзің.
Кемітесің қай баласын,
Мен айтайын бермен қара,
Әлі күнге қай таласың,
Айманымды сен де аласың,
Анау Айман оған болса,
Мынау Айман саған болсын.

Ә л і б е к .

Мен ырза, не қыласың оңалды жол,
Әуелден құштар болған Айманым сол.

Ж а р а с .

Ал енді бата сұрай сізге келсін.
Қос күйеу тәжім етсін бата сұрай.

М а м а н .

Айман-Шолпан қос еркем,
Бейнет шегіп жол көрсең,
Тағы тартты бір мекен,
Аруақ қабыл көрсе екен,
Аллаһу акбар.

К ө т і б а р .

Бата не бата?

Т е н г е .

Шалым-ау, жөніңді айтайын олай болса,
Бекер-ақ шауыпсың ғой өктеп сонша,
Алдыңда қос күйеу тұр татуласып,
Құдасың, сен де разы жолың жолша.

К ө т і б а р .

Не дейді тоба,
Шабармын оза,
Құдая тоба.
Ж-о-қ.

А й м а н .

Оң кара, Көтеке.

К ө т і б а р . Ж-о-қ.

Уа, жоғал қу сирақ Қу шұнақ.

Ш о л п а н .

Мың асқанға сауал бар, бір тосқандай,
Жер мен көкті қыс бен жаз кім қосқандай.
Кәдір білсек, кәрі ата, кел, тоқталық,
Шешілер тіл болмаса шын жасқанбай.
Не күн жетті сіз тоқтарлық,
Шектіде азап көп зорлық
Тілек қыпты барлық халық,
Мезгіл жетті сіз тоқтарлық.
Күдер үзген абзалды,
Мезгіл жетті тоқтарлық.

Х о р .

Ал сап батыр, сап батыр,
Батыр едің де қатыр.
Бойға мін, басқа пәле боп,
Тосқан кезің осы ақыр.
Өтер білген өктемес,
Өшкен жанбас, бұл бакыр,
Бір талай күндер өтті белде, белде,
Қорқып ек қалмай біздің елде,
Бір Көтібар, бір Маман кездесіпсін,
Осыменен тыным тап, бәрекелде.
Жалғыз-ақ бұл береке ұзақ болсын,
Тобыңа біз де келдік орта толсын.
Бас сырықтан мал құрық аман болып,
Дегендерің түрт шайтан көңілі солсын.

К ө т і б а р .

Сен Шөмекей келдің бе, тағы қаулап.
Сенен шыққан бар пәле жоғал аулақ, Аулақ.

Ж а р а с .

Табысқанда бай мен батыр,
Барлық сұлу сонда жатыр,
Тілемей ақ тілектерін,
Жөніңе тарт өңшең бақыр.
Сергелдең ел басына салған байлар,
Көргенде мінезінді зығыр қайнар,
Егер қып елді шаптың, пәле жаптың.
Айыпсыз балаларға шектің айбар.
Қайтармасы.
Қиналды арам тер боп, құлын тайлар.
Күе боп қылығыңа қалды сайлар,
Кесті деп пысқырған ит тұрсықтарын.
Сендерге кейінгі ұрпақ тақсын айбар.

Х о р .

Ертеңді-кеш таласқан,
Шоқпар сойыл сабасқан,
Телі тентек сыйың сол,
Кет садаға Жарастан.

Ә л і б е к .

Біз бағындық Жарасқа.

Е р к е к т е р .

Ел думаны Жараста.

Б ә р і .

Бақытты бұл Жарас,
Ақылды аға.
Сенсің жалғыз Жарас,
Жарас (2 рет.)
Асылдан.

Х о р .

Ай, Маман-ау, байдың тойы бар.

Ж а р а с .

Елді жиған құрған думан.
Жиналыңдар-ай.

А р ы с т а н , Ә л і б е к .

Жә, солай болсын тойлайық,
Енді ойнайық гүл жайнайық.
Келе берсін-ай.

А й м а н , Ш о л п а н .

Ал шақыр келсін халайық,

Шаттанайық ән салайық.

Сый болыңдар-ай.

Т е ң г е , К ө т і б а р . М а м а н –

Ай, амал барма қайтеміз,

Енді не бар бөгет болар,

Тойлай берсін-ай.

Ш ы м ы л д ы қ

С о ң ы .

Ғылыми түсініктемелер



“ДРАМАТУРГИЯНЫҢ БҮГІНГІ ЖАЙЫ МЕН АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕРІ”

Бұл мақала “Қазақ әдебиеті” газетінің 1934 жылғы 7 шілде күнгі номерінде жарық көрді. Одан бергі кезеңде жазушының томдарына енгізілмеген. Бұл томға сол “Қазақ әдебиетінде” жарияланған нұсқа бойынша беріліп отыр.

1934 жылдың 12–18 маусым аралығында Алматыда Қазақстан жазушыларының I съезі өтті. Съезде әдебиеттің түрлі салалары бойынша бірнеше баяндамалар жасалып, жаңа заманға лайықталған әдебиеттің алдағы бағыт-бағдары жан-жақты сөз болды.

I. Жансүгіров “Қазақ кеңес әдебиетінің бүгінгі күйі, келешектегі міндеттері”, О. Беков “Қазақ театры мен драматургиясының өсу белеңдері”, С. Мұқанов “Қазақ поэзиясының халі және келешектегі міндеттері туралы” деген тақырыптарда баяндамалар жасады. М. Әуезовтің “Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері” атты баяндамасы осы съезде О. Бековтың баяндамасына қосымша ретінде жасалды.

Съезден соң екі күннен кейін, яғни 1934 жылдың 20 маусымы күні “Казахстанская правда” газетіне “На всеказахстанском съезде писателей” деген айдармен аталмыш баяндама жайлы орысша үзінділер және түсініктемелер берілді. Газетте тақырып “Современное состояние драматургии и ее задачи. Доклад тов. Ауэзова” деп берілгенімен, ол М. Әуезов баяндамасы жайлы газет тілшісінің өз мақаласы еді. Сондықтан да ол нұсқа томға енгізілмеді.

Енді М. Әуезовтің аталмыш баяндаманы жасауының тарихына келер болсақ, оның бірнеше себептері бар еді. Ең алдымен, 30-жылдар еліміздегі саяси ахуалдың мейлінше шиеленіскен, асқынған тұсы еді. Партиялық идеологияның насихаттаушысына айналған әдебиет қызметкерлерінің алдында әдебиеттің таптығы, партиялығы сынды қисындарды заман талабына орай теориялық тұрғыдан негіздеу міндеттері тұрды. Сондықтан да съездегі баяндамалар негізінен әдебиеттің өткенін талдауға немесе барды саралауға емес, алдағы міндеттеріне арналды. Ендігі жерде көркемдік әдіс ретінде социалистік реализм тәсілі ұсынылып, соған қол жеткізудің жолдары қарастырылды. Сондықтан да М. Әуезов баяндамасы “жаңа үлгідегі социалдық реализм драматургиясы” туралы әңгімеден басталады.

Екіншіден, 1932 жылдың көктемінде түрмеден шыққан М. Әуезов жаңа қоғам алдында өзін-өзі әлі толық ақтап болған

жоқ еді. Уақыт талабымен “Октябрь үшін”, “Тартыс” сынды шығармалар жазғанымен, оның шығармалары әлі де саяси сыншылар мен ОГПУ қызметкерлерінің назарынан тысқары боп көрген емес-ті.

1933 жылдың 11 қыркүйегінде БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Л.И.Мирзоянға Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ) “Қазақстандағы әдеби шығармашылық және әдеби күштер туралы” деп аталатын құпия баяндау хатында М.Әуезов жайлы былай делінген: *“Алашорданың бұрынғы жетекшісі Әуезов Мұхтар - толық ашкереленуден өз байланыстарының арқасында аса ептілікпен жалтарып жүрген, өзінің идеялық позицияларынан қайтпаған алашорда көсемдерінің бірі.*

Өзіне деген осындай көзқарастың әлі де өзгермегенін М.Әуезов жақсы білді. Баяндаманың жартысынан көбін *“Өз жайымда”* деп тақырып қойып, өз шығармашылығын талдауға арнауы – соның салдары болатын. Баяндамада *“Мен сол жолдан кеттім. Кеткеннен бергі өзімді-өзім түсінуім қандай? Бүгінгі еңбегім мен ертеңгі келешек еңбегіме қоятын шартым не? Ендігі жазушылық, әлеуметшілік міндетімді қалай түсінем”* – дей келіп, *“сын менің салт-сана жүзінде түзеліп, дұрыстап өзгеруіме жәрдем ететін сын деп білемін»,* – деп қорытуы соның алдында ғана сахнаға қойылып, сынға ұшыраған “Хан Кене” пьесасына байланысты өзін-өзі ақтап, “кінәсін” мойындауы еді. Өйткені Ғабит Мүсіреповтің “Хан Кенені” қалай түзету керек”, С.Сейфуллиннің “Хан Кене” туралы” атты сыни мақалалары съезден бір ай бұрын шамасында жазылып, әлі күн тәртібінен түспеген еді. Сондықтан да мезгілінде қауіп-қатердің алдын алмаса, ол тұста осындай қателіктердің үлкен саяси қылмысқа айналып кетуі әбден мүмкін болатын.

Үшіншіден, М.Әуезов 1932 жылдан театрдың әдеби бөлімін басқарып келгенді. Съездегі драматургия жайындағы негізгі баяндаманы театр директоры Орымбек Бекұлы жасағанымен сол тұстағы театрдың көркемдік жетекшісі де, қойылатын негізгі шығармалардың авторы да, театрдың іс жүзіндегі басшысы да М.Әуезов болатын. Сондықтан көпшіліктің театр жайындағы салиқалы пікір мен сындарлы шынайы сынды М. Әуезовтен күтуі заңды құбылыс еді.

“Қазақтың театр өнері біздің заманымызда басталғанына біз қуанамыз. Бірақ сол қуанышпен бірге бұл сияқты ірі өнердің келешегі үшін жауапты екенімізді де ұмытпау керек” (Жалпы театр өнері мен қазақ театры) – деп сахна өнеріне аса жауапкершілікпен қараған М. Әуезов шын мәнінде, қазақ

драматургиясының, театр сынының, сахна өнері теориясының да негізін қалаушылардың бірегейі болды. Мақаладағы айтылатын драматургия теориясына қатысты сындарлы пікірлер күні бүгінге дейін өз құнын жоймаған тың тұжырымдар екенін айтуымыз керек. Сол тұстағы барлық дерлік драмалық шығармалар мен сахналық қойылымдарға айтылған сын пікірлер – театр сынының үздік үлгілері. Образ, драмалық түйін, жанр мәселесі, тартыс, сюжет хақындағы нақтылы ұсыныстары мен пікірлері М.Әуезовтің аталмыш баяндаманы дайындау барысында ұзақ ізденіп, мол деректер жинағанын көрсетеді.

М. Ахетов

“ВИДНЕЙШИЕ ПАМЯТНИКИ КАЗАХСКОГО ЭПОСА”

М.Әуезовтің бұл мақаласы “Литературный Казахстан” газетінің 1934 жылғы 14 маусымдағы санында шыққан. Кейін еш жерде жарияланбаған. Жазушы мұражайының архивінде мақаланың қолжазбасы жоқ. Жалпы фольклортануға қатысты еңбектерде, Әуезовтің фольклор ғылымына қатысты еңбегін тексерген арнайы зерттеулерде бұл мақала аталмайды. Бұған екі себеп бар сияқты. Бірі – жазушының библиографиялық көрсеткіштерінде мақаланың “Виднейшие памятники русского эпоса” болып берілуі болса керек, екіншісі – 1934 жылы бір жылдай ғана шығып, келесі жылы журналға айналдырылған газеттің 3-4 қана номерінің сақталынып, олардың “Литература Средней Азии” газеті тігіндісінің ішінде жүргендігінен болар. Тек қана Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сирек басылымдар қорында сақталған газет сандары “Мұхтар Әуезов энциклопедиясына” материал іздеу кезінде бірнеше рет тапсырыстар берілгеннен кейін табылған болатын. Алты беттен тұратын газеттің бұл санының 3-4-беттері жоқ. Аталған мақала басылған газеттің 5-бетінің төменгі жағында (“подвал”) “Фольклор и классовая борьба” атты мақаланың соңы (окончание) шыққан. Бұл жерде мақаланың 4-бөлімі мен 3-бөлімінің соңғы жағы ғана бар. Алдыңғы үш бөлімі тігіндіде жоқ 3-4-беттерде болған болса керек. Газеттің осы санында балалар фольклорына арналған мақала мен “Не вошедшие в этот номер статьи по вопросам фольклора будут напечатаны в очередных номерах” деген ескертпесіне қарағанда бұл сан арнайы фольклористика мәселелеріне арнап шығарылған. “Фольклор и классовая борьба” мақаласының алдыңғы үш бөлігінің мағынасының белгісіздігіне қарамастан-ақ сол кездегі идеологиялық солақай талап ызғары анық байқалады. “Фольклор и классовая борьба” газеттің осы

санындағы бас мақала болу керек. Осы мақаланың сақталған бөлігінде орыс, украин, белорус, әзірбайжан фольклористерін солақай сынға алып, олар фольклорлық мұраны таптық тұрғыдан бағаламады деп кіналаған. Қазақ фольклорына келгенде “С особой яростью изгнанные из печати алашордынцы активизировались в фольклоре. Досмухамбетов Х. пропагандировал феодално-байский фольклор как подлинно народную литературу в противовес “казенной” советской, или, как, он выражался, “европеизированной” литературе” дей келе Х. Досмұхамедов пен А.Байтұрсыновқа “И в Казахстане... поднимая “национальный дух” против советской власти” деп шүйліккен.

1932 жылғы Қазақстан жазушыларының ақпан айында өткен І пленумында “ұлтшыл, феодалшыл” деп айыпталған, осы жылы тағы да осы тектес айыптаулармен 3 жыл шартты мерзім алып абақтыдан шыққан М.Әуезовтің фольклор тақырыбына өз ойымен мақала жазуы өте қиын болатын. Жазушының 1927 жылы Қызылордада шыққан “Әдебиет тарихы” оқулығының таратылуына үкімет тарапынан тыйым салынып, шыққан данасы жойылған болатын. Бұл еңбектен басқа да құнды еңбектер жазып, қазақ фольклортану ғылымының негізін салған М.Әуезов “Виднейшие памятники казахского эпоса” мақаласында да қазақ фольклорының үздік үлгілеріне “таптық” тұрғыдан келген сияқты болып отырып-ақ жоғары баға беріп, терең талдап шыққан. Таптық талдауды ғылыми анализге айналдырған. Осы мақаладағы фольклорлық образдардың тарихилығы жайында, қазақ эпосы мен қырғыз эпосының тарихилығындағы өзіндік ерекшеліктері жайында айтқандары отызыншы жылдар фольклортану ғылымы үшін терең ойлар болатын. Қазақ эпосы өлең тіліндегі ұйқас, өлең құрылысындағы еркіндік пен ассонанс, аллитерацияның атқаратын қызметі, речитативті баяндау жайлы теориялық тұжырымдары кейінгі зерттеулерге негіз болған ойлар. Мақаладағы эпикалық образ, қазақ эпосының поэтикалық ерекшеліктері жайында айтқандары да терең ғылыми пікірлер болатын. Қодар образын талдау, әменгерлік (левират) салтты сынауларында таптық, солақайлық лебі болғанмен де аржағында зерделі ғылыми ой жатыр. Кейбір артықтау кеткен “таптан-дыру” әрекеті мен Абайға, алашордаға қатысты айтқандары уақыт талабынан, өзі айтқандай, Қазақтың ұлттық мәдениеті институтының қызметкері “міндетінен” туындайды. Ол кезде басқаша жазып жариялану да мүмкін емес, сонымен қатар осылай жазбау да “мүмкін емес” болатын. Осындай қиын кезде кейін тыйым салынған эпостық шығармаларды көркемдік құндылығы жағынан жоғары бағалап шығу М.Әуезовтің білгірлігі мен

терең ақыл-ойын анық көрсетеді. Мақаланы оқыған кезде 30-жылдардың саяси-идеологиялық жағдайын ескеру керек.

Бұл мақала томға газеттегі нұсқа бойынша беріліп отыр. Газеттегі “*казак*” деп берілген *қазақ* сөзін қазіргі қалпымен жібердік.

1. 15-б. ...**“Кобланды”, “Тарғын”, “Едиге”, “Чора”, “Камбар”, “Алпамыс”** и др., бытовые лирические поэмы: **“Козы-Корпеш”, “Кыз-Джибек”**... – М.Әуезовтің 50 томдық толық шығармалар жинағының 4-томындағы “Әдебиет тарихы” оқулық кітабының ғылыми түсінігін қараңыз.

2. 16-б. ...в **“Истории государства Российского” Карамзина...** – Н. Карамзиннің (1776–1826) – 1816–1829 жылдары шыққан 12 томдық Ресей тарихын зерттеген еңбегі.

3. 16-б. **“Манас”** и **“Семетей”** – “Ценные памятники казахского, киргизского фольклора” мақаласының түсінігін қараңыз.

4. 17-б. **“...Марабай”** – жазушының 50 томдық шығармалар жинағының 4-томындағы “Әдебиет тарихы” оқулық-кітабының түсінігін қараңыз.

5. 19-б. **“...Жанақ”** – Жазушының 50 томдық шығармалар жинағының 4-томындағы “Әдебиет тарихы” оқулық-кітабының түсінігін қараңыз.

6. 20-б. **“...Казахский институт национальной культуры...”** – 1933 жылы 11 қарашадағы Қазақ ССР Халық комиссарлар кеңесінің қаулысымен Қазақтың ұлт мәдениеті ғылыми-зерттеу институты құрылған. 1934 жылдан ССРО Ғылым академиясы филиалының Тіл, әдебиет секторы, 1941 жылдан Тарих, тіл және әдебиетті кешенді зерттеу ғылыми-зерттеу институты, 1945 жылдан Тіл және әдебиет институты. 1961 жылдан Қазақ ССР Ғылым академиясы президиумының қаулысымен Әдебиет және өнер институты болды. М. Әуезов қайтыс болғаннан кейін М. Әуезов аты берілді.

Р. Әбдіғұлов

“НЕТ БОЛЬШЕ “БАРСА-КЕЛЬМЕС”

М. Әуезовтің бұл мақаласы 1934 жылы “Литературный Казахстан” газетінің 1 мамырдағы санында шыққан. Кейін еш жерде жарияланбаған, жазушы шығармаларының библиографиялық көрсеткіштерінде берілмеген. Әуезов мұражайы архивінде қолжазбасы жоқ. Мақаланың аталмай жүруі және көрсеткіштерге кірмей қалуы – бір жылдай ғана шыққан, Ұлттық кітапхананың сирек басылымдар қорында сақталған “Литературный Казах-

стан” газетінің толық емес 3-4 санының “Литература Средней Азии” газетінің тігіндісінің ішінде болғандықтан болар. Мақала академик Отто Юльевич Шмидт басқарған Солтүстік теңіз жолы экспедициясының тағдырына арналып жазылған. Экспедиция мақсаты бір навигация (теңізде жүруге мүмкіндік беретін бір жыл ішіндегі уақыт) кезінде “Челюскин” мұжарғыш кемесімен КСРО-ның Солтүстік Мұзды мұхит теңіздерімен шектесетін жағалауымен Ақ теңізден бастап Дежнев бұғазы арқылы Тынық мұхитқа жету болатын. Экспедиция мақсатына жетуге таяп қалған кезде кеме мұз құрсауында қалып, экспедиция мүшелері мұзға түскен.

Көп ұзамай мұз қыспағына шыдамай “Челюскин” мұз жарғыш кемесі су астына кетеді. Мұз үстінде аса қауіпті жағдайда қалған адамдарды ұшақтармен құтқарған. Бұл ғылым үшін аса маңызды экспедиция навигация ғылымында, теңізде жүзу ісінде өте бағалы мәліметтер берді. Бұл оқиғаға әлемдік баспасөз де көңіл бөлген болатын. Ал, Кеңес Одағында үлкен даңғаза кампанияға айналдырылып, барлық газет, журналдарда мақалалар шығып жатты, көркем шығармалар жазылды. Соның бірі С.Мұқановтың “Ақ аю” поэмасы (50-томдықтағы М.Әуезовтің “Ақ аю” туралы” атты мақаласының түсінігін қараңыз). Жазушының бұл мақаласы осы “Челюскин” экспедициясына байланысты жазылған көптеген мақалалардың бірі. Арал теңізіндегі Барсакелмес аралын образды түрде пайдаланып, экспедиция басшысы мен мүшелерінің ерлігін сол уақытқа тән пафоспен қысқа түрде мадақтаған. Мақала шыққан газеттің дәл осы бетінде Борис Антоненко-Давидовичтің “Ледяная легенда”, И. Губановтың “Героизм большевиков-полярников вдохновляет” атты мақалалары басылған. Қатар шыққан үш мақаланың да бір тақырыпқа жазылғанына қарағанда мақалалар арнайы газет тапсырмасымен жазылған болуы керек.

1. 20-б. **“Барса-Кельмес”** – Арал теңізіндегі Барсакелмес аралы. Теңіз ортасындағы елсіз, тұщы сусыз арал. Кеңес үкіметі кезінде қорыққа айналдырылып, құлан т.б. сирек кездесетін аңдарды жерсіндіріп өсірген. Кейін теңіз деңгейі төмендегендіктен аралдың бір шеті Арал теңізінің жағалауымен қосылып кетіп, құрлыққа айналды.

2. 20-б. **Молоков, Каманин, Водопьянов** – мұз үстінде қалған экспедиция мүшелерін құрлыққа тасыған ұшқыштар. Сол кезде жаңа тағайындалған Совет Одағының Батыры атағын ең алғаш алған ұшқыштар тобының мүшелері.

Р. Әбдіғұлов

“НАД ЧЕМ Я РАБОТАЮ”

Мұхтар Әуезовтің бұл мақаласы “Казахстанская правда” газетінің 1934 жылғы 8 қаңтардағы санында жарияланған. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған. М.Әуезов шығармаларының 50 томдық академиялық басылымына осы нұсқа өзгеріссіз беріліп отыр.

1932 жылға әйгілі ақталу хатынан кейін жазушы шығармашылық еркіндік құқынан айрылып, кеңестік дәуір ұранына малтығып араласа бастады. Әдеби еңбек идеология назарындағы шаруашылық болғандықтан, ол кезде белгілі қаламгерлердің, оның ішінде М.Әуезов сияқты “алашорда қалдықтарының” ел алдында түзелгенін айтқандай боп, социалистік құрылыс саласындағы әрекет-қадамына есеп беріп отыруы дәстүрлі шара саналатын.

Анкета сұрағына жауап тәрізді мақалада М.Әуезов бірінші рет өзі үшін сүйікті жанрлар драма мен повесть екенін мәлімдейді. Сонымен қатар драматургия жанрының қиындықтары мен ерекшеліктері, әрі оның жаңа жағдайдағы ауыр міндеттері қысқа да нақты түйінделеді. Бәрін басынан кешкен адамның сөзінде “Тартыс” пьесасына байланысты идея мен көркемдік шешім, психологизм және мінез іспетті күрделі мәселелердің шешімін шеберлік мұратына балауы анық. Автор өзінің публицистика, көркем аударма салаларындағы ауқымды ізденістерінен де мол хабардар етеді.

1. 21-бет. **“Название пьесы – “Борьба”** – Бұл айтылып отырған “Тартыс” пьесасы жарық көргеннен кейін жас сыншы Мұхаметжан Қаратаев “Мұхтардың “Тартысы” және әдебиеттің кейбір мәселелері” (1935) атты мақаласында суреткер туындысын былай бағалайды: “Мұхтар “Тартыста” мақсатына әлі жетіп болған жоқ, жету жолындағы “Тартыс” – тек бірінші табысы. Кеше ғана адасу, қателесу бағытынан қайтқан Мұхтар социалистік жолмен қайта құрылып жатқан өмірге ілесіп, революцияның жетекші, жемісті идеясына ұмтылып, шығармасының ертеңгісіне жол ашты” (Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. Алматы, 1958. 93-б.).

2. 21-бет. **“пролетарской драматургии”** – М.Әуезов бұл ойларын 1934 жылы 12–18 маусымда өткен Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезінде “Драматургияның бүгінгі жәйі мен алдағы міндеттері” атты баяндамасында жетілдіре түседі: “Жаңа үлгідегі социалдық реализм драматургиясының жаңаша, саясаттық мағынасы оның: 1) тақырыбынан, 2) драмалық түйінінен, 3) тұлғасынан (образынан), 4) сюжетінен (әңгіме өнерінен) көрінетін болды” (Қазақ әдебиеті, 1934. 23 шілде).

3. 22-бет. “...Плечом к плечу” – “Білекке білектің” аудармасы.

4. 22-бет. “В борьбе за колхоз” – “Мұхтар Әуезовтің колхоз өмірінен алып “Колхоз үшін күрес” шығармасын жазуға кірісіп кеткен, тіпті, “Социалды Қазақстан” газетінде 8 жазушы қол қойып жариялаған “Мирзоян жолдасқа ауылға барып қайтқан жазушылардан хат” деген мақалада да аталып өтеді (Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 8-т. 445-б.).

5. 22-бет. “Мстислав Удалой” – Б. Пруттың “Мстислав Удалой” пьесасын қазақшаға аударған М.Әуезов пен О.Беков. Спектакльдің премьерасы 1933 жылдың желтоқсанында қойылған. Режиссері – М.Насонов, суретшісі – Қ.Қожықов (Қар.: Қазақ театрының тарихы. Алматы, 1975. 356-б.).

Б. Майтанов

“НА ЛИТЕРАТУРНОЙ СТРОЙКЕ”

Мақаланың бастапқыда үш саны газет, қалғаны журналда шыққан. “Литературный Казахстан” басылымының 1934 жылғы 1 мамырдағы 2-санында жарияланған.

Әйгілі ашық хатынан кейін жаңа, социалистік өмірді мойындамауға амалы қалмаған М.Әуезов өзіне бөгде шындық туралы жазудың қиындығын әбден сезінетіні байқалады. Сондықтан да орыс әдебиетінің классикалық дәуіріне ғашық көңілін, сахара жұртының үлкен мәдениеттен жырақ қалғанына өкінішін әдемі өрнектейді. Самарқау, сылбыр, құдайшыл шаруа қауымы мекендеген деревня тіршілігін мансұқ етпей, бағалай қабылдау сәттері туырлығы түрілмеген қазақ өмірінің ескілігіне сағынышпен ұштасады. Дала түлектерінің шала сауаттылығын атап көрсететін автор ауыл мен қала тұрғындары, қараңғы қауым мен хат танып, білім алып жатқан ұлт азаматтары үшін ескі рухани мұра мен уақыт талабына сай жазылған тың мазмұнды көркем шығармалар қандай әсермен қабылданатынын болжап тануға талпынады. Ондай және басқа да салыстырулар заман сипатындағы интеллектуалдық қарым қуатына таңырқауды аңғартпақ. Өмірдегі өзгерістердің кітаптағы шындықтан озып отыратын табиғатына зер салады.

М.Әуезов уақыт тынысын қалай бейнелеу керектігін анықтағысы кеп, өзіне-өзі сауал береді. Дәуірдің бетін бояу немесе өткен күндер елесімен шұғылдану, әйтпесе “өз жаныңның ымыртына қайғымен қарау” сарындарын қабылдамаған. Жазушы суреттейтін кезек көрінісіне психологиялық тұрғыдан бойлап ену, күшпен болса да, соны байқатпай, емірене тебірену, “социалистік реализм” талаптарына бағыну мезеттерін қажеттілікке санаған.

Кеңес дәуіріндегі озық туындылардың жетістігі аса себептермен жалғасатынын сұңғыла көңілмен түсінеді. Барынша саясат жетегіне ермегін баса айтуға тырысады.

1. 23-бет. **“Михайлов из “Хлеба”** – Автор А.Толстой шығармасы туралы сөйлеп тұр. А. Толстой “Азапты сапарда трилогиясының екі бөлігін тұтастыру ниетімен осы аттас повесін жазған. Бірақ ол туынды негізгі эпопея ағзасына кірікпей, бөлек нәрсе сияктанып, сәтсіз шыққан.

2. 23-бет. **“Левинсоны, Кожухи, Давыдовы”**. Бұлар – 1920–30 жылдардағы кеңес әдебиетіндегі үздік шығармаларда бейнеленетін орталық кейіпкерлер. Левинсон – А.Фадеевтің “Тас-талқан” романында, Кожух – А.Серафимовичтің “Темір тасқынында”, Давыдов – М.Шолоховтың “Көтерілген тыңында” суреттеледі.

3. 24-бет. **“...двух колхозных пьес (об интернациональных колхозах), а также собираю материал для повести о колхозе”**. – Сөз “Тас түлек”, “Тартыс” пьесалары төңірегінде болып отыр. Ал повесть “Шатқалаңға” байланысты аталған.

4. 24-бет. **“...завершить известный тематический круг ранее задуманных исторических произведений”**. – Бұл кезде “Хан Кеңе” жазылып біткен. Мәселе осы шығарманы 1934 жылғы қайта өңдеуге қатысты болса керек. “Алашорда дәуірі жайлы роман” психологиялық очерк аталған “Қасеннің құбылыстары” жөнінде болуы да мүмкін. Немесе өзге бір кең көлемді шығарма жоспарланып, әр түрлі себептермен аяқталмаған. Ал пьеса сол жылы аяқталатын “Түнгі сарынды” мегзейді.

5. 25-бет. **ССП – Союз советских писателей** (Кеңес жазушыларының одағы).

Б. Майтанов

“ОКТЯБРЬ ҮШІН”

М.Әуезовтің “Октябрь үшін” пьесасы алғаш 1933 жылы “Қазақстан” баспасынан жеке кітап болып шыққан. Пьеса кейін жазушының 12 томдық шығармалар жинағына (8-том, 149–230- беттер), 20 томдық шығармалар жинағына (9-том, 153–238-беттер) кірді. Басқа жеке жинақтарда жарияланбаған. Жазушы мұражайының архивінде пьесаның қолжазбасы (130-бума) сақталған. Қолжазба нұсқа (араб әріпті) мен жоғарыда аталған 1933 жылы жеке кітап болып шыққан (латын әліпбиінде) нұсқада елеулі айырмашылық жоқ. 12, 20 томдық шығармалар жинақтарында пьеса мәтіні 1933 жылы шыққан кітап бойынша

берілген. Бұл басылымдарда аздаған ғана стильдік өзгерістер мен қысқартулар бар.

М. Әуезовтің бұл пьесасы жазушының басқа драмалық шығармаларына қарағанда ғылыми айналымға аз түскен. Жазушы шығармашылығына қатысты еңбектерде де, театртану саласына қатысты еңбектерде де “Октябрь үшін” пьесасы арнаулы талдау объектісіне айналмай, жалаң аталып кетіп отырады.

Пьесаның аз зерттелуіне себеп болған жағдай пьесаның қойылымдық тағдырынан туындайтын сияқты. М.Әуезовтің 12, 20 томдық шығармалар жинақтарының түсініктерінде пьеса сахнаға қойылмаған деп айтылған. “Қазақ театрының тарихында” “Октябрь үшін” пьесасының қойылуы туралы арнайы айтылмағанмен, кітап соңындағы театр шежіресінде пьесаның 1932 жылы қойылғаны, режиссері Жұмат Шанин, суретшісі С.Столяров болғандығы туралы дерек берілген (Алматы, “Ғылым”, 1975. 1-том. 356-бет). Театртанушы ғалым, проф. Бағыбек Құндақбаевтың “Путь театра” атты монографиялық еңбегінің осындай театр шежіресіне арналған бөлімінде жоғарыда келтірілген деректерге қоса пьесаның премьерасының қараша айында болғандығы көрсетілген. Қазақ театрының негізін қалаушылардың бірі Қазақстанның халық әртісі Қапан Бадыровтың 1977 жылы “Жұлдыз” журналының 9-санында шыққан естелігінде: *“Жаңа тақырыпқа бүгінгі совет адамын өз шеңберінде көрсеткен тұтас ансамбль құрылмағандықтан бұл спектакліміз сахнадан шығып қалды. Жаңалық жасауда тәжірибенің бастамасы болғандықтан режиссер, актер қауымының қабілеті айтарлықтай дәрежеде емес екендігі байқалғандай еді”* – деген. Тағы бір мәлімет “М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының шежіресіндегі” “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қоры мен Т.Жұртбайдың “Бесігінді аяла” кітабына сілтеме жасаған *“... Соның алдында ғана қатты даудамаймен талқылаған пьесаны сахнаға шығаруға театрдың дәл қазіргі құрамы дәрменсіздік танытты. 9 желтоқсан күнгі қойылымнан соң “Октябрь үшін” спектаклі сахнадан алынып тасталды”,* – дейді. Осы деректерге сүйеніп “Октябрь үшін” пьесасы 1932 жылдың соңғы айларында бір рет ғана қойылып, содан кейін сахнадан алынды деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар негізгі кейіпкерлер санының да, қосалқы кейіпкерлер санының да (массовка) көп болғандығы және сол кездегі драма театрының мүмкіншіліктеріне пьесаның құрылымы мен тақырыбындағы күрделілік пен сонылық ерекшеліктері сай келмейтіндіктен пьесамен жұмыс тоқтатылғандығы байқалады. Бұдан басқа көркемдік, идеологиялық себептердің болуы да мүмкін. Ал, пьесаның алғашында репертуарға кіргенін

М.Әуезовтің өзі “Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және оның алдағы міндеттері” (Социалды Қазақстан. 1933. 13 қаңтар, “Әдебиет майданы”, 1933. N2) атты мақаласында: “Астықтың ” артынан биылғы репертуарға кірген “Октябрь үшін”, “Түрксіб”, Горькийдің “На днесі”, “Ревизор” ойналмақ ” , – деген сөзінде анықтап кеткен.

Пьесаның жазылу тарихы, шығармашылық тарихы қиын да қызық. Осы бағыттағы мәліметтерді ақтарғанда М.Әуезовтің өміріндегі ең бір қатерлі, ауыр кезеңінен хабар алумен қатар, 1930 жылдардың басындағы Кеңес үкіметіндегі, Қазақстандағы саяси әлеуметтік жағдайдан, әдебиет пен өнердегі солақай идеологиялық талаптардың жаппай өркен жаюынан да жан-жақты хабар аласың. М.Әуезовтің 1930-32 жылдары түрмеде отырып азап көрумен қатар шығармашылық өмірінің екі жылынан айрылғаны белгілі (осы басылымның 8-томындағы түрме материалдарын қараңыз). Төмендегі құжатқа қарағанда: ” *Қазақстандағы Ерекше мемлекеттік саяси басқарманың төтенше өкілеттігінің жанындағы Үштіктің мәжілісінің N 111/к мәжіліс хатының көшірмесі. 1930 ж. 20 көкек.*

Тыңдалды: N 2370 іс бойынша:

... Әуезов Мұхтар – үш жыл концлагерьге қамалсын, уақыттары 8/Х - 30 ж. бастап есептелсін. Ермеков пен Әуезовтің үкімі шартты деп есептелсін” ... М.Әуезов сәуір айының аяғында түрмеден шықса, шамамен бір айдан кейін, 20.V.1932 жыл датасымен берілген бұйрықта М.Әуезовті 500 сом айлықпен әдеби қызметкерлік штатқа Қазақ драма театрына алу жайында айтылған (М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының шежіресі. Алматы: Ғылым, 128-129-бб.). Көп ұзамай театрдың әдеби бөлімінің жетекшілігіне ауысқан. Осы арада, 10 маусымда М.Әуезовтің әйгілі хаты “Казахстанская правда” мен “Социалистік Қазақстан” газеттерінде жарияланған болатын. Осы жылы “Әдебиет майданы” журналының 8-санында “Іздер” атты деректі әңгімесі шықты. Дегенмен де жазушының абактыдан шыққаннан кейінгі кезеңдегі алғашқы шығармасы ретінде “Октябрь үшін” пьесасын атауымыз керек. Бұл шығарма М.Әуезовтің өміріне, тағдырына шешуші ықпал етті. Жаңа “қоғам”, әдеби-саяси орта Әуезовке сезікпен, сенімсіздікпен салқын мінез танытып тұрған мезгіл. Осындай жағдайда бір жағынан қазақтың үлкен суреткер-драматургі ретінде, екінші жағынан Қазақ мемлекеттік драма театры әдебиет бөлімінің меңгерушісі ретінде “тапсырма” алды. Зоя Кедринаның “Бәрі де менің есімде” атты естелігінде (“Простор”, 1967. N12) “Оның өзіне керекті кітаптарды іріктеп алуы (ол кезде Мұхтар “Октябрь үшін” пьесасын жазғалы жүргенде, сонымен бірге қазіргі

классикалық драмасы *Түнгі сарынды көңіліне түйіп жүрген болса керек*) қазақ жері жайында келелі әңгімеге айналды”, – деген. 1932 жылы Кедринаны, көпшілік мемлекеттік кітапхана қызметкерлерін О.Жандосов шақырып алып, екі үлкен адам: Әуезов пен Ермековтің келетінін айтып: “– Бұлар жаңсақ басып келген еді, енді өз қателерін мойындап отыр, – деді О. Жандосов, – жұмыс істемек, халыққа қажет жаңа еңбектер жазуы керек. Бәріміз де қолымыздан келгенше оларға көмектесуіміз қажет. Әуезов – керемет жазушы, әдебиетіміздің үміті мен мақтанышы”, – дейді. З.Кедрина М. Әуезовке пьеса жазуға қажетті материалдар іріктеп алуға көмектескендерімен қоса жазушының тауда, мұғалімдер қалашығында үй тігіп, сонда біраз уақыт жұмыс істеп жатқандығына куә болғандығынан да хабар етеді. Қапан Бадыров естелігінде де: “*Мұхтар театр* табалдырығын аттасымен репертуар жұмысына осылай жедел кірісті. Оның санын ұлғайтып, сапасын көтеруге баса назар аударды. Алдымен Мұхаң “Октябрь үшін” пьесасын жазды. Ондағы көтерілген мәселе Жетісу өңірінде және Алматы қаласында болған жергілікті бай-қулақтардың Совет үкіметіне қарсы іс-әрекеттерін баяндайтын-ды”, – дейді. Пьесаның 1933 жылғы басылымының титулды бетінің маңдайында “Қазақстан мемлекет театрының жазушылар бригадасы Орымбек Бекұлы, Ілияс Жансүгірұлы, Қанабек Байсейітұлы Жакия Мұсатайұлының жәрдемімен жазушы: Әуезұлы Мұхтар” деп көрсетілген. Қанабек Байсейітовтың “Соңғы охота” естелігінде (“Жұлдыз”. 1977. N9): “*Мұхаңмен 1932 жылы қазақ өнерінің қара шаңырағы – драма театрға әдеби көркемдік бөлімінің меңгерушісі болып келгенде таныстым. Оның басты жұмысының бірі – жылына міндетті түрде екі пьеса жазып беру еді. Қызметке келген бетте Мұхаң “Октябрь үшін” атты пьесаны дүниеге әкелді. “Октябрь үшін” пьесасын жазарда Мұхаңмен екі ай бірге болуға тура келді. Ол кезде ... қазақ театры топырағымызда туған пьесаларға мұқтаж еді. Содан ба, сол шақта “әлеуметтік за-каз” берілетін. Халық ағарту комиссариатының және театр дирекциясының ұйғарымымен Мұхаң, Ілекең (Ілияс Жансүгіров) және маған қазіргі тақырыпқа пьеса жазу тапсырылды. Бұдан соң Алатаудың төскей бетіне ақ шаңқан үй тігілді... Мұхаң Ұлы Октябрь тақырыбын, Ілекең Түрксібті, мен колхоз өміріне қалам тартқанбыз”, – дейді. Осы мысалдар алынған З.Кедринаның, Қ.Бадыровтың, Қ. Байсейітовтың естеліктері 1933 жылы шыққан кітаптың титулды бетіндегі “бригаданың” сырын ашып тұр. 1932 жылдың жазының екі айында М.Әуезов “Октябрь үшін” пьесасын жазса, бригада мүшелері Ілияс Жансүгіров “Түрксіб” пьесасын, Қанабек Байсейітов колхоз тақырыбына жеке пьеса*

жазғаны айдан анық. Орынбек Бекұлының бригада тізімінде бірінші болып тұруы оның сол кезде Қазақ мемлекеттік драма театрының директоры болғандығына байланысты.

М.Әуезовтің өзі де “Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және оның алдағы міндеттері” атты мақаласында *Театр өз басшылығымен жазушылардың бригадасын құрып, соңғы жылдың ішінде “Октябрь үшін”, “Түрксіб”, “Колхоз үшін” деген зор тақырыптардың үлкен пьесаларын майданға шығарып отыр*, – деп, жоғарыда аталған үш автордың туындыларын атаса, әрі қарай аталған мақалада пьесаның қойылымы туралы: *“Астықтың” артынан биылғы репертуарға кірген “Октябрь үшін”, “Түрксіб”, Горькийдің «На днесі»*, – дейді.

Пьесаның сюжеті 1920 жылы болған Верный гарнизоны әскерлерінің бүлігі оқиғасына құрылған. Қазан төңкерісінен кейін Жетісу өңірі, Верный қаласының айналасы аласапыран оқиғалардың ортасында қалған. 1918 жылы Верныйда кеңес үкіметі орнағаннан кейін Ресей әскери қызметкерлері мен шенеуніктерінің, казак-орыстардың мол, құнарлы жерлері алынып (национализация), жергілікті жерсіз қазақтарға, аз ұлттар өкілдеріне, кедей шаруаларға үлестірілген. Осы жылдың маусым айында Жетісу облысын атаман Анненков басқарған ақ казак әскерлері басып алды. 1920 жылдың наурыз айында Жетісу өлкесі ақ гвардияшыл әскерлерден қайта босатылған. Осы оқиғалардан кейін Верный бекінісінде үлкен әскери гарнизон тұрды. 1918-1920 жылдар оқиғалары кезінде әлеуметтік артықшылықтары мен жерлерінен айрылған Ресей үкіметі офицерлері мен әкімшілік қызметкерлері, казак-орыстар мен ауқатты кулак-шаруалардың арасында наразылық туған болатын. Бұл наразылық бірте-бірте айқын ұлыорыстық шовинистік пиғылға әкелді. Бұрынғы артықшылықтарын көксіп, 1916 жыл оқиғасын еске алып, анық жаулық әрекеттерге дайын тұрды. Бүліктің алдында жасырын жүрген ақ гвардияшылар мен казак-орыстар гарнизон әскерлері арасында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген. Жергілікті қазақтарға, аз ұлттар өкілдеріне жер беруге, оларды қаруландыруға қарсы шықты. Оның үстіне үкіметтің азық-түлік салығы (продразверстка) да ауқатты орыс шаруаларының арасында наразылық туғызып, қарулы қарсылықтарға апарып жатты. Верный гарнизонындағы Жетісу әскерінің дені жергілікті казак-орыстар мен шаруа өкілдерінен тұрғандықтан бұл жағдай ушыға түсті. Жер-жерлерде үкімет қызметкерлерімен, салықшылармен қатар қазақтарды жазалау, тіпті өлтіру әрекеттері де кездесе бастаған. Осындай ұшыққан жағдайда Жетісу әскерін Ферғанаға басмашылармен күреске апару туралы бұйрық шығып, Верный бекіністеріндегі әскерлер арасында Ферғанаға бармаймыз дегенді

сылтау етіп, бүлік басталып кетті (1920 жылдың 12-19 маусым күндері). Мұның алдында Жетісудағы жағдайдың ұшығып кетуіне байланысты Түркістан Революциялық әскери кеңесінің мүшесі Дмитрий Фурманов Верныйға жіберілген болатын. Бүлік кезінде Фурманов пен 3-Түркістан дивизиясының командирі И.П. Белов т.б. қайраткерлер тұтқындалған болатын. Уақыт өткізу мақсатында Түркістан әскери фронтының басқарушысы М. В. Фрунзенің рұқсатымен келіссөздер жүргізіледі. Осы кезде, 19 маусымда Верныйға 4-атты әскер полкының эскадрондары келіп жетіп, бүлік басылады. Бүлікті басуға жергілікті қазақ қызметкерлерімен бірге Шағабутдинов, Масанчи сияқты аз ұлт өкілдері де қатысқан болатын. Бұл оқиғалардың басы-қасында болған Д.Фурманов кейін тарихи-құжатты “Мятеж” (“Бүлікшілік”) атты романын жазды. Роман тараулары алдымен 1924 жылы “Молодая гвардия”, “Красная новь” журналдарында беріліп, 1925 жылы Госкомиздатта (Мәскеу) жеке кітап болып шықты. Роман “По Семиреченскому тракту”, “В Верном”, “Мятеж” деген тараулардан тұрады. Драматург С.Поливановпен бірге Д.Фурманов “Мятеж” атты пьеса жазған. Пьесаны романның үшінші тарауының инсценировкасы ретінде дайындаған. “Правда” газетінің 1925 жылдың 12 желтоқсандағы санында бұл пьеса Мәскеудің Төңкеріс театрында (Театр революций) қойылуға қабылданғаны жайында хабар берілген. Осы пьеса Қ.Байсейітовтің аудармасымен Қазақ мемлекеттік драма театрында қойылған. Д.Фурмановтың күнделігінің 1923 жылдың қыркүйек айына қатысты беттерінде: *“...Прихожу как-то в Ист-парт – Материал прибыл из Туркестана... Смотрю и в самом деле крепко-накрепко завернутые в синюю бумагу десять объемистых томов: это «Дело о Верненском мятеже в июне 1920 года»*, деген жазу бар. З.Кедрианың естелігіндегі М.Әуезовке материалдар дайындап беру жұмысы Д. Фурмановқа да жасалғанын, “Мятеж” романының да тапсырмамен жазылғанын осы деректен көреміз. Тарихшылар жете зерттеген Верный гарнизоны бүлігін Д. Фурманов өз романында өте дәл берген. Жазушының тарихи шындыққа да, көркемдік шындыққа да мейлінше адал болғаны анық байқалады. Өте күрделі, нәзік ұлтаралық қатынастарды оң мен солға ауытқымастан жіті көрегендікпен суреттеп шыққан.

Осыны М.Әуезовтің “Октябрь үшін” пьесасы жайында да айтуға болады. Д.Фурмановтың С.Поливановпен бірге жазған “Мятеж” пьесасындағы сияқты М.Әуезов те нақты бүлік кезіндегі оқиғаларды суреттеп шыққан. Фурманов романында тарихи-құжатты сипаттағы дәл баяндаулар жанр талабы мен мүмкіндіктеріне сай келсе, Әуезов пьесасында тарихи шындық драмалық жанрдың мүмкіндіктері мен талаптарына сай

жазылған. Жергілікті ұлт өкілі ретінде М.Әуезов өз пьесасындағы ұлты қазақ кейіпкерлер мен аз ұлт өкілдеріне көбірек көңіл бөледі. Пьесаны оқу барысында “тапсырма берілген” кезде қазақтар мен аз ұлттар өкілдерінің Қазан төңкерісіне қатысуын баса көрсету талап етілгені айқын көрінеді. Осы мақсатта, интернационализмді насихаттау мақсатында жазылған жеке жолдар стилінің жалпы пьесаның көркемдік желісінен бөлектеніп тұратыны анық байқалады. Пьесада Ресей үкіметінің отаршылдық әрекеттері, Ресейлік славян ұлты өкілдерінің көп бөлігінің шовинистік, астамдық пиғылда болғандығы реалистік, ашы шындық тұрғысында суреттелген. Ұлы суреткер өмірінің ең бір қиын, қатерлі кезеңінде арнайы тапсырмамен, анықталған идеологиялық талаптармен жазылған шығарманың өзінде суреткерлік шындыққа адал болып қалған. Сақталған деректерде пьесаның бір-ақ рет қойылып, қайтадан көрермен назарына ұсынылмауына себеп ретінде пьесаның күрделі оқиғалы, көп кейіпкерлі болғандығы келтірілсе, пьесаны оқу барысында ұлтаралық қарым-қатынастардың әдеміленбей, ащы шындық тұрғысынан суреттелуінде ме деген сұрақ туады.

М. Әуезов мұражайының архивінде “Октябрь үшін” пьесасының қолжазбасы сақталған. Араб әрпімен жазылған қолжазба мен 1933 жылы жеке кітап болып шыққан нұсқаны салыстыру барысында қолжазба мен кітаптағы нұсқаның негізінде бірдей екені анықталды. Тек кейбір репризаларда адам аттарының орындары ауыстырылғаны, аздап қысқарған сөздер бар екені байқалды. Кейіпкерлер сөздерінде еш айырма жоқ. Қолжазбада кітаптағы кейіпкер Сәрсембаевтың орнында Байпақов делінген. Бұл кейіпкерлердің сөздері қолжазба мен кітапта бірдей. Пьесаны жазушы шығармаларының 12 томдық жинағының 8-томына дайындау барысында 1933 жылы шыққан кітапта кеткен кейбір қателер түзетіліп, қазіргі орфографиялық ережелерге сәйкестендіріліп берілген. Бірінші перденің 2-көрінісінің басталуында Жанұзақовтың сұрағына берген жауабында Ысмайыл *“Бағанағы бір нәрсенің “биесі” біраз мың сөздер шығарып тұр. Ала алмадық”,* – делінген сөйлемдер бар (“Октябрь үшін” “Қазақстан” баспасы. 1933. 11-б.”). Мұндағы “иесі” сөзі “биесі” боп қате басылып кеткендіктен, сөйлем мағынасы түсініксіз болып шыққан. Томға түзетіліп берілген. Осындай қате бірінші перденің 10-көрінісінің соңына қарай Жанұзақовтың сөзінде бар. *“Ж а н ұ з а қ о в. И е ... и е, атыңдар! Мен еш нәрсе айтпақ емеспін. Жалғыз-ақ сендердің не дейтіндеріңді ғана білмек едім”,* – делінген кейіпкер сөзіндегі **“атыңдар”** сөзінің дұрысы **“айтыңдар”** екені жалғас

сөйлемдердің мағынасынан білініп тұр. Үшінші перденің 5-көрінісінде Фурмановқа байланысты авторлық ремаркада “кір басып” деген сөздер бар, дұрысы “**бір басып**” екені контекстен байқалып тұр. М. Әуезов шығармаларының 20 томдығының 9-томына 12 томдықтағы нұсқа өзгеріссіз берілген. 12, 20 томдық шығармалар жинағындағы нұсқаны 1933 жылы шыққан нұсқамен салыстырғанда пьесаның 1-пердесінің 2-суретінің 2-көрінісінің басындағы Розахон сөзінен “*Бірақ сонда халықтың саудасын неге тоқтатады? Әсіресе, мына Қытаймен істеп отырған сауда қазақ-қырғызға ас та, киім де боп отыр ғой. Ол болмаса қырылар еді. Осыны неге тоқтатады. Мен қайранмын соған*”, – деген мәтін бөлігінің түсіп қалғанын байқадық. Бұл басылымға Розахон сөзі толықтырылып берілді. Пьесаны 50 томдық шығармалар жинағына дайындау барысында біраз орфографиялық, пунктуациялық түзетулер жасалды. Пьеса мәтінінде кездесетін **станция** сөзі **станция** деп алынды. 1933 жылы шыққан кітапта сол кездегі Қазақ мемлекеттік драма театрының директоры Орынбек Бекұлының алғы сөзі бар. Алғы сөз пьесаның шығармашылық тарихынан, сол кездегі саяси-идеологиялық ахуалдың жайынан қажетті мәліметтер беретін болғандықтан түгелдей беріп отырмыз:

“Октябрь үшін” туралы бірер сөз

Бұл пьесаны Фурманов – Паливановтардың “Мятежінің” аудармасы деп жүргендер бар. Ол қата. Мятеж 21-жылғы Алматыда болған кулак пен атаман байлардың төңкеріске қарсы көтерілістері тақырыпты екені рас. Бірақ осы тақырыпта жазылғанның бәрін аударма деуге бола ма. Ішінде Мұқтар бар театр бригадасы бұл тақырыпқа қазақша пьеса жазғанда, Паливанов пьесасы сол дәрежедегі жергілікті қалыпты, ұлт саясатын, тұрғын ұлт еңбекшілері мен ұлт байларының тартамысын екі жақта қандай орын алғандығын, тіпті болған уақиғаның өзін тереңірек тексере жазу жөнінде жетіспегендері бар деп жазды. Соны бар архив материалдары мен қатысқандардың, көргендердің көзі барларымен отырып, толығырақ жазбақ болды. Бұл жөнде бригада бірталай материал жиды. Мәселен, не Фурманов, не Жетісудың әлеумет ісіндегі белгілі азаматтары бүгінге дейін атамай келген Өтепұлы сықылды жұмыскер большевиктердің көтерілістегі жақсы еңбектері Алматының атақты бай-саудагері Масқұт қожалардың рольдары тағы басқалар.

Рас, бұл әдебиетте бірден үлкен жаңалық табыс секілді көрінбеуі мүмкін. Үйткені өзі бір “сар жұрт” болып қалған тақырып еді. Сондықтан шығар, біздің жұртшылық Фурманов шығармаларымен таныс. “Мятеж” пьесасы қазақшаға аударылып, ойналды. Сондықтан “Октябрь үшін” үлкен жаңалық болып көрінуі кәдік.

Екінші бір мәселе, бұл Мұқтардың қайта жазу бетіндегі бірінші адымы еді. Бригаданың жәй ғана мүшесі емес, негізінде пьесаны “Оформат ” еткен ол болды. Бұл жөнде пьесаның сахнаға қалай лайықтанғанын, көркемдік жағын қоя тұрғанда, негізінде, бірінші толық жұмысы деуге келіңкіремейді. Мұқтар социалдық құрылыстың ісінде күшінде ала көңілін артқа тастап, адал шын жүрегімен көрініңкіреу, ішіне кірісіңкіреп отырып, соны тақырыпқа жазған нәрселерімен сыналғаны құндырақ. Кәзір ондай бірен-саран жақында жарысқа шыққалы отырған нәрселері бар. Мұқтар сыны соларында.

Үшінші – бұл пьеса көркемдік жағынан да нашар нәрсе емес. Көркемдігі бар. Мұның үлкен кемдігі – сахнаға қоюға ауырырақ, ысылған режиссер, үлкен состав, кең сахна тілейді. Мұнысы болмаған жерде кесіп-пішіп ойналады. Бірақ бұл бар бригаданың қатасы. Жоғарыда айтылған «Сар жұрттығы» мен сахнаға ауырлығы дегеніміз болмаса, Қазақстан төңкеріс тарихында атақты Алматы мятөжінің қазақ тумасы болып жазылып қалуы әдебиетте аз олжа емес. Өткен жылғы жазушылар өндірімдерінің көрнекті табысының бірі.

Жалпы Ресейдің болсын, Қазақстанның өзінің болсын мәдени орталығынан қиыр жатқан Жетісу еңбекшілерінің Октябрь үшін қалай тартысқан тарихымен жұртшылықты таныстырудың өзін аз олжа дей алмаймыз ”.

1. 40-б. **...Әткешшілік** – шекарадан заңсыз түрде тауар өткізу (контрабанда)

2. 40-б. **Бихисап** – өте, аса деген мағынада

3. 40-б. **...қызылбөрігінен** – Қызылбөрік – Албан тайпасының ірі руы.

Р. Әбдіғұлов

“ТҮНГІ САРЫН”

Пьеса 1934 жылы жазылып, “Әдебиет майданы” журналының осы жылғы оныншы нөмірінде (59–77-беттер) жарияланды, келесі жылында “Тас түлек” атты әңгімелер мен пьесалар жинағында (Қазақстан көркем әдебиет баспасы. 1935. 293–379-беттер) басылды. Драмада он алтыншы жыл қозғалысының бар шындық сыпаты терең ашылды; мазмұны мен түр бірлігі көркем өрілген туындыда патшалықтың уәделі шартын бұзып, солдатқа кісі алу жөніндегі маусым жарлығына “Біз қарсы болғанда күн бір жауса, терек екі жауғанына қарсымыз” деген қарсылығы, билеушілердің қиянаттары мен тізім жасаудағы әділетсіздік “... айласы мен салмағы арқамызға аяздай батқан елміз” деген түйіндеулері арқылы көрсетілді. Негізгісі толқу, наразылық

кезінде халық жоғын жоқтайтын өкілдердің шындалып жетілгені, олардың бірі – бір қол, бір көзіне, екінші бірі – екінші қол, екінші көзіне айналғанын, сондай-ақ көтерілістің тарихи шындыққа сай жеңілгенін, жеңілгенде де бір саңылау қалдырғандай болып жеңілгендігін асқан шеберлікпен жеткізді.

Бұл пьесасына автор өзі туып өскен ортаның адамдары тағдырын арқау еткен, мұнда өзгертіліп-өзгертілмей алынған рулар, өмірлік шындықтар, тағдырлар көрініс береді, басты тұлға саналатын Жүзтайлақ (шын аты Бәтіш) пен Тәуке (шығармада Төнеке) жазушының жақын танып-білген адамдары болса, Жүзтайлақтың күнделікті өмір-тіршіліктегі қылық-мінездері, істеген істері, тіпті, дерет құманына дейін жігіттерге ұстатып қоятын кердең-кесірлігі бүкіл Шығыс өңірінде аңызға айналған. Былайғы жұрт көзіне қаншалықты оғаш, өрескел, асып-тасқан сияктанса да, қарапайым көрші-қолаң оның өзінде барды аямайтын қолы ашықтығын, сый-сияпаттар үлестіргіш жомарттығын ұнатқан. Онымен ауылдас Тәуке батырды он алтыншы жыл қозғалысына басшылық жасамасын деп, алдын ала Аягөздің абақтысына жауып та тастаған. Ол Абайдың ұлы Мағауия әйелдерінің бірі Дәмгөйдің ағасы, осы Дәмгөйден туған Кәмилаға Мұхтар үйленген. Бұларды қаламгердің жақын білуінің себебі де осында. Енді осы пьесасы үшін жазған прологы барын қалың оқырман қауым біле бермейді. Өйткені жарық көрген басылымдарының бірде-бірінен кездеспейді. Бұны автор қоюшы режиссер мен ойнаушылардың өтініштері бойынша премьераның алдында ғана жазып берген. Белгілі артист Қапан Бадыровтың қолында сақталып қалған осы пролог жазушының өз мұражайындағы қолжазба қорына тапсырылған. Араб әрпінде жазылған осы бір беттік қолжазбаның екінші бетіне: *“Мұхаң өз қолымен «Түнгі сарын” пьесасына жазып берген еді қойылатыннан бірнеше күн бұрын. Мұхтар Әуезовтің өз қолы. Қапан. 1934 жыл”* дегенді жазған. Сондағы мәтін мынау:

“Түн еді... Меңіреу кара түн еді...
Кеткен соның қарасын.
Көр! Тыңда! Көр! Нелер тізілген
Ашып соңғы парасын,
Әсірлер жауып жаласын
Қырсықтай басып даласын.
Ажал тіккен дарасын,
Құлсын деп еңбек баласын
Күніренткен ел анасын,
Күн бе еді, ол түн емей
Тарих па еді тұл емей,
Күйзелткен ердің,

Тұсаған ердің санасын,
Ұмытар ма ел наласын.
Патшадан, бектен, жуаннан
Жағалай шеккен жарасын.
Ұмытпаса еске алсын
Шыдамай бір ызаға
Шырмап келіп құлдықтың
Төккенін теуіп шарасын,
Жыртқанын жаудың жағасын.
Күтірлей соғып дабылы
Аспанын меңіреу қақ жарып,
Түн сарыны сілкінткен
Ойын, қырын, саласын.
Аттай басып тарихтың
Тұрғыдан соң тұрғысын
Сөйткен еңбек іздеген,
Панасын, басшы данасын.
Ол түн еді, меңіреу кара түн еді,
Соңғы түннің бірі еді...”

(ЛММА, КПП-1, 389-н, 117-б).

Бұдан бұрынғы “Еңлік-Кебек” пен “Қаракөздегі” прологтары үшін сөгіс естіп беті қайтқан, онда: кейінгі заманды қызығы кетіп азған, берекесі кетіп тозған, кешегі Арқаның желі желбіреткен ала тулы жер қайысқан қолдың орнында бүгіндері, күңгірт пішінді қоңыр, момын қазақ, ұраншыл ел, аламаншыл батырдың орнында түн жамылып ағайынның малын жетектеуді өнер көрген ұры қылған; кешегі сарнаған қобыз, тамылжыған шерлі сыбызғы, күңіренген домбыра үні өшкен, жым-жырт, мұңды, жүдеу далада сері жігіт, ерке ақындар әні енді естілмейді, бұрынғы сергектігінен айрылған деген сарында ой толғаған. Мына соңғы прологында да көп қысым көрген халықтың шын буырқанысы алда дегендей емеурін бар.

Кейінгі жылдары бұл пьесасына өзгерістер, қосымшалар енгізуді ойланғандығы мына жазбаларынан байқалады:

“Төртінші сурет. Ояз орнына Кәрім келген. Ояз, Жүзтайпак диалогы қайта жазылады. Ояз, Тәнеке, енді Кәрім қатты өзгерген – жаңадан жазу керек. Мұғалімге хат, Жүзтайпак арқылы қайта қарау керек. Сурет аяғы: Сәруар, Мөржан, Мұғалім – ондалу керек. Болыс, Кәрім телеграммасы-керексіз, замена керек. Мұғалім, Жантас, Тәнеке, Амангелді жайы. Тәнеке мен мұғалім, оқиғаны ілгері әкетушілер болмады – үш бет қайта жазылады.

Ж а н т а с үміт бар деп едіңіз...

М ұ ғ а л і м . Үміт сол үміт емес пе еді мені жетелеген. Саған да айтпағым сол еді. Сол үмітке бар халық, бар орыс, қазақ та

сенеді... Анау Амангелді де сол бір үмітке сенеді. Патшалық құлайды... Ел қолы азаттыққа жетеді деп сенеді.

Жантас. Сол күн тез келсін деп алысқандар да бар ғой. Солай емес пе?

Мұғалім. Бар, бар болғанда мейлінше мол бар.

Жантас. Сол кім? Естісін де мына жұртың.

Мұғалім. Ол өзіміздей зорлық көргендер. Төңкеріс, революция болады деп күтеді... Біз солармен жолығысуымыз керек.

Дауыстар. О, жалғастырсаңшы бізді соларға, тез қосаңшы мұғалім.

Мұғалім. Мен сапарға текке кетем деп бара жатқам жоқ. Іздеймін, іздеп барам сол сендер барып қосылар қауымды” (ЛММА. КПР-1, 389-п., 114-116-беттер).

Пьесаны жазбаққа біржола бекінгенде алдымен оның жалпы бағыт-бағдарының қалай боларының нобайын жасап көрді. Оның қолжазбасы “Тұман айығарда” роман-эскизінің жоба-жоспарымен бірге бір дәптерге жазылды. Ал үлкен шығармаларды қолға алмастан бұрын драмалар жазумен шыңдалуды ұстанғанын “Хан Кенеден” де көруге болады. Ондағы басты мақсат – сол арқылы Абылай заманына жақындау еді, бірақ сол кездің сын-ескертпелері ол ойының жүзеге асырылмайтындығына көзін жеткізді. “Түнгі сарын” мен “Тұман айығарданың” қатар жазылуында да осындай бағыттағы мақсат ұстанымдары болды. Енді алдын ала жазылды деген пьеса жоспары өзгеріссіз беріліп отыр:

План

Бірінші акт

Болыс аулының сырты, көгал. Аз ғана тоғай, бұлақ. Жүзтайлақ дәретке шыққан. Басында қара мақпал шапан, артын ала Мөржан құман ұстап келе жатады. Нұрқан атынан Мөржанға сөз айтып келеді. Тартынып жауап бергенде ұрысады, көн дейді. Менің сөзімді жерге тастайын деппең. Бұған шекті көнбейсің, жетті. Мен айттым, болды дейді. Нұрқан мен Жүніс шығады. Қалжақтап Мөржанды Нұрқан қақпайлайды. Мөржан тайынбайды, көнбейді. Жүніс орысшалап, алып кет дейді. Екеуін шығарып салып, қайта келіп, өзі Бибіштен тілек тілейді. Мынау тәкаппар, паң, бала деп сөйлейді, қалжақ етеді. Сыныма толсаң, тақымыма толасың дейді. Сына дейді. Серт береді. Көп сынамақ болады. Мөржан ашуланып жұлқынып шығады. Мыналар жабыла талайды. Бибіш әулиесітпей жігіттік неге істемейсің дейді. Нұрқан ұмтылғанда Мөржан дауыстап, мұғалім мен Жантасты шақырады. Шығып кетіседі. Мұғалім мен Жантас шығады. 16 жыл оқиғасының ке-

улеп келіп қалған қызу күндері екені сезіледі. Мұғалім “Қазақ” газетінің басқармасы қай пікірде екенін білмейді. Болыс ісіне наразы. Болыс тыңнан тағы қоралар салғызып жатады. Алған жері Борсақтың қыстауы. Дауысқа бұрылады. Мөржан қашып шығады. Артынан Нұрқан мен өзгелер шығады. Бибіш сызданып үн қатпай қарап тұрады. Жантас наразылық айтады. Нұрқан Ысқақ пенен Борсақтың қызын аяймысың деп тәкаппар сөйлейді. Жауап айтқанда: шешендік салыстырмаймын, шатпа дейді. Мұғалім Нұрқанның терістігін айтады. Жантас егес сөз айтады. Бибіш бір рет ашумен қысқа бір-ақ сөз айтады. Жантас бұрынғыдан да ширығады. Күннің ауырлығын айтады. Нұрқан мазак етіп, кетерінде қақпақтан кетерсің дейді. Жүніс араға түседі. Бұған Бибіш, Мырза жігіттің бетінен алғызба деп бұйырған. Жорғалалақтып алдаусыратады. Жантасты басады. Бұрыла бере Нұрқанды оңаша алып, итті алдамасам болмас. Сыр берме. Бөгет бола береді дейді. Нұрқан кетеді. Бибіш содан кейін Жантасқа ақырады. Бір жағында қызғаныш та бар, менен әулие ме еді дейді. Сені мен зорлағам жоқ. Еріккен бай қатыны өзің тілегенсің дейді. Бибіш қатты ашуланып, кәдір білмейтін құл. Сүйгенімнен күйіп тұрмын-ау... Аяғыма отырғызып пем өзгені? Кәдір білгенің осы ма. Борсақтың сасық қызына сатып дейді. Мөржан қатты шарпысып қалады. Бибішке қарсы сөйлейді. Жантасқа еріксіз жауап айтқызады. Жантас бұл менің жарым. Оған мен жар, дос. Саған мен тұздық қана.

Сәруәр келіп Мөржанға болысады. Қайрайды. Өзі Бибішпен ұрысып қалады. Оған қарсы Жүніс шығады. Ендеше асылың сол ғой деп, Бибіш бұрын спескіге кіргізбегенін айтып, енді сен алдымен кетесің дейді. Мөржан жаңа біліп күйінеді. Өртенгендей болады. Жылайды, мұғалім мен Жүніске шағады. Жантас егестім, тастадым деп Мөржанды алып шығып кетеді. Жүніс екеуін алдап, бірге ертіп жақауратады. Жантастың сырын біледі. Бибіштің жақындығын қызғанады. Пайдаланбақ. Құмарлана түседі. Мұғалім мен Бибіш қалады. Бибіш өкінішін айтып, кәдірін ұқпағанын айтып шағады, жылайды. Бірақ... ертемек. Мөржанды Нұрқанға күң қатын қып бермек. Мұғалім аянышқа шақырады. Өртеніп ашумен лаулаған Бибіш бұрынғысынан да сұлу, ғашықтық, ынтығын айтады. Мұғалімді жібің бос, бетімнен алғыздың, құмар болсаң сүйдірмедің дейді. Мұғалім романтик түрде ғашықтығын баяндайды. Молда-ай, қойшы, күйіс қайыра бермей деп тәкаппар Бибіш, ана құманды ал деп, шығып кете береді.

Мұғалім ызалы, қатты ренжіп қалады. Татьянаның сезімен: “Жас бала жайып саусағын, талпынған шығар айға алыс” деп қала береді. Ділда шығады. Болыс пен Кәкен келді дейді. Мұғалім

құманды ұстап тұрады. Ділда қауіп айтады. Нұрқан ашулы дейді.

Жантас құшып күдіктенеді. Күліп, құманды алады. Бибіш ал деп бұйрық етеді. Мұғалім әні ең артында.

Екінші акт

Бірінші сурет

Болыстың үлкен үйі. Сәнді. Ерекше бай, салтанатты. Кәкеңді Бибіш қатты кәдірлейді. Қымыз сапырып беріп отырып: уақыттың қолайсыз болғанын, бұлайша қарсы алмақ емес еді. Ат шаптырып, той қыла қарсыламақ еді. Құдағидың келгенін күтіп еді. Нұрқан да солай, адвокат болыс баласына қызын айттырған. Жаңа құда қатты сыйлас. Кәкең де елдің толқынын өгей дейді. Басқалы келген. Кемпір Ділданы табалайды. Бибіш: осының баласы дейді. Кемпір қиялына түседі. Мұғалімнің тілін алады. Қойғызыңдар деп жалынады.

Болыс пен Қыдыш келеді. Елдің толқыны асқындап, бүгін спеск қабарын естіп лаулап, болыс аулына келіп қалған. Көпшілік Борсақ қалың Олжайға не қылушы еді, елдің іргесін ойлайық дейді. Адвокат тоқтау айтпақшы, әдейі әкелінген. Нұрқан жуандық сөйлейді. Жантасты байлап алу керек дейді. Мұғалімді шақыртысады. Тоқтат дейді. Жұмбақ дұспал тілекті Бибіш те айтады. Мұғалім адвокаттан “Қазақ” газетінің пікірін сұрайды. Газет пікірі менің пікірім, не қыласың дейді. Өз пікіріңді айт дегенде, халыққа айтам, сонда естисің, әзірше тоқтау айт дейді. Барлығы жабысады. Мұғалім қобалжиды. Көнуге айналады. Жорға Қыдыш: ол екінші жағынан ағайының деп Жүністі де шүлейді. Нұрқан кемпірді қорқытады. Келінінңді алғызбайым, өзім алам, баланды тыймасаң баладан да, келіннен де айрыласың дейді. Лаулаған жұрт келіп қалады. Тәнеке, Жантас, Жүсіп, Жұмажан, Бөрбасар көп атынан спескі қолға бер дейді. Керіс үстінде Бибіштің тағы тілі тиеді Жантасқа. Мөржан, Сәруәр бірге келіп тыңдап тұрады. Қыдыш майдалайды. Сәруәр ащы сөйлеп қалады. Қыдыш қуана күлкіге айналдырады. Адвокат сөйлесін дейді.

Кәкең “әкесі өлгенді де естіртеді, бересің баланы” дейді. Болыс қатты айттың, жарамайды. Тоң мойын ел дейді. Мұғалім: шен таққан төренің алғаш сатқаны ол емес дейді. Ел лаулап, үйді теңселтіп... шатақ күшейді. Мөржан қызу. Өзі де кептің, күйіндінің бірі екенін сезіне бастайды. Сәруәрден ақыл сұрайды. Жантас бірге кетеміз дейді. Нұрқан боқты аларсың дейді. Көшіріп әкетпек болып қимыл қылады. Жантас болыс бері кіреді. Ел даурығы Қыдыш пен Тәнекенің ерегесіне саяды. Қыдыш күш

айтады. Бір айғайымнан қалмайды Олжай дейді. Жүніс ұранға қызады. Олжайдан жүз жігіт, мыналардан жүз жігіт жазылған. Олжай бес есе көп... Жиын бұрынғысынан да асқынады. Болысқа қатты сөз айтылады. Қу болыс соңғы епке салады. Қыдыш ұлыққа, патшаға кісі шаптырайық деп, әдейі Көкеңе кеп отырмыз деген.

Болыс ең соңғы ретте: алдыңда жаным да шықсын. Жаз мені, жасым қырықта, Нұрқанды да жаз деп, Жүністің өзін де жаздырып, бірге кетем екі жігітпен дейді. Қыдыш мойнына бұршағын салып, көк қасқа айтады. Тілеулерін тілейді. Адвокат расписке жасайды. Болыс пен соның өзін, патшаға барып арыз беруге сайлайық дейді. Елге шығын салатын боп, елді тоқтатады. Мыналар патшаға бармақ. Жантас Мөржандарды көшіріп әкетеді. Мұғалім бірге кетеді. Жүніске Бибіш: ісім осы дейді. Толмадым деп көпке қосылып кетеді. Тұманды жер боп қалады. Ел тобын жазбайды. Не қылғандарыңды із салып аңдиды, тосады дейді Жантас, Тәнеке. Кемпір баласына ермей, Бибіштің ықпалында қалады. Жұмажанды да жырып алып қалады Нұрқан.

Екінші акт

Екінші сурет

Облыстық қалада, ел пұлына болыс қонақ шақырып, оязбен, адвокатпен рақат көріп жатыр. Карта ойнайды. Бибішті қалаға ала келген. Бәрі тегіс Бибішті кәдірлейді. Бибіш оязбен әзілдеседі. Патшаның сұлулығын айтады Бибіш. Болыс өзіне, Бибішке жақсы киімдер алған. Ел хабары келеді. Жантастың ісі асқындаған. Ерегесіп Нұрқанды қорқытып кетіпті дейді. Және қол жиып, оқшау шығып жатып, құрал соғып жатыр дейді. Қысылған Шатақан жетеді. Жылқының бәрін айдап ап мініп, сойып жатыр, кемпірді байлатып қойды Нұрқан дейді. Ояз бұйрық етеді. Әскер шықсын, Жантас пен мұғалімді ұстап әкеп жапсын деп байлау шығартады, адвокат пен болыс.

Хат тосқан. Іс шықпайды. Іздену керек емес. Жігіт берілсін деп адвокат байлау жасайды. Өзі, бірақ жақсылап арыз жазып, болысты ертіп, біраз жүріп қайтпаққа байласады. Қыдышқа келеді. Елден қысылғандықтан келген кемпірді ала келген. Ояз активнирақ болсын. Бес мың сом кесу соның ұсынысы, бастықтар дегенде жалғыз Жантасты атайды Қыдыш.

Есендікке, саулыққа ұлықпен арақ ішіседі. Нұрқанға хат жазып, жігітті әскермен, оязбен бірге қамдап берсін деп тапсырады. Қыдыш пен болыс ұсынысы, елді алдап қолға қондырамыз. Қуғанда жалғыз Жантасты ғана қуу керек, соның басына бәйге тігілсін деседі. Ояз бес мың сом бәйге тігеді. Ол қашқын деп

жарияланады. Соңғыны Бибіштің сөйлеуімен ояз тез қабыл алады. Тамырмыз деп Бибішпен қол алысады. Ояз бен адвокат кетеді. Адвокат ояздан бұрын кетеді. Бәйге тіккізер жерде ол кібіртіктеп қарсылау болады. Кемпір соған жалынады. Елдің дәмесі сен едің ғой, о да елің ғой деді. Адвокат байлау жерде болмай шығып кетеді. Дағдарыңқырап қалған болыс, Қыдышқа Бибіш соңғы екпін береді. Жантас жау деп жарияланған. Мерген екендігі айтылған. Ояз кеткеннен кейін ел-елдің кедейі тегіс қосылып, соңына ергенін айтады Қыдыш. Болыс Жантасты өлтіріп, Мөржанды Нұрқанға тартып әпермекті серт етеді. Шатақан кемпірді табалай отырып қорқытады. Оқыста Жантас кіріп келеді. Кемпір трагедиясы – ана трагедиясы. Баласы айырып алғалы қуа келген. Қу жанды көк шүберекке түйдім, алып кет мені де өзіңмен дейді. Жантас болысқа: алдында жалғыз-ақ кезең – ол өлім. Жаның барда шағымыңды тоқтатып, әскерді тый дейді. Болыс ант етеді. Қыдыш куә болады. Бибішпен тағы егес қайратқа соғып, шабақтай ілермін дейді Жантас. Жігіттерімді сенімен тояттатармын дейді.

Ү ш і н ш і а к т

Болыс кеңсесі. Нұрқан болыс орнында. Ояз шыққан. Ауылда қалың әскер. Қыдыш кеп Нұрқанға ақыл салады. Іс қылмақтың алдында байлау керек. Қыдыш елді әуелі еппен тоздырам дейді. Ол жерде Борсақ Жұмажанды Нұрқан алдайды. Қолына қондырған. Үстем болып, қол арасында жік болатын тұр бар дейді. Келін сондай хабар алыпты. Ол жерде Жүзтайлақтың жансызы бар. Сол жігі білінген жерге сына қағамыз. Борсақтан басқа мұнапас деп Олжайды бір ыдыратайық дейді. Жұмажан ұрланқырап хабар тасиды. Екінші, Жантастан басқаға жаза жоқ деген бір лақап тағы кетсін дейді. Үй алдындағы бірер бос адамды сондай бір хабармен лақтырып жібереді. Нұрқан баяу қорғанады. Ояз қасынан Бибіш келеді. Қалжыңдайды. Өз жансызынан келген хабарды айтады. Тәнеке барады, қарсы алыңдар, ұстап қалыңдар, бүлдіргіш сол депті. Ертең қол Найзатаста түнейді. Оған шекті бір-екіні жібере беріңдер. Сол жерде үстінен түсіндер депті. Оязбен қосылып Нұрқан, карательный отряд бастығы осы планды жасайды. Әскер жүреді. Ояз тоңар деп Бибіш иығына қымбат ішік жапқызады. Списокті алғызып, болыс, ояз, Қыдыш соны ақтаруға кіріседі. Тәнеке келеді. Елдің ішінде болыс салған бүлікті айтады. Тізім алынбасын. Алынса біз тізіп береміз, ел боп тізіміз дейді. Бұны қаматады. Байлатып жатқанда қараңғыда Жантас, мұғаліммен бір қол кеп кіреді. Қыдыш жорғаққа салады. Оязға тимеңдер, бүлінесің деп ұлықты алып шығады. Өзгелерін жібертпей қуып

Нұрканды шаңыраққа аспақ болады. Бибіш мұғалімнен кезек сұрайды. Мұғалім Нұрканды сұрап алады. Мұғалім мен Бибіштің сахнасы. Сиқырлайды. Сөйтіп тұрып қолына Жақаңның хатын береді. Мұғалім толқынып, қатты ойда қалады. Нұрканды босаттырады. Тәнеке өкінесің дейді. Жантас бұл емес үлкені дейді. “Қармағымды шабағыңа қандамаймын, шортанын ілдіремін”, “Алыстағы сәлемнен әзір тұрған құшағым игі”, - Жантас сөздері. Сол сағатта болыс кеп қалады. Бибіш сасып, не қыламыз деп қайла ойламақ болғанда Жантас бастырмайды. Болыс кіріп келеді. Жайды көріп күліп жіберіп, шүйінші, бостандық алып келдім, жандаралдан шықтым түсте дейді. Оңды-солды шүйінші деп айқай салады. Ел сасып ыдырай бастайды. Мұғалімге сәлем айтады. Жұмажанды тағы пайдаланады. Мұғалім жасып тойтарылып қалады. Жантас, Тәнеке ендеше елге жүріп, осыны баян етесің деп болысты ұстап әкетеді. Нұрқан жалынады. Мөржан бірге келген Сәруәрмен өтірік айтып тұр дегенді айтқан. Араңда сенішім бар. Ішіңнен жайлармын деп, Бибіш Мөржанмен ерегескен жерде сөз тастайды. Сәруэр, Мөржан мұғалім екен деп түнеріп қалады. Мұғалімді алып кетіседі.

Т ө р т і н ш і а к т

Елсіз. Тау іші. Қол. Әр жерден ән шыратқан, айтысқан, ойнап, күрес, алыс салған, сойыл қағысып, найза түйрескен, сапыласқан, қалмақша алысқан. Желікті жігіттер топтары өтіп жатады. Жүніс түнерген, көңілсіз, біраз жігітті тоқтатып, Олжай қайта берсін депті дейді. Тағы бір топ жігітке Жантастан басқа мұнапас депті. Тағы бір топқа әскерлер келеді, сақ болындар деп арлы-бірлі ұйытқып отырады. Күрсінсе береді. Бөрібасар, Бойбермес те бұны қалжың етеді. Ел сағынған екен Жүкең деседі. Мінген ат, алған сойыстарды айтысады. Жүніс әскер қаруының күштілігін айтады. Шошытарлық қайратын суреттейді. Бірақ шошымаңдар деп қояды. Шатақан шауып келеді. Қыдыш пен болыс жіберді дейді. Шүйінші сұрайды. Жүніс өтірік томсарып, жауап қатпай, шүйіншінді ана елден, қолдан сұра, мен енді жазакене, күту керек деп сырт қарайды. Шатақан шүйінші сұрап жүргенде Бөрібасар ұстап алып, қалжақ қып босатпайды. Сәруэр келеді. Өкінішті, трагедиялы. Жүніс алдап отырып еппен сыр тартады. Жансыз бар. Осы қолда. Жүніс қатты қайғырған болады. Өзі ептеп шошынады. Мөржан да бар. Мұғалімді мыналардың серікке алатынын ұғынды Жүніс. Шұғылынан мұғалім туралы күдік айта бастайды. Сәруэр аңқау бұның қолтығына кіре береді. Өкінішпен жылайды. Мөржан суық сезінгендей ішін тартады. Болысты алып Тәнеке, Жантас, мұғалім келеді. Бұл кезде түн. Қарауылды мықтап қойғызып, Жантас болысқа шүйіншіңнің

женін айт дейді. Бірі бастаған қолдың алдында бетін ашады. Толқына бастаған елдің алдына қап-қапты ашқызып, списокті лақтырып жырттырады. Қол масайрап қайтадан ширап кетеді. Болыс байлауда, Жантас, Тәнеке, Жүніс қол аралап кетеді. Мөржан, Сәруэр мұғалімді қолға алады. Аздың дейді. Басында ұғыспайды. Ол мойындай түседі. Әсіресе, бұны мүдірткен Жақанның хаты ашылады. Мұғалім қайта ширайды. Енді кім? Енді кім десіп, Жантасты издесіп кетеді. Бөрібасар, Бойбермес шығып, болыспен сөйлеседі. Кетеді. Қараңғы, Жүніс жалғыз шығып, қарауылды өзінің атына жіберіп, болыстың қасына келеді. Аз сөз, босатып жатады. Желкесінен Жантас аңдып тұрады. Болыс босанып қаша бергенде Жантас тоқта дейді, ол тоқтамайды, атып түсіреді. Бұл қалай? Жүніс өлтірмейік, кетсін деп қатты қарсы пікір айтады. Мөржан, Сәруэр Жүніспен қағысып қалады. “Қарсақ баласы қайдасың”, мынаның әйеліне шейін басыма ойнайын дегей екен деп, Жүніс әлек салады. Жау кеп қалады. Кімдікісің деген Тәнекенің шұғыл сұрағына Жүніс еріп кетеді. Не айтасың деп? Жау қаптады, ұрыс, аман құтылып кетеді. Нұрқан, ояз өліп жатқан болыстың өлігін табады.

Б е с і н ш і а к т

Найзатастың түбінде. Ел ішіне іріткі жеткен. Қол азайып қалған. Кемпір, Мөржан, Сәруэр ширап алған. Кемпір ас әзірлеп жатады. Мұғалім күдігі қатты зорайған. Қайтамын, кететін жігіттерді бастаймын дейді. Мұғалім Мөржанның ерлігін тамашалайды. Қолды енді жіберіп Тәнеке, Жантас қашқындыққа баспақ. Қобалжығанның бәрін босатады. Мұғалімді Жантас өзі жөнелтіп салмақ. Қолды бұл жерден кешірмек. Жүніс пен Жұмажан жетеді. Жұмажан жау басқа жерге беттеді деп кеп, Мөржанның бетін сүймек болады. Мөржан сескенеді. Анау азғанын айтады. Астындағы кімнің аты, қайда жүрдің дейді. Нұрқан бәйге жиренді сыйлапты. Бөрібасар Мөржанға айтқан: киіті. Бірақ Жүніс қосылып кешіртпейді. Болыстың өлген жеріне көшіп кеп бата оқыр жасатып жатыр Бибіш дейді. Жанында қол жоқ. Мұғалімді бір көрсем деп айтады дейді. Мұғалім ұмтылады. Сәруэр токтатады. Әскер қаптайды. Тәнеке бұның алдында болыс өлтірілгенін, өзгенің дарға асылғанын айтады. Анттасады. Мұғалім антқа кірмейді. Жүніс атамын деп ұмтылады. Бөгей береді. Жау қолы, соғыс ашады. Тәнеке, Жантас, Бөрібасар атысқа кетеді. Жұмажан Мөржанды алып кетпек болады. Алдау екені түсініледі. Байың Нұрқан, соған тиесің, бердім дейді. Мұғалім қорғайды. Қаша ұрысқан Жантас, Жүніс, Бөрібасар қайта серпіліп шығады. Қашындар дейді. Тәнекеге оқ тигенін айтады. Мөржан, Сәруэр жартас басына шығады. Қаша бермек

болады. Жау жақын. Нұрқанды көріп, Жантас соңғы оғын ата бергенде Жүніс артынан құшақтай алады. Бір алысатын кезім жетті дейді. Жантас аңырып қалады. Жаулар жүгіріп шығып, Жантас ұмтылғанда Нұрқан атып өлтіреді. Жұмажан тас басындағы Мөржанды көрсетеді. Нұрқан қатынымсың деп ұмтылады. Мұғалім қош-қошын айтып, басын ұстап, қайғырып отырып қалады. Әскер мен Нұрқан қызды қамап алғанда – бәрібір саған жоқпын, – дейді.

Егес... Бибіш – Адырағал, күңімің, – дейді. Қыз тастан атылады. Кемпір мен Бөрібасарды көгендетеді Бибіш. Мұғалімді қолына кісен салғызып жатқанда үндемейді, қарап сазарып тұрады. Жүніс соңғы кісі мен уәдеңнен шықтым, Бибішжан, деп ұмтылады. Сертім осы дейді. Бибіш үндемей басын иеді (ЛММА. Кпр-1 128-п., 1-9-беттер).

Осы жоспар мен драманың арасында аздаған өзгерістердің барлығы аңғарылады. Сонда пьеса “Төрт актылы, алты суретті” болса, ал жоспары бес актылы. Жоспардың бас жағында да оқиғаға қатысатын адамдардың тізімі жеке берілген. Пьесаға жазалаушы отрядтың командирі Семенов кейін қосылған.

“Түнгі сарындағы” он алтыншы жыл тақырыбына қазақ әдебиетінде бұдан бұрын да шығармалар арналған, Жүсіпбек Аймауытовтың “Қанапия-Шарбануы” соның бірі. Жиырмасыншы жылдардың орта шенінде сахналанған бұл туынды авторы қашан репрессияға ұшырағанға дейін репертуардан түскен жоқ. “Түнгі сарын” болса осы тақырыптағы М.Әуезовтің “Қилы заманнан” кейінгі екінші еңбегі. Тағы да сол заманның тарихи құжаттарын қайта қарауына, әлі де мәлімсіз қырлары мен сырларын сараптаулардан өткізуіне тура келді. Өмірлік шындық пен көркемдік шындықты ұштастыру арқылы заман сарынына ойды аударды.

Пьесаның сахналануы үлкен сілкініс туғызды, “Социалды Қазақстан”, “Қазақ әдебиеті” газеттерінде жарияланған мақалалардағы жұртшылық ой-пікірлері (Қ.Байсейітов, Ш.Жантілеуұлы, Ж.Сәрсекұлы, Исаұлы, Ж. Саин т.б.) бұны автордың да, қазақ драма театрының да жаңа табысы деп бағалады. Келесі жылынан бастап облыстық театрларда да қойыла бастады. Шымкент театрындағы қойылымы жөнінде К.Серікбаевтың “Түнгі сарын” тамаша жақсы өтті” (“Соц. Қазақстан”. 1936. 8 ақпан) дегені сияқты мақалалар жарияланды.

М.Әуезовтің орыс драма театрының режиссері Ю.З.Рутковскиймен шығармашылық ынтымақтастықта болуы пьесаның сәтті қойылуына мүмкіндік туғызды. Бұл жағдай режиссердің: *“Мен 1934 жылы Қазақтың Мемлекеттік драма театрында “Түнгі сарын” пьесасының алғашқы постановкасын жасап едім... сол күннен бастап “Түнгі сарын”*

пьесасын орыс тіліне аударып, орыс театрының сахнасынан шығарсам деген мақсат көкейімді тесіп еді” (Соц. Қазақстан. 1937. 6 наурыз) деген сөзінен де аңғарылады. Республикаға еңбегі сіңген артист К.А.Давидовскийдің аударуына көңілі толмаған жазушы ақыры режиссерді қасына алып, өзі аударуға кіріседі, содан 1936 жылдың аяғында ғана бітіп, театрға қоюдың дайындық жұмыстары басталады. Осындай жолдармен “Айман-Шолпанның” орысшасын да автордың өзі жасаған болатын. Жалпы пьесаның әр жылдардағы басылымдарының арасында айтарлықтай өзгерістер көрінбейді. Шығарманың түпнұсқасы сақталмағандықтан, бұлардың дәлділігін нақтылап көрсету де қиын. Тек 1935 жылғы басылымдағы “*көгеріп*”, “*сілтідей тынды*” деген сөздердің 1956 жылғы басылымда “*көтертіп*”, “*сілтідей тұнады*” деген сияқты қате басылғандары бар. Пьеса “Тас түлектегі” – жарияланымынан кейін алты томдық шығармалар жинағының 5-томына енді. Одан соң он екі томдық шығармалар жинағының 8- томында (Жазушы. 1968), Жиырма томдық шығармалар жинағының 9-томында (“Жазушы”, 1981, 239–310-беттер) басылды.

Т. Әкім

“АЙМАН – ШОЛПАН”

(Бірінші нұсқасы)

Пьеса 1934 жылы жазылып, сол жылы Қазақтың көркем әдебиет баспасынан жеке кітап болып басылып шықты. Елу томдық академиялық толық басылымға осы нұсқа негізге алынып отыр; ұсынылардың алдында кітап жазушының өз архивындағы араб әрпінде жазылған қолжазбасы және машинкада басылған бір данасымен салыстырылды.

Бұл шығарма отызыншы жылдардың басындағы “Октябрь үшін”, “Түнгі сарын” сияқты драмалары, көркем әңгімелері мен очерктері, зерттеулері, оқулықтары, аудармалары қатарында бір мезгілде жазылды. Сонда автор ел арасында ауызша айтылып, кеңінен тараған “Айман – Шолпан” атты лиро-эпикалық дастанды негізге алды. Дастан 1894 жылдан бастап кітап болып басылып та тараған, авторы белгісіз жырдың оқиғасы апалы-сіңділі қос қыздың айналасында дамыған, осында көрініс тапқан адамдардың барлығы да өмірде болған жандар, жырдағы басты тұлғаның бірі ретіндегі Көтібар Бәсендеұлы (1833 жылы өлген) Кіші жүзге жататын Шекті руының батыры. Ол Сырым Датұлы қозғалысына қатысып, орыстың отаршылдық саясатына қарсы күрескен. Жайық бойындағы бекіністерге шабуылдар да жасаған.

Берсүгір тауына жақын жерде Жағалбайлы Жанқа батырдың қолымен болған шайқаста қаза тапқан.

Жиғанда әкім болған мына орыс,
Маман бай Торғай бойын қылған қоныс.
Жайлауы ел Шектінің Еділ-Жайық,
Қараған Орынборға жүз отыз болыс, —

деп басталатын жыр қазақ жерінің “Дала заңына” бағынғанынан хабардар етеді. Бір аста орынға, мүшеге таласып, Көтібар Маман байдың ауылын шауып алып, екі қызын олжа етеді. Батырдың қасында інісі Арыстан би жүреді. Арыстан ағасын көбіне ожар іс-қимылдардан тыйып, тоқтатып отырады. Айманның еркіне қарамай үйленбек ниеттегі Көтібар қылығы дастанда күлкілі жағдайға дейін көтеріледі. Айман сіңлісі Шолпанды құтқаруда айла-ақылдың неше алуан тәсілдеріне барады. Қаламгер өзінің трагикомедиясында осыларды шебер пайдаланады. Ақымақтығымен күлкіге айналған Көтібарды ирониялық кейіптеуге дейін жеткізеді. Хикая мен пьесаның адамдары, эпизодтардың ұқсастығы бірін-бірі еске салғанымен ондағы идеялық, реалистік көркемдік мотив басқаша шешілген, хикаядағы прототиптер пьесада көркем бейнеленген.

Қазақтың музыкалық театры өзінің шымылдығын осы туындымен ашты. Бұл туындысын қаламгер өмірінің соңына дейін қайта-қайта жетілдіріп, толықтырып, өңдеумен болды, соның нәтижесінде еңбектің бірнеше нұсқалары дүниеге келді. Сөйтіп, нұсқаның ішінде нұсқаның пайда болуына дейінгі жағдайға жетті, әсіресе, бұны екінші нұсқаның жазылуларынан көруге болады. Екінші нұсқасынан кейін операға лайықталған нұсқасы және бар, үшінші нұсқасы 1957 жылы жазылды. Орыс тіліне аудармасы екінші нұсқасы негізінде жасалғандығы көрінеді; мұнда автордың қойған белгілері, “Қойшы. Еркектер қосы, әйелдер қосы”, “Қосымшасы бар”, “2 картина (*начало целиком переводится*)” деген сияқты алдағы жобаларынан хабардар етер жазулар бар. Жалпы, нұсқалардың басталуы мен аяқталулары да әр түрлі. Бірінші нұсқа: “Ж а р а с (*Қолын сілкіп тастап*). Айманның да қызығы бітті енді... (*Өзбек жігітіне.*) Кел одан да сенің биінді билейік (*Соқтырта жөнеледі.*) Саған рахат болды-ау, бар туысканың, нөгерің келді. Енді осы бетпен Хиуаға тартасыңдар ... (*Барлық керуен сырнай-кернейін соқтырады. Биші жігіт, биші қыз билейді. Бәйіт, ән, жар-жар түгел араласып кетеді*)” дегенмен аяқталса, екінші мен үшіншінің соңғы сөздері бірдей:

“Көтібар (*жұлқынып*).

Уай, сұм-сұрқия дәурен-ай,
Басыма түскен әурені-ай.
Жіберші, уа, жібер былай,
Сорлататын неме екен,

Сірә, мені сол құдай!
Уа, қайдасың, сен құдай!
Шұнақ, құдай, құдай!

Аспанға мылтығын атып жіберіп жөнеледі. Арттағы жастар тобы шулап, күліп қалады”. Енді, сол екінші нұсқаның басқа бір данасы:

“Өмір емес көргенім,
Мазак екен е-ей.
Алданышы жастықтың,
Аз-ақ екен е-ей-ей.
Қара түнек арты бұл
Азап екен е-ей.
Күткен күнім бұл болса,
Сөз-ақ екен е-ей?...” –

дегендермен аяқталады.

Араб әрпінде жазылған қолжазба мен 1934 жылы басылған кітапты салыстырғанда мынадай айырмашылықтардың барлығы байқалды. Пьесаның адамдары қолжазбада 16, кітапта 17. Қолжазбада “Уақиғаға араласатындар”, кітапта “уақиғаға қатысушылар”. “Тағы кім бар? (Саудагерлерге ым қағады)” дегендегі “Кім бардан» баскасы кітапқа енгізілмей қалған (80-папка, 12-б.). Қолжазбаның 18-бетіндегі “Жігіт” дегеннің тұсы бос, кітапта бұл бос орынға “Жігіт на кәлмәдіма бұ, шә рәуи уәхши (Ұмытып қан) нариги (Басын қасып) кәпір (Батыр жақты көрсетіп) хазы да шу таманда жүріпті, пыр-пыр дәир...” дегендерді қосқан.

Ш о л п а н

Орайы сол, бір сапарда бір ауыз сөз,
Айтпайсың, сізге және өмір бердім.
Кендікте өз үйімде берем жауап
(Арыстан салбырайды)
Немене, қорықтың ба, сен түнердің.

Осындағы “Немене, қорықтың ба, сен түнердіңнің” алдына кітапта “Шолпанды” жазып, бір адамның сөзі екіге бөлінген (20-б.) “К ә р и я . Біз былай шыға тұрайық, оңаша сөзі бар ғой” дегеннің алдындағы “Сөзі болса енді айтар. Батырды оңашаға шақырысып еді жаңа түге (Көтібар мен Шәмекей кісілері шығады)” дегендер кітапқа енгізілмеген. Осылар сияқты: “Ашумен жылжи түседі, кәрия шегіне береді”, “К ә р и я . Ой, не дедіңіз, ой, не дедіңіз батыр. Әйтсе де ашу алдынан, ақыл соңынан емес пе еді. Көресінін көрді емес пе Маман? Мына баласын тілейді. К ө т і б а р . Е, Маман күшті емес пе еді? Орыс, қытай, тү-тү қырық рулы елдің саудагерімен ішек-қарындары араласқан өнерлі, пысық емес пе еді. Не бола қапты” (23-бет). “Бұл уақыттарда Теңге шыдай алмай

тыпыршып, безектеп тұрады. Бар дейді менің аласым” (27-б.) дегендер қысқарып қалса, қолжазбада жоқ біраз мәтіндердің кітаптан орын алғандығы көрінеді. Олар: К ө т і б а р . Орысқа ма? “Жылжи түседі, ашулы” (29-б.), “К ә р и я . Теңге- ау, не айтып тұрсын. Құдай көрсетпесін...” (27-б.). “Көтібар сарп ұрып, басын жұдырықтап отыра кетеді” (37-б.).

Бірінші қосымша:

К ә р и я . Уа батыр! (*Батыр бұрылады.*) Тап осынау жолға мені салмасаң нетер екен?

К ө т і б а р . Уа, не деп тұрсын малжандап, бет моншағым түсіп қалар деп тұрмысың? Не құдай қара басып тұр өзінді ... Уа, кімнің келіні едің!

К ә р и я (*жалынып*). Батыр екесі, елгі Жарас жындыны жіберсең қайтеді. Мен тіпті сырт буын боп қаппын.

К ө т і б а р . Тілеуі кесілсін Жарасыңның. Түкке жарамайды. Не келуші еді о бір жындының қолынан ... (*Мазақтан*) орайын таба алмадым. Орайын таба алмадым ... бар енді қалбырамай.

К ә р и я (*сақалын созып сипап*). Апырай, батыр екесі, енді мына сақалымның ағында ...

К ө т і б а р (*ақырып*). Бар енді, бар деген соң (*шал көніп қалбақтай бастайды*) сақалында несі бар еді? Ол емес, міні мен күзеймін бармасаң (*шал Айманға қарай кете береді.*) Уай, Теңгенің көзінше айтпа жалғыз-ақ... (*Көтібар сыртта байыз таба алмай әрлі-берлі сенделіп келіп шатырына кіріп, бір жатып, бір тұрып.*)

Ж а р а с . Уа, Кәрия немене беліңнің шойырылмасы ұстап жүр ме? Кібірткік көрінесің? (24-б.).

Екінші қосымша:

Ж а р а с . Е, шырағым, оның рас! (27-б.).

Үшінші қосымша:

Ж а р а с (*қолын созып, көрсетіп ойнап*). Бәсе, е-е, керіліп тұрған саршұнаққа тайып түсетін ақбас күшіген бар деген, кәрия! (27-б.).

Төртінші қосымша:

(*Кеңкілдеп күледі*)

Бесінші қосымша:

Т е ң г е (*босаңқырап*). Босатайын, көне ғой.

Ж а р а с . Қоймасын еріксіз ашқызды-ау, мына кісі!

Алтыншы қосымша:

Ж а р а с . Айтып құтылсаңшы, байғұс шал! Пайғамбардың жасына кеп, сақал-шашың ағында бұ не, не қорлық?!

Жетінші қосымша:

Ж а р а с (*құлшынып Теңгеге*). Ал енді жылы ізін суытпа. Жайды жаңа білген кісі боп, құлшынып жетіп бар (*Өзі атып шығып, кетіп бара жатқан шалға*) Ай, кәрия (*кәрия тоқтайды*)

Уа, бері жүріңіз, аулақ кетейік, ойбай! Әлгі Теңге кәпір тілсіз жау ғой, Құдайым жазым қылады. Жүріңіз былай кетейік...

Сегізінші қосымша:

Ж а р а с (*шал қалтаңдап ереді*). Ойбай, құдай ... (27-б.)

Тоғызыншы қосымша:

Т е н г е . Уа, кеселді тап! Тап! Тап!

Ж а р а с . Уа, нені, нені байғұс (*Теңгені аймалақтап, омырауын сипалайды*.) (28-б.)

Т е н г е (*тез иініп жіберіп, бұлқынып*). Құдай-ай, қолың қалай майда еді (*Тезінен қайта безектеп*) Уа, шал кіріп кетті ана Аймандыкіне!

Ж а р а с . Е-е, есің жаңа кірді ғой, байғұс!

Т е н г е (*Безектеп, жер тарпып, Жарасты бастырмалап*).

Тап ойбай, ақылын тап!

Ж а р а с (*Ойланып қап*). Көр ендеше, осы арада.

Оныншы қосымша:

(*Өзі жөнеледі. Теңге безек қағады*)

Он бірінші қосымша:

Ж а р а с (*Теңгеге*). Шақыр Айманды. Әнші кеп...

Он екінші қосымша:

Т ө р д е ...

Он үшінші қосымша:

Ж а р а с (*жігітке*). Айман апаңызды сіз құтқармасаңыз болмайды. Артынан айтармын, мына кісінің айтқанын істеңіз (*Теңге ым қағады*.)

Он төртінші қосымша:

Ж а р а с (*Билей жөнеліп*). Уа, Теңге-ау, біз не қып жүрміз? Артыңа да көзің сал-ау (*Теңге естімейді, елемейді*.) (29-б.).

Кейінгі нұсқалардың жазылуына байланысты ма, шығарманың бұл түрі қайтып ешқайда жарияланған емес. Бұл да М.Әуезов шығармашылығындағы өзіндік орны бар туынды ретінде өз алдына жеке мұра боп қала береді.

Т. Әкім

“АЙМАН – ШОЛПАН”

(*Екінші нұсқасы*)

Пьесаның екінші нұсқасының жазылу мерзімі 1937 жыл деп көрсетілген, бірақ мұнымен шектелмей бұған бұдан кейін де жиі-жиі көңіл аударып, әр кез, әр уақытта жөндеп, өндеп отырғандығы көрінеді. Мұның өзі нұсқаның ішінде нұсқаның туындауына әкелген секілденеді. Солардың бірін жазушы өзінің 6 томдық шығармалар жинағының 5-томына (Қазақ мемлекеттік

көркем әдебиет баспасы. А., 1957. 195–270-беттер) кіргізеді. Он екі томдықтың 8-томындағы (“Жазушы”, 1969, 299–367-бб.), жиырма томдықтың 9-томындағы (“Жазушы”, 1981. 311–378-бб.) басылымдарына сол 1956 жылғы нұсқасы негіз болды. Енді елу томдыққа қолжазбалары, машинкада басылғандары, жинақтарда шыққандары бар, түгел салыстырылып, ұсынылып отыр.

Қазір жазушының мұражайындағы архивында осы нұсқаның бірнеше данасы сақтаулы тұр. Соның алғашқысы қалың дәптердегі араб әрпінде (79-папка, 73–102-бб.; 81-папка, 1–97-беттер) және латын, араб әріптерінде аралас жазылған қолжазбалар (85-папка, 61–107-бб.). Латын әрпінде де, кирилл әрпінде де екі-екіден машинкада басылған нұсқалары, бұлардан басқа жекелеген қағаздарға бөлек-бөлек жазылған қосымшалары, үзінділері бар. Осылардың бірінде (82-папка) “4 акт 6 суретті күйлі пьеса” десе, екіншісінде (84-папка) “Күлкі пьеса” деп көрсеткен. Екінші нұсқасының 1934 жылғы нұсқасымен (қолжазбасы және кітапта басылған) салыстырғанда үлкен өзгерістері барлығы бірден көзге түсті.

Бұлар уақиғасы жағынан ұқсағаны болмаса, негізінен бір-бірінен алшақ жатқан дүниелер, мұндағы оқиғаға қатысатын адамдар саны да бірдей емес, алғашқысындағы кейіпкерлер екіншісінен көрінбейді. Бірінші нұсқада ұлыққа арнайы орын берілген еді, кейінгісінде бірде бір ұлық аты кездеспейді. Алғашқы нұсқаның бірінші пердесіндегі Маман, Көтібар, ұлық, өзбектің сөздері мүлде алынып тасталған. Бірінші нұсқадағы бірінші перде басына киіз сәукеле киген құданы тойға жиылған адамдардың келемеждеуімен басталатын. 1956 жылғы нұсқада бұл мезет:

Жайлауында Жеті ру,
Желіге шыққан желдірмем.
Құйрық атып, төс керген
Шандоз аттай ойнайды
Ақ мартудай мырзам бар,
Асқақ қыздың талайын
Тілесе тегін қоймайды, –

деген Жантық сөзімен көрінеді. Бұлардың композициялық көркемдік ерекшеліктерінде де айырма бар. Екі нұсқаның сөздері де, композициялық құрылысы да бір-біріне ұқсамайды, негізінен бастан аяқ қайта жазылған десе де болады.

Нұсқаның ішінде нұсқадай болған жазбаларындағы айырмашылықтар, осындағы ізденіс жолдары, жетілдіру, шымырлау тәсілдері ерекше сөз етуге тұрады; бұлардағы жазушының белгілері, жазған сөздері кеп жайды аңғартады және олардың неше алуан үлгілері кездесіп жатады. 81-папкадағы екінші

нұсқаның алғашқы жобасы сияқтанған қолжазбадағы (дәптер) белгілер мен сөздер осыны көрсетеді. Осының 9-бетінде “(написал для хора тексты)” дегеннің алдына мынаны жазған:

Мырзалар, арам тер боп таласпандар,
Боларын қайдан білдің қыз кімдікі.
Бірің өл, бірің қал да маған десең,
Қоймадың, қой десем де осы аландар.

Бұны 1-актының 5-көрінісінің алдына қосу керектігін көрсеткен, бірақ ол жарияланымға қосылмаған. 13-бетте “поговорка Жарасу к Алибеку:

Әлібек.

Көрсін жұрт Әлібектің асырғанын, (сый беріп жатып)
Қазынам міне сен деп бас ұрғанын
Аламын, беремін де барды саған,
Тіпті де лайық емес жасырғаным,—

деп қай тұсқа қосылатындығын көрсетеді. Бір бетті түгел сызып тастап: “Новый тексты” - деп жазған (33-б.) Балпық сөзінің алдына: “*Арыстан стукнул Балпыка что мол пой*” (34-б.), “*Жапсырылған қағазды оқыңыз*” дейді, сонда жапсырылды деген қағаздағы мәтіндер мыналар: сонда сахнада тұрған барлық қол кеп, ойнай, билей жөнеледі. Жарас өзі бастап жүрген кісі сияқтанады. Үрпиісіп тұрған топтарды көрсетеді. Олар тала-сып кеп, артынан сол нәрсені іздеп мазақ ете ала қашқанда соны қосыла қуады да алданады. Не қыларын білмегеннен біресе құтырынып аспанға атып, біресе бүгіле домалап жын қаққандай. Қым қуыт болған топ соңғы кезінде барлық адам тобы құйын үйірген құмдай құтырады. Бақсы ойнағы болып кетеді. Билеушілер: жылтыр жүз, жуан қарын, қара сақал, көк сақалдар. Бұлар кейде қарындарымен қағысып кетіп жүреді. Мазмұны: ру жайы, атқамінерлер билеген күннің ылаңын, жесір дауын баян етеді, мысқылмен баян етеді би, болады” (84-б.), “(Бөлек қағазды оқыңыз, осы беттің сөзі): Жұрт бата қылып жатқанда Көтібар алас ұрып, әрқайсысын тоқтатпақ болады, тоқтата алмайды, діңкесі құриды. Өзі де бір жағынан амалсыздан бетін сипайды. Жұрт шуылдай бастайды” (88-б.)

Осы нұсқаның машинкада басылған бір данасында 4-акттың Маман аулындағы 6-суреті тұтастай сызылып қалған. 1956 жылғы басылымға негіз болған осы нұсқадағы 7-көрініс жаңағы сызылып қалған суреттің орнына ауыстырылған. Латын әрпінде машинкада басылғанының біріне жаңағы сызылып қалған Маман аулындағы сурет (6-сурет) қолмен жазылып қосылған. 1937 жылы жазылған алғашқы жазылуда бұл жоқ. Бұны 1943 жылы қосқандығы қолжазбаның бас жағындағы жазушының

өзі жазған мына сөздерінен де көрінеді: “*Театр қиқы-жиқы қып әкетті. Болмаса дәл осы жазылған екінші варианттың өзі де қызық еді. Жұрт бұл түрін мүлдем білмейді. Х.43 ж. М.*”, – дейді. Осы нұсқаның екінші данасында 5-көріністің соңындағы: «*Айман-Шолпан топтары шулап күліп, ойнай-ойнай күледі. Би “қарақұлақ (серек құлақ) ойынның бірі. Мазмұны жаңағы екіұдай болған тартыс күйін баян ететін би, ойын биі. Айман мен Шолпанның келешек күй жәйін сездірмегендей би. Әуелі екі қасқыр екі жақтан кезек-кезек тап беріп, қос қозыны қамай қуады. Топ у-шу боп, үрке жөңкіліп жүреді. Екі қасқырға кейіннен үшінші қартаң көкжал қосылады. Аяғында екі қозыны екі бөрі қағып-қағып әкетеді*” (84-папка. 51-б.), – дегендер алдыңғы данасында “*Айман-Шолпан топтары шулап күліп, ойнай-ойнай билей береді*” дегенмен ықшамдалған.

“*Көтібар (тұра беріп, сасқалақтап қайта жығылып, бақыра ашуланып, қамшымен екі жақты бірдей сабайды)*”.

Бұзармын ойбай, қамалын,

Әлекті мүлде саламын.

Құтылып көрсін қыз менен

(*Тұра беріп, қайтадан артымен жер түйіп отыра беріп*)

Аламын ойбай, аламын!..

(*Қамшысымен жер сабайды*) (88-б.).

Ә л і б е к .

Сөзіне құлақ ұрдым, Айман айым

Солай деп жөнге салшы бас асауды”.

Бұлар да алдыңғы данасында жоқ. Латын әрпіндегі данасына қосқан қосымшаларының бір алуанына мыналар жатады:

2-актқа:

1. К ү з е т ш і .

Ұйқыға еңсем кетіп қалғаныма-ай,

Қу күзет ауыр азап салғанын-ай.

Өзі алыс, қасқыр жесін байдың малын

Ұйықтаймын ие болсын қалғанына-ай.

2. Ж а р а с .

Уау, аттан, ал қырылдық аттан, аттан!

Білдің бе қалың жауды келе жатқан.

Көтібар шеру тартып, шаба кепті

Бай Маман қамыңды қыл, жатпа сақтан...

3. Е р к е к т е р .

Айтпаппең Көтібардан сақтансын деп,

Не дерсін енді бүгін шапқасын кеп.

Жіберген пәлесі ғой қу құдайдың

Жалғанды жалпағынан таптасын деп.

Қайтеміз, қайда барсақ жан қалады,

Шеңгелді міне салды тап басып кеп.

Әйелдер.

Ойбай-ау, ақыл-айла табар бар ма?
Қолына қару ұстап шабар бар ма?
Ұлардай бала шулап, қары еңіреді,
Тым құрса тығылатын амал бар ма?
Қуарған екі бері таласпай қал
Бірі өліп, бір қалса обал бар ма?

4. Шолпан.

Болдық-па жатқа таба шын масқара.
Көргенше бұл күйікті күнім бітсін.
Жұтпайды неге мені дәл осы ара....

5. Өзбек.

Шөліндей Кербаланың қу жапанда,
Тағдырым жеткені ме субхан алла...
Апажан, құтқара көр, халім бітті,
Қалмаса шыбын жаным өз панаңда.

6. Өзбек.

Иә жаннан мен қайтемін
Қайтемін мен бишара.
Ақылыңнан маған да
Қарас, аға, қарас.
Жарас аға, Жаксы аға.
Мадад бер иар ұлжалал
Көрші міні бітті хал.
Құтқара көр мені де,
Тықшы, тық ағажан,
Әкетпесін шал, құзғын шал.

7. Көтібар.

Айтпаппем, танытам деп құдайыңды.
Көрсетші, шыдасатын шырағыңды
Қызыңды бу бітірген күң етемін,
Басыңа салғанда кер уайымды.

8. Арыстан.

Қаттылық салтымда жоқ, шын сүйемін,
Уәдем сол ренжітпеймін, түк тимеймін.
Шолпанжан, көп тарынба, түбі қайыр.
Батырдың ашуына мен күймеймін.

9. Маман.

Шықсашы шыққыр көзім жылағанша,
Ем болмас әлсіз жасты бұлағанша.
Кетпестей таңба болды-ау, сүйегіме
Жан кетіп, сүлдер бігіп суалғанша.
Айманым айым.
Шолпаным, айым

- Күн мен айым
Қайран айым айрылдым-ау.
- 10 . А й м а н (*Жар-жар*).
Зар, зар ете кетейін.
Қор болған соң е-ей,
Зар илемей нетейін
Шер толған соң е-ей...
- 11 . Қ ы з д а р х о р ы (*Жар-жар*).
Қандай ғана күн еді
Күңіrentкен е-ей,
Көтібардай сұм еді
Соңына ерткен е-ей,
Қарғыс тисін Көтібар
Ненді алып ек-е-ей,
Бізді әкеткен несі екен,
Сандалып кеп-е-ей.
- 12 . А й м а н (*Шолтанға*).
Жылайсың қозым, бауырым,
Сабыр қыл, қозым, бауырым.
Қайғының көріп ауырын,
Майысып өскен гүл едің
Жіберді мұндай қауыбін.
Айман өскен асылды
Айман қыз шын жасынды,
Жылатса сертім алдымен
Етейін құрбан басымды.
- 13 . Қ ы з д а р х о р ы .
Ел шаптым деп бөскені,
Егер қылдың дескені
Енді малым болды ғой.
Тойлатқалы жүр ме екен
Тойымсыз анау кексені.
Қор болмасты ойлайық,
Дәрмені жоқ неменің
Шошытпайды ескені.
- 13 . К ө т і б а р х о р ы .
Найзаға ер Көтекең ту байлаған,
Асынып қару-жарақ қол сайлаған.
Жаратып, тілін буып Көтекеңнің,
Көріктіні күткендей көп ойлаған.
Қас қыран көздің құртын сүймесін бе?
Тобына көк ала үйрек тимесін бе?

Шаңытқан шабыт кеште шапақ қаққан,
Дабылмен жез қанаттар шүймесін бе?
Айман-Шолпан дуэті

13. А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Зарлайды дәрмені жоқ сор қайнаған.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан,
Өмірден әлі бар ма алар қолқаң, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Айманың ақ шабақтай қайраңдаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан,
Жас дәурен астаң-кестең болды талқан, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Кеселге душар болған қол байлаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан.
Бұл жолда күйің болсын киген алқан, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Айманың ақ шабақтай қайраңдаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан.
Не болар бойға пана басқа қалған, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Сыбаға осы ма еді бізге арнаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан.
Қаралы киім болсын киген торқаң, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Қалмады-ау қайран әке баста бағам, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан.
Жендім деп, басқанын кер батыр балпаң, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Құтылам қайтсем жаудан жалмандаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан.
Балалық өтіп кетті, етіп шолтаң, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Құдай-ау, күн болар ма сайрандаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан.
Көнбеймін мың шапса да неге қорқам, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Қызы едім Маман байдың мыңды айдаған,
Көліндей кең дүниені ен жайлаған.
Қозыдай бөрі әкеткен болармын ба?
Қоршауды үзер бар ма қол байлаған,
Қайран елім,
Қайда сенің
Айырған намысы жоқ
Қайратты ерің.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Пайда жоқ құр жылаудан байбайлаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан.
Ата-анаң, артта қалды ескен ортаң, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Жөн болар, Шолпантайым, қамды ойлаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан.
Зорлыққа айла таппай болдым сарсаң, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Құл тоғыз болмаспыз жау жайлаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан.
Емеспең ырыққа кенбес, тағы тарпаң, шерлі Шолпан.

А й м а н .

Естимін әкем даусын Аймандаған,
Өлсек те жау алмасын жалмандаған, қайран анам.

Ш о л п а н .

Қор болған күнің адыра, тұтқын Шолпан,
Үзіп көр шамаң болса шебін қалқан, шерлі Шолпан.

16. Ж а р а с .

Көтібар, көрінде өкір өл де маған,
Ендігі жетпегені сол ғой саған.
Сазайын тартарсың-ақ бұл жорықтың
Жыртылмай аман кетпес, кәрі жаған.
Күлге аунап кәрі бура тасады ғой,
Лөкілдеп көбігін де шашады ғой.
Еншалла зақым етпес сонда дағы,
Тізерлеп шебер қолдар басады ғой.
Ойнаса кәрі түйе жұт болады,
Тілесен, ойнасайық құп болады.
Ойында өрелгі жоқ соны-ақ ескер,
Ежелден шырық бұзған құк болады.
Балалар енді ойлайық ақыл айла,
Менімен байбатшаны қыз қып сайла.
Тез ғана ауыстырып шапан, шалы
Өздерің бәйбіше боп, шалды абайла.
Шырға боп, Көтібарға біз көрейік
Өзіне қайтер екен ырық берейік,
Айтқызып тым болмаса ойдағысын
Есебін содан әрі ескерейік.

17. Т е ң г е .

Жапанда сұлу көрдік құрбым сіздей,
Немене келесіз бе қызық іздей,
Әлпетің бізге бейім жанша деймін
Сөйлейсіз жаңа түскен жеңгеміздей.

18. Ж а р а с . *(Айман боп).*

Төсектен ер торықса үйі де көрдей,
Қызыққан сұлуларын тұрмас тізбей.
Сондайлық ердің қасын бос қоя ма.
Тоқал боп тигендер де болар біздей.

19. Т е ң г е .

Жыны бар ғой сүйтетін.
Келе жатыр өзі де.
Бөгеместен байқасын
Аймаласын биге шығып.

20. Ж а р а с , Ө з б е к *(Айман-Шолпан боп зар айтады).*

Батыр-ай, жалғыз сөзге құлақ салшы,
Түсті ғой асығыңыз сіздің алшы.
Кепіл боп, біз қалайық қолыңызда
Жылаулар шешемізді қайтарсаңшы.

21. Т е ң г е *(Көтібарға).*

Қыз алып, мәз боп тұрған кәрі батыр,

- Көп қызды көзің тоймай жидың ақыр,
Артылар бір басыңнан сұлу бар ма,
Нешеуі осындайдың үйде жатыр?
22. К ө т і б а р .
Сен бе едің мүңкір-нәңкір, жоғал арман.
Атырапқа қыз қоймаймын тапа тақыр.
23. А р ы с т а н .
(Көтібар “Аламын, ойбай, аламын” дегенінен кейін)
Мен қайтем, сен алғанда таңдағанды?
Қойсаңшы, жалғыз өзің жалмағанды.
Алатын жол менікі алдыңғысын
Кім көрген алудан бір талмағанды.
- К ө т і б а р .
Тәйт арман, ат иесі алға мінді,
Алатын Көтібардан жолды кім еді.
Өзі алып өзек жарған қиғаш қасты
Өзгесін кімге берсе өзі біледі.
- Ш а л .
Ақ сөйле, бас осылай болатынды
Әуелі өз құшағы толатынды,
Таңдау жол ең алдымен батыр жолы
Қалғанын қалғандары алатынды.
- А р ы с т а н х о р ы (жастар).
Бұдағы бәрекелде билік екен,
Кімнен кім жауға біз де тидік екен.
Алысқа Арыстан деп аттанғамыз
Ендеше неге сауыт кидік екен.
Таңдау жол Арыстанға тию керек
Тойымсыз қу нәпсіні тыю керек,
Болсын да ынсап деген сәл таразы
Таласпай жолды жасқа қыю керек.
- К ө т і б а р х о р ы .
Қарай көр жас жауқазын көк немені
Кедедей көппін деген шөп немені,
Талассыз таңдағанын алар батыр
Шулама шүйебөрі ескермеймін,
Алам деп асыл қызға қол сермеймін,
Оңдысын олда оңбайын өзім алам
Егессең есіп кетем, жол бермеймін. (71-п., 79-б.)

1. Арыстан.
Көрдің бе қыздың айтқан қияс сөзін.
2. Әлібек.
Қыз тимес қыбын тауып жұбатпасан.
3. Айман.
Болғанмен көр ішінде бас имеймін.
Жігіттер осыны айтар келді кезім.
4. Шолпан.
Ата-ана рұхсатынсыз біз тимейміз
Мұнда жоқ еріксізден тиер ерік.
5. Жарас.
Ендеше, мен бір билік айтсам нетер?
6. Әлібек.
Қолдайық, Жарас не десең мен көнемін
Жарас.
Жарайды, мен де тіпті үндемеймін.
- Айман – Шолпан.
Айт Жарас, сенің сөзің кетпес бекер.
7. Жарас.
Уа, жұрт-ау, жеткен жоқ па бұл селебе?
Қайтеді істі берсек, жол келеге?
Маманның өз аулынан, өз қолынан
Қыз алса тақияға тар келе ме?
Тағы да тағы айтайын бір кеңесті,
Бұл жерде қыздар тұрса күй келместі
Тезінен Айман, Шолпан қайтсын елге (*Әлібек пен Арыстанға*).
Бұйырған несібені жат жеместі,
Тағы да екі батыр етсін сабыр,
Әлібек жылы ізімен қайтсын қазір.
Маманның өз аулында, кең байтақта
Тілеген, тандағанын сонда таныр.
Осымен тас қамауды біз жарайық
Арыстан бір буын боп біз барайық,
Батырға бата қимыл еткізбейік
Кісі боп түк білмеген тез тарайық.
8. Жарас (*Арыстанға*).
Алпарыс, асыққан бол, қылма тақат,
Ұйқыға Жәкең кетсін жайбарақат
9. Жарас.
Қыздар жоқ, сарп ұрғанмен таба алмадым.
Не болған хабарына қана алмадым.

- Қашты ма, жер жұтты ма, сілем құрып,
Жығылдым, бірақ дерек ала алмадым.
10. К ө т і б а р *(Арыстанға)*.
Не дейді, мына сұмырай нені айтады,
Қашқаны ғой құтылам деп, қу байтал.
Қу ойбай, жау әкетті, қайтар ойбай,
Жерге қақ, өшсін бойдан жын-сайтаны!..
11. А р ы с т а н .
Қарашы, мұндар жауды құдай атқан,
Жоқ екен шоқпарымның дәмін татқан.
Кигізем қызыл тақия ершігешке
Ұстандар, Әлібекті аттан, аттан!
12. Т еңг е .
Тұрам ба ел шабылып егер болса,
Қуамын, соққы жермін азар болса,
13. Ш а л .
Қайдасың, сабаң түзе, сайланып шеп,
Қайдасың, намыс қумай кәрі әруақ!
14. Ш а л д а р х о р ы .
Көкжалдар көбік атып шықсын былай,
Көп тұлпар көлбей шабар беті қалай?
Құрулы мылтық болсын, құрсаулы жау.
Қолдай бер өктегенде Орақ, Мамай!!
Түсірген шөкесінен жауды талай,
Қасқа азбан томаға көз шапсын қамай,
Қан ішер қайқы болат кезің келді
Қыл кимас қақалмай шап, жалмауыз Жанай!!!
15. Ж а р а с .
Жетейін енді жылдам Маман сорға,
Киліккен өзінен де ісі зорға
Қанды ауыз аунатып жеп дәнiкce,
Бұл тұста болған шығар молда жорға.
Сүйінші қыздар үшін сұрайын мен
Жазықсыз жас бала бар түскен торға. (80-81-бб.)

Ал, осы сияқты әр қилы қосымша, өзгерістердің бір алуанын ол әдебиет пен өнердің бір топ өкілдерінің пікір-ұсыныстарынан кейін жазған. Үшінші нұсқаға негіз болған көне қолжазбасының соңында Ахмет, Жұмат, Сәдуақас, Шайқы, Темірбек, Әбділда, Оспан, Шалабаев, Жанділдин, Әлібек, Өтпov, Сағыр, Құдайберген, Даниял, Илияс, Орынбектердің айтқандарын қағазға түсірген. Олардың бірқатары **Ахметтің**: “Өлең өлшеуі көбейсе, балет те жетпейді, оны екіге бөліп жіберсе. Хор жоқ, жар-жар жеткіліксіз”, **Құдайбергеннің**: “Батырды байдың жеңгенін қостаған сияқты... Өлең өлшеулерін әртүсті қылу

керек”, Жұматтың: “Күлкі аз, өзбек қатысқан жерде ғана бар. Музыкантпен қосылып, түзеу керек. Бірталай жерін қарасөзге айналдыру керек, әйтпесе тақпақ, ән қиын боп, опера боп кетеді. Солоны орынды жерінде ғана пайдалану керек”. **Өтеповтың:** “Күлкі сөзде жатыр, істегі күлкіні көбейту керек, өзбектерді азайту керек, Теңгенің бір өзі артығырақ кеткен. Заманның салт-ғұрпы біріншіден соң азайып кеткен, кейінгілерде салт-ғұрыпты көбейту керек», – дегендей болып келсе, Темірбек пен Илияс айтқан пікір-ойлар бұл жерде ерекшеленіп тұрады.

“Темірбек: Тарихқа жақын ұстау дұрыс болар. Социальный моменттен бұнда көп нәрсе жазып, талап етуіміз бұның тұсында қажет емес. Жай пьеса қылу керек пе, жоқ комедия? Жаңа нәрседе негізін шешіп қоймаймыз, бағыт көрсетеміз. Музыка жағынан қоятын шарт сол.

Сөзі қарасөздеу болса теріс емес. Жұртқа ұғымды қылу үшін сол керек. Кердиді шал қылмай, қыз қылу керек. Екі қыз қосыла жылауға да болады. Трагедия, комедия, драма деп жекелеп қойғаны, бәрінің араласы болса жақсы болмас па еді. Сонда көп нәрсе пайдаланылады. Айманды көп қорлық көргені үшін жылатуға болады. Ескі өлең табылса, соның өзінен де қоспа кіргізген дұрыс болар.

Жеке арияларға орын көп берілсе дұрыс болар еді. Музыка да бет пердеміз үшін керек. Өзбек, татарды алып тастау керек, бұларды қазақ ету керек, биді алу керек, бірақ примитив емес. «Қызыл мак» операсы сияқтыдан бірер жерін алуға болады (бәдік сияқты, қыз ойнақ сияқты), элементін ғана беру керек. Симфония әңгімесі қиын, оны кейінге қалдыру керек, ескі ән-күйді пайдалану керек. Перде көп, оны азайту керек. Қызға зар беру керек, соны тиіс қылу керек” (66-67-бб.).

“Илияс: Жұрттың қойған талабы кеңірек боп шықты. Уақиға белгілі дәуірдің, қызықты уақиғаның материалы. Көптің сыны, шарты сол дәуірдегі жайды кең беру керек. Негіз сонда... Бірақ сол дәуірдің тап тартысы қандай еді, біздің пьеса соны көрсету керек. Мұхтар өз көзқарасымен көрсетті. Сын өзінің көзқарасын шарт қылады – бағытымыз біреу, өмірдің шындығын көрсету. Соң. реализм сол уақыттың тап тартысын іздейді. Біздің сөйлеушілердің бұнысы дұрыс. Мұхтардың сол дәуірдің адамдарын алуы дұрыс.

Қалай күлеміз. Құл, күң деген әдіс ырасында көріну керек. Донкихот сияқты Көтібар да обобщ. үлкен тип болу керек. Соның біз көбін алып-ақ көрсетуімізге болады. Бірақ Мұхтардың пьесасы жеңілдірек күлкіге сайып кетеді. Сондықтан образдары осы ретпен жеңілдеу, үстірт жатыр. Жарастың образын тереңдету, кеңейту керек. Жұртты сол заманға сынмен қарайтын қылу керек... Қаракөз сарыны жоқ па? Интрига аз

ба? Кім алар екені мәлім емес. *ДраMAT. борьба босаң сияқты*” (68-70-бб.).

Бірінші нұсқадағы Қоқан саудагері, чиновник, биші орыс әйелі, әнші орыс әйелі, қария (той иесі) сияқтылардың екінші нұсқадан көрініс таппай қалуын осындай сын-ескертпелерден кейін деп түсінуге болады. Осылардың ішінен қажетсіз, басы артық кейіпкер деушілер болса да, өзбек жігітін қалдырады. Қосымшалардың тағы бір алуанының қалай қосылғанын Қанабек Байсейітовке жазған мына төмендегі түсініктемелерінен де көріп, ұғынуға болады.

“Қанабек! Мынадағы барлық өзгерісті сендер айтқан ретпен істеп, жіберіп отырмын. Әзірше өлеңдер нашарлау болуға мүмкін. Сөз жағынан оңдалуы кейін де бола береді ғой.

Кіргізген өзгерістерімді айтайын: Бірінші – бұрынғы-соңғы суреттің аяғын өзгерттім. Бұл өзгеріс Көтібардың ашу шақырып: “Көтібарлап шабайын мен ” деген сөзінен соң кіреді. Содан кейін бұрынғы текс жоқ, бәрі жаңадан жазылды және Көтібардың осының алдында: “Қоя бер енді, шындап қаным қызды ” дейтін сөзі жаңағы сөзіне кеп қосылады. Осы екі арадағы бұрынғы Арыстан, Теңге, Айман, Шолпан, Жарас айтатын сөздер өшіріледі. Жалғыз- ақ Көтібар сөзінен бұрын Шолпанның: “Тимеспін құлатсаң да басқа тауды ” деген сөзінен соң, Әлібек “Сөзіңе құлдық ұрдым Айман айым, солай деп жөнге салшы бас асауды ” дейді. Көтібар осыдан соң сөйлейді. Онан соң Әлібек алғаш келіп: “Ай, күнім, Айман айым ” дегенді Шолпанға қарап тұрып айтады. Бұрын Айман айтатын.

Сөзді Айман-Шолпан қосылып айтады. Алғаш келген жерде Әлібек Шолпанға арнайтын бұрынғы сөздерін Айманға арнайды: “Мен-дағы сені күтіп көп талғамын ”, –деген сөзді Шолпан айтпайды, Айман айтады. Осыдан соңғы Арыстан, Айман, Шолпан айтатын үш-үш кезекті сөз өшіріледі. Міні, бұрынғы текске кірген жаңалықтар осы. Осымен Көтібар аулындағы суреттің жаңағы айтылған аяғын жазайын: Көтібар – “Көп жендет Көтібарлап шабайын мен ” деген сөз ”(81-п., 110-111-бб.).

“ Театр қиқы-жиқы қып әкетті ” деп осы түсініктемесі жазылған дәптердің сыртында “Для Канабека две тетрадь» деген жазуы бар. Сол дәптердегі Қанабек тілегі бойынша жазылған текстер мынау:

Ж а р а с .

Уа, жұрт-ау, жеткен жоқ па бұл селебе?

Қайтеді істі берсең жол келеге,

Маманның өз аулынан, өз қолынан

Алмастай не кесір бар немене еді?

Күйеу боп, екеуің де жасап алсаң,

Жаным-ау, такияңа тар келе ме?

Әлібек.

Құлдық ойбай, үйдесең мен көнейін.

Арыстан.

Жарайды мен де тіпті үндемейін.

Теңге.

Жол осы, бәрекелде, өзгені қой.

Қолынан құда болып қыз алуға,

Қасыма жолдас алып мен ерейін.

Көтібар.

Көнбеймін, қызды тартып әкетемін,

Оттама, асырмаймын жау мерейін.

Жарас.

Аспасын жау мерейі, батыр, сабыр,

Әлібек жылы ізімен қайтсын қазір.

Қам сүріп қараңғыда жүргендігін,

Маманның аулында кең байтақта

Тілеген, таңдағанын сонда таныр.

Теңге, Арыстан.

Дәл байлау осы болсын әзір таңға.

Қылғаны аз емес қой бай Маманға

Батыр да осы сөзге тоқтай білсін,

Жетті ғой, тыныштық берсін топты жанға.

Хор *(қосылып)*.

Мақұл-ақ, билік осы болғаны ғой,

Бар есеп осыменен толғаны ғой.

Қос қызды ауылына ұзатайық,

Тоқтады, батыр жөнді болжады ғой.

Ал енді жолың болсын, Айман, Шолпан,

Қайтатын күнің туды қырсық жолдан,

Қасында Теңге, Арыстан, Жарас, жастар

Апарып тапсырады үйге қолдан.

Жарас *(Әлібекке)*.

Байкұс-ау, неге тұрсың жөніңді тап,

Сен кетпей шал ашуы басылмайды,

Тез жөнел, бөгелместен, бар қолыңды ап.

Әлібек.

Тие ме осы қыздан таңдағаным,

Қалмайын қара жерді мүлде сипап.

Жарас.

Көресің не көресің де өз аулында,

Сөйлеме бұл арада, аузыңды жап.

Әлібек *(Әлібек қолын әкетуге қамданып, Шолпанға)*

Айманым, мен қайтайын өз жолыммен,

Қасыма ере келген бар қолыммен.

Жалғыз-ақ ата-ананның өз қолынан
Алмасам ауыр болар өлгенімнен (*Жөнеледі.*)

Ж а р а с .
Келісті не қыласың осы қолқаң,
Айман деп жабысқаны әлі Шолпан (*Күлкі.*)

А й м а н (*Жарасқа.*)
Жарас-ай, өзің болдың анық ағам,
Асты ғой бәрінен де сенің бағаң.

Ш о л п а н (*қосыла.*)
Болғанға басым аман қарыз дермін,
Айтшы бір көңіліңді немен табам?

Ж а р а с .
Үндеме, ақы алмайды жаман ағаң,
Әуелі аман-есен үйге қайтшы,
Еңбегім осы жолғы шын садағаң! (*Теңгеге*)
Ал Теңге, қамданайық, не ғып тұрмыз,
Құдағи, баста жолды құтты қадам.

Т е н г е .
Ендеше, еретіндер екшеле бер,
Арыстан, айып-анжы ескере бер.
Құда боп, бал жаласып біз қайтайық,
Десеңші, бұл сапарға дес бере көр...

Ж а р а с б а с т а ғ а н х о р .
Құтты болсын бұл сапар, құтты болсын!
Куанышқа жастардың қойны толсын!
Бұлт айығып, күн шығып, күле жайнап,
Қас ойлаған қара күш енді солсын.
– Мен де барам бұл тойға,
– Мен де барам сол тойға.
– Мен де қалман, барамын,
– Той ұлассын шын тойға,
– Біз барамыз шын тойға.

Ш а л (*Көтібардың қасынан тұрып.*)
Қалқатайым, Теңгежан
Бұнда маған неме бар?
Әйтеуір амал құрыды,
Қасына ерем, мені де ал!

К ө т і б а р .
Тәйт, шығарма үніңді,
Қара, мұны, қортық шал!

Ш а л (*алақтап, елігін.*)
Жо, жо, батыр алдияр,
Қалар болсаң өзің қал (*Теңгеге қарай қашады.*)

К ө т і б а р .
 Тастадың ба, қуарған?
 Ш а л .
 Жаспен болам не болса *(қутыңдап.)*
 Шалда не бар суалған!
 К ө т і б а р *(бір тұрып, бір отырады. Жастар жылжи бергенде.)*
 Уай, тоба, тоба, тоба!
 Уа, тарт былай, тоқта, түге! *(Жұрт тоқтайды.)*
 Ж а р а с .
 Ал, батыр, ашу алды, ақыл соңы,
 Бар істің ашылды ғой оңы-солы.
 Қасыңнан шал екеш о да кетті;
 Қайтеді сол сапарға ере барып,
 Екеуіміз бата берсек осы жолы?
 К ө т і б а р .
 Адыра қал өзіңмен,
 Құрттың ғой, қу Жарас,
 Жоғал арман көзімнен!
 Ж а р а с .
 Сабыр, батыр, сабыр қыл!
 Бар көргенің өзіңнен.
 К ө т і б а р *(Жұлқынып, мылтығын тауып ап)*
 Уай, сұм-сұрқия дәурен-ай,
 Басыма түскен әурені-ай.
 Жіберші, уа, жібер былай,
 Сорлататын неме екен,
 Сірә мені сол құдай!
 Уа, қайдасың, сен, құдай!
 Шұнақ құдай, құдай, құдай!
 Аспанға мылтығын атып жіберіп, лақтырып тастап жөнеледі.
 Жастар күліп қалады.

Ш ы м ы л д ы қ

5-с у р е т

1. Жарас жүгіріп шығып, “Айман-Шолпандар келе жатыр. Қайдасың Маман!” дейді.
2. Маман шығады. Алдынан Айман, Шолпан жылап шығып, көріседі.
3. Арыстан, Әлібек шығып, бірінші пердедегі сөздерін айтады.
4. Маман Жарасқа: “Ерік сенде” дегенді айтады.
5. Айман, Шолпан әнмен келіп, ырзамыз деп құшақтайды.

6. Жарас. “Бір жағымда Айманым, бір жағымда Шолпаным-ды” айтады.

7. Әлібек, Арыстан нервнычаёт. “Біз қайда қалдық” – деп Жарасты шақырады. “Қалағаныңды бер”, – дейді.

8. Жарас: “Әлібекке Шолпан, Арыстанға Айман” дейді. Әлібек: “Шолпаныңды алмаймын”, – дейді. Шолпан: “Алмасаң мен де барман”, – дейді. Айман Жарасқа: “Мынаған түсіндір”, – дейді. Орын-орнына салады.

9. Маман бата береді. Бата үстінде Көтібар келіп: “Бұл не бата”, – дейді. Ел Көтібардан бата сұрайды. Ол бермей тұрып, ақыры мылтық атады. Шөмекей шалдары келіп екеуін табыстырады. Маман да, Көтібар да екі шалды санап шығарады. Жарас тойға шақырады.

6-сурет

Маман аулында. Арыстан, Теңге, Айман, Шолпан, Жарас бастаған қалың жиын топ, ортада Маман.

І-көрініс

Ж а р а с .

Балаң келіп, Мамеке,
Баяғыдай береке,
Тағы оралды үйіңе!
Дегенің болып мініки,
Кеп отырсың күйіңе.
Қуантқанға сендерді,
Достар отыр сүйіңе.
Кел демек бар, кет демек
Жоқ сірә қонаққа
Тарайық деп отырмыз,
Енді біз де әр жаққа
Кетерінде қонақтан
Қолқаң не деп сұрау бар
Мезіреті сол-ақ та!
Сізден-дағы сондай сөз,
Шықпайтын ба жаным-ау,
Әлде алуға үйренген
Берімге ауыз олақ па? (*күлкі*)

М а м а н (*күліп*).

Болғалы Жарас, Жарас сенен-дағы
Шыққаны тәуір сөздің осы-ақ болар.
Жалғыз-ақ сый қонаққа Теңге – Арыстан,
Тілегін сен тұра тұр айтсын солар.

Жарас.

Әулие, бәрекелде жөнің тапшы
Әуелі ырза қылшы осыларды
Менің де соныменен қолқам толар.

Хор.

Ал енді Теңге, Арыстан тілек айтсын,
Маман да жөнге келді енді қайтсін,
Ылаңы кәрілердің жасқа түскен,
Көрді ғой дәмін татты неге ұлғайтсын.

Теңге.

Жарайды біз айтайық олай болса (*Маманға*)
Кәрие билік сенде, жолың жолша,
Бір тілек мына Арыстан балаң болып,
Бәйтерек бұтағыңа қайтер қонса.

Дауыстар.

Тағы бір топ кеп қалады,
Әлібек қой асыққан.
Өлер болған шығар-ақ,
Сорлы со ғой асықтан.

Жарас.

Аузында айы, көңілінде Шолпаны ғой,
Енжар көңіл қинамай қайтсын сонша.

Әлібек (*кіріп, келіп an*).

Қалатын сыбағадан мен кім онша
Қайтеді осы топтың тап ортасы,
Сабылған еңбегі бар бізбен толса!

Арыстан.

Сенбедің әлі артымнан қалмағаның!

Әлібек.

Сенің де аз боп па еді жалмағаның?

Арыстан.

Тағы да тірестің бе меніменен?

Әлібек.

Жетіру менің елім, өз өрісім,
Теріс пе сенен бұрын таңдағаным.

Жарас.

Қой арман, осы керіс жеткен жоқ па,
Екеуің шаманды біл, енді тоқта.
Билікті не де болса әке айтады,
Бұрынғы бейпіл сөз ғой ие жоқта.

Хор.

Құлақ қойғын, ендеше,
Әкеде де сын бопты.

Түйін жатыр бірнеше
Алдына келген екі топ,
Екі жақтан асылды.
Айтқаны болар не десе.

М а м а н .

Кәрі қойдың жасы үлкен,
Ісек қойдың басы үлкен,
Қыз да болсаң баламсын
Айман-Шолпан қос еркем.
Бір күндік-ақ қонақсыз,
Күйің бөтен күні ертең.
Бейнет кешіп, жол көрдің.
Тағы тартар бір менен.
Мен айтпай-ақ қояйын
Өздері айтсын досы кім,
Кімге разы болды екен?
Маман шығып кетеді.

А й м а н .

Әкемнің құлдық етсем дегеніне,
Кім, сірә, жетіп жатыр дегеніне
Ырза да, дос та кісім жалғыз
Жарас Қарыздар амандығым көмегіне.
Не десе бұйрығына басым сауда,
Орай сол қамымды шын жегеніне.

Ш о л п а н .

Жарастан өтілместей жатқа барман.
Менің де кетер еді ішімде арман.
Ырза да, дос та кісім жалғыз Жарас,
Онсыз біз құламаппек кеше жардан.

Екеуі де тұрып барып, Жарастың екі жағынан құшақтайды.

Ә л і б е к *(орнынан қопсып).*

Ойбай-ау, не боп кетті мына жалған!

А р ы с т а н .

Ергенім, еңбегіммен бәрі қайда?
Атағым, абыройым адыра қалған!

Ж а р а с .

Бір жағымда Айманым,
Бір жағымда Шолпаным.
Көрдіндер ме Жарастың
Бар мұраты болғанын.
Құшағында қос қалқа,
Ай-күніндей толғанын.
Тайталасқан тақсырдың

Білдіңдер ме, әніки,
 Демі құрып солғанын.
 Бір жағымда Шолпаным,
 Бір жағымда Айманым.
 Бай, батырды білдің бе?
 Бір Жарасқа тең болмай,
 Құшақты құр жайғанын.
 Бір жағымда Шолпаным,
 Бір жағымда Айманым, Айманым (*Шолпанды иыққа қағады*).
 Ө л і б е к .
 Қорлық қой, неткен қорлық жаратқан-ай!
 А р ы с т а н .
 Қос қызды бір Жарасқа қаратқаны-ай?
 Т е н г е (*күліп*).
 Не десең үй дей берші өзгелерің,
 Жігіттің мынау көркі жарасқаны-ай!
 Ж а р а с .
 Бір жағымда Шолпаным,
 Бір жағымда Айманым.
 Бай-батырдың көрсеңші
 Бір Жарасқа ере алмай
 Қу далада ұлып қап,
 Құшақты құр жайғаны.
 Бір жағымда Шолпаным,
 Бір жағымда Айманым, Айманым.
 Ө л і б е к .
 Батырлығым құрып қалсын бу бітірген.
 А р ы с т а н .
 Құрысын асқақ батыр атағым да,
 Жүріппін мен жақсы деп құр шүкірмен
 (*Жарасты оңаша тартып.*)
 Ө л і б е к .
 Жарас-ау тым құрмаса бірін берші,
 Өзіңнен артылғанға жол менікі.
 А р ы с т а н (*көп өзіне тартып*).
 Жарас-ау, бірін бер де, бірін қалдыр,
 Болсын да тым құрмаса сол менікі.
 Ж а р а с .
 Жаңағы жеткен жоқ па есі барға,
 Жұртым-ау, мен не дейін осыларға.
 А й м а н , Ш о л п а н .
 Өзің айт не десең де бар билігін,
 Ерікті бізге тиген саған берді.

Ж а р а с .

Уай, ендеше, бер кеңдер (*жұрт жақындайды.*)

Қыз алам деп келгендер

Екі сұлу иесі,

Жарасқа қарсы келмендер,

Бос қайтады, асаулар,

Қыз алады билікке

Құлақ қақпай көнгендер.

Не десендер бұл сөзге

Кер асқақтың кесірін,

Сендер ең ғой көргендер?

Ә л і б е к .

Жарайды амал бар ма саған бердім.

А р ы с т а н .

Қайтейін, не десең де мен де көндім.

Ж а р а с .

Халайық олай болса құлағың сал,

Ай, Шолпан бірі шекер, бірі бал.

Қолымнан қос қалқаны құтты орнына

Қондырам екі жігіт таласпай ал.

Х о р .

Дегеніңе көнсін деп,

Екі қыздың қамын жер

Еңбек еткен әрі сен

Қарсы болар кім, не дер?

Ж а р а с .

Егесте есер көңіл қалысқан ба,

Үйтсе де қажып едік.

Қыңқ етпей, құлдық етіп, бас иесің

Жай білген жақын абзал алыстан да.

Соныменен Шолпанды Әлібекке,

Бұйырдым Айманымды Арыстанға.

А р ы с т а н .

Айналдым ақылыңнан, Жарасым-ай,

Не дейін дән ырзамын аузыңа май.

Ә л і б е к .

Алмаймын, керегі жоқ Шолпанның

Бітім жоқ, тоймапсың ғой шабысқанға.

Ш о л п а н .

Сен осы қайдан шыққан кенесің?

Ел көнсе, сен көнбестей ер немесің?

Кемітер Шолпан басын мәніңді айтшы,

Тар көрдің тақияңа неменесің?

Әлібек.

Алыссам, аңсағаным Айман еді,
Япырау, қашан сорым қайнап еді?

Шолпан.

Аулақ бол Айман десең арманыңмен,
Мас көңіл бос үмітпен жайнар еді.

Әлібек.

Аулақ кетпей, әлекпен мен көремін
Тағы да тебінгіні терлетермін...

Хор.

Бүлінді ғой мыналар,
Енді кімде кінә бар.

Жарас.

Тұра тұр, уай, Әлібек мен бар екен,
Кетпесін сенің-дағы сән берекең.
Алмағы Арыстанның Айман болса,
Сен алатын Айман да дәл бар екен.

Арыстан.

Бұл не деген болжалы

Әлібек.

О қалайша болғаны?

Айман.

Білдірсеңші Жарас-ау,
Болмаса анау жігіттің
Жетіп тұр ғой толғағы...

Жарас.

Айманды сен де аласың, сен де аласың,
Толмаған әлі күнге қай таласың?
(Айманды қолынан алып Арыстанға апарып)
Сен алатын Айманың мынау болсын.
(Шолпанды Әлібекке апарып)
Мынау Айман сені ырзаласын.

Әлібек (қуанып).

Құлдық ойбай төреңе!

Арыстан.

Бергеніңмен Жарас-ау,
Бұның көңіл бөле ме?

Әлібек.

Кексегенім осы Айман,
Бұдан артық құштарды
Көктен құдай бере ме?

Шолпан.

Бұнысы қалай дегені? (сене бастайды.)

Жарас (*Әлібекке*).

Уай, жігітім жай айтады.

Осы тұрған қай сұлу,

Шыққыр көзің көре ме?

Әлібек.

Мен риза, не қыласың оңалды жол,

Әуелден құштар болған Айманым сол.

Жарас.

Апыр-ау, бақытым-ау солай ма еді (*күлкі*)

Жарайды, не болса сен де разы бол.

Айман.

Алдияр дегеніңе, Жарас-ау.

Арыстан.

Жөн білген билігіңе таласа ма?

Әлібек.

Бір сенің еңбегіңмен естен кетті.

Шолпан.

Тас есік, қамал алған тар босаға,

Келіпті мынау жиын тамашаға.

Тілеулес құрбы-құрдас, бала-шаға,

Ойының, сауығыңды өзің биле,

Тілейміз сенсіз қызық жараса ма?

Жарас, Теңге (*бастаған хор*).

Ал, ендеше, жарандар!

Тарасын да хабарлар

Айман-Шолпан тойы деп

Шапсын тегіс хабарлар!

Той болады, той бүгін!

Ұзын өлке бойынан,

Арқауылдың жанынан,

Оқшау өңір ойынан,

Шақырыңдар хастарды,

Қызық көріп, дәм татсын

Айман-Шолпан тойынан!

Той болады, той бүгін

Айман – Шолпан асылдың

Қалмасын ел тойынан

Той болады, той бүгін! (81-п., 111-122-бб.)

Міне, бұл басқа нұсқаларында жоқ жаңа қосымша, басылымдарына енгізілмеген, 1956 жылғы басылымға негіз болған қолжазбаға енгізіп тұрып, соңынан алынып қалған. Екінші, үшінші нұсқалары Көтібардың жеңілуімен аяқталады, Маман аулындағы тойды көрсететін осы 6-сурет сол нұсқаларды толықтыратын жалғасы болып табылады.

АЙМАН – ШОЛПАН

(Үшінші нұсқа)

Пьесаның 1957 жылғы осы үшінші нұсқасының қолжазбасы және машинкада басылған даналары жазушының өз архивында (79-папка, 26–61-бб., 83-папка. 1–70, 71–139-бб.) сақтаулы тұр. Ешқайда жарияланбаған. Нұсқалық ерекшелігі жазушының “4 акт 5 картиналы комедия драма театрларына арналған редакциясы” деп, бөліңкіреп атап өтуінің өзінен де көрініп тұр. Нұсқаның бірінші данасындағы тыныс белгілері мен қате басылған әріп, сөз-сөйлемдерді автордың өзі түзеткен, кей тұстарын сызған, өшірген, жаңадан сөз-сөйлемдер қосқан. Сол түзетілген данасына екі қосымша қосқан. Сондағы қосымшаның біріншісі: “Ән сөзі:

А й м а н , Ш о л п а н *(қосыла әлпенишекте жырлайды)*.

Біздерді Айман-Шолпан егіз дейді.

Жарастық үлкен-кіші дегізбейді.

Алысқа алып ұрған армандар бар

Шалқыған көңіл қиял теңіз дейді.

Ақау, Айман айым, Шолпан айым.

Әніне Айман-Шолпан шырқатайын.

Жас желек думан дейді, әзіл дейді

Қызыққан қызық таңдап, көп іздейді,

Неліктен солай екен заман заңы

Қалайша ойдағыны көргізбейді.

Ақау, Айман айым, Шолпан айым

Әніне Айман-Шолпан шырқатайын! (10-бб.).

Екінші қосымша: “Айттым да, мен де болдым” деген Әлібек сөзінен кейін:

Ш о л п а н *(Арыстанға)*.

Әттең, әттең осы,

Токтармысың, Арыстан

Оларың бар ма?

Басқа жайда намыстан!

А р ы с т а н .

Тағы, тағы, әлі тағы,

Келесің бе қалыстан?

Ш о л п а н .

Зорлықпенен зайыпты

Атышулы ағаң алсын.

Сен қойсаңшы тым құрса

Азамат дер бағаң қалсын.

А р ы с т а н .

Айрылар болсам өзіңнен

Ондай бағам арам қалсын.

Күні сөніп, айы батсын
Шолпаны жоқ Арыстанды,
Арғы-бергі әруақ атсын.

Ш о л п а н (*күліп*).

Бәсе, осылай десеңші,
Ай бойына адасқанша
Осыныңмен келсеңші.

А р ы с т а н .

Айналайын ақ Шолпан,
Қарық қылдың ғой десеңші” (62-б.).

Бұл шығармалардан басқа шығарманың бас жағындағы пьесаға қатысушы адамдардан кейін кейіпкерлерінің сөз саптау ерекшеліктерін көрсететін мына мәтіндерді жазған:

“ Ж а р а с (*сөзі, мәтелі*).

О-ой, опасыз жалған.

Т е ң г е .

Қолқа бауыр жүрегім... құлдық әкекем!

Ө з б е к .

Я хожан Бахаутдин! Я, ғаусыл ағзам!

Я, хаула... хала! Айы, апажан, жан
жанан, жан жанан!

Б а с ы б а р .

Қатқаныңның басы... Бабаңның қатқанының басы.

Ш а л .

О-о, тұқым тұқияныңды...” (2-б.).

Шығарманың бұған дейінгі нұсқаларының және әр түрлі, әр алуан жазбаларындағы Көтібар есімі енді осы үшінші нұсқасында Басыбарға ауыстырылды. Сонда жазушы бұл нұсқаның өзгерістерін енгізуге отызыншы жылдардың ішінде жазылған көне жазбаларының бірін таңдапты. Бұрынғы Көтібарды сызып, үстінен Басыбар деп жазып отырған және қосқан қосымшалары мен өзгерістерінің бәрін осы қолжазбасына кіргізген. Өлең түрінде жазылған 5,9,10,12,13,14,15,18,19,20-беттеріндегі мәтіндердің тұсына “қара сөзбен” деп жазған белгілерінен, екінші нұсқаға қарағанда бұның көбірек қара сөзге бейімделгені, сонымен қатар ізденуінің, еңбектенуінің, бір шығарманың бірнеше жолдарын қарастыруының күрделілігі көрінеді. Енді елу томдыққа осылардың түзеп, өңдеп жетілдірілгеннен кейінгі нұсқасы ұсынылды.

Т.Әкім

“АЙМАН”

(*Либретто*)

Елу томдық академиялық толық басылымға ұсынылып отырған пьесаның бұл нұсқасы жазушының өз архивынан (84-папка, 1–44-бб.) алынды. Араб әрпіндегі қолжазбасы негізінде латын әрпімен машинкада басылған осы түрін әбден нақтыланып, айқындалған нұсқасы деуге болады. Мұнда қатысатын адамдардың саны 14, қыз-келіншек, бозбалалар тобын қосқанда 15.

Бірінші басылуымен (1934 ж.) салыстырғанда пьесаның екінші нұсқасының кейіпкерлері 17-ден 12-ге кеміген болса, мұнда да сонша адамға қысқарған, бірақ басқа нұсқаларының бірде бірінде жоқ “Қойшы”, “Шешесі” деген жаңа кейіпкерлер қосылған. Шығарманың қазіргі сөз болып отырған данасында автордың да, қоюшы режиссердің да кейіпкерлер мәтіндерінің тұсына әр алуан жағдайды білдіретін сөздері жазылған. Одан кейіпкерлердің қалай ойнап, қалай жүріп-тұратындығы, қандай қимыл-әрекетте болу керектігі көрінеді. Мысалға, “Миманси. 1. С чайником тарелком. 2. Платенцам. 3. Табаком (блюдцами). Они выходит два раза. 1. Начало. 2. Перед Шумекейцами. 3. За Котибаром” (2-б.). Бірнеше жерде мәтін басылған беттердің екінші жағында (8,9,13,14,15,16, 27,28-бб.) сахнаның макеттері сызылған. Осының 9-бетінде екі жағында қатар киіз үйлер орналасқан сахна бейнеленген, ортада Арыстан мен Әлібек. Арыстан жағындағы үйлердің жанында Маман, Айман, Шолпан, Әлібек жағында Көтібар, барлығының орындары нөмірленген, төменгі жағына: “1. Это положение на первый раз, 2. Второй раз на этом месте будет Котибар, Маман и конец” деп жазылған. 15-беттегі макетте екі ғана киіз үй. Оң жақтағысында Көтібар, сол жақтағы үйдің алдында Айман, үйдің артына таман өзбек, басқа да адамдардың нобай-сұлбалары сызылған. Бұлардан жазушының өз шығармаларының театрларда қойылуын қатты қадағалап, тікелей араласатындығы, режиссерлармен тығыз байланыс-бірлікте болатындығы көрінеді. Мына жазбаларды сол байланыс-бірліктің нәтижесі ретінде қарауға болады:

“*Әлібек, Арыстан адырайысады*” (2-б.), “*Нем кетті*” (3-б.), “*Арыстан нұқып, артқа кетпек болғанда Аймандарды көріп,*

қайтады ” (3-б.), “Айманды көргенде екеуі де қымсынып қалады. Ол Арыстанды мүлде ашуландырады ” (4-б.), “Дәл жанына кеп, бетіне айтады, Арыстан қуанып ұмтылғанда тайып кетеді ” (4-б.), “Беттерін шымышып, арттарына қарап ” (7-б.), “Бұл да ұмтылғанда араға Айман түседі” (9-б.), Көтібар шыққанда Аймандар үйдің жанына тығылып, қорқады, болашақ қауіпті сезгендей. Топ- топ болып, үркердей болады, Көтібар келгенде төрт топқа бөлінеді” (10-б.), “Жарасты көрмей, аяғында солардан, не басқа біреуден қашып шығады” (15-б.), “Айман – Шолпан артында, Жарастар алдында, қыздар қосынан өтіп жатады» (17-б.), “Жанында төрт жігіт бар, соған айтады. Увидел Котибара, уходящий за Айманом” (21-б.). “Төртеуі ғана шығады. Көтібардан шал да, қыз да ығады” (23-б.), “Көтібар алдыңғыларға ұмтылғанда, Теңге шегіне есі шығып” (24-б.), “Айманды көріп ұстамақ болғанда, Арыстан бөгең қалады” (25-б.), “Шолпанға бері кел дейді, ол келмейді” (28-б.), “Страшно рады. Шолпан Арыстанның жар суын алмақ болған” (29-б.), “Қолдарын алып, жұрт айтады” (30-б.). Міне, кейіпкерлер іс-әрекеттеріне қатысты жазғандарын теріп-теріп алғанда осы алуандас болып келеді, бұл да жазушы қырлары мен сырларының жан-жақтылығынан хабар береді.

Қолжазбасында да, машинкада басылғанында да шығарманың жазылған мерзімі көрсетілмеген, кейбір деректерге Ахмет Жұбановтың “Өзбек бұрынғы операдағы сыған сияқтанып кетпесін” деп сөйлеген (Талқылауда сөйлеген) сөзіне қарағанда либретто отызыншы жылдардың орта шенінде жазылған. 1938 жылы театрда қойылғанының афишасы бар, музыкасын жазған Е.Брусиловский, қоюшы режиссеры Қанабек Байсейітов, рольдерде ойнағандар: К.Байсейітова, Қ. Жандарбеков, Ғ. Құрманғалиев, М.Ержанов, Ү.Тұрдықұлова тағы басқалар. 20-беттегі “7. III. 41 г. “(женский хор отдельно заниматься)” деп жазғаны операның кейінгі жылдардағы қойылу кезінен хабардар етеді. Жоғарыдағы сөз болған жәйттің барлығы алғашқы қойылуына байланысты емес, жаңағы сөздегідей жылына қатысты сияқты. Қ.Байсейітовке жолдаған мына хаты да қашан, қай жылы жазылғаны белгісіз:

“Қанабек!

Брусиловскийге қосымшалар жайын саған жазғандай толық жаза алмадым. Өзің қазақшадан түзеп ап, ұғындырып берерсің.

Тегінде, бір көріскен абзал болар еді. Бірақ мен қазір жаза алмадым. Мынаны көріп байқап алған соң өзің қам істеп, біз жолықсақ жақсы болар еді.

Мен 29 күні түстен кейін кетемін. Машина болғанда сендерге кешірек барып қайтуға болады” (81-папка, 105–106-бб.). Бұл Қанабекке арнаған екі дәптердің ең соңғы бетінен орын алған. Жазушы үлкен қосымшалары мен өзгерісті 1943 жылы енгізген, ой сарынына қарағанда, бұл сол тұстың хаты болуы да мүмкін.

Бұл шығармасы бұрынды-соңғы нұсқаларының барлығында, тіпті нұсқаларының ішіндегі нұсқа сияктанған жазбаларында да “Айман–Шолпан” атанып келсе, осы либреттосын “Айман” деген. Араб әрпіндегі үш қолжазба мен латын әрпіндегі басылымында да солай. Елу томдыққа ұсынғанда сол атауымен қалдыруды жөн көрдік. Басқа нұсқаларынан көзге көрінерліктей бөлектігі, өзіндік ерекшелігі болған соң, бұны да жеке бір дүние ретінде жинақтан өз орнын алғанды қаладық.

Т. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР	3
Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері	5
Виднейшие памятники казахского эпоса	15
Нет больше “Барса-кельмес”	
Над чем я работаю	21
На литературной стройке	23
II. ПЬЕСАЛАР	27
Октябрь үшін	29
Түнгі сарын	111
Айман-Шолпан (Бірінші нұсқасы)	181
Айман-Шолпан (Екінші нұсқасы)	239
Айман-Шолпан (Үшінші нұсқасы)	301
Айман (Либретто)	357
III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	393

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ
Шығармаларының елу томдық толық жинағы
9-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қананиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Көркемдеуші редакторы *Л. Өтебаева*
Техникалық редакторы *И. Селиванова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 23,9.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1253.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-151-7



9